Время правления Тауке хана приходится на один из самых трудных периодов истории казахского народа. На западе ханства шла война с Аштарханидами за господство над присырдарьинскими городами, на юго-востоке продолжалась изнурительная борьба с джунгарами из-за обладания семиреченскими кочевьями. По мере распространения экспансии джунгарских феодалов на казахские земли, казахи потеряли к 70-м годам XVII века значительную часть своих кочевий в Семиречье и на северо-востоке страны. Это вызвало внутренние неурядицы, и, прежде всего, борьбу за пастбища среди самих казахов. Возникшая междоусобица вела к нарушению традиционных обычаев, права, подрыву норм общественной и государственной жизни. Для того чтобы мобилизовать все силы для общей обороны от сильного внешнего врага, необходимо было законодательно урегулировать расшатавшиеся общественные устои.

Безусловно, когда власть находится в руках справедливого, умного, дальновидного правителя, среди народа сохраняется спокойствие и мирная жизнь. В годы правления Тауке хана Казахское ханство оставалось централизованным государством. Были решены разногласия по поводу распределения пастбищных угодий и водных источников. Российский исследователь XIX века И. Крафт подчеркивал: «Он ... разграничил земли между родами и установил порядок пользования ими». Прекратилась барымта. Каждый казахский род получил свою тамгу и родовые метки (ен). Повысилась боеспособность народного ополчения. В Казахском ханстве царило спокойствие, соблюдались законы, реже случались межплеменные распри. Крупные конфликты разрешались при посредничестве авторитетных биев». И здесь конечно история в который раз доказывает насколько важна роль правителя государства.

Самые лучшие периоды любого государства связаны с временем правления сильного, мудрого правителя. Атмосфера среди народа напрямую показывает насколько правильную политику ведет глава государства. При выдающихся правителях среди народа всегда царит мир и покой. Только сильный правитель может прекратить междоусобные распри, конфликты.

1. Махмуд бен Вали\\Море тайн, относительно доблестей благородных «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар ератур» \\http://tarikh.kz/kazahskoe-hanstvo-feodalnaya-razdroblennost/obrazovanie-kazahskogo-hanstva/istochniki/
2. Асан Кайгы \\ Источник: http://e-history.kz/ru/biography/view/109
3. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах\\, Алматы, «Атамұра», 2010 г.
4. Кляшторный С.Г., Т.И.Султанов Казахстан. Летопись трех тысячелетий, Алматы, 1992.
5. Султанов, Турсун Икрамович. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана\\ Алматы : Дайк-Пресс, 2001. - 276 с.
6. Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории Казахских ханств в -18 века, Алматы\\Наука, 1977. С. 224.
7. Дулатова Д.И., Мозгунова Е.А. [рец. на книгу:] "Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)". Сост. С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата, изд-во "Наука", 1969, 651 стр. // Народы Азии и Африки. 1972. № 2. С. 201.
8. Дахшлейгер Г.Ф., Султанов Т.И. Востоковедные исследования в Казахстане // Народы Азии и Африки. Алматы\\1972. № 2. С. 226.

9. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. А.-А., 1969. – 652 с.
10. Султанов Т.И. О первом казахском государстве (к 525-летию Казахского ханства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995. Вып. 8-9. – С. 31-38.
11. Султанов Т.И. Рождение казахской государственности. История казахского ханства. Алматы: Мектеп, 2003. 160 с.
12. История Китая (под ред. А. В. Меликсетова). М., 2004. С. 263.

Пеннер Дарья
ученица 9 «А» класса общеобразовательная школа № 20
Научный руководитель: Шарипанова А.А.,
преподаватель истории общеобразовательной школы № 20

ПОЛИТИЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ АБУЛХАИР ХАНА: ИСКАЖЕНИЯ И РЕАЛЬНОСТЬ

На сегодняшний день мы прекрасно понимаем, главным фактором в укреплении независимости и суверенитета Казахстана большую роль играет национальная идеология, а идеология нации прежде всего опирается на историю которая должна быть построена на максимально объективной точки зрения. История казахского народа была долгие годы «жертвой» колониальной политики российского правительства – Российской империи, и как правопреемника СССР. И сейчас как никогда перед обществом стоит остро вопрос, какую историю мы оставим будущему поколению, как вернуть и повысить историческое самосознание народа которое было упущено, за те 250 лет подданства. Историческое достояние – это будущее народа, и насколько он будет исследован и взвешен правильно и правдиво – это долг которое мы – будущее поколение должны уплатить за светлое и мирное небо над головой. Великие ханы-стратеги Керей и Жанибек, Касым, Хакназар, Есим, Салкам Жангир, Тауке, Абулхаир и Абылай, воиственные батыры Канжыгалы Богенбай, Каракерей Кабанбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Исатай и Махамбет батыр, ценой своей жизни защитившие народ, судьи-бии, справедливостью решения которые становились легендами народных сказителей – Толе би, Казыбек би, Айтеке би, Майкы би – великие сыны казахской степи, герои своего народа.

В истории Казахстана есть немного противоречивых фигур, в которых и сам казахский народ не в состоянии, опять же по разным причинам, разобратся. Из них сразу приходят на ум две политические фигуры: хан Абулхаир – правитель Младшего жуза, и Мустафа Чокай – который по плану Адольфа Гитлера должен был управлять «Большим Туркестаном», созданный бы им на территории Средней Азии.

Сегодня попытаемся раскрыть политический портрет Абулхаир хана. Главный вопрос, который и преподносит хана Младшего жуза как противоречивую фигуру в истории казахского народа, это его решение принятия подданства Российской империи. С тех пор казахам которые прежде всего ценили свободу, присущий дух кочевий народу не давал покоя в этом вопросе, и все без исключения однобоко считали Абулхаира чуть ли не предателем. Народу никак не хотел понимать, почему когда все народы-кочевники, в свое время тоже по разным причинам оказавшийся в подданстве более могущественного великого соседа: башкиры, калмыки, ногайцы, сколько бы не восставали, никак не удается выйти из цепкого объятия России, он, хан Абулхаир все это наблюдая и прекрасно понимаю сам бежит в пучину бедствия. Вокруг этого вопроса и ходит много спора, которые требуют достоверных исследований.

Абулхаир который с помощью Российской империи хотел защитить свой народ и необъятные степные кочевья, ставшие мишенью с востока джунгаров, с запада калмыков, с юга кокандцев и хивинцев, в самом деле стал пленником своей же неосмотрительной

политики. Но мы должны понимать, целью всей его жизни было сохранить единство казахской земли, образовать мощное, единое Казахское ханство, которое было в период правления Тауке хана. Он искренне думал что в этом вопросе он может опереться на Российскую империю, он прекрасно понимал, что нельзя ставить под угрозу независимость казахского народа, делая сомнительные расчеты, превращая его в оружие политической игры.

Победа в Аныракайской битве была полной, джунгары были вынуждены уйти к собственным этнополитическим границам. Славу Абулхаира как главнокомандующего оспаривать никто не мог. О его подвигах стали слагать легенды. Народ нарекает его именем небольшой горный хребет к югу от Балхаша и сай к востоку от Тараза. Абулхаир реально становится старшим ханом казахов. Старший жуз возвращает себе независимость, казахи вновь овладевают Ташкентом. С Джунгарским ханством был заключен мир. Это был подлинный триумф Абулхаира.

Но вскоре обстоятельства его жизни изменятся. Вот в этой политической теме полных вопросов, чем ответов, мы попробуем разобраться.

Актуальностью данной темы заключается в преднамеренном искажении политического портрета Абулхаир хана в отечественной историографии.

Целью научной работы является раскрыть политический портрет Абулхаир хана, искаженного идеологией Российской империей и Советского Союза.

В связи с целью были поставлены следующие **задачи**:

- Изучить меритократический путь избрания в ханы Абулхаира;
- Изучить противорчивую политику Абулхаир хана в казахско-русских отношениях;
- Выявить исторические факты по искажению политического портрета Абулхаир хана.

Для решения этих задач нами были использованы методы: сравнительно-сопоставительный, анализа.

Казахский правитель Абулхаир хан происходил из незнатного султанского рода, ни один из представителей которого никогда прежде не поднимался на белой кошме. Абулхаир очень рано остался без родителей и других близких родственников по отцовской линии. Суровая необходимость полагаться только на самого себя при отсутствии таких ценных ресурсов, как знатные имена предков и обилие сильной поддержки в семейном кругу, сформировали у Абулхаира еще в молодом возрасте обостренное чувство собственного достоинства, а также очень гордый и самолюбивый характер.

С юных лет Абулхаир активно участвовал в военных набегах и походах казахских ханов и султанов. В 17 летнем возрасте он становится одним из военных предводителей казахского ополчения, общее руководство над которым осуществлял батыр Канжыгалы Богембай.

Во втором десятилетии XVIII века геополитическое положение Казахстана характеризовалось значительным усилением военной напряженности на его этнических рубежах.

Опасность нового, более сильного наступления джунгаров на казахские земли побудила султанов и старшин временно отодвинуть междоусобные распри на задний план и попытаться сообща найти способы обороны от неприятеля. С этой целью в 1710 году в Приаральских Каракумах был созван съезд народных представителей Младшего и Среднего жузов, на котором обсуждался вопрос о возможных совместных действиях против военной агрессии Джунгарского ханства. С целью закрепления достигнутого на нем единства мнений между представителями разных родоплеменных объединений казахские старшины абсолютного большинства родов Младшего жуза провозгласили своим ханом в нарушение степной традиции молодого султана Абулхаира – представителя незнатной и маловлиятельной среди казахов младшей ветви родового древа Жанибек хана, никто из представителей которого никогда раньше не избирался в казахские ханы. В 1718 г. Абулхаира выбирают ханом Младшего жуза.

Ранней весной 1723 г., когда кочевники ослаблены после зимы, ойраты вторгаются на территорию Казахстана. Казахи несли огромные людские потери как вследствие военных поражений, так и из-за голода, вызванного гибелью скота и имущества. Эти годы остались в памяти казахов как годы Великого бедствия. В этих условиях часть казахской знати, во главе которой стоял Абулхаир, склонялась к тому, чтобы пойти на налаживание контактов с Российской империей. Вероятно, в тот критический момент истории казахского народа тактика сближения с Россией была единственно правильной. 19 февраля 1731 г. императрица подписала грамоту о добровольном вхождении Младшего жуза в состав России. Сама по себе противоречивая фигура хана Абулхаира оказалась на перекрестке исторических путей в глубине Евразии.

В 18-20 веках в историографии Российской империи, позже Советского Союза востоковедами писалось и говорилось достаточно много о личности Абулхарир хана. Но стоит здесь оговориться – почти все труды востоковедов-историков изучались и писались под натиском российской колониальной политики. На вопрос почему же Казахское ханство было присоединено Российской империи ответ всплывал однобоко – из-за натиска джунгарских нашествий. Но до обретения независимости широкой публике про Абулхаир хана было известно очень и очень немного.

Российские исследователи такие как Добромыслов А.Н., Левшин М.А., Крафт И., Рычков П.И., Мейер А. в своих очерках предствалют хана Абулхаира как о великом стратеге, имея ввиду правильность его решение принятия подданство более великого соседа. Востоковед-историк, академик РАН, в своих исследованиях много уделивший внимание на вопрос присоединение Казахстана к России, говорит что «ни о каком подданстве речь не шла. Просто в то время в России все обращения о помощи интерпретировались как принятие подданства. И первые грамоты, которые отправлялись казахским ханам, сразу же содержали термин «подданство». На самом деле, казахские ханы подразумевали совсем другой тип отношений: военно-политический альянс по «принципу диалога» под патронатом более сильного союзника, из этого альянса каждый мог спокойно выйти, если его что-то не устраивало». То есть исходя из этого протекторат мыслился по тому типу отношений, который извечно существовал в Степи: «если хан меня не устраивает, я могу собраться и откочевать».

В последнее время историк-исследователь Амантай Исаулы говорит о том что насколько неправильно интерпретировалось письмо о принятии подданства в оригинале написанном на арабском языке. Вот отрывок из его научной статьи под названием «Как правильно читать письмо Абулхаир хана»:

«Вот цитируемый обычно перевод в 1967 годах во многих исторических книгах и учебниках:

«Послание в Петербург Ее величеству.

Величайшей, **благородной**, богатой и умной обладательнице многих земель, Ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, **который находится за Уралом, у нас близких отношений не было**. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай **требовал** посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, **все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе с простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи**, чтобы с подданным Вам башкирским народом, **находящимся за Уралом**, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул, Главный посланник Куттумбет с товарищами».

Слова, выделенные нами, в оригинале письма отсутствуют. Вот правильный перевод этого исторического документа, сделанный Амантаем Исиным в 2001 году:

«Величия и милости высокой, государства превыше, правящей землями Ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изю дня в день, из месяца в месяц, из года в год государство да пребывает в здравии и приумножается. Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральским ештек-башкортами меж нами нет согласия. Теперь желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороге уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхаир-хан, сорок санов казахов, Средней и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову.

Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии.

Посланный посол Сеиткул во главе с Кутлуметом с товарищи».

О том что подданство понималось и интерпретировалось по разному говорится и ученым-историком Ириной Ерофеевой – автором фундаментального исследования «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в 2-х томах»: «Царская Россия же вкладывала в понятие «протекторат» другое содержание. Это, прежде всего, уплата налогов. Второе — это служба. Служба царю и государству по «принципу монолога»: я приказываю, ты без права самостоятельной воли выполняешь и отчитываешься. Недаром все отношения в тогдашней России строились как отношения холопа и боярина. И в письмах того времени мы читаем: «Я, холоп такой-то...», «Я, раб такой-то...». И только при Екатерине II, когда наступил «Просвещенный век», слова «раб», «холоп» были официальным указом изъяты из языка прошений и челобитных». Так вот, фигура Абулхаира как раз подавалась через призму отношений с Россией. Можно сказать, что хан стал жертвой политической конъюнктуры.

Хотя Абулхаир не признал подданство России, он старался мирным путем остановить многолетнюю вражду. Но Россия не оправдала его надежд...

История каждого народа полна событий, которых творили свои герои и антигерои. Казахская земля не раз рождало сыновей, которые вели битву за независимость и суверенность страны и народа. Среди них ханы Керей и Жанибек, несмотря на трудное время на перекрестке политических событий основали Казахское ханство, Касым хан, известный в народе как «собиратель казахских земель», хан Хакназар присоединивший целый мангытский юрт Ногайской Орды к Младшему жузу, Салкам Жангир сразившийся своим 600 воинами с 50000 джунгарами, и тем самым одержавший спартанскую победу, хан Тауке, период правления которого приходится на самое сложное время, но как описывают народ «то было время, когда на спинах овец жаворонки вили гнезда», хан Абылай, политика которого была известна «высоко парящий орел меж льва и дракона», имея ввиду политику сохранности независимости казахского народа между Россией и Китаем.

1. Султанов Т.И. О первом казахском государстве (к 525-летию Казахского ханства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995.

2. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. А.-А., 1969. – 652 с.

3. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алма-Ата: Казгосиздат, 1935.

4. Султанов, Турсун Икрамович. Поднятые на белой кошке. Потомки Чингизхана // Алматы : Дайк-Пресс, 2001. - 276 с.

5. Абулхаир – жертва «историков» // www.altyn-orda.kz/abulxair-zhertva-istorikov-3-ob-ayaguzskoj-bitve

6. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веке // Сборник документов и материалов. Алма-ата: Наука, 1964.

Амантай Исаұлы // Әбілқайыр ханның хатын қалай оқыған дұрыс?

7. <http://old.abai.kz/content/amantai-isayly-ebilkaiyr-khannyn-khatyn-kalai-okygan-dyrys>

8. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик // Алматы, Санат, 1999.

**СЕКЦИЯ «КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»
СЕКЦИЯ "РЕАЛИЗАЦИЯ ГЕНДЕРНОЙ И СЕМЕЙНОЙ ПОЛИТИКИ В
КАЗАХСТАНЕ"**

**Әбдуәли Нұршайық Кәменұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Философия және саясаттану факультеті,
әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі – Г. О. Әбдікәрова, профессор**

**МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОҒАМҒА ӘЛЕУМЕТТІК
ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА СПОРТТЫҢ РӨЛІ: ПАРАЛИМПИАДА
ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ**

Мүгедектік – медициналық және әлеуметтік проблема. Қоғамда әртүрлі факторлардың салдарынан өмірлік қызметіне шек келтіріп, мемлекет тәрпынан әлеуметтік қорғалуды қажет ететін, адамныңағза қызметінің бұзылуы, (аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілер) денсаулығының бұзылуы арқылы еңбекке жарамсыз немесе жартылай жарамсыз индивидті - мүгедектік деп түсіндіреміз. Мүгедек ұғымы ересектер мен балаларда әрқалай түсіндіріледі. Яғни, ересектерде түрлі аурулар мен жарақат алу салдарынан еңбекке қабілеттілігі төмендесе, балаларда оқыту мен тәрбиелеуге кедергі келтіретін шектеулер жатады. Бұл шектеулерге - бойының өспей қалуы, ақыл-есінің дамымауы, танымдық ойын-сауықтық әрекеттер жасай алмауы жатады. Дегенмен, қазіргі медицина дамыған шақта туа бітті түрлі генетикалық ауруы бар балалардың миына, жұлынына, жүрегіне, дене буындарына ота жасау арқылы өмірін сақтап қалаалады [1].

Мүгедектер қоғамның әлсіз топтарына жатады. Сонымен қатар мүгедектер саны күннен - күнге көбейіп бара жатыр, сондықтан олардың құқықтарының айрықша қорғалуына әрбір мемлекет ерекше назар аударады. Бүгінде әлем халқының 10%-ға жуығын мүгедектер құрайды. Анығырақ айтсақ, дүние жүзінде мүмкіндігі шектеулі 650 миллион адам өмір сүріп жатыр. Өкінішке орай, біздің елде де мүгедектер саны арта түскен. Республика бойынша 627 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жандар көмекті қажет етеді. Соның ішінде 18 жасқа толмаған 15 мың бала мүгедектік бойынша есепке алынған. Бұл көрсеткіш өзге елдермен салыстырғанда біршама жақсы жаңалық болғанымен, көңіл қуантарлық жай емес. Себебі мүгедектер тағдырдың қиындықтарына шыдаудан қажып, өмір сүрудің маңызын түсінуде қиындықтарды жеңе алмай өз-өздерін өлімге итермелеп жатады. Сондықтан да мүгедек жандарға тиімді әлеуметтік технологиялар негізінде жан-жақты көмектер көрсету арқылы қоғамға интеграциялау қажет [2].

Әрбір мемлекеттің басты міндеттерінің бірі - мүгедектердің әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын, оңалту шараларының ойдағыдай жүзеге асырылуын қадағалау болып табылады. 1995 жылы мүгедектік белгісі бойынша адамдарды кемсітуге тыйым салатын «Мүгедектерді кемсітпеу туралы» заңды бір емес экономикасы алдағы мемлекеттердің бірқатары: Ұлыбритания, ГФР, Канада, АҚШ және Испания Карольдігі қабылдап үлгерді. Қабылданған заңдарда әр елдің жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде мүгедек жандарды мүгедектерге залал келтіруге тыйым салуды, мүгедек жандар мен мүгедек еместердің тең құқықтары принципін қалыптастырды. Сонымен қатар мүгедек жандарды оңалтудың ақпараттық қызметін, кәсіптік даярлау жөніндегі қызметті, түзеу-медициналық қызметті, мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметін құру және де мүгедек жандарды қоғамға кіріктірудің жаңа бағдарламаларын қарастыру мәселесі болды. Бүгінде әрбір мүмкіндігі шектеулі адамға оңалтудың жеке бағдарламасы ұсынылады. Қазіргі күннің өзінде мүгедек топтарды қоғамға әлеуметтік интеграциялау мақсатында бүкіл әлем тәжірибесінде бейімдеу технологиялары аз болып отыр. Сондықтан да мүгедектерді қоғам қатарына кіріктіру негізінде біршама технологиялар мен әдістерді тәжірибеде қолдану арқылы өмірге бейімдеу маңызды болып отыр. Мәселен мүгедек жандарды спортқа тарту

арқылы қоғамға кіріктіру жұмыстары жоғарыдағыдамыған елдердебіздерден біршама уақыт бұрын қолданыста болған [3]

Мүгедек жандарды спортқа тарту жұмыстары алғаш рет XIX ғасырдың аяғында басталды. 1888-жылы Берлиндесаңырауларғаарналған алғашқыспорт клубтары құрылып, шағын жарыстар бола бастады. «Саңырауларғаарналған Олимпиадаойындары» 1924-жылы тұңғыш рет Париж қаласында жеңіл атлетика, велоспорт, футбол мен мылтық ату және жүзу жарысы секілді спорт түрлерінен өткізілді. Алғашындасаңыраулар арасындағы жарысқа бүкіл әлем көңіл бөлмеді. Ал екінші дүне жүзілік соғыстан кейін мүгедек жандардың көбеюі себебінен Людвиг Гуттманның бастауымен 1948 жылы Лондонда өткен жазғы олимпиадамен қатар мүгедектер арасында даолимпиада ұйымдастырылды. Бұл жарысқа қатысушы мемлекеттердің саны қалай көп болса, қатысушылар саны дааз болмады. Бүкіл әлемдік жазғы олимпиадаойындары мен мүгедекжандар арасындағыолимпиадаойындарын қатар өткізудің басты себебі кеше ғанасоғыстан мүгедек болып қалған жандардың қоғамнан артта қалмай, өмірге деген құлшынысын арттыру. Содан кейін мүгедек жандардың жарысы паралимпиададеген атпен 1960 жылдан бастап бүкіл дүние жүзілік олимпиадамен біргетөрт жыл сайын тұрақты өткізіліп тұратын болды. XXI ғасырда дамыған шетелдерде паралимпиадаға жәнеоған қатысушыларғаерекше көңіл бөлініп, мүгедек жандарды мүгедектікке душар болған кезден-ақ спорттық талантын ажыратып паралимпиадаға дайындау қолғаалынған [6]

2016 жылы Рио-де-Жанейрода өткен XV жазғы паралимпиадаойындарына 176 мемлекеттен 4350 мүгедек атлеттер 22 спорт түрі бойынша 528 медаль үшін жарысқа қатысты. Мұндай мемлекет пен қатысушылар санының көбеюі салыстырмалы түрде мүгедек жандар арасындағы олимпиаданың ешбір жарыстан артта қалмағандығын көрсетеді. Бұл дегеніміз жер шарындағы барлық мемлекет мүгедектер мәселесіне, мүгедектер спортына өте жоғары көңіл бөлгендігін көрсетеді [4]

Ал біздің елімізде мүгедектерді спортқа баулу күрделі жұмыстарды қажет етеді. Соған қарамастан қазіргі күніелімізде, мүгедектерді қоғамға тиімді әлеуметтік интеграциялаудаспорттың маңыздылығыарттыру қолғаалынып жатыр. Мәселен, елімізде мүгедектерді оңалту орталықтарындатек **кәсіби өнер мамандары ғана емес, психолог, медицина қызметкері, сондай-ақ кәсіби спорт мамандары да қызмет істейді.**

Еліміздегі мүгедектерді оңалту орталықтарының спорт-жаттығу залындаспорттың әртүрлі бағыттары: суда жүзу, мүгедектер арбасында отырып билеу, жеңіл атлетика, үстел теннисі және мылтық ату секілді түрлерімен айналысады. Мысалы, 2014 жылы Инчхонда өткен паралимпиялық Азия ойындарына Қазақстаннан 86 спортшы қатысқаны белгілі. Солардың арасындаарбада билеуден қазақстандық спортшылар бір күміс, бір қола медаль алып елді қуантты[5]

Рио-де-Жанейрода өткен XV жазғы паралимпиадаойындарындаелімізден 11 мүгедек жандар жарысқа қатысып 1 алтын, 1 күміс медаль алып еліміздің туын көкке желбіретті. Өмірдің қиыншылығына мойымай, дене мүшесінің кемістігіне қарамастан кейбір он екі мүшесі сау адамдар істей алмаған міндеттерді орындап, қазақ елін марқайтып тастаған азаматшаларымыздың есімдерін айтпай кетуге болмайды.

Рио-де-Жанейрода өткен XV жазғы паралимпиадаойындарындажүзу жарысындаАхметов Әнуар, Агалаков Роман және Звягинцева Натальяқатысты. Дзюдо жарысы бойынша Сариев Әнуар мен Құралбай Орынбасар белсенді қатысса, Пауэрлифтинг жарысында Әбдіхалықова Гүлбану мен Дукарт Вадим қатысты, жеңіл атлетикадан Қалқаев Аманат ел намысын қорғаса, садақпен атудан Медведев Александр қатысты. Ал Пауэрлифтинг жарысы бойынша күміс медаль иеленген Қойшыбаева Раушан ел үмітін ақтаса, еліміздің көк туын көкке желбіреткен 100 метірге жүзуден паралимпиада бойыншаәлем рекордын орнатып Габидуллина Зульфия Қазақ елі тарихындатұңғыш паралимпиаданың алтын медалынеп қоржынынасалды. Бұл азаматшалар есімдерін қазақ елі үшін ұмытпастай етіп қалдырды. Себебі, Габидуллина Зульфия тағдырдың жазуына қарамай, өмірдің қиындығына мойымай көп еңбектің нәтижесіндеармандардың орындалатынын

дәлелдеп, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген құлшынысына тсерпін берді. Осы кезден-ақ еліміздегі мүгедек жандар спортқа қызығушылықпен қарап, өздерінесайкес келетін спорт түрлерімен айналыса бастады. Қазіргі таңда еліміздің бүкіл аймағында мүгедектерге арналған 11 ғана спорт кешені жұмыс істейді, алайда арнайы мүгедектер үшін толық мамандандырылған және жабдықталған спорт залдың аздығы мүгедек жандарды қанағаттандырмайды [4].

Ендігі мақсат еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа тарту мақсатында мүгедек жандар арасында көптеген Республикалық жарыстар ұйымдастырып, жүлделі орындарды көбейту қажет. Осындай жарыстар арқылы талантты спортшыларды таңдап, дүние жүзілік паралимпиада ойындарына дайындауға болады. Мәселен, еліміздің мүгедек спортшылары түрлі чемпионаттар мен Азия ойындарында көзге түсіп, түрлі халықаралық бірлестіктерге мүше бола бастады. Ал мүгедек [шахматшыларды](#), дойбышыларды, жеңіл атлеттика, волейбол, бадминтон және суда жүзу спорт түрлерінің өкілдерін ел тани бастады. Бұлардың барлығы жоғарыда аталған атлеттеріміздің халықаралық жарыстардағы табыстарымыздың нәтижесінде болып табылады [6].

Мысалы, ҚР Ұлттық Паралимпиялық комитетінің президенті Елсияр Қанағатовтың айтуынша, мүмкіндігі шектеулі спортшылардың 2009 жылы халықаралық жарыстарда көрсеткен жетістіктері жаман емес. Олар «отырып ойнайтын волейболдан әлем чемпионатында III орын алып, қола медальға ие болды. Жастар арасындағы Азия ойындарында біздің спортшылар 23 медальға қол жеткізді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандардың спортына көп көңіл бөлу керектігін, қиналып жүрген азаматтарды спортқа тартып, өмірін қайта жандандыруға болатындығын айтпаса да түсінікті. Әрбір облыстық, жергілікті атқарушы органдар спортқа көңіл бөліп, осындай жандарға спортпен айналысуына жағдай жасауы тиіс. Қазіргі таңда елімізде мүгедектерге арналған 9 спорт клубы, 2 спорт мектебі ғана жұмыс жасайды. Әрбір аймақта осындай клубтар мен мектептер мүгедек жандардың денсаулығы үшін өте қажет екендігін» айтып өткен болатын. Сонда ғана мүгедектер өздерін халықпен етене араласып қоғамға керек екендігін сезінеді [7].

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік оңалту қазіргі әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызмет көрсету жүйелері үшін ең маңызды және қиын міндеттердің бірі. Оларды қоғамға бейімдеуде, олардың әлеуметтік топ ретінде ерекшеліктерін, психикалық жағдайын білудің маңызы зор. 1975 жылы қабылданған мүгедектер тәуелсіздігі Декларациясы оларға әлсіз адам ретінде қарамауға, тең серіктестік тұрғыдан қарым-қатынас жасауға, олардың өмірге белсенді позициясын қалыптастыруға, құрметтеуге шақырады. Бұл Декларацияда «менің мүгедектігімді мәселе ретінде қарама, маған қолдау көрсетудің қажеті жоқ, мен сіз ойлағандай әдсіз емеспін»- делінген. Сонымен қатар мүгедектер үшін ең маңызды мәселе бұл олардың әлеуметтік тұрғыдан құнсыздануы және ығыстырылуы емес, оларға қатысты бұрыннан қалыптасқан өзгермейтін түсініктер екендігіне сөзсіз. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау проблемаларымен байланысты он шақты нормативтік-құқықтық актілер жұмыс істейді. Сондықтан мемлекеттік саясатты жетілдіру шараларының бірі, біздің ойымызша мүгедектердің құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы бірдейлендіру. Бірдейлендіру - бұл заңнаманы қарапайымдандыру ғана болмауы тиіс. Оны жүзеге асырған кезде мүгедектердің әртүрлі санаттары мен топтарының құқықтарын мен жеңілдіктерін теңестіру. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге қажетті жағдай жасау жөніндегі маңызды қадам мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция мен оған Факультативтік хаттаманы бекіту болды [8].

Айталық, бұған дейін үкіметтің алдында тек әлеуметтік төлемдерді уақтылы төлеу мәселесі ғана тұрса, қазіргі кезден бастап бұл міндеттің ауқымы кеңейіп, мүгедектерді қоғамдық өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, әлеуметтік өмір шеңберде тең құқылы тіршілік ете алуларына жағдай жасау көзделген. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту жалпы қоғамдық интеграциялық мәселенің басты

бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы уақытта аталмыш топқа жататын адамдарға деген көзқарастың өзгеріске ұшырауымен бұл мәселенің маңыздылығы арта түсуде.

Қазіргі қоғамда онсыз да тағдырдың ауыртпалығын көтеріп жүрген мүгедек жандарға адамдар тіксіне қарайды. Осындай сұқ көздерден жасқанып мүгедектер өздерін қоғамның әлсіз мүшесі сезініп, өздігінен көшеге шыға алмайды. Шындығына келгенде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар әлеуметтік-мәдени жүйе қызметіне араласу мүмкіндігінен толықтай айырылған. Сонымен қатар қоғамның көптеген бөлігі мүгедектігі бар адамдарды социумға интеграциялауға және қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдауға дайын емес. Мүгедек жандарды қоғамға интеграциялаудың негізгі механизмі - бұл, мүгедек жандарды қоршаған ортаға емес, керісінше қоғамды мүгедек жандарды қабылдауға дайындау арқылы, социумды үйлесімді өмір сүру ортасына айналдыру. Мүгедектерге қоғамның көзқарасы өзгерген сайын оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстары біршама жеңілдейтінін толық сеніммен айтуға болады.

Қоғам қолдау көрсеткен ортадаалынбайтын қамал жоқ. Сол себепті мүгедек жандардың спортпен шұғылдануына қоғам белсене көмек көрсетсе жақсы болар еді. Тағдырдың талқысына ұшыраған жандар үшін спорт-ең алдымен денсаулық кепілі, екіншіден уақыттарын тиімді және орынды өткізудің түрі, үшіншіден олардың өмірге деген құлшынысын арттыратын, денсаулығын күшейтуге көмек беретін маңызды сала. Түсіне білсек, мүгедектерді спорт арқылы қоғам қатарына кіріктіру өте күрделі жұмыс. Қоғамнан оқшау күй кешіп жүрген мүгедек жандарды ең алдымен психикалық көңіл-күйін тұрақтандырып, мәнді де қызықты, қоғаммен тең дәрежелі өмір сүру үшін спорттың маңыздылығын түсіндіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Холостова Е.М. Теория социальной работы. Вуз: ПСТГУ. 2001.
2. Адамның дамуы туралы ұлттық есеп. 2009.
3. Права людей с ограниченными возможностями на достойный труд. О'Рэйли, Артур.- Женева, Международное бюро труда, 2007.
4. Электрондық ресурс: <https://kaztrk.kz/kz/rio>. 2016
5. Электрондық ресурс: http://bnews.kz/kz/news/sport/mugedek_zhandar_sport
6. Дементьева Н.Ф., Устинова Э.В. Роль и место социального работника. 2001
7. "Егеменді Қазақстан». Мүгедекке мүсіркеу емес, мүмкіндік қажет. 7 сәуір 2015ж.
8. Абдикерова Г.О. ҚР мүмкіндігі шектеулі топтарды қорғау мәселелері // Түркі әлемі. 2012 г. № 2.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлекметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының
Әлеуметтік жұмыс мамандығының
төртінші курс студенті
Балмағанбет Бейбіт Жауынбайқызы
И.С.Сарыбаева
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасы , социол.ғ.к., аға оқытушы

ДАУН СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

Қазіргі кезде бұл мәселе толығымен қарастырылып, жан-жақты зерттелді деп айта алмаймыз. Алайда, соңғы жылдары әртүрлі себептерге байланысты Даун синдромы бар балалар саны артуда. Оларға арналған арнайы энклюзивті білім беру мекемелері мен жеке

бағыттаға мектеке дейінгі мекемелер жұмыс жасауда. Бұл аталған мекемелердің бірі «Күн бала» қоғамдық қоры болып табылады. Бұл орталықтың құрылу себебі мен жұмысы туралы толығырақ екінші бөлімде тоқталатын боламыз.

Қазіргі кезде мұндай арнайы білім беретін мекемелердің қызметкерлері, оқытушылары мен ата-аналар шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ақыл-ойы дамуы артта қалған балалармен жұмысқа септігін тигізетін әдістемелік бағдарламаларды қолдана алады. Ол бағдарламаларда балаларды тәрбиелеудің нақты бағыттары, қандай дағдылар мен қабілеттерге үйренуі тиіс және оларға арналған тапсырмалардың түрлері мен кеектілігі толығымен қарастырылған.

Алайда, балалардың жасы, оларға қойылған синдром бір болғанымен, олармен жұмыс жасау түрі мен бағыты әртүрлі болады. Яғни, бір бала үшін «амандасу» өтіп кеткен кезең болса, бір бала үшін ол әлі де болса қол жеткізбеген тапсырма болуы мүмкін. Сондықтан да, мұндай ерекше балалармен жұмыста көп жағдайда баланың ақыл-ой дамуының күрделілік деңгейіне сәйкес индивидуалды бағдарлама дайындау қажеттігі де туындауы мүмкін.

Е.А.Екжанова мен Е.А.Стреблеваның интеллекті бұзылған балаларға үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне арналған «Коррекциялық-дамытушы оқыту және тәрбиелеу» деп аталатын бағдарламасына шолу жасалды. Онда «Әлеуметтік даму» және «Еңбектік тәрбиелеу» деп аталатын екі бөлімі балаларды әлеуметтік бейімдеуге байланысты мәселелерді толығымен қарастырады. Сонымен қатар, мұнда балалардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін критерийлер мен факторларға және логопедтік сабаққа баса назар аударылғандығын байқауға болады. Бағдарлама жалпы, Даун синдромы бар балаларды әлеуметтік бейімдеуде негізгі үш компонентке көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді: олар, өз-өзіне қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу.

Маккуэридің ауытқуы бар балаларға арналған «Кішкене сатылар» деп аталатын педагогикалық көмек бағдарламасы көбінесе осындай балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған құрал болып табылады.

Оның әлеуметтік бейімделу мәселесіне екі кітабы арналған; «Сөйлесу дағдысы» және «Өз-өзіне қызмет көрсету және әлеуметтік дағдылар». Мұнда ақыл-ойының дамуы артта қалған балаларды оытудың сатылары мен мысалдары толығымен келтіріледі және олардың дамуындағы өзгерістерді анықтауға арналған тексеру парақтары да берілген. Бағдарламада көрсетілген тапсырмалар мен әдістер әлеуметтік жұмыс және т.б. мамандар мен ата-аналарға көмекші құрал бола алады.

Л.Б. Боярова, О.П. Гаврилушкина, А.П. Зарин және Н.Д. Соколованың «Интеллектуалды жетіспеушілігі бар балаларды оқыту мен турбиелеу бағдарламасында» «Әлеуметтік дамыту» немесе «Әлеуметтік бейімдеу» секілді бөлімдер берілмеген. Мұнда өзі-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру тапсырмалары «Еңбек» деп аталатын бөлімде қарастырылған. Яғни, еңбек ету арқылы баланың ақыл-ойын, қимыл-қозғалысын және сөйлеуі мен басқа да дағдыларын қалыптастыруға болатындығы тұжырымдалған.

Бағдарламаның мазмұны үш кезеңге бөлінген: әрбір кезеңде игерілген дағдылар нығайтылып, жетілдіріліп, жаңа тапсырмалар беріліп отырады. Сонымен қатар, міндетті түрде ойындар, тақпақтар беріліп, маманның жұмысын жеңілдетіп отырады.

Тағы айта кететін бір бағдарлама бұл - «Даунсайд Ап» деп аталатын педагогикалық бағдарлама, онда ата-аналарымен бірге жұмыс жасайтын 1,5-3 жас аралығындағы адаптациялық топтар. Бұл бағдарлама негізіндегі сабақтардың мақсаты – балалардың әлеуметтенуі, қарым-қатынас дағдыларына үйрену арқылы бірте-бірте үй жағдайынан мектепке дейінгі мекемеге ауысу болып табылады.

Осылайша, жоғарыда аталған әрбір бағдарлама Даун синдромы бар балаларды әлеуметтік бейімдеудің әртүрлі бағыттарын ұсынады.

Даун синдромы бар балалармен коррекциялық жұмыстың мақсаты – оларды әлеуметтік бейімдеу, қалыпты өмір сүруге икемдеу және қоғамға интеграциялануына жағдай жасау болып табылады. Балалардың барлық танымдық қабілеттерін пайдаланып, олардың

психикалық даму процесіндегі ерекшелікті ескере отырып, қажетті өмірлік дағдыларды дамыту қажет. Себебі, олар есейген шақта өз-өзіне қызмет көрсету мен қарапайым жұмыстарды атқара алуы тиіс. Бұл арқылы біз балалардың және олардың ата-аналарының өмір сүру сапасын жақсарту аламыз.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төменде көрсетілген негізгі міндеттерді шешу қажеттігі туындайды:

1. Балалардың психикалық қызметтерін ерте жастан анықтап, коррекциялық жұмыстар жүргізу арқылы дамыту.

2. Даун синдромы бар балаларды тәрбиелеу арқылы дұрыс мінез-құлықты қалыптастыру. Мұнда жұмыстың негізгі мазмұны балалардың бойында әдеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу. Балаларды адамдармен қарым-қатынас барысында мәдени мінез-құлық дағдысын қалыптастыру мен үйрету болып табылады. Олар өтініш айта білуі, өзін қорғай білу немесе қауіптен қаша білуі тиіс. Сонымен қатар, сыртқы мінез-құлқына басты назар аударылуы тиіс.

3. Еңбекке үйрету, шаруашылықтық-күнделікті еңбектің күші жететініне үйрету мен өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру.

Дамуындағы артта қалушылығы байқалған мұндай балалармен жүргізілген коррекциялық жұмыстар, жағымды, оң нәтижесін береді және оның алдағы тағдырына әсерін тигізеді. Сондықтан да, мұндай ауытқу бар балалармен жұмыста ұқыптылық, ыждағаттылық пен сенім секілді қасиеттер өте қажет.

Даун синдромы бар балалардың дамуы өз құрдастарынан біршама артта қалады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, олар кеш жүре бастайды, кеш сөйлейді, өз-өзіне қызмет көрсете алмайды. Яғни, денсаулығы қалыпты балаларға қарағанда барлық даму процесі кеш жүреді. Олар физиологиялық тұрғыда әлсіз және икемсіз, әрі аурушаң болып келеді. Басқа балаларға қарағанда қоршаған ортадағы заттарды тануға, білуге ұмтылмайды, қызығушылық танытпайды. Жалпы, үлкендерге, болып жатқан процестерге және табиғатқа бейжай қарайды. Тіпті мектеп жасына келген кезінде де, олардың сөздік қоры өте аз және сөз саптауы мен ойлауы нашар болып келеді. Сондықтан да, олар екі-үш сөзден құралған сөйлемге жауап беріп, оны түсіне алмайды және қарым-қатынасты орната алмайды.

Коррекциялық оқытусыз мектеп жасына жақындаған бұл балаларда тек заттық қызмет қана қалыптасады. Ойын қызметі де басты іс-әрекет болып табылмайды. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойыншықтармен мақсатсыз іс-әрекеттер орындалады. Яғни, қалыпты балалар күрекпен жер қазып, шелекке құм салып ойнаса, ауытқуы бар балалар аузына салады, жерге ұрады немесе оны лақтырып ойнайды. Мектеп жасына жақындаған уақытта ғана заттық-ойындық іс-әрекеттер қалыптаса бастайды (кукланы тербету, машинаны айдау және т.б.), алайда бір ғана іс-әрекеттер бірнеше рет қайталады. Ойын әрекеттері ешқандай эмоционалды реакциялармен және сөздермен жүргізілмейді. Сюжетті-рөлдік ойындар мұндай балалардар өз бетімен, арнайы коррекциялық оқытусыз қалыптаспайды.

Даун синдромы бар балалар өз құрдастарымен бірігіп ойнай алмайды, себебі оларды түсінбейді. Сондықтан да өзінен біршама кіші жастағы балалармен ойнауға тура келеді. Егер бала балабақшада арнайы педагогикалық көмекке жүгінбеген болса, онда ол мектепке дайын бола алмайды. Осыған орай айта кететін бір мәселе ол Даун синдромы бар балалардың білім алу мәселесі. Қазіргі уақытта мұндай дамуы артта қалған балаларды жалпы білім беретін білім беру мекемелеріне алмайды. Себебі, олар сыныптағы балалармен бірге жас ерекшелігін сай білімді толығымен игеріп кете алмайды. Ол балаларға бұл ақпаратты игеруі үшін арнайы сабақтар мен тренингтер қажет. Сол себепті бұл балаларға ата-аналарының көмегімен үйде отырып, білім алуына тура келеді.

Қазақстанда ақыл ойының дамуы артта қалған балаларға арналған инклюзивті арнайы оқу орындары мен оқу сыныптары ашылған.

Даму деңгейін бағалау – баламен жұмыс стратегиясын түсіну мен анықтау үшін қажетті ең алғашқы қадам болып табылады. Бұл баланы үйде тесттен өткізіп, онымен жұмыс жасаудың дұрыс бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Яғни, біз баланы қай бағытта жетілдіру

жұмысын жүргізу қажет екендігін анықтаймыз: моторика, сөйлеу мәнері, өз-өзіне қызмет көрсету, жеке қажеттіліктерін орындай алу немесе әлеуметтік қабілеттері – қоршаған ортамен қары-қатынасқа түсе алуы.

Осындай бағалау жүргізу арқылы баланың әлсіз және жағымды жақтары анықталады. Бұл балағау нәтижесі баланың жағымды іс-әрекеттері ең тұстарын нығайтып, әлсіз жағын дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы көптеген мәселелерді күнделікті өмірде ойын барасында шешеуге болады. Мысалы, күнделікті бала күтімі кезінде баланың моторикасы мен өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Айта кететін бір мәселе бұл балалардың денсаулығы қалыпты балалардан әлдеқайда ерекшелігінде. Біз Даун синдромы бар балалармен жұмыста осыны ескеруііз қажет. Яғни, жалпы білім беретін оқу орындары мен балабақшалардағы секілді бір ережемен, бір уақытпен жүре алмаймыз. Бұл балалар үшін кез-келген сабақ мен тасырма ұзақ уақытты алмауы тиіс. Арнайы жүргізілетін сабақтарды өте қысқа уақытта жүргізіп, іс-әрекет түрін жиі ауыстырып отырған жөн. Мысалы, моториканы дамыту – 15 минут, ойындық дамыту – 15 минут, оқу мен иллюстрациялар қарау – 15 минут. Барлығы 45-50 минут. Мұндай мәселелерді шешуде тәуекелділік пен қателіктерден қорықпау қажет, себебі ол кез келген уақытта орын алуы ықтимал.

Өз-өзіне қызмет көрсету мен әлеуметтік дағдылар күнделікті өмірде орын алған жағдайларда және оған қолайлы уақытта жүргізіледі. Яғни оған арнайы уақытты арнаудың қажеті жоқ. Бала ойнағысы келгенде ойыншығын өзі алуы мен ойнап болғаннан кейін қайта жинап орнына қою өз-өзіне қызмет көрсетуді сипаттайды. Бұл үшін балалардың ата-аналары мен сол отбасының барлық мүшелері қолдау көрсетуі тиіс. Сол кезде оның әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына ықпал ете алады. Сондықтан да, сабақта қызықты әрі реттелген болуы шарт.

Баланың I сатыдағы дағдысын қалыптастыру қалай жүргізілуі тиіс?

Үйрету – баланы қоршаған ортада ол белгілі бір жағдайлар мен іс-әрекеттерге тез үйренуі үшін соған сәйкес жағдай қалыптастырамыз. Мұндай тәжірибелік сабақта үйрету сабағын бірнеше кезеңге бөлген дұрыс. Бала даму деңгейі бойынша қандай кезеңде болса, сол кезеңге сәйкес тапсырма беру қажет. Мысалы, «Тіс щеткасын ал, тубикті аш...», «Тісінді тазала» деп айтамыз. Егер бала, берілген тапсырманы толық орындай алмаса, оның қалай жасалатынын ата-ана немесе отбасының кез келген мүшесі өзі жасап көрсетуі керек.

Үйрету сабағы барысында барлық берілген тапсырманы толығымен айтып, түсіндіру қажет. Нені, қалай, қашан деген сияқты сұрақтарды бала қоя алмайтын болғандықтан, ешқандай сұрақ туындамайтындай етіп түсіндірген жөн. Егер тапсырамын толық түсіндірмесеніз, оның нәтижесі қажетті деңгейде болмайтындығы сөзсіз. Сондықтан да, баламен жұмыс барысында өзіңізді «жақсы менеджер» ретінде сезініп, кез келген тапсырманың әдістемелік нұсқаулығын түсіндіріп беруіңіз қажет.

Сонымен қатар, балаға физикалық көмек көрсету де маңызды. Бірінші баланың қолынан ұстап, тапсырманы онымен бірге жасау, кейіннен оның білегінен ұстап, қолын бағыттау. Жоғарыда айтып өткеніміздей, үйрету материалдары баланы ерекшелігіне ынғайланып жүргізілуі тиіс. Мысалы, баладан тіс жууды сұрамас бұрын, тіс пастасының қақпағын біршама босатып қою секілді жұмыстарды жүргіземіз. Егер бала, осыдан кейін тіс пастасының қақпағын тез ашатын болса, оның өзі балаға үйрену мен дағдылануға мотивация туындатады.

Тапсырманы орындап болғаннан кейін, баланы міндетті түрде мақтап, құшақтап, басынан сипап физикалық байланыс орнату да маңызды болып табылады.

Тапсырманы таңдау кезінде педагог немесе әлеуметтік қызметкер 3 негізгі факторды ескеруі тиіс:

1. алға қоятын мақсаты, яғни болашақта бала нені жасай алуы тиіс;
2. баланы тестілеу нәтижесі, яғни нақты кезеңде не жасай алады;
3. уақыт пен мүмкіндігі, нақты жағдайда сіз қандай нәтижеге қол жеткізе аласыз.

Берілетін тапсырма баланың оны орындауы кезінде не жасайтыны және оны қалай игеретіндігін анықтайды. Тапсырма арқылы қажетті дағды мен қабілеттер қалай және қай жерде жүргізілетіндігін көрсетеді. Тапсырма баланың мақсатын, келесі қадамын анықтап береді. Сондықтан да Даун синдромы бар баламен жұмыс барысында әлеуметтік қызметкер оған берілетін тапсырмаға аса ұқыптылықпен қарауы тиіс.

Дұрыс берілмеген тапсырма, «дәрігердің дұрыс қойылмаған диагнозы» секілді оң нәтиже бермейді және кері әсерін тигізуінің ықтималдығы жоғары. Жалпы, әлеуметтік қызметкер маманы жан-жақты көп профильді маман болғандықтан, қоғамның әлеуметтік әлсіз топтарымен жұмыс барысында оған біршама ауыр жүк артылады.

Егер бала тапсырманы жасай алады, бірақ жасағысы келмесе, онда үлкен қиындық туындайды. Балалар үнемі жасап жүрген тапсырмасын орындағысы келмейді, оған үйреншіктіден қарағанда жаңа, әрі күрделірек тапсырма болса, сол кезде қызығушылық танытып, орындауға тырысады. Сондықтан да, берілетін тапсырманың түрі мен күрделілігі және оның нәтижесі мен жетістігі алдын ала анықталып, берілуі тиіс.

Егер Даун синдромымен ауыратын бала даму деңгейінің жетіспеушілігіне байланысты тапсырмаға өз ойы мен іс-әрекетін шоғырландыра алмаса, оны ең бірішіден сол дағдыға үйрету қажет. Баланың ойы мен іс-әрекетін шоғырландыра алмағандығын визуалды көру байланысы арқылы анықтауға болады.

Балаға ойы мен іс-әрекетін шоғырландыруға үйретудің 3 сатысын атауға болады:

1. бір адамға қарау, яғни көру байланысы арқылы шоғырландыру;
2. бір затқа немесе дыбысқа көңілін шоғырландыру;
3. белгілі бір затқа бір адаммен бірге бір уақытта көңілін шоғырландыру. Бұл сатыны «біріккен» шоғырландыру деп атауға да болады.

Бала үлкен адамның көзқарасының бағытына немесе оның бас бармағының бағытына қарап, оның сол затқа қарап отырғандығын тексереді. Егер бала мұндай тапсырмаларды орындай алмаса, онда басқа әлеуметтік дағдыларға, қарым-қатынасқа, моторикаға үйрену мүмкін емес.

Сондықтан да, баланың көңілін шоғырландыру жұмысы да ең маңызды сатыларының бірі болып табылады.

Баланы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар қоюға үйрету керек. Мысалы, ұзақ мерзімді мақсат – табиғи қажеттіліктерін түзетуге үйрету. Қысқа мерзімді мақсаттар: әжетханаға барғысы келгенде шыдау және әжетке отыру, әжетханаға сұрану, өзі шешініп отыру және тұру, өзі киіну, өзі жинау секілді іс-әрекеттерге үйрету.

Балалардың дағдылануға үйрену деңгейлерін 3-ке бөлуге болады:

1. Бастапқы – іс-әрекет біріккен түрде жүргізіледі, мұнда әжетханаға бару ережесі үйретіледі.

2. Жеткілікті деңгей – мұнда іс-әрекет бақылау арқылы жүргізіледі, мұнда әжетханаға бару ережесінің ұрыс орындалуы маңызды болып табылады.

3. Өз бетімен әрекет ету деңгейі – іс-әрекет өз бетінше немесе кейбір бақылаулар арқылы жүргізіледі, мұнда таңғы және кешкі әжетханаға бару кезектілігі, қол, аяқ, бас жуу, ванна қабылдау мерзімділігі ескеріледі.

Мұндай балалар үшін өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын игеру, адамдар өміріне үйрену, қоғамдағы өмір сүру стильіне икемделу мен макроәлеуметтік ортаға бейімделу өте маңызды болып табылады. Дағдыларға үйретудің негізгі міндеттері ата-аналары тарапынан мақсатты бағытталған дайындықпен өз бетінше әрекет етудің максималды деңгейін қалыптастыру болып отыр. Сонымен қатар, баланың даму деңгейіне байланысты ата-аналарымен бірігіп мейірімді қары-қатынас қалыптастыру қажет. Бұл жағдайда баланың белсенділігіне қолдау көрсетіледі және агрессия да орын алуы мүмкін. Сондықтанда, агрессияға жол бермей, баланың отбасындағы күнделікті-шаруашылықтық іс-әрекетіне, үй жинауға көмектесуіне, қоршаған ортаның қызметтеріне бағдарлана білуіне, өз бос уақытын ұйымдастыруына, сөйлеуін дамытуға және өз әрекетін сөз арқылы жеткізуіне ерекше назар аударған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Коноплева А.Н., Лещинская Т.Л. Интегрированное обучение детей с особенностями психофизического развития: Монография. - Мн.: НИО, 2003. - 232 с.
2. Шипицына Л.М. Формирование социальной адаптации у детей дошкольного возраста с синдромом Дауна // журнал «Синдром Дауна. XXI век» №2(11) 2013
3. Замский Х. С. Умственно отсталые дети: История их изучения, воспитания и обучения с древних времен до середины XX века - М.: НПО Образование, - 2012. – 399 с.
4. Грозная Н.С. Из истории развития ранней помощи // журнал «Синдром Дауна. XXI век» №2(7) 2011. – стр.3-5
5. Ворсанова С.Г., Юров Ю.Б., Демидова И.А., Берешева А.К. Хромосомные синдромы, выявляемые в первые годы жизни ребенка: данные клинических, цитогенетических и молекулярно-цитогенетических исследований // Дефектология. - 2010. - №2. – стр. 41-51.

Бердібек Айкерим

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану факультетінің
Әлекметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы,
әлеуметтік жұмыс мамандығының 4-курс студенті**

И.С.Сарыбаева

**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасы, социол.ғ.к., аға оқытушы**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН ЖЕТІМ- БАЛАЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Бүгінгі күні біздің қоғамның аса бір үлкен де маңызды мәселелерінің бірі ол – жетімдік мәселесі болып табылады. Жалпы жетімдік мәселесі ол барлық кезеңде де кездесетін, барлық қоғамға тән мәселе болып табылатынын бәріміз білеміз. Жетімдік ол баланың қоршаған ортасына дұрыс бейімделуіне, яғни оның ортамен қарым-қатынастарына үлкен кедергісін тигізетіні сөзсіз. Ата-ана мен туыстардың қамқорлығынсыз өскен бала өзін барлық жерде де қолайсыз сезінуі, яғни оның жалғыздығы психологиялық тұрғыдан белгілі бір ауытқуларға әкеліп соқтыруыда мүмкін. Өйткені қалыпты өмірлік жағдайы, яғни отбасылық жағдай оларға таңсық болып келеді. Көптеген себептерге байланысты ата-анасының қамқорлығынсыз қалатын балаларға қолдау көрсету еліміздің әлеуметтік саясатындағы басты бағыттардың бірі болып келеді, яғни жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің мақсаты еліміздің саясатымен тығыз байланысты болып табылады. Жалпы бұл аталған мекемелердегі балалармен жұмыста мамандардың рөлі өте зор. Қолдау бағдарламасын іске асыру үшін балаларды дамыту мен оқытуға баланың жан дүниесіндегі ірілі-уақты өзгерістердің бәрін байқай алатын, өмірлік тәжірибесі мол, кәсіби деңгейі жоғары мамандар тартылады. Бағдарламада шамаланған нәтижелер мынадай: интернаттық мекемелердегі тәрбиеленушілердің әлеуметтік, жеке мәселелерінің шешімін табу; балаларды қоғамдағы дербес өмірге дайындау; «екіншілей» жетімдіктің алдын алу.

Жетім балаларға арналған кез-келген балалар үйі немесе интернаттың басты міндеті – тәрбиеленушілердің әлеуметтенуі, олардың қазіргі қоғамға сіңісуі, оларға:

- а) жалпы қоғамдық ықпалдастық және әлеуметтік-психологиялық жағдаяттардың баланың жеке тұлғасының дамуына әсері;
- ә) бұл үрдістегі баланың өзінің белсене қатысуы;
- б) қоғамдағы әлеуметтік қатынастар жүйесін жетілдіру, оның ішінде интернаттық мекемелердегі балаларға қатысты қайта қарастыру жатады [1].

Қазақстан Республикасының «Отбасы және неке» заңына сәйкес ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалардың орналастырудың бірнеше түрлері қарастырылған, яғни бұлар асырап алу, қамқорлыққа алу, патронат, қабылдаған отбасылар, мемлекеттік және қоғамдық-мемлекеттік мекемелерге орналастыру және т.б.

Жетім балаларды орналастыру түрлері төмендегі 1 кестеде ұсынылған, яғни оларды мемлекеттік, мемлекеттік-қоғамдық және отбасылық деп үшке бөліп көрсетуге болады:

1- кесте Жетім балаларды орналастыру түрлері

Жетім балаларды орналастыру түрлері	Мемлекеттік	балалар үйі; жетімдер үйі; мектеп интернат; балаларды уақытша асырау орталығы; балалар баспанасы.
	Мемлекеттік-қоғамдық	отбасылық балалар үйі; SOS балалар ауылы; фостерлі (орнын басатын отбасы).
	Отбасылық	ұлды немесе қызды асырап алу; қамқорлыққа алу; патронатты отбасы.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың **мемлекеттік** түрлері басқаларымен салыстырғанда айтарлықтай кең таралған және де сонымен қатар біздің мемлекетте жиі қолданылатын түрі болып табылады. Бұл біріншіден 70 жылдан астам уақыт кеңес үкіметі кезеңінің азаматтарының ұжымдық өмір үлгісімен және де еліміздің мүмкіншілігі ол өте аз шығындалу мақсатындағы мемлекеттің экономиканы жүйелендіруіне байланысты айтарлықтай көптеген балалар санын ең төменгі өмір сүру нормасымен қамтамасыз етуімен негізделеді [2].

Балалар үйі – ол жетім балаларға, тастанды балаларға, өз балаларын тәрбиелей алмайтын ата-аналардың балаларына және де физикалық және психикалық дамуында ауытқулары бар балаларға медициналық көмек көрсету мен тәрбиелеу үшін арналған денсаулық сақтау мекемесі болып табылады. Балалар үйінде балалар туылғаннан 3 жасқа дейін және физикалық және психикалық дамуында ауытқулары бар балалар 4 жасқа дейін тәрбиеленеді. Балалар үйіндегі балалар олар азықпен, киіммен, аяқ киіммен және ойыншықтармен қамтамасыз етіледі. Балалар үйінен балаларды өз отбасыларына, білім жүйесі бар жетімдер үйіне, әлеуметтік қамтуға жүйеленген үй-интернаттарға немесе оларды асырап алуға байланысты шығарылады.

Жетімдер үйі – ол мемлекеттік білім-тәрбиелік мекеме болып табылады, яғни онда ата-ана қамқорлығынсыз қалған (олардың қаза табу себебіне, ата-ана құқығынан айырылуларына, балалары белгіленген тәртіппен тартып алынған және т.б. себептерге байланысты) 3 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, дамыту, асырау қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі (3-7 жас) балалар үшін, мектеп жасындағы (7-18 жас) және аралас типіне қарай жетімдер үйін ажыратады. Олар азықпен, киіммен, ойыншықтармен, мектепке қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Тәрбиеленушілер мұнда өз-өзіне қызмет етуді үйренеді, шеберханаларда жұмыс жасайды, сонымен қатар түрлі секциялар мен үйірмелерге, спорттық жарыстарға және шығармашылық сайыстарға қатысады. Жетімдер үйінің түлектері ата-аналарына және де оларды алмастыратын тұлғаларға қайтарылуы мүмкін, сонымен қатар жоо-на немесе колледждерге түсуі үшін, жұмысқа орналасуына байланысты бағытталуы да мүмкін. Жетімдер үйінің мектеп

жасындағы тәрбиеленушілерінің барлығы әдеттегідей ең жақын жалпыға ортақ мектепке қатынайды.

Мектеп интернат – мектеп жасындағы жетім балаларды, сонымен қатар дамуы немесе оқытуында қиыншылықтары бар отбасылардың балаларын тәрбиелейтін және оқытатын, дамытатын, асырайтын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Интернаттың бірнеше түрін атап өтуге болады:

- жеке тұлғалық дамуында айтарлықтай маңызды ауытқулары жоқ балалар үшін арналған жалпы білім бағдарламасын қамтитын интернаттар;

- олигофренияның жеңіл түрімен және психикалық-тілдік дамуында кемістігі бар балаларға арналған көмекші интернаттар;

- еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің бақылауында болатын ақыл-ойының терең кемістігі бар балаларға арналған интернаттар.

Соңғы жылдары елімізде ата-ана қамқорынсыз қалған дарынды балалар үшін арналған интернаттар пайда бола бастады.

Балалар баспанасы (приют) – халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің арнайы мемлекеттік мекемесі болып табылады, қиын жағдайда қалған балалар мен жетім балаларға көмек көрсетудің жаңа түрі деп атауға да болады. Сонымен қатар балалар баспанасы қоғамдық ұйымдармен құралады. Балалар баспанасы – ол баланың уақытша мекендейтін мекемесі. Бұл баспана қызметкерлерінің басты міндеті ол балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың бейімделуіне, сонымен қатар баланың болашақ тағдырын анықтаумен байланысты болып табылады. Баспанадағы көмектің түрі ол оның түріне тәуелді болып келеді, яғни жалпы түрдегі баспана (ашық баспана) ерікті принципке негізделген.

Уақытша асырау орталықтары – баланы уақытша орналастыру түрі ол балаға жылдам мамандандырылған көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған. Мұндай көмек көрсету баланы шұғыл түрде отбасынан айырған кезде, сонымен қатар балаға психологиялық-педагогикалық немесе әлеуметтік қолдауға сұраныс туғанда қажет болады. Бұл орталықтардың жұмысының маңызды бағыты болып ол түзету-оңалту іс-шараларын ұйымдастырумен байланысты болып келеді. Аталған орталықтар жиі халықты әлеуметтік қорғау органдарымен және де қоғамдық ұйымдармен құралады. Бүгінгі күні елімізде 15 әлеуметтік-оңалту орталықтары, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету орталықтары және жетім балалардың уақытша мекендейтін орталықтары жұмыс жасауда.

Ұлды (қызды) асырап алу – бұл балаға туған әкесі немесе анасы болып табылмайтын адаммен не ерлі-зайыптылармен бала арасында туыстық байланысты заңды түрде орнату, ол баланы қорғаудың арнайы шарасы ретінде жасалады. Бұл жетім бала үшін орналастырудың ең жақсы түрі. Бұл орналастырудың түрінде бала нағыз шынайы отбасында тәрбиеленеді және дамиды, яғни мұнда отбасыны алмастыру мәселесі туындамайды. Асырап алушы отбасы ол баланың жаңа заңды және шынайы отбасы болып табылады, ол онда туған бала мәртебесіне ие болады. Бала жаңа асырап алғандардың тегін ала алады, тіпті есіміде өзгеруі мүмкін. Асырап алған баланың барлық міндеті мен құқығы ол туған балаларының міндеті мен құқығымен теңеседі. Баланы асырап алудың тәртібі Қазақстан Республикасының «Отбасы және неке», «Баланың құқығы туралы» және ҚР азаматтары болып табылатын балаларды есепке алуды орнату ережесі заңдарымен реттеледі. Қазақстандық балаларды шет ел азаматтарына асырап алуға, ол баланы өз туыстарына қайтаруға немесе қазақстандық азаматтардың асырап алуларына мүмкіндік болмаған жағдайда қарастырылады.

Қамқорлыққа алу пен қамқоршылық – ол ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды асырау, тәрбиелеу және оқыту, сонымен қатар олардың құқықтары мен қызығушылықтарын қолдау мақсатында құралған орналастырудың түрі болып табылады. Қамқорлыққа алу 14 жасқа толмаған жастағы балаларға тағайындалса, ал қамқоршылық ол 14 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалады. Қамқорлыққа алатын отбасы ол туыстық байланысты (тікелей немесе жанама) айқындайды. Негізі қамқорлық баланың не

әжесінің, не анасының жағынан тікелей туысына тағайындалады. Сонымен қатар қамқорлыққа алушы әжесі, атасы, кейбір жағдайда туысқан аталары мен апалары қабылдайды. Қамқорлыққа алушыны (опекун) қамқорлыққа алу мен қамқоршылық органдары анықтайды. Қамқорлыққа алушының міндетіне ол баланы тәрбиелеу мен оны дамыту, оның құқықтарын қорғау кіреді. Қамқорлыққа алушы кәмелет жасқа толмаған баланың жеке жылжымайтын

Патронат – ол мемлекеттік қорғауды қажет ететін балаларды және солбалалардың қатынасында қамқорлыққа алушының міндеттерінің бір бөлігі сақталғанда патронатты ата-ана отбасының тәрбиесіне орналастырудың арнайы формасы деп түсінеміз. Патронатты отбасында бала оның болашақ тағдыры шешімін тапқанша уақытша орналасуыда мүмкін, яғни оның мұнда биологиялық ата-анасына қайтарылуы, асырап алынуы мен қамқорлыққа алынуы, интернат типіндегі мекемелерге орналастырылуы сияқты жолдары қарастырылады. Мұндай жағдайда патронатты отбасы ол «жедел жәрдем» қызметін атқарады, яғни мұнда балалардың денсаулығы мен өміріне қауіп төну себебіне байланысты дағдарысты отбасылардан оларды шұғыл түрде тартып алу жағдайларында орналастырылады.

Балаларды орналастырудың **мемлекеттік-қоғамдық** үлгісіне ауысатын болсақ.

Отбасылық балалар үйі – ол 1988 жылы Кеңестік балалар қорының ұсынысы бойынша құрылған, бұл жетім балалардың өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыру түрі ретінде танылған. Кейінірек «асыраушы отбасы» атауына ие болады. 8 көп баланы тәрбиелеуге алған азаматтарға (ерлі-зайыптылар немесе некеге тіркелмеген жеке тұлғалар) тәрбиелеуші-ата-ана аты берілді, мұндай асыраушы отбасы тәрбиесіне берілген балаларды «асыранды балалар» деп атаса, ал жалпы бұл отбасы – «асыраушы отбасы» деп аталды.

Балаларды толығымен мемлекет қамтамасыз етеді, ал тәрбиелеуші-ата-аналарына қаржылай жәрдемақы төленеді. Асыраушы ата-аналардың еңбегі ол оның еңбек өтіліміне қосылады. Отбасылық балалар үйіндегі жағдай ол қалыпты отбасылық өмірге жақындастырылады. Бұл отбасыларда балалар 3 жастан 18 жасқа дейін тәрбиеленеді. Ал жалпы түлектер жетімдер үйінің тәрбиеленушілерінің жеңілдіктерін қолданады. Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің және Қазақстанның Балалар Қорының бастамасы бойынша 30.06.92 ж. №24-4/12-507 Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысымен бекітілген «Отбасылық типтегі балалар үйі туралы» Ережесі негізінде республикамызда отбасылық типтегі 45 балалар үйіне 300-ге жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданды.

Фостерлі (алмастыратын немесе орын басатын) отбасы. Бұл отбасы біздің қоғам үшін жаңа құбылыс болып табылады, яғни асырап алушы отбасы түрінің бірі. Бұл отбасылардың қызметінің қажеттілігі ол отбасындағы көптеген келеңсіз жағдайларға байланысты шұғыл түрде балалардың тартылып алынуы, сонымен қатар ата-анасының ауыр сырқатқа ұшыруы немесе ата-анасының тіпті болмауы сияқты жағдайларда орын алады. Уақытша асырап алушы отбасы дамыған елдер қатарында балалықты қорғау формасы ретінде айтарлықтай кең тараған болып табылады. Қазақстанда балаларды орналастырудың бұл түрі әлі де болса толығымен енгізілмеген және таралмаған [3].

Қазақстандағы қалыпты отбасына жақындатылған жағдайда жетім балаларды тәрбиелеуді жүзеге асыратын мекеменің бірі ол **Балалар ауылы- SOS (SOS Kinderdorf)** болып табылады. Жалпы жетім балаларды тәрбиелеудің мұндай үлгісінің авторы – ол австриялық гуманист Герман Гмайнер болып есептеледі. Бастапқы атауы «Societas Societies» – яғни «Әлеуметтік қоғам», кейін қысқартылып – SOS деп аталып кеткен. Қазақстан Республикасының «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен Жастар үйлері туралы» Заңына сәйкес 5 балалар ауылы мен 19 жастар үйлері, үш «SOS – Қазақстан Балалар ауылдары» жұмыс істеуде. Алғаш болып «Бөбек» қайырымдылық қорының президенті Сара Алпысқызы Назарбаева балаларды орналастырудың осы түрін біздің елімізде де ашты.

Жетім балаларды орналастырудың әртүрлі формаларын қарастыра келе, олардың көбі әлі де болса толыққанды отбасыдан алыс екендігін байқауға болады. Осыған орай баланы дамыту мен қамтамасыз етуде толық түрде жүзеге аспайды. Жоғарыда айтылғандардың

барлығы жетім балаларды отбасыға орналастыру бойынша әлеуметтік жұмыскердің қызметі ол жетім балаларды орналастырудың әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, құқықтық және медициналық аспектілерінің біріктірілу технологияларын қолдануға негізделуі қажеттігін айқындайды.

Аталған қызмет бағыттарын әрине әлеуметтік жұмыскер жалғыз өзі жүзеге асыра алмайды, сондықтанда жетім балаларды отбасыға орналастыруда әлеуметтік технологияларды қолданудың тасбыстылығы ол түрлі сала мамандарын (медицина қызметкерлерін, заңгерлерді, әлеуметтік педагогтарды, педагог-психологтарды) қатыстырумен анықталады. Отбасыларға жетім балаларды орналастыру бойынша әлеуметтік жұмыстың ең тиімді технологиясы, ол асырап алуға ниет білдіріп жүрген азаматтарды кешенді дайындау болып табылады. Бұл үшін асырап алушы ата-ананың әлеуметтік, психологиялық және эмоцианалды жағдайын және де олардың асыранды жетімді қабылдауға дайындық деңгейін зерттеуді қажет етеді.

Қорыта келе, біз бұл мақаламызда ата-ана қамқорлығынсыз және жетім қалған балаларды орналастырудың технологияларына сипаттама жасадық. Жалпы әрбір қоғамның, мемлекеттің болашағы балалар екенін ескеретін болсақ, онда олардың толыққанды өмір сүруіне және олардың құқықтарының қорғалуына бәріміз бірігіп ат салысқанымыз дұрыс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Завражнов В. В., Ермолаева Ю. В. Возможности использования технологий социальной работы с детьми-сиротами по их устройству в семью // Молодой ученый. — 2016. — №1. — С. 704-707.
2. Рыбинский, Е. М. Управление системой социальной защиты детства. Социально-правовые проблемы [Текст] / Е. М. Рыбинский. — М.: «Прогресс», 2004. — 180 с.
3. Холостова, Е. И. Технология социальной работы / под ред. Е. И. Холостовой, Л. И. Кононовой. — М.: Юрайт, 2014. — 503 с.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы,
әлеуметтік жұмыс мамандығының
4-курс студенті
Болат Жансая
Омарова А.Т.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасы, аға оқытушы

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ ӘКЕЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазақстанда халықтың біршама көлемді бөлігін толық емес отбасылар құрайды, соның шеңберінде жалғызбасты әкелердің балаларымен біріге отырып өмір сүру формасында біршама отбасы ішілік мәселелер туындайды. Морфологиялық өзгешеліктеріне сай әйел адамдармен салыстырғанда, ер адамдардың белгілі бір іс-әрекетті атқару, психологиялық күйзелісті еңсеру, ішкі және сыртқы фактор салдарынан туындап отыратын отбасы мәселелерін шешу жағдайында біршама айырмашылықтар бар. Қазіргі әлеуметтік жағдайға сай, өткен кезеңмен салыстырғанда жалғызбасты әкелер саны артуда. Жалғызбасты әкелердің жалғыз қалуына себеп болатын мәселелер, отбасылық жұбайлардың түрлі себепке байланысты екіге бөлінуі салдарынан туындайды. Жалғызбасты әкелердің осы статусты иеленуіне себеп болатын жағдайлар;

1. Отбасы мәселесі мен индивидуалды жағдайға сай жұбайлардың ресми түрде ажырасуы;
2. Белгілі бір жас кезеңінде (30-45 орта жас) жұбайының отбасын тастап кетуі;
3. Денсаулық ақаулығы, қауіпті өмірлік жағдайлардың салдарынан жұбайынан айырылу;
4. Психологиялық көңіл-күйдің қалыпты адам деңгейінен ауытқуы, нашақорлыққа немесе алкоголизмге салыну салдарынан отбасынан айырылу және т.б.

Қазіргі таңда ресми ақпараттардың хабарлауы бойынша, Қазақстанда 68 мыңнан астам жалғызбасты әкелер балаларын өздері асырап отыр [1]. Бұл көрсеткіш жалғызбасты әкелер көлемінің жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетіп отыр.

Қазақстанда жалпы ресми сараптамаға сай , 400 мыңнан астам жалғыз басты әйел мен 60 мыңнан астам жалғыз басты әкелер бар. Тек анасымен ғана тұрып жатқан балалар саны – 700 мың, тек әкесімен ғана тұрып жатқан балалар саны 300 мыңнан астам [2]. Қазақстанда мемлекеттік қолдаулардың тікелей жалғызбасты әкелерге арналған ресми құқықтық заңнамалық актілері мен мөлшерленген қаржылық көмектердің ремиленбеуі өзекті мәселе. Жекелей қаржылық көмектерді ұсынушы тұлғалардың есебінен Қазақстанда ресми түрде индивидуалды көмек көрсетіп отырған орталықтар бар.

Петропавлда жалғызбасты әкелерге арналған клуб мүшелігі құрылған. Қазақстанда әлеуметтік жағдайы мен жұмысбастылық түрі бойынша әкелердің көптеген категориялары бар. Айналысатын саласының бағытына қарай жеке кәсіпкер, мемлекеттік қызметкерлер, дәрігер, оқытушы, құрылысшы және әртүрлі сала мамандары, сондай ақ ауқымды бөлігін жұмыссыздарда құрайды. Бұл орталықта жас шамасы бойынша ең жоғарғы жас 60 жасты құрайды, ал ең кіші жас мөлшері 26 жасты құрайды. Бұл орталықта 200 ден аса жалғызбасты әке тіркелген. Бұл клуб құрамында тіркелген көпбалалы жалғызбасты әкелер тіркелген. Бұл орталық тарапынан әкелердің заңдық мәртебесі қорғалмайды. Бұл орталыққа тіркелген әкелер мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекті алуға құлықсыз. Бұл клуб тарапынан әлеуметтік қорғау шаралары, психолог кеңесі, медиктің алғашқы көмегі және заңгерлік қорғау шаралары жүзеге асырылады. Клуб мүшелігіндегі жалғызбасты әкенің баласының денсаулығындағы ақаулығы бар немесе мүгедектік анықтамасы болған жағдайда, клуб мүшелігі тарапынан оқу құралдары мен тегін аспен қамтамасыз етіледі.

Айырылысқан ер адам мен әйел адам, отбасылық тұтастықтың бұзылу салдарынан баламен өзара қалыпты байланысты үзеді. Осы үзіліс кезеңінде ер мен әйелдің бала алдындағы жауапкершілікті толық орындай алмауы мен агрессивті қарым-қатынасының басты себебі, бұрынғы жұбайымен байланысты болады. Ажырасқан әкелер көпшілігінде тәжірибелік өмірде жағымсыз көңіл күй мен эмоцияға терең беріледі. Осындай жағдайда баламен өзара тығыз қарым-қатынас орнатуы тиіс, сонымен қатар баланың кіммен қалуы да маңызды орында. Бала анасымен бірге қалған жағдайда, әкемен бала арасындағы өзара байланыс шеңбері үзіледі. Ал, бала тек әкесімен қалған жағдайда бала өмірі қиындай түседі және негативті көңіл-күй орнап, жағдаймен күресуге бала белсенділігі төмендейді. [3]. Осындай мәселелер туындаған жағдайда әлеуметтік қызметкер өмір салтын өзгертуге көмекке келеді, әлеуметтік бейімдеуге икемдей отырып, жалғыз басты әкенің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін жетілдіреді.

Тәжірибе көрсеткендей, жалғызбасты әкелер материалдық мәселемен қатар балалар тәрбиесін психологиялық тұрғыдан қарағанда тез шешуге бейім. Ер адамдар терең түсінеді, өзінің өмір салтын түбегейлі өзгерту үшін не істеу қажет екендігін. Мұндай жағдайда көпшілік өкілдер ішкі құштарлығын төмендетіп, өзіне жабық болады, әріптестерімен қарым-қатынасты төмендетіп, өзі араласатын адамдары ішкі ренішті білдіреді. Сондықтан психологиялық ішкі күйдің қиыншылығын өз белсенділігі мен көңіл күй деңгейін жоғары деңгейге көтере отырып әрекет етуі маңызды болып табылады.

Жалғызбасты әкелердің көпшілігінде туындайтын психологиялық мәселелер:

1. Бостандық сезімін жоғалту, бұл күйзелісті көпшілік ерлер білдіреді;

- 2.Әлеуметтік жалғыздық- жалғызбасты аналармен салыстырғанда, жалғызбасты әкелердің сезімінде айырмашылықтары бар;
- 3.Үзіліссіз күйзеліс, бала алдында қаржылық жауапкершілікті сезіну;
- 4.Қорқыныш, жалғыз қалудан қорқу және болашақта екінші рет отбасын құрудан қорқу;
- 5.Көптеген шектеулер салдарынан өз кәсіби мансабын жоғарылатудан қорқу сезімінің басымдығы;
- 6.Әйел адамдармен салыстырғанда бір уақытта бірнеше міндеттерді орындауға қабілетсіздік [4].

Толық емес отбасылармен әлеуметтік жұмыс күн сайын туындайтын отбасылық мәселелерді шешуі қажет, жағымды отбасылық қарым-қатынасты нығайту және дамыту, ішкі ресурстарды қалыптастыру, жағымды нәтижелердің тұрақтылығын орнықтыру, әлеуметтік-экономикалық жағдай және тәрбие әлеуетін іске асыруға бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік қызметкер мынадай функцияларды орындауды белгілейді.

- диагностикалық (отбасы жағдайын анықтау, отбасы ерекшеліктерін зерттеу);
- қорғау (отбасыға құқықтық көмек көрсету, әлеуметтік қорғау жүйесін қамтамасыз ету, отбасы құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін жағдай жасау);
- ұйымдастырушы- коммуникативтік (байланыс ұйымы, бірлескен іс-шараларды басқару, демалыс ұйымдастыру, шығармашылық);
- психо-педагогикалық (отбасы мүшелеріне психо-педагогикалық білім беру, шұғыл психологиялық көмек ұсыну, профилактикалық қолдау және патронаждық көмек беру);
- болжам жасау (жағдайды модельдеу және адрестік көмектер ұсынуда нақты анықталған көмек бағдарламаларын әзірлеу);
- үйлестіру (отбасы мен балаларға бірлескен күш негізінде ведомстволық көмек құру және қолдау, халыққа әлеуметтік көмек көрсету, ішкі істер органдарының отбасылық мәселелер бөлімі, оқу орындарының әлеуметтік педагогтары, оңалту орталықтары және қызметтері) [5, с.52-55].

Жалғызбасты әкелермен әлеуметтік жұмыс жүргізу қазіргі таңда арнайы мамандардың кеңесі мен оңтайландыру шараларының негізінде жүзеге асып келеді. Осы негізде әлеуметтік технологияның бірнеше түрін қарастыруымызға болады. Әлеуметтік жұмыс технологиясы- бұл үрдіс әлеуметтік нысанға мақсатты түрде бағытталған мұқтаждық пен қажеттілікті алуға көзделген іс-әрекет нәтижесін ұсыну болып табылады.Отбасы мәселесі мінездемесінің қажеттілігіне сай, әрбір толық емес отбасы мәселесімен айналысатын әлеуметтік технологиялар, олардың күрделілігі, ауырлығы мен қадағалаусыз сипатына қарай: әлеуметтік диагностика, әлеуметтік кеңес беру, әлеуметтік терапия, бала немесе ата-анамен жеке немесе топтық әлеуметтік жұмыс, немесе бір мезгілде жүзеге асатын болып жіктеледі.Уақытша, әлеуметтік, психологиялық және басқа да қиындықтарға тап болған толық емес отбасылар әлеуметтік жұмыс жүргізуде ең тиімді технологиялардың бірі, әлеуметтік терапия. Егер толық емес отбасы анықталған функцияларды орындай алмаса, терапияның көрсеткіші жағдайға сай өлшенеді. Мұндай жағдайда толық емес отбасымен жұмыс жүргізу фазасы диагностикалаудан басталады, өйткені мәселенің шығу тегін зерттеу, отбасының күшті және әлсіз тұстарын салыстыру, жұмыс жасаудың негізгі проблемаларын анықтау жүзеге асады. Маман отбасы мүшелерімен өзара байланыс орнатып, терең қарым-қатынас құра отырып ортақ тіл табысады және жағымды эмоция туғызады. Отбасы мүшелері мен маманның өзара келісімімен көзделген мақсатқа жетуі, табысты терапияны құрайды.Осы сәтте жұмысты өткеннен қазірге кезеңге ауыстыру, яғни “осында және қазір” ұстанымы, мәселенің тура шешімі қайда және қалай пайда болады. Соңғы кезеңде, терапияның аяқталуы, бұл отбасы мүшелерінің келісімімен оқиғаны жаңа тұсынан белгілеу, яғни терапияның мақсатына қол жеткізуі.

Жанжалды толық емес отбасымен жұмыста, эмоционалдық климат қанағаттанарлықсыз, отбасы ішілік проблемаларды елеулі анықтауға себеп болады. Мұндай отбасылармен әлеуметтік жұмыс отбасының өзекті мәселелерін мұқият зерттеуден басталады, көпшілігінде дұрыс емес жағдайды ұсыну, жеке тұлғалардың ерекшеліктерімен

танысуға, отбасы жағдайына байланысты қалыптасады. Қазақстанның әр аймағында өмір сүріп отырған әр түрлі жас категориясына сай азаматтардың отбасы мәселесі мен балаларды қалыпты деңгейде қаржылық және рухани тұрғыдан қамтамасыз ету жағдайлары өзгеше.

Жалғызбасты әкелердің отбасылық қажеттіліктері түріне сай жіктеледі:

- тұрғын үй;
- материалдық жағдайдың жетіспеушілігі;
- жұмыссыз болу;
- денсаулық ақаулығы, белгілі бір аурумен ұзақ мерзімді ауыру жағдайы;
- белгілі бір мүгедектік тобына жатуы;
- тәрбие мәселесі, рухани жетіспеушілік.

Бала тәрбиесінде кездесетін психологиялық көңіл күйдің өзгерісі, әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың толықтай біржүйеге келуі ұзақ мерзімді, қайтымды процесс. Жалпы, ғылыми зерттеулер мен психолог мамандардың мәлімдемесіне сәйкес, анамен бірге өскен баламен салыстырғанда, әкемен өскен баланың тұлғалық сапалары мен мінез-құлық ерекшеліктерінде айырмашылықтар бар. Ер адам табиғи болмысы мен физиологиялық жаратылысынан отбасы мәселелері, бала тәрбиесі, рухани қажеттіліктерді өтеу қарқындылығы жағынан әйел адамдармен салыстырғанда бейімі төмен. Сондықтан, жалғызбасты әкелердің отбасы мәселесі мен бала тәрбиесін еңсеруі біршама кезеңнен өте отырып, тәжірибеге айналғаннан кейін, режимді іс-әрекеттің формасына енеді. Жалғызбасты әкенің осы статусты иеленуіне алып келген өмірлік жағдай, яғни өмірлік жарынан түрлі жағдайлардың ықпалынан екіге айырылуы психологиялық қысымға алып келетін ауыр өтпелі кезеңді құрайды. Психолог мамандардың сараптауынша, өмірлік қосағынан айырылған кезеңде кризистік күйзелістің ұмытылуы үшін ең аз мөлшерде 1 жыл уақыт мерзімі қажет. Бұл кезеңде отбасы ішілік мәселеден бөлек, әке болмысы мен бала өмірінің өте күрделі қиын өмірлік процесті бастан өткізіп, осы отбасылық өмір санатына үйренуіне икемдейтін күрделі уақыт кезеңі. Осындай ауыр өтпелі психологиялық күйзеліс кезеңінде ер адамдарға мамандардың кеңестері мен туыстық байланысқа негізделген жақын адамдардың көмектері аса қажет және бұл жағдайда тікелей әкеге көмек көрсетпесе ер адамның белгілі бір бақытсыз жағдайға ұшырау жағдайы мүмкін.

Өмір сүру барысында отбасылық жағдайда әйелдер балалармен мүмкіндігінше тығыз қарым-қатынас орнатып, балаға қажетті қажеттіліктерді өздері шешеуге ұмтылады. Бұл орнықты өмір сүру формасы әкенің балаға қарым-қатынасының алшақ болуына жағдай жасайды. Сондықтан, әке баланы оқу орнына жеткізіп салу, оқу үлгерімін тексеру секілді іс-әрекеттерді жасауға машықтанады. Осы жағдайға дағдыланған әкеге отбасының түрлі өмірлік себептерге байланысты жарынан айырылған жағдайда баламен жалғыз өзі өмір сүрудің алғашқы кезеңінде баланы қалай тамақтандыру қажет, қалай ұйықтату қажет, қандай дәрігерге көрсету жағдайларында түсініксіз, өте ауыр жауапкершілікті сезіну сезімі байқалады. Анасымен уақыттың көп бөлігін өткізген баламен енді кезекте әкенің көп уақытын өткізу қажет болады. Бірінші кезектегі негізгі мәселе- балаға анасының қайда кеткенін толықтай себепті жағдаймен байланыстыра отырып түсіндіру. Бұл ситуациялық жағдайдың шешімі өте қиын, өйткені анасы өмірден өткен болса немесе басқа отбасын құрған жағдайда балаға ауыр соғуы мүмкін. Сондай ақ балаға шынықты айтпау көпшілік жағдайда ұсынылмайды, егер анасы өмірден өткен болса. Балаға анасы өмірден өткен жағдайда нақты жағдайды түсіндіре отырып, эмоционалды сезімге берілмей түсіндіре білу қажет, осындай жағдайда бала анасына деген ішкі үмітін тиянақты талдап, нақты ситуацияға бейімделеді.

Жалғызбасты әке үшін екінші орындағы мәселе- үй шаруасымен айналысу, яғни ас әзірлеу, гигиеналық тазалықты сақтау, кір жуу және баланың толықтай жағдайын жасау. Жалғызбасты әке бұл жұмыстарды бастапқы жасауға икемделе алмаған жағдайда ғаламтор ақпараттарына назар аударып, туыстардан кеңес сурап, әйел адамдардан өз тәжірибесін бөлісуін өтіну қажет. Бала тәрбиесімен жалғыз әкенің немесе ананың айналысуы физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағынан да ауырлық түсіреді. Мұндай жағдайда әкенің өз

жұбайының қасиеттерін бойына сіңіруі көпшілігінде позитивті жағдайға алып келмейді, әке өз тәрбие формасын баланың қабылдауына итермелеуі шарт. Көпшілігінде педагог мамандар баланың білім алу жағдайында үй жағдайында ананың қадағалауы мүмкіндігінше тиімді екендігін ескертеді. Ер адамдарға балаға тәрбие беру психологиялық және физикалық жағынан да ауыр тиеді. Өйткені, әйелдермен салыстырғанда ерлер шыдамсыз, ұзақ –түйекке назар аудару табиғатынан жоқ. Көпшілігінде әйел адамдар тез бейімділігімен баланың жағдайын жасауға қабілетті. Көпшілігінде ер адамдар жалғызбасты болып өмір сүрудің шегіне жеткен жағдайда, екінші рет отбасы құру туралы ойға келетін жағдайлар да жиі кездеседі. Бұл отбасылық өмірдің жаңа бастамасы болғандықтан, екінші жар ең бірінші кезекте әкенің өмірлік формасын қабылдап шешім қабылдауы маңызды. Екінші отбасын құруы, екінші әйелдің отбасы мүшесіне қосылуы, бала үшін бастапқыда жағымсыз атмосфера болуы мүмкін, сондықтан белгілі бір мерзімде баланың әйелді ана ретінде қабылдауы үшін бейімделу кезеңінен өтуі керек. Әке жалпы жағдайды бақылауды ұстауы шарт, өзі бақытты және баласыда осы бақытты сезіне алатын жағдайда ғана барлық мәселенің дұрыс шешілетіндігі анық.

Толық отбасы жағдайында көпшілігінде әкелер өз міндеттерін толықтай орындауға мүмкіншіліктері болмайтын жағдайлар кездесіп жатады, ал әке жалғыз өзі барлық жауапкершілікті алуы күрделі процесс. Ресейлік соттар отбасы ажырасқан жағдайда баланың анасымен қалғаны дұрыс екендігін алға тартады, өйткені әке уақыт шеңберімен екінші отбасын құруға әрекет жасайды. Ана енді жоқ, өмірден өтті, басқа отбасын құрды немесе бас бостандығынан айырылды осы жағдайды балаға түсіндіру жағдайында әкелердің басты қателіктері бар. Мысалы, балаға анасы туралы шындықты жалғанға айналдырып жеткізуі немесе өткен оқиғаға өзін кінәлап, бұл жағдайды бала зардап шекпеуі қажет деген еркектік «батырлық» кейпін қабылдау. Балаға шындықты басқа формада жеткізу көпшілігінде баланың әкесіне уақыт өткен кейін қайта сұрақ қоюына итермелейді және анасын іштей күту сезімі қалыптасады. Бұл уақытша баланы алдау іс-әрекеті болып табылады. Мысалы, егер анасы өмірден өткен болса, «анаң уақытша кетті» деп түсіндірсе, бұл балаға жаңа үміт сыйлап, анасын іштей күтіп, күн өткен сайын анасын келеді деген сезімнің ауырлығын сезініп өседі. Мұндай күзеліске алып келмеуі үшін, бастапқы кезеңде әке баласына анасы туралы шындықты хабарласа, бала уақыт өте келе барлық жағдайды түсініп, жаңа өмір бастауға үйренеді. Әкесінің анасы туралы шындықты айтпағандығын бала оның сұрақтан қашқақтауынан, эмоционалды күйзелісінен, жағдайды барынша шынайы жеткізе алмау жағдайынан бала іштей сезеді. Бұл бала мен әке арасындағы байланыстың тура қалыптаспауына, екеуінің арасында құпияны ашпауға деген жаңа ой пайда болады. Осындай жағдайдың ықпалынан бала үлкейген сайын өз сезімдерін әкесімен бөліспейді, мәселесін айтпауға үйренеді, өз сезімдеріне назар аудармайды, бағаламайды және басқара білуге үйренбейді. Әке мен бала арасында өз алдына жалғыздық пайда болады, мәселелерін бір-бірімен бөліспейтін жағдайға алып келуі мүмкін. Балаға шындықты айтудың жасына сай айырмашылығы жоқ, тек бұл хабарды айтқан кезеңде баланы жалғыз қалдырмау қажет. Мұндай жағдайда ең маңызды сұрақ әке мен бала арасында «ол не сезініп жатыр?». Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, бұл әке мен баланың өзара бір-бірін түсінуіне алып келеді және отбасын сақтап қалады. Балаға жағымды көңіл-күймен, қалыпты формада, үлгілі сөздермен жеткізе білу қажет. Келесідей үлгіде жағдайды жеткізу ұсынылады: «Сенің анаң өмірден өтті, бұл табиғи құбылыс, барлық адамзат ерте ме кешпе өмірден өтеді. Бұл аурудың ықпалынан, бақытсыз оқиғаның құрбаны болған жағдайда және кәрілік салдарынан. Осындай бақытсыздық сенің анаңда кездесті!» Балаға анасының өлімінен кейінгі жағдайын ашық формада айту ұсынылмайды. Мына формада жеткізу қажет: «Сенің анаң басқа аумақта өмір сүріп жатыр, анаңда бәрі жақсы, ол бізді қорғап жүреді!».

Егер ана басқа отбасын құрған жағдайда, баланы келесідей сұрақтар мазалайды: неге анам бізден кетті? Неге ол бізді тастап кетті? Неге ол менімен бірге өмір сүруді қаламады? Мұндай жағдайда әкеге толықтай жауап беру керек болады. Әке балаға болған жағдайды жеткізу барысында бұрынғы жұбайына деген ішкі ренішін білдіріп, баланы анасына қарсы

қоймауы қажет. Баланың алдында әке «барлығына өзім кінәлімін» деген сөзді айтпауы тиіс. Бұндай сөзді тек өз досына, психолог маманына немесе ер жеткен баласына айтуы маңызды. Кіші жастағы баласына, жеткіншекке айту, сүйікті әкесін өзіне қарсы қоюға алып келеді. Көпшілігінде балаға әке мен ана арасында не жағдай болғандығын ашық айтудың қажеті жоқ. Балаға анасының оны жақсы көретіндігін, жағдайға байланысты оның басқа отбасында өмір сүріп жатқандығын түсіндіру керек.

Қорыта келе, қазіргі таңда уақыт кезеңімен әлеуметтік өмірдің жаңа сипаттағы стилі әке мен баласы өмір сүретін отбасылардың көбейіп келе жатқандығы өзекті мәселе. Бұл толық емес отбасының бір түрі және отбасылық дағдарыстың шегі. Өйткені, бала өмірінде әке мен ананың атқаратын рөлінің өз ауқымы бойынша терең екендігі анық. Жалғызбасты әкелердің Қазақстанның әр аймағында түрлі формада қиын жағдайда өмір сүріп отырғандығы зерттелініп отыр. Бұл мемлекет тарапынан ресми заңдың негізде жаңа құжаттама әзірленіп, арнайы айлық ақшалай төлемдерді беру мемлекеттік билік тарапынан шешілуін қажет етіп отыр. Сондықтан, әр көмек беруші орталық мамандары мен әлеуметтік қызмет мамандары жалғызбасты әкелердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтап, қарқынды жұмыс атқару негізінде халықтың осындай осал топтарын жаңа деңгейде өмір сүруге итермелеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есали А, Жалғызбасты әкелер, «Егемен Қазақстан»// Алматы. 2015 // <https://etiendi.egemen.kz/?p=36605>.
2. КазТАГ казахское телеграфное агентство. Қазақстанда балаларын өздері тәрбиелеп отырған жалғыз басты әкелер саны 60 мың.// 26.10.2015// <http://kaztag.kz/popular-news/detail.php?ID=410394>.
3. Карцева Л.В. Психология и педагогика социальной работы с семьей: Учебное пособие. - 2-е изд. - М. : Дашков и К°, 2009. - С. 152.
4. Психологические трудности отцов-одиночек [http://www.vashpara.ru/odinochka/78-psixologicheskie-trudnosti-otcov-odinochek.html]
5. Кон И.С. Семья после развода. М., 2013.
6. Степанов С.С. Психологический словарь для родителей.

соц.ғ.к., доцент Кылышбаева Б.Н.
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4 курс студенті
Ермекбай Ф.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАС АНАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ

Қазақстан Республикасы нормативтік заң актілерінде "жалғызбасты ана" ұғымы жоқ. Қазақстан Республикасында жекебасты аналарға арналған заңдық кодекс анықталмаған, себебі, баланың туылуымен бірге отбасы статусы беріледі. Қолданыстағы заңға сәйкес толық емес отбасыларға әлеуметтік кепілдіктер жалпылама негізде беріледі. ҚР Еңбек кодексінде әйелдер мен отбасылық міндеттері бар басқа тұлғалар еңбегін реттеу ерекшеліктері 17-тарауда бекітілген.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалғызбасты аналарға әлеуметтік кепілдемелер жалпы негізде қаралған. Жәрдемақы жөніндегі сұраққа келсек, отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы алуға құқығы бар. Жәрдемақының мөлшері әр балаға 1 АЕК (1 852 теңге) құрайды [1]. Сонымен қатар, азаматтардың отбасының жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыста белгіленген кедейлік шегінен төмен болған жағдайда, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке үміткер бола аласыз.

18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын тағайындауға қажетті құжаттар: 1) белгіленген үлгідегі өтініш; 2) балалардың тууы туралы куәліктерінің көшірмелері не тууы туралы акт жазбаларының көшірмелері; 3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 4) отбасының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай бюросының анықтамасы, не ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы); 5) отбасының құрамы туралы мәлімет; 6) отбасы мүшелерінің табысы туралы мәлімет [1].

Жас отбасылардың, соның ішінде жас аналар отбасының әлеуметтік статусын анықтау оңай емес. Мұндай отбасыларды, әдетте, әлеуметтік қатері бар отбасыларға жатқызады. Уралдық әлеуметтанушылар Ю.Р.Вишневский, В.Т. Шапконың пікірі бойынша, жас отбасыларға тән ерекшелік - олардың бағынышты болуға және өз бетінше әрекеттерге бара алмауға бейімділігі туралы сөз қозғалған [2]. А.И.Ковалева, В.А.Луков мәртебелердің алдын ала анықталатынын айтады. Олар жас отбасылардың әлеуметтік статусында алдын ала белгіленген құрамдас бөлігі, динамикалығы және перспективалығы негізгі рөл атқарады деген қорытындыға келді [3]. Антонов А.И. әлеуметтік статусың атадан балаға мұра болып қалатын арнайы институт ретінде қалыптасқандығын айтады. Мұны жоғары статустағы отбасыда туылған балалардың өздері де жоғары статус алуынан немесе, керісінше, қарапайы отбасынан шыққан бала қарапайым статусты иеленетінен байқауға болады [4].

Мұндай құбылыс бұрынғы заман қоғамына тән, алайда қазіргі таңда да жиі кездеседі. Яғни жасөспірім аналар мен олардың балаларының қоғамдағы орны отбасының әлеуметтік институттардағы орнымен анықталады және бұл аналардың отбасылық жағдайына тікелей байланысты болып келеді. Сәйкесінше, ерте ана атану жағдайында әйелдің статусы төмендеп, гендерлік теңсіздікке әкеледі.

Экономикалық, саяси, әлеуметтік факторлар жасөспірім аналардың жүктілік кезеңі мен одан кейінгі кезеңінде «әлеуметтік даму жағдайына» кері әсер етеді. Ол сәйкесінше, әлі толығымен тұлға ретінде қалыптаспаған қыздың дамуына ықпал етіп, көптеген күзеліске әкеледі.

Жасөспірім аналардың әлеуметтік статусы арнайы гендерлік қауымастық ретінде келесі спецификалық ерекшеліктерге ие:

- туа пайда болған статустық белгілер жүре пайда болған статустық қарағанда басымдылық көрсетеді, себебі жас ананың әлеуметтік позициясы енді қалыптаса бастайды;
- перспективті әлеуметтік мобильділіктің жас отбасыларға тән дамушы, позитивті бағыты болмайды;
- жасөспірім аналар отбасының экономикалық және кәсіби жағдайы қалыптаспаған;
- жасөспірім аналардың әлеуметтік статусына мемлекеттік, әлеуметтік және демографиялық саясат үлкен ықпалын тигізеді [5].

Өз бетінше бала тууға және оны тәрбиелеп-өсіруге шешім қабылдаған тәуелсіз әйелдер ешқандай қауіп келтірмейді. Ал басқа категорияға жататын жалғызбасты аналар – студенттер, мигранттар, некесіз бала туғандықтан теріс айналған ата-аналары бар қыздар көп қиындықтар туғызады.

Қытайдың интернет-форумдарында жалғызбасты аналар мен балаларының проблемаларын шешуде жауапкершілікті некесіз әкелеріне де арту, сонымен қатар, әлеуметтік компенсация төлеуге міндеттеу қажеттілігі айтылады [6]. Біздің ойымызша, некесіз әкелерді іздеу шаралары мен жазалау әрекеттері тек әділеттілік орнатуда ғана тиімді. Егер әйелдер баласының әкесі кім екенін білмеуі сияқты жағдайда мұндай іс-шараларды жүргізу қажеттілігі де жоқ. Осыған қоса, іздеу шаралары, жазаға тарту, әке екендігін дәлелдеу шараларын жүргізу үшін үлкен қаражат мөлшері қажет. Ал мұның бәрі тек баланың тұрғылықты орынға тіркелуі үшін және заңды тұрғыда өзіне тиісті әлеуметтік көмек алу үшін ғана жүргізіледі.

Жалғызбасты аналардың өмір тарихын сараптай отырып, жүкті болу және баланы некесіз дүниеге әкелу әр түрлі, алайда бір біріне ұқсас жағдайлардың, яғни ұзақ немесе қысқа мерзімді жыныстық және азаматтық-отбасылық қатынастардың нәтижесі болып табылады.

Егер аборт жасағаннан болашақта бедеу болу қаупі болатын жағдайда, әйелдер маңызды шешім қабылдауға мәжбүр болады: жалғызбасты ана атану немесе ешқашан балалы болмау. Балалы әйелдер болашақта тұрмыс құруға мүмкіндігі бар, ал аборт жасау баласыз қалу қаупін тудырады. Сондықтан бедеуліктен қорыққан әйелдер жалғызбасты болуға бел буады.

Жалғызбасты аналардың әлеуметтік тобын бірнеше тип әйелдердің болуымен сипаттауға болады. Бірінші типке жыныстық қатынаста тәжірибесі жоқ (18 жасқа дейінгі) қыздар-студент, ауылдан қалаға оқу үшін және жұмыс істеу үшін келген мигранттар. Бұл топтың ерекшелігі –олардың жасөспірім шағында некесіз бала туып, неке заңын бұзуы. Себебі заңға сәйкес, әйелдердің некеге тұру жасы 18 жас болып бекітілген.Сонымен қатар, ерте жастан жүкті болу тағы бір проблеманың болуына алып келеді, бұл проблемалар жас аналардың денсаулығы мен өмірлік перспективаларына, нәрестелердің өлуімен тығыз байланысты. Олардың ерте жастан бала көтеруі, әдетте, жыныстық қатынас пен репродукция саласында сауатының төмен болуынан, бала көтертпейтін дәрілер қабылдамауы мен жүктілікті өте кеш байқау жағдайымен түсіндіріледі[7].

Екінші типке 18 жастан асқан қыздарды жатқызуға болады. Олар: некеге тұрғанға дейінгі жыныстық қатынастарда болған, азаматтық некедегі әйелдер мен жүктілігін ажырасқан соң байқаған әйелдер. Ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас, көп жағдайда, жүктілік фактісі анықталғаннан кейін үзіледі, ал баланы босану, баланың пайда болуы, қаржылық жауапкершілік және ата-ана қалауынсыз пайда болған баланы тәрбиелеу олардың өмірлік жоспарларына кірмейді.

Үшінші типке 30 жастан асқан әйелдер жатқызылады. Олар тұрақты жалақымен, жеке кәсіппен айналысатын, алайда түрлі себептермен отбасы құрмаған әйелдер. Бұл топқа, әдетте, «кәрі қыздар» жатқызылады [8]. Мұндай әйелдер ана болуды саналы түрде таңдай отырып, өмір мәнін табу үшін, жалғыздықтан құтылу үшін балаларды дүниеге әкеледі.

Төртінші типтегі әйелдер(саны бойынша аз) материалдық жағынан толықтай қамтылған, тұрмыс құрмаған, жалғызбасты әйелдер. Олар балалы болу проблемасын жаңа технологиялар мен суррогат аналарға кез келген әлеуметтік компенсациясын төлеу арқылы шешеді [9]. Бұл типтегі әйелдердің қызығы, олардың репродукциялық проблемалары жоқ, көбіне, жұмысбасты болуынан, бизнесінен, жұмысынан айырылу қаупінен, физикалық келбетінен айрылу қаупінен және бала көтеру мерзімінде өзін жаман сезіну мен босану кезіндегі қиыншылықтардың әсерінен бала көтергісі келмейді.

Алғашқы екі типтегі әйелдер материалдық тұрғыдан ең әлсіз болып есептеледі. Олар өмірлік жағдайларға байланысты мәжбүрлі түрде балалы болғанымен, кез келген жалғызбасты ана мұндай қиыншылықтарға душар болуы мүмкін.

Таңдау қиыншылықтары. Мұндай қиыншылықтарды алғашқы екі типтегі аналар бастан кешеді. Көптеген қазақтың қыздары қалаусыз жүктілік проблемасын шешу, туыстарының тарапынан жанжалдарды болдырмау және ұятқа қалмаудың жалғыз шешімі аборт немесе баладан бас тарту деп есептейді. Қазақстандағы әр жыл сайынғы 130 мың аборттың көп үлесі тұрмысқа шықпағандарға тиесілі. Жасанды түсік жасату некесіз жүкті болған, тәжірибесіз және білімсіз немесе ата-анасының ашуынан қорыққан қазақстандық қыздар үшін жалғыз шешім болып табылады. Әр жыл сайын мыңдаған қыздар мен әйелдер баланың дүниеге келуін қаламастан, жасанды түсік жасатуға бел буады. Осылайша 2009 жылы Қазақстанда 113 320 әйел адам жасанды түсік жасатқан екен, 2010 жылы – 106 074, 2011 жылы – 95 288, 2012 жылы – 95 654 жасанды түсік жасалған екен [10]. Ал 2014 жылы Қазақстанда 106 мың ресми тіркелген жасанды түсік жасалған. Бұл жөнінде медицина ғылымдарының докторы, бала және ана Ұлттық ғылыми орталығының профессоры Талшын Үкібасова мәлімдеген болатын [11]. Бұл мәліметтер Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің ресми деректерінен алынған. Бірақ, білуімізше, ресми органдардың қоғамда болып жатқан кез келген процесті бақылап отыруы мүмкін емес. Бұған абортты да жатқызуға болады. Қазіргі таңда, жүктілікті болдырмауға арналған препараттардың болуы, қолжетімділігі мен аборттың зардаптарына арналған ақпараттардың көп болуына қарамастан, әйелдер медициналық қана

емес, басқа да жолдармен операция жасатуды тоқтатпайды. Көбісі бұл проблеманы өз бетінше, клиникалардың көмегінсіз түрлі тәсілдермен шешуге тырысады.

Көптеген әйелдер жасанды түсікті астыртын түрде жасауға бел буады. Егер біреулері медициналық білімі мен тәжірибесі бар жақын таныстарының көмегіне жүгінсе, кейбіреулері медициналық сауаты жоқ адамдарға өмірін сеніп тапсырады немесе өздері жеке жасауға тырысады. Мұндай жағдайлар соңында мүгедектікпен, тіпті әйелдің өлімімен аяқталады, бірақ мұндай қайғылы жағдайлардың өзі әйелдерге сабақ болмайды. Дүниежүзілік денсаулық қауымдастығының деректеріне сүйенсек, жыл сайын 70 мыңға жуық әйелдер антисанитарлық жерде жүргізілген сапасыз аборттың салдарынан көз жұмады [10; 2866.].

Материалды-тұрмыстық қиыншылықтар. Жалғызбасты аналар, әдеттегідей, өзіне және баласына керекті қаражаттың жеткіліксіздігіне ұшырайды. Бұл тұрақты жұмыстың болмауы (жұмыс берушілер белгілі себептермен жалғызбасты аналарды жұмысқа алғылары келмейді) және осы мекен-жайын көптен ауыстыру себебінен туындайды. Әлеуметтік қарым-қатынастың жоғалуы және некесіз бала туылды деп туысқандардың көмек бермеуі отбасының қаражатты-тұрмыстық жағдайын одан ары қиындатады. Жалғызбасты әйелдерге көбіне тұрғын үй және оның сапасы басты проблема болып табылады. Ата-анасы қызы мен немересін қабылдаған жағдайда, жалғызбасты ана қаражат мәселесіне байланысты баласымен бірге ата-анасының үйінде тұрады. Басқа жағдайда, жалғызбасты аналар арзан, кішкентай, жайсыз пәтерді жалға алып тұруға мәжбүр. Көпшілік әйелдер күнделікті өмір үшін күресіп отырады.

Әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтар. Жалғызбасты әйелдердің өмір тарихына назар аударсақ, олардың көбі ата-аналарының, таныстарының, қоғамның кінәлауынан киналуда. Отбасылық және әлеуметтік байланыстарын жоғалтуы оларды қатты мазалайды, ауылда қалған жақындарын алаңдай отырып, олардың алдында өздерін кінәлі сезінеді. Ал балаларының заңсыз туылуы, болашағының болмауы оларды қатты қинайды, сондықтан, олар балаларынан алдында да өзін кінәлап, үнемі үрей мен күйзеліс жағдайында өмір сүруге мәжбүр. Қоршаған ортадан оқшаулану, ертеңгі күннің белгісіздігі және үнемі жүйке жүйесінің тынышталмауы бала тәрбиесі мен психологиялық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Қазақстанда жалғызбасты аналарға арнайы жәрдемақы жоқ. Дегенмен Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы N 63 Заңының 4-бабына сәйкес жәрдемақылар алу құқығы отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, балаларға арналған жәрдемақы тағайындалады. Ең төмен тұтыну себеті адамның өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жиынтығы болып табылады. Азық-түлік себетін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады. Ол ең төмен күнкөріс деңгейіне тең, яғни бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс. Қазақстанда 2012 жылы 17 439 теңге болып белгіленді. Қысқасы сіздің табысыңыз осы сомадан төмен болса ала аласыз [12].

Балаларға арналған жәрдемақы алу құқығы тоқсан сайын табысы туралы анықтаманы ұсыну арқылы расталып отырады.

1. Жәрдемақыларды тағайындату үшін өтініш жасау жәрдемақы алу құқығы туындағаннан кейін жүзеге асырылады.

2. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындату үшін жәрдемақы алу құқығы бар отбасының тұрғылықты жеріндегі тиісті уәкілетті органға мынадай құжаттар [12]:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгіленген үлгідегі өтініш; (аталмыш заңнан ала аласыз оны)

2) баланың (балалардың) тууы туралы куәлігінің (куәліктерінің) көшірмесі (көшірмелері) не тууы туралы акт жазбасының (жазбаларының) көшірмесі (көшірмелері);

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
4) отбасының тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай бюросының анықтамасы, не ауылдық (селолық) округ әкімінің анықтамасы);

5) отбасы мүшелерінің табысы туралы мәлімет (балаларға арналған жәрдемақы үшін);
Жәрдемақылар мөлшері әр балаға 1 айлық есептік көрсеткіш - 1618 теңге; Толығырақ аталған заңдарды қарап шығуыңызға кеңес беремін.

1) Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы N 63 Заңы

2)"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 Қаулысы

3)Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы N 474 Заңы

Сондай-ақ Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңына сай 67-бабының толық емес отбасы ретінде кезекке тұруыңызға болады, егер тұрғын үй беру туралы өтініш жасаудың алдында соңғы он екі ай ішінде жиынтық орташа айлық табысы отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 (17439*3,1) еселенген мөлшерінен төмен болатын болса, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі [12].

Қорыта келе жалғызбасты жас аналардың әлеуметтік мәртебесі заңды бекітілмегенімен. Дегенмен, бөлім тақырыбына сай мәліметтерді талдай келе жас аналарға өзін түйіндеген әлеуметтік мәртебесін беретін болсақ. Жалғызбасты ана - некеден тыс бала тәрбиесімен жалғыз айналысатын, әкесі баласынан бас тартқан немесе некесіз бала асырап алған әйелдер.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалғыз басты ана мәртебесі <http://www.mzsr.gov.kz/kk/node/300994>
2. Вишнеvский Ю.Р., Шапко В.Т. Парадоксальный молодой человек// СоцИС №6 2006. 26-36 с.
3. Ковалева А.И., Луков В.А. Социология молодежи: Теоретические вопросы. - М.: Социум, 1999, -351 с.
4. Антонов А.И., Сорокин С.А. Судьба семьи в России XXI века. М., 2000.
5. Утешов С.К. Демографическая ситуация в странах тюркоязычных народов. Материалы второго конгресса «Гражданское общество и социальный прогресс в XXI в. Алматы, 2008.
6. Should Unmarried Mothers Be Fined? URL: http://www.bjreview.com.cn/forurn/txt/2013-06/24/content_550867.htm. Дата обращения: 17.03.2014.
7. Почагина О. В. Подростковая беременность в современном Китае // Актуальные проблемы развития КНР в процессе ее регионализации и глобализации: материалы VII Международ. науч. - практ. конф. Чита: ЗабГУ, 2015. С. 156 - 169. Типичную историю малолетней матери можно посмотреть на интернет-сервисе Youtube. URL: <http://rn.youtube.com/watch?v=7zzCkPljk38>.
8. Считается, что женщина должна вступить в брак до 27 лет, иначе она рискует оказаться отвергнутой и попасть в категорию старых дев.
9. Почагина О.В. Суррогатное материнство в Китае // Пробл. Дальнего Востока. 2009. N 3. С. 142-154.
10. Этнодемографический ежегодник Казахстана. Статистический сборник. – Астана: Агентство РК по статистике, 2013. – 466 с.
11. <http://www.kazpravda.kz/news/view/21629>
12. Жалғызбасты аналарға үкіметтен тарапынан қандай көмек бар? <https://surak.szh.kz/106772>

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлекметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының
төртінші курс студенті
Жора Диана Ерланқызы
Диплом жетекшісі: Джаманбалаева Ш.Е.

БҮГІНГІ КҮНГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ КӘСІБИ БЕЙНЕСІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТТАМАСЫ

Қазіргі таңда әлеуметтік жұмыс қоғам мен мемлекеттің бөлінбес бір бөлшегіне айналып отырғандығын бәріміз жақсы білеміз, яғни әлеуметтік қызметкер қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымдарына және қоғамдық қарым-қатынасқа енуіне байланысты халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бұл қызметтің этикалық талаптары қалыптасып қана қоймай сонымен қоса бірыңғайланды. Жалпы әлеуметтік қызметкер – ол адамдардың өмірінде кездесетін, яғни қиындыққа душар болған адамдарды қолдау мен олардың әлеуметтік мәселелерін бағалау икемділігіне негізделген және де адамдар мен олардың қызметтерінің түрлі топтары арасындағы қатынастың жаңа үлгісінде қалыптасқан кәсіби қызмет болып табылады. Әлеуметтік қызметкердің барлық сала мен топтармен жұмыс жүргізуінде оның тиісті кәсіби білімі болуы аздық етеді, яғни әлеуметтік қызметкер өз жұмысында этикалық талаптар мен қағидаларды ұстануы тиіс. Жалпы әлеуметтік қызметкер әлеуметтік жұмыс туралы білім мен кәсіби мәселелер мен тәжірибені игеруде ол өзінің заң жүзіндегі өкілеттілігі, абыройы мен мәртебесі, сонымен қатар өзінің ерекше таланты мен қасиеттеріне байланысты қызметінде кездесетін мәселелердің шешімін таба алады. Яғни әлеуметтік қызметкер көптеген әлеуметтік топтармен жұмыс жасауында және олармен қажетті қарым-қатынасқа түсуінде белгілі этикалық талаптарды ұстануы қажет.

Әлеуметтік қызметкердің негізгі сипаттамасына тоқталатын болсақ, онда ол белгілі бір көмекке мұқтаж тұлғаларды тыңдай және түсіне білетін, оларды дұрыс жолға бағдарлай алатын, сонымен қатар, ұйымдастырушылық және рухани қасиеттерге ие, өз ойын нақты жеткізе алатын, еркін, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, білікті де білімді маман болуы тиіс, яғни оның жоғарыда сипатталған қасиеттерді меңгеруі маманның әлеуметтік қызметкер талабына сай және оның қызметінің тиімділігі мен табыстылығын айқындайды. Жалпы әлеуметтік қызметкерлерге қажетті қасиеттердің жиынтығына тоқталатын болсақ, онда ол қарым-қатынасқа жеңіл, ұстамды және әдепті, адамгершілігі жоғары, төзімді, белсенді, сабырлы, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыратын, мобильді және жауапкершілігі жоғары, білікті де білімді тұлға болуы қажет. Осы тұста әлеуметтік қызметкерлерге тән емес қасиеттердің топтамасына да тоқталып кетсек болады, яғни ол дәрежелілік, ашуға тез бой алдыру, қатаңдық, қарым-қатынасқа түсе алмау, қақтығысқа келу, тұлғаларды қолдауға деген қызығушылықтың тіпті болмауы, епсіздік, көмекке мұқтаж адамдардың мәселелері мен көзқарастарын түсінбеу және қабылдай алмау және т.б. Бұл аталған мәселе кез-келген адамның әлеуметтік қызметкер бола алмайтынын айқындайды. Осыған орай бұл мамандық күрделі де үлкен жауапкершілікті қажет ететін мамандық болып табылатынын айқындайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкер іс-әрекетінің үлгісі, ол оның тек клиенттермен ғана емес, осыған қоса, ол өзінің жанындағы әріптестерімен де және басқалармен де жылдам байланысқа, яғни қарым-қатынасқа түсе алуы керек және де әлеуметтік қызметкердің жеке қасиеттері мен құндылықтары және жалпы қызығушылықтары қарым-қатынас орнатуда шешуші іс-әрекет жасауына ықпалын тигізетіні анық.

Е.Н Холостова әлеуметтік қызметкерлердің жеке қасиеттерін зерттей отырып, оны негізгі үш топқа бөліп қарастырған болатын:

1) әлеуметтік қызметкер игеруге тиісті міндетті болып келетін әлеуметтік-психологиялық сипаттамалар;

2) әлеуметтік қызметкердің жеке тұлға болып қалыптасуына бағдарланған педагогика-психологиялық қасиеттер;

3) әлеуметтік қызметкердің жеке тартымдылығын қалыптастыруға бағытталған педагогика-психологиялық қасиеттер[1]. Жалпы әлеуметтік қызметкер клиенттермен жұмыс жасау кезінде өз-өзін ұстай білуі, төзімділік танытуы, психологиялық талаптарға ерекше көңіл бөлуі қажет, яғни оның қызметі нақты қалыптасқан ережелерге сәйкес жүзеге асуы тиіс, ал осы нақты талаптардың орындалмауы әлеуметтік қызметкердің тиімді жұмыс жасауына кедергі болады. Әлеуметтік қызметкер шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, онда ол келесідей білім мен дағдыларды игеруі қажет:

- бүгінгі қоғам сұранысына сәйкес қызмет көрсету үлгісі мен ресурстарын;
- жеке тұлғалармен және топтармен жұмыстың әдістері мен технологияларын;
- әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-экономикалық және саясат теориясының негізін;
- әлеуметтік жобалау мен болжаудың тұжырымдамасы мен әдістерін;
- тәжірибеде және теорияда персоналды басқара алу;
- әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық және статистикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерін;
- халықты әлеуметтік қолдау жүйесінің тұжырымдамасы мен теориясын;
- қоғамдағы ұлттық, мәдени және нәсілдік топтардың (құндылықтары, өмірлік қағидаттары және осы мәселеге қатысты мәселелерді);
- денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау жүйелерінің дамып жетілуі және аймақтық инфрақұрылымдардың ұйымдастырылуы;
- тұлғаға ықпал ететін қоғам мен қоршаған ортаның факторларын;
- тәжірибе мен теорияда бақылаудың пайдалануы;
- әлеуметтік және ұйымдастырушылық жүйелерінің тәжірибесі мен теориясының жетілуінің әдістерін;
- қорғаушылық қызметінің тәжірибесі мен теориясын;
- жалпы халықты әлеуметтік қолдау мен қорғау саясатының үдерісін;
- кәсіби әлеуметтік жұмыстың этикалық стандарттары мен тәжірибесін;
- оқыту мен білім беру жүйесінің тәжірибесі мен теориясын;
- әлеуметтік қызметте пайдаланылатын ғылыми және кәсіби зерттеулердің нәтижелерін және т.б. біліп игеруі қажет[2].

Жалпы әлеуметтік қызметкерлер өздерінің кәсіби қызметтерін орындау кезінде, яғни белгілі бір туындаған мәселені шешу барысында бұл мәселенің табысты шешілуінің негізгі үш нұсқасына тоқталады:

Әлеуметтік қызметкер қорғаушылық қызметін атқарады, яғни қорғаушының қызметін жеке тұлға немесе клиенттер тобы атынан іске асырған жағдайда пайдаланылады. Бұл қызметтің міндеті ол жеке тұлғаларда іс-қағаздарға байланысты мәселе туындағанда оларға көмек көрсетумен негізделеді. Фасилитативтік – бұл жеке тұлғаның өздігінен күйзелу мен селқостық күйінен шығуына байланысты қиындықтар туған жағдайда көмектесушінің қызметін атқарады. Бұл жердегі әлеуметтік қызметкердің басты міндеті - ол клиенттің жағдайын түсініп, тиімді бағыттағы іс-әрекет пен қызмет көрсетуді саралау, сонымен қатар, жеке қорлардың мобильденуіне ықпал ету. Ал үшінші тәрбиелікке тоқталсақ онда әлеуметтік қызметкер мұнда оқытушы, сараптамашы және кеңес беруші рөліне енеді және де клиентке дұрыс бағыт-бағдар береді, көптеген оқыту әдісі ретінде әдіснамалар ұсынады, яғни осы арқылы кері қарым-қатынас орнатуға тырысады[3].

Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкер әлеуметтану, психология, құқықтану, педагогика және т.б. жан-жақты салалар бойынша білімді болуы қажет және жоғары дәрежеде кәсіби біліктілікті игеруі тиіс. Әлеуметтік қызметкердің біліктілігі мен білімі, сонымен қатар тұлғалық қасиеттері мен дағдылары туындаған мәселеге қатысты тиімді технологиялар мен әдістерді қолдануына өз септігін тигізеді. Осыған қоса, әлеуметтік қызметкердің қызметіне жасалатын бірқатар міндеттер мен талаптарда бар. Осы жерде әлеуметтік қызметкердің

қызметінің бірқатарына тоқтала кететін болсақ. Бірінші әлеуметтік қызметкердің болжамдық қызметіне тоқталып кететін болсақ, онда ол әлеуметтік жұмыс нысанына жобалау мен болжау әдістерімен ықпал ету арқылы іске асады, ал екінші, алдын-ала ескерту қызметі ол әлеуметтік-медициналық, құқықтық, психологиялық және педагогикалық және т.б. алдын-алу тетіктерін іске қосу арқылы жағымсыз жағдайлардың алдын алу және белгілі бір қалыптасқан қиын жағдайдың шығуға әсерін тигізетін, сонымен қатар, көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік-медициналық, құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық қызмет көрсетуді және қоғамдағы әлсіз топтарды әлеуметтік қорғауды қамтиды. Ал келесі, қызмет ол – ескерту қызметі болып табылады. Мұнда көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіліп қана қоймай, сонымен қатар, жеке тұлғаларға немесе топтарға да белгілі бір мәселенің алдын алу мақсатында жасалатын ескертуді қамтиды. Ал әлеуметтік жұмыстағы халықты әлеуметтік қолдау мен оларды әлеуметтік қорғауда пайдаланылатын құқықтық негіздер мен заңдарды құқықтық қорғау қызметі атқарады. Бұл құқықтық қорғау қызметі ол тек мемлекетіміздегі өмір сүріп жатқан азаматтардың құқықтарын қорғаумен қатар, шетелдерге белгілі бір себептерге байланысты көшіп кеткен азаматтардың құқықтарын қорғайды. Ал келесі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің міндеті ол әлеуметтік қызметкердің өзге қызмет атқаратын тұлғалардың (шығармашылық, спорт, туризм, мәдени, техникалық, дәрігер, экономист және т.б.) қызығушылықтарын айқындау. Ал көмекке мұқтаж жандарға дұрыс кеңес беру, олардың қоғамға оңтайлы бейімделуіне ықпал жасау, жеке тұлғалардың бейімделуін бақылау және қарым-қатынас мәселесінде кеңес беру мен түзеуге қатысты ұсынастарды психологиялық қызмет атақарады. Жалпы көмекке мұқтаж жандардың мәселесін айқындауға, белгілі бір тұлғалармен немесе топтармен жұмыс жасауда тіл табысуға, қолдау мен қорғауды қажет ететін немесе қажет етпейтін тұлғаларға көмек көрсетуді коммуникативтік қызмет түрі атқарады.

Әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік-медициналық қызметі – ол тұлғаларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйретуді, жалпы денсаулық сақтаудың алдын-алу шараларын ұйымдастыруды, санитарлық-гигиеналық ережелерге, салауатты өмір салтын ұстануды, жастарды отбасылық өмірге бейімдеуді, жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеуді қамтиды. Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет ол жалпы әлеуметтік қызметкер мамандығында ерекше орынға ие болып табылады, яғни мұнда халықтың түрлі топтарындағы (әсіресе, әлсіз топтар, яғни қарттар, жетімдер, мүгедектер және т.б.) тұлғалардың отбасыларында қалыпты тұрмыстық жағдайды орнықтыруды және тұрғын үй шарттарының нығаюына әлеуметтік қызметкер қолдау көрсетуге және оны ұйымдастыруға міндетті болып табылады. Ал келесі ол жарнама қызметі, оның негізгі мақсаты әлеуметтік қызметтің жарнамасын ұйымдастырумен сипатталады, яғни мұнда тұлғаларды әлеуметтік қолдау мен қорғауды барша халыққа насихаттау. Әлеуметтік ұйымдар мен мекемелерде әлеуметтік қызметті ұйымдастыруды қамтитын келесі қызмет ол ұйымдастырушылық қызмет деп аталады, яғни ол сонымен қатар, қоғамдағы әлсіз топтар мен жеке тұлғаларды әлеуметтік қолдау мен қорғауды қарастырады. Келесі әлеуметтік қызметкердің негізгі қызметінің бірі ол оның адамгершілік – гуманистік қызметі болып табылады, яғни мұнда әлеуметтік қызметкер жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың, қабаттың жүйеленуіне қажетті шарттарды қамтамасыз етумен айналысады. Міне осы жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қызметкердің міндеттері мен қызметтері оның жеке тұлғасын толығымен сипаттайды десекте болады.

Жалпы білікті әлеуметтік қызметкер тұлғасына тән тағы да бірнеше қабілеттіктер мен дағдыларға тоқталып кететін болсақ, онда әлеуметтік қызметкер жаңа әлеуметтік әдістер мен технологияларды қолдана білуі, шетелдік және отандық әлеуметтік-мәдени қызметтің тәжірибесін игеру және қолдана алуы қажет, сонымен қатар, отбасы мен тұлға арасындағы, мемлекеттік құрылымдар мен әр түрлі қоғамдық ұйымдардың арасында, шағын орта мен жеке тұлға арасында, балалар мен ересектер арасында, жалпы әлеуметтік топтар арасында қарым-қатынасты орната білу, яғни оған ықпал жасау және оның жағымсыз жақтарын айқындау, әлеуметтік қызмет барысында тұлғаны ынталандыруды жүзеге асыру, жеке тұлғалардың белсенді өмірлік қабілеттерін айқындауға әсер ету, әлеуметтік және табиғи

факторлардың байланысындағы дербестік пен сезімталдық, жалпы психика мәндерінің мағынасын түсіну, сұраныстар мен қажеттіліктердің, сонымен қатар себептердің арақатынасын айыра білу, жалпы адамның психологиялық ерекшеліктерін айқындау, тұлғаның өзін-өзі айқындаудың және жетілдірудің психикалық және психодиагностикалық әдіс-амалдарын игеру, осыған қоса, әлеуметтену жүйесі құрылымындағы ықпалдарды және әлеуметтік тәртіпті реттеудегі басты заңдылықтарды, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларда, әлеуметтік үдерістерде, әлеуметтік құрылымдарда анықтай алуы қажет [4].

Әлеуметтік қызметкердің қызметін келесідей сипаттамалармен айқындауға болады, яғни ол әлеуметтік, психологиялық, басқару мен ұйымдастырушылық, педагогикалық, медициналық және т.б., сонымен қатар бұл жағдайда әлеуметтік қызметкер жүргізетін жұмыс түріне дұрыс талдау жасай алу қажет. Жалпы әлеуметтік жұмыстың басты мақсаттарын кәсіби қызметте жүзеге асыру мыналарды қамтиды, яғни бірінші, тұлғаның еркіндік дәрежесін кеңейту қабілетіне ие болу керек және туындаған мәселеден клиентке шығатын шешім тауып беру деңгейін жоғарылату, сонымен қатар, әлеуметтік қызметкер өзінің және клиенттің зейіндерін бақылап қадағалау, ал екіншіден, тұлғаның қоғамға дұрыс бейімделуіне және қайта бейімделуіне ықпал жасау, үшіншіден, шарттың максималды түрде клиенттің мүмкіндіктерін заңға сай қолдануы негізінде жасалынуына септігін тигізу, ал төртіншіден, тұлғаның белгілі бір өмірінде кездескен дағдарыстарға қарсы тұруына және одан шығауына, яғни тұлғаның жеке абзалдық сезімін және оны басқалардың қадірлеуі негізінде жүзеге асуы және де соңғы ол әлеуметтік қызметкердің белгілі бір тұлғаға көрсетілетін көмегінің тоқтату шешімін қабылдауы болып табылады.

Ал енді әлеуметтік қызметкердің жалпы сипаттамасын жасау үшін тұлғаның төменде көрсетілгендей жеке қабілеттерін ажырата білу қажет, яғни әлеуметтік қызметкер осы қызметтің міндеттері мен талаптарын қанағаттандыра алуы тиіс, сонымен қатар, оның бұл қызметтің табысты болуына жауапты екенін ұғынуы, басқаларды тыңдай білу қабілетіне ие болуы, жеке шығармашылық ой қоймасының болуы, нақты және жылдам түрде бағыт-бағдар жасай алуы, ұйымдастырушылық қабілетін және т.б. игеруі тиіс. Әлеуметтік қызметкердің жеке тұлғалық, яғни мамандық сапасына тоқталатын болсақ, онда әлеуметтік қызметкер шыдамды, тиянақты, жауапкершілігі мол, әдепті, мейірімді, мобильді, төзімді, зерек, болжам жасай білетін, жеке тұлғаны бағалауда адекваттылық танытатын, белсенділік, өзін-өзі үнемі дамытып жетілдіріп отыратын, гуманистік бағытты ұстанатын тұлға болуы тиіс. Ал әлеуметтік қызметкердің үйлесімді ұстанымына біз оның қарым-қатынас жүйесінде оңтайлы шешім шығара білуін, жеке сапалық мүдделі бағыт-бағдарларының болуын, болашаққа нақты жоспарлар құра білуін, жалпы өз қызметіне қызығушылықпен қарауын жатқызсақ болады. Осыған қоса әлеуметтік қызметкер өз әріптестерімен, басшылықпен, клиентпен жақсы ымырада, яғни қарым-қатынаста болуы қажет.

Бұл мақалада әлеуметтік қызметкерлердің тұлғасына сипаттама жасалынды. Міне осы жоғарыда берілген мәліметтер дәл осы әлеуметтік қызметкер тұлғасының сипатын айқындайды, яғни оның кімдермен жұмыс жасайтыны, қандай біліктіліктер мен қабілеттіліктерді игеруі және қандай мәдени-рухани қасиеттерді бойына сіңіруі және қандай жеке тұлғалық сапаларға ие болуы қажет екендігі толық баяндалды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Холостова Е.И. Профессиональный и духовно-нравственный портрет социального работника.-М.:РГСИ, 1993 г.
2. Золотарева Т.Ф. Практика в системе подготовки специалистов социальной работы в вузе: учеб.-метод. пособие / Т.Ф. Золотарева. – 3-е изд. – М.: Дашкови К, 2008.
3. Калюжный А.А. Социально-психологические механизмы построения имиджа//Вестник Государственного университета управления. Серия Социология и управление персоналом. - № 2 (13). – М., ГУУ, 2005.
4. Фонарев А.Р. Психологические особенности личностного становления профессионала. М., 2005, с. 48.

**эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
«әлеуметтік жұмыс» мамандығы,
4 курс студенті Кантаева Құралай Аббасқызы
ғылыми жетекшісі: доцент Амитов С.А.**

«НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАСПАНА МӘСЕЛЕСІНІҢ ШЕШІМІ РЕТІНДЕ

Қазіргі уақытта қоғамда ең басты әлеуметтік проблемалардың бірі – тұрғын үй мәселесі болып табылады. Баспананы ақшамен тікелей сатып алу әсіресе халықтың осал топтары, жаңа отбасы құрған адамдарға аса қиын мәселелердің бірі болып табылады. Жеке тұрғын үй баспанасының болуы – әрбір отбасы үшін бірінші кезекті қажеттілік. Бұрынғы кеңестік жүйеде мемлекеттік тұрғын үй құрылысы үшін бюджет ресурстарының орталықтандырылған бөлінісі мен тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін кезекте тұрған азаматтардың арасында тегін бөліп беруді бейнелейтін еді. Қазақстанның тәуелсіздік алып, рыноктық қатынастарға өтуі бұл үлгінің сәйкессіздігін көрсетті. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету және құрылысты бюджеттік қаржыландырудың қысқаруы жағдайында тұрғын үйге қол жеткізудің негізгі көздері тұрғындардың өз қаражаттары мен әлемнің экономикасы дамыған елдеріндегідей банктік несиелер ғана болып қалды. Осыған орай, тұрғын үй мәселесін шешу Қазақстанның мемлекеттік саясаты үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту мәселесі туралы: «Арендалық баспана құрылысы тұрғысындағы қадамдарды қайта қарастыру керек. Бізде қолжетімді баспана бойынша көптеген әдістер бар. Елімізде Тұрғын үй құрылыс жинақ, ипотека, арендалық бағыттар қамтылған. Енді бізге басқа қырынан қарау керек. Мемлекет әлеуметтік арендалық баспананы салып, оны халыққа сатып алу құқығымен ұзақ мерзімге жалға беретін болады. Қазіргі кезде қолданыстағы жүйе қомақты қаржыны талап етеді. Бастапқы жарнаны төлеткізеді, содан кейін банктер кабальды (кіріптарлық) пайыздарды бекітеді, яғни оның деңгейі 20 пайызға жетеді. Адамдар оны төлеуге қауқарсыз және проблемалар туындайды. Бұл бағдарламалар қалады, олар дәулетті адамдар үшін қалыпты. Ал жаңа бағыттағы бағдарламаны жас отбасылар үшін және баспанаға зәру азаматтарға жасап жатырмыз» деп атап көрсетілген.

Шет елдік тәжірибе бойынша тиімді тұрғын үй нарығы үш компоненттен тұрады: жеке меншіктегі тұрғын үйден; коммерциялық немесе қоғамдық меншіктегі жалға берілетін тұрғын үй; және мемлекеттік, яғни муниципалды тұрғын үй. Атап кету қажет, шет елдерде жеке меншіктегі тұрғын үй табыстары тек орташа және жоғары азаматтарға ғана жетімді. Дамыған мемлекеттердің өзінде жеке меншіктегі тұрғын үйлер үлесі орташа 50 % (Германияда-40 %, Швецияда- 43%, Голландияда- 45 %), қалған 50 % жалға берілетін үйлер құрайды. Әлемдік тәжірибе, жылжымайтын мүлік нарығында әр түрлі кластағы тұрғын жайларды жалға беру, сату-сатып алулармен табысты бәсекелеседі және тұрғын үйге қажеттіліктердің 60 % қанағаттандыратындығын көрсетіп отыр. Жалға берілетін тұрғын үйлер үлесі Германияда-60 %, Швецияда- 57%, Нидерландыда- 55%, Данияда- 44%, АҚШ-34%. Тұрғын үй мәселесі толықтай шешілген Сингапурда жалға берілетін тұрғын үй 50%-ан асып тұр [1].

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасының басым бағытына айналды және жалпыұлттық сипаттағы міндет болып табылады. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің ең маңызды құралдары – бұл тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тарту және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті ынталандыру болып табылады.

Бүгінде Қазақстанда 2 млн 300 мың адам баспанаға мұқтаж. Соның 1 млн 300 мыңы – жер кезегінде тұрғандар. Қазақстандық азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешуге

арналған мемлекеттік бағдарламалар: «Өңірлерді дамыту», «2012-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту», «2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту», «Қолжетімді баспана-2020», сонымен бірге "Бәйтерек" Холдингінің құрамына кіретін "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Банк салымшыларын 2022 жылға дейін қолжетімді баспанамен қамтамасыз ететін "Өз үйім" атты дағдарысқа қарсы бірегей бағдарламасы жұмыс жасауда[2].

Дегенмен тұрғындарды баспанамен қамту мақсатында көрсетілгендей бірнеше бағдарламалар жасалып, іске асырылғанымен бұл мәселе өз өзектілігін әлі де жойған жоқ. Сол себепті халықты тұрғын үймен одан әрі қамтамасыз ету үшін қолданыстағы бағдарламалардағы тұрғын үй мәселелерінің барлығын бір бағдарламаға біріктіре отырып, бірыңғай «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы әзірленді.

"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы – Мемлекет басшысының 2016 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау үшін әзірленіп, халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру үшін тұрғын үй құрылысын ынталандырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге және оған қолданыстағы бағдарламалардағы тұрғын үй мәселелерін интеграциялауға бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Ипотекалық кредит берудің қолжетімділігін арттыру.
2. Жеке құрылыс салушыларды тұрғын үй салуға ынталандыру.
3. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы өткізілетін кредиттік тұрғын үй салу.
4. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй қорын құру.
5. Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту.
6. Халықты жалға берілетін және коммерциялық тұрғын үйлермен қамтамасыз ету.
7. Үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау [3].

Тұрғын үй құрылысы секторында өсімнің жоғары өсу қарқыны сақталып отыр. Соңғы үш жылдың ішінде тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемі 2015 жылы 497,8 млрд. теңгеден 740 млрд. теңгеге дейін өсті, бұл 24 млн. шаршы метр жаңа тұрғын үйді немесе 200 мыңнан астам тұрғын үйді іске қосуды қамтамасыз етті, сөйтіп республиканың тұрғын үй қоры 340,6 млн. шаршы метр тұрғын үйге дейін ұлғайды. 2016 жылғы 11 айдың ішінде 8,9 млн. шаршы метр жаңа тұрғын үй, оның ішінде 45588 пәтер және 3113 жеке тұрғын үй іске қосылды. Бұл ретте жеке құрылыс салушылар 7,8 млн. шаршы метрді немесе 87,6% пайдалануға берді, оның ішінде халық 4,4 млн. шаршы метр жеке тұрғын үй салды[4].

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы ипотекалық несиелеуді қолдауға бағытталған. Халыққа екінші деңгейдегі банктер ипотекалық қарыздары әлдеқайда қолжетімді болмақ. Ипотекалық несиелеу нарығын жандандыру мақсатында азаматтарға екінші деңгейлі банктердің алғашқы тұрғын үйді сатып алуға берілетін ипотеканың пайыздық мөлшерлемесінің бір бөлігін мемлекеттің субсидиялауы арқылы халықтың сұранысын ынталандыру қарастырылған. Банктердің ең көбі жылдық 17% сыйақы мөлшерлемелерін 7 жыл бойы субсидиялау күтілуде. Субсидия осы кезеңде беріледі. Ипотеканың соңғы қарызгеріне ипотеканы 10% дейін төмендету үшін мемлекет сыйақы құнының 7% дейін жабуды қамтамасыз етеді. Бағдарлама сондай-ақ жеке үй салушыларды тұрғын үй құрылысына ынталандыруға бағдарланған. Ол үшін қолжетімді кредиттік ресурстар енгізу болжанып отыр – мемлекет екінші деңгейлі банктердің жаңа тұрғын үй салуға беретін несиелері бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялайды. 2017 жылға арналған республикалық бюджетте 11 млрд теңге қарастырылған, олар 157 млрд теңге сомаға үй салушылардың банктік несиелерін субсидиялауға мүмкіндік береді. Ұлттық экономика министрлігінің бағалауынша, бұл қосымша шамамен 600 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға мүмкіндік береді. Олардың жартысы Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі салымшыларына ұсынылады. Бағдарламада

Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі салымшылары мен әкімдіктерде кезекте тұрғандар үшін «жаңартпалы» қағида бойынша несиелік тұрғын үй құрылысы көлемін арттыру көзделген. Бұдан өзге, мемлекеттік бағдарлама аясында халықтың әлдеқайда әлеуметтік әлсіз топтарына арналған сатып алушы жалдамалы тұрғын үйдің өңірлік қоры құрылмақ. Жалпы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2031 жылға дейін 1,5 млн адам жеке баспанаға ие болады. Олардың 500 мыңнан астамы таяу бес жылдың ішінде (2017-2021 жж.) алады деп жоспарланған. Аталған бағдарлама аясында ЖТҚ-на 10 сотық бойынша 664 000 жер телімі беріледі, қазақстандықтар Қазақстандық ипотекалық компания мен Қазақстанның Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі арқылы 35 000 арендалы баспана, 280 000 несиелік үй алады, 521 000 коммерциялық тұрғын үй ипотека бойынша беріледі[5].

Салынған, сатып алу мүмкіндігінсіз жалға берілетін тұрғын үй Қазақстан Республикасының қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес айқындалған кезектілік тәртібімен беріледі. Жергілікті атқарушы органдардың жалға берілетін тұрғын үйінің таза әрленген 1 шаршы метрі үшін бағалық параметрлер:

- Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалаларында (инженерлік желілердің құнын есептемегенде) – 180 мың теңгеге дейін;

- қалған өңірлерде (инженерлік желілердің құнын есептемегенде) – 140 мың теңгеге дейін.

- Құрылыстың түпкілікті құны тұрғын үйлердің жобалай-сметалық құжаттамасын кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының негізінде айқындалады.

- Тұрғын үй құрылысының құнынан асатын шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

- Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен сатып алу мүмкіндігімен жалға берілетін тұрғын үй салуына жол беріледі.

- Тұрғын үйдің жалпы алаңы 5%-дан аспайтын рұқсат етілген ауытқумен 65 шаршы метрден аспауға тиіс. Тұрғын үй салуға жұмсалған шығындар құрылыс салушының есебінен өтелген кезде тұрғын үйді алаңын рұқсат етілген ауытқудан асырып салуға болады.

- Тұрғын үйдің 1 шаршы метрі құрылысының бағалық параметрін сақтау мақсатында жергілікті атқарушы органдар жеке құрылыс салушылармен мемлекеттік-жекешілік әріптестік тетігін пайдалануға құқылы.

- Жеке құрылыс салушылар мен жергілікті атқарушы органдар жапсарлас салынған коммерциялық алаңдары, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және/немесе қосымша қабаттар бар тұрғын үй құрылысын кейіннен өткізу құқығымен қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы. Мемлекеттік-жекешілік әріптестік қағидатын іске асырған кезде жергілікті атқарушы органдар және жеке құрылыс салушы алаңдарды және мемлекеттік және жеке қаражат есебінен салынып жатқан үй-жайлардың құнын бөле отырып, кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын ресімдейді, сондай-ақ конкурс шарттарында мердігерлік құрылыс ұйымдарының сауда және кеңсе алаңдары, қосымша қабаттар бөлігінде жобалауға арналған шығындарды өтеуін және тұрғын, сауда және кеңсе алаңдарын пайдалануға жеке енгізуін көздейді. [6].

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында экономиканың толыққанды драйвері ретінде құрылыс секторын одан әрі дамыту міндетін жүктеген. Мемлекет басшысы Үкіметке жаңа «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының бағдарламасына ерекше назар аударуды тапсырды. «Нұрлы жер» бағдарламасында «Даму» акционерлік қоғамы арқылы мемлекеттің субсидия беруі есебінен құрылыс салушылар үшін банк несиесін арзандату мәселесі айтылған. Елбасының «Тұрғындар үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы банктер беретін ипотекалық несиені субсидиялау жүзеге асырылады. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары үшін әкімдіктердің несиелік тұрғын үй салуы жалғасады. Оған ілгеріде бөлінген қаржы «револьвер»

қағидаты бойынша қайта пайдаланылады» деген жолдары — баспана мәселесін шешудің айқын көрінісі. Бұл ретте халықтың әлеуметтік әлсіз топтары үшін сатып алу құқығынсыз арендалық тұрғын үй бөлу ісі дами түспек. Ал әкімдіктерге жаппай тұрғын үй құрылысы үшін тиісті жер телімдерін бөлу тапсырылған.

Тұрғын үй мәселесіне фэн-шуй ілімі бойынша әркімнің өз баспанасы оны өмір келеңсіздіктерінен арашалайтыны тас қамалы деп санайды. Бұл ілімнің түсіндіруінше, адамдар баспананы жағымсыз қуаттардан сақтану үшін ойлап тапқан. Яғни, әркімнің туған үйінің төрт қабырғасы оны жағымсыз қуаттардың көбісінен қорғай алады. Қазақ елінің өз үйін «отауым», «отаным», «жылы ұям», «қара шаңырағым» деуінің сыры да сондықтан шығар. Сонымен, баспана жайы халық тіршілігіне тікелей өз әсерін тигізеді, себебі тұрғын үй мәселесі табиғи өсім мен әлеуметтік жағдайдың көрсеткіштеріне, өмір сапасы, өмір сүру ұзақтығы сынды көрсеткіштерге өз әсерін тигізеді. Сондықтан да, баспана мәселесі қашан да мемлекет үшін өзекті болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. S.K. Kondybayeva, Zh. Sh. Ishuova. The effect of monetary policy on real house price growth in the Republic of Kazakhstan: a vector autoregression analysis // World Applied Sciences Journal. – 2013. – №.22(10).-P. 1384-1394.
2. <http://khabar.kz/kz/news/kogam-kz/item/71504-n-rly-zher-ba-darlamasy-ny-ayasynda-1-5-mln-otbasy-baspanaly-bolady>
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000922>
4. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша-Тұрғын үй құрылысына жұмсалған инвестициялар нақты көлемінің индекстері
5. «www.primeminister.kz»
6. "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республика Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысы

**Қазақстандағы қазіргі этнодемографиялық үдерістер:
әлеуметтанулық талдау
Қағазшай Ә.Қ. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті**

(ЖЕТЕКШІСІ СОЦИОЛ.Ғ.Д., ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ПРОФЕССОРЫ САДЫРОВА М.С.)

Бүгінгі күні Қазақстан тұрақты мемлекет . Этносаралық қатынастың оң дамуының себептерінің бірі Қазақстанның құқықтық мемлекет болуында. Республика территориясында тұратын барлық халықтарға этносына, діни сеніміне, саяси көқарасына қарамастан тең құқық пен бостандық берілген. Әрбір Қазақстан азаматының мәдени, рухани дамуы қамтамасыз етілген , ана тілінде сөйлеп түсінісуге, этносытық мұраларын, дәстүрлері мен рухани бағдарларын сақтап көбейтуге құқығы бар. Қазақстанның негізгі заңы Конституция нәсілдік белгілері, этностық тілге, дінге қатысы бойынша қандай-да бір кемсітуге тыйым салады, ана тілінде сөйлеуге, мәдениетін қолдауға және басқа да көптеген бостандықтар мен құқықтарға кепілдік береді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының «этносаралық келісімді бұзуға қабілетті кез-келген әрекет конституцияға қарсы деп танылады» деген 38 бабының 2 тармағында, бұл өте маңызды [4].

Қазақстан көп ұлт өкілдері шоғырланған республика болғандықтан, әрбір ұлт өкілдерінің ол үлкен, яғни сан жағынан көп не аз болғанына қарамастан олардың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне сыйласымдылықпен қарайды. Себебі, олардың ұлттық мәдени, тіл, әдет-ғұрып, дәстүр, шаруашылық, психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, талап тілектеріне немқұрайлық таныту, тікелей не жанамалай түрде болсын ұлттық мүдеге шек

кою ұлт өкілдері арасында араздық, алауыздық туғызатыны белгілі және әлеуметтік мемлекет құндылықтарына қайшы.

Этносаралық қатынас дегеніміз этностар, этникалық топтар арасындағы ішкі өзара әлеуметтік қарым-қатынастар. Бүгінгі күні этникааралық қатынастар саласында келісім мен бейбітшіліктің осалдығын мойындау қажет, өйткені олар адамдар арасындағы қатынастардың өте нәзік саласы болып табылады. Этносаралық қатынастарды реттеу мәселесінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Бұл мәселелер әлемнің көптеген елдерінде кездеседі. Қазақстанда одан тыс қалған жоқ.

Елдегі этноәлеуметтік-саяси жағдайды талдай келе Н.Ә.Назарбаев этностық-этникалық сұрақтарды шешудің үш тәсілің атап көрсетті. «Бірінші – кейбір елдер басып-жаншу саясатын жүргізеді» бұл көп этносты тұрғыны бар, қоныс аударғандарды бауырындай құшақ жая қарсы алған Қазақстан халқына тән емес. Екінші-өз-өзімен шешіледі деп сеніп, этностық сұрақтарға ешқандайда мән бермеу. Бірақ бұл тығырықтан шығармайды. Тек үшінші жол көлемді еңбек етіп, тер төгуді қажет ететін біз таңдаған жалғыз дұрыс жол. Бұл жанасу нүктесін іздеу, халықтар арасындағы келісім мен сенім аясын кеңейту [1].

Қазақ халқына қатысты «этнос» және «ұлт» деген ұғымдарды қолдануға болады. Бұл деңгейлердің ерекшелігі – этногенетикалық тегінің, дәстүр – салты мен рухани мәдениетінің ортақтығы жағынан қазақ халқы этнос, ал, ортақ территориясы, ортақ шаруашылығы, өзіндік мемлекеттілігі болуы қазақ этносын ұлт деңгейіне көтереді. Оның мәнісі былай: «этнос» - «халық, тайпа» деген түсінікті білдіретін сөзі. «Этнос» терминін екі мағынада түсінген абзал: біріншіден, этникос; екіншіден, этноәлеуметтік организм ретінде. Бір этникосқа өз елінің ауқымынан тыс жерлерде тіршілік етуші сол этностың барлық топтары жатады

Этнос деп ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрі мен ділі бар адамдардың әлеуметтік қауымдастығын атайды. Сонымен бірге көптеген этностардың ортақ аймағы, ортақ экономикасы, сол этнос өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Этнос қалыптасуында адамдар бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тегі де маңызды рөл атқарады.

Демография халықтың құрамын, санын және оның өсуін, өнуін, көбеюін, азаюын зерттейді. Бұл процесте адамның жынысы, жасы, атқаратын қызметі, жұмысы, т.б. жақтары негізге алынады, сөйтіп жалпы халықтың әр түрлі қозғалыс, өзгерістерін (мысалы, некелесу, туу, миграция, өндіріске әсерін, т.б.) зерттейді. Әр қоғам халқының өзінің өсу, өнудегі ерекше даму заңдылықтары болады. Ал, мұның өзі қоғамның нақтылы әлеуметтік – экономикалық жағдайына байланысты. Халықтың санын, құрылымын және оның қозғалысын, дамуын, өзгеруін демография ғылымы, дәлірегі, оның ішінде демографиялық статистика зерттейді.

Демографиялық зерттеудің өлшемі – нақты адам. Оның өмір – тіршілігінде физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, әсіресе, оның тұрғын орны, отбасы жағдайы, қызмет түрі, мамандығы, жұмыс орны, қоғамдық жағдайы, білімі, тілдерді білуі, т.б. біртіндеп өзгеруі мүмкін. Жеке адамдардың кейбір сипаттамаларының өзгеруі жалпы халықтың сипаттамасын зерттейді. Мысалы, неке үйленушілердің қатарын көбейтіп, бойдақтардың санын кемітеді. Жеке адамдардың меке – тұрағын ауыстыруы – яғни миграция – халықтың құрамына, санына әсер ететін үлкен фактор. Халықтың саны, оның құрамы туу, өлу сияқты биологиялық заңдылықтарға сәйкес әрдайым өзгеріп отырады. Халықтың санын, құрылымын ғылыми ұйымдастырылған статистика жолымен есептеу әдісі қолданылады. Демографияда статистикалық әдістердің ерекше зор маңызы бар, кейбір ғалымдар демография мен демографиялық статистиканы ұқсас ұғымдар деп есептеп, бір – бірімен шатастырады. Бірақ демографиялық ұғымның мазмұны анағұрлым кең; оның өзіне тән дербес міндеттері бар, ол халықтың дамуы, өсуі саласындағы байланысты, заңдылықты ашуы керек, бұл үшін қоғамдағы елеулі қатынастарды ескере отырып, статистикалық деректерді негізге алуға тиіс. Демография халықты зерттейтін барлық ғылымдарды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

Ал, демографиялық статистика (Халық статистикасы) – білгілі бір халықтың санын, құрамын, орналасуын және өзгеріс – қозғалысын немесе оның жекеленген тобын сипаттайтын деректерді жинауға, өңдеуге, баяндауға және талдауға статистикалық тәсіл қолданылатын статистика саласы. Демографиялық статистика халықтың тууын, өлуін, некеге отыруын, бір жерден екінші жерге қоныс аударуын зерттейді. Халықтың саны, оның құрамы мен орналасуы жөнінде ең дәл және егжей – тегжейлі деректерді халық санағы береді. Санақ аралығында халықтың саны, оның таптық және жыныстық жасына қарай құрамы арнаулы есептеулер арқылы анықталады. Халықтың тууы, өлуі, некелесуі, ажырасуы жөніндегі деректер АХАЖ (ЗАГС) органдарында, ал, халықтың қоныс аударғандарын милиция органдарында тіркеудің нәтижесінде анықтайды. Демографиялық статистика халық санағының принциптерін анықтап, оны әзірлеу мен жүргізуді ұйымдастырады, санақтың бағдарламасын жасап, қорытындысын, талдайды, халықтың саны мен құрамын зерттейді, балалар өлім – жетімнің, халық өсімінің көрсеткіштерін есептеудің, өмір ұзақтығы көрсеткіштерін есептеудің тәсілдерін жасайды. Халық тығыздығының көрсеткішін есептейді. Демографиялық статистиканың кейбір көрсеткіштерінің халық өсуінің келешегін зерттеуде маңызы зор. [2].

Әлемде демографиялық жағдайын жақсартуда жақтаушылар және өзіндік ұлттық ерекшелікті сақтап қалғысы келетіндер арасында кереғар пікірлер бар. Әсіресе, көпэтникалық мемлекетте мұндай мәселелер өзекті. Ал қазіргі кезде дүниежүзіндегі мемлекеттердің 90% көпэтникалық. Моноэтникалық мемлекетте демографиялық саясатты жүргізудің біршама жеңілдірек екендігі белгілі. Дегенмен, дүниежүзіндегі мемлекеттердің 10% ғана халық құрамы жағынан гомогенді. Мәселен, Қазақстан Республикасының этникалық көрінісін әр түрлі 140-тай этникалық топ құрайды.

Қазақстан территориясы жағынан дүниежүзінде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан және Австралиядан кейін тоғызыншы орынды алса, ТМД елдерінің ішінде екінші орынды алады. Территориясы: 2724900 шаршы километр. Қазақстан Республикасының құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы - 13392,6 км, оның ішінде көршілес жатқан мемлекеттермен шекарасының ұзындығы мынандай: Ресей Федерациясымен - 7591,0 км, Өзбекстан Республикасымен - 2351,4 км, Қырғызстан Республикасымен - 1241,6 км, Қытай Халық Республикасымен - 1782,8 км, Түркменстан Республикасымен - 425,8 км. [3].

Мұндай географиялық жағдайдың Қазақстан үшін біршама қауіп де бар. Өйткені, көршілес жатқан шамадан тыс қоныстанған мемлекеттердің кейбірінің «демографиялық қысымына» ұшырауы мүмкін. Ал бұл ұлттық қауіпсіздігімізге қатер және этносаралық қатынастарды тұрақсыздандырады сөзсіз.

Демографиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағымсыз құбылыстар мен үдерістерді болжап және алдын алу өте қажет. Яғни, демографиялық жағдайды жан-жақты талдау жинақталған, өз шешімін күтетін демографиялық мәселелердің көптігін көрсетеді. Осымен қатар, белең алған экономикалық дағдарыс демографиялық жағдайдың өзгеруіне және көптеген күрделі мәселелердің туындауына алып келді.

Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді орталықтарында жұмысқа орналастыруға басымдық беру. Осы үш міндет бойынша халықты жұмыспен қамтуға деген мүмкіндігі жоғарлайды. Ауылда жұмыс істейтіндерді шағын несиелермен қамтамасыз ету жолдарыда қарастырылған. Қалада жұмыс істегісі келетіндерді мемлекет есебінен оқытылып, жұмысқа орналастыру туралы айтылған. Осы бағдарлама бойынша 2020 жылға қарасты осылайша 1,5 миллион адамды сапалы жұмыстарға еңбекке орналастыруға міндет қойылған.

Осы жолдауда «Қол жетімді баспана-2020» атты бағдарламасы туралы айтылған. Бұл бағдарлама бойынша елімізде жыл сайын 6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Алайда мемлекет миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз ету туралы міндет қойып отыр. Бірақ ол үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 миллион шаршы метрге жеткізу керек. Сондай-ақ ұзақ мерзімді жалға беруде сатып алынатын және

сатуға жатпайтын екі түрлі жолды қарастыру қажет. Осы мәселелерді шешуде «Қол жетімді баспана-2020» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады» делінген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтің ұлттық жаңғару және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясындағы келесі мәселелер бойынша берген кең көлемді сұхбатында: «демографияның басты тетігі - табиғи өсім. Кейінгі екі Жолдауымда да осы мәселеге көп көңіл бөлінді.. 1995-1996 жылдары Қазақстанда жылына 190-200 мың бала туатын. Қазір ол көрсеткіш 350 мыңға жетті. Табиғи өсу бар. Енді осы қарқыннан айырылмауымыз керек. Ең бастысы - жаһандану заманы екен, нарық заманы екен, қымбатшылық екен деп жүріп халқымызға ежелден тән балажандылық дәстүрін үзіп алмау. Әр бала өзінің несібесін ала келеді. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» дегенді қазақ тегін айтпаған. Сондықтан пейілді тарылтпайық. Мұны, әсіресе жастарға арнап, қадап айтамын.

Көп балалы әр отбасы - Отанымыздың бір тірегі», - деп атап өткен [4].

Осы айтылғандарға орай, Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайының жақсарту және де оның өсуін болжау үшін демографиялық көрсеткіштерді талдау, демографиялық үдерістерді қауіпсіздік контекстінде зерттеу өте өзекті.

«Ұлт» деген ұғымның төрт белгісі бар: тіл, территориялық, экономикалық, мәдениет бірлігі бар әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың жоғары формасы. Міне, осы айтылғандардан «қазақстандық ұлт» пен «қазақстандық халық» деген ұғымдардың айырмашылығы көрініп тұр.

Қазақстандағы қазақ ұлтын, диаспораларды «қазақстандық ұлт» деп атау орынды десек, бұл айналып келгенде нигилизмге, қазақтардың жерін, тілін, мәдениетін, дінін менсінбеуге, диаспоралардың мүддесімен есептеспеуге әкеледі. Жеке азаматтың қай ұлтқа жататыны ол жеке субъективтік, өзіндік сипаттағы мәселесі, ал ұлттық қауымдастық бұл объективті, шынайы ақиқат, қиялдағы топ емес. Әлемдегі әр мемлекеттің тірегі ұлттар, олардың саяси-территориялық қауымдастығы, ал, бір ұлт, егер, ол ел халқының 60 пайызынан асса, мемлекет құрушы ұлт болып табылады, себебі сол мемлекеттің ұйытқысы. Сондықтан, көпэтностық мемлекет деген, «ұлттардың мемлекеті» деген қисынсыз пікір. Қазақстандық ұлт жобасы 100 ден астам ұлт мекендеген Қазақстанда тұрақтылықты сақтау үшін өмірге келген болатын. Көптеген ұлттар арасында консенсусты ұстап тұру жолы. Қазақстандық ұлт – өтпелі кезеңнің саясаты болатын. Мемлекет құрушы ұлт басым болуымен бұл идеологиядан бас тартатын кез жетті. Қазақстандық ұлт орнына қазақ ұлты деген сөзді көбірек қолданған абзал.

Демографияның социологиямен өзара байланысын кешенді түрде қарастыратын болсақ, ол социологиялық зерттеудегі демографиялық талдау әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Халық қоғамдық өмірдің негізгі және субъектісі болғандықтан демография қоғамдық процестерді басқаруға себепші болады. Демографиялық зерттеуде статистикалық, математикалық, картографиялық, сонымен бірге социологиялық әдістер қолданылады.

Демография ғылымының тарихы XVII ғасырдың II жартысынан бастау алады, осы кезең капитализмнің дамуы тұрғындарды зерттеуді туындатқан болатын. Демографияның ғылым ретінде дамуына әсер еткендер: Дж.Граунт, Э.Галлей, В.Фарра, А.Кетле. Ресейде XVIII ғасырда «халық санын сақтау және көбейту» мәселесіне ең алғаш көңіл бөлген М.В.Ломоносов болатын, кейінгі демографиялық зерттеулерді дамытқан П.П.Семенов-Тянь-Шанский, У.Ц.Урланис, В.В. Паевский, С.Г. Струмилин, М.В. Птухе, Д.К. Шелестов және т.б. болатын.

Қазақстандағы заманауи демографиялық зерттеулер кеңес одағы кезінде қалыптасқан дәстүрге сүйенеді. Қазақстандағы демографиялық мәселелерді қарастырған отандық ғалымдар: Н.Е.Бекмаханов, А.Н.Алексеев, М.Х.Асылбеков, А.М.Жаркенов, А.Б.Талиев, Т.Ж. Жумасұлтанов, А.Т.Ибраев, Ф.Н.Базанов, М.Н. Сдыков, Е.Ю. Садовская, А.Б. Гали, А.Т. Забирова, М.Б.Татимов және т.б.

2016ж. 1 мамырға еліміздегі халық саны 17753,2 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 10129,0 мың (57%), ауылдықтар – 7624,2 мың адамды (43%) құрады. 2015 жылғы 1 мамырға салыстырғанда халық саны 255,1 мың адамға немесе 1,46% өсті.

АХАТ органдары ұсынған азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2016ж. қаңтар-сәуірде туылғандар саны 131,1 (2015 жылғы қаңтар-сәуірде – 127,0) мың адамды құрады, бұл 2015ж. қаңтар-сәуірге қарағанда 3,2% көп. Туу кезектілігі бойынша бірінші, екінші және үшінші туғандардың үлес салмағы сәйкесінше 32% (34%), 29% (28%) және 19% (18%) құрады. Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 22,29 (22,02) туылғандарды құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандар саны 45,0 (45,3) мың адамды құрады, бұл 2015ж. қаңтар-сәуірге қарағанда 0,7% көп. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға 7,65 (7,87) қайтыс болғандарды құрады.

2016ж. қаңтар-сәуірде республика халқының табиғи өсімі 2015ж. қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 4,5 мың адамға немесе 5,5% көбейіп, 86,1 (81,6) мың адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 14,64 (14,15) адамды құрады.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде республикада 1 жасқа дейінгі 1 312 (1 213) нәресте өлімі тіркелді. 2015 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі шетінеген нәресте саны 8,2% көбейді. 2016 жылғы қаңтар-сәуірде нәресте өлім-жітімінің коэффициенті 1000 туғандарға шаққанда 10,01 (9,58) құрады. Нәресте өлім-жітімінің негізгі себебі - перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар, бұдан 2016 жылғы қаңтар-сәуірде 705 (608) нәресте қайтыс болып, нәрестелер арасындағы жалпы өлім санының 53,7% (50,1%) құрады. Туа біткен ауытқулардан 277(268) немесе 21,1% (22,1%), тыныс органдары ауруларынан – 99 (85) немесе 7,5% (7,0%) және жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан - 54 (68) немесе 4,1% (5,6%) нәресте қайтыс болды.

Көші-қон полициясы органдары ұсынған келу/кетуді статистикалық есепке алу талондарындағы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2016 жылғы қаңтар-сәуірде елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны (көшіп-қонушылар) 2015 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 23,9% кеміп, 4 142 адамды құрады. Елімізден кеткен көшіп-қонушылардың тіркелу саны 16,3% көбейіп, 7 663 адамды құрады, көші-қонның айырымы -3 521 адам болды. Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен болуда. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі, тиісінше, 73,5% және 88,1% құрады. Қарастырылып отырған кезеңде 2015ж. қаңтар-сәуірмен салыстырғанда ел ішінде көшіп-қонушылар саны 17,6% азайып, 133 695 адамды құрады. Өңіраралық көшіп-қонушылардың үлесіне еліміздің жалпы ішкі көшіп-қонушылар санының 42,7% тиесілі. Өңіраралық көші-қонның оң айырымы Алматы (12 426 адам), Астана (16 адам) қалаларында және Павлодар (265 адам), Ақмола (249 адам), Қостанай (246 адам), Маңғыстау (196 адам), Атырау (190 адам) облыстарында қалыптасты. [5].

Айта кетейік, ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше 2017 жылы кәмелет жасына толмаған балалар арасында жасалған 20 суицид оқиғасы тіркелген. Бұл 2016 жылмен салыстырғанда 42 пайызға (14 жағдай) көп.[6].

Келесі кезекте демографияға әрине ажырасу мәселесі бірден бір орын алады. Ресми статистика бойынша, Қазақстанда соңғы жылдары ажырасу күрт көбейіп кеткен. Отбасылық психолог мамандарға сұраныс күшейген. Астаналық судья ажырасудың себебін жұмыссыздықтан көреді.

Осы екі-үш жылда, «дағдарыс» басталғаннан шығар, 20-30 жас аралығындағы жастар арасында ажырасу өте көп. Көбіне ажырасуға әйел адам өтініш жасайды. Ең бірінші себеп – жұмыс жоқтықтан. Көп ер балалар жұмыс таба алмайды. Бір жерде істейді, одан шығып кетеді, бір жерде келісім-шарт жасаспағаннан жұмыс беруші алдайды.

Қазір жұбайларға ажырасу туралы ойлануға алты айға дейін уақыт беріледі. Бірақ егер қос тарап мерзімге келіспесе, одан ерте ажырасып кетулеріне болады.

Ресми деректер бойынша, Қазақстанда үшінші жыл қатарынан некелер саны азайып, жеті жылдан бері ажырасу саны көбейіп келеді. Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитетінің мәліметіне сәйкес, 2013 жылы – 168 417 неке, 2014 жылы – 159 328 неке, 2015 жылы 148 769 неке қиылған. Ал ажырасу саны 2014 жылы - 52 673 болса, 2015

жылы - 53 293-ке жеткен. Ұлыбританиялық The Economist журналы шығарған 2015 жылдың Pocket World in Figures статистикалық жинағындағы ақпарат бойынша, Қазақстан дүние жүзіндегі жан басына шаққанда ерлі-зайыптылар ең көп ажырасатын 10 елдің қатарына кіріп тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иватова Л.М., Балапанова А.С. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі: негізгі бағыттары, тенденциялары, басымдықтары. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 338 б.
2. Иватова Л.М., Балапанова А.С. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі: негізгі бағыттары, тенденциялары, басымдықтары. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 338 б.
3. <http://www.stat.kz> Сайт Агентства Республики Казахстан по статистике.
4. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы» 2000 жылғы “17” тамыздағы № 1272 қаулысымен бекітілген.
5. <http://www.stat.kz> Сайт Агентства Республики Казахстан по статистике.
6. <https://szh.kz/> ресми сайт

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлекметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының
төртінші курс студенті
Өмірхан Айерке Ардаққызы**

**ҚАЗАҚСТАНДА МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ
МӘСЕЛЕСІН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ**

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі мәселесі Елбасымыздың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұсынылған. Елбасымыз жалпы денсаулық сақтау жүйесі ол жұмыс беруші мен мемлекеттің, сонымен қатар жұмысшының өз денсаулығына ортақ жауапкершілігіне негізделуі қажет екендігін жете атап көрсетті. Жалпы елімізде міндетті медициналық сақтандырудың енгізу қажеттілігі ол бірнеше факторларға негізделіп отыр. Біріншіден, нарықтық экономикаға ауысу жағдайына байланысты халыққа медициналық қызмет көрсету саласындағы әлеуметтік қорғау мәселесі өзектіленді. Ол тұлғаның мәртебесі мен оның қаржылық жағдайына, сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне тәуелсіз болып табылады, яғни сырқаттанған жағдайда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда сақтандырылғандардың барлығы өзіне қажетті медициналық көмекті қолдана алады. Ал екіншіден, ол қоғамдағы топтар арасындағы жіктелудің күшеюі, яғни топтар арасындағы материалдық алшақтық медициналық қызмет көрсету саласында әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуына алып келеді. Медициналық көмек алу - ол барлығына бірдей тиесілі мемлекеттің кепілі болып табылады, сонымен қатар ол барлығына бірдей медициналық көмек алуға қолжетімділікті қамтамасыз етеді және де сақтандырылған әлеуметтік тұлғалар арасындағы теңсіздікті жояды. Үшіншіден, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу ол экономикалық маңыздылыққа да ие болып табылады, яғни денсаулық сақтауға бөлінген қаржының белгілі бір бөлігі медицина саласындағы кішігірім қаржылық мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар, сақтандырылған тұлғаларға медициналық көмекті тегін алу мен қолжетімділікті және де сапалы медициналық көмек алуды қамтамасыз етеді. Қазіргі кезге дейін еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде көптеген бағдарламалар жасалынған және де оларды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан айтарлықтай қомақты қаржылар да бөлінген болатын. Сондай бағдарламаның бірі болып табылатын «Денсаулық» бағдарламасын алатын болсақ, онда бұл бағдарлама 2016-2020 жылдар аралығында жүзеге асуы тиіс, сонымен қатар бұл бағдарламаның қарапайым халыққа тиімді жақтары жеткілікті қарастырылған. Бұл жоғарыда айтылып отырған міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі біздің еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне екінші рет енгізгелі отырғандығын бәріміз білеміз, ал бұл сақтандырудың қарапайым халық үшін қаншалықты тиімді екендігінен халқымыз бейхабар, өйткені жалпы медициналық сақтандыру ұғымын толыққанды әліде болса дұрыс түсінбей отыр. Бұл дегеніміз жалпы қарапайым халыққа міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі не беретінін және де оның тиімділігін түсіндіру қажеттігі туындап отырғандығын айқындайды.

Жалпы медициналық сақтандыру - денсаулық сақтаудағы халықтың мүддесін әлеуметтік қорғаудың түрі, медициналық көмек қажет еткенде сақтандырылған жағдай бойынша науқасқа жинаған қаржы кепілдік болады. Негізінде медициналық сақтандырудың екі түрі бар. Олар - міндетті медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру. Міндетті медициналық сақтандыру медициналық жәрдемнің сапасын бақылауды қарастырады, оның мақсаты - міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасымен және медициналық жәрдемнің қолданыстағы стандарттарымен кепілденілген көлемде, сапада және шарттарда медициналық жәрдем алуға азаматтардың (сақтандырылған) құқықтарын қамтамасыз ету. Ал ерікті сақтандыру адамның қалауы бойынша ғана жүзеге асырылады [1].

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы жиналған қаражат азаматтардың тегін медициналық көмек алуы үшін жұмсалады. Яғни, бұрын мемлекет есебінен жүзеге асырылған тегін медициналық қызмет түрлері аталған сақтандыру жүйесі арқылы орындалмақ. Зейнеткерлерге, еңбек жасына толмаған азаматтаға, мүмкіндігі шектелген азаматтарға қызмет тегін көрсетіледі. Міндетті медициналық сақтандыру кез келген тұрғынды медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Оның басты маңыздылығы да сонда. Медициналық сақтандыру ең алдымен адамның өз денсаулығына жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, сақтандыру қорына жарна төлеу арқылы азаматтар қалаған аурухана мен емханадағы дәрігеріне барып, емделуге мүмкіндік алады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында ақшасы бар азаматтардың емдеу ақысы дәрігерлерге сол қордан төленеді. Ал медициналық қызмет үшін жасалатын төлемдер қордағы ақшадан алынатын болғандықтан, енді емдеу мекемелері арасында бәсекелестіктің басталатыны сөзсіз. Өз кезегінде бәсекелестік медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттырады. Көбірек пайда табуға тырысқан медицина қызметкерлерінің емделушілерге барынша сапалы қызмет көрсету көрсеткіші жоғарылайды. Өйткені емделушілер қай дәрігерге баратынын өзі шешеді. **Жалпы** әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі төмендегідей құрылымдардан тұрады:

- әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатысушылар;
- әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылардың арасындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттің белгілеп, кепілдік беретін нормалар мен қағидаттардың жиынтығы.

Ал енді әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатысушыларға мыналарды жатқызуға болады:

- мемлекетіміздің әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры - барлық төлеушілерден түсетін төлемдерді шоғырландыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ тұрғындар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемік беретін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

- жұмыс берушілер және жұмыс жасаушы азаматтар;

- медициналық қызметтерді жеткізіп берушілер - денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке меншік медициналық көмекпен айналысатын және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемік беретін және әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру төлейтін медициналық қызметтер көрсететін жеке тұлғалар;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрі-дәрмектерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, дәрі-дәрмектерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау қызметтерін жүзеге асыру және

шарттарды, ұзақ мерзімді шарттарды жасасу, сондай-ақ медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру;

- медициналық мақсаттағы бұйымдарды, дәрі-дәрмектерді және медициналық техникаларды жеткізіп берушілер – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техникаларды сататын заңды және жеке тұлғалар;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі алушылар – әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру төлейтін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі алатын Қазақстан Республикасының азаматтары және оралмандар;

- әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар алатын әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру қызметтерінің көлемі олардың қаржылай жарнасының мөлшеріне қарай белгіленетін болады[2].

Мемлекетіміздегі сақтандырудың негізгі ерекшелігі ол барлық әлемдегі тәжірибені зерттей келе көптеген тиімді жақтарын қарастырған. Біріншіден, әлеуметтік әлсіз топтар, балалар, жұмыссыздар, студенттер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар медициналық қызметті тегін пайдаланады, екіншіден, төлемдерді тек жұмыс берушілер мен қызметкерлер жүзеге асырады, мемлекет құқықтық реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады, үшіншіден, әр жылда сатылап көшуді қарастырады. Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізіледі.

Жалпы әлемдік тәжірибеде медициналық сақтандыру жүйесінің бірнеше модельдері бар және соған орай өзіндік ерекшеліктерге ие. АҚШ-та ерікті медициналық сақтандыру енгізілген. Құрама Штаттардағы медициналық сақтандыру толықтай дерлік жұмыс беруші тарапынан қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда ерікті түрде халықтың 60%-ы медициналық сақтандырылған. Израильде денсаулық сақтау ұйымдарының ең үздік заманауи технологияларды былай қойғанда, жан басына шаққандағы дәрігерлердің көптігі жағынан да алдыңғы қатарда екенін атап өту керек. Сонымен қатар, Израиль өмір сүру ұзақтығынан да алда. Әйелдер үшін бұл 79,4 жас болса, еркектер арасында - 75,5 жас. Ал нәресте өлімі жағынан ең төменгі орында. Израильдегі медициналық сақтандырудың бір ерекшелігі - халықтан денсаулық сақтау салығы ретінде міндеттелген. Міндетті медициналық салық заңдастырылғандықтан, елде медициналық қызмет көрсету де ақысыз. Азаматтарға ұсынылатын тегін науқастық кассада барлық сырқаттың емі мен дәрі-дәрмегі қарастырылған. Алайда органдардың трансплантациясы, шетелде емделу, дәстүрлі емес емделу мен тіс дәрігерінің жеңілдіктеріне азаматтар қосымша ақы төлейді. Италия үкіметі азаматтардың денсаулық сақтауына көбірек қаражат бөледі. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы 191 елдің денсаулық сақтау саласын жете зерттеп, Францияға ең үздік деп баға берген. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінде жиырмадан астам сақтандыру түрлері бар. Францияда заңнама бойынша сақтандырудың бірыңғай тәртібі белгіленген. Француз халқының 80%-ы міндетті сақтандырумен қамтылған. Құрамына 90 сақтандыру компаниясы кіретін сақтандыру жүйесі ортақ ұлттық ұйым тарапынан қадағаланады. Қаржы сақтандыру салықтары арқылы толтырылады, бұл қор көлемінің 90%-ын құрайды. Сонымен қатар Францияда міндетті мемлекеттік сақтандырумен қатар қосымша сақтандыру мен жергілікті сақтандыру қорлары да бар. Жергілікті сақтандыру қорлары арқылы медициналық көмекті сақтандырылмаған азаматтар алады. Францияда ондай азаматтар халықтың бар-жоғы 2%-ы ғана деседі. 1883 жылы Германия канцлері Отто фон Бисмарктың бастамасымен медициналық сақтандыру туралы арнайы заң жобасы қабылданған. Бұл жүйені кейінірек бірқатар Еуропа елдері де тәжірибелеріне енгізген. Батыс Еуропа елдері негізінен міндетті медициналық сақтандыруға басымдық береді. Германия, Австрия, Франция, Бельгия, Нидерланды, Швеция, Швейцарияда міндетті медициналық сақтандырудың алдын ала төлемін заңмен бекіткен. Германияның бір жарым ғасырдай тарихы бар сақтандыру жүйесінің бір ерекшелігі - сақтанушының жеке басы ғана емес, сонымен қатар, отбасы мүшелері де оның полисін пайдалана алады. Медициналық сақтандыру құны жартылай

жұмыс беруші тарапынан, жартылай жұмысшының өзінің қалтасынан төленеді. Германия үкіметі медициналық сақтандыруды мүлде мойнына алмайды. Мемлекеттің бар міндеті - жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Тек халықтың 2%-ын құрайтын белгілі бір топтың медициналық сақтандырылуы ғана мемлекеттің мойнында. Елдің 80-ы міндетті медициналық сақтандыруға жүгінсе, 8%-ы - жекеменшік сақтандыру компанияларының тұтынушылары[3].

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылдың қарашасында Заң жобасы Парламентте талқыланды. Аталған заң жобасына азаматтарға медициналық қызметтің түрлі пакеті ұсынылады:

- республикалық бюджеттен қаржыландырылатын медициналық көмектің мемлекет кепілдендірген көлемін ұсынатын базалық пакет. Ол еліміздің күллітұлғалары үшін қолжетімді болмақ. Оның құрамына жедел жәрдем қызметі, санитарлық авиация, әлеуметтік маңызды ауруларға, сондай-ақ төтенше жағдайларда, профилактикалық екпе кезінде көрсетілетін медициналық көмек кіреді. 2020 жылға дейін өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарға республикалық бюджеттің есебінен амбулаторлық-дәрілік қамтамасыз етілетін амбулаторлық-емханалық көмек көрсету қарастырылған.

- жаңадан құрылатын медициналық сақтандыру қоры ұсынатын сақтандыру пакеті. Оған амбулаторлық-емханалық көмек, стационарлық көмек (әлеуметтік маңызды ауруларды есептегенде), стационарлық көмекті алмастыратын көмек (әлеуметтік маңызды ауруларды есептегенде), қалпына келтіру емдік шаралары, медициналық реабилитация, паллиативтік көмек және мейірбикелік қарау мен жоғарғы технологиялық көмек кіреді. Аталған пакеттерге қосымша ерікті сақтандыруға қатысқан азаматтар медициналық қызметтерді жеке сақтандыру компанияларымен жасаған келісімшарт негізінде алатын болады. Жалпы әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыру тек қана мемлекет үшін емес, сонымен қатар халықтың мүддесі үшін қажет. Халықтың өзінің денсаулығына деген жауапкершілігін арттыру, көптеген ауруларды алдын ала анықтау, яғни профилактикалау, сонымен қатар денсаулықты жоғары бағалау керек екенін түсіндіру мақсатында болашақта жоспарланған әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілмек.

Бұл мақалада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу мәселесіне әлеуметтік талдау және сипаттама жасалынды, сонымен қатар бұл бағдарламаны енгізудің тиімділігі мен қолайлығы толығымен айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Міндетті медициналық сақтандыру - уақыт талабы// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газеті/ 22 маусым/2016ж.
2. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізутұжырымдамасы
3. Долинская Л.М. Социальное страхование: опыт Европы//Трудовое право № 8, 2004 г., с. 41 - 52.

МҮГЕДЕКТЕР БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мүгедек балалардың мәселелерін шешу, қол жетімді ортасын қалыптастыру және әлеуметтік жағдайын жақсарту мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі.

Мүгедек балалардың қол жетімді ортасын қалыптастыру – өздерін қоғамда еркін сезінуіне жағдай жасау, өзін қоғамның бір бөлшегі ретінде қарауын, сонымен қатар мүгедек балалардың қоғамда жүріп – тұруын және кез-келген сферада оларға тиімді жағдай ұсыну мен жүзеге асыру іс-шаралар кешені.

Бүгінде елімізде 600 мыңнан астам әртүрлі деңгейдегі мүгедек адам бар. Яғни бұл дегеніміз халықтың жалпы санының 3,5 %-нан астам мүгедек өмір сүреді деген сөз. Оның ішінде мүгедек балалардың саны 69 мыңнан асады[1]. Мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету - мүгедектерді әлеуметтік жәрдемақыларды уақытылы төлеу мәселесін ғана емес, мүгедектерді оңалту мен оларды қоғамға кіріктіру міндеттері және олардың қол жетімді ортасын қалыптастыруды да қамтиды.

Мүгедек балалардың қол жетімді ортасын қалыптастыру мақсатында соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістер болды, оған бірқатар нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру септігін тигізді. Мүгедек балалардың қол жетімді ортасын қалыптастыруаясында қабылданған нормаларды іске асыру мақсатында 2016 жылдың ішінде автомобиль, теміржол, әуе көлігі, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, білім беру, ішкі істер, тұрғын үй және ақпарат саласындағы заңға тәуелді актілерді жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Осы нормативтік құқықтық актілер шеңберінде мүгедек балалардың қол жетімді ортасын қалыптастыру және мүгедек балалардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында 2012-2018 жылдарға арналған жоспар» қабылданды[2]. Осы жоспар бойынша төмендегі мәселелер қарастырылады:

- 1) Балалардың мүгедектігінің басталу қатерінің алдын алу;
- 2) Мүгедек балаларды және олардың ата-аналарын онлайн қолдау;
- 3) Мүгедек балаларды әлеуметтік қолдаудың барабар жүйесін қалыптастыру;
- 4) Мүгедек балалардың қолжетімді ортасын құру.

1. Мүгедектіктің басталу қатерінің алдын алу шеңберінде қазір сәби жастағы балалардың патологиясын уақтылы анықтау жұмыстары күшейтілді (*психофизикалық скрининг, жаңа туған нәрестелерге аудиологиялық скрининг*), білім беру ұйымдарындағы медициналық пункттер желісі қалпына келтірілуде. Туа біткен патологиялар бойынша соңғы үш жылда балалар арасындағы алғашқы мүгедектік деңгейі 1,1 %-ға төмендеді.

Мүгедектікке әкеп соғатын патологиялардың арасында жүрек-қан тамыр аурулары әлі де бірінші орында тұр - соңғы үш жылда осындай сырқат адамдардың үлес салмағын, олардың жалпы санының 15,7 % деңгейінде тұрақтандыруға қол жетті.

2. 2015 жылғы маусым айынан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Қазақстандық - Ресейлік медициналық университетпен бірігіп мүгедек балаларға және оларды тәрбиелейтін ата-аналарды онлайн-қолдау бойынша жобасы жүзеге асырылды. Қызмет жұмысының уақытында мүгедек балаларды тәрбиелейтін 40 қазақстандық отбасы психологтардың кеңестерін алды.

Онлайн-қолдау қызметінің негізгі мақсаты мүгедек балаларды және мүгедек баласы бар отбасыларына кеңестік көмек көрсету, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың психологиялық денсаулығын қалыптастыруға жағдайлар жасау үшін, отбасында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту, сондай-ақ мүгедек балаларды тәрбиелейтін

азаматтарға психологиялық қолдау көрсету мен мүгедек балалардың қолжетімді ортасын қалыптастыру болып табылады.

Қызметтің жұмысы білікті психологтарды шақырумен, «SKYPE» бағдарламалық қамсыздандыру көмегімен ұйымдастырылды, ол ата-аналар мен мүгедек балаларға үйден шықпай кеңес алуға мүмкіндік береді.

Қызметтің көмегі тегін телефон 1411 нөміріне жүгінген кезде қолжетімді.

Бұл бағыттағы жұмыс жаңа технологиялық процестерді, кәсіптерді және өндірістік факторларды ескере отырып аурулардың тізімін әзірлеп, бекітуді, мүгедек балалардың жоғарғы қатерлі топтарын бөлу критерийлерін әзірлеуді; жоғары қатерлі топтардағы мүгедек балаларды медициналық оңалту, сауықтыру емдеу әдістемесін жетілдіруді қамтиды.

3. Қазіргі кезде мүгедек балаларды қолдау үшін мынадай шаралар қабылдануда:

1. әлеуметтік қамсыздандырудың көпдеңгейлі жүйесі аясында мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және МӘСҚ-дан (медициналық-әлеуметтік сараптаманы) және сақтандыру компанияларынан әлеуметтік төлемдер беріледі;

2. мемлекеттік бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлемі нысанында әлеуметтік көмек және жергілікті деңгейде қолдау түрлері көрсетіледі. Мүгедек балаларға тұрмыстық қызмет, жеңілдіктер мен жәрдемақылар алуға қажетті құжаттарды ресімдеуде кешенді қолдау және көмек көрсетіледі;

3) мүгедек балаларды оңалту тиімділігін арттыру үшін «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіне реформа жүргізу басталды.

Арнаулы әлеуметтік қызметпен жыл сайын көмекке мұқтаж 25 мыңнан астам мүгедек бала қамтылады. Бұл ретте стационар (дәстүрлі медициналық әлеуметтік мекеме), жартылай стационар (күндізгі бөлімшелер), үйде күтім жасау жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету түрлерін таңдау мүмкіндігі берілген.

Экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік жағынан да күндіз болу бөлімшелерінде, мүгедек балаларды оңалтудың күндізгі орталықтарында әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа нысандарын дамыту, мүгедек балалардың отбасында тұруын қолдау және соған жетелеу тиімдірек деп есептейміз.

Осыған орай еліміздің 14 өңірінде 42 күндіз болу бөлімшесінің ашылғанын ерекше атап өткіміз келеді. Былтырғы жылы сол бөлімшелерде төрт мыңдай адамға әлеуметтік қызмет көрсетілді. Осы бөлімшелердің жұмысының арқасында 402 балаға отбасына оралуға, ал бес жүздей мүгедек баланың ата-анасы күні бойы осы бөлімшелерге балаларын орналастырып, жұмысқа тұруына мүмкіндік берілді.

Мүгедек балалардың өз үйінде барынша көбірек болуын қамтамасыз ету мақсатында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы кеңейтілуде. 55 ҮЕҰ орналастырылған мемлекеттік тапсырыс негізінде 3 мыңнан астам адам қызметпен қамтылды. Бұл тәжірибе Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстарында кеңірек таралған.

4. Қолжетімді орта құру. Өңірлерде мүгедектер балалар істері жөніндегі кеңестер, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерінен сараптамалық топтар, паспорттауды жүргізу үшін арнаулы жұмыс орындары құрылды. Әлеуметтік маңызды объектілерді паспорттау жүргізілуде. Ондағы басты мақсат мүгедек балалардың жүріп-тұру қолжетімділігін қарастыру болып табылады. Осы орайда ағымдағы жылы Министрлік объектілерді бейімдеудің өңірлік карталарын іске асыруға кірісті. Осы карталар шеңберінде 1084 объектіні бейімдеу, оның ішінде 179-ы ЖЖЖК 2020 қаражаты есебінен, 905 объектіні жергілікті бюджет қаражаты есебінен бейімдеу жоспарлануда. Биылғы жылы 10 мыңнан артық арнайы жол белгілері (сілтегіштер), жүргіншілер өтетін жолдарға дыбыс шығаратын 136 құрылғы орнатылады.

Қазақстанда мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің бастамасы бойынша мүгедек балаларға әлеуметтік такси қызметі пайдаланылады. Қазіргі уақытта облыстарда 102 «Инвотакси» жұмыс істейді, олар жыл сайын 190 мыңнан астам мүгедекке қызмет көрсетеді.

2014 жылдан бастап бюджеттен жыл сайын бұл мақсаттарға 90,9 млн. теңге қарастырылып отыр[3].

Объектілерге қолжетімділік картасын жасау басты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділік жағдайы туралы дерекқорды автоматтандырылуға ықпал етеді.

Қолжетімділік талаптарының сақталуын бақылау бойынша қатаң жүйенің жоқтығына байланысты паспорттау жүргізілген объектілердің жалпы санының 82 %-ы мүгедектердің қажеттілігіне қарай бейімдеуді талап етеді.

Заң жобасында[4] «қолжетімді орта», «қоғамдық орын», «ақпарат алудың қолжетімді нысаны» деген жаңа ұғымдар енгізу; субъектілердің объектілерді жобалау, салу және кейіннен пайдалануға беру процесінде сәулет, қала салу және құрылыс қызметі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілігін; халықтың баяу қимылдайтын топтарының объектілерге қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін салынған объектілерді тапсыру және пайдалануға қабылдауға қатысатын адамдардың жауапты болуы қарастырылған. Сондай-ақ мүгедектерге және мүгедек балаларға теміржол көлігі, әуе тасымалы, су көлігі қызметтерінің қолжетімділігі үшін жағдай жасау; мүгедек балалар кез келген ақпаратты өзіне қолайлы форматта алу құқығын және олардың ата-аналарын ақпараттандыру қолжетімділігін кеңейту; мүгедектерге мүгедегі бар отбасыларға берілетін тұрғын үйлерді арнаулы құралдармен және құрылғылармен жабдықтау тәртібі мәселелері енгізілген.

Сонымен қатар мүгедек балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мүмкіндіктері шектеулі балалардың мұң-мұқтажына қоғамның санасын бұруға ықпал ететін іс-шаралар жүргізілуде.

Министрлік және оның аумақтық органдары мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру бойынша жүргізіп отырған жұмыстары азаматтық қоғам өкілдерінің, ең алдымен мүгедек балалардың қоғамдық бірлестіктері өкілдерімен өзара іс-әрекетте жүзеге асырылады. ҚР Үкіметінің жанында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі жұмыс істейді, оның 25 мүшесінің 16 – ҮЕҰ өкілдері.

Үйлестіру кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретіндегі қызметі барлық мүдделі тараптардың норма шығару процесіне қатысуын, тәжірибе алмасу және шешімді талап ететін проблемаларға шұғыл ден қоюды қамтамасыз етеді. Мысалы, «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» және «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заң жобаларын, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге Үйлестіру кеңесінің мүшелері белсенді қатысты. Қазіргі таңда жеке тұтынушылықты есепке алғанда мүгедек балалар протезді-ортопедиялық көмекпен, сурдо, тифлотехникалық құралдармен, санаторлық-курорттық сауығумен, есту протездеулерімен, кресло-арбалармен, міндетті гигиенялық құралдармен, ымдау тілімен қызмет көрсететін мамандармен қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтатын болсақ елімізде мүгедек балалардың қолжетімді ортасын қалыптастыру үшін біршама іс-шаралар ұйымдастырылған болса да біраз шикіліктерге тап болып жатырмыз. Оның себебі қол жетімді ортаны қалыптастыру әлі күнге дейін батыс елдеріндегідей бір жүйеге тұрақталмай келеді. Мысалға алып қарайтын болсақ мүгедек балалардың қолжетімді ортасын қалыптастыру мақсатында жоспарлар болғанымен, нормативтік актілер қабылданғанымен толық жүзеге асырылмауы мүгедек балалардың жүріс-тұрысын, қолжетімділігін шектеп отыр. Нақтырақ тоқталатын болсақ Алматы және басқа да қалаларда көліктік және дем алатын инфрақұрылымдық нысандарға түгендеу жүргізілді. Сол кезде тексерілген нысандардың ішінде (мүгедектерге қызмет көрсететін ірі нысандарды қоса алғанда) 75% кедергісіз өту талаптарын қанағаттандырылмады[5].

Қазіргі таңда кейбір ғимараттарда ғана көтергіш құрылғылар бар. Сауда саласының, қызметтердің, зейнетақы және жәрдемақы алу орындарының объектілері қол жетімділігі бойынша құрылыс нормалары мен ережелер талаптарына жауап бермейді. Есіктердің параметрлері мүгедек арбасының кіруіне сәйкес келмейді, мүгедектердің көліктерін қою орындары қарастырылмаған. Мүгедектер тұратын тұрғын үйлердің кіреберістерін арнаулы

кұралдармен қайтадан жабдықтау қажет. Әлбетте мүгедектердің соның ішінде мүгедек балалардың жайлы өмір сүруі үшін барлық тұрғын үйлер ыңғайлы болуы керек. Өйткені жарақат алудан ешкім сақтандырылмаған, сол себепті мүгедек балалардың жүріп-тұруы үшін пандус пен лифт қажет.

Қалалық транспорттың да мүгедектерге бейімділігі аз, өйткені олар арнаулы көтергіштермен жабдықталмаған. Осы аталған мәселелер қалпына келтірілсе еліміздегі мүгедек балалардың қолжетімді ортасын қалыптастыру мәселелері өз шешімін табатын еді.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер

1. <http://khabar.kz/kz/news/kogam-kz/item/73300-m-gedek-balalar>
2. ҚР Үкіметінің 14.04.2016 ж. № 213 қаулысымен бекітілген
3. <http://www.inform.kz/kz/kazakstan-mumkindigi-shekteuli-zhandar-ushin>
4. ДСӘДМ-нің 14.06.2016 ж. № 519 бұйрығы
5. "Егеменді Қазақстан». Мүгедекке мүсіркеу емес, мүмкіндік қажет. 7 сәуір 2015ж. -5-

бет

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы
Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті
Сеитжанова Жазира Алыпқызы

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР САПАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Елімізде бүгінгі күні қарттық мәселесі, көптеген басқа елдерде сияқты өзекті мәселе болып табылып отыр. Сонымен қатар, жалпы қарт адамдар арасында жалғызбасты қарттар мен мүгедек қарттарда өте көп, оларға күнделікті күтім жасау немесе үй шаруашылығына көмектесу, оларды қолдау, сонымен қатар, бос уақыттарын ұйымдастыруға қатысты көптеген мәселелер туындап отыр. Қарт адамдары бар отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету біздің мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады, яғни отбасында қарт адамдары бар және осыған қоса, әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды, яғни кедейшілікті, жұмыссыздық, көпбалалық, сырқатты және т.б. бастан өткеріп жатқан адамдарға мемлекеттік қолдау көрсету маңызды болып табылады.

Жалпы қарт адамдарға байланысты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына тоқталып кететін болсақ, онда біріншіден, мемлекетімізде болып жатқан демографиялық өзгерістерді ескеру, ал екіншіден, осы қарт адамдардың өмір сүру сапасын арттыру, яғни жақсарту болып табылады. Мемлекетіміздегі қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі – ол жартылай стационарлық және стационарлық емес қызмет көрсету түрінен тұрады. Соңғы жылдары елімізде қарттардың мекендейтін үйіне барып қызмет көрсету, яғни әлеуметтік-медициналық, құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсететін муниципалды ұйымдар қарқынды жұмыс жасауда.

Еліміздегі әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының стационарлық желісінің дамуы ол бірнеше бағыттар бойынша қызмет атқарады:

- әлеуметтік, медициналық көмек көрсету және оңалтудың, сонымен қатар қайта қалпына келтірудің тиімді түрін қолдану;
- әлеуметтік, мәдени-рухани бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру;
- тұрғылықты өмір сүрудің ыңғайлы, яғни қолайлы жағдайларын жасау;
- герантологиялық ұйымдар мен интернат үйлердің қызметін жетілдіру;
- өзара қарым-қатынастарындағы байланыстарды кеңейту.

Сонымен қатар, мемлекетіміздің жоспарларында мынадай, яғни тұрғылықты үйге барып әлеуметтік-медициналық қызмет көрсетуге бағытталған қосымша бөлімшелерді ашу және осы тұрғылықты үйге барып қызмет көрсету үлесін 10-15% жоғарылату, осыған қоса,

әлеуметтік қызмет көрсететін жаңа мекемелерді ашу сияқты іс-шараларды жүзеге асыру көзделген [1].

Көптеген еліміздің аймақтарында қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету бағытында бірнеше орталықтар кешенді түрде жұмыс жасайды:

- әлеуметтік-психикалық қызмет көрсету бөлімдері;
- герантологиялық бөлімдер;
- қарым-қатынас үйірмелері;
- сенім телефондары және т.б.

Бүгінгі күні елімізде жалғызбасты қарттардың өмірлік сапасын жақсарту үшін және де олардың күнделікті тұрмыстық сұраныстарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қызметтің жаңа үлгісі, яғни әлеуметтік пәтерлер қызмет етуде. Сонымен қатар, қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа технологиясының бірі ол «өзара көмек» немесе «өзіне-өзі көмек көрсету» деп аталады, яғни бұл бірнеше адамнан құралған шағын топтар болып табылады. Бұл топтардың құрылу мақсаты олар бірігіп бір-біріне көмек көрсету арқылы өмірлерін жеңілдету болып табылады, осыған қоса, осы топтың белсенді бір мүшесі ұйымдастырушы қызметін атқарады және де мұндай топқа бір-біріне жақын тұратын және үнемі байланысты болатын тұлғаларды біріктіреді. Олар осы топ мүшелерінің сұраныстарын, туындаған мәселелерін бірігіп отырып шешеді және бір-біріне осылай үнемі көмек көрсетіп отырады. Ал өзара көмек көрсету топтары олар өмірдің саналуан мәселелерін шешуге тырысады, яғни отбасында мүгедек қарт адамдары бар отбасылар бір-біріне қолдау көрсетіп, бір-бірінің сұраныстарын қамтамасыз етуге тырысады. Жалпы өзара қызмет көрсету топтары ол сұраныстары мен шешілмеген мәселелері бар қарт адамдардың дербес өзара іс-әрекеті болып табылады. Өзара көмек көрсету тобы - ол әлеуметтік қолдаудың бір бағыты ретінде мына төмендегі қолдау түрлерін қамтиды:

- ақпараттық көмек көрсету;
- мәртебелік қолдау;
- мәдени-рухани қолдау;
- эмоционалдық қолдау [2].

Қарт адамдардың өмір сүру субъективтілігін қолдау үшін мәртебелік және ақпараттық қолдаулардың маңызы ерекше болып табылады. Сонымен қатар, қарт адамдардың бір-бірімен және өзгелермен қарым-қатынас жасауы – ол қарттарды эмоционалдық қолдау түрі.

Жалпы халықтың қартаюу үдерісі ол бірқатар экономикалық және әлеуметтік мәселелердің туындауына алып келеді, яғни еңбекке қабілетті азаматтарға демографиялық салмақ артады, қарт адамдарды материалдық қамтамасыз етуге байланысты қиыншылықтар туындайды, әлеуметтік қамтамасыз етуге қатысты мәселелер пайда бола бастайды, жалпы еңбек пен демалысты ұйымдастыруда, сонымен қатар, қарт адамдарды медициналық және тұрмыстық жағдайына қызмет көрсетуге қатысты көптеген мәселелер туындайды. Қарт адамдардың зейнетке шығуында олардың күнделікті өмір салтының, үлгісінің және материалдық жағдайының өзгеруіне алып келеді. Ендігі орында қарттарға мәдени және тұрмыстық өзгерістерге икемделу қажеттігі туындайды. Қарттыққа бейімделу үдерісі ол жалпы адамға және оны қоршаған ортасына өз ауыртпалығын тигізбей өтеді.

Қарттық мәселесі еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты шиеленісіп отыр. Бұл үдерістер тек саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға ғана ықпалын тигізбей, сонымен қатар, қоғамның тіршілік әрекетіндегі мәдени негізге де өз әсерін тигізді. Осыған орай, әлеуметтік-экономикалық іс-әрекет үлгісі мен құндылықтар жүйесінде толығымен жаңалану үдерісі болып жатыр. Экономиканың нарықтық сипаты ол өздігінен халықтың табыстарының жіктелуіне, сондай-ақ, теңсіздіктің күшеюіне, ауқатты және кедей әлеуметтік топтарының пайда болуына алып келді. Ал қарт адамдар жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарға енуде халықтың басқа топтарымен салыстарғанда олардың мүмкіншіліктері төмен болып келеді. Жас ерекшеліктерінің өзгеруіне орай, олар жаңа динамикалық таптаурындарды аса қиыншылықпен қабылдайды, яғни олардың өзге әлеуметтік жүйе жағдайында қалыптастырған өмір сүру үлгілері, ол қоғамның

өзгерген құндылықтық бағдарларымен және жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен сәйкес келмейді. Осыған қоса, қарт адамдар үшін кез-келген бірлестікте тіршілік ету жағдайы қолайлығын сипаттайтын белгілі-бір нақты үлгі жоқ, сонымен қатар, қарт адамдардың аймақтық, аймақаралық, мемлекеттік, халықаралық, яғни әр түрлі деңгейдегі олардың өмір сүруінің жағдайы туралы мәліметтер әлі күнге дейін шектеулі. Жалпы қарт адамдар туралы мәліметтердің аздығы, оларды мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етуі мен дамуы жоспарынан жүйелі түрде алып тастаулары мүмкін. Осыған қоса, үнемі қарттық мәселесінің ұлттық және жаһандық тәртібінен алып тасталынуы, ол олардың сұраныстарын қамтамасыз ету үшін ең үлкен кедергі болып табылады. Міне осы тізбектелген себептерге байланысты, қарт адамдар мен егде адамдарды әлеуметтік қорғауды іске асырудағы өзекті мәселе ол олардың өмір сапасын арттыру мәселесі болып табылады.

«Өмірлік сапа» ұғымы – ол әдетте нақты бір әлеуметтік топ мүшелерінің кез-келген тұлғалары үшін өмір сүру жағдайы қаншалықты деңгейде қолайлы қалыптасып жатқандығын сипаттау үшін қолданылады. Өмір сапасы – ол әлеуметтануда, экономикада, саясатта, медицинада және де тағы басқа салаларда белгілі бір адам өмірінің жағдайы мен ерекшеліктерінің жиынтығын бағалауды айқындайтын ұғым деп түсінуге болады және де ол дәл сол адамның осы жағдайлармен және ерекшеліктермен қаншалықты деңгейде қанағаттанатуына қатысты негізделеді. «Өмір сапасының» көптеген көрсеткіштері бар және де оларды негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады, яғни объективті және субъективті.

Өмір сапасын объективті бағалау өлшемдері - ол адамдардың жалпы қызығушылықтары мен сұраныстарының қалыптасқан көрсеткіштері болып табылады және де оларға деген қатынасқа қарап осы қызығушылықтар мен сұраныстардың қанағаттану деңгейін объективті талдауға мүмкіндік туады. Бұл жерде адамдардың материалдық жағдайы (тіршілік деңгейі), оның денсаулық жағдайы, тұрмыстық жағдайы, отбасылық жағдайы және т.б. қарастырылады.

Ал өмір сапасының субъективтілік ұстанымы – ол әрбір адамның өзінің өмір сүру үдерісінде, ол өзіндік жеке өмірлік тәжірибеге ие болатыны және осыған орай, әр түрлі адамдар өзінің өмір сапасын әр түрлі бағалайтынын туралы түсінік қалыптастырады. Көп жағдайда «өмірлік сапа» түсінігін «бақыт» және «өмірмен қанағаттану» сияқты ұғымдармен байланыстырамыз [3]. Жалпы әлеуметтанушылардың пікірі бойынша адамның жоғарғы өмір сапасына мыналарды:

- ұзақ уақыт салауатты өмір сүру, жақсы медициналық қызмет қолдануға мүмкіндік және қауіпсіздік (өмір мен денсаулыққа қауіп-қатердің болмауы);

- қызмет түрлері мен заттарды қолданудағы тиімді мөлшер, материалдық игілікке деген кепілдендірілген қолжетімділік;

- қанағаттанарлық әлеуметтік қатынастар, маңызды қоғамдық қатығыстардың және қолжеткізген игілік деңгейіне қауіп-қатердің жоқтығы;

- отбасының амандығы;

- әлемді тану және жетілу – тұлғаны және қоршаған орта туралы түсінікті қалыптастыратын білім мен мәдени құндылықтарға қолжетімділік;

- қоғамдық мәселелерді шешуде тұлғаның пікірін ескеру, сонымен қатар, адамның мінез-құлық ережесі мен көпшілік мақұлдаған әлемнің көрінісін жасауға қатысу;

- әлеуметтік тиістілік, қоғамдық және мәдени өмірдің барлық түрлеріне толық қатысу;

- әртүрлі ақпараттарға қолжетімділік және оған қоғамдағы қалыптасқан жағдайлар туралы мәліметтерді қосқанда;

- еңбекке қолайлы жағдай, яғни өзіндік шығармашылық пен өзін-өзі айқындау үшін жасалған ыңғайлылық, осыған қоса, қысқа жұмыс күні, тұлғаларға басқада көптеген істермен шұғылдандуы үшін жеткілікті бос уақыт қалдыру және т.б. кіргізуге болады.

ДДҰ анықтамасы бойынша өмір сапасы – ол тұлғалардың мәдени мәтініндегі және құндылықтар жүйесіндегі өзіне тән өмір жағдайын қалыптастыруы болып табылады, яғни мұнда олар өздерінің мақсаттарына, заңдылықтарына және үміттеріне сәйкес өмір сүреді. Өмір сапасы сонымен қатар, физикалық, әлеуметтік және эмоционалды, яғни ол үшін

маңызды болып табылатын және оған әсер ететін ықпалдармен айқындалады. Өмір сапасы – бұл тұлғаның жан дүниесінің және де өзін қоршаған қоғам шеңберіндегі оның үйлесімділік деңгейі болып табылады. HelpAge International халықаралық үкіметтік емес ұйымының зерттеушілерінің пікірі бойынша қарт адамдардың өмір сапасының индексі, ол ұлттық институттар мен халықаралық ұйымдардан алынатын статистикалық мәліметтер негізінде есептеледі. Ол өмір сапасының 13 көрсеткіш жағдайын және қарт адамдардың табыстылығын талдауды болжайды және де оларды негізгі төрт топқа біріктіріп қарастырады:

- материалдық қамтамасыз болу;
- білім мен жұмысбастылық;
- тіршілік әрекеті үшін оңтайлы жағдай.

Аталған көрсеткіштер топтарының таңдалып алынуы, ол қарт адамдардың өмір сапасының басты табыстылығын анықтайтын осы көрсеткіштер болып айқындалатынын қарт адамдардың өзіде және саясаткерлерде растап отыр. Зерттеулердің нәтижесі, жалпы қарт адамдардың өмір сапалары бойынша бірінші орынды Швецария алып отырғандығын, яғни 89,9 бал көрсеткіштің құрайтынын көрсетіп отыр. Жалпы біздің елімізде қоғамдық өмірге қарт адамдардың қатынасу үлесінің өте төменгі деңгейін, сонымен қатар, қарт адамдардың денсаулығының нашар күйін және материалдық қамсыздандырылуының төменгі деңгейін ерекше ескеруге болады.

Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың пікірінше ол қарт адамдардың көптеген қоғамдағы жаңа құндылықтарды қабылдай алмауында, оны біз көптеген қарт адамдардан «біздің кезімізде бұлай емес еді», «бұрын жақсы еді», «мұндай тәртіпсіздік біздің уақытымызда жоқ еді» дегенді жиі естуіміз растайды. Ал енді осы қарттарда қалыптасып қалған құндылықтарды өзгерту үшін не жасауымыз керек деген сұрақ туындайды, жоғарыда бұл сұрақтың бірнеше жауабы ұсынылған болатын, осыған қоса тағы бірнешеуіне тоқталып кетсек:

- қарт адамдарды жаңашылдыққа баулу;
- олардың жас буынмен қарым-қатынас байланыстарын нығайту;
- олардың бос уақытын дұрыс және тиімді ұйымдастыру;
- қарт адамдарды мәдени, әлеуметтік, рухани, діни, психологиялық бағыттағы іс-шараларға қатыстыру және т.б.

Сонымен жоғарыда біз өмір сапасының көрсеткіштері мен факторларына бірқатар тоқталып кеттік. Олардың біразын объективті себептерге байланысты қазақстандық жағдайда қолдану мүмкін болмай отыр, бірақта аталған көрсеткіштердің бірнешеуін қазақстандық статистикалық жүйеге оңтайлы бейімделуіне байланысты, оларды өмір сапасын анықтау үшін табысты қолдануға болады.

Жалпы бұл ұсынылған өмір сапасының көрсеткіштері ол халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне және жалпы адам құндылықтарына негізделі отырып айқындалды, осыған орай, адам потенциалының даму Индексінің негізгі төрт қағидатын бөліп көрсетуге болады:

- табысты көбейту мен экономикалық өсуге бағытталған нәтижелілік тиімді қызмет нәтижесі ретінде;
- теңдік, қабілеттіліктерді іске асыру мен игіліктермен қолдану мүмкіншіліктерін теңдік ретінде ұғыну;
- тұрақтылық, өркениет мүмкіншіліктеріне деген тек бүгінгі күнгілердің ғана емес, сонымен қатар, болашақ ұрпаққа да қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- мүмкіншіліктерді дамыту, яғни жетілу ол тек тұлғалардың қызығушылығына ғана емес, сонымен қатар, ол олардың күш-жігеріне байланысты болатындығын болжайды [4].

Сонымен қатар, өмір сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштерге мыналарды жатқызсақ болады, яғни күтіліп отырған өмір ұзақтығын, білім деңгейін, азық-түлікпен, тұрғын-үймен және киім-кешекпен қамтамасыз етілу деңгейін, әлеуметтік және рухани сұраныстарының қанағаттану деңгейін және т.б. Ал осы аталған көрсеткіштерге мына көрсеткіштерді біріктіретін болсақ, яғни салауатты және ұзақ өмір сүруді, жан-жақты және

қолжетімді білімді, инфрақұрылымның дамып жетілуін, белсенді қоғамдық және мәдени өмірді онда бұл өмір сапасының эталонын сипаттайды.

Бұл мақала жалпы қарттардың өмір сапасын айқындауға арналып отыр. Жалпы қарттық күй әрбір адамның басына туатын заңды табиғи үдеріс деп айтсақта шатаспаймыз. Сондықтанда олардың әрқайсысына қолымыздан келгенше әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуіміз қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Старость в современном российском обществе: интеробъективный и интересубъективный контексты / под ред. М. Э. Елютиной. Саратов: Изд-во Саратов. гос.техн. ун-та. 2010. С. 54
2. Щукина Н.П. Институт взаимопомощи в системе социальной поддержки пожилых людей. – Москва, 2004. 365с.
3. Щекотин, Е.В. Рискологическая концепция качества жизни: от потребности к возможности / Е.В. Щекотин // Вестник Санкт-Петербургского университета управления и экономики. – 2013. – № 6. – С.126-129.
4. Ковалева И.Г. Пожилые люди: социальное самочувствие // Социс.-2001.-№ 7. - С.75.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының
төртінші курс студенті
Тоқтаров Мәди Жанатұлы
Ғылыми жетекші: әлеуметтану мамандығының
ғылыми докторы
Жаназарова Зауре Жолдасбековна

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУМЕН АУЫРАТЫН БАЛАЛАРҒА ПАЛЛИАТИВТІ КӨМЕК ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕРАПИЯЛАРЫ

Бұл мақала онкологиялық дертке шалдыққан науқас балаларға паллиативті көмек көрсету мен оны ұйымдастыру терапияларына арналып отыр. Жалпы Қазақстан Республикасы онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға паллиативтік көмек көрсетуге байланысты қызметті қалыптастыру үстінде деп айтсақта болады. Мемлекетімізде бүгінгі күні алты хоспис жұмыс жасайды. Сонымен қатар, елімізде жалпы науқастарға барынша паллиативтік көмек көрсету мен оңалту көмегін ұсыну толығынша дамып жетілмеген. Бүгінгі күнге дейін онкологиялық дертке шалдыққан науқастарды емдеп оңалту әлеуметтік-медициналық қайта қалпына келтіру емімен шектеліп отыр. Осыған орай, онкологиялық аурулармен ауыртан балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үшін оңалту мен паллиативтік көмек айтарлықтай маңызды болып табылады. Жалпы паллиативтік көмек (латын тілінен аударғанда Pallatus – яғни қорғаймын, жасырамын) дегенді білдіреді. Бұл терминнің, яғни паллиативтік көмек анықтамасының бірнеше түрі қолданылады. Паллиативтік көмек – ол науқастар мен олардың отбасыларына жалпы белсенді көмек көрсету, яғни бұл дегеніміз науқастың дерті емделмейтін жағдайдағы кәсіби мамандар тобының орындайтын көмегі болып табылады. Бұл көмек жалпы науқастың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және діни-рухани сұраныстарын қамтамасыз етуге және оның жақындарын қолдауға бағытталған. Негізгі мақсаты – ол науқас пен оның отбасы мүшелерінің өмір сапасын жақсарту. Паллиативтік көмек – ол сонымен қатар өмірден үмітін үзген науқастар мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сапасын жақсартуға бағытталған медициналық-әлеуметтік іс-шаралар кешені болып табылады. Мұндай күтімнің негізгі

мақсаты – ол науқастың ауыруды және сырқаттың басқа да ауыр салдарын сезінуден құтқару, сонымен қатар әлеуметтік, психологиялық, және рухани тұрғыдан қолдау.

Сонымен жоғарыда көрсетіліп кеткендей паллиативтік көмек – ол науқастарға немесе науқас балаларға қолдау көрсетумен қатар, олардың отбасыларына да қолдау көрсетумен байланысты екендігін көруімізге болады, яғни бұл дерттің жазылмайтын түріне шалдыққан немесе сырқаттың соңғы сатыларына дейін білмеген науқастары бар отбасылар үшін бұл үлкен қасірет. Сондықтанда бұл отбасыларды әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан қолдау ол заңды үдеріс. Біздің елімізде әліде болса паллиативтік көмек көрсету орталықтарының жеткіліксіздігі және олардың толыққанды оңалтумен айналыспайтындығы бұл мәселені қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар паллиативтік көмек онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға бұл дерттің соңғы сатысында көрсетілетін көмегі болып табылатынын білдік және де бұл науқастар өздері тіркелген жердің онколог мамандарының бақылауында болады. Жалпы онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға құрамында есірткісі бар дәрі-дәрмектерді тағайындау мен оларды беру ол үнемі онколог дәрігерлермен қадағаланып бақыланып отырады.

Әлемдік тәжірибеде бұл үлгі «хоспис» атауына ие болды (латын тілінен аударғанда Hospice – түсініксізқабылдау үйі немесе таңданарлыққабылдау үйі деген мәнді білдіреді). Жалпы хоспистар бірінші орында онкологиялық дертке шалдыққан науқастардың дерттің соңғы сатысын бастан кешіру тұсындағы мәселелерін шешуге бағытталған, яғни науқастардың медициналық, психологиялық, әлеуметтік және рухани мәселелер кешенін қарастырады [1].

Енді медициналық мәселелерге тоқталатын болсақ, сырқаттың емделуіне мүмкіншіліктің жоқтығы ол дәрігердің жұмысының біткендігін сипаттамайды. Келесі дәрігердің басты міндеті – ол науқастың күйзелісін максималды түрде жеңілдету мен ауыруды тоқтату шараларын жасау. Бірақта, бұл мәселені шешу ол амбулаториялық қызмет көрсету жағдайында мүмкін еместігін мына басты екі себептен көре аламыз, яғни ауыруды сездірмейтін препараттардың шектеулілігі мен наркотикті беру лимитінің болуы. Сонымен бірге онкологиялық сырқаттың соңғы сатысы ол адамның барлық ағзалары мен жүйелерінің зақымдануына алып келеді, ал бұл дегеніміз көмектің барлық түрінің қолданылуын талап ететіні анық, осы себептенде көмекті үй жағдайында көрсету тіпті мүмкін еместігін түсінуге болады.

Келесі психологиялық мәселеріне тоқталатын болсақ. Бұл дерттің соңғы сатысында өлімнің жақындап келетінін науқастың түсінуі немесе білуі, ол бірнеше психотерапиялық түзетулерді талап етеді. Хоспистік қызметтің басты міндеттердің бірі – ол науқастың жақындарына, яғни отбасына көмек көрсету болып табылады. Статистикаға сүйенетін болсақ, онда жақындарының өлімінен кейінгі оның туыстарының ауыруға шалдығуы мен қаза табуы 40% өсетінін белгілі бір мәліметтерден көруге болады, яғни бұл дегеніміз науқас жақындарымен психологиялық тұрғыда жұмыс жасау керек екендігін айқындайды.

Әлеуметтік мәселелеріне тоқталатын болсақ, жалпы әлеуметтік мәселелер тамыры - ол онкологиялық дертке шалдыққандардың экономикалық мәселелері болып табылады. Егер науқастың күйзелістік ахуалы оның жақындары үшін қаншалықты ауыр екендігін ескерсек, ал сол науқастың өзінің жағдайын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес шығар, яғни белгілі бір дәрі түрлерін сатып алу, науқасқа күтуші жалдау, қарапайым күнделікті күтім мен тазалық үшін қажетті заттар және т.б. көптеген заттардың қажеттілігі науқасты мазалайтыны анық. Осыған орай, Хоспистардың негізгі мақсаты болып ол науқас пен оның туыстарына әлеуметтік көмек көрсету үлгісі болып, яғни бірінші орында нақ осы науқасқа күтім жасау мәселесі қарастырылған. Тәубеге келу мен кешірім сұрау, күнәларды жіберу және де басқа да діни рәсімдер осы Хоспис жағдайындағы діндармен жасалады, ал бұл дегеніміз өлім үстінде жүрген науқастар үшін өте жағымды психотерапиялық әсер етеді. Діни үлгіні қабылдау ол адамға өлім қорқынышын жеңуге және өлімнің жоқтығын сендіруге көмектеседі.

Жалпы қысқаша жоғарыда берілген сипаттама, яғни соңғы сатыдағы онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға көмек көрсету мен олардағы негізгі туындаған мәселелерді

шешу ол осы хоспистардың ұйымдастырылуының негізгі себебі болып табылады. Осыған орай, біздің елімізде дерттің соңғы сатысындағы онкологиялық ауруларға көмек көрсету үшін жетілген хоспистарды ұйымдастырғанымыз дұрыс. Хоспистік қызметтің негізгі тұжырымдамалық қағидаттары:

- Хоспис – ол өлім емес, өмір үйі;

- Хоспис – ол науқастарға кешенді медициналық, әлеуметтік, психологиялық және рухани көмек көрсету;

- Хоспис – ол науқастың туыстары мен жақындарына әр түрлі бағытта қолдау көрсету;

- Хоспис – ол гуманизмнің дүниетанымы [2].

Енді балалар онкологиясында паллиативтік терапияны ұйымдастыру қағидаттарының кейбір мәселелеріне тоқтала кететін болсақ. Біздің білуімізше, ересектер онкологиясында бұл мәселелер бірнеше жылдан бері белсенді талқыланып жатыр, ал онкопедиатрияда паллиативтік терапияның тәжірибесі өте аз деп айтсақ шатаспаймыз. Өйткені әлі де болса ересектермен Хоспистарда жұмыс жасаудың бүгінгі күні қиыншылықтары жеткілікті, ал балалармен жұмыс жасау одан қиын екені бәрімізге белгілі. Паллиативті терапия жүйесін жетілдіру мәселелері өте күрделі болып табылады. Аталған мәселелердің ішіндегі ең күрделісі және маңызды ол тек науқас бала мен оның туыстарының психологиялық ахуалы ғана емес, сонымен қатар онкологиялық бөлімде жұмыс жасайтын қызметкерлердің психологиялық жағдайына байланысты болып келеді, яғни олар науқас бала мен оның туыстарына, әсіресе отбасы мүшелеріне баланың дертінің асқынуына және ісіктің өршу үдерісіне байланысты бала ағзасында емдеуге келмейтін өзгерістердің орын алғанын және де осыған орай ісікке қарсы арнайы терапияларды тоқтату қажеттілігін жеткізу де оңайға соқпайтынын айта кеткен жөн. Бұл дегеніміз онкологиялық бөлімдерде қызмет ететін қызметкерлердің де психологиялық тұрғыдан мықты болуын талап ететіндігінің көрінісі болып табылады.

Бұл көріністің күнделікті онкология бөлімінің дәрігерлерінің өмірінде қайталанатын үдеріс екенін білсекте, мұндай сұхбат әсіресе емдеуші дәрігерлерден үлкен жауапкершілікті және де бұл дәрігерден рухани және физикалық күшті талап етеді. Міне осыдан онкологиялық бағыттағы емдеу мекемелері мен диспансерлерде қызмет ететін медицина қызметкерлерін психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындаудың маңыздылығы түсінікті. Паллиативті терапияны тиімді жүргізудің оңтайлысы ол нағыз мамандар бригадасын (әлеуметтік жұмыскер, психолог, терапевт немесе педиатр және де онколог) құру, сонымен қатар осындай көмекке мұқтаж отбасыларға қызмет көрсету үшін еріктілер қызметі маңызды болып табылады. Біздің пікірімізше, маңызды рөлге медицина медбикелері де ие, өйткені олар тек медициналық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтануды, әлеуметтік жұмыстың негіздерін, психологияны, биоэтиканы және де паллиативтік терапия курсына қоса меңгергендері дұрыс. Сонымен қатар онкологиядағы медициналық-әлеуметтік жұмыс бойынша негізгі ережелерді жүзеге асыру үшін онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға паллиативті көмек көрсетуді ұйымдастыру қажет, ол үшін:

- үй жағдайында медициналық, психологиялық және әлеуметтік қызметті қалыптастыра отырып, онкологиялық ауруға шалдыққан науқастарға паллиативті көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша әдіснамалық ұсыныстарды әзірлеу;

- онкология бөлімдеріндегі және диспансерлеріндегі онколог дәрігерлер мен медициналық медбикелердің, яғни олардың оқу жоспарларына әлеуметтану, психология, биоэтика бөлімдерін қосу арқылы мамандардың біліктілігін арттыру мен дайындаудың арнайы бағдарламасын жетілдіру;

- осы бағытта қызмет ететін дәрігерлерге, медбикелерге, әлеуметтік жұмыскерлерге, еріктілерге, стационар немесе үй жағдайында науқастармен жұмыс жасайтындарға үнемі әсер ететін психологиялық тренингтерді ұйымдастыру;

- хосписте онкологиялық ауруларға күтім жасау бойынша еріктілерге арналған әдіснамалық оқулықтарды шығару мен үйрететін семинарларды ұйымдастыру [3].

Сонымен қатар паллиативтік көмек онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға бұл дерттің соңғы сатысында көрсетілетін көмегі болып табылатынын білдік және де бұл науқастар өздері тіркелген жердің онколог мамандарының бақылауында болады. Жалпы онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға құрамында есірткісі бар дәрі-дәрмектерді тағайындау мен оларды беру ол үнемі онколог дәрігерлермен қадағаланып бақыланып отырады.

Осы жерде «өмір сапасы» ұғымына қысқаша тоқталып кететін болсақ. Жалпы бұл ұғым батыс философиясында пайда болған және де элеуметтану мен медицинаға өте жылдам енген ұғым болып табылады. Өмір сапасының негізгі фундаменталды қасиеттерінің үш түрін бөліп көрсетуге болады, яғни көпқырлылық, субъективтілік пен динамикалық.

Субъективті өмір сапасы – ол науқастың жеке өмірлік мәнімен сәйкестендіре отырып өзекті шынайылықты қабылдауда өмірлік құндылықтар жүйесін ескеру қажеттілігімен байланысты, яғни бұл науқастың өз сырқатын қабылдауы мен оны емдеу барысын қабылдауына байланысты болып табылады. Субъективтілік ұғымы – ол нақты бір адамның өмір сапасын анықтау барысындағы оның жеке даралығы ұғымымен тығыз байланыстылығын түсінеміз.

Динамикалық өмір сапасы – ол науқастың хал-ахуалы мен оның көңіл-күйін өзгертуге байланысты және сырқаттың асқынуы мен оған жасалып жатқан емді қабылдауын айтамыз. Уақыт өте адамның талпынысы мен оның үміті өзгереді, ол өмірден көпті немесе азды күтеді. Әсіресе, бұл өзгерістер сырқаты қатты асқынғандарда жиі байқалады, яғни науқастың ажалы жақындаған тұста өмірге деген оның көзқарасы толығымен өзгеріске ұшырайды.

Көпқырлы өмір сапасы – жалпы өмір сапасын сипаттайтын оның салалары алуан түрлі болып табылады, бірақ оларды негізгі төрт топқа бөліп қарастыруға болады: физикалық, қызметтік, элеуметтік қырлар және эмоционалдық. Бұл өмір сапаларының әрқайсын бөліп қарастыруға болады.

Өмір сапасының физикалық аспектісіне тоқталатын болсақ, онда ол мыналарды:

- аурудың симптомдар жиынтығын;
- емнің қосымша әсерлерінің тәсілін;
- жалпы физикалық әл-ауқатының айқындығын қамтиды.

Сырқаттың ауыр симптомдарының жоқтығы немесе бар болуы ол өмір сапасына айқын ықпал етеді. Кейбіреулер бұл факторды ең айқын екендігін растайды, бірақта бұл аурудың белгілерінің жоқтығын өмір сапасына теңестірудің өте жеңілдетілген жолының біреуі ғана екені анық.

Өмір сапасының психологиялық-эмоционалдық аспектісіне тоқталатын болсақ, онда ол мыналарды:

- психологиялық тепе-теңдікті;
- жеке тұлғадағы өзгерістерді;
- жеке тұлғаның өз келбетінің сүйкімділігін, тартымдылығын сақтауға деген қызығушылығының жоғалуын, яғни мұнда тұлғаның өмірге деген көзқарасындағы селқостықты;
- бақытқа жету келешегін жоғалту;
- өлімге деген түсініксіз қатынасты;
- рухани қиыншылықтар – яғни дүниенің әділдігіне деген сенімнің жоғалуы;
- қызметкерлер арасындағы қиыншылықтар – яғни, отбасының саулығы, отбасындағы қарым-қатынас, достармен арақатынасындағы қанағаттанушылық, айналасындағылардың сүйіспеншілігінен айрылу қорқынышы, сырқатқа күтім жасаудағы қиыншылықтар, туыстар мәселелері, дәрігерлер мен туыстардың науқасқа қатысты өтірігін және т.б. қамтиды.

Өмір сапасының элеуметтік аспектісіне тоқталатын болсақ, онда ол мыналарды:

- өзіндік элеуметтік мәртебесін жоғалтуын;
- жұмыс ырғағын, үйренген ортасымен байланысының бұзылуын;
- қаржылық мүмкіндіктерін жоғалтуын;
- емдеу мен көмуге қатысты шығындар;

- әлеуметтік оқшаулану;
- тұлғаның мүгедектігі;
- еріктілер мен күтім жасайтындар қызметінің болмауы;
- қабылданған әлеуметтік қолдау;
- бос уақытты дұрыс ұйымдастыруды қамтиды.

Әлеуметтік аспектілер науқастардың өмір сапасына үлкен ықпал етеді, бірақта олардың нақты өлшемін айқындау қиындық тудырады. Әсіресе, бұл құбылыс онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға қатысты болып келеді, олардағы емдеу мен қаржылық мүмкіндіктерінің жоғалуы, сонымен қатар сырқаттың жұқпалылығына байланысты олар жиі әлеуметтік оқшауланудың қиындығын сезінеді, яғни бұл науқастың жалпы өмірлік құндылықтарының түбегейлі өзгеруіне алып келеді десек шатаспаймыз. Өмір сапасының барлық аспектілері бір-бірімен өзара тығыз байланысты және бір жүйеге өзара өрілген, яғни бұл жағдай науқас пен оның отбасына көмек көрсетілу барысында міндетті түрде ескерілуі қажет [4].

Жалпы біздің мемлекетте паллиативтік көмек көрсетуді табысты дамыту үшін ол халыққа паллиативті көмек көрсету бойынша ұсыныстарды қарастыру мен өңдейтін Жұмыс тобын құрау қажет. Мұндай топтар паллиативтік медицинаның түрлі бағыттары бойынша бірнеше топшаларға бөлініп осындай сырқатқа шалдыққан науқастармен жеке жұмыс жасағандары тиімді, өйткені әрбір науқастың сырқаты мен күтімі ол өзіндік ерекшелікке ие болып табылады. Сонымен қатар, жоғарыда айтылып кеткендей елімізде осындай хоспистарда жұмыс жасайтын мамандардың аздығы және де осы себептерге байланысты әрбір науқасқа жеткілікті көңіл бөлінбеуі бұл мәселенің әлі де болса қоғамымыздың өзекті мәселелерінің бірі екендігін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ларионова Н.Н., Цейтлин Г.Я., Ганзина Н.В. и др. Физическая реабилитация детей-инвалидов с онкологическими заболеваниями. Палиативная медицина и реабилитация. М., 1998.
2. Бялик М.А., Бухны А.Ф. О потребности создания службы паллиативной помощи для детей с угрожающими жизни состояниями. "Первый международный форум дети в чрезвычайных ситуациях (Firstworldforumchildrenincomplexemergencies)". Москва, Россия. Moscow, Russia 14-16 октября 2003, с. 20-21.
3. Проблемы паллиативной помощи в онкологии. Антология научных публикаций. Том 1-2. Под редакцией Новикова Г.А., Чиссова В.И., Осиповой Н.А. Фонд "Паллиативная медицина и реабилитация больных"; М. 2002.
4. Блинов Н.Н., Комяков И.П., Чулкова В.А. и др. Комплексное лечение - путь к улучшению качества жизни онкологических больных // Там же.-1997.- № 1.-С. 67-71.

4-курс студенті Төленбай А.П.

АУТИЗММЕН АУЫРАТЫН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аутизм (гр. autos - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1911жылы Эйгеном Блейлером (1857-1939жж.) адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Аутизм - бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді.

Баланың ерте аутизмін (БЕА) 1943 жылы АҚШ психиатрі- Лео Каннер жеке клиникалық синдром ретінде бөліп көрсетті. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше

түрін сипаттап, оны ерте жастағы бала аутизмі (Каннер синдромы) деп атады. Л.Каннер бойынша ерте балалықшақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық,сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер. Грекше «autos»-өзім, яғни адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл-күй деген мағынаны білдіреді.

Ғалым Л.Каннер зерттеулері бойынша ерте балалар аутизмі дамуындағы симптомдарын үшке бөліп жіктеуге болады:

1. Аутикалық көңіл-күй (қайғырулар, күйзелулер)
2. Стереотиптік қайталана беретін мінез-құлық көріністері
3. Сөйлеу дамуындағы ерекше бұзылулары

Сонымен қоса Л.Каннердің ойы бойынша ерте балалық аутизмі өз бетінше бұзылады дей келе оның негізгі белгілерін атап көрсетеді:

- Адамдармен толық қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі болмайды
- «Мен» дамуының кідірісі
- Сыртқы әлемнен оқшаулануы

Аутизм ауруының басты шығу себептерін ешкім түсіндіріп бере алмайды. Аутизм бұл-психикалық ауытқудың соңғы түрі мен күйі болып табылады. Мұндай балалар ортамен қарым-қатынасқа түсуден қатты жасқанады. Олар үшін сыртан келген ақпараттарды миы қабылдап жауап бере алмайды, өйткені сенсорлық жүйелері жұмыс істемейді. Сондықтан аутист балалар сыртан келетін ақпараттан қорғану үшін барлық күшін қорғану механизміне жұмсайтын болады. Мамандар бұны былай түсіндіреді: дені сау бала күшті алға дамуға жұмсаса, аутист балалар бұл күшті қорғану механизмінің құруға жұмсайды. Сол себепті олар тұйықтала бастайды, ешкіммен араласқанды ұната бермейді, ең жақын деген анасына баруға жасқанатын болады. Бірақ мұндай балалардың бойындағы тұйықтанушылық, компьютерлік ойындар мен бағдарламаларды игеруі тез болады. Екі-үш күннің ішінде меңгере алады. Соңғы уақыттағы зерттеу деректері бойынша басты себептер қатарына аутизмге ұшыраған балалардың тумысынан миының дамуында кінәрат (мидың бір бөлігі нашар дамыса, екінші бір бөлігі өте жақсы дамыған, хромосомалық өзгерістер мен зат алмасудың бұзылуы, гендік деңгейдегі өзгерістер) бар екені анықталды. Гендік өзгерістердің пайда болуына, жүкті кезінде болашақ анаға қоршаған ортаның қолайсыз экологиялық жағдайы, стресстер әсер етеді. Әдетте, бала миының эмоцияларға жауап беретін орталығы бұзылады. Олардың қанының құрамында ерекше белоктар анықталған. Бұл жерде тұқым қуалаушылықтың да маңызы зор.

Бала аутизмі – баланың психикасындағы ауытқулар. Бала аутизмі дегеніміз Бала аутизмі – баланың психикасындағы ауытқулар. Бала аутизмі дегеніміз- шындықтан ауытқу, өз-өзімен тұйықталып жеке болуы, сыртқы құбылыстарға қимыл ірекеттердің болмауы, іштей сары уайымға салынып кетуі. Мұндай ауруға шалдыққандар адамдармен араласуы мен қарым-қатынасқа түсу қабілетінен айырылады. Оның сөйлеу қабілеті бұзылып, психикасы мен ақыл-есі дұрыс жетілмейді. Аутизм симптом ретінде көптеген психикалық ауруларда кездеседі. Көбінесе баланың туғаннан кейін бірінші жылы немесе бірінші айларында білінеді. Бұл ауруда жекеше психикалық функциялары жай дамиды, ал басқа функциялары тез дамиды болады. Кейде жасына сай емес сөздік қоры өте бай болса, сөйлеу қабілеті төмен болуы мүмкін. Балаға аутизм деген диагноз қою үшін клиникалық көріністер көбінесе толық байқалмайды.

Қазіргі уақытта аутизм мына типтері нақты белгілі:

▪ Каннердің ерте балалық шақтағы аутизм синдромы (Каннер аутизмі) балаларда кездесетін аутизмнің классикалық түрі;

- Аспергер синдромы – аутистикалық психопатия;
- Ретта синдромы;
- А типті аутизм – шезофрениядан кейін пайда болатын немесе процессуалды аутизмі.

Каннер аутизмі. Бұл балаларда жиі кездесетін әрі жетік көңіл бөлуді талап ететін аутизмның ауыр түрі. Ең басты сипаттамасы: баланың тым кеш сөйлеуі. Басқа да белгілері: жалғыздықты ұнатады, күнделікті өмірдегі тәртіптің өзгеруіне қарсы өте сезімтал, ешкімге еліктемейді, үнемі бір қимылды қайталайды. Қасындағы адамдардың сезімін түсінбеуі, сөйлегенде бірде айғайлап, бірде сыбырлап сөйлеуі мүмкін. Туған туыстарымен сөйлеспейді тіпті мүлдем байланысқа түспейді. Аутизмнің белгілері үш жасынан бастап (кейде одан да ерте) байқалады. *Аспергер синдромы.* Бұл алдыңғысымен салыстырғанда, аутизмның жеңілдеу түрі. Белгілері каннер синдромына ұқсас, алайда, балалардың интеллекті айтарлықтай жоғары. Әдетте белгілі бір салаға жоғары қызығушылық танытып, сол саланы жетік меңгере алады. Логикалық ойлау қабілеті дамыған, сөйлей алады. Бірақ адамдармен байланысқа түсуі қиын. Болашақта бір саланың шебері болуы әбден мүмкін. *Ретта синдромы.* Аутизмның ең сирек әрі тек қыздарда кездесетін түрі. Әдетте қыздар екі жасқа дейін қалыпты дамып келеді де, бірден барлық қабілеттерінен айрыла бастайды. Мәселен, өздігінен киіне алмайды, бірте-бірте сөйлей алмай қалады, қолында заттарды ұстай алмайды, бұлшық еттер тонусы жоғалады. Психикалық күйреудің салдарынан жиі ұстамалар болады. Аутизмның бұл түрі жетік зерттелмеген, сол себепті аурудың соңы өлімге алып келуі мүмкін. *Процессуалды аутизм.* Аутизмның бұл түрі ер балаларда жиі кездеседі. Олар 3-5 жасына дейін жақсы дамып, белгісіз себептермен бірден түрлі қабілетін жоғалта бастайды. Әрі қарай Каннер синдромының белгілері байқалады.

Технологияның дамыған уақытында әрбір аурудың емін табуға болатын жағдай мен мүмкіндіктер жасалынған. Сол себепті аутизм мен ауыратын балаларды емдеу мен оларға көмектесетін әдістер мен технологиялар жинақталып жатыр. Аутизммен ауыратын адамдарға көмек жүйесін ең алғаш 60 жылдарың ортасында АҚШ пен Батыс Еуропада қалыптаса бастады. Еуропада алғашқы аутизммен ауыратын балаларға арналған (бүкіл әлемдегі алғашқы) «Sofienskole» мектебі психиатрияда да арнайы педагогикада да «балалар аутизмі» түсінігі әлі қалыптаса қоймаған уақытта Дания елінде 1920жылы жұмыс істей бастады. Оперантты оқыту (мінез терапиясы) АҚШ және кейбір басқа елдерде (норвегия, Оңтүстік Корея, Араб елдерінде) кең тарай бастады. Бұл әдіс негізінен түрлі аспектілер бойынша қажетті мінез-құлықты қалыптастыратын сыртқы шарттарды болдайды: әлеуметтік-тұрмыстық дамуда сқйлеуде, оқу пәндерін игеруде. Ресми түрде әдістің тиімділігі жоғары: 50-60 пайызға дейінгі шәкірттер қабілетті болады. Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э.Шоплер, Р.Райхлебер), холдинг тераия (М.Уелш) күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету арқылы емдеу (К.Китахара) т.б тәжірибеде жиі пайдаланады. Осы АҚШ елінде алғаш рет аутизм ауруы туралы деректі фильм түсірілді. 1988жылы «WATER MAN» атты, сол арқылы көпшілік қауым бұл ауру (аутизм) туралы етене жақын таныса бастады. Атауының өзінде бір ерекшелік бар, себебі жаңбыр адамы деп аталуы, бұл аурумен ауыратын жандардың суды жақсы көретіндігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта сол себепті дельфинарий әдісі ең тиімді болып саналады, себебі ресей ғалымдарының зерттеуі бойынша 70 пайызға дейін жазылуға мүмкіндік бар. Бірақ біздің елімізде бұл терапияға толыққанды мүмкіндік жасалмағандық, бұны қолдану қиынға соқтырып отыр. Загреб университетінің білім және оңалту ғылымдары факультеті мен электроника және компьютер ғылымдары факультетінің біріккен жобасы нәтижесінде табысты. Зерттеушілер осы жобаның арқасында дамуы кенжелеп қалған балаларға уақтылы диагноз қоюды көздейді. Бұл өте күрделі, қиын процесс саналады. Робот дәрігерді алмастырмайды, тек көмек көрсетеді. Зерттеуші Ясмина Стосич (Jasmina Stosic) Рененің бұл үдеріске қандай үлес қосатынын былай сипаттайды:

Сәбилердің аутизм дертіне шалдыққанын ертерек анықтауға көмектесетін робот жасап шығарған хорватиялық мамандар «Аутизмге шалдыққан балалар үшін қарапайым әрекетті орындайтын робот жақсы ынталандырушы деуге болады. Оның көздері үнемі бір жерге қарап тұрады. Аузы да қозғалмайды. Ал науқас балалар үшін адамдар күрделі құбылыс саналады, біз сөйлеген кезде әртүрлі қимыл-қозғалыс, ишара жасаймыз. Бір күні қызыл

жейде киіп жүрсек, келесі күні көгін киеміз. Ал роботтың қасында бала бұндай көп ақпарат алмайды, тек бір маңызды мәселеге ғана назар аударады». Себебі Хорватия елінде аутизм балаларды 5-6 жасында ғана анықтай алады, сол себепті енді осы роботтың көмегімен баланың бойында ауруды ертерек анықтауға болады деген жорамал жасап отыр.

Біздің елімізде де аутизм балаларға көмек көрсететін арнайы қорлар ашыла бастады. Соның ішіндегі бірегейі Болат Өтемұратовтың бастамасымен «Асыл Мирас» Жеке Қайырымдылық қоры Алматы қаласында алғаш рет аутизмі бар балаларға арналған алғашқы орталығын ашты. Орталықтың ашылуы аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналары бірлестігі - «Ашық Әлем» Қоғамдық Қоры серіктестігі болып табылатын, «Аутизм. Баршамызға бір әлем» қорының ауқымды бағдарламасын іске асырудың бастамасы болады. «Аутизм. Баршамызға бір әлем» бағдарламасы аутизмді түзетудің екі әдістемесін енгізеді. Біріншісі – классикалық, бұл жағдайда баламен әлеуметтік-коммуникативтік және танымдық, тілдік және күнделікті өмірдің дағдыларын пысықтайды. Сонымен бірге баламен 4 маман жұмыс істейді: психолог, дефектолог, логопед және әлеуметтік педагог. Жұмыстың екінші әдісі - АВА терапия. Ол мінез-құқықтың тілдік және базалық дағдыларын бағалаудан тұратын және әрбір балаға жеке педагог қарастырылған әдіс.

Көптеген шетелдік (АҚШ Еуропа) мамандардың негізгі пікірінше АВА терапиясын пайдалану жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Коррекциялық педагогика Институттарының мәліметтеріне сәйкес, заманауи дұрыс коррекциялық жұмыс барысында аутизммен ауыратын балалардың 60% бұқаралық мектептердің бағдарламасымен, 30% осындай немесе осыған ұқсас арнайы мектептердің бағдарламасымен оқуға мүмкіндік алады және 10% отбасылық жағдайға бейімделеді. Коррекция жүргізілмеген жағдайда 75% әлеуметті түрде мүлде бейімделмейді, 22-23% біршама бейімделеді (тұрақты күтімге мұқтаж), тек 2-3% әлеуметтік бейімделудің қанағаттанарлық деңгейіне қол жеткізеді. Бұл әдіс біздің елімізде де жақсы нәтижеге жетуге көмектесуде. Аутизммен ауыратын балаларды өмірге бейімдеу оларды өзімізбен тең көруге уйрету, әрбір осы саланың адамдардың негізгі міндетті деп білеміз. Біздің негізгі мақсатымыз - қоғамның аутизмге деген көзқарасын өзгерту. Осындай бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды мәліметтермен қамту, қоғамдағы аутизм дертіне шалдыққан адамдардың мәселесі туралы ақпараттандыруды арттыру. Оларды мүгедек екен деп бөлмей ортаға тартуға мектептермен балабақшаға апаруды қамсыздандыруымыз қажет. Өйткені бала алғаш рет балабақшада әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе бастайды. Осындай іс-әрекеттеріміздің арқасында оларды ата-аналары да өздерінің қорғалғандығын мемлекетпен адамдардың оларға жақсы көзқараспен қарайтындығын сезіне алады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Б.Айтбаева. Коррекциялық педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 160 б.
2. К.Ф. Елшібаева Балаларға өзара тиімді әсер етудің жолдары:(кешенді бағдарлама) - Алматы: Нур-Тринт, - 2010ж.
3. Н. Есенғазы Бала аутизмі // Отбасы және денсаулық. -2013, №10
4. С.С.Морозова. Аутизм: коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах: пособ.для учителя-дефектолога / С.С.Морозова. – М., 2007. – 176 с.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультетінің
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының
3-курс студенті
Төленді Ш.Қ.

Ғылыми жетекші: Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы Омарова Ә.Т.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚАРСЫ ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ (ПЕДОФИЛИЯ) : ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Бүгінде бұрын атын да, затын да естімеген ақпарат құралдары «педофил» деп айтып ат қойған адамдардың қатары жыл санап өсіп келеді. Соған байланысты, 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап Қазақстанның Қылмыстық кодексіне алғаш рет кәмелетке толмағандарды зорлағандарды өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Бұқаралық ақпарат құралдары азғындардың жасаған қылмыстары туралы ақпараттық хабар беруден аса алмай келеді. Бұл мәселелерді терең зерттеп, оның себебін анықтап, алдын алу шараларын қарастырған зерттеушілер саны аз. БАҚ арқылы беріліп жататын ақпарат құралдарына назар аударсақ, педофилдердің қылмыстық әрекеттері еліміздің бар өңірінде бой көрсетіп жатқандығын және педофилдер қатарының жыл санап өсіп отырғандығын байқаймыз. Бұл тұрғыда сот оларды 15-20 жылға дейін соттау жазасын қолдануға құқылы.

2013 жылы қабылданған педофилдер туралы жаңа кодекс жыныстық құқық бұзушы педофилдер үшін барлық жеңілдіктералынып тасталды: шартты соттау; шартты түрде мерзімінен бұрын босату; кез келген ескіру мерзімі; зардап шегуші тараппен келісімге келу; ауыр жағдайларға душар болғандықтан немесе өз ісіне өкінетінін дәлелдей алғандықтан босату; өтелмеген жаза мерзімін айыппұлға немесе бостандығын шектеу жазасына алмастыру; жазасын балалары барын ескере отырып, кейінге шегеру; амнистия (кешірім беру). Алайда бұған жету үшін ұзақ жолдан өтуге тура келді.

Соңғы жылдары елімізде бүлдіршіндерді зорлау фактілері жиі тіркеліп отыр. Статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, Қазақстанда педофилизм өршу үстінде екенін байқаймыз. Мәселен, 2011 жылы елімізде мұндай 148 оқиға тіркелсе, 2012 жылы 232 оқиға қайталанды. Ал 2013 жылдың бес айының өзінде 184 оқиға орын алған. Тағы бір айта кететіні, биылғы жылы педофилге қатысты 40 сот үкімі шықса, соның 1-еуі ғана психологиялық ауытқушылығы бар деп танылып, емделуге жіберілген. Бұл дегеніміз сәбиқұмарлықтың нағыз азғындық екенін көрсетеді [1].

Бүгінде қоғамда дендеп бара жатқан «педофилия» дертімен әр ел өз шама-шарқынша күресіп жатыр. Педофилдер қылмыс істеп қолға түскен жағдайда біздегі заң бойынша 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Егер қылмысы адам өлтіруге ұласса, онда жиырма-жиырма бес жыл жазаға кесіледі.

Көбіне жүйке ауруына шалдыққандар қылмысқа баратындықтан, олар ауру жан ретінде арнайы комиссиялық сараптаудан өтіп болған соң, бірден қоғамнан оқшауланады. Қалай дегенмен, мұндай әрекетке баратын нәпсіқұмарлар үшін бұндай жазаның жеңіл екені айтпаса да түсінікті. Қоғамға педофилиямен күрес, оның алдын алу шараларын мойнына алатын ұйымдар қажет. Көптеген елде кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдерді жыныстық мәжбүрлеу, зорлау фактілері арнайы баппен қарастырылады. Аталған мәселені жан-жақты қарастыратын бапта «педофилия», «химиялық жолмен аталықсыздандыру», «стерильдеу», «мәжбүрлі түрде емдеу» сияқты терминдерге заңдық анықтама беріледі. Ал Қазақстандық заңнамадан әзірге бұндай терминдерге берілген анықтамаларды табу қиындық тудырады. Яғни бұл елімізде ұғым ретінде қалыптасып үлгерген жоқ деген мағынаны білдіреді. Педофилдерді жазалау ҚР «Бала құқығын қорғау туралы» Заңның (122-бап, 124-бап) аясында жүзеге асырылады.

Педофилия көне грекше: παις - «сәби», көне грекше: φίλια - «махаббат», басқаша айтқанда инфантосексуализм, падерозия психикалық бұзылу, көптеген жыныстық ауытқулардың бірі. Бұл ауруға шалдыққан адамдарды *педофил* деп атайды.

Сөздің шығу тарихы бойынша, «педо» - бала, «филия» - жақсы көру деген екі сөздің қосындысынан тұратын «баланы жақсы көру» дегенді білдіреді. *Педофилия*:

- жиі егде тартқан ер адамдарда кездесетін, балаларға деген сексуалдық әуестікпен сипатталатын жыныстық бұрмалану.

- балаларға деген жыныстық әуестік.

- баланың жынысы маңызды емес, себебі жетілмеген бала организмі сексуалды стимул береді.

Ал, медициналық тұрғыдан келсек, педофилия жыныстық таңдаудың бұзылысы нәтижесінде пайда болады. Оның түрлері жеңіл, ауыр болуы мүмкін. Жеңіл түріне орай, сол әрекетке барушылар өзінің не істеп жатқанын біледі, оған жауап бере алады, ал ауыр бұзылыстар – шизофрения, эпилепсия сияқты аурулар нәтижесінен болады екен. Бірақ педофилдердің барлығының ақыл-естері дұрыс емес деп айта алмаймыз. Егер мамандардың сөзіне сенсе, педофилдерді былайғы өмірде сыртқы түр-тұлғасына қарай анықтай алмайды екенбіз. Өйткені олардың отбасы, бала-шағасы да болуы мүмкін. Атқарып отырған жап-жақсы қызметі де болады.

Халықаралық аурулар классификациясының 10-шы қарастырылуы (ХАК-10) бойынша V классқа жатқызылады: әдеттегіде ерте пубертатты немесе пубертат алды периодындағы балаларды (ұл балаларды немесе қыз балаларды, немесе екі топты да) жыныстық тұрғыда ұнату (ағылш. A sexual preference for children, boys or girls or both, usually of prepubertal or early

pubertalage.). Психиатрия мен психологияда әдеттегідепубертаталдынемесеертепубертатжас ындағыбалалардыәрдайымнемесебасымдыұнататынбұлттарихи-мәденижағдайларсипатталатынжыныстықнормаданауытқудепқарастырылады (парафилия, сексуалды девиация). Жалпылайалғанда «педофилия» дегенсөзбалаларғаболатынжыныстықкұштарлықтыбілдіреді. Ауызекітілдебұлсөз тек қанापубертаталдынемесеертепубертаткезеңіндегібалаларғажыныстықкұштарлықтыбілдіруүшінемес,

соныменқоса кәмелеттікжасына жетпегенкезкелгенадамғажыныстықкұштарлықтыазайту үшінқолданылады [2].

Ресей сексологы Здравомысловтың айтуы бойынша «педофилия» терминін екі аспектіде қарауға болады:

- тар аспектіде - ұл балаларға әуестік кең аспектіде - жалпы балаларға деген әуестік;

- 16 жастан асқан ер балаларға әуестік (эфебофилия) 16 жасқа дейінгі қыздарға әуестік (корофилия);

- жыныстық қатынасқа түспеген қыздарға әуестік(партенофилия). Мамандардың айтуы бойынша педофилияның қалыптасуына психосексуалдықтың дамуының тежелуі жатыр. Өз жасындағы құрбыларымен жыныстық қарым қатынастың қиын болуы әкеліп соғады. Кейбір сексологтар шынайы және алмастырушы педофилияны бөледі:

- шынайы-жыныстық әуестік тек қана балаларға әуестікті білдіреді;

- алмастырушылық-жыныстық жетілген партнердің жоқ болуынан балаларға әуестіктің туындауын білдіреді [3].

2011 жылы Германияға сапар жасау кезінде рим Католиктік шіркеу мен Ватиканның басшысы XVI рим папасы Бенедикт сексуалды зорлықтың құрбандарынан кешірім сұрады. Бұл дегеніміз осындай жағдайдың орын алғандығын мойындау дегенді білдіреді. Ресей мен Қазақстанның БАҚ-ы күн сайын балаларға қарсы жыныстық қылмыстар жайлы хабарлап тұрады.

Қоғамның және Қоғамдық палатаның қысымымен Ресейдің қылмыстық кодексінде педофилдерді жазалау шаралары күшейтілді, Мемлекеттік Думада оларды зарарсыздандыру туралы пікірталас жүргізілді.

Посткеңестік елдердің тұрғындары үшін «педофилия» деген жаңа сөз барлығының қолданысында жүрген, бірақ олардың көпшілігі педофилия дегеннің не екенін, «педофилдер» деген кім екенін, олар қайдан шықты және олармен не істеу қажеттігін біле бермейді.

Ресейлік В.П. Сербский атындағы ГЦН әлеуметтік және сот психиатриясының сот сексологиясы сот психологиясының мәселелерімен айналыса отырып олар халықтың әртүрлі топтарын көрсететін қаланың көптеген тұрғындарынан «педофилия дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беруін сұраған. Зерттеу нәтижелері бойынша тұрғындардың басым көпшілігі берілген сексуалды девиация жайлы бұлыңғыр түсінікке ие екендігі анықталды.

Адамдардың берген жауаптардың арасында педофилдер олар «аурулар», «жаман адамдар», «кішкентай балаларды жақсы көретіндер» деген пікірлер болды. Олардың кейбіреуінің айтуынша, ежелгі заманда балаларды таңертең мектепке апарып, кешке оларды алып қайтатын педофил деп аталған құлдар болды. Кейбір БАҚ хабарламаларында 14 жастағы және одан үлкен жасөспірімдерге сексуалды зорлық көрсету педофилия факты ретінде саналмайтындығын ерекше атап айтқымыз келеді.

Ресейлік В.П. Сербский атындағы ГЦН әлеуметтік және сот психиатриясының сот сексологиясы сот психологиясының мәселелерімен айналыса отырып, «Сот сексологиясы» арнайы курсы оқыту аясында олар тәжірибесінде балаларға қатысты сексуалды қиянат етушілік жасаған адамдармен соттық-психологиялық сараптаманы өндіру оқиғаларын тіркеген. Адамның сексуалды мінез-құлығының патологиялық және патологиялық емес формаларында нақты ориентация жасау үшін осы зертхана меңгерушісі А.А. Ткаченконың пікірінше, аномальді сексуалды мінез-құлық туралы түсініктің дамуы оның «патологиялық нұсқаларынан» «ауытқитын» формаларын дифференциялау міндетін туындатты.

Бұндай әрекет К.Имелинскиймен (1982) ұсынылған сексуалды ауытқулардың классификациясында көрсетілген.

I. Сексуалды ауытқулар

А. Объектіге қатысты: 1) педофилия; 2) геронтофилия; 3) зоофилия; 4) фетишизм; 5) трансвестизм; 6) басқалары.

Б. Іске асыру әдістері бойынша: 1) садизм; 2) мазохизм; 3) эксгибиционизм; 4) вуайрезим; 5) басқалары.

В. Қалыпты еместер: 1) гомосексуализм; 2) трансексуализм; 3) инцест.

II. Патологиялық сексуалды ауытқулар.

А. Үдемелі формалары (жыныстық ұятсыздық).

Б. Импульсивті формалары [4].

Бұдан кейін, норманың жұмыс істейтін дефиницияларын құрудың белгілі бір жалпы негіздеріне ие бола тұра, А.А. Ткаченко ұғымның келесідей анықтамасын ұсынады: қалыпты сексуалды мінез-құлық – еркін таңдау нәтижесінде іске асырылатын және серікті еркін таңдауда шектелмейтін популяцияның жас және жыныстық-рөлдік онтогенетикалық заңдылықтарына сәйкес келетін мінез-құлық [4]. Сексуалды негізде жасалатын қылмыстар латентты болып саналады. Тіркелген зорлау оқиғаларының саны, соның ішінде педофилия жағдайларының саны да осы түрдегі жасалған қылмыстардың шынайы санынан әлдеқайда аз. Құрбан болған адам мен оның заңды қамқоршыларын орын алған қылмыс жайлы хабарламауға итермелейтін маңызды факторлар бар.

Қазақстандағы педофил бейнесін келесідей сипаттауға болады:

- Үйленген немесе күнделікті жыныстық серіктесі бар;
- Адамдармен көп араласпайды;
- Көбінесе 23-56 жасаралығындағы тұлғалар;
- Жұмыссыздар;
- 60%-ы өгей әке тарапынан көрсетіледі;
- 80%-ы үйге кірген жақын туыстар тарапынан жасалынады;
- 90%-ы ауылдық жердің тұрғындары;
- 100%-ы порнографиялық фильмдерді бағалаушылар;

Балалармен жылы сөйлесу, үйіндегі сыйластық пен сүйіспеншілік көп жағдайда қауіп-қатердің алдын алады. Педофилдерден сақтандыру үшін ата-ана балаларына бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, өтініштеріне жауап бермеу керектігін барынша түсіндірулері қажет. Ал педофилдерден зардап шеккен жеткіншектерге бұл жағдайды барынша ұмыттыруға тырысу керек. Ал заңгерлер құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұл жағдайдың алдын-алду үшін педофилдерді анықтауға бел шеше кірісуі керектігі белгілі.

Деректерге сүйенсек, көбіне ата-анасы ажырасқан, асыраушысынан айырылған немесе араққа салынған отбасыларындағы балалар педофилдердің құрбанына айналады екен. Сондықтан балаларды барынша қорғау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 ИсләмбекА. Педофилизм ауру ма, әлде азғындық па ? // Ана тілі, №10 (1372), 10-15 наурыз, 2017 <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=15046>

2 Международная классификация болезней 10-го пересмотра (МКБ-10) <http://mkb10.com/>

3 Алексеева Л.С. Насилие и дети // Социологические исследования. 2003. № С.45-52.

4 ТкаченкоА.А., ВединскийГ.Е.,ДворянчиковН.В. Судебная сексология.- М.:Медицина,2001.-560с.

5 Belsky J. Child maltreatment: An ecological integration // American Psychologist. 1980. - Vol. 35. - P. 320 - 335.

6 Қазақстан Республикасының Бас прокуратураның Құқықтық статистика мен арнайы есеп комитеті, <http://infopublic.pravstat.k>

Әлеуметтік жұмыс мамандығының

3-курс студенті ,

Смағұл Б.Е.,

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., аға оқытушы Хибина Н.Н.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК – ҚЫЗМЕТКЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Қазіргі замандағы Қазақстанның нарықтық даму жағдайында әлеуметтік серіктестік еңбек қатынастарының жүйесінде айрықша рөл атқарады. Қазіргі таңда экономикалық жаңалықтар, ұйымдардың өте үлкен санының өсуіне байланысты персоналды басқару, қызметкерлермен жұмыс істеу саласында өте көп қиындықтар, мәселелер мен қолайсыздықтар жиі орын алуда.

Персоналды басқару қызметтерінің жұмысындағы аса маңызды мәселе – кәсіпорынның әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, ұйым шеңберіндегі әлеуметтік әділеттілік идеясын жүзеге асыру, материалдық қажеттіліктерден қарағанда қажеттіліктердің әлдеқайда кең спектрін қанағаттандыру. Персоналды әлеуметтік қорғау ұйым үшін жұмысшыларының алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті және олардың қажеттіліктерін түсінуін көрсетеді, бұл арқылы әріптестік, өзара түсінушілік жағдайын орнатады. Нәтижесінде бұл ұйымдағы тиімді өзара әрекеттесудің негізіне айналады. Әрине, ұйым өзінің жұмысшыларының кез-келген қажеттіліктерін және әрқашан қанағаттандыра ала бермейді, дегенмен осыған ұмтылу және бұл ұмтылысты жүзеге асыру әдетте ұжыммен жоғары бағаланып, фирма мен оның басшылығына деген жағымды қарым-қатынасты орнатуға септігін тигізеді. Тағы бір қайталайық, кадрлық саясат, соның ішінде персоналды әлеуметтік қорғау – фирманың имиджін құрайтын ұйымның ішкі этикасының көрсеткіші болып саналады.

Персонал мен әкімшіліктің жасырулары, мемлекеттік еңбек стандарттарына сай болмау, қол астындағы жұмысшылармен дөрекі/бұрыс сөйлесу және тағы да сол секілді өзге

мәселелер. Бұларды шешудің тиімді әдістердің бірі – ұйымда әлеуметтік серіктестікті қолдану.

Персоналды басқару кез келген ұйымда тиімді менеджменттің басты ережесі болып табылады. Басшылықтың дұрыс жұмыс атқармаған жағдайда компанияның көптеген аспектілеріне байланысты мәселелер туындауы әбден мүмкін. Бүгінгі күні персоналды дұрыс басқаруға көмектесетін көптеген теориялық та, тәжірибелік те әдістер көп. Өкінішке орай, Батыста белсенді түрде қолданылатын тәсілдер Қазақстанда аса кең қолданысқа ие емес. Бұған себеп ретінде еліміздің тарихы, менталитеті және өзге де факторларды айтсақ болады. Сондықтан да, Қазақстанда персоналды басқаруда өте көп қиындықтар байқалып жатыр.

Персоналды басқарудағы мәселелерді шешу мен жанжалдардың шешілуіне мүмкіндік беретін «құтқару шеңбері» ретінде әлеуметтік серіктестікті қолдануға болады.

Әлеуметтік серіктестік – түрлі әлеуметтік-топтық мүдделерді келістіру, олардың арасындағы қақтығыстарды реттеу тәсілі, сондай-ақ осындай келістіру-реттеу секілді үрдістердің, институттардың жүйесі болып саналады. Әлеуметтік серіктестік – әлеуметтік бейбітшілікті көрсету мен оған қол жеткізудің құралы.

Әлеуметтік серіктестіктің *негізгі бағыттары*:

- Ұжымдық келісімдер мен шарттарды жасау;
- Заңдар мен өзге де мемлекеттік актілермен, сондай-ақ келісімдермен анықталатын басқаруға қатысу (өндірістік демократия);
- Қаржылық қатысу, яғни меншік пен табыстарға қатысу (экономикалық демократия);
- Ұжымдық еңбек жанжалдарын шешу барысындағы татуластыру шараларын жасау, арбитражды органдарды үш жақты негізде (жұмысшылар, жұмысберушілер мен мемлекет өкілдері немесе тәуелсіз делдалдар) құру;
- Осы үш жақтардың мүшелерінің әлеуметтік қамсыздандыру мен сақтару қорларын басқаруда ат салысуы[1].

Қазақстандағы әлеуметтік серіктестіктің құқықтық аспектілері ҚР Еңбек кодексінде, ҚР «Қоғамдық бірлестік туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Кәсіптік одақ туралы», «Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметтері туралы» Заңдарда, Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау Концепциясында, Қазақстан Республикасы Үкіметі, республикалық жұмысшылар бірлестігі және республикалық бірлестігі арасындағы 2012-2014 жылдардағы Бас Келісімдерде, министрліктер мен жұмысшылар және жұмыс берушілер бірлестігі арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумда, Қазақстан Республикасындағы 2010-2012 жылдардағы лайықты еңбек туралы Ұлттық бағдарламада негізі қаланған.

2000 жылы «ҚР әлеуметтік серіктестік туралы» Заң қабылданған. Алайда ол 2007 жылы оның күші жойылды деп танылды. Әлеуметтік серіктестік туралы Заң Ережесі ҚР Еңбек кодексіндегі 4-бөлімге – еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік және ұжымдық қатынастар деп көшірілді.

ҚР еңбек кодексінде әлеуметтік әріптестік жұмыскермен (жұмыскердің өкілдерінің), жұмыс берушілермен (жұмыс берушінің өкілдерінің), мемлекеттік органдармен, олардың еңбектің қатынасының және де олармен байланысты өзге толқулы сұрақтар айналасындағы келісімдерін қамтамасыз етуге бағытталған қарым-қатынастың жүйесі ретте анықталады.

Әлеуметтік әріптестіктің тағайындалған *мақсаттарына* жататындар:

- 1) әлеуметтік, еңбек және оларға қатысты экономикалық қатынастарын реттеудің тиімді тетігін құру;
- 2) қоғамның барлық жіктерінің мүдделерінің нақты есепке алуын негізде тұрақтылық және қоғамдық келісімнің әлеуметтік қамсыздандыруына жәрдемдесу;
- 3) еңбек саласындағы жұмысшылар құқығының кепілдіктерін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, олардың әлеуметтік қорғауын жүзеге асыру;
- 4) барлық деңгейлерде әлеуметтік әріптестік тараптардың арасындағы консультациялар және келіссөздердің процессіне жәрдемдесу;

5) ұжымдық еңбек таластарды шешуге жәрдемдесу;

6) мемлекеттік саясаттың іске асыру туралы ұсыныстарын әлеуметтік-еңбек қатынастары төңірегінде өндіру.

Кодексте әлеуметтік әріптестіктің келесідегідей *қағидалары* анықталған: 1) тараптардың өкілдерінің өкілеттігі; 2) тараптардың тең құқықтығы; 3) талқыланатын сұрақтардың таңдауының бостандығы; 4) міндеттемелердің қабылдануына деген еріктілік; 5) тараптардың мүдделеріне деген құрмет; 6) ұжымдық келісім шарттар, келісімдердің орындалуының міндеттілігі; 7) келісім бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалмауына орай олардың жазығы бойынша тараптар, олардың өкілдерінің жауапкершілігі; 8) әлеуметтік әріптестікті дамытудағы және күшейтудегі мемлекеттің жәрдемдесуі; 9) қолданылған шешімдердің жариялылығы [2].

Қазақстан Республикасындағы еңбек қарым-қатынастары дамуының қазіргі деңгейінде, әлеуметтік серіктестік жүйесі республикалық, салалық өңірлік деңгейінде және кәсіпорынның деңгейіндегі үш жақты келісім жасау түрінде жүргізілгені тиімді болатынын кей бір кәсіпорындардың тәжірибесі көрсетіп отыр. Кәсіпорын деңгейінде жұмыс берушінің, жұмысшылардың және кәсіподақтың арасында ұжымдық келісім-шарт жасалынады. Ұжымдық келісім-шарт сол кәсіпорында еңбек қатынастарының даму процесінде кездесетін мәселелердің заңмен бекітілген шеңберінде шешілуін қарастырады. Өңірлік деңгейде жергілікті атқару ұйымдарын, жұмыс берушілердің жұмысшылардың бірлестіктері арасында өңірлік (облыстық, қалалық, аудандық) келісімдер жасалынады. Келісімдер өңірдің деңгейінде оның ерекшеліктерін ескере отырып еңбек етудің жағдайларын, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді анықтайтын жазбаша келісім-шарт түрінде белгіленеді. Салалық деңгейде сәйкесінше атқару ұйымдары мен жұмыс берушілердің және жұмысшылардың уәкілетті өкілдері арасында салалық келісімдер жүргізіледі. Келісімдер нақты саланың жұмысшылары үшін арналған ақы төлеу мөлшерімен және еңбекпен байланысты басқа да мәселелерін, олардың міндеттері мен әлеуметтік кепілдіктерін және жеңілдіктерін анықтайтын жазбаша келісім-шарт түрінде ресімделеді[3].

Қорытындылай келе, бүгінгі күні адамдық ресурстарды басқару саласында көптеген мәселелер бар, алайда олардың шешудің де біраз жолдарын айта аламыз. Солардың бірі ұйымдағы әлеуметтік серіктестік тәсілі, соның ішінде екі жақтық әдісі – бұл жұмысшы мен жұмысберуші арасындағы қарым-қатынастарды жүргізу. Қазақстан мен өзге ТМД елдерінде осы тәсіл дамыған, ал Батыста үш жақты негіздегі әлеуметтік серіктестік көп қолданылады. Өкінішке орай, біздің еліміз әзірге бұл деңгейге жете қойған жоқ. Персоналды басқарудағы мәселелерді шешудегі әлеуметтік серіктестіктің ең тиімді мысалдары ретінде ұжымдық келісім тәсілі мен жұмысшылардың компания басқаруға қатыса алу мүмкіндігі (әрине, келісілген шарттарда) айта аламыз. Әлеуметтік серіктестік қатты қолданыла бермегенімен, оның дамуы бір орында тұрмағандығын ойымызға алайық. Оның әрбір жаңа деңгейге көтерілуімен әр түрлі салалардағы, соның ішінде персоналды басқарудағы мәселелерді шешудің бұрын сонды кездеспеген әдіс-тәсілдері пайда болатындығыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нургалиева Е.Н., Сабильянов Н.С. Жұмысшылардың еңбек ақысын реттеу құқығы. Алматы, 2009..8 б.

2. ҚР Еңбек Кодексі / [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://www.notariat.kz/index.php/kz/dokumenty/osnovopolagayushchie-normy/47-aza-stan-respublikasyny-e-bek-kodeksi>.

3. Киреев Е. Д. Роль социального партнёрства в решении проблем управления персоналом // Молодой ученый. — 2014. — №21. — 338-340 б.

**СЕКЦИЯ «РОЛЬ КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В РЕАЛИЗАЦИИ ИДЕИ
«МӘНГЛІК ЕЛ»
СЕКЦИЯ «ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В
СФЕРЕ РЕЛИГИИ»**

**Букурובה А.В.
«Мәдениеттану» мамандығы 4-курс студенті
Ғылыми жетекші
Жолдубаева А.К.
филос. ғ д., профессор**

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛ: МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ**

Аңдатпа: Бұл мақала қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі тәуекел мәселелеріне арналған. «Тәуекел» феномені түсінігі қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі негізгі тәуекел қатары, сонымен бірге сол тәуекелді бағалау үшін қажетті көрсеткіштер көрінісі сипатталады.

Түйінді сөздер: тәуекел, тәуекелді бағалау, білім берудегі тәуекел, білім беру жүйесі.

Аннотация: Статья посвящена проблеме рисков в современной образовательной системе. Рассматривается понятие феномена «риск». Описываются основные риски в системе образования, а также характеристики показателей, которые необходимо учитывать для оценки таких рисков.

Ключевые слова: риск, оценка риска, риски в образовании, система образования.

Abstract: In this article is discussed the risk phenomenon in the contemporary educational system. The "Risk" in the field of educational system will discuss by author. By the way, the evaluation of the risk phenomenon look in-depth as a phenomenon.

Key words: Risk, The evaluation of Risk, The risk in the field of education.

Қазақстанда және бүкіл әлемде білім беру саласындағы бәсекелестіктің ұлғаюына байланысты, білім беру объектілерін, соның ішінде жоғарғы оқу орындарын нәтижелі түрде басқару мәселесі туындайды. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындары нарықтық экономиканың толық құқықты субъектілеріне айналып, өзінің даму бағытын, оған жету мақсаты мен әдістерін өз бетінше белгілеу құқығына ие болды. Қоғамның білім беру сапасына қойылатын талабы жоғарлап, оқыту технологиялары жаңашыл әдістемелерге көшті, тез арада жоғарғы оқу орындары әрекетінің ұйымдастыру және экономикалық саясаты өзгерді, білім беру нарығындағы бәсекелестік күшейе түсті, соның нәтижесінде мемлекеттің жоғарғы мектепке деген айқындамасы ұдайы өзгеріске ұшырап отырады. Жоғарғы оқу орындары дербестігінің және еркіндігінің өсуі өз әрекетінің нәтижелігіне деген жауапкершіліктің артуына әкеліп соқты. Жоғарғы оқу орындарының түрткілеуіне бағытталуы олардың басқару үрдісіне өзгерістер енгізуді талап етеді. Бейімделу мәселелерін шешу, жаңа жағдайларда түрткіленіп даму жоғарғы оқу орындары үшін білім беру нарығында өзінің ахуалын бағалаумен ғана шектеліп қоймай, нарықтың дамуын болжау әдістемелерін, ортаның өзгеруіне байланысты болашақ әрекетінің баламалық нұсқаларын қолдануға итермелейді.

Экономиканың тұрақсыздығына байланысты теоретиктер мен практиктердің ерекше назарын аудартатын тәуекел–менеджмент маңыздылығы арта түседі. Білім беру саласында білім беру қызметінің жаһандануы инвестициялардың (мысалы, түлектердің белгілі бір мөлшерін дайындауға тапсырыс алу) өсуіне түрткі болды. Нәтижесінде қаржылық инвестициялар тәуекел көзіне және оны деңгейлестіру әдісіне айналды. Тәуекелді басқару стратегиясы экономикалық, саяси, технологиялық және өндірістік салаларды қамтып, корпоративтік тәуекелдің қалыптасуына түрткі болады [1].

Тәуекел деген не? Біздің ойымызша, тәуекелді белгілеу барысында төмендегідей сәттерді белгілеп айқындауға болады:

1. Тәуекел – бұл экономикалық, соның ішінде кәсіпкерлік әрекеттің барлық саласында орын алатын әмбебап санат;

2. Тәуекел – бұл шешім қабылдау мен таңдаудың көпнұсқалығы. Бұл жерде әр бір нұсқа өзінің соңғы нәтижесіне, сол сияқты оларға жету мүмкіндіктеріне және осы анықтамадағы түйінді жағдаяттарға ие болады:

- тәуекелді нақты бір жағдайға бекіту жағдаяты;

- шешімді таңдау және қабылдау үрдісі бар жағдаят, оны іске асыру және нәтижеге жету;

- шешімді қабылдаудың көпнұсқалығы осы жағдаяттағы таңдаудың бірмағыналы емес екендігін білдіреді және қандай да шешім қабылданғанына қарамастан нәтиженің біркелкі болуы туралы алдын ала айтуға болмайды;

- әр бір іске асыратын шешім бойынша нәтиже біркелкі болмайды және ауытқу мен ықтималдық шамасымен сипатталады.

3. Классикалық түсінік бойынша тәуекел – бұл залал шегу, жоғалту қауіпі.

4. Неоклассикалық түсінік бойынша тәуекел – бұл мақсаттан кез келген ауытқу мүмкіндігі. Тәуекелдің классикалық түсінігін дамытып кеңейту мақсатында осы көзқарасты қолдаушылар, біздің ойымызша, айтарлықтай әдістемелік қателік жіберіп, залал шегу қауіпіне көңіл бөлмейді.

Біздің ойымызша, тәуекел түсінігінің кез келген анықтамасында залал шегу қауіпі түйінді сөзге айналғанын ескеру керек. Осы сөздің анықтамада болмауы тәуекел түсінігін белсенді мағынасы жоқ замырсыз түсінікке айналдырады.

Сонымен қатар, тәуекелдің әдепті неоклассикалық анықтамасы өзіне классикалық анықтаманы енгізіп алып, оны тәуекел түсінігіне дейін кеңейтеді және қалыпты жағдайдағы кіріс көзіне айналдырып, тәуекел сипатына жататын мақсаттан ауытқуды жоққа шығармайды.

Неоклассикалық тәуекел ерекшеліктері:

- шешімнің әр бір нұсқасы нәтиженің бір ғана нұсқасымен сипатталатын классикалық үлгіден айырмашылығы бар нәтиженің бірнеше нұсқасына ие;

- нәтиженің нұсқаларға бөлінуі тәуекел салаларының бөлінуіне сәйкес келеді;

- тәуекелдің сипаттамасы толық болады;

- тәуекел объективті және субъективті факторлар әсерінен пайда болады [2].

Жоғарғы кәсіби білім беру саласының өзіндік ерекшеліктері бар, оған өзгеше тәуекел түрлері тән. Тәуекелдің болу сипатына қарай жоғарғы оқу орындарының әрекеті білім беру сапасы бойынша (мамандарды дайындау сапасы) ерекше қызығушылық танытады. Бұл жерде жоғарғы білім беру сапасын белгілеу үшін жоғарғы білім берудің ішкі және сыртқы мақсаттарына тиіселі көпсалалы әдіс қажет. Ол белгіленген стандарттар мен нормаларға сәйкес келуі және қажетті сапалы ресурстармен (білім беру бағдарламалары, кадрлар құрамы, талапкерлер саны, материалдық-техникалық қамтылуы, қаржы және т.б.) қамтамасыз етілуі тиіс. Білім беру сапасын бағалаудың тағы бір бөлігіне жоғарғы оқу орнының әрекет ету нәтижесінің сапасы (студенттерді оқыту нәтижесінің ағымдағы және қорытынды нәтижелері, түлектердің маңсаптық өсу мінездемелері және т.б.) жатады.

Алдыңғы қатарлы білім беру мекемелерінің басым көпшілігі тәуекелді бағалау мен басқарудың өзіндік жүйесін енгізеді. Бұл кезде олар көптеген қиындықтарға тап болады. Осы кездегі негізгі проблемаларға жататын:

- мамандандырылған әдістемелердің болмауы және қолда бар әдістемелердің жеткіліксіз болуы;

- экономикалық көрсеткіштердің салыстырмалы негізінің болмауы;

- тәуекелді басқару бойынша мамандар мен құрылымдардың болмауы.

Білім беру әрекеті барысында жоғарғы оқу орындары орны және уақыты бойынша бірінен бірі ерекшеленетін тәуекелдің көптеген жиынтықтарына тап болады және тәуекелдің бір түрінің өзгеруі жоғарғы оқу орындарының қызметіне әсер етіп, басқа да түрлердің өзгеруіне әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан, білім беру әрекетінің тәуекелдерін біліп қана

қоймай, оларды жүйелеу, талдау, өзара байланысын анықтау және жоғарғы оқу орнының негізгі мақсаты – сапалы білім беру қызметін көрсетуге ықпал ету дәрежесін анықтау барынша маңызды болып табылады.

Білім беру жүйесінің алдында сапалы білім беру арқылы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби тұрғыдан құруға бағытталған қажетті жағдайларды қалыптастыру міндеті тұр. Осы мақсатқа жету білім беру мекемелерін нәтижелі түрде басқарусыз мүмкін емес. Мемлекет алдында білім беру мекемелерінің дербестігін ұлғайту және білім беру басқаруын демократизациялау міндеті тұр. Осыған орай жаңа оқыту технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізу және нәтижелі пайдалану кәсіби білім беруді тез арада өзгеретін қоғам мен нарықтың жағдайына бейімдеуге мүмкіндік беріп, білім беру мекемелерінде тәуекелді қолдану арқылы нәтижелі басқарудың бірден-бір жолы болып табылады.

У. Бек, Н. Луман, Э. Гидденс, Я.Д. Вишняков, В.А. Владимиров, Ю.Л. Воробьев айқындамалары бойынша адамзаттың жалпы дамуы тәуекелсіз мүмкін емес, ал қазіргі кездегі өркениет тәуекел өркениеті деген атаққа барынша лайық [3].

Қалыпты шаралар тиімсіз болғанда, педагогика тұрғысынан «тәуекел» сөзі оңтайлы нәтижеге толық сенімі жоқ жеке педагогикалық міндеттерді шешу тәсілі болып табылады және ерекше әдісті қолдану, сәтсіздік немесе жоғалту қауіпі бар тартымды мақсатқа бағытталған әрекет деген мағына береді. Тәуекел – субъекті әрекетінің қолайсыз және келеңсіз зардап шегу жағдайларының пайда болу мүмкіндігі.

Л.И. Колесникованың айтуынша, білім беру ортасы денсаулыққа байланысты тәуекел факторларымен (физикалық, химиялық, эпидемиялық, әлеуметтік) ақпараттық ағынның күрт көбеюімен және өзгеруімен байланысты ақпараттық-психологиялық факторларды біріктіреді [3]. Сонымен қатар, В.Р. Кучманың, М.И. Степанованың пайымдауынша, білім беруді қайта құру және жанарту жағдайында, балалар, жеткілікті ғылыми-әдістемелік, педагогикалық және медициналық негіздемесі жоқ педагогикалық және әкімшілік тәжірибелер қатысушысына айналады [3].

И.А. Баева білім беру ортасындағы елеулі психологиялық қауіптің бірі ретінде жеке-сенімді қарым-қатынаста негізгі қажеттіліктің қанағаттанбаушылығын көрсетеді, соның нәтижесінде бүлдіргіш іс-әрекет, білім беру мекемелеріне деген кері көзқарас, психикалық және физикалық денсаулықтың ауытқуы пайда болады. Оқушының даму үрдісінде мектепке дейінгі балалық шақтан мектептік өмірге ауысуы, негізгі мектепте оқуының басталуы және негізгіден жоғары сыныптарға ауысуы аса қауіпті болып есептеледі. Қолайсыз жағдайларда жаңа жағдаятқа бейімделу кезеңі ұзаққа созылып, күйзеліске әкелу қауіпі туындайды [3].

Л.А. Регуш білім беру ортасында оқушылардың денсаулығына қатысты туындайтын негізгі қауіп-қатерлер қатарына оқушы мүмкіндігінің оқу пәніне қойылатын талаптар деңгейіне сәйкес келмеуін, оқыту барысында оқушының белсенділік танытпауын, әртүрлі пәндердің арасында сабақтастықтың болмауын және үй тапсырмасын нәтижелі орындау кезінде оқушыға қиындық туындауын жатқызады [3].

Білім беру мекемелерінде мамандарды дайындау сапасына әсер ететін негізгі тәуекел түрлері төмендегі топтарға жіктелген:

Жоғарғы оқу орны тәуекелі:

- жоғарғы оқу орны әрекетін жеткіліксіз қаржыландыру;
- жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру тәуекелі;
- педагог-мамандардың жеткіліксіз болу тәуекелі;
- ғылыми-ағарту үрдісін жеткіліксіз ақпараттық қамтамасыз ету;
- материалдық-техникалық базаның жетілмеу қауіпі;
- заман талабына сай оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сәйкес келмеу тәуекелі;
- талапкерлердің дайындық деңгейінің төмен болу тәуекелі;
- өндіріс орындарының жоғарғы оқу орнымен ынтымақтастықта болудан бас тарту және жоғарғы оқу орнында практикалық дайындық бағдарламасының болмау тәуекелі;

- білім беру қызметтерінің төмен сапасы тәуекелі;
- дайындық сапасының төмен болу тәуекелі;
- түлектерді жұмыспен қамтудың және бейімделушілік деңгейінің төмен болу тәуекелі;

- салынған қаржыға нәтижелердің сәйкес келмеу тәуекелі;

Жеке тұлға тәуекелі:

- теориялық базаның жеткіліксіз болу тәуекелі;
- практикалық тәжірибенің жеткіліксіз болу тәуекелі;
- санаттың жеткіліксіз болу тәуекелі;

Өндіріс тәуекелі:

- қызметкерлердің теориялық дайындығының жеткіліксіз деңгейде болу тәуекелі;
- қызметкерлердің практикалық тәжірибесінің жеткіліксіз деңгейде болу тәуекелі;

Қоғам тәуекелі:

- білікті мамандардың жеткіліксіз болу тәуекелі;

Мемлекет тәуекелі:

- бюджеттік қаржыны нәтижесіз пайдалану тәуекелі.

Тәуекел деңгейінің көрсеткіші ретінде бір мүдделі тұлғамен белгілі деңгейдегі мақсатқа жету кезінде қолайсыз нәтиже мүмкіндігін көрсететін тәуекел коэффициентін пайдалануға болады [4].

Тәуекелді басқару бойынша қызмет жоғарғы оқу орны менеджментінің барлық деңгейлерінде іске асуы тиіс және оған өзінің деңгейінде шешім қабылдайтын барлық қызметкерлер жұмылдырылуы қажет. Бұл өз алдына жоғарғы оқу орнында қызметкерлерді тәуекел-менеджмент негіздеріне оқыту жүйесін құру қажеттілігін қарастырады. Бұл оқыту міндетті қорытынды бақылау арқылы ұдайы түрде жүргізілуі тиіс. Оқыту бағдарламасы тәуекелді сараптау бойынша қызметтердің барлық түрлерін қамтып, оның алдын алу және келеңсіз нәтижесін төмендету бойынша нәтижелі қарсы шараларды жасауды қамтуы тиіс:

- тәуекел жағдаятын талдау;
- мәселені айқындау;
- қоршаған орта туралы ақпарат;
- жоғарғы оқу орнындағы ішкі ахуал;
- жоғарғы оқу орнының қызметін талдау;
- тәуекелдің көзін және түрлерін анықтау;
- шешімдердің баламалы нұсқаларын қарау;
- тәуекелге ықпал ету әдістерін таңдау;
- анықталған тәуекел мен бақылаудың ұдайы мониторингін жүргізу
- тәуекелді басқару бойынша шаралар жүргізу.

Осы әрекетке жоғарғы оқу орнының басшылығын тарту шешуші сәт болып табылады.

Тәуекелді басқару сұрақтары бойынша басшылықтың көшбасшылық танытуы тәуекелді нәтижелі түрде болжау және басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді, ол өз алдына жоғарғы оқу орнында басқару шешімдерін қабылдауға, оның жеделдігін және сапасын арттыруға жағдай туғызады. Ол жоғарғы оқу орнының стратегиялық мақсаттарына жетуге арналған барлық қызметкерлердің күш-жігерін шоғырлауға, сапаның шығармашылық, жасампаздық, корпоративтік мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді..

Тәуекелді басқару бойынша әрекет тек қана кезекті қауіптерге деген жауап қайтару ғана емес, сол сияқты преактивті, яғни жоғарғы оқу орнының тұрақты дамуын қалыптастыруға, бәсекелестікті жоғарлатуға, білім беру бизнес-үрдістер жүйесін дамытуға, түлектерді дайындау сапасын арттыруға және жоғарғы оқу орнының қызметіне қызығушылық танытатын барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыруға бағытталған маңызды үрдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Костюкова Т.П., Лысенко И.А. Система управления рисками в образовательной деятельности – неперемнная часть менеджмента качества. ИТО-Петрозаводск-2009 / Секция I
2. Абдрахманова А. Классическое и неклассическое определение риска. Аль-Пари.-2006.-№3/4.-С.43-46.
3. Шалагинова К.С. Возрастание рисков в современном образовательном пространстве [Электронный ресурс] // Прикладная психология и психоанализ: электрон. науч. журн. 2011. N 3.
4. Никитина Н.Ш., Щеглов П.Е. Качество высшего образования. Риски при подготовке специалистов. Университетское управление: практика и анализ.- 2003. - №1

Даулетова Г.О.
«Мәдениеттану» мамандығы 4-курс студенті
Ғылыми жетекші
Масалимова А.Р.
филос.ғ. д., профессор

ТІЛ-ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИ КОДЫ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИЕТТЕГІ КІЛТІ

Мәдени өзгерістердің қазіргі уақытта өзгеру қарқындылығы соншалықты, қандай да бір адам баласының бір өмірінің уақыт ширегінде бірнеше мәдени кезеңдерді басынан кешіреді. Ал, біртұтас қоғамдық аймаққа көз жүгіртер болсақ, белгілі бір әрбір топтың арасында өзара байланыстардың ерекшеліктерін аңғарамыз. Осы тұста кез-келген ұлттың, этностың өзіне тән мәдени коды болатындығы айқындалады.

Негізгі «мәдени код» түсінігі жан-жақты болып келеді. Ол кез-келген мәдени тип пен әртүрлі тарихи уақыттағы айырмашылықтарға қарай да кездеседі. Бұл ұғым адамдық мәдениетті сақтау және қалыптастыруды толыққанды игерген. Табиғатта мәдениеттің өзіндік ұйымдасуы мәдени кодтың заттық, белгілік және идеалдық сияқты параметрлерден құралады.

Мәдени код – мәдениеттің берілген типін түсінудің кілті. Бұл халыққа ата-бабамыздан қалған қайталанбас мәдени өзгешеліктер, мәдениетке тиесілікті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір формада жасырынған ақпарат көзі.

Мәдени код өзгерістерге, өзінен туындайтын жаңа мәдени кодтарға, сонымен қатар, әлеуметтік кодтардың құрылымдарымен де тығыз байланысты. Негізгі мәдени код төмендегідей сипаттамаларды қамтуы тиіс:

- адамдық мәдениетті сақтау, тасымалдау және өндіріс үшін жетістікке ие болу;
- өзгерістерге ашық болу;
- жан – жақтылық;

Әрбір мәдениетке оның менталитетін, мінез-құлқын, мәдени артықшылықтары мен ерекшеліктерін сипаттайтын өзіндік мәдени код тән [1]. Сондықтан да, мәдени код арқылы біз әрбір ұлттың өзіне тән басты айырмашылығын, не болмаса ерекше көзге түсетін салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тани аламыз. Қай ұлттың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері, мәдениеті бар. Ежелден келе жатқан қазақ ұлтының да бұрыннан қалыптасқан көне мәдениеті, салт-

дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігінің бізге жеткен үлгілері сан түрлі. Күні бүгінге дейінгі жер бетіндегі басқа ұлттардан ажыратып көрсететін қазақтың салт-дәстүрі туралы айту деген сөз. Мысалы, Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі - жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Олардың әбден сақталып қалғандығы ғана бүгіндері ұлт төлқұжатындай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды. Ал, орыс халқының мәдени басты ерекшелігі - тілі болып саналады. Қазіргі таңда да екі адамның біреуі орыс тілінде сөйлей алатыны анық. Сол себепті де, орыс халқы қай жағынан болмасын басты қару ретінде тілін қолданып келеді. Кеңес уақытында да 100-ге жуық халық орыс тілінде хат алмасып, оқытушыларың қатары орыс ұлт өкілдерімен толықтырылып отырғаны, бірден-бір себеп болып табылады. Міне, сондықтан әр ұлттың мәдени ағымындағы тілдік құбылыстар тамырланып, дұрыс қалыптасуы үшін оны дамытуға арналған көптеген алғышарттары мен салалары болуы керек.

Мәдени код семиотикалық жүйелерде сақталады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда ол ұлттық маңызы бар деректерден тұрады. Бұл деректердің түп-төркіні, таралуы, шығу көзі белгілі бір аймақтағы халықтың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Тілдің негізінде коммуникативтік және танымдық қызметі жататыны белгілі. Адамдардың өзара байланыс құралы болуы - басты да мәртебелі қызметі. Екіншіден, тіл - жер бетіндегі адам баласының қоғамда бірлесіп өмір сүруінің өркениетті дамытып, мәдениетті қалыптастыруының негізгі кепілі болатыны да белгілі. Қоғамның эволюциялық дамуындағы тілдің ролі аса маңызды болатындығын ешкім жоққа шығара алмайды. Тілдік қарым-қатынас, тілдік ортаның болуының өзі адам танымының дамуы мен өркендеуіндегі басты фактор болғаны даусыз.

Тіл қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы ретінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан қоғам өмірінде де, адам жасаған мәдениет салаларын айқындауда да тілдің маңызы зор болатыны заңды. Тіл - адамның іс-әрекет етеу процесінде танымдық және коммуникативтік қызмет атқаратын, табиғаттың кез-келген құбылысын бейнелей алатын таңбалар жүйесі. Семиотикалық тұрғыдан алсақ, тілді табиғи және жасанды таңбалардың жүйесі ретінде екіге бөліп қарастыруға болады. Табиғи тіл дегеніміз - күнделікті өмірде қолданылатын, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы болып, санадағы ойды, ұғымды бейнелейтін кешенді дыбыстық жүйе. Ал жасанды тіл адамдардың өзара келісімі бойынша жасалады [2].

Мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі әрі өте тығыз. Бұл байланыстың қыры мен сырын тану, таныту оңай емес, ең алдымен, әр алуан сипаттағы мәдени процесстер тілге өз әсерін тигізе ме? Егер әсер етер болса, ол қай дәрежеде болады?

Мәдениет адам қолымен жасалатын құндылық болғандықтан, ол таза табиғи процесс ретінде таныла алмайды. Мәдениет - әлеуметтік дамудың жемісі. Тіл адам баласының әлеуметтік тарихында жасалған дүниетанымын негіздейді, белгілейді. Сондай-ақ тіл адамның -биологиялық табиғатымен байланысты да қарастырыла алады. Дыбыстың жасалуы сөйлеу мүшесі арқылы орындалатындықтан, тілді биологиялық құбылыс ретінде тану да орынды болмақ. Дыбыстардың жасалу жолы анатомиялық, психофизиологиялық сипатта болғандықтан, тілдің өзін де табиғи құбылыс ретінде тани аламыз. Демек, тіл екі жақты күрделі құрылым. Ол бір жағынан табиғи процесстің нәтижесі бола алса, екінші жағынан әлеуметтік құбылыстарды таңбалаушы ретінде де бағаланады. Әр тілде сөздің мазмұны мен мәні белгілі тұлға арқылы таңбаланады. Адам лебізінің тууы мен қабылдану заңдылығы, терең құрылымдық сипаты тілдің табиғатын айқындап тұрады [3]. Ал, өз кезегінде, мәдениет те тілдің мазмұнын айқындай алады. Адам қолынан шыққан сан түрлі бұйымдарды, қоршаған ортадағы құбылыстарды, қоғамдағы қатынастарды, адам мінезінің сан алуан қырын, рухани таным-түсініктерді, дәстүрлі тағылымдарды атау қажеттілігі тілді дамытып отырады. Мұның өзі тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы менбайланысын нақтылай түседі.

Жалпы тіл білімінің ірі өкілдерінің бірі В. Гумбольдт тілді адам рухының көрінісі, танымның бейнесі, жанының тереңінен шымырлап шығатын, сөйтіп оның бүкіл болмысына

қан жүгіретін халықтық энергия ретінде түсіндіріледі. Тіл бүкіл адам баласының іс-әрекетінің, таным түсінігінің қиялы жеткен күлі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі. Себебі адамның ой санасының құдыреті ұлы күш болуының негізгі шарты тіл. Рухани мәдениеттің негізі - тіл. Тіл негізінде кез-келген этномәдениетпен этнопсихология қалыптасып дамиды. Қазақ халқының табиғи тіршілік жүйесі оның жалпы дүние танымын қалыптастырғаны белгілі дүние танымның тереңдігі философиялық мәні мен маңызы ұлттық мәдениеттің өн бойына тараған. Тіл негізінде адамдар қауымы құралып мәдениет, өркениет өнер жасалады. Осының бәрін ескерсек, тілді мәдениеттің өзге салаларымен тең дәрежеде бағалау дұрыс болмайды. Өйткені тарихы терең тіл қоғамдағы барлық өзгерістердің орындалуының негізгі факторы болған. Ал адам қолымен жасалған материалдық мәдениеттің немесе дүние таным негізінде дараланатын рухани мәдениеттің үлгілері тек тілдің жетекшілік ролі арқылы ғана іске асырылып, атадан балаға мирас етіледі.

Ұлттық мәдениетіміздің тұғыры тіл деп есептесек, оның көркем тәжі әрине - сөз өнері. Мәдениеттің сан тараулы арналары сөзбен өрнектеліп, тілде айқын көрініс табады. әрі осы мәдени арналар тілге де нәр береді, оның баюына, өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Рухани және материалдық игіліктердің қай-қайсын алсақ та, оның ұғымдық өзегі сөз жүйесі арқылы қалыптасып, жүйеленеді, сөздің жүйесі негізінде баршаға ортақ болып жадта таңбаланады. Адамзат мәдениетінің дамуына сай әрі қарай сәулеленеді. Кез-келген мәдениеттің өсуі мен өркендеуінің дәреже-деңгейі де осы сөз өнерімен өлшенуі тегін емес. Сөз – таңба. Таңбалау арқылы санада туындаған ұғымдар кейін өзінің материалдық бейнесіне ие болады. Яғни ой-сөз ретінде жалғасын табады. Егер зат пен құбылыс сөз арқылы таңбаланып, материалдық тұлғасын таппаса, онда бұл туралы таным да қалыптаспаған болар еді.

Халықтық таным мен түсінік дүниеге әкелген көптеген ұғымдар сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық сана-сезімді, әдет-ғұрыпты, тәлім-тәрбиені, ұлттық ойды жеткізуші, қалыптастырушы қызметін атқарады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерінің бағасын халықтың өзі-ақ тереңнен зерделеген.

Мәдениет – толыққанды өмір сүрудің бірден-бір шарты десек, алдымен оның тіл тану және тіл табысу өлшемдерін еске аламыз. Түбірлей түссек, «мәдениет – тіршілік ету жолындағы еңбек-бейнеттен туған, табиғатпен адами ортамен үйлесімді өмір сүре білу өнері. Мәдениет – ол тарихи тәжірибе айтып берген дағдылы машықтардың, рұқсат етулер мен тиым салулардың тұтас бір жүйесі» - дейді О.Сүлейменов.

Дегенімен мәдениет тіл сияқты өзіндік сипатын сақтайтын ашық жүйе. Тіл мен мәдениетті тарихи тұрғыдан қарасақ, екі жетістікті де жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтың жиынтығы, нәтижесі дерлік. Ол дегеніміз тіл мен мәдениет даму заңдылығы бойынша біртұтас құбылыс және жетістік, ал қызметі мен ықпалы бойынша көрінісі әр түрлі ағым, қарқынды құрал. Тілдің даму заңдылығының жүйесі жеке кезеңнен, ұлттық ерекшеліктерден, саларалық көріністерден тұрады. Бірақ олардың біреуімен де шектелмейді. Тіл адам тарихымен тамырлас, ұлт тарихымен түптес. Тіл – тарихтағы мәдени арна тұтас құбылыс. Тарихтағы тұтастық құрамын Біржақты жұтып қоймайды. Онда сыңарлықтан гөрі, ықпалдылық айқын, бірін - бірі байыту басым. «Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес... Ұлттық сана, ұлттық код - ұлттық тілмен қалыптасады» [4].

Мәдениетті мәдениеттің бір де бір саласы тіл алдында оқып білгендей білу мүмкін емес. Тілдің мәдениетке әсері мейлінше терең, ол кешкі және жасырын сипатқа, мейлінше дерексіздікке ие. Осыған қатысты Б.Л.Уорф; «Мәдени нормалар мен тілдік модельдердің арасында байланыс бар, бірақ тікелей байланыс емес, ұзақ тарихи жағдайдағы тіл мен мәдениетті бір бүтін деп оқығанда ғана осы байланыстар байқалып қалады» дейді [5].

Тіл әрбір ұлттық мәдениеттің ең маңызды және арнаулы құрылымының бірі және түрлі халықтардың мәдениеті, дәстүр, салты, таным мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді.

Мәдениет тілдің таңбалық жүйесінің мазмұнын анықтайды. Әрбір мәдениетте халықаралық және ұлттық сипат бар сондай-ақ әр бір тіл семантикасында адамзат мәдениетінің жалпы әмбебап компоненті және белгілі бір халықтың өзіндік мәдениеті

көрінеді. Мәдениет тіл сипаты мен тұрпаты әсіресе түрлі мәдениетке негізделген тілдердің түрлісін қарастырғанда анық байқалады, сондықтан да Э.Сепир «Тіл мәдениетін танудағы басқарушы бастама ретінде жоғары бағаға ие болып отыр деп көрсетсе К.С. Горбачевич; «Тіл тек мәдениетті құрастырушы құрал ғана емес, ол мәдениет ескеркіші, ұлт өмірінің айнасы» - деп баға береді.

Тіл - әрбір ұлттың мәдени кодының ең маңызды және арнаулы құрылымының бірі. Әр халықтың мәдениеті, дәстүрі, салты, таным мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Сондықтан ұлттың мәдени коды сөз болған кезде біз болмысты түсінудің басты кілті - ол ұлттық мәдениет пен халықтың басты белгілерін қарастырамыз. Мәдени код – барлық адамзатқа тән құбылыс, халықтың өмірі, ондағы қоғамдағы түсінік және өткені мен келешегі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильева К.К. Стадиальность социокультурных кодов. – М., 2002.
2. Петров М.К. Человек и культура / М.К. Петров // Вопросы философии. – 1990.- № 5.
3. Горбачевич К.С. Язык- памятник культуры. М., 1986.
4. Верацагин Е., Костомаров В.Г. Язык и культура. М., 1976.
5. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М., 1999.

Зейнуллин Раймбек Бақытжанұлы
«Мәдениеттану» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші:
Ғабитов Т.Х.
филос.ғ.д., профессор

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ - ҰЛТ БІРЕГЕЙЛІГІН САҚТАУ ЖОЛЫ

Еліміз егемендік алғалы бері талай қиындықтарды бастан кешірді. Ал оған дейінгі кезеңдерде көрген күні қандай болды? Ия, расыменде тарих беттеріне көз жүгіртсек, сонау түркі дәуірінен бастап мәдениетіміз бен ұлттық сана-сезімдеріміз қалыптасып дамыды. Кейінгі кезеңдерде ұлан-ғайыр жерімізде бір-бірінен тәуелсіз мемлекеттер өмір сүрді. Монғолдардың келуімен мәдениет араласып түркіленген монғол тайпалары елімізде мекен етті. Содан кейін, тарихи деректер бойынша, XV ғасырда Қазақ хандығы құрылып, еліміздің алғашқы іргетасы қаланды. Бірнеше мыңдаған ұрпақтың қажырлы еңбегі негізінде еліміз туын көтерді. Керей хан мен Жәнібек сұлтандар бастап, ұрпақтары қостаған Қазақ хандығы бірнеше жыл бойы билік құрды. Осы кезеңдер қазақтың мәдениетінің де қарыштап дамыған кезеңі болатын. Салт-дәстүр берік сақталып, бір сөзге тоқталған қоғам қалыптасты. Жонғарлардың келуімен еліміз қиындыққа ұшырады. Бұл қиындықтан орыстардың көмегімен ғана шығу мүмкін болды. XVIII ғасырдан бастап қазақ жұрты орыстарға бағына бастады. Біртіндеп енген орыстар елдің негізгі қазынасы - жерімізді иемдене бастады. Қазақ жері толықтай орыстарға қарады. Сонымен қоса ұлттық ерекшеліктеріміз, мәдени жетістіктеріміз жоғалып кетті. Сол кездегі саясаттың озбырлығын бүгінгі қоғам да шет жағасын көріп отырғаны сөзсіз. Өйткені, ол саяси іс-шаралар қазақ санасын мүлдем басқа арнаға бұрды. Ата-әжелеріміздің көбісі дерлік өз ұлттық салт-дәстүрін ұмытуға дейін жеткен. Ал сондай қоғамда тілді, дінді тіптен ұлттық мәдениет туралы сөз қозғаудың өзі қатерлі болды. Кеңес үкіметі орнаған кезеңде еліміздің ағартушы өкілдері алдарындағы қиындықтарға қарамастан қарсы тұрды. Есімдерін айта кетсем

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Т. Рысқұловтар елінің азаттығы үшін жанын берді. Ал аты аталмағандар қаншама? Осыншама саңылақтарымыз елі үшін басын бәйгеге тіккенде, қазіргі қоғам салт-дәстүрін, мәдениетін біле ме?

«Мәдениет» деген аса үлкен ұғым. Оның ішінде ұлттық мәдениет деген сөздің қадірін жас ұрпақ өз санасында нық қалыптастыруы қажет. Мәдениеттің ішіне бүгінгі күнде басты орынға ие дін мәселесі, тіл мәселесі де кіреді. Ал осылар неден бастау алады дейтін болсақ, ол, әрине, салт-дәстүрден басталады. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүр қоғамның әр кезеңдегі сипатын ашып көрсетеді. Бұрынғы салт-дәстүрмен бүгінгі салтты алып қарасақ, көптеген нәрселер ұмытылып жаңа дүниелер енген. Олай деп отырған себебім, жаңаға ұмтылған қазақ қоғамы өзгелерден жаңаны ала отырып, өзіндік бұрынғыны ұмытып бара жатыр. Оның ішінде тіл, салт-дәстүр, ұлттық ойындар мен халқымызға ортақ ұлттық ерекшеліктер жойылу алдында. Мұның бәріне Кеңестік жүйені кінәлайтынымыз рас. Бірақ ол жүйенің елімізге тигізген әсерін бір жақты қарап қоймай, жақсы да, жаман жақтарын қарастыруымыз қажет. Себебі, орыстар арқылы сауатсыз болған қазақ қоғамы білімге ұмтылды. Абай атамның өзі орыстардан білім алу керектігін айтып қалдырған болатын. Жаман жағы олардың саясаты орыстандыру негізінде жүрді. Қазақ балалары қазақ тілін емес орыс тілін меңгерді. Ал бүгінгі күнде тілімізге деген құрмет қандай деңгейде дамуда?

Еліміз тәуелсіздік алып, жерін, рәміздерін, тілін, төл теңгесін қалыптастырды. Кейін келе ұмытылып кеткен ұлттық дәстүрін дамыта бастады. Мұның бәрі қажырлы еңбектің арқасында келді. Елбасымыздың да бұл мәселені қолға алған саясатының қосқан үлесі өте зор. Қайта қолға алынған шаралардың қатарында ұлттық мерекеміз Наурызды ел көлемінде тойлауды айтуға болады. 3000 жылдық тарихы бар, кейін 80 жыл бойы тойланбай келіп, қайта жанданған бұл мерекенің қазақ қоғамында алатын орны ерекше. Сонымен қатар тіл мәселесі де бүгінгі күнде өте өзекті. Өмір сүріп отырған тәуелсіз күніміздің тірегі – тіл. Тілі мен мәдениеті жоқ ел болмасы анық. Қазіргі жаһандану заманында тіліміздің орыны төмендеп, басқа тілдерге еліктеу қарқын алып барады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тіліміз байлығы жөнінен әлем тілдері арасында 7-орынға ие, ал қолданылуы аясында 70-орында тұр. Мұндай кемшілікті жою мақсатында көптеген ғалымдарымыз бен беделді ұстаздарымыз еңбек етуде, бірақ ол да өз нәтижесін бермей жатырғаны әлеуметтік желілерден де байқалады. Көгілдір экранға, компьютерге немесе ұялы телефонға телмірген жастарымыз тілдік қорды дұрыс ескермейтіні анық байқалып тұр. Осындай қиындықтарды жеңу үшін қазақтың бұрынғы өнерінен сусындаған айтыскер ақындарымызды, жыршы жырауларымызды, дәстүрлі әнші-сазгерлеріміз бен күйшілерімізді көбірек экранға шығарып немесе халық арасына насихаттауымыз қажет. Бұл мәселемен күресуде «Қазақстан» телеарнасының және т.б. атқарып жатырған еңбектері зор. Қолданылу аясын кеңейту барысында да еліміз біраз еңбектенуде. Мемлекеттік тілді білуге әрбір Қазақстан азаматы міндетті, ол үшін басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрететін үйірмелер ашылуда, сонымен қоса мемлекеттік қызмет атқарушыларына қазақ тілін меңгеруі тиіс екендігі қатаң қадағалануда. Бұл жөнінде еліміздің «Тіл туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Қазіргі заманда қазақтың қоғамдық-әлеуметтік басты мәселенің бірі – басқа ұлт өкілдерінің Мемлекеттік тілде сөйлей білуі дегенімізбен өзіміздің қара домалақтарымыздың басқа тілде сөйлеуі басты орынға шығып бара жатыр. Сондықтан «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін!», күнделікті қазақша сөйлесек, басқа тілді қоспай, сонда ғана қоғамымыз одан әрі дами түседі. Мұннан шығатын қорытынды аталарымыз айтқандай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте».

Келесі қозғалатын мәселе еліміздің ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Рухани мәдениетіміздің айқын сипаты - бұрыннан сақталған қазақы дәстүріміз. Мұның ең алғашқысы ретінде «сәлемдесуді» қарастыралық.

«Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек биге сәлем бере барыпты» («Ел аузынан» кітабынан). Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыс жастағы шал келіп сәлем береді» дегендей жөн білетін үлкендердің өзі барып сәлемдесетін де жолы бар.[1.]

Адамдардың ең алдымен араласуын осы сәлемдесуден бастауынан-ақ, бұл дәстүрдің маңыздылығына көз жеткізуге болады. Бүгінгі күнде қоғамымызда түрлі қылмыстық оқиғалар (тонау, адамға қастандық келтіру, жеке-бас құқығына қол сұғу) жиі кездесуде. Мұның бәрі отбасылық тәрбиеден бастау алады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп қазақ аталарымыз айтқандай, егер бала дұрыс отбасылық тәрбие көрсе, болашақта жақсы қоғам қалыптастыратынына сеніммен қарауға болады. Мұнымен қазақтың «Тұсаукесер» салты тығыз байланысты. Себебі, осы салт арқылы өзгенің ала жібін аттамау керектігі сәби кезінен санасында сақталады.

Қоғамдық мәселелердің көбеюі себебі тыйыммен де қатысты. Қазақта «Қызды қырық үйден тыю, ұлды отыз үйден тыю» деген мақал бар. Бұл – жастарымызды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеу мақсатынан шыққан ұғым. Мұның бәрі де қайта даму сатысында жүрген қазақ қоғамы үшін аса қажетті нәрселер.

Осы қарастырылған мәселелердің түпнегізі дін болып табылады, яғни қазақ салт-дәстүрінің бүгінгі күннің басты назарындағы дінімен негізі бір екендігін көрсетеді. Дінсіз мәдениеттің болуы өте қиын мәселе, себебі дін мен мәдениет ерте заманнан бері қалыптасқан егіз ұғым. Сондықтан, ақпараттың асқақтап тұрған кезеңінде бұларды бөліп жармай, ұлттық мұраларымызды қастерлеп, өзіміз танып, өзгеге танытып дамытуымыз қажет. Біз, Қазақ елі, дін мен дәстүрді даналықпен ұштатырып, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген халықпыз. Бұл жол - ата-бабаларымыздан қалған сара жол. Бұл жолды Ислам дінінің тарауымен байланыстыруымызға болады. Ислам діні біздің жерімізде пайда болмаса да, ата-бабаларымыздың өмірінде дамып, ерте кезден тұрмыс тіршілігімен ұштасып кеткен.

Ақындары әуелгі сөзін бір Алладан бастап, батырлары батасыз жорыққа шықпайтын халықтың бүгінгі ұрпақтарының бейбіт ғұмыр сүріп, биікке көз тастауы да – ғасырлар бойы қазақ елінсусындатқан дініміздің арқасы.[2.]

Бүгінде діннің ықпалы арқылы билікке ұмтылып, ұлтымызға нұқсан келтіруші топтар бар екені анықталып отыр. Мұның бәрі діни экстремизмнің белең алуымен түсіндіріледі. Мұның елімізде кең етек алуына себеп елдегі діни білімнің ахуалының төмендігі. Мұннан шығатын жол – мектептерде бір ғана дін туралы емес, әр діннің ерекшеліктерін анықтап, қандай бағыттар адам өміріне қолайлылық туғызатынын түсіндіру. Сонда ғана діни білімі бар балалар немесе ұлт келешегі болатын жастар экстремизмге қарсы тұра алады. Ол үшін мамандардың көптеп керегі екені мәселе туындатады. Қазіргі кезде бірнеше діни басқармалар мен дінтану саласында оқу орындары жұмыс жасауда. Олардың қатарында Қазақ Ұлттық Университетінің де қосар үлесі басым. Себебі, жыл сайын «Дінтану» мамандығын дайындау қарқынды іске асырылуда.

Қазақтың дәстүрін жандандыруды өзімізден бастағанымыз дұрыс. Өйткені кешеуілдеп қалған ұлттық брендтерімізді әлем аренасында танытуымыз қажет. Егер оны өзіміз қолға алмасақ, кім оны дамытады? Қазіргі кезде балалар ұлттық ойындардың бар екендігін кітаптардан ғана оқып біледі. Техниканың дамыған заманында ұлттық ойындарымыз, батыстық сән үлгісі дамыған кезде ұлттық ою-өрнекті киімдеріміз, батыстық әндер елімізде таралғанда дәстүрлі әндеріміз екінші орында қалып қойды. Бұл шынайы өмірдегі болып жатырған оқиғалар. Бірақ техника дамыды екен деп, ұлтымыздың жауһарларын ұмыту дұрыс емес. Мұны дамыту үшін қоғам болып қимылдауымыз керек. Қазақ киімін дамыту үшін жаңа стильде, бәсекеге қабілетті, қазақи нақышта киімдер шығару қажет. Егерде бір киімде тым болмаса бір ою тұрса, оның өзі үлкен жетістік болар еді.

Сонымен қорыта келе, қазақ болып қалу үшін қазірден бастап игі мақсаттарға ұмтылып, соларды жүзеге асыруымыз керек. Бұл - еліміздің саясатымен бірге дамып, алдағы белестерді алуға көмектесер бірден-бір бағыт. Л.Н. Гумилев айтқандай біздің елімізде де пассионарлық тұлға қалыптасарына сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Кенжеахметұлы С.
2. www.muftyat.kz Қазақстан мұсылмандары діни сайты

Қуанышбекова Жансая Қуанышбекқызы.
«Мәдениеттану» мамандығының 2 курс. студенті
Ғылыми жетекші:
Аликбаева М.Б.
филос.ғ.к., доцент

ДЫБЫС ПЕН МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАБЫЛДАУ МҮМКІНДІКТЕРІ (ҮНДІ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЫСАЛЫНДА)

1995 жылдың шілде айында Фалуна қаласында бүгінгі күнге дейін аты танымал "Aspects on music and multiculturalism" халықаралық конференциясы өтті. Конференция бағдарламасын құрастыра отырып, оның ұйымдастырушылары (арасында Макс Петер Бауман, Кристер Молм, Энтони Сигер және т.б. сынды музыка ғалымдары бар) кезекті рет халықаралық әуенді-ғылыми қоғамның назарын бүгінгі күнге жалпы әлемдік дыбыстық-әуенді кеңістіктің қалыптасу үрдісінің факторларына аударуға тырысты. Бұл жерде сөз адамдардың арасында артып келе жатқан белсенділік заманауи технологиялар мүмкіндіктерімен қатар әртүрлі уақыт пен халық әуенін пайдаланудың қолжетімді затына айналдырып отырғандығы туралы болып отыр.

Бұл ерекшелік нәтижесінде пайда болып отырған әуенді танымның көп мәдениеттілігі ("musical multiculturalism") қоғамдық әуенді көрініс өмірінің жан-жағынан табылуда: білімде, бұқаралық ақпарат құралдарында, концерттік тәжірибеде, жастардың бос уақыт үлгілерінде және т.б. Көрсетіліп отырған тенденция ең алдымен, музыкалық-мәдени коммуникацияның жаңа ресми және ресми емес ұйымдары сияқты ұлттық азшылық және жеке әлеуметтік топтар үшін музыкалық-мәдени өзіндік ерекшелікті сақтап қалу сияқты жаңа әлеуметтік-мәдени мәселелер кешенін алдыға қояды.

Дүниежүзілік музыка кеңістігінің қолжетімділігі мен ашықтылығының жаңа сезімі қуантып қана қоймайды, сонымен қатар елеңдетеді. Баяу дами отырып бұл үрдіс адами сана-сезімнің жаңа жағдайға ауысуға – нақты дәстүрлердің тұйық шектеуден шынайы көпмәдениеттілікке (multiculturalism) ауысуға дайындығымен сәйкес келмейді. Салт-дәстүрдің сақтаушы механизм ретіндегі ролі осыған дейін баға жетпес болатын, себебі салт-дәстүр ерте кезден бастап адамға әуенді мәлімет саласында таңдауын анықтай отырып, берілген құндылықтар жүйесінде бағыт беріп келеді.

Бүгінде мүлде бақыланбайтын, немесе берілген нақты тұлғамен емес бақыланатын дыбыстау ағымы күделікті оның жаратылысына тарпа бас балады, және адам оның тұлғасының микрокосмы үшін ненің жағымды және ненің жағымсыз болатындығын өзі анықтау керек. Дыбыс, музыканың материясы – ең нәзік, тұрақсыз, әсерлі субстанциялардың бірі[1].

Қазіргі кезде күмәнсіз факт болып табылатыны кез-келген дыбысталу әрбір жеке адами тұлға үшін пайдалы және зиянды кодтардың барлық жүйесімен жабдықталған. Оған қоса, дыбыс барлығына жетеді, одан құлақты жауып алып және жастықтың астына басты тығып алып қана жасырыну мүмкін емес – ол біздің бойымызға табиғи толқынның ондаған түрімен (электромагнитті, биоэнергетикалық және т.б.) организмнің физиологиялық және психикалық құрылымдарына, көңіл-күй әлеміміз бен ақыл-ойымызға әсер ете отырып енеді.

Әртүрлі музыкалық-мәдениеттік жүйелердің қарым-қатынасының көптеген нұсқалары шынайы сыналған алғашқы «полигонның» атақты популярлы музыка аумағының болғандығын айта кеткен жөн. Атақты батыс музыкасының ориентализмге үндеуінің қайнар көздерін терең әрі түбегейлі зерттей отырып, атақты композитор және этномузыколог Дэвид Рэк бұл тенденцияның жалпы Батыс мәдениетінде көрсетілген көптеген үлгілерге сілтеме береді, ертеректерге де (мысалы, Густав Холсттың Ригвед ұранын неміс тіліне аудару, 1912 ж.), кейінгілерге де (Джон Кейдж, Оливье Мессиаан және басқа да композиторлардың

шығармаларында үнді тала циклына тән ритмикалық ұйымдастыру мен раги принциптерін, сонымен қатар жалпы раса философиялық-эстетикалық концепциясын қолдану) [2].

Әйгілі музыкаға қатыстыны қозғасақ, Д.Рэктің ойынша, ол шығыс тақырыптамасын және музыкалық мәнерлілік құралдарын меңгеруде классикалық музыканы талай артта қалдырған. Айғақ ретінде автор XIX ғ. Түрік зингшпильдері атауларының, империяның шығыс түрмелері өмірінен қалжың сюжеттері бар ағылшын әндерінің және т.б. ауқымды тізімін келтіруде. 1960 жылдарды Еуропадағы ориентализмнің жаңа толқыны атайды, қазіргі кезде ол поп-мәдениет пен рок-н-роллдың өрлеуімен тікелей байланысты.

Осылайша, үнді музыкасымен әуестену осы онжылдықтың әлеуметтік және психоэмоционалды атмосфераларын сипаттайтын рухани ұмтылудың дамуын қосақтайды.

Әралуан оккульти шығыс ғылымдарына, философиялық-діни доктриналарға, медитациялық және йога тәжірибесі жүйесіне деген қызығушылық кейде кірпияз жолмен жалпы істер мен жартылай діни жиналыстардың, әртүрлі үлгілерін өмірге әкелетін. Кейде тым атақты Батыс өкілдері, мысалы Олдос Хаксли немесе Сомерсет Моэм, иудаизм орталықтарына (Катманду, Бенарес, Гоа және т.б.) қажылық жасау мақсатымен әртүрлі қоғамдар мен миссияларға кіріп, Индияға саяхат жасаған.

Көптеген зерттеушілер еуроамерикандықтардың үнді музыкасын қабылдаудың Батыстағы көптеген жақтардағы өзгеріссіз нашакорлық галлюцинациялық заттарды қабылдау сеанстарымен және діни салттарға сай транстық жағдайларына ерекше көңіл бөледі. Американдықтардың жүрегінен орын алған үнді музыкасының жеңілдігі оның музыкалық мағына, құралдар арқылы қабылданғандығының емес, керісінше адамдардың санасына медитация және рухани өзіндік үңілу үшін қажетті және өзіндік фон ретінде кіргендігінің көрінісі.

Тампураның бүркеуіш дыбыстары мен сатира американдықтардың есту қабілеті мен жан бейіміне, ең алдымен эмоционалды қатар, интуиция арқылы әсер етті, және аздағаны ғана жаңа музыка тілі негіздерін түсінудің, оның грамматикасын зерттеудің қажеттілігін сезінді.

Жалпы батыс поп музыканттарының үнді классикалық музыкасын зерттеуде оның рухани және грамматикалық тереңдеріне енбеді, тек таңдалған, алайда сонда да өзіндік элементтер контекстінен алынған кейбір маңыздыларды меңгерумен шектелді. Бұл осы мәселенің өзге зерттеушісіне, Джерри Фаррелға, үнді және батыс музыкасының қарым-қатынасын «шағылыстыратын сырт» әсері деп атауға мүмкіндік берді [3].

Дегенмен, бұл автор оның ойынша үнді музыкасына поп музыка қалағанға қарағанда өзге талғампаздау және жемісті жолды көрсеткен джазды қолдайды. Бұл жерде сөзсіз Рави Шанкар мен оның батыстық сыбайластырының ойлаудың рагтық және джаздық принциптерін байланыстыру бойынша бірегей тәжірибелерді де еске алуға болады (Рави Шанкар - ситар, Канаи Датта - табла, Н.К.Муллик - тампура, Харихар Рао - дхолак, Бад Шэнк - флейта, Дэнис Баддимие - гитара, Гэрри Пикок - бас и Луи Хэйс – барабандар құрамында 1961 жылы жазылған “Improvisations” дискі). Шанкардың зерттеулері сол кездің жетекші джаз музыканттарына – Эрик Долфи, Джон Колтрейн, және кейіннен Дон Эллис, Коллин Уолкотт және т.б. үлкен әсер етті.

Джаз музыкасының үнді музыкаға әртүрлі амалдары арасында нақты шектеу бар; олар не болмаса жазу үрдісінде оларды стилистикалық түрде жасау арқылы өзге мәдениеттің музыка элементтерін Джон Колтрейн сияқты өз шығармаларына кіргізді, не болмаса Джон Мейер сияқты джазды үнді музыкасының бар үлгілері мен грамматикасына ұластыруға тырысты (бұл түрдің қызықтырарлық үлгісі гитарист Джон Маклафлин және скрипкашы Г.Шанкардың орындауындағы «Шакти» атты шығарма, салдарынан құрамына скрипкашы Л. Шанкар, таблист Закир Хуссейн және оңтүстік-үнді соқпаларында ойнаушы Т.Х.Винайякрам кіретін Маклафлинмен жазылған музыкалы «Шакти» ансамблі).

«Бұл үндеудің икемділігі мынада – жалпы әсер екі әртүрлі музыканың саналы қосылысынан алшақ»" – деп Дж.Фаррел жазады. Бірақ, шын мәнінде үнді музыкасы мен джаздың толықтай синтезі жүзеге асырылуда. Бұл көбіне «Шакти» музыканттарының

тәжірибесінің толыққанды билингвистикалық болуынан, олар бір-бірінің музыка жүйесін жеткілікті деңгейде жақсы білді және түсінді, және бірқилы музыкалы «экспантода» тілдесе алды [6].

Осы уақытқа дейін еуроамерикандықтар үшін дыбыс көкжиектерін меңгерудегі джаздың ерекше роліне қарамастан, соңғы сөзді айтатын жалпы адамзат санасына әсер ету және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату теңдессіз мүмкіндіктеріне ие поп және рок музыкасы болды. «Битлздың» үнді музыкасымен және үнді мәдениеті қызығушылығымен рок және поп музыка әлемінде осындай тәжірибелердің ұшқыны ұшты, Рави Шанкар айтқандай, «сатиралық жарылыс» болды. «Битлз» бен олардың әуендерінің ерекше танымалдылығының арқасында, топтың үнді тәжірибесі «қазіргі» ретінде таныла бастады, яғни классикалық үнді музыкасы ретінде.

Рави Шанкар поп музыка әлеміндегі бас орындарға супер жұлдыз ретінде құрмет көрсетілді (алайда ол 1950 жылдарда концерттер бере бастады). Дегенмен, Шанкар өзін жайсыз сезінді, суррогаттық музыканың шынайының орнын баса бастағандығын, Харрисон оның оқушысы болып, шығармашылық мақсаттарында шынайы болса дағы, оның алатын орнының күмәнін сезді. Осының салдарынан ол Шығыс пен Батыстың әлдеқашан шынайы түсіністікпен сай келетіндігіне күмәндәнді, ал бір-бірінің музыкасына деген қызығушылық тек келіп кетер еркелік болып табылады.

«Батыс музыканттарына қажетті бірнеше жылдар бойы оқуға уақыт та, шыдамдылық та жеткіліксіз, - деп қайғырды музыкант, - олар тек «хош иісті» жалға алады. Біздің ойымызша, бұл тым балалық» [4]. Бірақ, 1960 жылдардың поп-музыкасының үнді музыка дәстүрімен жанасуы тек жағдаяттың ойыны ғана болғаны ма? Осы мәселе бойынша әдебиетте көрсетілгендей, келесі онжылдықтар бойында еуропалық емес музыканы зерттеумен айналысатын көптеген салмақты батыс композиторлары, орындаушылары мен зерттеушілері пайда болды.

Және олардың қызығушылықтарының дамуының септігі жиі «Битлз» немесе өзге поп жұлдыздарының жазбаларынан алған әсері болды, алайда олардың өзі мұны қалауымен мойындамайды. Бірақ, поп-музыканың әлемдік музыка мәдениеті алдындағы басты «қызметі» оның көмегі.

Біртіндеп ауқымды батыс аудиториясының назарын жаулап алуда болды – шынайы өзара түсінушіліктің кеңінен тарататын жерлер. Батыс музыканттарының еуропалық емес материалдарға қатынас үлгісінің ауқымдылығы, және өзге де кезеңде батыс үлгісіндегі атақты музыканың Азия мен Африканың музыкалық мәдениет жүйесіне енуі тек музыканың түрлі жаңа типтері мен жанрларының, музыкалаудың жаңа әдіс-тәсілдерінің ғана емес, ойлар мен ғылыми көзқарастардың пайда болуына ғана септігін тигізеді.

Батыс поп-музыкасында еуропалық емес дәстүрлі музыканың элементтерін пайдалануға деген сыни көзқарастардың бірі Питер Николас Уилсонның «Этно-поп және әлемдік музыка арасы» мақаласында қамтылған [5]. Бұл публицист-ғалым оның интерпретациясы жағынан да, авторлық құқығы жағынан да дәстүрлі музыканың қорғалмағандығы мәселесін көтереді. Батыс музыкасына балийлік гамелан, африкандық, латиноамерикандық және өзге дәстүрлердің стильдік бейнелері тән Малком Мак-Лареннің «Duck Agung» дискісінде жазылған композицияларды Уилсон өзіндік «жаңа қанның құйылуы», поп-музыканың өмір сүруге қабілеттілігінің иллюзиясын құру мақсатымен қолданылатын «гротескілік мультимәдени монтаж» ретінде бағалайды.

Н.П. Уилсон «Бали-шынайы» және «Бали-тауар» деп атайтындарды ажыратуға тырыса отырып, ол тек этно-поп стиліндегі тәжірибелерге ғана қарсы емес, сонымен қатар соңғы уақытта кең даму алған «әлемдік музыка» концепциясына да қарсы шығып отыр, Н.П. Уилсонның сөзінше, «әлемдік музыканың» жақтастары өз шығармасында музыка мәдениеттерінің теңдігін декларациялай отырып, музыкалық ойлаудың батыс жүйесінің үстемдігінен құтыла алмады.

Бүгінде сананың интенсивті ақпараттық өңделуінің ықпалынан және музыкалық полимәдениеттілік сынды замануи есту ерекшелігінің құрылуынан болар адамзат әлемдік

мәдениет құбылысын, оның ішінде музыкалықты да тең құқылы құндылықтар жүйесі ретінде түсінуге жетіп отыр. Егер өркениет құбылыс ретінде өзінің ішкі және сыртқы айуандылық қарамақайшылығының әсерін меңгергенде басталған болса, онда өркениет жүйесі әрбір құрылған аймақтық өркениеттің сәйкес мәдени кешенін мойындаудан басталды.

Өзге галактикалардың өкілдеріне көрсете алатындай барлық мәдени жүйелерді бірдей басқара алатын мәдени ареопаттің құрылуы үшін бір уақытта барлық өркениеттердің өркендеу кезеңінде жұмыс істеуі ешқашан болған емес.

Біздің күнделікті өмірімізде де, мысалы «Әлемдік музыка мәдениетінің қазына қоймасынан» радио бағдарламасын ести отырып, бұл «қазына қоймасына» лайықты қалай кіруге болатындығы жайлы біздің ойлануымызға құқығымыз бар: Бәлкім, өркениеттің тең бағалы диалогының уақыты келмеген болар, алайда, сол уақытта, олардың өзара мойындау үрдісі бүгінде айқын, ал өркениеттің тіршілік етудің саналы қажеттілігімен біріктірілген организм ретіндегі түсінігі бүгінде әлемдік мәдениет түсінігіне өркениеттің тіршілік ету принципі бойынша құрылған үлкен көлемдегі адами жүйенің тіршілік іс-әрекеті үшін негіз ретінде ауысуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Быстрова А. Н. Мир культуры (Основы культурологии). Учебное пособие.,2002
2. Михайлов Дж.К.СССР - США: имиджи музыкальной культуры //Взаимодействие культур СССР и США XVII-XX вв. - М.: Наука, 1987. – 220 б.
3. Farrell G. Reflecting surfaces: the use of elements from Indian music in popular music and jazz // Popular music. - 1988. - No. 2. - P.189-205.
4. Farrell, T.S.C. (2004) *Reflecting on Classroom Communication in Asia*, p.198
5. Wilson P. Zwischen "Ethno-Pop" und "Weltmusik": Eurozentrische Grndstrukturen im Umgang au ereuropaischer Musik // Neue Zeitschrift fur Musik. - 1987. - p.5-8.


Осербаев Елдос Нұрланұлы
«Мәдениеттану» мамандығы 3 курс студенті
Ғылыми жетекші
Масалимова А.Р
филос.ғ.д., профессор

КИБЕРМОББИНГ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

XXI ғасыр техника мен технологияның қарыштап дамып, күннен-күнге жаңа функциялар мен қосымшаларды іске асыруда, ол әрине, ғылымның жоғары дәрежеде жаңа белестерді бағындырғанының айқын көрінісі. Техниканың жақын кезеңнің өзінде адам қолынан шығатын барлық дерлік іс-әрекеттерді толық және негативті-форс-мажорлық салдарсыз істей алуына аып келетіні белгілі. Яғни, барлық өндіріс, инновация және тұрмыстық деңгейдегі жұмыстарды техника атқарады. Сайып келгенде, адам қажеттілігі төмендейді және жұмыссыздар саны көбейетіні де жұмбақ емес. Айтпағым, қаласақ та қаламасақ та “әр құбылыстың жақсы мен жаман жағы” болатыны белгілі, осы тұрғыда, біздің міндет сол құбылыстардың негативті екпіндеріне тоқтау салу.

Қазіргі таңда “мылтықсыз майдан” атауына ие ғаламтор және басқа да “бұқаралық” сипатқа ие ақпарат алаңдарында белгілі деңгейді “ұрыстар” орын алып жатқаны құпия емес. Сол компьютерлік технологиялардың дамуы барысында қол жеткен еркін ақпарат айдындарының бір легі-ғаламтордағы ақпараттар тізбегі. Әр қоғамның өмірін, көзқарасын, ұстанымдарын және мәдениетін керекті деңгейде өзгертіп, түзеп және қадағалайтын бұл құралдардың маңызы айтпаса да түсінікті.(1-кесте) Әр мемлекет оны өз деңгейінде қадағалап, керегін алып, керексізін мың қақпаның арғы тұсына құлыптап қоятыны бар, осы

орайда, “ғаламтор желісін қаншалықты деңгейде қадағалап-тұсауға болады және болар болса жеке адам құқықтарына байланысы қандай, әр адам өз қалауынша еркін ақпаратқа ие болуы тиіс емес пе?” деген заңды сұрақтар да табыла кететіні белгілі. Кезінде бір немістің офицері халыққа идеологиялық әсер ету үшін басты тиімді құрал – газет деген екен, яғни, жоғары деңгейге жетелейтін де сол газет және мәігүрттендіретін де сол – газет деген екен. Мәселенің төркініне үнілсек, тарихта тұтас халықтар мен мемлекеттер, тіпті, ұлттардың жер бетінен жойылып немесе өрлеуінің маңызды факторы – дұрыс немесе бұрыс жүргізілген ақпараттық саясат, әрине, бұрынырақта ғаламтордың болмағаны белгілі, сәйкесінше, ақпарат туралы ой қозғаудың өзі қисынсыз дейтіндер де болар, бірақ, ақпарат әр кезеңде болған және бола береді, бастысы-ол ақпараттардың ақиқаттылық деңгейі және өңделуі.



1 кесте

Мәселенің шешімі- мемлекет осыншалық мың алабұртқан кереметте те кеселді уақытта ақпарат дейтін алыптың мазмұнына қарай тұсау салуы қажет. Төменде тек сол ағынның бір тұсын көрстетіп, сараламақпын. Айта кетерлік мәселе, дұрыс берілген ақпараттың өзін дұрыс интерпретацияламау арқылы үлкен проблеманың шетін ашуы да мүмкін, сол себепті осынша ма бір деңгейде феноменалды күшке ие және соншалық нәзік мәселені ғылыми және объективті тұрғыдан қарастырған жөн. Мәдениеттанушы ретінде айтарым, әрине, аталмыш мәдени және әлеуметтік құбылыстардың болуы және қоғамда маңыздылыққа ие болуы-заңды құбылыс, ышқынып және жиырылатын әрекеттердің қажеті шамалы, тек сол құбылыстарының қажетін алып, қажетсізін қоғамға жеткізбеу мәселесі. Шетел тәжірибесі Қазақстан сынды тарих үшін әлі сәби және алар асулары алдағы мемлекет үшін аса маңызды. Жапонияның өзінде осы мәселелерді реттеу үшін ұлттық сал-сананы орталық ретінде ала отырып, “Кайдзен” жүйесін қалыптасытқан, білетіндер бұл жүйенің экономикалық тұсын да тілге тие кетуі мүмкін, басты принципі – кез-келген жаңа құбылыстың тез арада мемлекеттік саясат пен халыққа бейімделіп кетуі, яғни, о бастан келген толқынды белгілі бір цензурадан өткізіп, өңдеп әрі әрлеп қоғамға жіберуі. Дәл осы тәжірибені пайдалану арқылы біз де көп мәселені жоқ болған тұсынан бастап алдын алар едік. Өкінішке орай, алдын алудан көрі салдарымен күресіп жататынымыз тағы бар.

Жастар кез-келген мемлекет үшін аса бағалы да салмақты маңызға ие. Яғни, олар мемлекеттің ертеңі, мұрагері. Мұрагерді дұрыс тәрбиелеп, жоғары сана-түйсікке қолын жеткізу арқылы патша өз халқының жарқын да айқын болашағын қамтамасыз етеді. Мен де өз халқым мен мемлекетімнің ертеңі ретінде аталмыш мәселелерді сараптап, шамам келсе олардың шешімін де таппақшымын. Жастардың өкілі ретінде ғаламтор, оның ішінде әлеуметтік желілердің маңызы мен мағынасын білетінім анық. Ондағы негізгі түсінік

бойынша- шынайы өмірде аса көп жетістікке жетпесең де, виртуалды өмірде жоғары танымалдылық пен сұранысқа ие болуың керек-мыс. Әрине, ол арқылы шынайы өмірде де жоғары белестерді бағындыруға болады, бір анығы, ондай бақ құсын кездестіруге әркімнің мүмкіндігі де қарымы да жоқ. Қайсібір сондай сипатқа ие әрекеттерді көріп отырып, амалсыз күліп қоюға ғана шамамыз жетеді, болмаса, әлгі адамды қоғам-халық болып даттауға да уақыт та ресурс та табамыз, бірақ ешбір адам оны түсініп, дұрыс-бұрыстығын түсіндіріп, мәселенің шешімін айтатындар жоқтың қасы, бар болған күннің өзінде теңізге тамшы рөлінде, себебі, алып бұқараның мысы жоғырырақ та. Нақты зерттеу кезеңіне де келіп жеттік, ол жастар арасындағы кибермоббингтік әрекеттер немесе сізге ғаламтордағы ойланып-ойланбастан жасаған іс- әрекетіңіздің сізге келетін теріс жақтары.

Кибермоббинг - электрондық коммуникациялық құралдардың көмегімен белгілі бір деңгейдегі негативтік және қоқан локқы көрсету мақсатында берілетін ақпараттар. Бастысы оның келтіретін зияндылығы персоналды тұлға мен қатар тұтас мемлекетті де құрдымға әкету қасиеті бар. Оның бірнеше түрін және қауіптілік деңгейін көрсетсек(2-кесте)

- Жеке тұлғаға бағытталған негізді-негізсіз айыптаулар мен қорқытушылық ақпараттар (қоғамның өзі туралы ой деп бағаланатын бұл әрекеттер тұлғаның сол қоғамды немесе тұлғаны жек көрушілік сезімдерін туғызып, түрлі социопаттық әрекеттерге итермелейді)

- Жеке психологияға әсер ететін ақпараттар (түрлі күйзеліс немесе түсініксіз сезімде жүрген тұлғалар үшін теріс немесе қисынсыз ақпараттар легі оның одан әрі күйзеліске итермелеп моральді-этикалық тұрғыдан теріс әрекеттерге итермелеуі мүмкін)

- Теріс діни уағыз-насихат жүргізу(дін адам үшін аса маңызды мәселе болып табылатындықтан бұрыс діни ақпарат теріс жолға жетелейді, яғни түрді секталар мен ағымдарға еріп кету мүмкіндігінің жоғарылығы, қоға мен мемлекет үшін оның салдары аса маңызды)

- Арнаулы аудиторияға бағытталған ақпараттар (жасөспірімдердің әлі де толық қалыптаспаған санасына бағытталған теріс және негативті мейнстримдер мен челленджер арқылы суицидке дейін апаратын ақпараттар)

- Мемлекеттік саясатты мәнді-мәнсіз сыни көзқарастарды қасақана енгізу (саясат әр уақытта маңызға ие тақырып ретінде әрдайым қоғамдық талқыға түсуі заңды құбылыс десек, оны үлкен деңгейге дейін көтермелеп, әрине, негативті сипатта теріс әрекеттерге шақыру, ұрандар тастау, қаржылық тәуелсіздікке кепілдік беру т.б жарқын мысал Украинадағы жағдай, халыққа сол ғаламтор арқылы тек митингке үгіттеп, аяғында кімнің –кім, ненің не, ағы мен қарасын табу мүмкіндігінің жоқтығы)


- Түрлі ұлттық-этникалық, нәсілдік сепаратизмге шақыру (бір мемлекет ішінде әр түрлі этностардың арасындағы қарым-қатынастарындағы әрекеттерді бұзу, іріткі салу арқылы саяси тұрақсыз жағдайға итермелеу, мысалы, Ресейдегі скинхэдтардың “Ресей –орыстар үшін” ұраны арқылы орыс емес этностарға қысым көрсету арқылы сепаратизмға итермелеу, немесе түрлі фашистік ұрандарды қайта жаңғырту, шовинстік көзқарастарды тарату, тройболистік оқиғалар келтіру. Естен шығаруға болмайтын мәселе -теріс ұлт, халы, мемлекет болмайды, тек теріс адам ғана болады)



2-кесте

Жастар әлеуметтену процесінен өтіп жатқан адамдар тобы болып табылады, яғни, қалыптасқан білім беру, мамандық алу және мәдени әлеуметтік функцияларды игеруге бағыт алған үлкен арна.

Ғаламтор дамуы барысында қоғамның түрлі топтарын әлеуметтендіру мүмкіндігіне ие болды. Қолданушылардың жас көрсеткішінің шектелмеуі, ақпараттың сақталу мүмкіндігінің жоғары сипаты және анонимдіктің кепілденуі, түптеп келгенде, кибермоббингтік әрекеттерге жастардың тез икемделуіне әкеліп тірейді. Ендігі жерде, сол негативті және теріс берілген ақпараттың жоғары дәрежеде таралуы мен оның практикалық тұрғыда жылдам іске асуына қозғау салып, катализатор рөлін атқаратын функциялардың негізіне тоқталайық. Бастысы одан қорғанудың да жолдарын ұмыт қалдырмайық.()



Кибермоббинг құрамында теріс және девиантты, анти моральді және этикалық принциптерді насихаттаушы, әлеуметтік агрессияны тасымалдаушы онлайн ақпараттар легі

болып табылады. Бұл көбіне барлық цифрлі форматқа ие техникаларға хабарлама және пост көрінісінде таралып отырады. Және бұл іс әрекеттердің кез келген мемлекеттің, халықтың және этностың болашағына, яғни, жастарға бағытталған аса үлкен қауіп. Аталмыш ақпаратты Интернетті қауіпсіз және жауапкершілікті пайдалану орталығының директоры Нэнси Виллард ұсынып отыр. Белгі талдауларға назар аударсақ, 24 ақпараттық толқынның ішінде кемінде 7 аталмыш негативті сипатқа ие. Терісс ақпаратқа ие хабарлама, видео және фотосуреттер көзіліспес жылдамдықпен таралып, көп жағдайда толық тазалана алмайды.


Жоғарыда айтылған Орталықтың зерттеулеріне сәйкес, ғаламтор пайдаланған 40 мың адамның төрттен бірі интернет моббингтің құрбаны болғаны туралы ақпарат берген. Заңды сұрақ кибермоббингтің жастар арасында таралуына не себеп? Әрине, ғаламтордың жеңіл таралуы және әлеуметтік желілердің жас талғамауы. Жастар Facebook, Twitter, Instagram және ВКонтакте сынды түрлі әлеуметтік желілерге еш кедергісіз тіркелу арқылы айтылып отырған әрекеттердің құрбанына айналады.



Аталмыш әлеуметтік алаңқайлар агрессияның негізгі мекені болып табылады. Біріншіден, моббинг жүйелі механизмдерге ие құрылым. Екіншіден, анонимділік, яғни, жасырындылықтың кепіл болуы, қолданушы мен таратушы мүлде кездеспейді, сәйкесінше, зұлым әрекеттің орындалуына екеуі де мүдделі болады, сонда белгілі бір деңгейде заңға деген жеңілтектік көзқарас пайда болады. Үшіншіден, салдардың орнын бос қалдыру, яғни, жасалған әрекеттің соңына және нәтежиесіне мән берму. АҚШ тың Қылмыстың алдын алу Ұлттық кеңесінің ақпаратына сәйкес, сұралғандардың 81% ы мобберлердің бұл әрекетке баруының себебі қызық көру. Кибермобберлер өздері ұсынған ақпаратты алған қолданушының әрекеті мен ойларын тікелей көре алмайды, сәйкесінше, одан келетін кесапаттың мөлшерін де айта алмайды. Төртіншіден, әлеуметтік қысым, көп қолданушылар аталмыш әректті абсолютті түрде қоғамдық нораға жатқызады және оны белгілі бір тұлғаның әрекетіне қарап еліктейді.

Келесі бір бөлімде, кибермоббингтің психологиялық себептеріне назар аударайық. Негізінде, мобберлердің екі түрі болады, өз ортасында танымал жасөспірім және масштабты аудиторияға ие емес жасөспірім. Біріншісінің әрекетінің негізінде өз популярлығын сақтап және өз ортасында бедел жинауға деген мотивация жатыр, сондай ақ, өзінен төмен тұрған өзге субъектілерге моральдық қысым көрсету олардың өзін одан да жоғары дәрежеге ие болуға жетелейді. Ал екінші өкілдің кибермоббингтік әрекеттерге бару мотивтері көбірек, ол алдымен өзінің төмен дәрежесін өрлетуге деген құлшыныс, бірінші түрдің сипатын ие болуға деген тілек. Сонымен қатар, жасалған іс әрекеттің негативті нәтежиелеріне толық баға бере алмау формасы. Белгілі деңгейде бір қорытындыға келер болсақ, кибермоббингтік

әрекеткерге деген қызығушылық пен құлшыныстың болуы жастардың өз ортасында беделге ие болуға деген мотивү яғни, ол өзінің психологиялық, интеллектуалдық индивидуалды, рухани және мәдени даму ерекшеліктерін тарату мотивациясы жатады.



Кибермоббингтің көптеген формаларына тоқталайық.

- Қорлау, яғни, өзге тұлғаға бағытталған негативті пікір білдіру ол комментарийлерден, хабарлама және электронды ақпараттардан көрініс табады. Ол бір деңгейде ашық және құпия алаңдарда жүзеге асады.

- Шешім ретінде кибермоббингтің мемлекеттік деңгейде бақыланып және жойылып отыруы басты қадам. Бұл тәжірибе Ұлыбританияда заңдық сипат беру әрекеттері жасалуда, яғни, баланың ғаламторда қауіпсіздікке ие болуына кепіл беру, баласының ғаламторда жасаған барлық іс-әрекеттерінің жиынтығы тікелей ата анаға жеткізіліп отырады. Оңтүстік Корея және Франция мемлекеттері де осы жолға түсуде. Қазақстанға келер болсақ бұл процесс тек сайттарды блоктаумен ғана сипатталуда.

- Бұның себебі айдан анық. Біріншіден, кибермоббингтік әрекеттерден басқа да түрлі қауіпті мәселелер бар деп топшыланады, екіншіден, нақты жауапкершілікті өз мойнына алатын орта жоқ, ата аналар заман ағымының тым жылдамдығын арқау етіп техниканың қиындығына сілтеу жасаса мектеп информатика сабақтары кезінде бұл әрекеттердің бақылануы мүмкін еместігін айтады. Заңға келер болсақ, ол тек нақты көрініске ие заңбұзушылық әрекеттерді ғана құрықтай алады, ал көп кибермоббингтік сайттар өте жақсы жасырынып, олардың әрекеттеріне деген еш күдік тумады. Жоғарыда келтірілген ақпарат шетелдік тәжірибе негізінде анықталған, қарапайым халық үшін оның түсініктісі бар түсінбейтін тұсатры да баршылық.

- Қорытынды ретінде, кибермоббинг тақырыбы аса актуалдылық пен қауіпке ие болып отыр. Оның пайда болып дамуына көптеген факторлар әсер етеді, бастысы психологиялық екені айтпаса да түсінікті. Және өзге тұрмақ өзіңізді аталмыш әрекеттерден қорғау құралы жоқ осының бәрі нақты осы тақырыптың зерттелуіне қозғау болатыны белгілі.

Шәри Ислам Икрамбайұлы.
«Мәдениеттану» мамандығы 2 курс. студенті
Ғылыми жетекші
Омирбекова А.О.
филос.ғ.к., доцент

ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жаһандану, немесе Глобализация (ағылш. Global — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға “интеллектуалдық индустриялар экономикасы”, “ақпараттық қоғам”, “техникалық революция”, “ақпараттық жарылыс”, “ғаламдық ауыл” деген ұғымдарды енгізді. Жаһанданудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар: “менталдық” немесе мәдени Жаһандану — дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың “ұқсастануының” кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді. Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшею үрдісі “менталдық” Жаһанданудың бір көрінісі болып табылады. Соның ішінде америкалық мәдени дәстүр “планетарлық” деп аталынып жүр. Мәдени жаһандану саласында бүгінгі күннің өзінде біртұтас жалпыадамзаттық мәдениеттің нышандары — жаңа нысандармен (желілік мәдениет, кибермәдениет) ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классикалық, еуропалық, америкалық, шығыстық, мұсылмандық және үнділік) синтезі көріне бастады. Бұл жағдай әрбір ұлттық, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы жолында орасан зор күш-жігер жұмсауын талап етеді;

экономикалық жаһандану екі үрдістің жиынтығын — нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының — компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта экономикалық Жаһанданудың нақты сипаттары бар:

үлкен компаниялардың жетекші рөлі;

жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;

жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;

жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы мен қызмет етуі;

барлық ұлттық және халықар. қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы;

бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;

аумақтық Жаһандану — мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі. Мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар Жаһанданудың барынша жоғары деңгейдегі мәнін көрсетеді. Бұл ретте Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылады. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар дәстүрлі мемлекеттерді аймақтық қауымдастықтардың ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер аймақтық қоғамдасу үрдісін бүкіләлемдік Жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден бір жолы деп қарайды.

ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану — қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте екі бағыттағы ғарыштық жүйелерді басымдылықпен дамыту; байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы; ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті, өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді;

этникалық Жаһандану негізгі екі үрдістен тұрады — планета халқының санының өсуі және әр түрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы.

Жаһанданудың жағымды нәтижелеріне мыналар жатады: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жеке тұлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызу. Жаһандану тұңғыш рет біртұтас ақпараттық кеңістік арқылы әлемдік экономиканың барлық құрамдас бөліктерін — өндірісті, ғылымды, қаржыларды, тұтынуды біріктіруде. Олардың қазіргі өзара тәуелділігі соншалықты, ұлттық және аймақтық нарықтардың әлемдік нарықтан кез келген оқшаулануы ол ұлтты немесе аймақты құлдырауға ұшыратады. Жаһандану кері айналмас сипатқа ие болып, экономикалық дамудың шартына айналуға. Нарықтар арасындағы кең ауқымды қаржылық ағындарға байланысты қазіргі күнде триллион доллармен өлшенетін, тауардың өзіндік құнын 10-12%-ға түсіретін және сонымен бүкіл циклдық дамуды өзгертетін электрондық сауданың елеулі өсуі байқалады. Дегенмен де, Жаһанданудың қазіргі үрдісі бірқатар кері зардаптар әкеледі. 1990 жылы адам басына есептегенде орташа кіріс аса дамыған 17 елде басқалармен салыстырғанда 4,5 есе жоғары болған. 1999 жылы жердің аса бай тұрғындарының 20%-і әлемдік ЖІӨ-нің (жалпы ішкі өнімнің) 86%-не, ал аса кедейлері 1%-ке ие болды. Планета халқының 30%-і күніне бір доллардан кем қамтамасыз етілген. Постиндустриалдық, индустриалдық және дамушы елдердің арасындағы алшақтық кему орнына, керісінше, өсе түскендігі байқалып отыр. Ашық нарықтық принциптерге шартты түрде сүйенетін, ал шын мәнінде дамыған елдердің бәсекелестік артықшылығын пайдаланатын “Вашингтондық консенсус” адамзаттың аз бөлігі үшін ғана қызмет етеді.

Әрбір мәдениет, әрбір ел осы процеспен қамтылған. Осыдан туындайтын өзгерістер адам өмірінің барлық салаларын, яғни отбасы мен мемлекетті, ғылым мен өндірісті, мәдениет пен байланыс құралдарын қамтып отыр. Әрине, осындай ауқымды үрдістерден қоғам дамуы да бұрынғыдай өзгеріссіз және шеттеп қала алмасы анық. Егер осыған дейінгі өзгерістер қызметтің жекелеген салаларын ғана қамтып, ұзақ жылдар бойы біртіндеп жүрген болса, қазіргі күнде біз көптеген адамдарды қамтитын реформалардың тоқтаусыз ағымымен бетпе-бет ұшырасып отырамыз [1].

Жаһандану үрдістері белгілі бір деңгейде қазіргі қоғамның барлық саласын қамтитын үрдіс ретінде, ұлттық дәстүрлерді және анықталған мәдени құндылықтар сияқты маңызды мәселелерді назарсыз қалдыруы мүмкін емес. Қазіргі әлемде ұлттық мәдениеттердің құлдырау айналымы, олардың арасындағы шекаралардың жойылуы бәрімізге аян және нәтижесінде көптеген елдердің тұрғындары тарапынан бір мәдениеттің моделі қабылдануы мүмкін.

Жаһандану!.. Қазіргі таңда қызу талас-тартыс тудыратын феномендердің бірі болып табылады. Біріншіден, әр түрлі деңгейде болсын біздің ғаламшарда тұратын халықтың басым көпшілігінің өміріне тікелей әсер етеді. Екіншіден, кез-келген әлдеқандай жай түсіндірмеге сәйкес келмейтін, өте күрделі, әрі қайшылыққа толы түсінік. Жаһандану іс жүзінде қазіргі таңдағы адамдардың барлық өмір аспектілерін қозғайды.

Бізге тұруға тура келетін қоғам өзінің дәстүрлігін жоғалтып, жасандылыққа ие болуда. Ертеде адамзатқа фольклорлы және этнографиялық мәнділік берген көптеген дәстүрлер, рәсімдер қоғамның негізгі бөлігі жаңа өмірлік талаптарға ие болуына байланысты уақыт өте

келе жоғалуда. Осындай жаһандану жағдайында халықтардың дәстүрлі мәдениеті болуы мүмкін бе? деген сұрақ орынды туындайды. Алайда, бірегейлікке әкелетін мәдениеттің жаһандануы жеке тұлға үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғам үшін де қатерлі болып табылады. Себебі, қазіргі таңдағы этномәдени әртүрлілік көптеген өмірлік мәнді қызметтерді атқарады. Осылайша, әр түрлі этностар олардың алдында тұрған мәселелерді әрқилы шешуге бағытталатындығын әлеуметтік тарих куәландырады. Мысалы бір мәдениетте ақшаға құнығушылық басым болса, екіншілерінде – техникалық ғылымдар, үшіншілерінде – саяси идеалдар, төртіншілерінде – мәңгілік өмірге сенім орын алады. Ешкім де тарихтың жүрісін болжай алмайды, ешкім де болашақта өмір сүру үшін адамзатқа қандай қасиеттер қажет екендігін білмейді.

Қазіргі таңда әлем адамзат өмірінің барлық саласын өзгертетін тереңдетілген трансформациялар кезеңінде. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен экономикасындағы түбегейлі өзгерістер, зор ғылымитехникалық жетістіктер, жалпы әлемдік ақпараттық кеңістікті құру адамзат өркениетінің жаңа типін құруға әкеледі, яғни – жаһандық. Жаһандануды зерттеу мәселесіне көптеген ғылыми, философиялық, публицистикалық жұмыстар арналған. Алайда, У.Бек айтқандай «Жаһандану тек соңғы жылдардағы түсініксіз, шатастыратын, тығырыққа тірейтін, саяси нәтижелі (лозунг, дауласудың қаруы) сөз ғана емес, сонымен қатар алдағы болашақта да солай болып қала бермек» [2].

П.Ф. Друкер сипаттағандай қазіргі таңдағы болып жатқан өзгерістер бірнеше онжылдықтар аралығында қоғам өзін қайт құруымен негізделетін әлемнің терең трансформациясымен байланысты. Оның ішінде атап айтатын болса: әлемге деген көзқарасын, негізгі құндылықтарын, әлеуметтік және саяси құрылымын, мәдениетін, кілттік институттарын қамтиды [3].

Әр адамның, әр таптың, әр ұлттың, әр мемлекеттің, әр қоғамдық жүйенің мақсаты орнына жалпыадамзаттық, дүниежүзілік мүдделер келеді. Осы орайда 2012 жылғы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы осы өзекті мәселені қозғады. Елбасы өз жолдауында ХХІ ғасырдың жаһандық он сын-қатерін атап өтті. Сонымен қатар биылғы Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму атты халыққа жолдауында жаңа жаһандық нақты ахуалдың сын-қатерлерін тағы да өзекті мәселе ретінде атады. Жаһандық өзекті мәселеге экономикалық дағдарыс негізгі өзек болды. Сонымен қатар Елбасы Қазақстанның дағдарысқа қарсы мүмкіндіктері мен дағдарысқа қарсы стратегияны, дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағытын атап өткен болатын.

Қазіргі өркениеттің болмыстық белгілері техникалық және әлеуметтік басымдықтар болып табылады. Адамдардың ессіз техникаға бағынуы, жалпылама қоғамның байлар мен кедейлерге бөлінуі (мысалы, АҚШ 36,9 млн адам кедей жағдайда тұрады, яғни халықтың шамамен 16% құрайды [4]), материалдық құндылықтардың рухани құндылықтарға басымдықтары пайда бола бастады. Бұл дағдарыс адамдардың бір-бірімен, қоғаммен, табиғатпен байланысының барлық кешенін жайлап, әлемдік қоғамдастықтың өмірлік қызығушылықтарын тудырды. Осындай дамудың нәтижесі тек қана «демографиялық жарылыс» және экономиканың жаһандануы ғана емес, сонымен қатар адамды қоршаған ортаның дағдарысы, соныңда адамның өзінің де дағдарысына әкеліп соқтырды [5. 428-431б.]. Қалайша және қандай жылдамдықпен қақтығыссыз және апатсыз дамуды қамтамасыз ететін тіршілік ету ортасын өзгертуге болатындығы жайлы мәселе көтерілді.

Адам болмысының дамуы өзгермелі. Жеке индивидтің шексіз дамуға шыдауы мүмкін емес. Егер де адамзат үшін жедел өзгерістер жаңа даму кезеңге ауысумен негізделсе (қоғамның көп бөлігінің азғындауы және қырып жоюмен байланысты), ал жеке индивид үшін мұндай өзгерістер фатальды (өлімге әкелуі) болуы мүмкін. Адам болмысы жүйесі мен адамзаттың болмысы жүйесі әр түрлі болып келеді, яғни жүйелердің кейбір элементтері мен параметрлері қарам-қарсы бағыттарда дамуы мүмкін: адамзат үшін қолайлы болып табылатыны индивид үшін қолайсыз болуы мүмкін. Мысалы, адамзат қоғамы өндірісте

арнайы химиялық өнімдерді қажетсінуі мүмкін. Өндіріс бойынша зауыт салынады, алайда осы зауытта қызмет атқарған адамдар өте ерте өмірден өтеді.

Алайда адам көп технологиялық үрдістердің сыни сілтемесі болып табылады, әрі барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мұның өз диалектикасы бар: адамзат жеке индивидтің өмір сүруіне қауіп төндіруі мүмкін, сонымен қатар адамзаттың болмысына қауіп төндіруде. Бұл қарама-қайшылықтың болуы – қазіргі адамның дағдарысының қатерлі белгісі [6. 381б.]. Адам дағдарысы мәселесі жаңалық емес, бұл мәселеге Г.Маркузе, Э. Фромм, Э. Тоффлер, Р. Генон сияқты ғалымдардың зерттеулері арналған.

Жалпы адамзаттық мәдениеттің қалыптасуын ыңғайландыру, барлық мәдениеттердің бірыңғай құндылықтар жүйесі ретінде түсінуге болмайды. Аймақтық және ұлттық мәдениеттердің өзара байланысы туралы, олардың арасындағы келісім туралы сөз болмақ. Келісім – үлкен мәдениеттердің гуманитарлық қарым-қатынастары туралы мәселе емес, жеке алынған тұлғаның осы мәдени білімдердің рухани әлеміне тартылу тәсілі туралы мәселе. Бүгінгі күні мәдениеттер арасындағы келісім принципінің дамуы – рухани дағдарыстың терең қайшылықтарын жеңудің, экологиялық тұйықтықты және атом түтінін болдырмаудың нақты мүмкіндігі. Сонымен бүкіл байлығымен және алуандығымен мәдени айырмашылықтарды сақтайтын келісім өзара түсінушілік пен мәдени байланысқа әкеледі.

Қазір жаһандану дәуірі басталып, онда ұлттың рухани мәдениетке аса үлкен көңіл бөлінуде. Осыған байланысты біздер ең бастысы, қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтап қалу және одан әрі дамытуға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері: Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2014. – 221б.
2. Бек У. Что такое глобализация? Ошибки глобализма – ответы на глобализацию. – М.: Прогресс – традиция, 2001. – 304 с.
3. Друкер П.Ф. Задачи менеджмента в XXI веке. – М.: Вильямс, 2003. – 272 с.
4. Chomsky N. World Orders, Old and New. L., 1997. P. 143.
5. Маслихин А.В, Маслихин В.Д. Человек и картины мира. Йошкар-Ола: МарГУ, 2002. С. 428–431.
6. Всемирная энциклопедия: Философия XX века / Главн. научн. ред. и сост. А.А. Грицанов. М.: АСТ; Мн.: Харвест; Современный литератор 8. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

Таңатарова Махаббат
«Мәдениеттану» мамандығы 4 курс. студенті
Ғылыми жетекші филос.ғ.к., доцент Омирбекова А.О.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІ

Қазақстан Республикасы қоғамның барлық салаларында жоғары даму қарқынын алуда. Алайда, ел дамуы оның әр салада жеткен жетістіктерімен ғана айқындалмайды. Ата-бабаларымыздан мұра боп келе жатқан төл мәдениетіміз бен рухани болмысымызды жоғалтып алмау қажет. Ол үшін мәдени құндылықтың маңыздылығын жас ұрпаққа түсіндіріп қана қоймай, білім беру және тәрбие арқылы бойларына дарыту қажет. Рухани байлықтың қадір-қасиетін тұшындыру, жастарды ұлтжандылыққа баулып, жан дүниелерін рухпен нәрлендіру керек.

Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, яғни еліміздің егемендік алуы тәуелсіздігіміз қаншама құндылықтарға жол ашты. Қоғамның күллі бағыт-бағдары, ізгі мұраттары, қажеттіліктері мен себеп-салдары түбегейлі өзгерді. Мұның өзі жастардың ой-санасы на, өмірлік ұстанымдарына әсер етті.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі өскелең ұрпақтың рухани келбеті, яғни мәдениеті. Ғаламтор арқылы әлемнен хабардар жастарымыздың естіп, көріп отырғаны да

жетерлік. Ендеше дүниенің төрт бұрышын танып, біліп отырған ұрпақ қайда бармақ? Бұндай сұрақтардың барлығына түбегейлі жауап беру өте қиын. Біз қызықты да керемет уақытта өмір сүріп отырмыз. Қоғам өмірінде, жастар дүниетанымында жүріп жатқан орасан зор өзгерістер ересектерді таңғалдыруда. Жоғарыдағы сұрақтардың да туындауына жастардың танымдылығы ықпал етуде. Жастар басқаларға қарағанда әлеуметтік топ ретінде өзгеше қасиеттерге ие болып табылады. Ол қасиеттерінің бірі «рухының беймазалығы», болмысқа сын көзбен қарайтындығы, ешкімге кіріптар болғысы келмейтін «өзімшілдігі», ақиқаттан, тіпті қоғамнан іргесін аулақ салуға талпынуы, қара бастарының қамын бәрінен артық қоюы.

Жастар қанша өзгеше қасиеттерге ие болмасын, ол қоғамнан тысқары өмір сүре алмайтын әлеуметтік топ. Сондықтан да жастар мәселесі барша қоғамға қозғау салатын кең көлемдегі әлеуметтік мәселелерден да күрделі болып табылады.

Субмәдениет – «тысқары мәдениет» деген ойлар қалыптасады алайда әр құбылыстың өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері әр қашанда бойында болады.

Субмәдениет (латын – астында, төменде) – екі түрлі не бірнеше мағынада қолданылады

- белгілі бір әлеуметтік, демографиялық топтың мәдениеті;
- тұтас ұлттық мәдениет жүйесіндегі әлеуметтік қауымдастықтың шектеулі мәдениеті, сол топтағылардың өмір салты және ойлау стилі.

Субмәдениет қоғамдағы негізгі мәдениеттен өз құндылықтарымен, өзіндік тілі, мәнерімен, тіпті өзіне тән киіну стилімен де ерекшеленеді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға және қалыптасуына оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды.

Американдық социолог Дэвид Рисмен 1995 жылы өзінің зерттеуінде субмәдениет түсінігін былай түсіндіреді жастар тобы өздеріне тән қызығушылықты мақсатты түрде тандап дәстүрі мен әдет-ғұрыпы, стилін тек шағын қоғамға қабылданып тандайтын ұйым деп түсіндіреді. Осыған байланысты субмәдениетті тереңірек зерттеп танып білген британ социологы Дик Хэбдидж өз кітабында «Субмәдениет: стиль мағынасы» оның ойынша субмәдениет адамдардың бір-біріне ұқсас ойлары мен түсініктері бір және қоғам не әлеуметтік ортаға стандартталған дәстүрлі мәдени нормалар қанағаттандырмай одан қашу деп түсінген. Ал француз ғалымы Мишель Мафессоли өз еңбектерінде жастар субмәдениетінің орнына «қала тайпасы» түсінігін қолданған

Жаңадан белең алған субмәдениет ХХ ғасырдың 80-ші жылдары әдебиетке енеді. Термин ретінде 30-шы жылы айналымға енсе ХХ-шы жүз жылдықта американдық әлеуметтанушы Т. Роззак субмәдениетті мәдени бағыт беретін, қиын жағдайдағы қарсы ойлардың әлеуметтік әлемдегі орнын түсіндіреді деп атап өтеді. Алғашында “субмәдениет” түсінігіне әлеуметтік топ ретінде көбінде жастарды жатқызатын. Оларды өз қоғамындағы әлеуметтік рөлін, орнын ізденуші деп қарастырады. Кейіннен материалдар жиналып, теориялық жағынан терең зерттеліп толықтырылды.

Қазіргі уақытта субмәдениет жағымсыздан өз алдына тәуелсіз мәдениетке айналды. Ғалымдардың көзқарасы өзгерді, ерекше мәдениет екеніне көнді не қабылдады. Басқа мәдениетке қарағанда салыстырмалы түрде ол мәдениет ұзақ және беделділерден ерекшелігі мен өзінің дәстүрі және ереже, қағидасы бар.

Сөздікке қарағанда субмәдениет дегеніміз – бұл әлеуметтік, этникалық не экономикалық топ өзінше ерекшеленетін мінез-құлқымен жалпы мәдени қауым ретінде (С.Фрис). Плюралистикалық қоғамда жастардың мінез-құлқы осылай түсіндірілген. Әлеуметтік ортада әлеуметтанушылар қолданған.

Мәдениеттің үстем немесе көпшілікке таралғаны жайлы айтар болсақ, ондағы мәдениеттің дәстүрлі ұзақ уақыт қалыптасқан болып келеді. Ол адамның тікелей шешімі болып табылмайды, оны тек сол қоғамда өмір сүріп өзіне сіңіреді. Оның өз шешімінде тек қай субмәдениет тандауы, соны қабылдау не қабылдамау. Тағы бір жәйтті түсінуіміз қажет, қарсы мәдениет пен субмәдениет арасында ұқсастығы болу мүмкін немесе мүлдем ұқсастық

болмауы ғажап емес. Олардың көпшілікке қарсы болуы бірдей болғандығы емес. Олардың бір-бірімен қосылуы не керсінше алшақтауы мүмкін.

Субмәдениет дегеніміз, “өзіндік өмір”, өзінде бірнеше қасиеттерді бойына сіңірген ерекшеленетін ой сана түсінігімен ерекшеленетін ол қоғамнан әр қилы өзгеше болып келеді. Сол уақытта ол өз арасында бірлік пен сенімділікті және топтағы азаматтардың бір мақсатта ұқсастықта екенін көрсетеді.

Субмәдениетті толығырақ қарастырсақ, ондағы дәстүр мен бағалау жастарға тән болса, ондағы демалу, көңіл көтеру жұмысы шектен асырылап қойылған деп түсінуімізге болады.

Өзінің көзқарасы;

- Өзіне тән жүріс тұрыс, киім киіс түрі, шаш үлгісі және күнделікті күн көрісі т.б

- Жастар субмәдениеті – бұл эзотерикалық, эскапистік, урбандық мәдениет, жастардың өздерінің ойлап тапқан мәдениеті, тек жастар қоғамына арналған, мұндағы бұл мәдениеттің ішіндегі қалаптасқан дәстүрлі базалық негізгі қоғамның иерархиялық және менталитетіне діліне байланысты жүйе тәртіптің ішіндегі бөлігі болып қалады.

Жастар субмәдениет тақырыбының негізгі механизімі ретінде ғалымдардың бізге мәлім ережелері қалыптасқанымен олардың түпкі ойы, мақсаты, себебі әлі күнге дейін толығымен ашылмаған. Халыққа дәстүрлі бекітілген ережелерді жойып, жаңа ой қосып, жастардың заман ағымына байланысты өзгерістер енуде. Осы заман ғалымдардың пайымдауынша және олардың шығармашылық зерттеулерінде түрлі өзгерістер еніп, жаңа бой алуда.

Жастар субмәдениеті контрмәдениетке айналу мүмкін, оның қарсыласы көп болған жағдайда. Бірақ та жалғыз адам демографиялық әлеуметтік топ болмайды.

Жастар субмәдениеті әлеуметтік тұтастықты көрсетеді. Өйткені әрбір мүшесі өзі таңдап, соның қатарына қосылғанын сезінеді. Осы тұтастық не жалпылық қауымның топ ретінде қалыптасуына әкеледі. Мысалы, қауымдастық, виртуалдық қарым-қатынас немесе киберпан деген бірлестікке айналуы мүмкін.

Кейінгі кезде әлеуметтанушылар зерттеушілік жолын осы тақырып бойынша көзқарасын іс жүзінде іске асырып, жазуға мақсат қоюда. Осы зерттеушілердің арасынан Л.И Левиковты айтуымызға болады. Бұл маманның осы сала бойынша, толығырақ айтқанда, биресми жастар субмәдениетінің жан- жақты зерттеп білген және философиялық түсінігі әлеуметтік феномен ретінде танытуда. Осы жастардың мәдениетіне зерттеу жүргізген Е.Омельченко Англия мен Американың және Ресей жастарының дәстүріне және әлеуметтік қиындықтарына анализ жасап көрсеткен.

Осы жастардың мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдарға тоқталып өтейік. Олар О.Г. Заярная, А.И. Мазурова, П.В.Разин және де Карабаштар талдап, олар жастардың субмәдениетін тануға көп үлес қосқан. Әр мәдениеттің түрлеріне анализ жасап, бір- бірімен байланысын таба білген. Малахова Е.В. жастар субмәдениетінің мәдениеттегі рөлін атап өткен. Корженко А.Л. зерттеуінде жастар субмәдениетінің келешектегі жастарға берер әсерін зерттеп көрсеткен.

Қазіргі кезде жастар субмәдениеті туралы тақырыпты социолог-ғалымдар, журналистер жастардың психологиясын танып білу үшін және де оларға дұрыс бағыт ұсынуда жиі көтеруді мақсат етуде. Жастар ең бастысы қоғам ортасында инновациялық дамыған мемлекетті алға жылжытатын локаматив болып саналады. Индивид ойлаушы не іске асырушы субъект ретінде қарастырады. Ондағы адамның өзіне өмір және оған мағына беріп, өзінің тәрбиесіне және басқалардың тәрбиесіне түсінік береді. Былай айтқанда, қоғамның ойын көрсетеді. Соның негізгі факторы ретінде өздеріне және қоршаған ортасына әсерін тигізеді.

Әлеуметтік ортаны этнографиялық әдіс арқылы жүргізуге болады. Оның ұраны: “Танымайтынды, танитын қылу” немесе «өзімізге белгілі өмірге жаңаша қарап білу» болып табылады. Осы тәсілдің басты маманы болып Романов П.В келеді. Осы әдіс- тәсілдің ерекшелігі мынада: қиын не ерекше жағдайды анықтауға көмектесу. Сол жағдайдың өмірлік жағынан анықтап, олардың сандық амал арқылы анықтауға болмайтындығын табуға көмектеседі.

Субмәдениет – бұл жабық орта кіру жағынан ғана емес, түсінік жағынан да жабық келеді. Алғашында оны бір көзбен танып біле алмайсыз. Оның сөйлеу мәнерінде, қимыл-әрекетінен, не болмаса, субмәдени шерулер арқылы білуге болады. Сондықтанда осы субмәдениеттерді танып білу үшін солардың ұяшықтарында болу керек, не болмаса, солардың арасында зерттеу жүргізу қажет. Осы кіру амалы не тәсілі арқылы анықтаймыз.

70 жылдары Батыстың көптеген қоғамтанушылары жастар арасында «өмірді түсіну түйсігін жоғалту» деп аталатын дерттің тез таралуына алаңдап дабыл қаққанды. Сол жылдары американдық журналдың бір санында осы тақырыпқа әр қырынан келген 200 сұхбат негізінде АҚШ жастарының Декларациясы жарияланды. Содан үзінді келтірсек: «Біздің ең бір қиын проблемамыз – қоғамнан өзорнымызды табу. Бәрі сендердің болашақ туралы мазасыздануларыңның жөні жоқ; білімдісіңдер, таланттысыңдар деп иландырады. Бірақ қоғамның бізді шеттеткенінен емес, сол қоғамды біз қабылдай алмаймыз ба деп қорқамыз...» делінген. Ал тағы бір жайт 80 жылдары Батыста жастардың әлеуметтік қарсылығы бәсеңси бастады. Оның басты себебі: қоғамға тән қажеттіліктің жоқтығынан, бәрінен бұрын, күллі жүйедегі бұрынғы құндылықтың алмасуынан.

Бүгінгі жастарға, ата-аналарына қарағанда, әлдеқайда өзгеше, өзіндік қиындықтары молырақ. Олай дейтініміз, қазір жастар Батыс замандастарының іс-әрекеттерін күнделікті көріп, терең ақпарат алып отыр. Бұның арты жастардың оларға көбірек еліктеуіне, кертартпа ақпараттарына әуестенуіне итермелеуде. Батыстың «ужас» қорқынышты не шын шытырман оқиғалары, «боевик» кинофильмдерінің ықпалы зор. Мұның бәрі идеологиялық қысым, оның құдіреттілігі сол албыртта аңғал жастардың санасын ұлғайды. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» деген қазақ мақалының салмағы мол, тәрбиелік мәні зор. Бұдан шығарып ой тарқатар болсақ, бауырындағы балапанына жөн-жосық, өнеге көрсете алмаған ата-ана уысынан баланың қалай шығып кеткенін де байқамай қалады. Өмірді көруге, білуге құштар жас басқа бағытты, басқа құндылықты тез қабылдайды. Мұның өзі де үлкендер әлеміне қарсы жасаған жастардың наразылығы. Дейл Карнегидің керемет кітаптарында бірнеше маңызды ойылар бар. Дәрігер Джонсонның айтуы бойынша “Құдайдың өзі өмірінің аяғына диін кінәламайды.” Бұның жастарды қаншалықты жазалап не болмаса түзетулер енгізіп сын білдіріп жат қылықтарын соттасақ ештеңе шықпас. Керсінше жастардың ызасы пайда болады. Жастардың түрлі субмәдениеттердің қатарына не топтарға кіруі және олардың қылмыстық топтар қатарына қосылуының себебі бар. Зигмунд Фрейд айтуы бойынша іс әрекеттің жасалуына екі мотив бар. Соның ішінде жыныстық қызығушылық және ұлы болудың мақсаты. Ал Джон Дьюи американдық философ осы ойларды басқаша қарастырып түсіндірді. Басты ойы мынада “қажетті болуын қалауы” сол мақсатта түрлі қылмысқа не болмаса жаңалық ашуға т.б бастысы өз атын не қажеттілігін іске асырып орындау болып табылады. Соның арқасында жануармен адам ерекшеленеді тек адам өзін қажетті болуын қалайды. Сол себепті әлемнің не бүкіл адамзаттың дамуына әсерін тигізген осы мотив болып табылады. Сондықтанда жастардың маңызды болуын қалайды. Ұлы адамдардың шығуына жол ашқан осы мотив сондықтан да жастарды шектеу қай жақтан қарағанда да дұрыс болмас.

Қазіргі жастар бір кездері ата-аналары бой алдыра қоймаған ақшаға әуес, тіпті, мол ақшаны жақсы көріп мақсат қойған. Бұл арада, сірә, сәйкестік те жоқ. Дегенімен көптеген жан сол мол ақшаның көзін маңдай ақы, адал терден емес, ақша табудың жеңіл, кейде заңсыз жолдарын табуға тырысады. Бұл - әрине алаңдатарлық жағдай. Тағы да еліктеу мәселесі алдымызды орағытады, өйткені батыста әркімнің жеке табысы тікелей әлеуметтік статусына парапар, қаршадайынан осыны көріп, біліп өскен бала өмір өзегіне айналған шындықтан аттап кете алмайды. Батыстың осы психологиясы бүгінгі біздің жастарымыздан жиі байқалып, уақыт озған сайын олардың санасынан берік орын алып келеді. Субмәдениет жастарға тән жаңа заманнауи мәдени топ, ұйым не қоғам ретінде бірігіп ұйымдасып әлеуметтік ортаға өзінің ерекшелігін паш етіп жариялау. Ол жастардың ерекшелігін танып білу тек теориялық тұрғыдан ондағы жастар психологиясын ұғынып білуден қаламыз. Содан психологиялық не болмаса әлеуметтік көмек көрсету қиынға соғар.

Қазақстан жастарының кәсіби белсенділігі және еңбекке бағдарлану құндылықтарын жетілдіруді жүзеге асыруға ұсыныстар:

1. Қазіргі кезде Қазақстанда жастар саясаты жеке бағыттар шеңберінде (білім, әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, жастарға арналған жеткілікті тұрғын үй құрылысы) жүзеге асырылады. Бірақ біртұтас жүйеленген қатынас жоқ. Соған байланысты бұл мәселені жүйелендірген жөн. Жастар мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдардың зерттеу құрылымдарының қатысуымен ортақ эксперттік қауымдастық құру қажет;

2. Жастардың көкейкесті мәселелері (білім алу, жұмыспен қамсыздандыру, жастардың тұрғын үй мәселесі, өз құқықтарын қорғау және т.б.) отбасыларды мәліметтер жинау үшін ақпараттық және консультациялық жүйе құрған жөн;

3. Жастарды қауіпті топтардан шектеп арнайы ұйым құру және жастардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру бағытталған әсерлі бағдарламалар қабылдау абзал;

4. Жастар шығармашылығын, ғылым, өнер салаларындағы ынталары мен жетістіктерін, мемлекеттік сыйақылар мен жеңілдіктер арқылы мадақтау, шынайы отаншылдыққа, ұлтаралық келісім мен тұрақтылыққа бағытталған жастардың киносын қолдау.

Тұрарова Нұрай Тұрарқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Аударма ісі» мамандығының 2 курс студенті
Нарымбаев Қуандық Датхабаевич
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Философия және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы

ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ – ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН БІРІКТІРУШІ КҮШ РЕТІНДЕ

Қазақ қоғамын рухани тұрғыда жаңғыруында дәстүрлі діндер маңызды рөл атқарады. Елімізде Ислам, христиандық және иудей діндерінің жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы атқаратын рөлі ерекше. Дәстүрлі діндердің жасампаз қоғамымызда достық пен өзара құрмет және түсінушілікті нығайтуға қызмет етеді. Қазақ халқының мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі. Елімізге ислам діні күшпен емес бейбіт жолмен енді. Ислам діні барлық адамзатты, соның ішінде, оңы мен солын түсіне қоймаған жастарымызды тәрбиелейтін бірден бір айқын жол болып табылады. Дін – барлық ғылымның, рухани дамудың, мәдениеттің негізі.

Ислам құндылықтары мен ислам философиясын, ислам мәдениеті мен өнерін дамыту мен жаңарту ісіне қазақ халқы маңызды және зор үлес қосты.

Ортағасырлық мұсылмандық философиялық ойдың қалыптасуы мен дамуына қуатты серпіліс берген қазақ даласының ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн және т.б. мұралар – ислам өркениетінің асыл қазынасы.

Қазіргі таңда Қазақстанда Ислам діні бір кездегі арнасына қайта толып келеді. Тіптен жанданып, жаңа даму сатыларына өту үстінде. Дегенмен де бұл үдерістің өзіндік тарихи-мәдени алғышарттары баршылық.

Осылай деп тұжырымдауға төмендегідей ақпараттар дәлел бола алады. VII ғасырдан тарала бастаған Ислам, X ғасырдың соңында қазақ жерінде құрылған мемлекеттердің ресми діні деңгейіне дейін көтеріле алды. Исламның Әбу Ханифа мәзһабының дін, қоғам мәселелерін шешуде Құран, шариғат үкімдерімен қоса жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін де есепке алу секілді ерекшелігі Орта Азияның көшпелі, жартылай көшпелі халқы, соның ішінде қазақ халқы үшін де жақын болды. Осы ерекшеліктің арқасында бүгінге дейін біз Исламның ханафи мәзһабын ұстанамыз және Ислам қазақ халқының дүниетанымы,

дәстүрі, ғұрпымен үндесіп, сан ғасырлар бойы қазақ мәдениетімен тұтасып, ұлт тарихының ажырамас бөлігіне айналды [1].

Тәуелсіздік алған жылдары басталған дінмен қауышу үдерісі 25 жыл көлемінде әлі де жалғасын тауып жатыр. Осылай деуімізге Исламның қазіргі таңдағы ахуалы себеп болып отыр. Баршаға мәлім, 1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) құрылды. Бұл қадам әлсіреген діни байланысты қайта жаңғырту болды. Алғашқы кезеңнен бастап Қазақстанда осы арна арқылы басқа конфессияларға толерантты көзқарас танытатын, олардың құндылықтарын мойындайтын, ғылымның дамуын, техникалық прогресті қолдайтын Исламның дәстүрлі бағыты таралуда.

Елбасы жарлығымен ашылған Астана қаласындағы халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығы жұмыс жасауда. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында қазіргі таңда діни сананы қалыптастыру және діни экстремизм, лаңкестік, зиянды діни ағымдар мәселесінің өткір тұрғандығын атап көрсетті. Сондықтан жастарға ұлттық болмыстан орныққан исламның дәстүрлі құндылықтары негізінде білім беру мен тәрбиелеудің маңызы зор.

Сонымен қатар, 2016 жылы Қазақстан Республикасының дін істері және азаматтық қоғам министрлігі ашылды. Министрлік дін саласы, азаматтық қоғам мен жастар саясаты аясында бір қатар жұмыстар атқарады.

Қазақстан халқының 70%-нан астамы өзін мұсылман ретінде танытындығын ескерсек, елдегі мешіттер санының әлі де арта түсуі заңды. Халықтың дінге бет бұруының артуы діни ғимараттарға деген сұраныспен қатар, діни мамандардың – имамдардың қажеттілігін туындатты. Осы орайда білікті имамдар даярлау мәселесі бірінші орынға шығып келеді. Қазіргі таңда бұл мәселелерді шешу жұмыстары жүйеленуде, мысалы, имамдар, исламтанушылар, дінтанушылар, араб тілі мен әдебиетінің аудармашыларын дайындайтын «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті; қарилар даярлайтын республикалық орталық және өңірлік имамдардың біліктілігін арттыру орындары қызмет атқаруда. Сондай-ақ, Алматы, Астана, Павлодар, Ақтөбе, Орал, т.б. қалаларда медреселер қызмет атқаруда. Діни басқарманың Қазақстан аймақтарында облыс, аудан, қала, ауыл имамдарымен қоса өкіл имамдары қызмет атқарып, тұрғындардың діни сенімінің дұрыс бағытта дамуына ықпал етуде.

Қазақстан қоғамы үшін дәстүрлі саналатын Исламның өзіндік ерекшелігі жоғарыда берілгендей көрініс тапса, сонымен қатар қоғамымызда ислами мемлекеттердің үлгілерін бағдар еткен еліміз үшін дәстүрлі болып саналмайтын исламдық ағымдардың, тіпті, радикалды топтардың да Ислам атын жамылып әрекет етуі белең алуда. Дәстүрлі дінімізден, өздерінің қасаң қағидаларымен, қасиетті Құран мен хадис үкімдерінің мәніне үңілмей тура мағынасында қабылдап, Исламның ішкі рухани тіректерінен бұрын сыртқы қалыбына аса мән беруі арқылы ерекшеленетін «уахабиліктің» кейбір қағидаларын басты ұстаным ретінде қабылдаған «жихадшылар», «тәкфиршілдер» бар. Осындай тағы да басқа экстремистік топтар халық арасында ресми Діни басқарма пәтуаларын, уағыздарын жоққа шығарып, мәзһаб ұстануды мойындамауға үгіттеуде. Олар өздерінің утопиялы мақсаттары – шарифат заңдарын ғана сақтайтын, біртұтас Ислам халифатын құру жолында қарулы күш көрсетуден тайынбайтындығына еліміздің батыс, оңтүстік, орталық өңірлерінде орын алған лаңкестік әрекеттер мен жарылыстарды өзге емес, өз қандастарымыздың іске асырғандығының анықталуы да өкінішті дәлелдердің бірі [2].

Еліміздегі Исламның қайта жандануын келесідей етіп көрсетуге болады: – бірінші кезеңде, яғни өткен ғасырдың 90-жылдары мен 2000 жыл аралығын қамтитын кезеңде халықтың Исламға бет бұруы; – екінші кезең: 2000 жылдан 2010 жылға дейінгі аралықта діни қызметкерлердің ағарту жұмыстары мен діни ғимараттардың салынуы және дін мамандарының даярлануы жүзеге асты; – 2010 жылдан бастап дәстүрлі емес діни ағымдармен күресу, халықты ақпараттандыру арқылы біртұтас дәстүрлі Ислам қауымына біріктіру қызметтері жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда Ислам дінінің қайта жандануы жүзеге асуда және де негізгі діни ағынның қоғамды рухани, өнегелік негіздері арқылы біріктіру

қызметін атқару кезеңіне ауысқандығын байқауға болады. Ел аумағында Ислам дінін жандандыра түсуге тек дін мамандары ғана емес, сонымен қатар зерттеуші-ғалымдар, қоғам қайраткерлері де атсалысып жатыр. Ең бастысы, Исламның тарихын, жүріп өткен жолын, осы жолдағы ата-бабаларымыздың Ислам өркениетіне қосқан үлесін кеңінен насихаттауды бір сәтке де тоқтатпауымыз қажет.

Қорыта келгенде, біз мемлекет пен дін бөлек деген күнде де, дін мен қоғам бірге қарым-қатынаста. Бірақ мемлекетіміз сол дін мен қоғам қатынасын реттеуші болып табылады.

Ал қазіргі қоғамымызды біріктіруші бірден бір күш дәстүрлі ислам болып табылатыны бәрімізге аян. Сол себепті қоғамымыздың 70%-нан астамы мұсылман болып табылғандықтан, біз дәстүрлі исламдағы Ханафи мазхабын ұстанғанымыз жөн болар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбаев Қ. Исламдағы адам құқықтары. Алматы, 2012 – 180-184 бб.
2. Сатершинов Б. Діннің жаңғыруы аясындағы ислам интеллектуализмі//Қоғам және дәуір. – №3. – 2012. – 78-86 бб.

Nurmakhan Aida
Second year student of department of Culture
Scientific director
Ismagambetova Z.N.
D.of Ph.scince, professor

KAZAKH MYTHOLOGY IN ANIMATION

Cartoon Animation has great impact on children's mind, because all children love to see cartoons. Children is the future as we knows, their right behavior that can be accepted by social were established in family, communities and sociality. The child now is very different with the several years ago. It's the real problem to the parent, teacher and government for handling. That was a serious public problem in many socialites around the world, one of the main causes was media influence. And in other hand we can use animation to show our heroes and traditional costumes. Nowaday, Kazakh animation is developing significantly, and we know cartoons like "Er Tostyk and Aidakhar", Aldar Kose", "Bogenbay Batyr", "Kart Kabanbay", "Alpamys Batyr" etc.

The Kazakh mythology had not been studied separately from folkloristics until the beginning of the 20th century. And those few researches, who dealt with it, paid little attention to interpretation and analysis of mythical stories. Such an outlook on the world, which was actively promulgated by national ideology, was a source for the sense of novelty, prospect of "promising future", while mythology was directly linked to ancient folk beliefs. The first researches dedicated to mythology started just after Kazakhstan was recognized as an independent country. Thus, upon the initiative of President of the Republic of Kazakhstan Nazarbaev N.A. "for the purpose of recovery and development of spiritual culture, which had survived the test of time and had been delivered for centuries, and taking into account the current life of Kazakh society, modern trends, development of religious and educational sphere, preservation and effective use of country's cultural heritage" the national program called "Cultural Heritage" was developed. At the present time it is realized by means of scientific studies in the area of Kazakh nation's cultural heritage. Nazarbaev N.A. highlighted, "...one of the fundamental tasks of "Cultural Heritage" program is the education of generation, which will be well familiar with traditions of native culture and the history of its nation". The spiritual treasures of ancestors are preserved and delivered in stories, retellings, legends, edifications and proverbs. The significant place in the cultural life of Kazakhs was taken

by historical and mythological works, such as “Book of Korkyt-Ata”, “Er Tostik”, “Zhayik and Edil”, “Dyn Sulu”, which promulgate customs and traditions of our nation.

If we say that mythology is one of the most ancient phenomena of spiritual culture, the myth then is the first type of consciousness that had not been fully developed yet. Mythic works cover tales, eposes and legends. In terms of Greek language the word “mythology” means the aggregate of myths (from “mythos” - a kind of ancient fable, legend; and “logos” than means word, tale, doctrine). Practically every nation had its mythological ideas at definite stage of development. In mythology there was no clear boundary between environment and human, feelings and thoughts, will, idea and “a thing in itself”, between subject and object. Such boundaries had emerged much later. The irrepressible thirst of man for cognition of the world led to rise of different difficulties, which made people to fall back on prayer to the God or some other unknown powers. And this is the key feature of myth.

In distinction from mythology of, for example, ancient Greece, Kazakhs aside from a number of cosmogonic, astronomic and etiologic myths possess no such a phenomenon that can be referred to as to mythology. Their mythological images, plots and concepts are included into folklore texts, ceremonies, ornament, music, sacral architecture, and require carving-out, composition, explication. According to the book of Kondybaev S. the research of Kazakh mythology comprises three stages.

Stage 1 - geographical reconnaissance, i.e. – the preliminary investigation. Studying the nature of word and myth-making, legends and other folkloric materials author defines structures of mythological thinking.

Stage 2 - research of historical development, changes, formation; statement of theoretical problems and definition of methods for research of Kazakh mythology as a discipline.

Stage 3 - comparison of initial mythology with help of specialists of cultural activity (ethnopsychologists, religious scholars, philosophers, culture experts, sociologists, historians, folklorists, fine art experts, ethnographers, etc.) with developed mythological school (for example, the European mythological school). The method of implementation of Kazakh mythology to art and culture is specified[1]

As we know of mythology, it is a story about legendary gods and superheroes that are expressed to justify fear of natural things and unknowns or desires. Although the mythologies seem unreal stories and less consistency is between them and normal life, it seems that they affect the behavior and manner, action and reaction of people to the end of life and mythology reflects the latent and obvious thoughts of an ethnicity and we know the cultures with more mythologies as rich. Young cultures created mythology and they are abundantly used in the animations and films. Unfortunately, we Kazakhs, with a long background in mythology, have ignored this collective phenomenon.

According to Rolan Bart “mythology is a speech, a message”, so different structural forms from literature and a ritual to photography and cinema can be used to transfer this message and these modern mythologies were originated in more modern structures. Modern mythologies were born at first in illustrative books and then they were successful in Animation and cinema as superheroes were introduced as a genre in cinema, animation and illustrative books.

A mythic character is whoever lives in mythology, whose actions give rise to everything in the world around. Both Kazakh folklore and Kazakh mythology have many mythic characters. They are divided into two categories depending on their origins, time of appearance and their actions. The first are those who are represented in archaic myth as an ancestor and a fabled character. They are depicted as powers that taught the first man to make fire, get food, hunt or as a keeper of all his traditions. The second think of doing ill to the human: devil, witches, sorcerers, dragons, giants, monsters. These characters are frequently met in both fairy tales, adventures and also Batyr sagas and epos. In terms of behaviour and origins, the latter category is divided into two groups. Devil, demons, one eyed giants, laugh raising demons are met in stories brought from ancient myths, witch and dragon – from fairy tales. Subsequently such Arabic-Irani literature characters as shaitan, diyu, peri, etc. were added to this list under the influence of Islam. In this regard, taking into account Er Tostik’s characters, it’s easy to understand that this fairy tale was brought from the mythic epos of

antiquity. Owing to mythic characters one can understand that a person of that time could clearly foresee his future. Mythological characters entered spiritual culture, literature, art of different nations through epos, fairy tales, legends. They are met in Kazakh oral literature, epos. The first human's attempt to explain the world origin and order, causes to natural phenomena and other things gave rise to mythology. In the spiritual life of primitive society mythology dominated, it was a universal form of social consciousness. However, the issue of the decent of man excites the human from high antiquity till the present.[2]

According to Konyratbaev A., all Kazakh fairy tales are plots known to people at all times. Many historical plots became motives and images. The scientist divided mythology into mythic fairy tales, animal fairy tales, and mundane fairy tales. Regarding mythic fairy tales, Konyratbaev states that "these fairy tales revived when primitive society didn't understand its origins, many phenomena, and used caves as dwelling". Undeveloped thinking was common to them. Primitive society considered the Sun, the Moon, fire, and water living creatures. Some were afraid of natural phenomena, others worshipped them. Such mythic forms of thinking are survived in ancient Greece, India, and ancient Arabic states. According to scientists, Kazakh mythology originated when matriarchy replaced patriarchy. There's an internal reason to this fact since there were Kazakh mythology characters – Baba-Yaga, old woman sorceress – during both matriarchy and patriarchy. Batyrs and hunters are the main characters of fairy tales of that period. Since the stronger half of mankind hunted, they were respected in the society. The conception of the human as the most important sacred power was established at the time. It's possible to state that fantastic fairy-tales appeared based on the opposition of human activities and still natural forces. Science explains mythic fairy tales bringing a detail portrait to each character. [3]

Er Tostik fairy tale is ancient epos. The story that appeared in the ancient period turned into a fairy tale. In other words, its names of earth are similar to names that primitive society used. The story changing over the course of centuries turned from heroic epos into a fairy tale. Plots and pictures of Er Tostik prove its mythic nature. The fact that principal character Tostik instead of fighting with his enemy with a spear and a sword in hand like Greek mythology characters Antaeus and Heracles, fights against natural powers, fierce snowstorm, destructive hurricane prove that the fairy tale is a mythological work. Generally speaking, many mythological characters of the tale resemble Greek mythology characters. For example, while hurricane brings the boat of Odysseus who is on the way to home after the plunder of Troy to giant Polyphemus, Tostik when he hurries away with his faithful Shalkuyryk having stolen flintstone from a witch gets to the Snake Tsar. As seen, the line of two characters is much alike. The only difference is that Odysseus travels by sea, and Tostik travels through yellow steppe. When one eyed giant Polyphemus prevents Odysseus' ship to ride farther calling storms, Odysseus takes one wind from Wind God and sets the sea still. In a difficult battle with a giant Er Tostik has the assistance of a black bird that gave him one wing. Monsters and giants in "Er Tostik" able to swallow a lake at a draught or shake mountains are similar to monsters and giants Greek Theseus, Zeus, and Uranus meet. While Uranus combats giant Cronus from the sea bottom, Tostik fights Dolman, who lies at the bottom of the sea. Zeus eliminates Titans who give no peace to people having won them at Olympus and burned their bones. It resembles Tostik who having killed Shoiynkulak throws his child into the sea. Such parallels suggest that "Er Tostik" is a very ancient, antique work. In addition, "Er Tostik" is the most outstanding and significant work of Kazakh mythology. Understanding that nations' mythology reflected their reality, social order, and comprehension of the universe, one can conclude that the lifestyle pattern and world view of such nations as ancient Greeks, Huns, Wusuns, Kipchaks were the same.

In summary, the following short conclusion can be made that mythological works apparently significantly contribute to popularization of national traditions, customs, and heritage. Generally speaking, myths are science, and language used in them helps to have an idea of society of that time and national identity. Myth is a result of collective creativity, the core of collective experience of generations, ancestors' wisdom, therefore understanding of external world's facts was the matter of belief that was not subject to inspection and didn't need it.

Obviously, we couldn't cover all significant aspects of Kazakh mythology in this paper. However, it's important that linguistic means for mythological world-view reflection used in Kazakh myths are yet more proof of the richness and omnitude of our national language, and without doubt can be an object of new researches.

References:

1. Altybaeva SM. The Kazakh prose of the period of independence: traditions, innovation, prospects. Monograph: Almaty, 2009.
2. Gabdullin M. The problem of Kazakh heroic epos nation Nauka: Almaty, 1953
3. Zhumaliev K. Kazakh epos and literature history issues. Dayk-Press:Almaty, 1961

Айділдаева А.Ә.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Мейірбаев Б.Б.
филос.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ОРНЫ

Еліміздің егемендік туына қол жеткізгеніне де жиырма бес жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде аса күрделі рухани процестер жүргізілді. Дәл осы сәтте дініміздің кең етек жая бастауы да қуанарлық жайт. Дүниежүзілік діни ұйымдардың басын қосқан дүркіреген ассамблеяның Қазақстанда өтуі де егемендіктің жемісі. Бүгінде Қазақстан әлемге бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы ретінде таныс. Оған әлемдік және дәстүрлі діндердің басшылары анағұрлым маңызды заманауи діни мәселелерді шешу үшін жиналады. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен, материализм мен идеализмнің идеологиялық шектерінен бас тартумен, еркін философиялық және тұлғалық көзқарастарды қабылдау мүмкіндігімен байланысты Әл-Фарабидің дүниетанымдық мұралары кеңінен зерттеле басталды.

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ даласының асыл перзенттерінің ең жарық жұлдызы – әл-Фараби. X ғасырдан бастап қазіргі таңға дейінгі мың жылдан астам уақыттың ішінде ұлы бабамыздың еңбектері әлем ғалымдарының сусындар кәусәр бұлағына айналды. Ұлы ғұламадан қалған мирас ғылымның түрлі саласын қамтиды, әрі өте құндылығымен ерекшеленеді. Оның философия, социология, логика, эстетика, этика және басқа да жаратылыстану мен гуманитарлық ғылым салалары бойынша айтқан теориялық тұжырымдары Дүние жүзі халықтарының қоғамдық-философиялық ойларына ықпал етті деп айтуға болады.

Әбу-Насыр әл-Фараби Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама. Оның толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби. Парсы, араб шежірелерінің деректеріне сүйенсек, ол 870 жылы Арыс өзенінің сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында әскер басының отбасында дүниеге келген. «әл-Фараби», яғни «фарабтық» деген атқа ие болған. Дүниежүзі ғалымдары әл-Фарабиді Шығыстың Аристотелі деп атағаны баршаға аян. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол. Ұлы ойшылдың қаламынан екі жүзге жуық трактаттар дүниеге келген. Оның қаламына арқау болған ғылым салалары: философия мен логика, математика мен физика, астрономия мен ботаника, тіл мен әдебиет, медицина мен музыка. Осы еңбектерінің ішінде философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика мәселелері ерекше орын алады деп айтуға болады.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, «көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуренахрда балаларда түркі қол өнерімен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың 5 жасар кезінен бастап болған».

Ол кезінде мұсылман дүниесінің екінші рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырді ата-анасы таяу және орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ Әбу Насыр Бағдатқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқанд, Бұхара шаһарларына соғып, білімін толықтырған секілді. Әйтседе Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежірелері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей Исфahan қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдатқа аттанады.

Қазақстанда Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасын зерттеуде, ғылыми ізденіс мүдделері мен уақыт талабынан туындаған, солардың шектерінде зерттеу басымдылықтары өзгеріп тұрған және Әл-Фарабидің философиялық дүниетанымының көпқырлы мәселелік жақтарына көңіл аударылған бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады. Қазақстанда Әл-Фараби мұрасын зерттеу тарихын динамикада қарастыра отырып, бірінен-бірі дүниетанымы және зерттеу әдістемесі бойынша байыпты ерекшеленетін, екі тарихи кезеңді атап өтуге болады.

Біріншісі марксистік - лениндік дүниетаным мен диалектикалық материалистік әдістеменің тоталдық үстемдігімен байланысты, бұл орайда ол Әл-Фарабидің мұрасына қатысты көрініс тапқан дүниетанымда материалистік бағдарды іздеу және онтологияда, гносеологияда, әлеуметтік философияда, жан ілімінде және т.б. идеализмге қарай жіберілген шегіністерде. Осындай дүниетанымдық тұғырнама және зерттеу әдістемесі бүкіл кеңестік философияға, оның 70 жылдан артық тарихына тән, сондықтан мұны қазақстандық фарабитану да аттап өте алмады.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан және тоқсаныншы жылдардан бастап, тоталитаризмнің қирауы мен Қазақстанның тәуелсіздікке жетуіне байланысты, Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасын зерттеудің екінші, түбегейлі жаңа кезеңі басталады. Ол өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайлармен, маркстік - лениндік әдістеменің және дүниетанымның тоталдық қысымынан кетумен, бұрын қазақстандық фарабитануда қолданылмаған, жаңа әдістемелік тәсілдерді пайдаланумен, Әл-Фарабидің философиялық мұрасын, зерделеудің объективті факторы болып табылатын исламдық дүниетаным мен исламдық руханилық кең мәтінінде зерттеумен себептелген.

Оның үстіне, егер Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасын мәселелік ауқымының көп түрлілігі және пәндік зерттелуі тұрғысынан қарастырсақ, үш бағытты бөліп көрсетуге болады: біріншісі кең ауқымды және күрделі аудармалық әрекетпен байланысты және өзінің мақсаты ретінде ғылыми айналысқа Әл-Фараби шығармаларын енгізуді көздейді; екіншісі оның философиялық шығармаларын тұтастық тұрғысынан қарастырады және Әл-Фараби мұрасының философия, ғылым, мәдениет тарихындағы рөлін көрсетеді; үшіншісі тарихи-философиялық үрдістің түрлі мәселелерін терең зерделеуге себепін тигізе отырып, Әл-Фарабидің көпқырлы шығармашылығының жеке жақтарын зерттейді.

Әбу Насыр Әл-Фараби мұрасының бұрын жеткіліксіз жақтарын ашатын еңбектер пайда болды. Бұл Ә.Н.Нысанбаевтың мынадай жұмыстары: "Орталық Азия халықтары діни - философиялық дәстүрі кең мәтініндегі Әл-Фараби мен ибн Сина дүниетанымы", "Ислам философиясының Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы". Оларда Әл-Фараби философиясын ислам және әдістемелік ұстындар кеңмәтінінде объективті зерттеудің негізгі принциптері анықталды.

Бұл кезеңдегі көптеген жұмыстарда Әл-Фараби шығармашылығын герменевтикалық және компаративтік талдау тұғырынан зерделеуге бағытталған талпыныстар жасалуда, ол Әл-Фараби ілімінің көптеген жаңа қырларын басқа көзқараспен айқындауға мүмкіндік береді. Сонда да, бұл кезеңде Әл-Фарабидің философиялық ілімін аз да болса, сыңаржақты бағалаудың да кездесетінін атап өткен қажет. Ойшыл шығармашылығына әр түрлі тәсілдер мен ұстындарды: суфизммен, үнді философиясымен, көне қытай философиясымен, қазіргі батыс философиясымен салыстыруды қолдана отырып, Әл-Фараби ілімін "Әмбебапты шығыс пантеизмі" деп аталатын бағытпен бірге талдау әрекеттері ғалымның философиялық жүйесін әр түрлі және тіпті жалған мағынада түсінуге әкеледі. Біз үшін бұл ұлы ғалым -

энциклопедист қалдырған мұраның маңызы зор, сондықтан оны зерттеудің тәсілдері де әбден ойластырылған және негізделген болуға міндетті.

Фарабитанудың қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдеріне де Әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеудің себепшісі және орталығы Қазақстан республикасы БҒМ Философия және саясаттану институты болып келді және бола береді. 2000 жылы Алматы қаласында Мәдениетті қолдау жылы аясында "Әл-Фараби мұрасы және әлемдік мәдениет" атты Әл-Фарабидің 1130 жылдығына және Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған Халықаралық конгресс өткізілді. Оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Философия және саясаттану институты Халықаралық ынтымақтастық бойынша Түркия агенттігінің қолдауымен ұйымдастырып, бұл шара фарабитанудың өзекті мәселелерін талқылауға мүдделі, тоғыз шетел өкілдерінің басын қосты.

Конгресте Әл-Фараби мұрасын, оның әлемдік философиялық және мәдениеттанулық мұрадағы маңыздылығы кеңмәтінінде қарастырған, баяндамалар тыңдалды. Белгілі қазақстандық және шетелдік ғалымдар Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев, Г.Н. Динани, Г.Р.Авани, О.Қабасақал, Х.Алтыншаш, М.Диноршоев, Абдулхалюк Махмет Чай, Садық Тұрал, Р.Құрбанов, және т.б. баяндамаларында Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиясы Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің сұхбатындағы дәнекер буын ретінде анықталды.

Әл-Фараби шығармашылығына мәдениеттер сұхбаты кеңмәтінінде келу қазіргі уақытта ең жоғары өзектілікке ие: "Өз шығармашылығында Әл-Фараби үшінші мыңжылдықтар үшін көкейтесті көзқарастардың тек бірлігі ғана емес, олардың принципиалды айырмашылығын да ұйғаратын герменевтикалық мәдени сұхбат идеясын білдірді. Өйткені Әл-Фараби антикке қарағанда, салтанатты және қайталанбайтын әсем мұсылмандық өркениеттің ең көрнекті өкілі бола келе, басқа мәдени дәуірге жатады... Осылайша сұхбат дәстүрлер сабақтастығындағы олардың межеленуін де, мәдени мұраның сақталуын да әлі күнге дейін ашылмаған түрде, жаңаны да көре отырып, білдіреді".

Қазіргі жағдаят пен уақыттың жаңа желілері даналар мұраларын тек Шығыс пен Батыстың сұхбаты ғана емес, сонымен бірге түркілік мәдениеттер мен халықтар сұхбаты кеңмәтінінде зерттеу қажеттілігін міндеттейді. Орталық Азия халықтарының рухани туыстығы, мәдени және рухани мұраларының ортақтығы біздің халықтарымыздың рухани аса бай тарихының рөлі мен маңыздылығын зерттеуді көкейтесті мәселе етіп қояды. Осыған көбінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен істеліп жатқан "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы себебін тигізеді, оның аясында Әл-Фараби трактаттарын бұрын ғылыми айналымда болмағандары мен қосып қазақ тіліне аудару ісі жүзеге асатын болады.

"Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша Әл-Фараби мұрасының екі томы "Ежелгі уақыттан қазіргі күндерге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы" топтамасымен және Әл-Фараби трактаттарын енгізетін бір том "Әлемдік философиялық мұра" топтамасымен жарияланатын болады. Аудармалық жұмыс, қазіргі кезең қоятын жаңа талаптарды ескере жүзеге асырылатын болады.

Атағы әлемге әйгілі Шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд (1869-1930): "IX-X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр және Евфрат алқабындағы ескі мәдени орталықтар болған. Бағдат бүкіл мұсылман әлемінен әсіресе Иран мен Орта Азияда шыққан әдебиетшілерді өзіне тартты" – деп жазған.

Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарын Шамның Халаб қаласында өткізді. Әбу Насыр әл-Фараби 950жылы қайтыс болған. «Фараби қазасы туралы екі дерек бар, — дейді М. Хайруллаев, — Біріншісінде ғалымдар оны Шамда қайтыс болған десе, екіншісінде Әбу Насыр қасына бірнеше адам ертіп, Асқалан қаласына бара жатқанда жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. Сайф ад-Даула қарақшыларды тауып, дарға асқан».

Әл-Фарабидің адамдық таным мен құдайлық таным арасындағы исламдық ғылым, философия және дін аралық қатынасын логикалық методтармен айқындағандығы белгілі. Фараби барлық еңбектерінде физикалық және метафизикалық, яғни трансцендентальды

әлемнен бастап тұтастай себептілік арқылы адам мен қоғамның осы әлемдегі табиғи жағдайын және болуы тиісті күйіне байланысты түсіндірме жасауға тырысқан.

Оның пікірінше, өзін-өзі білетін трансцендентальды “бірінші Болмыс пен Себептен” белгілі жүйе мен тәртіпке сай орналасқан әлем толығымен пайда болған соң адам жаратылған. Басқаша айтар болсақ, Фараби философиясында әлем екіге бөлінеді. Бірі – адамның тіршілік ортасы саналатын физикалық әлем және метафизикалық әлем. Бір жағынан трансцендентальды саналы болмыстар мен аспан денелерінің орналасқан әлемі, әсіресе соның ішіндегі «белсенді сана» адамның ең жоғарғы таным көзі болып табылады. Адамның тіршілік ортасы, физикалық әлемде рет-ретімен алғашқы материя, төрт элемент пен минералдар сияқты жансыз денелер, кейіннен өсімдіктер, жануарлар мен адамдар сияқты жанды денелер жаратылған. Бұл жерде адамның қалыптасуына қатысты Фарабидің айтқан ойы, адамның болмысынан бұрын пайда болған минералдар, өсімдіктер мен жануарлардың бар болуы міндетті болса, ал адамның уақытқа қатысы бар болуы, ақиқатты тани алуы, жақсыны қалауы сияқты ерекшелігіне орай осы әлемдегі ең құнды болмыс болуына қарамастан, шектеулі болмыс екендігі де түйінделеді. Демек, адам кемелденуге мұқтаж. Осы нұқсандығын адам уақыт ішінде жоя алатындығы үшін, адамның тарихы – оның кемелдену үдерісінің тарихы болып табылады.

Міне осы ұстаным кәлам, философия және сопылық мектептердің негізгі арқауы болды. Фарабидің сөзімен айтқанда, адам потенциалды білу қуаты бар, «потенциалды ақыл, ойлаушы, ойланылған» болмыс. Адамды потенциалдан әрекетке түсіретін нәрсе, себептілік байланысында болмысқа қатысты міндетті таным. Фараби философиясында адам өз болмыстық тіршілігін таным арқылы жүзеге асырады. Сонда Фараби түсінігінде таным мен болмыс немесе таным арқылы бар болу тең ұғым. Адам – уақытқа қатысты болмыс. Адамға сол өз уақытының шарасынан асып кемелдікке, бақытқа жетуі үшін тек таным жеткіліксіз, оған қоса амалды да жүзеге асыруы шарт. Бұл «Құрандағы» білім алу, оны жүзеге асыру ұстанымымен үндеседі. Адамдық болмысты толық қалыптастыру өлімнен соң аяқталады. Сондықтан адамның алдында өлімнен бұрын жүзеге асыратын үш түрлі таңдау бар: Біріншіден, адам ілімі мен амалын тең дәрежеде қолданып, жүзеге асырып, яғни парасатты адам болып, шексіз бақытқа ұласады; екіншісінде адам тек таным, ілім иесі болып қалады, бұл жерде ол амал арқылы жүзеге аспағандықтан шексіз бақытсыздыққа душар болады, яки, адам танымды да, қалауды да жүзеге асырмаса, өліммен бірге жоқ болады.

Міне көріп отырғанымыздай, Фарабидің таным мен амал немесе сөз бен істің тұтастығы ұстанымы Иасауиге дейінгі және оның жолын жалғастырушы ірі ойшыл тұлғаларымыздың шығармаларында жүйелі көрініс тапқан.

Екінші бір ортақ тұс, Фарабидің көзқарасы бойынша, адам өз бетінше жеке алғанда уақыт ішінде нұқсандығын жойып кемелдікке жете алмайды. Өйткені Фарабидің ұстанымында адам қоғамдасып тіршілік етуге мәжбүр. Бұл қажеттілік адамның табиғатынан туындайды. Сондықтан Фараби “адам қауымшыл тіршілік иесі” дейді. Сонымен әрбір адам парасатқа қол жеткізуі үшін қоғамның ішінде болуы шарт. Дегенмен, адамның қоғам ішінде болуы, ол қоғамның басым көпшілігінің парасатты болуы, оның жеке басының бақытқа жетуі үшін жеткіліксіз. Демек, адам парасат жолындағы таным мен құндылыққа өзінше жете алмайды. Оған ұстаз, кәміл жол көрсетуші қажет. Ал қоғамдағы барлық адамның түгел дерлік бақыт пен кемелдікке жетуі де мүмкін емес. Сондықтан оларға болмысы жағынан кәміл жол көрсетуші пір, ойшыл философ, басшы қажет. Қоғамды парасаттылыққа шақырып, бақытқа жеткізетін адамдар тобы “таңдаулылар және қарапайым” болып екіге бөлінеді. Таңдаулылар тобындағылардың өзі екіге бөлінеді: Біріншілері – даналар, олардың танымдық құралы – философия, екіншілері – ғұламалар, олардың танымдық құралы – ғылым.

Фарабидің ойынша, адамды бақытқа жеткізетін құрал – философия. Ал осы философиялық танымға адам екі жолмен жетеді. Біріншісі – адамның ақыл қуаты, екіншісі – оның трансценденталь ұстаным болып табылатын “белсенді санамен” байланысты.

Ғылымның да, философияның да құралдары “белсенді санадан” адам санасына келеді. Адам санасы осы келген ұстанымдар мен категорияларды пайдалану, философия жасау,

дұрыс пен бұрысты ажырату, өзін қателесуден сақтандыру дәрежесіне көтеруі арқылы ғана мүмкін болады. Сонымен философияда дұрыс пен бұрысты ажырататын, қателіктерден сақтандыратын әрине, мүмкіндігі шеңберінде, ол – логика. Адамды парасатты, бақытты қылатын, негізгі тақырыбы Алғашқы және трансцендентальды себептен бастап барлық болмысты себеп-салдар байланысы арқылы түсіндіретін, болмыс туралы ең “айқын таным” беретін философия басқа барлық ғылымдардың атасы деп есептеледі. Бүгінгі біздің түсінігіміздегі философияны Фараби ұлы философия, даналық, теориялық философия, теология ілімі және т.б. деп атайды.

Фараби философия мен дінді салыстыра келе философияның әмбебап, ал діннің ұлыс пен қоғамдарға қарай өзгеретіндігін айтады. Сондықтан қоғам, мемлекет, дін арасында тығыз байланыс бар. Қай жерде қоғам болса, сол жерде дін бар. Егер бір дін шынайы философиямен үндессе, ол дін – парасатты дін, ал керісінше болса, ол дін бұзылған дін. Діннің теориялық және практикалық тұрғыдан үздіксіздігін қамтамасыз етуі үшін фикх пен кәлам философияға, ал факих пен кәламшы философқа көмекші болуы тиіс, фикх пен кәлам, яғни діни ғылымға философия көмектесуі тиіс. Сонымен жалпы шола келе Фарабидің шығармаларындағы адамды кәмілдікке жеткізетін, парасатты, бақытты қылатын таным шынайы философиялық таным. Осы танымға қарай әрекет ету – парасаттылық. Міне осы мақсаттағы қауымды парасатты қауым, қоғамды парасатты қоғам, ұлысты парасатты ұлыс, мемлекетті парасатты мемлекет деп көрсетеді.

Әл-Фараби дін, философия және саясат арқылы адамдар арасында бірлік пен бақыттың үстемдік етуін мұрат еткендіктен, түркілік дүние-танымдық элементтер мен құбылыстарды ислам философиясы ішінде қорытып, пайдалана білді. Өйткені оның негізгі әдісі жалпы болмысты тұтастық тұрғысынан қарастыру болғандықтан, негізгі исламдық платформаға басқа дүниетанымдық пікірлер мен жүйелерді үйлестіру үшін көбінесе еркін комментарий әдісін, яғни бүгінгі герменевтикалық әдістен терең әрі кең “тауил” әдісін қолданады.

Әл-Фарабидың көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымының теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген уақыт пен кеңістікте философияның негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету болатын. Әл-Фараби философияның да, діннің де адамзаттың бақыты мен игілігі үшін қызмет ететіндігін, діннің адамды иман арқылы ақиқатқа жетелейтіндігін, ал философияның сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастыратындығын айтады.

Фарабидің өз дәуіріндегі атқарған ең маңызды қызметі дін мен философия арасына көпір салып, оны пайғамбарлық және философиялық түсінікке негіздей отырып анықтама бергендігінде жатыр. Оның пікірінше, нағыз философ пен пайғамбар арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Әрқайсысының мақсаты – адамдардың бұл дүние мен о дүниедегі бақытқа қол жеткізуіне көмек беру. Алайда философ өз күшімен Аллаға жету үшін көп еңбек еткендіктен пайғамбардан символикалық түрде жоғары тұрады. Әйтпесе шын мәнінде философ пайғамбардан да жоғары деп айтпаған. Бұл мәселені жете түсінбегендіктен әл-Фарабиге көптеген ғалымдар қарсы шыққан. Әл-Фараби бұл мәселеде философты пайғамбар дәрежесіне дейін көтеріп, онымен теңестірген. Ол пайғамбарды философ дәрежесіне түсіруді ойламаған. Себебі бар мәселе әл-Фарабидің философ деп кімді айтып тұрғандығына байланысты. Әл-Фарабидегі философ – белгілі бір дәрежеден кейін сопылардың әулиесімен теңесетін адам. Бұл тұрғыдағы оның пікірі Ибн Араби секілді философ-сопылардың пайғамбарлық пен әулиелік жайлы көзқарастарына көп әсер еткен. Әл-Фарабидің пікірінше, ең кеменгер басшы – ең кеменгер әрі бойында пайғамбарлық пен философ болу қасиеті бар адам. Ал бұл қасиеттер Хз. Мұхаммедтің бойында бар. Сондықтан да Фараби Хз. Мұхаммедті “Бірінші басшы” деп есептейді.

Біздің заманымыздың аксиологиялық түсіндірмесінде Отырардан шыққан ортағасырлық ойшылдың төлтума қайталанбас мұрасы - адамзаттың рухани жаңғыруында

және Қазақстанның демократия мен рухани-адамгершілік жағынан салауатты қоғам жолында табысты болуында жоғарғы ізгіліктік мағынаға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Конрад Н.И. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1972. – 496 б.
2. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
3. М.Хайруллаев. Эпоха и учение, Ташкент, 1975.
4. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен(ҮІІІ-ХІҮ ғғ), Алматы, 1989.
5. А.Машанов. Әл-Фараби және Абай, Алматы, 1994.
6. С.Э. Бертельс. Избранные труды, Москва, 1960.
7. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972.
8. Р.Бердібаев. Биік парыз, Алматы, 1980.
9. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.
10. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии, Алматы, 1993.
11. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004.

Әшірбек М.Б
Дінтану мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Байтенова Н.Ж.
филос.ғ.д., профессор

ҚАЗІРГІ МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІ

Қоғамның әйелге қатынасы оның даму дәрежесі мен өркениеттілігін көрсетеді. Әйелдердің әлеуметтік – экономикалық статусы мен мәдени дәрежесін көтерудің маңызды факторларының бірі, дәстүрлі және қазіргі кешендерді үйлестіретін білім болып табылады.

Ислам дінінің отаны болып есептелетін Араб елдерінің мұсылмандары исламды уағыздамайды, олар ислам дінін тарихи пайда болған кезінен бастап ұстанады. Сондықтан олардың өмір салты, қоғамның барлық салалары, экономикасы, саясаты, тілі, болмысы ислам заңдарын толық сақтайды. Мұсылман елдерінің ішінде Иордания және Сауд Аравиясы басқа араб елдері сияқты күшті отарлау мен модернизацияға ұшыраған жоқ. Қазіргі таңда олар жаһандық экономикалық жүйеге, халықаралық нарыққа тартылғанымен, дәстүрлі өмір салтын сақтауға тырысады. Мысалы: Иорданияда қазіргі уақытта да тайпа мен шейхтердің, рубасы мен діни көшбасшылардың ықпалы өте күшті. Тіпті корольдің өзі олармен есептесіп отырады. Араб тілі де сақталған.

Өткенге сәл шегініс жасасақ мұсылман әйелдері исламның пайда болған сәтінен бастап ислам дінінің таралуы мен нығайуы үшін белсенділік көрсеткенінің куәгері боламыз. Мұхаммедке пайғамбарлық миссиясын орындау барысында әйелдер қолдау көрсеткен. Мұсылман әйелдер пайғамбарды қолдай отырып, қоғам мен туыстарының қарсылығына қарамастан, оның соңына еріп, бірге шайқасып, ұрыс алаңдарында жаралыларға көмек көрсетті, адамдарға жаңа дін негіздерін үйретті. Бірақ, халифат шеңберінің кеңеюіне, феодалдық мемлекеттердің қалыптасуына, қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуі байланысты саясат пен қоғамдық өмірдегі әйелдердің ролі ақырындап төмендей берді. Ақырында, ортағасырда әйелдер өмірі отбасы, үй - жай, гарем қабырғаларымен шектелді. Нәтижесінде, ХІХғ. соңы мен ХХғ. басында мұсылман әйелдері әлеуметтік өмірдің сахнасына шығыс модернизациясы белгілерінің бірі ретінде шықты.

Ұзақ уақыт бойы мұсылман әлемінің индустриализациясы, урбанизациясы және секуляризациясы орнына келмейді деп есептелді. Модернизация идеологтарының пікірінше, мұсылман әлемі батыс өркениетінің жолын қайталауы тиіс.

Шынында да ХХғ. алғашқы жартысында дәстүрлі ислам елдерінің либерализация мен эмансипациясы жүрді. Мұсылман елдерінің бір бөлігі дамудың батыстық демократиялық

жолын, екінші бөлігі капиталистік емес жолын таңдады. Бұл жолдар ислам әлеміндегі әйелдерді де айналып өтпеді.

Батыс мұсылман әйелі туралы оның чадра киетіні, үйінен шықпай, толығымен зайыбына бағынатындығын ғана біледі. Батыс исламның отбасылық кодексін көпнекелілік, ер адамдардың үстемдігі деп таниды. Аталған стереотиптерден әйелдер қозғалысының реисламдандыру феноменін және қазіргі уақытта бүкіләлемді алаңдатып отырған мұсылман әйелдерінің белсенділігінің экстремалды түрін түсіну мүмкін емес.

Орындаушысы мұсылман әйел болған террорлық актілердің салдары Батыс, Ресей сияқты елдерде антиисламдық дүмпудің пайда болуына әкелді. Олар исламды фанатизм мен басқа дін өкілдеріне дұшпандық әрекет етуші дін ретінде айыптауға тырысты. Батыста антиисламдық компаниялар ислам дінінің ілімдерін, Құран аяттарын, Мұхаммед пайғамбардың хадистерін теріс түсіндірмелеуде.

Антиисламдық компанияларда жихад концепциясы ерекше орын алады. Жихад – күрделі, көпқырлы құбылыстардың бірі. Ол өзін - өзі тәрбиелеу, сенімін нығайту және исламды қорғау жолында шайқасу дегенді білдіреді. Жихадтың әйелдерге қатысы туралы жоғарыдағы тараулардың бірінде айтылып өтілді. Қандай жағдай болмасын жихад Құран белгілеген шеңбермен шектелген. Қасиетті Құранда бұл жағдайға байланысты: «...Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және оны (өлімнен құтқарса) тірілтсе, барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық» деп айтылған. Түсінген адамға мағынасы анық: өлтіруге рұқсат өлтіргенінің жазасы ретінде, тек шарифат заңына негізделіп, сот шешімімен берілуі тиіс. Адам өміріне қауіп төндіру, қылмыспен тең екендігі көрсетілген.

Антиисламдық идеологтар әйелдер ролі туралы ислам концепциясын мұсылман – камикадзе әйелдердің әрекетінен білуге болады деп тұжырымдайды. Олардың пікірінше, әйелдерді саяси мақсаттың құрбанына айналдыру фактілері исламдағы әйелдер дискриминациясының, әйелдердің ерлерден кейінгі екінші орында екендігінің, олардың ер адамдардың бұйрығына тәуелді екендігінің дәлелі.

Террорлық актілерді көрген, естіген көптеген адамдардың ойына осындай әрекеттегі әйелдердің исламға қатысы қаншалықты деген ой келеді. Исламда дін үшін соғыста шейіт болған адам жұмаққа кіреді деген сенім бар. Террорлық актілер жасаған әйелдердің санасына кінәсіз адамдардың, соның ішінде бейкүнә сәбилердің өлімін аттап, жұмаққа барамын деген ой келді ме екен? Осындай жан түршігерлік әрекеттерден кейін исламды әскери дін деп ойлайтындар да бар.

Мұсылман идеологтары «ислам» терминінің өзін «слом», «салам» түбірінен шыққан, «бейбітшілік» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. Құранды мұқият түсініп оқыған адам, дінсіздерді өлтіруге шақыру туралы ешқандай аяттың жоқ екендігіне көзі жетеді. Соғыс туралы аяттарда егер өмірге, отбасына, отанға, исламға қауіп туғанда ғана қолға қару алуға болатыны айтылған. Құранның көптеген аяттарында Аллаһтың адамға берген өміріне ешкімнің қол сұғуға болмайтындығы айтылған. Және ол көп жағдайда болашақ ұрпаққа өмір сыйлайтын әйелдер өміріне қатысты. Құранда Аллаһ әйелдерді ер адамдарға «аманат» ретінде қалдырғандығы айтылады. Бұл туралы пайғамбарымыз қоштасу құтпасында: «Адамдар! Әйелдердің құқықтарына құрметпен қарауға және бұл тұрғыда Аллаһтан қорқуға кеңес беремін. Сендер әйелдерге Тәңірдің аманаты деп қараңдар» деп айтады. Олай болса, әйелдерді өлімге айдап, ислам тағылымын бұзатындар кімдер?

Сондықтан, әйелдер мәселесін зерттеуде ислам ілімі мен қазіргі саяси, әлеуметтік контексте дұрыс саралай білу керек. Қазіргі таңда мұсылмандар саны миллиардтан асады. Мұсылман әйелдер әлемнің әр түрлі тілдерінде сөйлейді, әр түрлі мамандықтардың иесі, әр түрлі географиялық аймақтарда, әр түрлі әлеуметтік және материалдық жағдайда өмір сүреді, бірақ оларды Мұхаммед пайғамбар енгізген ислам діні мен өркениеті біріктіреді. Олар өмірдің түрлі жағдайларынан туындаған сұрақтың жауабын қасиетті Құраннан іздеп табады.

Феминизмнің өсуі, әйелдердің қоғамдық қозғалысының белсенділігінің артуы, әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы, олардың ішкі және сыртқы саясатқа қатысуы әлемнің көптеген

зерттеушілерінің гендерлік мәселеге қызығушылығын арттыруда. Соның ішінде ислам әлеміндегі әйелдер статусы ерекше назар аудартады. Батыстық және Ресейлік ғалымдар арасында мұсылман әйелдердің ахуалы, олардың әлеуметтік статусы қазіргі әйелдер эволюциясының магистралды жолымен тоғыспайды, қарама – қарсылық тудырады деген пікірлер айтылып жүр.

Қазіргі уақытта әйелдер тақырыбы саясиланып кеткен. Өкінішке орай, әйелдер ролінің эволюциясы, олардың құқықтары мен бостандығы туралы сауалдар мұсылман әлемінің өзінде дұрыс түсіндірмеленбейді.

Мұсылман әйелдерінің қазіргі экономикалық, мәдени, саяси – құқықтық статусын зерттеу барысында бірнеше аспектілер қарастырылады.

Бірінші – тарихи аспект. Мұнда мұсылман өркениетінің көне тарихындағы әйелдер ахуалы мен құқықтары мәселесі қалай шешілгендігі туралы қарастырылады. Мұхаммед пайғамбар және төрт халифа тұсында мұсылман қоғамы идеалды модель болғандығын естен шығармағанымыз дұрыс.

Екінші – деректанушылық аспект. Ол әйелдердің ахуалы мен құқықтары туралы сұрақтар мұсылман қайнар көздері Құран мен хадистерде қалай шешілетінімен байланысты. Мұнда легитимді, сакральды қайнар көздерге қарамастан мұсылман социумындағы әйелдер статусын түсінуде талас тудыратын сұрақтар аз емес. Саяси күрестің қасиетті кітап пен оның түсіндірмелерінен айналып өтуі де мүмкін. Радикалды исламизм идеологтары саяси бағдарламаларының және өздерінің әрекетінің дұрыстығын ақтау үшін Құран мен шарифатқа сүйенетіндігі түсінікті.

Үшінші аспект түрлі өркениет жүйелеріндегі, елдердегі және ұлттық мемлекеттердегі нақты тарихи кезеңдер мен дәуірлердегі мұсылман әйелдерінің әлеуметтік статусының өзгеруі мен дамуын бейнелейді.

Төртінші аспект қазіргі кезеңдегі әйел мәселесін шешу жолдарын анықтаумен байланысты. Әйелдер мәселесі ерте кезеңдегі ислам уммасында қалай шешілгендігі, орта ғасырларда, Жаңа Заман дәуірінде бұл сауалды қалай қарастырғандығы, қазіргі уақытта ислам әлеміндегі және сыртқы елдердегі түрлі әлеуметтік жүйелерде қалай шешіліп жатқандығы арасында үлкен айырмашылық бар.

Адам баласы жаратылғаннан бері қанша заман өтіп, адамдар өздерін саналы түрде сезіне бастағалы екі топ болып, яғни, әйелдер мен еркектер болып бөлінетінін біліп келеді. Бірақ өркениет алға озып, жаһандану жүрген сайын әйел мен еркектердің қоғамдағы орын деңгейлері қалай болу керек? - деген сұрақ ешқашан күн тәртібінен түскен емес.

Сан ғасырлар бойы өсіп, дамып келе жатқан адамзаттың әрбір тайпа, қоғам, ұлт тарихында матриархаттың дамыған кезі болғанынан да көне тарих сыр шертеді. Алғашқы қауымдық кезде ер мен әйел арасы тек жан сақтау мен ұрпақ өсіру үшін күрес арқылы айшықталып, өзара орын таласы аса мықты белең ала қоймаса керек. Ал қоғам күрделене түскен сайын бұл мәселенің де қыр-сыры қалыңдап, шиеленісе түскен. Адамзат тағдырына терең араласқан дін де осы тақырыпты айналып кете алған емес.

Қазіргі таңдағы дамудың қарама-қарсы тенденцияларының арасынан батыстық және шығыстық дәстүрлердің қайшылығын, модернизацияның басымдылығын, мәдениет вестернизациясын ерекше атап өтуге болады. Бұл тендерлік қатынастар, ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік және отбасылық ролдерді иемдену, әйелдердің қоғамдағы мәртебесі сияқты сферада маңызды орын алады.

Қоғамның әйелдер мәселесіне назар аударуы Еуропа мен АҚШ сияқты елдерде ХХ ғ. 60 ж. бастау алады. Осы уақыттарда тендерлік зерттеудің пәнаралық ғылыми бағытына айналған әйелдер мәселесіне қатысты зерттеулер пайда бола бастады.

Әйелдер мәселесі қазіргі араб елдерінде ерекше өзекті мәселеге айналды. Бұл елдерде исламдағы әйел мәселесін түрлі түсінуден туындаса керек.

Исламдағы әйел мәселесі – күрделі, көпқырлы, нәзік, зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Мұсылман және Батыс елдеріндегі әйелдер өмірімен таныса отырып, геосаяси, экономикалық және мәдени жағдайы әр түрлі аймақтардағы мұсылман әйелдерді

біріктіретін және айыратын мәселелерді салыстырып, талдау жасау бүгінгі күннің талаптарының бірі.

Қазіргі уақытта мұсылман әйелдеріне қатысты полигамия, мұрагерлік, куәгерлік, хиджаб мәселелері қоғамдағы түрлі түсініспеушіліктерге алып келіп отыр. Осындай сұрақтар қазіргі Қазақстан қыздары мен әйелдерін де мазалауда.

Кеңес идеологиясының шырмауында болған жылдарда халқымыз діни сауаттылығынан айрыла бастады. Халық рухани бостыққа тап болды. Діни адасушылық салдарынан төл дініміз исламды да дұрыс түсіне алмадық. Исламды дұрыс білмеу, түсінбеу әйел мәселесіне қатысты сауалдарды да ушықтырып жіберді. Ислам теологтарының пікірінше, исламда әйел мәселесі жоқ. Әрине, Құран мен суннада әйел мәселесінің шешу жолдары көрсетілгені даусыз. Бірақ қасиетті кітаптарды түсіндірмелеушілердің жеке пікірлері, ертедегі патриархалды – феодалды қоғам талаптары исламдағы әйел сұрағының нақты жауабын бермей отыр. Сондықтан исламдағы әйел мәселесі өзекті мәселелердің бірі екендігіне күмән келтіре алмаймыз.

Қазақ халқының қазіргі діни сенімін саралау үшін өткенді ескергеніміз дұрыс. Себебі, халықтың діні, наным-сенімдері мен көзқарастары оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып табылады. Дін — руханияттың өзекті саласы. Дін тарихын білмейінше белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың тұрмысын, өмірін, мәдени болмысының қыр-сырын терең тану мүмкін емес, яғни кез келген ұлттық мәдениеттің рухани бастауларын, оның менталитеті мен дүниетанымын ұғыну үшін мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді терең зерттеп, зерделеудің маңызы ерекше. Ежелгі руханиятта дін оның негізгі құрамдас бөлігі екендігін ескерсек, айтылған тұжырымның маңыздылығы арта түседі. Себебі дін өткен тарихи дәуірлерде мәдениеттің барлық салаларын камтып жатты. Қазіргі қазақ халқының болмысында тарихтың әрбір дәуірінде ұстанған наным-сенімдерінің елеусіз болса да сарқыншақтары сақталған. Сондықтан исламдағы әйел мәселесіне қатысты нақты тұжырым айту үшін, басқа да діни ілімдерді қарастыру қаншалықты маңызды екендігін көреміз.

Қазіргі уақытта ислам дінінің қасиетті кітабы Құранның ғылыми негіздері дәлелденіп, ислам дінін ұстанушылар саны көбеюде. Ғылыми әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдарында ислам дінінің артықшылықтары баяндалуда. Мұндай ізгі істерге тек мұсылман ғалымдары ғана емес, батыстық қоғам да назарын аудара бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Осман Эрсан. Женщина в исламе. – Москва, 2006.
2. Бекжігіт А, Ыстыбай Ә. Қыздарға мұсылмандық тәрбие. – Шымкент: «Азиат», 2004.
3. Ибадуллаев. С. Мүмін әйелдер. – Алматы, 2007.
4. Исламдағы әйел орны

http://zerde.ucoz.com/load/kha_din/islamda_y_jel_orny/islamda_y_jel_orny/26-1-0-68

Бабатай Айбек Серікбайұлы.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Мейрбаев Б.Б.
филол.ғ.к., доцент

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ХАЛАЛ-СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІ:
ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

Арабтың Халал сөзі араб тілінен қазақшаға аударғанда «Рұқсат етілген» деген мағына береді. Ислам әлемінде бұл сөз мұсылман адамның тек ерік берілген амалдарды орындауын

білдіреді. Бұл мұсылман дінін ұстанушы адам үшін барлық саладағы басты қағида. Атап айтқанда: азық-түлік, киім, әшекей бұйымдар, хош иіс заттар мен косметикалық тауарлар, жеке гигиена, демалыс, көңіл көтеру, қаражат сферасы, адамдар арасындағы байланыс, қоршаған ортаға, атқарылатын жұмысқа, өзіңнің мүлкіңе сол сияқты басқа да нәрселерге деген ережені ұстану.

Халал ұғымына кері Харам ұғымы болып табылады (тыйым салынған).

Халал сөзінң мағынасы ауқымды болып табылады. Халал деп тек қана тағам мен азық-түлікке қатысты немесе шошқа терісінен жасалмаған бұйымдарды ғана атамаймыз. Оған отбасындағы сыйластық, әйел адамдардың сырт бейнесі, тіпті еркек пен әйел арасындағы некеге дейінгі байланысқа түспеу «никах» (мұсылмандардың неке қию салтанаты) мәселесі де жатады. Бизнес те халал болуы қажет. Сен тыйым салынған салада жұмыс атқара алмайсын арақ-шарап сату, темекі мен харам азық-түліктерді сату т.б.

Алайда, мұсылман мемлекеттерінен тыс аймақтарда «халал» ұғымы көбінесе азық-түлік пен тағамдарға ғана қатысты қолданылады. Көп жағдайларда ет өнімдерінің таза болуы мәселесіне байланысты айтылады. Құранда өлі малдың етін, қанды, шошқа етін, Алла есімімен бауыздалмаған малдың етін, қылқындырылып өлтірілген немесе басқа жануардың қолынан өлген малды, сүрініп өлген малдың етін жеуге қатаң тыйым салынатындығы жайлы айтылады.

Жыртқыш аңдарды (қасқыр, жолбарыс, арыстан т.б.) және жыртқыш құстарды (бүркіт, сұңқар, қаршыға т.б.) сонымен қатар, ит, есек пен қашыр, сыртқы жыныс ағзаларын, бауыр безі, жануарлардың өт қабын, мұсылмандық діни жоралар бойынша жасалса да жеуге болмайды. Ислам дініндегі мазһабтардың арасында осыған қатысты өзіндік айырмашылықтары бар.

Халал-Шариғат заңдарына қайшы келмейтін, тамақтың жарамдылық дәрежесі жоғары тағамның сапасы. Әдетте бұл сапа дәрежесін еттен жасалған тағамдармен байланыстырамыз.

Қазақ халқының тарихына үңілетін болсақ, «Халал» өнімі ата-бабамыздың дәуірінен қазіргі таңға дейін қолданылып келген. Өйткені көшпенді қазақ халқы өз тарихында ірі қара мал, әсіресе жылқы мен түйені өсіріп, етін жеген. Аталған малдың етін жеп қана қоймай, сонымен қатар терісінен киім тоқып киген. Бұл әрекеттер қазақ халқының сол кездегі мәдениетін, қолөнерін, дәстүрін және ең бастысы ділінің негізін салды.

Сондықтан да «халал өнімі» және «халал өндірісі» ата-бабамыздың тарихында көне дәуірлерден тіпті ислам дінінің қазақ жеріне аяқ баспай тұрған заманнан өріс алып келеді. Ол өмірлік қажеттіліктердің барлығын қамти келе, «халал» мал басының көбеюіне жауап берді. Себебі ол замандағы «халал өндірісі» тікелей жайылымдағы малдың етіне тәуелді болды.

1930-1932 жылдар арасында болған жұттың нәтижесінде қара малдың саны күрт төмендеп кеткен. Адамдардың саны да Ресей патшалығы кезінде жүргізілген санақ нәтижесіндегі 7 миллион адамнан бірден 3 миллионға төмендеп кетеді.

Ресей империясы кезінде (1917-1991) халық азық-түлік технологиясын игерді. Ол ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі тағамдық технологиялардан мүлде өзгеше еді. Мысалы, қысқа мерзім ішінде жануарды өлтіру (элекр тоғын қолдану, өмірлік маңызды жерлерден пышақпен немесе балтамен ұрып-жығыу), сынды әрекеттер бұрыңғыдай ұлттық халал іздерін жойып, керісінше өліктің етін жеумен тең етілді.

Барлығымызға белгілі, информациялық-торсион заңына сәйкес тағам әрбір адам өміріндегі ең маңызды функциялардың бірі болып табылады және дұрыс тамақтану денсаулықтың кепілі, ал керісінше жағдайда ағзаға зақым тиеді. Кез келген тағам оңтайлы және кері әсер тигізеді. Өліктің етін жеу адамды дп тұтастай халықты да құлдырауға әкеледі. Одан бөлек, мұндай әрекеттер рак, жүрек және қан, өзіне-өзі қол жұмсау, қоғамдағы ағлақтық мәселерді жоғалту секілді әрекеттерге әкеп соқтырады. Көптеген Еуропалық мемлекеттер қазіргі күнге дейін өнеркәсіптік мал сою процесін қолдайды. Олардың мұндай әрекеттері 70 жыл бойы жалғасып, жануарларға деген адамгершілікті сипаттаған. Еуропалық мемлекеттердің экономикалық жағдайларына қарамастан, халық саны төмен. Адам өміріндегі сапалы ет өніміні шексіз маңызды болып табылады. Кеңес одағы дәуірінде қазақ

елінің мұсылман екендігіне қарамастан біздің жерімізге кеңінен шошқа малы кіргізіліп, өсірілді. 70 жыл отарда болған кезеңде қазіргі қазақ жерінде өте сапалы шошқаның еті өндірілді. Оның сапасының нәтижесінде шошқаның еті мен майы көптеген тағамдарда пайдаланылып қана қоймай, сонымен қатар өнімге де шығып нарықта сатыла бастады. Жаңа азық-түліклік технологиялар нәтижесінде қазіргі таңда шошқа етін шұжықтарда, кондитерлік өнімдерде, кілегей маргаринінде, тіс пастасында, түрлі тұздықтарда кездестіре аламыз. Оның сапалы әрі жаңа технологиялармен өндірілгеніне қарамастан, халал өнім деп атай алмаймыз. Алайда, қолдануға және жеуге де тыйым сала алмаймыз.

Шошқа етін қолдану қаншалықты зиян екендігі жайлы өте көп айтылды. Бірақта, шошқа етін қазақ халқының қолдануы ерекше атап өткен жөн. Бұл әрекет тарихи дәстүр мен адам денсаулығына қайшы келді. Халал өндірісіне бейімделген халықтың мәзірінде шошқа етінің пайда болуы жаңалық болды. Одан бөлек жаңа мәдениеттің кіруіне әкеп соқтырды. Жаңа мәдениет өз кезегінде халықтың құлдырауына әкеп соқтырады. Қазіргі күннің өзінде-ақ қаншалықты адамдардың өз тілдерінде сөйлемейтіндігін байқаймыз. Халықтың мәдени құлдырауы жаман нәтижелерге алып келеді: қылмыс пен террорлық әрекеттердің көбеюі, жылдар бойы келе жатқан дәстүрдің ұмытылуы.

Еліміздің егемендігін алғалы бері жиырма жылдан аса уақыт өтті. Қазақ халқы үшін дәстүрлі қазақ ас үйін жоғалтып алмау өте маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ халқы әрдайым басқа мәдениеттер мен қоғамнан оқшауланған ауылды жерлерді мекендеген. Ондай жерлерге әрине заманауи технологиялар да жетпеген. Халалға қатысты сол дәуірлерден малды ислами дәстүр бойынша аяғын байлап, малды қинамай сою рәсімі әлі күнге дейін сақталған. Союдан бөлек малды бағу процесі де түрлі кезендерден өтті. Бұрынғыдай малды бағып өсіруден отырықшы мал шаруашылығына ауысу (колхоз ұймдары, тектік қорды жою, тың дәуірі, жылқы шаруашылығын шошқа өсіруге ауыстыру, табиғи жайылымды жүгері мен дәнге ауыстыру т.б.) жұртты басты кәсібінен айырды. Қазақ халқын ең басты қағидалардан алшақтатты. Егер де бұрынғы заманда отбасы құрамында 10-15 адамнан болғанда ешкім таңғалмайтын болса, қазіргі таңда ол мүмкін емес жағдай секілді көрінеді. Бүгінгі күні ондай отбасыны кездестіре алмаймыз.

Біздің елімізде үлкен көлемде діндар адамдар өмір сүреді. Ал егер Кеңес өкіметі кездерін еске түсіретін болсақ, ол кезде дінге деген көзқарас мүлде өзгеше болатын. Дүкендегі азық-түліктердің құрамына назар аударылмайтын. Халал жайлы тіптен сөз қозғалмайтын. Азық-түлік өндіру кезінде адамдардың қалауы есепке алынбайтындығы анық.

Бүгінгі күні керісінше діндар адамдар кез келген нәрсені жегілері келмейді. Мысалы, мұсылман адам тек өзіне рұқсат етілген тағамын дәм еткенді жөн көретіні анық. Себебі ол ең біріншіден дін, одан кейін дәстүр мен мәдениет.

Халал категориясындағы тағамдардың өндірісі кезінде қатаң тыйым салынатын қоспалардың түрлері:

Шошқа еті;

Қан;

Өлі малдың етін, жыртқыш аңдардың (қасқыр, жолбарыс, арыстан т.б.) және жыртқыш құстардың (бүркіт, сұңқар, қаршыға т.б.) сонымен қатар, ит, есек пен қашыр, сыртқы жыныс ағзаларын, бауыр безі, жануарлардың өт қабын, мұсылмандық діни жоралар бойынша жасалса да жеуге болмайды. Сойылған малдың етін Алла атымен бауыздалмаған жағдайда қоспайды.

Тыйым салынған жануарлардың етінен алынған азық-түліктер (қоспалар, толтырғыштар, дәмдеуіштер т.б.)

Халал азық-түліктердің тыйым салынған нәрселерге тиіп кеткен жағдайда оны жумайынша немесе тиген жерін алып тастамайынша харам болып табылады.

Қазақстан Республикасы Халал өнімдерінің дамыған мемлекеттік стандартына сай өндіруші, Бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің арасындағы жалғыз ел болып саналады. 2006 жылы ол осы өнімдердің жоғары сапасын растайтын халықаралық сертификатқа ие бола алды. Одан бөлек, Шарифат заңдары аясында өндірілетін өнімдердің Дүниежүзілік

көрмесінде Гран-При ұтып алған мемлекет болып табылады. Біз үшін бұл мәлімет осы өнімдердің жоғары деңгейлі әрі сапалы екендігінің дәлелі. Егер де Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Сауда Ұйымының (ДСҰ) құрамына кіретін жағдайда, «Қазақстанда жасалған» деп белгіленген халал ет өнімдері әлемнің көптеген елдерінде пайда болады. Қазақстан Республикасының өзінде әртүрлі жиырма жеті ұлттардан құралған мұсылмандар (Халықтың 70% -дан астам) қауымы да халал өніміне тәуелді екендігі айдай анық. Бізде мұндай өнімдер өте танымал болып табылады. Еліміздің көптеген қалаларында халал дүкендер мен кафелер бар. Малайзия мемлекетінің өкіметі Қазақстанның технологиясы бойынша \$55 млн-ға бағаланатын халал шұжық шығаратын зауытын ашуды жоспарлап отыр. Қазақстанда болса, \$150 млн-ға бағаланатын халал сусындар өндіру бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы жоспар бар. Қазақстан Республикасында тағам өндірісінен бөлек сондай-ақ, халал косметика, халал фармацевтика және т.б. салаларды дамыту басты мәселеге айналуда. Бүгінгі күні, 26-дан астам ұлт өкілдері арасында 10 миллионға жуық мұсылмандар біздің республикамызда өмір сүріп жатыр. Әрине, мұсылман халқының мұндай саны халал өнімдерінің нарығын өсуін әлдеқайда ынталандырады.

Қазақстан Республикасында Халал стандарттау жүйесіне сәйкес мектептер, банктер, ауруханалар мен қонақ үйлер және SPA-салондар жұмыс атқаруда. Осы мекемелердегі қызмет көрсетудің негізгі принципі қызметкерлер мен клиенттер арасындағы белгілі бір ережелер мен олардың қарым-қатынастары болып табылады. Мысалы, әйелдер мен ерлер үшін нысандардың қатаң бөлінуі немесе ғимараттарда намазханалардың болуы деген сияқты мәселелер. Шариағат заңдарына сәйкес бизнес жүргізіп жатқан компаниялар саны жағынан өте көп болмаса да, ислам принциптері бойынша жұмыс жасайтындар саны жыл сайын көбірек секторларды жаулап алуда.

Қазақстан Республикасында халал сауналар да жұмыс істейді. Темекі шегуге, алкоголь сусындарды ішуге, ерлер мен әйелдер бөлек жуынады да тек қана неке куәлігі бар ерлі-зайыптыларға бірге демалуға болады деген ереже сақталады. Қазақстан Республикасына халал өнімдерін өндіру мемлекеттік стандартқа сәйкес 2006 жылы енгізілген. Халал қызметін көрсету барысында, бизнес гүлденуі үшін тек тиісті форматтың болуы ғана маңызды фактор емес. Бизнесі ұйымдастыру және құзыретті маркетинг маңызды. Мысалы, сарапшылардың пайымдауынша бүгінгі таңда халал қонақ үй қызметтеріне сұраныс соншалықты жоғары емес. Біріншіден, бұл клиенттер үшін арнайы талаптарға байланысты. Мысалы, қонақ үйге келген ерлі-зайыптылар, тиісті құжаттарын көрсетуге міндетті. Екіншіден, осындай қызметтер жайлы хабардарлықтың төмен деңгейіне байланысты сәйкесінше төмен сұраныстың орын алуы.

Негізінен, Қазақстан Республикасының халал-индустриясы бүгінгі таңда ет және шұжық өнімдерімен тығыз байланысты. Қазақстандағы халал өнімдерінің көбісі шағын кәсіпорындарда өндіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нормативтік құжат MS 1500:2004 HALAL FOOD (приказ № 022/879 Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли от 09.11.2005 г.)
2. Махметов, Б.Н. Развитие системы Халал в Республике Казахстан // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. - 2008. - № 1. - С. 41-43

Бесимбаева Асель Мейрамовна
Қазақ мемлекеттік қыздарпедагогикалық университеті
Әлеуметтік гуманитарлық факультеті
«Әлеуметтану -5В050100» мамандығының 3курс студенті
Ғылыми жетекші
Джекебаева Мақпал Абиловна
филос.ғ.к.

ХАНАФИ МАЗХАБЫНА ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

Қазіргі таңда зайырлы қоғамын ерекшелік деп бағалаған, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен халықтың ұлттық және діни дәстүрлерінің жаңғыруы тұспа-тұс келгені рас. Қазіргі Қазақстан – тұрақты экономикалық өсімі бар, қоғамдық келісім мен орнықты саяси жағдайы қалыптасқан көпұлтты және көпконфессиялы ел. Еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясаты конфессияаралық тұрақтылық пен толеранттылықты сақтауға бағытталған. Тәуелсіздігін алғаннан бері Қазақстанның рухани әлемінде діни жаңару үрдісі қарқынмен жүруде. Қазақстандықтар бірбеткейлік соқыр сенімге ешқашан нанбаған, басқа діни көзқарастарға толеранттылық тұрғысынан қарап келеді.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында былай деп жазады: «Қазақтар үшін Исламның рөлі ерекше және мұны түсіну ұлттық санамыздың маңызды мінездемесіне айналғалы тұр. Бұл, әсіресе осынау ұлы да гуманистік діннің рөлі мен мәні ұзақ жылдар бойы бұрмаланып келгеннен кейінгі жерде өте маңызды. Біздің ата-бабаларымыз және туыстас түркі тілдес халықтар ешқашан діни үстемділік мінезімен ерекшеленбеген және басқа халықтардың рухани бостандығына құрметпен қараған. Бұл – тарих тағылымы», – дейді Елбасымыз.

Расымен де, дін жалпы жамағаттың игілігі үшін қажет. Сол себепті-де білімділер жамағаттан қол үзіп, олардан айрылып қалмас үшін жамағат үшін жұмыс жасап, жамағаттың тілінде, жамағатты толғандыратын мәселелерге-де көбірек көңіл бөліп отырулары қажет. Олар үшін анық, шешімін тапқан мәселелер жалпы жамағат үшін таңсық болуы мүмкін. Өйткені, көп жағдайда қажетті білім көпшілікке жетпей қалып жатады. Және ұрпақ үздіксіз жаңару үстінде. Сол себепті-де білімді қайта жаңғыртып, оларды халыққа қайта-қайта таныстырып, үздіксіз насихаттап отыру қай уақытта да өзекті болып табылады.

Әрине, дінді басқа жақтарынан да қарастырып, кеңінен насихаттаған жөн. Бірақ, дәл қазіргі сәтте мазхабты насихаттауға баса назар аудару қажет болып тұр. Себебі, «бірлік болмай тірлік болмас» дегендей жамағаттың арасында туындап жатқан жікшілдік мәселесін шешіп алмайынша дін ісін ойдағыдай алға бастыру қиынға соғады. Өйткені, Қазақстандағы дәстүрлі мазхаб ханафи мазхабына қарсы шығып, оны ұстанбауды насихаттайтын, ұлттық дәстүр атаулыны мүлде мойындамайтын, намаз оқымағандарды мұсылман ретінде санамайтын, намаз оқымаса әке-шешеден-де безіндіретін, мұсылман елдерді біріктіріп халифат құрмақ болатын, жиһадты қан төгу деп қана түсінетін, және басқа да неше түрлі шектен шыққан осындай келімсек топтар жалпы Исламның атына кір келтіріп, халықты діннен шошытуда.

Әдет-ғұрыпқа келетін болсақ, бұл діни түсініктің қалыптасу негізін және мінез-құлықтың қалыптасуының факторы. Бірақ, дінге сай әдет-ғұрыптың жағымды жақтары болғаны секілді, дінге сай емес әдет-ғұрыптың да кері ықпалы бар. Яғни, дін мен әдет-ғұрып бір-бірімен тәуелсіздік үшін күрес жүргізді. Әдет-ғұрып діннен басым болған қоғамдарда діни түсінік пен қоғамдық құрылым өзгешелеу болса, діннің әдет-ғұрыптан басым болған қоғамның өзіндік ерекшелігі болды. Осы жағдай түрлі мазхаптардың шығуына әсер етті.

Әрине бүгінге дейін мазхаб немесе мазхаптар туралы көп айтылып та жазылып жүр. Мұны діни білімі-деңгейінің әртүрлі болуына қарап, аңғаруға болады. Әйтседе бұдан 4–5 жыл бұрын қазақ халқының діни білімінің деңгей-дәрежесін арттыру үшін Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы көп ізденіп, халықтың діни-наным сенімі туралы

оқулықтардың көптеп жетіспейтіндігі сезілетін. Ал қолдағы бары мен табылғандарының өзін көптеген жерлерінде аударып ашықтау керек болатын. Енді келіп халықтың ілім-білімінің арта бастағандығынан ба? мазхабтар турасында кеңінен талас-тартыстар мен алыпқашпа сұхбаттарға барып жүргендердің санының артып бара жатқандарын құлақтарымызбен естіп, көздерімізбен көріпте жүрміз. Сүттей ұйып, достығы мен татулығының арқасында бірлік-берекесі жарасып отырған елге ойран салып, тыныштығын бұзғысы келетіндердің құйтырқы пыйғылынан басқа не деп түсінуге болады мұны.

Біз қазақтар мазхабымыз ханафи дейміз. Жалпы мазхаб деген не? Мазхабтың дін және ұлт тарихындағы орны не? — деген сияқты сұрақтарды жауаптандырмастан, ақыл-ой таразысына салып, мәніне үңілместен қабылдай саламыз. Қазіргі таңда күн санап дамып жатқан заманда дәстүрлі емес діни, ағымдар мен таным өкілдері, қоғамның діни сауатының төмендігін әсіре пайдаланып, өздерінің сенімі мен діндерін насихаттап жатыр.

Біз мазхабымыздың не екеніне үңіле алмай жүргенде мазхабсыз мазхабтар — салафилер, уахабилер, — өзінің ақидасын (діни сенім жүйесін) жастарымыздың санасына егіп үлгерген. Ал жастар біздікі, ақидасы бөлек, танымы бөтен, іштен шыққан жік болып дәстүрлі емес, ағымдар ат ойнатып отыр. Нәтижеде отбасы, қоғам, мемлекет ішінде идеялық, танымдық, діни, психологиялық жаттану процесі жүріп жатыр. Бұл мәселенің бір жағы.

Мазхаб терминін Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Бас Муфти Әбдісаттар қажы Дербісәлі былай деп түсіндіреді: «Мазхап дегеніміз араб тілінде „баратын жол“ мағынасын береді. Мазхап сөзінің белгілі бір бағытқа жүру мағынасын беру себебі, мұсылмандық үкімдер, ақыреттік мекенге жету жолындағы қатынастарды реттеуді қолға алады. Сондай-ақ, мазхап сөзі „лайықты көзқарас“ деген ұғымды да білдіреді. Терминологияда мазхап деп Ислам дінінің үкімдерінің жүзеге асырылуы мен түсіндірілу барысында, яғни, саяси, сенімдік, құқықтық негіздер бойынша белгілі бір ғұлама (мазхаптың негізін қалаушы) тарапынан берілген үкімдердің жиынтығы айтылады».

Мазхабтың құрушысы Ұлы имам Әбу Ханифа 699 жылы (х.80) Куфада туды. Әке жолымен мата саудасымен айналысты, бір жағынан терең ислами білім алды. Калам, фикх, қырағат салалары бойынша білімін жетілдірді.

Әбу Ханифа сахабалардан дәріс алғандықтан «табиғин» мәртебесінде танылды. Оның Әбу Ханифа лақабы туралы нақты мәлімет жоқ. Ханифа атты ұлы да жоқ. Ибн Хажар ал-Хайсами, ол үнемі қолына дәуіт ұстап жүретіндіктен оған «Әбу Ханифа» делінді дейді. Әбу Ханифа өзінің үкім шығару тәсілін былай түсіндіреді: «Ең бірінші Құраннан үкім көрсем соны аламын. Құраннан таппасам Пайғамбардың хадистері мен сүннеттеріне қараймын. Пайғамбардың сүннеттерінен таппасам, сахабалармен бірлесе отырып ортақ келісімдермен шығарған үкімдерін аламын. Олардың арасында тартыс болған немесе біреулері келісіп, олардың арасынан жөн көргенімді қабылдап, жөн көрмегендерімді теріске шығарамын».

Ұстазы Хаммад бин Әби Сулейман ал-Куфи, алғаш фикх мектебінде «рай» методын ұстанған ғұлама. Әбу Шибли Алкама бин Абдуллаһ ал-Куфи де Ибн Масғұдтың шәкірті, Әбу ханифаның ұстаздарының бірі. Алкама Ибн Масғұдтан басқа, Хз. Омар, Осман, Али, Айша, Салтан ал-Фариси, Әбу-д Дарда, Хузайра, ал-Ашари сияқты сахабалардан хадис жаттаған тұлға. Кейіннен ұстазының орнын басып, мектепте 30 жыл ұстаздық етті. Ирак, Хорасан, Түркістан, Йеман, Арабстаннан келген шәкірттері 4000-нан асатын. Өмірінің 52 жылы Омайадтар, ал 18 жылы да Аббасилер билік құрған тұсқа сай келді. Омайа әулетіне қарсы Аббасилерді жақтады, ал екеуіне қарсы да хз. Али әулетін жақтады. Мысалы, Омайа әулетінің соңғы билеушісі Маруан бин Мұхаммедтің Ирактағы әкімі Йазид бин Омар бин Хубайраның қазылық және қазына басшысы қызметінен бас тартып, зынданға жабылды. Одан шығып Меккеге кетті. Аббасилер билік басына келгенде (759) Мансұр дәуірінде Куфаға қайта оралды. Ол жерде Аббаси әулеті мен Хазіреті Али әулеті арасында тақталаста Хазіреті Аліді жақтағандықтан және қазылықтан бас тартқандықтан зынданға атылды. Ауыр соққы жеп, уланып өлді делінген. Ал кейбір деректерде зынданнан шыққан соң дәріс оқудан, халықпен байланысуға тиым салынып, хижра бойынша 150 (767) жылы үйінде қайтыс болады.

Мазхаптың негізі сахабалар дәуірінен бастап қаланды. Мекке тұрғындары пәтуаны тек Абдулла бин Аббастан (р.а.) сұрайтын. Хазіреті Абдулламен бірге Мекке қаласында өзге-де сахабалар өмір сүрді. Алайда, олардың ешбірі Абдулланың (р.а.) бұл әрекетін қате деп сынаған жоқ, керісінше құптады. Ал, Ирақ халқы Абдулла бин Масудтың (р.а.) пәтуасымен амал ететін. Бұл сахаба да ел тұрғындарына үкім шығарып, пәтуа берді. Ал, Хижаз өлкесінің мұсылмандары Абдулла бин Омардың (р.а.) пәтуасын басшылыққа алатын. Бұл жайт Пайғамбарымыздан кейін халифалар дәуірінде көпшілік сахабалардың көзі тірісіндегі құбылыс. Ешбір ғалым сахаба бұл жағдайды бидғат деп бағаламаған. Демек, мазхаб ұстану бидғат емес, керісінше мазхабтан бас тарту бидғат болып табылады.

Табиғиндер заманында арнайы ғылыми орта құрылып фикһ ғылымымен терең шұғылданатын мектептер әр елде бой көтере бастады. Мектеп негізін құрушы мужтахид ғалым және оның ғұлама шәкірттері ғылыми-зерттеу жұмыстарын ауқымды алып барды. Олар шарифатты шыңдап әмбебап етуді мақсат тұтты. Фикһты қолдану үшін шарифат негіздерін, оның теориясын жасап шықты. Әрине, мұны жазуда Құран және сүннетке сүйенді. Осындай фикһ мектептерінің ішінен ысылып төртеуі шықты. Ғылым мен тақуалықты арқау еткен бұл мазхабтардың өміршеңдігін сыншы уақыттың өзі дәлелдеді. Ғылым мен тақуалық дейтінім, өзінің артынан мұсылмандарды ертуші мужтахидке қойылатын негізгі талап осы екеуі. Ал, төрт мазхабтың тарландары Әбу Ханифа, имам Малик, әш-Шафиғи, Ахмад бин Ханбал дін ғылымында теңдесі жоқ, шоқтығы биік ғұлама болды. Сонымен қатар, тақуалықта алдына жан салмайтын шынайы салих мұсылман еді.

Фикһ – шарифаттың практикалық бөлігі. Шарифат Аллаһ Тағаланың құлдары үшін сенім мен амал тұрғысынан жүзеге асуын талап етіп бекіткен, Құран мен сүннетте көрініс тапқан заңдары мен нормалары. Сенім тұрғысынан жүзеге асуын талап еткен бөлігін кәлам немесе таухид ілімі, ал амал тұрғысынан талап еткен бөлімін фикһ ілімі зерттейді. Осы тұрғыда шарифат пен фикһ ұғымдарының парқын айыра тануымыз қажет:

1. Шарифат деп Аллаһ Тағала тарапынан пайғамбарымыз Мұхаммедке صلی الله علیه وسلم түсірілген дінді жалпы айтады. Шарифат толығымен Аллаһ Тағаланың үкімдері саналса, фикһ мүжтахидтердің шарифаттан түсінген пікірі. Бұл үкімдерді түсінуде және ижтиһад етуде ақыл өз алдына жол ашып тәуелсіздік таныта алмайды, керісінше, ол әрдайым шарифат негіздеріне бағынышты.

2. Шарифат ұғымы дінде ақида, этика және практикалық амалдармен байланысты нормаларды жаппай қамтыса, фикһ ұғымы тек қана практикалық амалдармен байланысты нормаларды білдіреді.

3. Фикһ ұғымы ғұламалардың барлық ижтиһадтарын: дұрысын да қатесін де, ал шарифат ұғымы мүжтахидтердің дұрыс айтқан үкімдерін ғана қамтиды.

4. Шарифат ұғымы фикһ ұғымынан кеңірек. Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімдегі: «Бүгін сендерге діндеріңді кемелдендіріп, сендерді бөлеген нығметімді тәмәмдадым, сондай-ақ сендерге Исламды дін етумен разы болдым», – деген сөзі шарифатты көздейді. Сол себептен шарифат жалпылаушы қағидалар мен негіздерді, ал фикһ мүжтахидтердің Құран мен сүннет мәтіндеріндегі жалпылаушы қағидалардан түсінген үкімдерін білдіреді.

5. Шарифаттың жалпылаушы қағидалары мен тұрақты үкімдері қатеден пәк, мінсіз саналады. Ал фикһ үкімдері ішінде мүжтахидтің түсінігіне сай дұрысы да, қатесі де болуы мүмкін. Дегенмен екі жағдайда да мүжтахид еңбегі үшін сауапқа бөленеді. Аллаһтың Елшісі صلی الله علیه وسلم: «Төреші үкім шығаруда ижтиһад етіп, сосын тура тапса, оған – екі сауап, ал үкім шығаруда ижтиһад етіп, сосын қателесе, оған – бір сауап», – деп айтқан⁵. Бірақ көп жағдайда дұрыс болады. Қандай да бір мәселенің үкімін баяндауда ғұламалар ақиқатты дәл тапса, онда фикһ шарифатқа сай болады. Ал қателесе, ижтиһадтары фикһ ұғымының шеңберінен аса алмайды.

6. Шарифат үкімдерін қай тұрғыдан болсын, ақида, құлшылық, этика, жүріс-тұрыс нормаларын толық ұстану – әр мұсылманға парыз. Ал фикһ мәселесіне келсек, бір мүжтахидке басқа мүжтахидтің ижтиһадын ұстану міндет емес. Сондай-ақ фикһ бір

замандағы не бір елдегі проблемаларды шешуге жарамды болса, басқа бір замандағы не басқа бір елдегі проблемаларды шеше алмауы әбден мүмкін.

Фақиһ немесе муфти дегеніміз – мүжтаһид. Мүжтаһид дегеніміз – Фикһ ғалымдары арасында келісілген (Құран, сүннет, ижмағ және қияс) және даулы (әл-масалих ал-мурсала, садд эз-зараи' және сахаба сөзі) дәлелдерді пайдалануда, сондай-ақ олардан практикалық шариғи үкімдерін шығаруда алғырлық қабілеттілігіне иемденген ғалым, шариғи құқықтанушы.

Фикһ ілімі бірте-бірте пайғамбарымыздың ﷺ және сахабалардың ғасырында пайда бола бастаған. Оның сахабалар арасында пайда болуына адамдардың жаңа оқиғаларға қатысты үкімдерді танып-білу қажеттілігі түрткі болған.

Фикһ ілімі бүгінгі күнге дейін:

- 1) пайғамбар ﷺ кезеңі;
- 2) сахабалар кезеңі;
- 3) табиғиндер кезеңі;
- 4) мүжтаһид имамдардың (фикһ мәзһабтарының) кезеңі;
- 5) өткен ижтиһадтармен шектелу және ижтиһадтың іріктелу кезеңдерін аттап, қазір жаңадан туындаған мәселелердің үкімдерін зерттеуде ижтиһадты жандандыру кезеңіне аяқ басты.

Ислам шариғаты адам өмірін жан-жақты қамтып, әр адамның ана құрсағындағы нәрестелік кезеңінен бастап қабірге қойылу кезеңіне дейінгі өмірін толығымен өз қамқорлығына алған. Шариғат адамзат өмірін барлық жағынан төмендегідей тәртіпте ретке келтірген:

1. Жеке адамның Аллаһ Тағала қатысты міндеттерін бейнелейтін құлшылық үкімдерін бекітті. Бұл үкімдер шариғаттың «Құлшылықтар» атты бөлімінде қарастырылады. Қолдарыңыздағы кітап осы бөлімді зерттейді.

2. Адамның жеке жүріс-тұрысы мен көпшілік арасында ұстанатын этикасын жөнге салатын үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер шариғаттың «Адал және арам» атты бөлімінде қарастырылады.

3. Отбасы жағдайын ретке келтіретін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер некелесу, ажырасу, асырау, бала емізу, мұра қалдыру, мұралану секілді мәселелермен байланысты. Бұл бөлім шариғатта «Отбасы жағдайы» деп аталады.

4. Қоғамдық өмірдегі азаматтық және мал-мүліктік қатынастарды реттейтін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер сауда, қарыз алу, қарыз беру, жалға беру, кепілге беру секілді қатынастармен байланысты. Бұл үкімдерді шариғаттың «Азаматтық немесе мүліктік қатынастар» атты бөлімі зерттейді.

5. Қылмыстар мен олардың жазаларына байланысты үкімдерді бекітті. Бұған: ұрлық, зина, арақ ішу секілді күнәлардың жазалары кіреді. Бұл үкімдерді зерттейтін бөлім шариғатта «Қылмыстар» деп аталады.

6. Мемлекет басшылығы мен халық арасындағы міндеттер мен құқықтарды, сондай-ақ екі арадағы қатынастарды жүйелейтін үкімдерді бекітті. Бұл үкімдер «Үкімет заңдары» деп аталады.

7. Халықаралық қатынастармен байланысты үкімдерді бекітті. Бұларға: бейбітшілік, соғыс, келіссөздер секілді мәселелер кіреді. Бұл үкімдер «Халықаралық қатынастар» деп аталады.

Исламның төрт құбыласын тең қылып тұрған төрт мәзһаб ішіндегі қарға тамырлы қазақтың жүрегі мен табиғатына, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына жақыны, әрі жалпақ даланы желіп өткен бабаларымыздың ықылым заманда-ақ таңдағаны имам, Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы. Негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жұртына кеңінен тараған Ханафи мәзһабы тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай.

Әбу Хайфу мәзһабы өзге діни мектептермен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен, әрі демократиялығымен-де ерекшеленіп тұрады. Біздің жартылай көшпелі

халқымыздың бұл мәзһабты қабылдауының тағы бір себебі – өз дүние танымы, бітімі мен болмысы, жүрегі мен діліне оның тонных ішкі бауындай жақындығында.

Әбу Ханифа салған сара жолдың мазмұны және маңызы өте терең. Ханафи мәзһабын ұстанған адамдар, оның ішінде біздің ата-бабаларымыз да мықты мұсылмандар болғаны тарихтан белгілі. Ислам дінінің кеңінен қанат жайып, ғылымда, өнерде және мәдениетте әлемдік өркениеттің жоғары сатысына жетуіне баға жетпес үлес қосқандар осы мәзһабтың өкілдері десек, қателеспейміз.

Ежелгі кең байтақ қазақ жеріне ата дініміз имам ағзам Әбу Ханифаның мәзһабы арқылы таралды. Мың жыл бұрын Алла тағаланың асыл діні ата-бабамыздың рухани өміріне нұрын шаша бастады. Алтын орда дәуірінде атақты Берке хан қазақ даласының перзенті, Мысыр елін билеген мамлүктердің ұлы қолбасшысы Сұлтан аз-Захир Бейбарыстың уағыздауымен ислам дінін қабылдады. Керей мен Жәнібек хандар мұсылмандығы мен ұлттық салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтайтын еркіндікте өскен қазақ руларын бір тудың астына біріктірді. Тәуке хан билік құрып тұрған кезде үш жүздің маңдай алды ойшылдары – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би қоғамдық пікірлер қалыптастырды. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» сол заманда шарифат қағидаларына негізделген әйгілі «Жеті жарғы» атты заңнамалық жинақ жарыққа шықты. Ата тарихымыз Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы қасиетті Мекке шаһарында қазақ қажылары үшін алғаш рет қонақ үй салып берді деп те сыр шертеді.

Сондықтан, осындай дәйекті деректерге толы тарихымыздың өзі-ақ бізге ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған дәстүрлі дінімізді мықтап ұстауға күш-жігер береді және жарқын болашағымызға көзі ашық, көкірегі ояу мұсылман баласы ретінде зор үмітпен қарауға нық сенім ұялатады.

Орта Азияға Ислам дінінің келуі арқылы, осы жердің данышпандары Хақ діннен нәр алып, білімге деген құштарлықтары арқылы, тек Ислам іліміне ғана емес, әлемдік ғылымға үлестерін қосып адамзаттың тарихында өз орындарын алды.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің фәлсәфа мен логикаға, Ибн Синаның медицинаға, Әл-Бирунидің астрономия, математика және географияға, Әл-Хорезмидің географияға, Әл-Ферғанидің астрономияға қосқан үлестері, ашқан жаналықтары мен жасаған ізденістерінсіз осы ғылымдарды елестету мүмкін емес.

Имам Мухаммад Әл-Бухари, Абу Мансур Әс-Самарканди, Әбу Мансур Әл-Матуриди, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи және олардың көптеген замандастары мен ұрпақтары Орта Азияның ғана емес күллі ислам әлемінің мақтанышына айналды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы заманға сай жұмыстарын үйлестіре жүргізіп, бірқатар мұсылман мемлекеттермен байланыс орнатты. ҚМДБ қарауындағы мешіттердің түгел дерлігі Әбу Ханифа мәзһабы бойынша шарифат ұстанып, соған орай амал етеді. Бұл ел бірлігі мен ынтымағын, достығы мен ұйымшылдығын сақтап, оны одан әрі күшейте түсуге қызмет етеді деген сөз.

Бүгінгі әлем мұсылмандарының 90 пайызын сунниттер құраса, олардың жартысынан көбі Ханафи мәзһабын ұстанады. Ислам дінінің Орта Азия өңіріне және қазақ даласына келгеніне он екі ғасырдан аса уақыт өтті. Әбу Ханифа мәзһабы ислам әлемінде мәзһаб саналып, мұсылмандар мың жылдан астам уақыттан бері өз ұстанымдары бойынша амалдарын жүргізуде. Орта Азия мұсылмандарын ханафи мәзһабы біріктіріп отыр. Ханафи мектебінің қисынды ойға сүйенген ұстанымы, исламдық қағидаттар мен дәстүрлі құндылықтарды үйлестіре білуі осы көп этносты және көп дінді аймақта халықтардың бейбіт өмір сүруіне негіз болды.

Қазіргі таңда Ханафи мәзһабы [Түркия](#), [Пәкістан](#), [Үндістан](#), [Ауғанстан](#) және [Орта Азиядағы](#) түрік мемлекеттерінде, Қазақстанда кеңінен тараған.

Мемлекетіміздің басшысы ХХІ ғасырда еліміз дамуының бағыт-бағдарын айқындап берді. Осы мұрат-мақсаттарға жету жолында бірігіп жасайтын істеріміз, алатын асуларымыз көп. Сондықтан Исламнан рухани өнеге алып, жан-жақты қалыптасқан, еліміздің өркендеуіне ат салысатын ғалымдарымызға мұқтаждық зор.

Ғұлама бабаларымыз, кезінде Исламның және жалпы әлем ғылымдарының дамуына қосқан үлестері қаншалықты құнды болған болса, қазір де осы ғұламалардың абыройына лайық бола алатындай ізін басатын данышпандардың істері қажет.

Имамдарымыз да діни және зайырлы білімді қатар алып жүретін сауатты діни жетекшілер болуы тиіс. ХХІ ғасырдың имамдары діни сауаттылығымен ерекшеленетін, өмір үрдісінен қалмайтын, жасампаздыққа ұмтылатын еліміздің абыройлы, жамағат арасында беделге ие азаматтар болуы керек. Ол үшін имамдар өз жүріс тұрысымен, барлық болмысымен жастарға мұсылманның үлгісін өз тұлғаларымен көрсете алулары керек және осындай жауапкершілікті әрдайым сезінулері тиіс. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде дәстүрлі діннің рөлі ерекше маңызды. Туған елдің мәдениеті мен тарихын, ана тілі мен ата-баба дәстүрлерін құрметтеуге негізделген патриоттық сезімі бар жас ұрпақ елдің лайықты азаматы болуға ұмтылуы тиіс. Сонымен қатар, жастарға бұл патриоттық сезімді қалыптастыруға ақсақалдар, үлкендер және аға буынды ой тоқтатқан азаматтар да ат салысуы қажет. Патриоттық сезім, патриоттық сана отбасында бесіктен басталады, балабақшада, мектепте, университетте жалғасын табады. Отанды сүю – иманнан дейді шынайы мұсылмандар.

Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек. Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз», -деп атап көрсетті.

Біз – Елбасымыз айтқандай, тұғырын нығайтып, түтінін түзу ұшыруға барын салған, асылын ардақтай білетін, бірлігіміз жарасқан халықпыз. Халқымыздың зияткерлік, шығармашылық әлеуеті өте бай. Біздің бірлігіміз бен ынтымақтастығымызға қол сұғуға ешкімге жол бермейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, “Әбу Ханифа және Ханафи Мәзһабы”, Алматы 2011.
2. Дінбасы сайтындағы Муфти Әбдісаттар қажының «Абу Ханифа мәзһабы» туралы мақаласы.
3. «Мазһабиар қалай пайда болған?». Мақала (Абай.kz сайты).
4. Әбсаттар қажы Дербісәлі, “Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа”, Алматы 2009.
5. «Мазһаб— мұсылмандық мәйегі» «Нұр Астана» орталық мешітінің наиб имамы Руслан Қамбаров.
6. «Қазақстан - 2050» Стратегиясынан үзінді.

Болатханова А.Б.
«Дінтану» мамандығы 3 курс студенті
Ғылыми жетекші
Затов Қ.А
ф.ғ. кандидаты, доцент

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Конституцияға сай Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.[3]

Конституция әркімнің ар-ождан бостандығына кепілдік береді, сонымен қатар конфессиялы, этникалық және басқа белгілерге қарай кемсітудің кез келген түрлеріне тыйым салады. Ар-ождан бостандығы, ең алдымен, идеологиялық қадағалаудан бостандық – әркімнің өзіне арнап рухани құндылықтар жүйесін өз бетінше таңдау құқығы. Ар-ождан бостандығы адамның абсолютті құқығы болып табылады және оны шектеуге жол берілмейді. [2]

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған уақыттан бері адамның мүдделері мен еркіндігін, құқығын қорғау бойынша жүйелі саясатын жүргізуде.

Азаматтардың діни сенім бостандығына адамдардың құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету – көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының өмірлік маңызды мүдделерінен саналып, оның демократиялық және құқықтық дамуының маңызды негіздерінің бірі.[1]

Қазақстан өз қызметінде адам құқығы жөніндегі жалпыға танылған халықаралық актілерге сүйенеді. Дін және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласындағы қазақстандық нормативті база жалпыеуропалық және әлемдік демократиялық стандарттарға сәйкес келеді. Көптеген сарапшылардың қорытындысы бойынша, елдің заңнамасы ЕҚЫҰ және басқа бірқатар халықаралық ұйымдардың халықаралық стандарттарының негізіне, сонымен қатар әлемнің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесіне сәйкес келеді.[4]

Барлық қабылданып жатқан заңнамалық іс-шаралар тұрғындар мен сарапшылар арасында қолдау табуға, сондай-ақ жалпы Қазақстандағы адам құқығын қамтамасыз етуде және діни жағдайда жағымды жағынан көрініс табуға.

Елдегі діни сенім бостандығы Заңда орнатылған ережелер және қағидаттарымен кепілдендіріледі.

Заңда діни қызметке бөгет жасау, дінге қатыстылығына байланысты жеке тұлғалардың азаматтық құқығын бұзу немесе олардың діни сезімдеріне тіл тигізу, кез келген діннің сенушілерінің құрметтейтін заттары, құрылыстары және орындарын қорлауына рұқсат етілмейтіні бекітілген.

Мемлекеттің заңнамасына сәйкес, Қазақстанда әркім діни немесе басқа сенімдерді ұстануына, оларды таратуға, діни бірлестіктер қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.

Мемлекет азаматтың дінге қатынасын анықтауына араласпайды. Сонымен қатар, Конституцияда және заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ екендігіне ерекше көңіл бөлінген.

Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар баланың өміріне, денсаулығына қауіп төндірмесе немесе оның құқығын шектемеген жағдайларды қоспағанда, балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге құқылы.

Заңда Қазақстан Республикасының зайырлылық сипатының қағидаттары ашық көрсетілген. Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмесе, мемлекет діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы жалпы адамның гуманистік қажеттілігін ескергенмен, діни өлшемдермен байланысы болмайды. Діни бірлестіктердің актілері Қазақстандағы құқық көзі бола алмайды. Елдің сот жүйесіне де діннің ықпалы жүрмейді.

Елдің Конституциялық зайырлылық қағидатын ескере отырып, мемлекеттік органдар мен мекемелерде діни сипаттағы ғұрыптар, рәсімдер және басқа да іс-шаралар өткізілмейді. Сонымен қатар мемлекет жекелеген діни ғұрыптарды жасауда кейбір қиындықтарды туындататын ұйымдарда діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырғандардың жеке немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша қажет болған жағдайда діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Сотталған адамдарға жеке түрде діни ғұрыптар жасауға және діни әдебиетті қолдануға рұқсат етіледі. Сонымен бірге жаза орындаушы отырған мекеменің ішкі ережесі бұзылмауы тиіс және басқа тұлғалардың құқығына қысым жасалмауы қажет.

Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ережелерін сыйлайды және олардың сол ережелерге сай қызмет етуіне мүмкіндік береді, діни ережелер мен нормаларға сай ұйымдасу және басқару құқығын мойындайды, соның ішінде діни қызметшілерді тағайындауға, сайлауға және шақыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет діни ғұрыптарды орындаумен, діни білім берумен, діни ғимараттар мен заттарды және діни әдебиетті қолдану, қайырымдылық жасау, елдің ішіндегі және шетелдегі бір діндегі адамдармен байланысты орнату және қарым-қатынасты үзбеуде азаматтар мен діни бірлестіктердің құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидаты діни бірлестіктер мен діни сенушілерді қоғам өмірінен бөліп тастауды білдірмейді. Мемлекет діни бірлестіктермен әлеуметтік пайдалы қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық қызметте ынтымақтастық қатынас орнатады. Діни бірлестіктер маскүнемдік, нашакорлық, қылмыстың алдын алу шараларын, салауатты өмір салтын қалыптастыру, отбасының беріктігін, қоғамда жоғары рухани және адамгершілік жағдайын туғызу, азаматтық бейбітшілік және рухани келісімді нығайту сияқты мәселелерді шешуге қатысады. Ірі діни орталықтар мен бірлестіктер жетекшілері Қазақстанның республикалық және шағын халықтар ассамблеясының, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссиясының, Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар жанындағы діни бірлестіктермен байланыс орнату кеңесінің құрамына енеді.

Құқықтың алаңда діни бірлестіктердің еркіндігіне жағдай жасалған. Діни бірлестіктердің құқықтық теңдігі сақталады. Заң діндерді кіші және ірі топтарға бөлмейді және ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті болып орнатылмайды.

Заңнама діни бірлестіктерге діни ғибадат, діни ғұрыптар, рәсімдер және діни ғимараттарда және соларға бөлінген территориядағы ғибадат үйлерінде жиналыс жасауға, қажылық орындарында, діни бірлестіктер мекемелерінде, зираттар мен крематорийлерде, сондай-ақ азаматтардың пәтерлері мен үйлерінде бөгетсіз жүргізуге құқық береді.

Қазіргі уақытта діни дәстүрлердің, діни ғимараттардың – мешіттер, храмдардың, ғибадатханалардың құрылысы, сонымен қатар жаңа діни-ағартушылық орталықтар, діни бұқаралық ақпарат құралдарының жаңғыруы белсенді түрде жүргізілуде. Сонымен қатар тұрғындардың діни құндылықтарға қызығушылығының артуы – Қазақстанда өмір сүретін этностардың дәстүрлі мәдениетінің жандануының маңызды аспектілерінің бірі. [6]

Мемлекет тарихи-мәдени құндылықтарға ие діни орындарының сақталуына қолдау көрсетеді.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жауапты орталық және жергілікті мемлекеттік органдар қызмет атқарады.

Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев елде дін істері және азаматтық қоғам министрлігін құруға қаулы етті. Жаңа министрлікке мәдениет және спорт министрлігінен – діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету, мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы салаларындағы; білім

және ғылым министрлігінен – жастар саясаты саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілмек. Дін істері және азаматтық қоғам министр болып Нұрлан Ермекбаев тағайындалды. 2016 жылдың күзінде құрылған бұл министрлік өз жұмысына кірісіп те кетті.

Дін істері комитеті (одан ары Комитет) Қазақстандағы конфессияаралық келісім саласында, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктермен өзара әрекетті қамтамасыз етудегі мемлекеттік жетекшілікті жүзеге асыратын негізгі институт болып табылады.

«Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ (әрі қарай – ҒЗТО) 2007 жылы 30 қаңтарда құрылды.

Орталықтың мақсаты дін мәселелері жөнінде мемлекет органдарының қызметіне ғылыми-әдіснамалық және ақпараттық-талдау жұмыстары бойынша қолдау көрсету болып табылады.

Қазақстандағы діни ахуалдың даму үдерістерін талдау бойынша зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, мемлекеттік органдардың қызметін, ұйымдар мен азаматтарды мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы ақпараттық-талдау және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, дінтану сараптамасын жүргізу Орталық қызметінің басты міндеті болып табылады.

«Мәдениеттер мен діндердің халықаралақ орталығы» РММ (әріқарай - МДХО) 2006 жылы Астана қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер 2 Съезінде айтылған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2008 жылы 28 тамызда құрылды. [3]

Қазақстан Республикасының және оның Көшбасшысы – Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың дінаралық және конфессияаралық келісім саласында жүргізетін саясатына қатысты материалдарды зерттеу және кеңінен тарату, жүйелендіру, кешенді жинау негізінде дін және мәдениет саласында тарихи және әлеуметтік-саяси ақпаратты зерттеу МДХО-ның мақсаты мен міндеті болып табылады.

Облыстардағы, Астана және Алматы қ.к. әкімдіктері жанындағы өңірлік дін істері басқармалары түріндегі жергілікті атқарушы органдар жергілікті деңгейдегі дін саласындағы мемлекеттік саясат пен діни сенім бостандығын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асырады.

Мемлекет пен азаматтар радикализм, экстремизм және терроризмнің барлық түрлеріне бірлесіп қарсы тұру керектігіне ерекше көңіл бөлді.

Осының негізінде дін саласындағы жаңа заң құрастыру туралы шешім қабылданды, бұл заң 2011 жылы қазан айында өз жұмысын бастады.

ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы жаңа заңды қабылдау қажеттілігі тек діни терроризмнің көрініс табу қаупінен ғана туындаған жоқ, сонымен қатар діни қарым-қатынасты реттеудегі қазіргі қажеттіліктерге мемлекет заңын сәйкестендіру болды.

Заң мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасты жетілдіруге, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінді деструктивті мақсаттарда қолдану шарттарының төмендеуіне бағытталды.

Заң қабылданғаннан кейін заңға барлығы 19 қосымша актілер жасалып, қабылданды.

Оның 12-сі өз күшіне енді, олардың ішінде: 4 – Үкімет қаулылары қолданыста; 2 – Үкімет қаулысы (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтерінің үлгісін бекіту туралы, сонымен қатар діни мағынадағы заттардың критерилері мен тізімін бекіту туралы) жақын арада қолданысқа енеді; 5 – Агенттіктің қолданыстағы бұйрықтары, 1 бұйрық (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет тәртібін бекіту туралы) жақын арада қолданысқа енеді.

Үкімет қаулылары:

«Діни бірлестіктермен байланыс Кеңесін құру туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 мамыр №683;

«ҚР Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде №1140;

«Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №888 қаулысы; [16]

«Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 Жылғы 7 ақпандағы №209 Қаулысы;

«Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №137 қаулысы;

«Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесін және оларды іріктеу критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №352 қаулысы.

Агенттіктің бұйрықтары:

1. «Дінтанулық сараптама жасауға сарапшыларды сұрыптау нұсқауларын бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігінің Төрағасының 2012 жылғы 30 қазандағы №112 бұйрығы;

2. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының м.а. 2013 жылғы 23 шілдедегі №34 бұйрығы;

3. «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы №38 бұйрығы;

4. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мемлекеттік қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелерін бекіту туралы» ҚР Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 22 қарашадағы №43 бұйрығы;

5. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігі төрағасының 2014 жылғы 21 ақпандағы №9 бұйрығы;

6. Дін саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 18 наурыздағы №11 бұйрығы.

Құқық бұзу фактысы құқық бұзушыны мемлекет белгіленген заңды байланысқа түсіреді, мұнда мемлекет және оның құзырлы органдары – уәкілетті жақ, ал құқық бұзушы – міндетті жақ болып есептеледі. Екі жақта, яғни уәкілетті және міндетті жақтар да, заңға сәйкес қызмет етеді, заңды жауапкершілік құқық негізінде, дәл осы құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті қамтитын құқық нормаларының нақты санкциялары арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» Заңнамасын бұзған тұлғалар, ҚР заңында бекітілген қылмыстық, әкімшілік немесе басқа да жауапкершілікке тартылады.

Дінге қатыстылығына байланысты нанымы үшін ешкім де жауапкершілікке тартылмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гаджиев К.С. Геополитика. – М., 2012.- С. 268-281.
2. «Қоғам және дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы №4, 2009.
3. Діни ахуал – тез өзгеріп тұратын құбылыс Егемен Қазақстан» Басты мақалалар 08.01.2014
4. Зайырлы мемлекет пен дін арақатынасы 2014 жылдың 30 қазан «Жетісу» газеті №121
5. Н. Назарбаев. Ең бастысы – ел тыныштығы. //Егемен Қазақстан. 7 ақпан 2002
6. Затов Қайрат "Мемлекет және дін" Қазақ университеті
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
8. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы// Егемен Қазақстан, 2011 ж., 14 қазан.

Газимов Нұрлан
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Мейрбаев Б.Б.
филос.ғ.к., доцент

ЖАМАЛАДДИН АҒАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗМ ҮРДІСІ

XIX ғасырдағы ислам модернизациясы исламды ортодоксалды және діни ілімдік түсіндірулерден өзгеше, исламның құндылықтық бағдарын қайта қаруымен сипатталады. Ислами модернизациясы осы мақсатта рухани ағымдарның кеңінен таралуымен де ерекшеленеді. Сондай-ақ исламның негізі болып табылатын Құран-Кәрім мәтінін рационалистік тұрғыдан тұжырымдайды. Бұл бағытқа әлеуметтік-саяси мәселелерді әлеуметтік теңдік пен әділеттілік негізде қарау тән.

Араб халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуы, яғни араб ұлтшылдығы, тілі, діні, ділі ортақ ұлтты бас біріктіруге жұмылдыратын ұйым құруына алып келгені шындық. Араб ұлтшылдары осы аумақты басқару мандатына ие болған Англия мен Франция үстемдігіне қарсы шығып, саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастық үшін түбі бір туыс араб халықтарының шынайы тәуелсіздігі жолында жұмыла әрекет етуді мақсат еткен қадамы болатын. Араб бірлігі мәселесі XIX ғасырдың соңғы ширегінде біртұтас теократиялық мемлекетте бірігу қажеттілігі панисламизм тұжырымдамасында айқындалаған болатын. Бұл тұжырымдаманың негізінде мұсылман әлемінің қоғамдық өміріндегі ислам діннің жетекшілігі рөліне басымдылық беру көрсетілді. «Ислам діні адамдар арасындағы татулық пен адалдық, әділеттілік пен жұмсақтыққа, бірлікке көңіл аударады»[8]. Ислам бірлігі идеясы Жамаладдин әл-Ауғани және Мұхаммед Абдо шығармашылығында дәйекті түрде көрініс тапты. Олар жатжұрттық отарлаушы елдерге қарсы мұсылмандарды біріктіретін бірден бір идеялық негіз ислам діні деп көрсетті. Осы ұыстанымдағы саясаткерлер ұлтшылдық пен діндарлықты арақатынасында діндарлыққа ерекше көңіл аударды.

Жамаладдин Ауғани XIX ғасырдың ұлы ойшылы, дін реформатыры, саяси лидер. Ауғанидің шығармашылығы мен қызметі ислам дүниесінде маңызды орын алып, мұсылмандық Шығыс дүниетанымының дамуының рухани өзегіне айналды. Жамаладдин Ауғани түркі, иран, үнді және ауған халықтарына ортақ ойшыл, бұл халықтардың әрқайсысы ойшылды өздерінікі деп санайды. Ойшылдың тегі ауғандық екендігіне дәлел болады.

Ойшыл реформатор Жамаладдин Ауғанидің дүниетанымы Көне грекия ойшылы Сократ көзқарастарымен ұқсастығын айтуға болады. Ойшылдың дүниетанымы үш қағидаттық негіздерді руханият, діни төзімділік пен ахлақтық тұжырымдарды қамтиды.

Ойшылдың шығармашылығының өзегі руханилықты негізге ала отырып, дүниелік қызықтарға бой алдырмау және жомарттық пен адамгершілік шақыру болып табылады. Бұнда ол ислам дінінің ахлақтық құндылықтарына сүйенеді. «Ислам дінінің ахлағы Құран мен хадисті негізге ала отырып соның белгілеген ережелеріне сүйенеді»[9].

Ойшыл философиядағы дүниенің материалистік тұжырымдарына үзілді-кесілді қарсылығын білдіріп, логикалық тұжырымдарымен материализмнің кертартпалығын көрсетуге тырысты, «Материалистерді терістеу» еңбегі де осы мақсатта жазылған еңбегі болды.

Діни төзімділік мәселесі Жамаладдин Ауғанидің шығармашылығында талданған негізгі мәселе болды. Діннің әлеуметтік қызметтерін талдау барысында да діни төзімділік мәселесін айналып өтпеді. Ойшыл: "Дін көптеген ұлттарды ортаға шығарған және адамзат үшін шынайы бақыттың көзі" -деп жазып, діннің әлеуметтік мәні мен маңызын көрсетті.

Жамаладдин Ауғанидің жоғары яғни діни ахлақ туралы жазған тұжырымдары батыстағы адамдардың жаттануы мәселесіне қайшылығымен батыстан қудалануына негізгі себеп болды. Исламдағы ахлақ қоғам мен адамды тақуалыққа, жауапкершілік пен ынтымаққа тәрбиелейді.

Қандай жағдайда болмасын ойшыл ислам негіздерін ақылға негіздеп түсіндіруден бас тартпаған. Бұған дәлел ретінде батыстық Жабрия мазхабына қарсы келтірген тұжырымдарын алуға болады. Жамаладдин Ауғани қаза мен тағдырға қатысты Жабрия мазхабы мен ислам түсініктері арасындағы қайшылықтарға дінтанушылық талдау жасады. Ойшылдың пікірінше, ислам дініндегі қаза мен тағдыр адамға рухани күш-қуат беретін, үкімдік сипаттағы иманды білдіреді.

Жамаладдин Ауғани діни модернизммен қатар, фундаменталистік көзқарастармен белгілі болды. Мұсылман әлемін басқа елдердің басқыншылық пиғылдарынан құтқару үшін мұсылмандардың бірлігіне қол жеткізу мақсатына бір халифаттың туының астына жиналуын қалағанын. Жамаладдин Ауғани өз заманында ислам әлемінің саяси мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, маңызды саяси тұлға бола алды. Батыстың қол сұғуына қарсылық таныту, ел мен жерін қоғау, дінін сақтау үшін бірлікке шақырды. Батысты жеңу үшін батыстың техникалық дамуының қыр-сырын біліп, ғылыми-техникалық дамуды жүзеге асыру керек екендігін көрсетті.

Ойшыл ислам әлемінің сақталуы мен әрі қарай дамуын жүзеге асыру үшін ислам шарифаттарының бүкіл мұсылман елдеріне қатысты болу мен өзге діндегі елдермен қарым-қатынастың кез-келген түріне шектеу қоюды ұсынды. Жамаладдин Ауғани Аббасидтердің дағдарысқа ұшырау себептерін де ғылыми-зерттеудің тұралап қалуы мен діни тәрбиенің әлсізді және ижтихаттың тоқталып қалуымен түсіндірді.

Ойшыл мұсылмандарды ислам құқықтары мен заңдары арқылы өмір сүруге шықыруы, сенім негізінде болғанымен, ислам елдерінің тәуелсіздігінен айыру дегенді білдірмеді. Яғни оның тұжырымында бауырластық сезімі діни бірлестік дегенді білдірмеді. «Ынтымақтастық жеке адамдар арасында болумен қатар жеке халықтар мен мемлекеттер арасында да болады» [10].

Жамаладдин Ауғани өзінің «Әл-Вуска» атты еңбегінде адам бойындағы ұлтжандылық туралы «Өз ұлты мен халқын сүйу, құрметтеу және қорғау әрбір адамның міндетті» - деп көрсетсе, керісінше отанын, елі мен жеріне сатықындық жасау туралы "Өз отанын, ұлтын, жерін ақшаға сатқан және отанының ішкі сырларын дұшпанға жеткізіп отырған адам нағыз отан сатықыны. Отан - баға жетпес құндылық. Өз отанының дұшпан аяғынның астына тапталып жатқанын көре тұра, еш мән бермеген адам - нағыз сатқын" - деп көрсеткен.

Ойшылдың пікірінше, Батыстың басқыншылық әрекеттері Шығыстың тілі мен мәдениетіне, діні мен ділін жоюға деген әрекеттер. Шығыстағы бауырмалдық, ұлттық тәрбие мен өнегеге қарсы жасалған түрлі тәсілдер мәні жағынан жоғары туратын шығыстық құндылықтарға қарсылық, тарихи сахнадан шығыстық жеңістерді еске түсіретін барлық деректерді жою мен күйрету, тілден айыру арқылы ұлттарды жою мақсатын көздейтіндігін айтады.

Ауғани ұлттың тілінің жойылуымен елдің жоғалатындығын, білімсіз елдің тарихы мен болашағының қараңғылығы, әдебиетінсіз тілдің болмайтындығы жанашырлықпен жазған. Ойшыл қысқа ғұмырын шығыс елдерінің ұлттық бірегейлігі мен мәдениетін, дінін, ғұрпы мен салт-санасын сақтап қолу жолында рухани күрес алаңына айландырыған, сондықтан да оның өмірі қуғын-сүргін мен азапқа толы болды. Ол өзін күрес жолында мықтап шыңдап, өзінің өмірлік мұраттары мен көзқарастарынан ешуақытта бас тартпаған реформатор болды.

Жамаладдин Ауғани есімі қазіргі таңда бүкіл мұсылман әлеміне белгілі. Ол ислам құндылығы мен ақлағын, заңы мен құқығын қайта жаңғырту арқылы дамудағы артта қалушылықты жоюдың бірден бір шешімі екендігін айтты.

Нұрлану философиясының (ишраки, сондай-ақ «иллюминативизм» — сопылық ілімдегі араб-мұсылман философиясының бір бағыты) өкілдерінің бағытымен философия мен діннің үйлесімін табуға бағытталған үдеріс Иранда Сухраурдиден басталып, Ширазиге дейінгі уақытты қамтып, тіпті ислам модернизмінің қалыптасуына рухани негіз болды. Нұрлану философиясының (ишраки) дәстүрі мұсылмандық ойлау жүйесін қалыптастырып, діни модернизмді қалыптастырушы Жамаладдин Ауғани дүниетанымынан көрініс берді.

Жамаладдин Ауғани қалаптастырған модернизм ілімі ислам дінін уақыт талабына сай жаңғыртуды, ислам әлемін дамытуды көздейді.

Ауғани өз көзқарстарын парсы тілінде жазған «Материалистерді (натуралистерді) терістеу» атты еңбегінде жазады. Бұл еңбек полемикалық, көне грек ойшылы Демокрит пен ХІХ ғасыр натурализм өкілі Дарвин іліміне қатысты сыни сипатта жазылған.

Жамаладдин Ауғани – исі мұсылман қауымы мен түркі жұрты әлемінің танымы мен ойлау жүйесіне өзгеріс әкелген ғалами ғұлама. Оның ілімі мұсылман ойшылдарының көркем танымының тамырына нәр, ойына қуат, өнеріне өріс берді. Сондықтан да Ауғаниді мұсылман қоғамының ұлттық идеясының уызын ұйытқан ой мәйегінің иесі, рухани ұстазы ретінде қабылдау – модернизм идеясын мұрат тұтқан қауым үшін өткендерге салауат, ұрпақтарға аманат болып табылады. «Ауғанидің саяси доктринасын жағдайға қарай бейімдеу әдісі бұхара халыққа түсініктік кейіпте, үйлесімді идеалдар негізі бойынша ескі философиямен сәйкес келетін»[11]. Ол мұсылмандық философия дәстүрін батыстық технологиялық жетістіктерімен ұштастырды. Оның модернистік идеясы ХІХ ғасырдағы мұсылман мен түркі әлемінің танымдық және тарихи жадын аударып төңкеріп жаңғыртқан, рухани және ұлттық сана азаттығы бағытын қалыптастырған жадидтік – құбылысты тұлға. Өкінішке орай, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде ислам әлемін қадыми ғұрып пен ұлттық тұйықталудың тылсымынан жол тауып шығарған, Абай арқылы сүзіліп кеп біртұтас алаш идеясының қалыптасуына негіз қалаған жадидтік ғұламалар мен дін, ұлт қайраткерлерінің ілімінен қазіргі қазақ қауымы қалыс қалып келеді. Соның салдарынан ислами ақиқаттың, яғни, «пайғамбардың ақ жолы» бұрмаланып, исі мүсәлімнің тұтас танымы суыртпақтала сөгіліп, түсі оңып жетіп жатыр. Бұл мұсылман баласы қауымының рухани бірлігіне іріткі салатын қатерлі бағытқа, иманды бұзатын жан мен рухтың жәдігөй жәндігіне айналып барады. Жандығығымызды аздыратын мұндай жан жегісінің дертіне бүтіндей ұшырамас үшін көшпелілер қауымының өркениетінің өркені мен жаратушыны, ұлтты тану жолындағы талмалы тұстарды танық танығанымыз абзал. Бұл, Ауғанидің өзі айтқандай өткендерге салауат, ұрпақтарға аманат деңгейіндегі өсиет болмақ.

–Ауғани тек қана араб ұлтының ұлттық мәдениетін зерттеген ғалым-тарихшы ғана емес, шындығына келгенде, одан гөрі жоғары дара данышпан біздің пайымдауымызша, мұқым ислами-түркі, сол арқылы исі адамзаттық ақыл-ой иесі болып табылады. Ол Ресей мен шет елге – шығармаларының дерлігін араб тілінде жазған, шығыс тілдерін жетік меңгерген журналист шығыстанушы, ислами танымның тәфсіріне өзгеріс жасаған фәлсафа хакімі, шығыстанушы, тарихшы, ағартушы, ғылыми пайымдаулары арқылы мәдениет пен әдебиет тарихы, қақында пікір қорытқан ғалами ғұлама, ауған топырағында туған ең ірі ғалым, мұсылмандық жаңа қоғам тарихының негізін қалап, дамытушы, ұлттық тарихты аңыздан ажыратып берген» ғалым ретінде мойындалды. Ол өзінің қаламынан шыққан еңбектерін араб, парсы, француз тілінде жазды.

Құранның ғана емес, адамзат өркениеті мен мұсылмандық гүлденудің себепкері және даналық ілімнің ұйытқысы деп танылған араб тілінде еңбек жазу – тек сол заманда ғана емес, қазірдің өзінде исламият тарихатына қатысты тәмсіл тарата алатын халықаралық, яғни, әлемдік деңгейдегі ой иесіне ғана тән ерекше қабілеттің кепілі болып саналады. Ақындар патшасы атанған Мүтәннаби мен Әл Мағри, «даналық мәйектері» – Әл Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали, Жалаладдин Дауани, тарихшылар – Ибн Фадлан, ибн Батута, Ибн Халдун, Мұхидаддин ибн Араби, ибн Халликан, Йакут әл-Хамауи, ибн ал-Асир, Қажы Халиф, Шамс-аддин Димашки сияқты даналардың мәтібімен арабтың ырғақ пен әуенге бейім қара сөзі арқылы аса көркем әдеби мәнерді игеру, таным жолын таңдауы – Ауғанидің табиғи болмысы мен түйсігінің, ойлау жүйесі мен логикасының, талант пен білім қуатының хакімдік деңгейге көтерілгендігін танытады.

Ал оның сондай бір сеніммен, батылдықпен, қажырлықпен әл-Фараби, Рушди, Ибн Сина, әл-Ғазали сияқты жәдиді ғұламалардың ғұмырын кескен қадыми қасаң қисындарды өзгертіп, жаңаша көзқарас қалыптастыруы – адамзаттың танымдық ойлау жүйесіне, өмір сүру тәсіліне, тіршілік харекетіне әкелген ұлы бетбұрыс еді. Ол мұндай заманауи тәфсірлік

жүйенің қажеттілігін білдірген тұңғыш ой иесі ғана емес, соны жүзеге асырған реформатор. Оның бұл көзқарасы жадидтік-жаңашылдық-реформаторлық бағыт ретінде қанатын кең жайып, ұлы ислам, мұқым түркі дүниесінің рухани оянуына тиянақ қойып, жігерлі серпін, рухани бұлқыныс, имани сенім берді. Ислами ояну дәуірі басталып, Жамаладдин Ауғани мен мысырлық Мұхаммет Абдуһ, кейіннен Әнуар паша мен Ата Түрік, Әлихан Бөкейхан, сияқты ұлттық-ислами саяси күрескерлер, Қажом Насыри, Ғаспаралы, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мінауар қари сияқты ұлттық сыншыл ой иелері мен ағартушыларды парасат сақнасына шығарды.:

Ауғандің діни-ғылыми, тарихи еңбектері жаңа көзқарасы мұсылман үшін аса мүдделі дүниетаным мәселесін көтерді. Ал ондай танымды талдауға кеңестік тоталитарлық қысым саясаты шек қойғандықтан да Ауғанидың көзқарасын талдау арқылы болса да, ашық саралауға тәуекел ете алмайтын.

Ауғани өзінің батыл ойы, батым пікірі, білімін заманға үйлестірудегі сара санасы арқылы – Алланы тану мен «Құран» тәфсірлерін түсіндіру мәселесіндегі ғұлама халиф әл Мумин мен таным ғұламасы Ахмед ибн Ханбалдың тұсында басталып, ХХІ ғасырдың таным таласын тұжырымдай тиянақтады. Оның танымдық ұстанымы « шынайы діни сенімдердіол адам фантазияларынан, ата-бабадан мұра болып қалған салт- дәстүрлерден жоғары қойып, оны нақты дәлелдердің негізінде қалыптасқан деп санады» [12]. Мұқым ислам әлемі мен түркі дүниесінің ұлттық және рухани азаттыққа жетуіне ұйытқы болған оның «исламияттағы жадидтік бағыт», жаратушыны танудағы жаратылыс, кеңістік, уақыт, суық ақыл, парыз, ғибадат, тәфсір қақындағы саналы пайымдаулары мен тұжырымдары исі мүһминдердің ойлау жүйесі мен мінәжатына өзгеріс әкелді. Адам ақылының шарифатпен бірлік тұтастығы және оның фикхпен (заңмен) үйлесімі, тәфсірлерді заманға қарай бейімделуінің шегі мен шетіндігі, сәресі мен ақшам мезетін анықтайтын күн жүйесіне негізделген уақыт өлшемі, шығыс пен батыс, солтүстік пен оңтүстік ендіктері мен бойлықтарындағы мүһминдердің Қағбаға ишараты, ғибадат пен дәстүрдің жігінің ажыратылуы, таным ілімі мен тарих ілімі туралы еңбектері өзінің танымдық, тәлімдік, тәжірибелік маңызын күні бүгін де жойған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О.Амин.Жамаладдин Ауғани.//Қазіргі мұсылман философиясы.- А.Жазушы,2008.-536б.151.б.
2. Х.З.Үлкен.Қазіргі заман мұсылман мирасы.//Қазіргі мұсылман философиясы.- А.Жазушы,2008.-536б.434.б.
3. М.Фахри.Модернизм және бүгінгі үрдістер. //Қазіргі мұсылман философиясы.- А.Жазушы,2008.-536б.353б.
4. Ш.Керім.Жамаладдин Ауғани және Ғ.Қараш//Исламтану және араб филологиясы мәселелері.Халықаралықғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.2009.41б.

Демесбай Талғат Маратұлы

Нұр Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті Университеті Исламтану мамандығы

2 курс студенті

Ғылыми жетекші

Бөрібай Э.С.

ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ МИФОЛОГИЯ ҰҒЫМЫ

Мифология – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. «Миф» сөзінің шығу тегі көне гректің *mythos* - әңгіме, әңгімелесу, аңыз деген ұғымынан тараған. Мифтің латынша аналогы *fabulla*-әңгімелеу, мысал мағынасына саяды.

Қоғам дамуының бастапқы сатыларында қоғамдық сананың формасы мифтер барлық адамзатта болды десек те қателеспейміз. Мифологияда сыртқы дүние мен адам, ой мен сезім,

зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болған. Алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың тіршілік тәжірибесінің қызметтері мифология негізіндегі дүниені тануға, оны өзгертуге ықпал етті [1].

Миф – нақты бір тарихи уақытқа, географиялық кеңістікте, саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тіршілік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген стереотипі [2].

Дж. Вико алғашқы болып миф философиясын ұсынды. Ол миф қиял ойыны ретінде қалыптасады деп санады. XIX ғасырдың ортасынан бастап миф этнографиялық материал ретінде зерттеле бастады. Э. Тайлор «Алғашқы қауымдық мәдениет» кітабында мифтер мен діни нанымдар негізінде анимизм жатыр деп тұжырымдады. Психологиялық мектеп пен оның өкілдері (В.Вунд, З.Фрейд) мифті шығармашылықтың негізінде адамның дүниені қабылдау ерекшеліктерінде, ол бір нәрседен туындаған сенімдері немесе нәрсенің өзіне тән қасиет ретінде қабылдау деп есептейді [3].

Соңғы уақытта мифология ерекше ойлау тегімен байланысты халықтардың өмірінде өшпестей болып қалыптасқан дәуірден үстем, транстарихи саналатын тарихи қоғамдық ойлау формасы болып табылады.

Мифологияның қоғамдық сананың негізгі формасы ретіндегі қасиеттеріне *біріншіден*, миф болмыстың іргелі бастау көздері: табиғатқа тұтастай, халық, ұлт, адамзат және ғарыш өміріне қатысты тақырыптық жалпы маңыздылыққа ие. Мифтегі ең мәнді мәселе «Хаос пен реттілік (ғарыш)» логикалық оппозициясы. *Екіншіден*, мифтегі мәндер өздерін ұстанатындар тарапынан күмән келтірілмейтін, сараптама жасалмайтын бірден бір ақиқат деп ұғынылады. Мифологиялық түсінік « толыққан ақиқат» деп ұғынылып, « өзінің ақиқаттығына күмән тудырмайды»- деп тұжырымдады Шеллинг.

Миф – «абсолютті реалдылық», сараптама жасалған шақта ол өзімен-өзі болудан қалып, беймифке айналады. Мифті қабылдаушылар оның миф екендігін біле тұра оны нақты ақиқат деп санайды. *Үшіншіден*, мифтік форманың өнер туындысы формасынан өзгеріске икемділігі болып табылады. Бір миф кейде сөздік, әрі әлпеттік формада жүзеге асады. Оның үстіне олар әлдебір образдылықпен байланысын не әлсіретіп алады, не одан мүлде ажырап қалады да, дәлелдеуді қажет ететін аулақтанған ұғымдарға айналады [3].

Қоғам уақыт пен кеңістікте өзгеріссіз қала алмайды. Қоғам өзгерген сайын, миф те өзгеріп отырады. Алайда, бұрынғы қоғамның көне түсініктері сарқыншақ түрінде сақталып отырады.

Аталмыш ұғым шығармашылығының бірінші кезеңі - архаикалық ру-тайпалық мифтер. Архаикалық мифтер – ілкі мәдени феномен ретінде айқын басымдыққа ие болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қашанда дін, өнер, ғылым мен философия пайда болғанша адамзат санасының бірден бір формасы саналып келді. Мифология жеке адамдармен олардың қауымдастығының тәлімі мен санасын қалыптастырудың ұйымдастырушы және бекемдеуші әлеуеті болып табылады. Шеллинг бұл дәуірлерде мифология бірден-бір бағдаршам болды деген пікірді алға тартты [4].

Миф – жалғандықты, ойдан шығарылғанды білдірмейді. Бірақ “жалған миф” деген де, “ақиқат миф” деген де болады. Бүгінгі қазақтың танымал мифі – оның Алаштың үш баласынан таралғандығы. Басқа да мифтер бар. Осы мифті абсолютті тарихи айғақ деп есептеуге болмайды. Сондай-ақ оны жалғандыққа шығарудың да жөні жоқ. Өйткені «Қазақтың Алаштың үш баласынан тарағандығы» жөніндегі миф арғы қазақтардың көне руханиятына сүйеніліп, қазақ халқының тарихымен байланысты қалыптасқан мифология.

Миф және мифологиялық деген ұғымдар туралы ғылыми көзқарастың өзі екі түрлі. Біріншісі – мифтерді оны зерттеуге тиіс мифологияны ауыз әдебиеттің бір саласы деп қарау, сол көзқарас негізінде мифологияға әдеби тұрғыдан баға бері. Әдеби тұрғыдан оның қалыптасуы жөнінде көркемдік, тілдік және т.б. үрдістері мен сипаттары жөнінде тұжырым жасау. Белгілі деңгейде бұл дұрыс та болып шығады. Бірақ мұндай зерттеулердің

нәтижелерінің қоғам үшін еш пайдасы болмайтындығын еске салған жөн. Екіншісі – мифті ауыз әдебиеті ауқымынан шығып кететін, өз алдына дербес ғылыми пән деп қарастыру [5].

Этиологиялық мифтердің арасындағы ең көп тарағаны - әлемнің қалай тұтастыққа айналғанын әңгімелеу. Сонымен қатар мифтік сана қарастыратын мәселелер мыналар:

1. Табиғи құбылыстар.
2. Адам өмірі, өлімі.
3. Еңбек ету әрекеті.
4. Ойлау дәрежесі.
5. Алғашқы Құдай мәселесі.

Шеллинг мәдениеттің дифференциялануы арта түскен кезеңде мифология дағдарысқа ұшырап, миф сыни рефлексия тудырып, өзінің өмір сүруіне шек келтірді. Тіпті, Гомердің дәуірінде мифологиялық санада дағдарыс орын алды деп тұжырымдайды. Сонымен бірге, рулық-тайпалық, одақтардың күрделене түсіп, іріленіп, бірігуі кезінде мифология байығып, түбегейлі түрде өзгеріске ұшырады. Бұрынғы рух, әзірейіл және тотемдерден ендігі жерде құдаят және қаһармандық индивидтер үстем түсті. Мифтер *политеистік және монотеистік* діни санамен тығыз байланысқа ие болған.

Политеистік туралы ұғым негіз болған антикалық мифологияны классикалық деп атау қалыптасып, бүкіл Еуропаның ортақ құндылығына айналды. Антикалық мәдениеттің құрамында мифтік тарихи дәстүр еніп, мифтендірілген аңыздар мәнге ие болады. Ондай шығармалардың нысаны ретінде ежелгі тарихи оқиғалар «Иллиада», «Одессея», «Энейда» ал, көне үнділік «Махабхарата» айналды. Мифтендірілген аңыздардың қаһармандары ретінде көбіне құдайдың ұлдары, жарты тәңірлер көрініс берді. Осылайша мифтік шығармашылық антропологияланып және тарихтандырылып, қаһармандық сипатқа ие болды.

Мифология монотеистік діндерде (иудей, Ислам, христиан) белсенді этикалық ренге бөленіп, канондық, апокрифтік, фольклорлық сипат иеленеді [6].

Миф ертедегі адамдар тіршілігінің ажырамас бір бөлігі ретінде ойдан шығарылған қиялда, ғылыми қағида да, символикалық таңба да, діни сенім де емес. Ол – сөз құдіретіне ие болған мәдени тұлғаның тарихы. Мифтік уақыт туралы сөз қозғағанда оның жазусыз мәдениетпен бітсе қалыптасқанын ескеру де керек. Мифтік түсініктерге, болжамдарға, көріпкелдік пен сәуегейлікке арқа сүйеген жазусыз мәдениет өз пиғылын жеке адамның еркінен тыс жағдайда жүзеге асырады. Табиғатты, әсіресе, аспан шырақтарын бақылауды ынталандыра отырып, теориялық танымның өркендеуіне алып келеді. Жазулы ақпарат жоқ кезде миф оның қызметін атқарған, адаммен дүниенің дәнекері болған. Кейін Құдай адамдарға кітап (Зәбур, Таурат, Інжіл, Құран) нәзіл еткен соң, мифтік дүниетанымды дін мен философия ығыстырды.

Ислам дініндегі миф ұғымы. Ислам дінінің басқа діндерден ерекшелігі әр хабарды (оқиға, хадис, Құран) жеткізушісімен бірге жеткізілуінде. Яғни қасиетті кітабы Құран болсын немесе сол уақыттағы орын алған оқиға болсын міндетті түрде жеткізушісі (рауи) болуында. Сонымен қатар жеткізушілерді ислам ғалымдары егжей-тегжейлі зерттеп, жеткізуші шыншыл болса хабарды сенімді деп, ал егер өтірікші болса хабарды жалған деп баға беру арқылы хабардың рас немесе жалған екендігін анықтайды. Сондықтан да ислам дінінің структурасы сенімді хабарларға негізделіп, жалған хабарлар дәлел ретінде алынбайды.

Миф ұғымының негізгі мағынасы көне гректің *mythos* - әңгіме, аңыз – деген ұғымынан тарағандықтан, исламда бұл ұғым дәлел, дәйектеме ретінде қарастырылмайды. Себебі миф адамдардың табиғаттың белгісіз құбылыстарын, сыртқы күштерді түсінбеулері, батырларды дәріптеу және т.б. себептер нәтижесінде туындаған ертегі, аңыздары болатын.

Жоғарыда атап өткендей адамзатқа шындықты көрсететін дін келуі арқылы мифология түсінігін ығыстырғаны тарихта белгілі. Мысалға қазақ мифологиясында Адам ата мен Хауа ананы табиғат жаратты десе, ислам діні келуі арқылы оларды Алланың жаратқандығын дәлелдеді. Осы секілді бірқатар себептерге байланысты ислам дінінде мифология ұғымы дәлел ретінде пайдаланылмады. Дегенменде әр мәселені екі жақты қарастыру, мәселенің

оңтайлы шешімін шығаруға септігін тигізері анық. Мысалға қазақ мифологиясында ұлттың рухын асқақтатып, патриотизмді күшейту айтылған батырлардың ерлігі тұсында аңыз, әңгімелер бар. Бұл әңгімелер расында халықтың рухын асқақтатары анық және біз оларды ақиқат немесе керісінше деп кесіп айта алмаймыз. Себебі аңыздағы батырлардың шын мәнінде өмір сүруі ғажап емес, сондай-ақ, олардың ерліктері адам қолынан келетін іс деп те айту қиын. Ислам діні осы іспеттес мифологиялық аңыздарды тарихи дерек ретінде қарастырмайды. Ал қазақ қоғамында ұлттың рухын көтеру мақсатында ғана қолданылады десек қателеспейміз.

Мақаланы қорытындылай келе, мифология адамзаттың жауабы жоқ сұрақтарының көбеюіне байланысты пайда болып, өз уақытында кеңінен пайдаланылған аңыз, ертегілер. Кейіннен ислам діні пайда болып, бірі бұл ұғымға антимифологиялық көзқараста болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыроежкин К.Л. Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии – Алматы Дайк-пресс, 2003, 106 б.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы №1 - Алматы Дайк-пресс, 2004, 24-31 б.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы – Алматы Раритет, 2011, 44 б.
4. Грейдина Н.Л., Мельничук А.А. Антиточность – Москва Восток-Запад, 2007, 141 б.
5. Қасқабасов С.А. Бабалар сөзі Қазақ мифтері (100 том) – Астана Фолиант, 2011, 29 б.
6. Мейір Ж., Оразалиев Б. Философия – Астана Фолиант, 2014, 13 б.
7. Рысбеков Ш., Борбасова Қ., Құрманалиева А. Діндер тарихы – Алматы, Қазақ Университеті, 2012, 156 б.

Жанахметова А.А.

«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші

Мейрбаев Б.Б.

филол.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында: *«Бізге, қазақтар үшін ислам – ең әуелі біздің дүниетанымымызды анықтайтын жоғары мұрат пен фактор, толықтай ұмытылу қаупі туындаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың атын тиісінше бағалауға мүмкіндік беретін өз алдына нышан»*, - деп жазды.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті ғасырлар бойы ислам дінімен байланыса дамып келеді. Ислам діні қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі қайнарлардың бірі. Қазақ халқының арғы тегі болып есептелетін көне түркілер исламның қалыптасуы мен көптеген жетістіктеріне өз үлестерін қосты. Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады. Исламның түбегейлі орнығуына VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шығыс Түркістан азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастуы еді. Қазіргі уақыттағы Қазақстан жеріне исламның

таралуы бірнеше ғасырларға созылды. Бастапқыда жаңа дін оңтүстік өңірлерге ене бастады. X ғ. аяғына қарай ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. X ғ. басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғра-хан Харұн Мұса 960ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялайды. Осыдан кейін түркілердің исламдануы күшейе түсті. Сол дәуірдің жылнамашысы Ибн әл-Асирдің мәліметінше 1043 жылға таман Кашғар және Баласағұн мұсылман қалалары болды. Бұл аймақ әр-түрлі діндердің тоғысқан жері болғандығына қарамастан ислам дінін тарату бейбіт түрде жүріп жатты. Ұлы Жібек жолы көпшілік діндер, солардың ішінде христиандық (көпшілігі несториандық пен яковшілер), буддизм, заростризм діндері үшін қолайлы аймақ болды. Далалы өңірде тұратын түркі халқы тәңіршілдікті ұстанды. Тұрғылықты халық арасына ислам еш зорлық-зомбылықсыз бейбіт жолмен таралды. Ислам мәдениеттің дамуына айтарлықтай әсер етті. Орат Азияда ислам ілімі игі істердің жүзеге асуы арқылы нығая түсті. Аймақтың тұрғындары мұсылман қауымының ажырамас бөлшегіне айналды. Ислам құндылықтарының орнығуы халықтың әлемдік діннің гуамнисттік дәстүрлерін қабылдауына өз ықпалын тигізді. Орта Азиялық мұсылман ғылымы мен мәдениетінің дамуына ортағасырлық шығыс мәдениеті тың серпін берді. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари және Мұхаммед Хайдар Дулати атты ұлы ойшылдар ғылым мен философияның көрнекті өкілдеріне айналды. Оңтүстік Қазақстандағы көшпенді түркі халқының арасында исламды таратуда Ясауия тариқатының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи (1166 ж. немесе 1167ж. қайтыс болған) зор үлес қосты. Әмір Темірдің Ясауиге деген құрметінің белгісі ретінде XIV-XV ғғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынды, қазіргі таңда бұл тарихи жәдігер тек Қазақстандағы ірі мұсылмандық сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар, әлемдік озық үлгілердің бірі болып саналады. XIII-XIV ғғ. Исламның таралу ерекшеліктері. XIII ғасырда Орталық Азия мен Қазақстан жерлеріне бағытталған монғол шапқыншылықтары мен олардың дәстүрлі діни сенімдерін ұстанатын тайпаларының (монғол және түркі) қоныстана бастауы салдарынан исламның таралуы біраз уақытқа дейін бәсеңдеді. Осы шапқыншылықтар кезінде көптеген қалалар жойылды, ғылым мен мәдениет орталықтары тоналды, мешіт пен медреселер қиратылды. Махмуд ибн Уәли «Бахр әл-асрар» атты еңбегінде монғол шапқыншылығына дейін аймақта 40 мұнаралы мешіт, 200 шағын мешіттер, 20 ханак (сопылық тұрақ) және 10 медресе болғанын атап айтты. Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттыққа ауқымды зиян келтірілді. Алайда, уақыт өте келе қайта өркендеу басталды. Монғол басқыншылары мен ел билеушілері ислам діні мен түркі тілін қабылдай бастайды. Бұл жағдай ортағасырларда ислам дінінің көшпелі дала өңіріне қайта таралуына кең ықпал етіп, басқа да бұқара халық топтарын өзіне тартуға мүмкіндік берді. Монғол билеушілері өздерінің діни сенімдерін мұсылмандарға күштемей, діни төзімділік танытты. Алтын Орданың ханы Берке (1255-1266) және басқа да хандардың (Өзбек, Түдеменгү) мұсылмандықты қабылдауымен исламның орны нығая түсті. Мысалға, Бату әулетінен шыққан Тоғрылдың ұлы Өзбек ханның (1312-1340 жж.), билік еткен уақытында Алтын Ордада ислам дінінің нығаюының ерекше кезеңі болды. Өзбек хан таққа мұсылмандар басқармасының қолдауымен келді және 1320 жылы Алтын Орданың мемлекеттік діні ислам деп жариялады. Өзбек хан тұсында (1312-1342 жж.) Алтын орданың астанасында 13 мешіт қызмет етіп, ханның өзі күніне 5 рет намаз оқыған. Дін әртүрлі тайпаларды біріктіруші құралдың біріне айналды. Көшпенділер арасына исламды мақсатты түрде тарату басталды. Дін уағызшылары далалы өңірге Орталық Азиядан, Еділ өңірлері мен мұсылман әлемінің басқа да аудандарынан ағыла бастады. Миссионерлер арасында суфийлік бағыттың өкілдері де аз болмады. Сопылықтың нақышбандия мен ясауия тариқаттары билік пен қоғамдық санаға айтарлықтай ықпал еткен, сол себепті билік өкілдері сопылық тариқаттардың жетекшілерімен санасып отырған. Сонымен қатар, сопылар мешіттер мен медреселерді өз иелігінде ұстап, барлық діни рәсімдерге қатысып отырған. Монғол шапқыншылығы кезеңінен соң қазіргі Қазақстан жерінде пайда болған мемлекеттерде (Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан) исламдану үдерісі әртүрлі өтіп жатты. Қарапайым халық арасында ескі сенімдердің (тәңіршілдік, шаманизм) қалдықтары сақталып қалды. Ислам XV ғасырда

Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының ресми идеологиясы болып жарияланды. Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібек хандар тұсында, ислам діні Қазақ хандығының ресми идеологиясына айналды. Қазақ халқының пайда болуынан бастап, исламның енуі жоғары хандық биліктің нығаюына және түрлі қазақ руларының бір этностық қауымдастыққа бірігуіне себеп болды. Қазақ хандығының тұрғындары ханафиттік сүнниттік исламды ұстанды. Ол қазақ мәдениетінің дамуында зор рөлін атқарғанын атап өтпеуге болмайды. Қазақ мемлекеттілігі өзінің пайда болуынан бастап, мұсылмандық құқық нормаларына сүйенген.

Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары (1847 ж. қайтыс болды.) өздерінің шариғатқа жүгінетіндіктерін атап кеткен.

Ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығайуы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірігуіне ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Қазақ хандығының халқы исламның сүнниттік бағытының ханафи мазхабын ұстанды, алайда қоғамдық және жеке өмірде исламның тәңіршілдік пен шаманизмнің элементтерімен өзіне тән синтезі пайда болды.

XV – XX ғғ. басындағы Қазақстандағы Ислам. Қазақ мемлекетінің құрылуындағы исламның рөлі (XV-XVIII вв.). Қазақ мемлекеті өзінің құрылғанынан бастап мұсылмандық құқықтық нормаларына жүгінді. Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары (1847ж. қайтыс болды.) өздерінің шариғатқа жүгінетіндіктерін атап кеткен. Қасым хан мен Есім хан қабылдаған көшпелі мемлекеттің дала заңдарына шариғаттың үлкен әсері болды. Тәуке ханның (шамамен 1718ж. қайтыс болды) «Жеті Жарғы» заңдар кодексын қабылдауы исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды. Осы құжатта көрсетілген әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шариғатқа жүгінген. Бұл заңда мемлекеттің ислам дініне қолдауын мойындайды. Мысалға, «Құдайға тіл тигізген адамның күнәсі жеті куәгер арқылы дәлелденсе, оны тас атып жазалу қажет»; «Егерде біреу христиан дінін қабылдаса, жақындары оның барлық мүліктерін иемденеді». Қазақ хандығында қалыптасқан қоғамның құрылымы заңды түрде бекітілді, мұнда жүз бен руға бөлінбейтін ақсүйектерге басымдылық берілді. Ақсүйектер қатарына Шыңғыс ұрпағынан таралған төрелер мен Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт халифасының ұрпақтарынан таралған деп есептелетін қожалар жатты. «Жеті Жарғы» заңдар жүйесінде қожалардың әлеуметтік дәрежесін ерекшелеу ислам дінінің жоғары әлеуметтік деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, құқықтық нормалардың басым бөлігі дала әдет-ғұрпымен байланысты болды, немесе шариғат пен әдет-ғұрыптың синтезі күйінде болды. Ислам діні дала әдет-ғұрпының басым бөлігін қабылдауына байланысты, әдет-ғұрып пен шариғаттың ара-жігін анық айыру қиын екені белгілі. Мұндай байланысты «Жеті Жарғыдан» байқауға болады. Қазақ қоғамында ислам мен көне халық дәстүрінің арадасып кеткен тұстары кездеседі. Мысалы, ислам сәбилерді атастыру («Бесік құда») салтын ислам жоққа шығармады. Бұл салт бойынша, мұндай құдаласу арқылы туысқан болу уақыт өте келе қайта жаңғыртылады. Ислам «қалың мал» төлеу секілді көне салттарға да икемділік танытты. Аймақтардағы ислам дінінің ықпалының қалыптасуы ескі түсініктердің сақталуы және олармен синтезге түсуі арқылы да жүзеге асып отырды. Діни синкретизм қалыптасты, яғни, ислам дінін ұстануда ескі діни нанымдардағы кейбір түсініктер сақталды, әсіресе анимизм, шамандық, ата-баба рухына сыйыну элементтері сақталып қалды. Осылайша, исламға дейінгі нанымдардың элементтері сақталған дәстүрлі ислам кең жайылды. Діни басшылықтың имам, молда және өзге де ресми құрылымдары қалыптасқанымен, олар баяу дамыды. XVI-XVII ғғ. Қазақстанда исламның жайылуына қазақ халқының орта азиялық халықтары мен Еділ татарларымен тығыз экономикалық, мәдени байланыстары ықпал етті. Ислам дінінің уағыздарын Бұхар, Самарқанд, Ташкент, Хиуа, Түркістаннан келген уағызшылары тарата бастады.

Ислам діні салт-дәстүрлердің рухани өзегіне айнала отырып, қазақ халқына ғылым, білім, діни-танымдық көзқарасты тарту етті. Ислам діні адамдардың не үшін өмір сүріп

жатқандығынан, жақсы-жаман әрекеттері үшін Алланың алдында жауап беретіндігінен хабардар етті.

«Дін құлдырай бастаса, адамның бүкіл руханиаты ауруға ұшырайды, ал егер өркендей түсетін болса, онда мәдени өсуге жол ашылады» Дін дағдарысқа ұшыраған жағдайда, оған іргелес тұрған мәдениет те құлдырап, жойылуға айналады. Дін тарихи-мәдени таным ретінде өркениетке өмір сыйлайды. Олардың бірлескен өзара әрекетінен әлемдік тарихтың мазмұны құрылады. «Мәдениет» пен «өркениет» бастапқы жабайылықтан құтқарады, халықты адамиландырады, басқаша айтқанда, олар адамды түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Араб халқының ұлы тарихшысы Ибн Халдун көшпенді халықтың ислам дінін қабалдауы туралы былай деп жазады: «Құдай түркілерді өз құдіреті арқылы мұсылман әлеміне топтап келіп енетіндей, бұрынғы әдеттерінен арылатындай етті» Халифа Мамун заманында өмір сүрген атақты ғұлама ғалым Әл-Жахиз түркілер туралы былай деп жазады: «Түркі жауынгер ат үстінде ұшыртып ойдан қырға, қырдан ойға құйылып, оңды-солды жауларына оқ атады. Хауариж жауынгері бір оқ атқанша түркі он оқ шығарады. Түркі жауынгерінің маңдайында екі көзі, желкесінде екі көзі бар». Ол кісі тағы да түркілер туралы былай деген: «Мұсылмандықты қабыл еткен түркілер бұрынғысынан да әуақтанып, айдынданып кетті, ал манихей дініне кірген түркілер жүнжіп жоқ болып кетті». «Түркі дүниесі халықтар мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын болып келді. Уақыт өте келе қазіргі түркі дүниесі өзінің мәдени әлеуетін біріктіре әрі дамыта отырып, зерттеушілер тарапынан «түркі-ислам өркениеті» деп аталуы да ықтимал.

Ислам діні – мемлекеттік бірлік пен билікті нығайтушы, адамдарды жақындастарушы, қоғам тамырындағы қан айналымын реттеуші, бауырмалшылық пен ұйымшылдықты уағыздаушы дін.

Ислам діні адамдарды білімділікке, еңбек етуге, сабырлылыққа, қайраттылыққа үндейді. Исламның басты мақсатының бірі – адам баласының ақылын, санасын, ойлау қабілетін қорғау, ұрпақ жалғастыру, айнала қоршаған ортаны (табиғатты) аялау.

Көшпенді қазақтарға ислам мәдениетінің ықпалы орасан зор болды. Атап айтсақ:

1. Өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен адамзат санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, теңдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің қағидаларын үндеді.

2. Әлем кеңістігіндегі Алланың құдіретін танытатын дәлелдеріне назар салуға, Алламен байланыс құруға шақырды. Көшпенді мұсылман қазақ бұл байланысты құлшылық етумен, өз мойнындағы жауапкершіліктерін адал атқару арқылы орындады.

3. Бауырмалшылыққа, сүйіспеншілікке, өзара бір-біріне жәрдемдесуге, ата-анаға деген ерекше құрметке баулыды.

4. Білімді болуға шақырды. Ислам ілімін меңгерген ғұламалар халық арасында ерекше бедел мен ықыласқа ие болды.

Ислам, жоғарыда атап өткеніміздей, білімді қуаттайды. Оны иманның серігі етіп, беделін көтереді. Сондай-ақ ғалымдарды ардақтауды бұйырады.

Көшпенді түркі халықтары арасында исламның таралуына Қ.А.Йасауи өте зор ықпал жасады. Ол сауатты әрі талантты ақын еді. Ол хикметтерімен Алланы ұлықтады. Йасауидің хикметтері мұсылмандық дүниетанымды қалыптастыруға зор әсер етті.

Тәуелсіз Қазақстандағы Ислам. Тәуелсіз Қазақстан тарихына жүгінсек исламдық институттардың ықпалының артқанын байқамыз. Соңғы жылдардың тәжірибесі исламның қоғамдағы руханилықты қолдап, дамуға қуатты жасампаз ықпалын тигізетінін дәлелдейді. Зорлықты қабылдамау, сондай-ақ нәсілдік және ұлттық төзбеушіліктен бас тартатын Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ілімінің бейбітшіл мәні еліміздегі тұрақтылықты сақтап, одан әрі нығайтуға жағымды әсерін тигізеді. Өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында Қазақстан Республикасының Президенті былай деп жазады: «Біз, қазақтар үшін ислам – біздің дүниетанымызды анықтайтын ең алдымен жоғары идеал мен факторы, бұрындары ұмытылып кете жаздаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың рухына деген тиісінше баға берудің Рәмізі іспеттес». Тәуелсіз Қазақстандағы ислам ықпалды

қоғамдық күшке айналды. Мұсылман бірлестіктерінің саны қарқынды түрде өсуде. Егер 1991 ж. олардың саны тек 68 болса, 2000 жылдар басында 1652-ге жетті, ал 2011ж. 1-қантарында 2756-ға көтерілді. Елімізде жаңа мешіттер салынууда. 2011 ж. басында 2416 мұсылман ғимараттары қызмет атқаруда. 2005 ж. 22 науырызында Астанада Президент Нұрсұлтан Назарбаевтің қатысуымен еліміздегі ең ірі мешіттердің бірі «Нұр-Астана» мешіті ашылды. Мешіттің салтанатты ашылуында сөз сөйлеген Елбасы: «Жаңа мешіт Қазақстанның жас астанасының нағыз рухани және діни орталығына айналады, ал оның өз сұлулығымен ерекшеленетін ғимараты қаланың сәулеттік келбетін көркемдей түсіп, оны қайталанбастай етеді... Діни ғимаратпен танысқан қала қонақтары Астана туралы қазіргі замандағы ең үлкен діндердің бірі исламды ұстанатын мемлекеттің астанасы деген ой қалыптастырады»- деді. Ол Астанамыздың сол жағалауын көркейткен Ислам мәдени орталығы құрамына енді. Мешіт күніне бес мың адамды қабылдай алады. Айналасында биіктігі 62 метр төрт мұнарасы бар ғимаратты алюминий және алтынмен қапталған 21 күмбез безендіріп тұр. Бас күмбездің биіктігі 43 метр. Алматыда «Нұр-Мұбарак» Қазақстан-Мысыр Ислам университеті ашылды. Жыл сайын жаңа медреселер пайда болуда. Дін ұстанушылар саны күннен-күнге өсуде, олардың арасында жастар көп. Орташа және жоғарғы діни білім алатын адамдар саны көбеюде. Меккеге қажылыққа баратын қазақстандақтар саны өсуде. 2001 ж. қажылыққа 228 адам аттанса, 2007 ж. желтоқсанында 4300 қажылар ұзақ жолға шықты. 2006 жылдан Қазақстанда мұсылмандардың мейрамы Құрбан айттың бірінші күні демалыс деп жарияланды. Қазақстан 50-ден астам мұсылман мемлекеттерін біріктіретін Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымының мүшесі.

Жарылқасын Ж.С.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Байтенова Н.Ж.
филос. ғ.д., профессор

ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ЕРІК ПЕН ТАҒДЫР МӘСЕЛЕСІ

Жаратушы алдында пенденің жауапты болуы не болмауы екі тұрғыда қарастырылады. Біріншісі, адамның қалауымен, яғни өз ықтиярымен, екіншісі – пенденің қалауынан тыс болатын әрекеттер. Шарифатта бұны ихтияри (қалауымен) және изтирари (мәжбури) әрекеттер деп атайды. Мәжбури әрекеттерге адам бойындағы дене мүшелерінің жұмыс істеуін айтуға болады. Мысалы, жүректің соғуында, асқазанның ас қорытуында, тыныс алуында адамның ешқандай ықпалы болмайды. Сондықтан адам өз еркінен тыс жүзеге асатын мұндай әрекеттер үшін Алланың алдында жауап бермейді. Бірақ, денсаулығына селқос қарап, өзін күтпеген адам онысына жауапты болмақ.

Ал, адамның ерік-жігері мен қалауы арқылы болатын ісәрекеттерге келсек, оларға: отыру, тұру, бару, келу, ұру, соғу, құлшылық ету, етпеу секілді т.б. көптеген амалдар жатады. Мұндай саналы әрекеттері үшін пенде не мол сауапқа кенеледі, не мол күнә арқалайды. Демек, пенденің ерік-жігеріндегі бұл істер оның өз қалауымен болады. Оны мұндай іске ешкім мәжбүр етпейді. Пенде бір істі қалап, соны жасамақ болып ұмтылса, Алла оның қалауына сай сол ісін жаратады. Бұл да Алланың тағдыры мен қазасына сай болады. Адамды Алла ерікті, таңдау мен қалау иесі етіп жаратқандықтан ол өз қалауы бойынша әрекет ете алады. Халал не харам амалдарды да өз қалауымен жасайды. Әрине, ақ пен қараны өз еркімен таңдағандықтан, сол таңдау еркінің ақысы үшін жауапқа тартылады. Егер адамда таңдау мен қалау еркі болмаған жағдайда, ол ақыретте жауапқа тартылмас еді. Пенде тек таңдау мен қалау еркіне ие, ал оның қалауына қатысты істі жарату – Алланың құзіретіндегі жайт. Яғни, пенденің жасамақ болған ісі Алла Тағаланың құдіретімен жаратылады. Сөйтіп, пенденің өз ерік-жігерімен, қалауымен жасаған әрбір ісі үшін ақыретте жауапқа тартылады. Жоғарыда Алла барлық мақлұқат атаулының жаратушысы болғандықтан адамның да ісін

жаратады дедік. Дегенмен, Алла біздің қалаған, таңдаған ісімізді жаратқанымен, оларды іске асыруға міндетті емес. Алла бұл мәселені табиғат әлеміндегі қалыпты үйлесімділік іспетті өз заңдылығы бар етіп жасап қойған. Яғни, адамның жүріп-тұруы, ішіп-жеуі табиғаттың тарту еткен сыйы секілді көрінеді. Негізінде, тіршілікті де пенденің қалауына сай етіп жаратқан бір Алла екенін естен шығармайық. Адамның таңдау ерік-қалауының бар екендігіне дәлел ретінде төмендегі аяттарды келтіруге болады: «Расында, оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкіршілік қылсын, мейлі қарсы келсін»; «Оған екі жол көрсетпедік пе?»; «Әркім істеген ісі үшін жауап береді»; «Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал, кім жамандық істесе өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық етуші емес». Ислам сенімі бойынша, пенде жасамақ болған ісін нысанаға алып, жүрегімен қалаған сәтте оны Алла іске асырады. Яғни, құл – қалаушы, Алла – жаратушы деген сөз. Сондықтан пенденің «мен бұл істі өзім істедім, бәріне өз ерік-жігерім арқылы жеттім, өзім жасадым» дегені – үлкен қателік. Себебі, адамның қалауын Алла жаратпаса, ол ойға алған ісін қайтіп жүзеге асырмақ? Сондықтан біз (әһли сүннет сенімі), Алланың бүкіл мақлұқатты жаратқаны іспетті, пенденің ісін де жаратушы деп білеміз. Бұған мына аяттарды дәлел ретінде келтіруге болады: «Алла барлық нәрсенің жаратушысы»; «Алла сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты». Исламдағы пенденің қалау еркі жайлы мәзһабтардың пікірлері де әрқалай. Мысалы, Жәбрия мәзһабы бойынша, адамда қалау, таңдау еркі жоқ. Олардың пайымдары бойынша, пенде бейне бір программаланған робот секілді маңдайына жазылғанды ғана жасайды. Ал, Муғтазила мәзһабын ұстанушылар: «Пенде барлық ісін өзі жасайды. Алланың бұған ешқандай қатысы жоқ. Яғни, пендеде маңдайына жазулы тағдыр болмайды, ол өз тағдырын өзі жасайды. Егер оның тағдыры болатын болса, ол о дүниеде істеген ісін тағдырға тапсырып, Аллаға кінә артатын болады», – деп санайды. Біздер, әлбетте, бұл пікірлерге қосылмаймыз. Себебі, жоғарыда бірнеше мәрте тәптіштеп айтқанымыздай, пенденің ең алдымен жузи ирадасы (белгілі бір қалау еркі) бар. Адам осы жузи ирада, яғни таңдау еркі арқылы қандай да бір істі қалауға құқылы. Айталық, арақ ішіп күнә істеу немесе мұқтажға көмек беру арқылы жақсылық жасау пенденің қалауы және таңдауы арқылы жүзеге асады. Осы амалды жасау барысында оны ешкім мәжбүрлеп, міндеттемейді. Міне, сондықтан пенде осы қалауы үшін ақыретте жауап береді. Себебі, ол осы істі өз еркімен жасап отыр. Бұл жерде Алла пендеге бұл істі мәжбүрлеп істетіп тұрған жоқ, пенде өз қалауымен амалды таңдап, жузи ирадасын (қалау еркіндігін) қолдану арқылы жасауда. Олай болса, пенде Алланың өзіне берген қалау еркіндігі арқылы қандай да бір істі жасауға әрекет етсе, Алла та оған сол істі жасайтын күшті (иститағат) беріп, амалын іске асырады. Сол үшін Құранда: «Алла сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты», – деп анық түрде баян етуде. Тағдыр мен қазаға иман ету – парыз. Бірақ пенде тағдырдың мәнін дұрыс тәпсірлемей, өз пайымымен қорытынды шығарап, сылтауратып жауапкершіліктен құтыла алмайды. Мысалы, «Алла пешенеме осылай жазған екен» деп күнә істеу немесе «Тағдырыма жазылған соң қолымнан келер шара жоқ» деп өзін кінәсіз санау – пенденің осы тұрғыдағы білімінің таяздығынан туындап жатады. Құранда Алла Тағала бізге тағдырға тәуелді болуды емес, жасаған әрбір іс-әрекетімізге жауапты болуды бұйырады. Егер тағдырға бас иіп жүру дініміздегі өте маңызды жайт болса, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол жөнінде бізге, ең болмағанда, бір ғибратты хадис қалдырған болар еді. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) керісінше, ешқашан тағдырды сылтау етпеген. Өзінің бейкүнәлік ерекшелігінен хабардар бола тұра, өмірін күндіз-түні Алла Тағалаға ғибадат етіп, дұға жасаумен өткізген. Дәл сол секілді сахабалар өмірінен де тағдырға налып, құлшылығын тастаған, яки өзге де үмітсіздікке түскендері жайында ешбір мәлімет кездестірмейсіз. Тіпті өмірінде жәннәтпен сүйіншіленген бақытты сахабалар да тағдырды сылтауратып, енді барар жерім жәннәт деп шалқасынан түсіп, бейғам жатпаған.

Алла Тағала жер бетіне келіп-кететін күллі тіршілік атаулының тағдырын әуелде Ләуһу Махфузда жазып қойған. Ләуһу Махфуз негізгі ана кітап болғандықтан Алланың одан басқа «Ләуһу Маху», «Лауһу Исбат» есімді тағдыр кітаптары бар. Міне, осы тағдыр кітаптарында Аллаһ қалағанын өшіріп, қалағанын сол күйінде қалдырады[10]. Сол секілді адам тағдырының өзгеріп, өзгермеуі де – Алланың қалауында. Аятта да бұл жөнінде: «Алла

қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап Оның қасында», – деп ашық айтылған. Демек, Алла қаласа, пендесінің тағдырын немесе қазасын өзгертуі мүмкін. Дегенмен, бұл мәселеде пенденің ниеті мен іс-әрекеті негізгі рөл ойнайтындығын мына хадистен аңғаруға болады. Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құлайын деп тұрған үйдің қасына өткенді жүрісін жылдамдата түседі. Сонда қасындағы сахабалар: «Уа, Алланың Елшісі! Алланың қазасынан қашып барасыз ба?» – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың қазасынан Алланың тағдырына (қадарына) сыйынамын», – деп жауап береді. Омар (р.а.) хижри жыл санауының 18-жылы Шамға бармақ болып сапарға шығады. Жол жүріп келе жатып Сәрғ атты елдімекенге жеткенде Шамда оба ауруының шыққанын естіп, кері қайтпақ болады. Сонда Шам қолбасшысы Әбу Убайда ибн әл-Жәррах (р.а.): «Уа, Мүміндердің әміршісі! Алланың тағдырынан қашпақсыз ба?» – дегенде, Омар (р.а.) оған: «Ей, Әбу Убайда! Өттең, бұл сөзді сенен басқа жан айтқанда ғой! Иә, Алланың тағдырынан қайтып, Алланың тағдырына қашып барамыз. Тағдырға не жазылғанын бір Алла біледі. Мәселен, сенің жайылымға шыққан түйелерің, бір жағы тақыр, оттығы жұтаң, бір жағы шалғынды сайға түсті делік. Сен түйелеріңді шалғынды, шайырлы жотаға жайып тойдырсаң да немесе тақыр, шөпсіз жотаға жайып, аш қалдырсаң да – Алланың тағдырына сәйкес әрекет еткен болмайсың ба!», – деп қисынды жауап береді. Пайғамбар сахабасы Омар тағдырдың өзгеруі үшін Аллаға үнемі дұға еткендігі белгілі. Ардақты сахаба былай деп дұға ететін: «Алла Тағалам! Егер есімімді шакилардың (жамандар, тозақтықтар) арасында жазған болсаң, атымды ол жерден өшір. Егер саидтардың (бақыттылар, жәннәттықтар) арасында жазған болсаң сол жерде берік қыл. Өйткені, Сен: «Алла қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап (Уммул Китаб) Оның қасында», – деп айттың. Сенің бұл сөзің – хақ».

Ерік, тағдыр адам тіршілігінің маңызды, мәнді экзистенциалдық ұғымдары болып саналып келеді. Таңдау еркіндігі арқылы әрекеттене отырып, адам тәжірибесін байытады, өзін көрсету мүмкіндігіне ие болады. Олар өз еркімен әрекет етіп, ойлай алатын мүмкіндіктен тұрады. Еркіндік үшін алғышарт қажет, адам өз әрекетінде еркін, соңғы нәтижесінде қажеттіліктен тәуелді. Қазіргі таңда саяси және рухани өмірдің орталығында жауапкершілік, ерік тағдыр мәселесі болып табылады.

Ерік өз тілегенінді алдына қойған мақсатыңды жүзеге асыру, саналы ұмтылыс, тілек, талап, билік, мүмкіндік, ал «еркіндік дегеніміз – ерікті күй». Егер еркіндік шындықты адекватты түрде тануда болса, онда адам таным объектісіне тәуелдікте, оның еркін ерігі басылып қалған. Объективті қажеттілікті тани отырып, адам өзін қоршаған табиғи ортаға, әлеуметтік үрдістерге, өз табиғатына әсер етуге қабілетті. Ертеден-ақ ерік табиғаты жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас материалистік және идеалистік көзқарастар қалыптасты.

Кейбір адамдар өзінің алдына көмескі, бұлдыр мақсат қояды да, ой таразына жақсылап салмайды, сөйтіп оны орындай алмай қалады. Ерекше ой жұмысын керек етпейтін жеңіл мақсатты алға қою да адамның еркін енжар, әлсіз етіп жіберуі мүмкін. Сондықтан белгілі ерік күшін талап ететін, тиісті жұмыстар істеу нәтижесінде қол жететін мақсаттарды ғана алға қоюмыз қажет.

Ерік туралы, пешенеге жазылған тағдыр туралы діни көзқарастарға жүгінсек Ирада-и-жузия Аллаһ құлдарына бір нәрсені істеу немесе істемеуде берген қалау және таңдау еркіндігі. Алдын-ала адам жаннатқа немесе тозаққа баратынын білмейді, сондықтан жақсы амалдар жасап, үміттенеді, өз тағдырын алдан-ала білмегені үшін жақсылыққа үміт етіп, құлшылыққа баруы өзі үшін абзал. Құдай тек нұсқаушы, ал орындаушы адам - өз еркі өзінде бір жағдайды өзгерткісі келсе, ол да өз қолында, діни тұрғыда көп нәрсе ниетке байланысты, ниеті түзу адам жолы да ашық.

Қ.Жолдыбайұлының "Имани гүл" атты кітабында: «Ислам дініндегі иман негіздерінің соңғысы – тағдырға иман. Пайғамбардан (с.а.у.) «Иман дегеніміз не?» – деп сұраған уақытта: «Аллаға, періштелеріне, кітаптарына және пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырдың жақсысы мен жаманына иман ету», – деп жауап берген [4, 47 б.].

Этнос танымында адам баласының өмірдегі сәтсіздіктерінің көбі «тағдырға байланысты». Мәселен, тілдегі «тағдырдың жазуы» дегенге келсек, адам баласы өз

өміріндегі қиыншылықтың алдында дәрменсіз. Себебі, оған о баста дүниеге шыр етіп келгенде-ақ оның маңдайына болашақтағы өмірінде не боларын тылсым күш жазып қойған деген діни түсінік бар.

Біз талдаған ақындардың логикалық танымында тағдыр кейде қайғы, қасірет, өкініш, бақытсыздық сәттерімен танылады. Тіпті тағдыр тәлкегінің шеткі нүктесі өмірден түңілу, өмір сүрудің мәнін жоғалту, іштей сары уайымға салыну, пәс күйге түсу жағдайларымен түсініледі. Мұны біз көңілдің кейбір кездерінде жазылған жырлар десек те, қаламгерлердің танымында тағдыр адамға берілген ауыртпалық, тылсым бір күш, уайым ретінде танылып, одан өмірлік құтыла алмай, соған мойынсыну мазмұнында көрінеді.

Қорыта айтқанда, ақындардың тағдыр туралы лирикаларында жоғарыда талданған тағдыр ұғымының мазмұндық деңгейі әр қырынан танылады. Өмірдің мазмұны көбінесе «тағдыр – маңдайдағы жазу, жазмыш» моделіне құрылған.

Адамның ерік бостандығы кейде осы абсолютті жаратушының еркінің ішіне енгізіліп адамда еркіндік мүлде жоқ деген пікірге келсе, кейде осы абсолютті еркіндікпен қатар адамның да өзіне тән шектеулі еркіндігі бар деген пікірлер айтылған. Яғни, діннің шарты бойынша адам баласы өзіне берілген шеңбердің ішінде ғана еркін әрекет алады. Ол шеңберден шығуға тиым салынады. Тіпті адам баласының өзіне белгіленіп берілген шеңберден шығуға оның ақылы да, күші де мүмкіндік бермейді. Берген күннің өзінде ол іс-әрекеті дінге жат қылық болып саналып әр түрлі жазалармен қорқытылады. Адамның күнә жасауы, немесе бір діни шартты орындамауы оның өз еркі бойынша әрекет етуі емес, оның күнәнің алдында, өзінің құмарлық сезімінің алдында әлсіздігінен деп саналады. Олай болса дін күнә болып саналатын істер жолындағы адамның еркіндік құндылық ретінде бағаламайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Маслова В.А. «Концепт Судьбы».- Москва, 1998.
2. Намазбаева А.Ш. «Психология», Алматы, 1998.
3. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл – Алматы; Дәуір, 2012 – 384 б
4. Байтенова Н.Ж., т.б. Дінтану негіздері. – Алматы, 2013 ж.

Зиядасов Д.Е.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Бейсенов Б.Қ.
филос. ғ. д., доцент

ИСЛАМДАҒЫ ТАФСИР ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

Құран Кәрім алғаш түскен күннен бастап бүгінге дейін бастапқы қалпына сызат түсірілмей, тап-таза күйінде сақтала білген жалғыз киелі кітап болып саналады. Бастапқыда Құранды түсіндіру [Мұхаммед](#) пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) [Сүннеті](#) арқылы, яғни оның белгілі бір аяттарға қалай амал еткені, оларды қалай түсіндіргені туралы [хадистермен](#) жүзеге асты. Кейіннен келген ұрпақтар Құранды сахабалардан сұрап үйренді. Одан кейінгі ұрпақтар Құранды сахабалардың көзін көргендерден сұрап үйренетін. Ал енді одан кейінгі ұрпақтар ілімге өз беттерімен ден қойып, барлық жәйтке өз беттерінше тереңнен ой салатын, дәрістер тыңдау арқылы Құранның тылсым дүниесін тануға талпынатын. Құранның мағнасын ашу баяндау – бұл өз алдына жеке ілім саласы болып табылады. Тәпсір (араб тілінде тәфсир) ілімі.Тәпсірдің түбірі «фәсәрә» – баяндау, жаңалық ашу, айқындау және жасырын нәрсені ашу тәрізді мағыналарға саяды[1].

Тәпсірдің терминдік мағынасы. Ғалымдар терминология тұрғысынан тәпсірге қатысты түрлі сипаттама береді. Мәселен, Әл-Хулидің ойынша: «Тәпсір – Аллаһ тағала сөзінің түсіндірмесі» немесе «Тәпсір – Құран сөздерінің және мағынасының түсіндірмесі»

болып табылады [2]. Басқа бір ғалымның ойынша: «Тәпсір – адамның білімі мен арапшаға жетіктігі арқылы Құран мәтінінің мағынасын түсіндіретін ілім» болып табылады [3].

Ал енді тәпсірдің ғалымдар арасында ең көп қолданылатын мағынасы мынадай: «Құран Кәрімнің мағынасын табу, Құрандағы мағынасы күрделі және түсінікке ауыр келетін тұстарының түпкі мәнін ашу, нені меңзегенін тауып, түсіндіру болып табылады». Алайда, дәл осындай тәпсірлеу тәсілі тек Құранға ғана қатысты емес, мұндай тәсіл ғылыми, әдеби және философиялық еңбектердің түсіндірмесін жасау мақсатында да қолданылады. Тіл және сөз ілімі білгірлерінің ойынша тәпсір - мағынасы түсінікке ауыр немесе астарлы сөздерді қысқа әрі нұсқа күйде күрмеуін тарқатып түсінікті ету дегенге саяды.

Әл-Бәйумидің ойынша тәпсір – адам баласының шамасы жеткенінше Құран Кәрімдегі Аллаһ тағаланың мақсат-мұратының не екендігін зерттеп-зерделейтін ілім.

Жалпы тәпсірлер «риуаят» және «дираят» болып екіге бөлінеді.

1. *Риуаят тәпсірі* – Сәләфи, Исламның алғашқы ғұламаларының еңбектеріне сүйенген тәпсір. Риуаят тәпсірі кейбір аяттарды түсіндіргенде, алдымен тікелей Құранның басқа аяттарын және Хазіреті Пайғамбарымыз аләйһис-салату уәс-сәләм мен сахабалардың сөздерін дәлелге келтіреді және бұған кейде табиғиндердің сөздерін де жатқызады.

Риуаят тәпсірінің атақтыларының кейбіреулері.

1. Мухаммәд ибн Жәрир әт-Табәри. *Жамиул-баян ан тәулиил-Қуран*.
2. Әбу Ләйс әс-Самарқанди. *Тәфсирул-Қуранил-азим*.
3. Әбу Исхақ әс-Сәләби. *әл-Кәшф уәл-бәян ан тәфсирил-Қуран*.
4. Әбу Мухәммәд әл-Хусәйн әл-Бәғәуи. *Мәалимут-тәнзил*.
5. Ибн Кәсир. *Тәфсирул-Қуранил-азим*.

2. *Дираят тәпсірі* – «рәй» және «макул» тәпсірі деп аталады. Бұлар риуаят тәпсірлермен ғана шектеліп қоймай, тіл, әдебиет, дін, т.б. әр түрлі мағлұматтарға сүйеніп жасалған тәпсірлер. Яғни, өздерінің ой-пікірі арқылы жасалады.

Дираят тәпсірлерінің кейбіреулері:

1. Фахруддин әр-Рази. *Мәфәтихул-ғайб*.
2. әл-Бәйдауи. *Әнуәрут-тәнзил уә әсрәрут-тәуил*.
3. ән-Нәсәфи. *Мәдәрикут-тәнзил уә хақайқут-тәуил*.
4. Әбу Хайән. *әл-Бахрул-мухит*.
5. әл-Алуси. *Рухул-мәани фи тәфсирил-Қуранил-азим*.

Дираят тәпсірі өз арасында екіге бөлінеді:

1. Абсолютті дираят тәпсірі.

2. Шектелген дираят тәпсірі.

1) *Абсолютті дираят тәпсірі*. Қандай да бір бағыт пен ұстанымға, сопылық, философиялық немесе ғылыми көзқарастарды қатаң басшылыққа алмайтын тәпсір түрі.

2) *Шектелген дираят тәпсірі*. Мұндай тәпсір де белгілі бір көзқарастың мәселен, сопылық, философиялық, фикһ, әдеби-қоғамдық пікір мен бағыттың ықпалы күшті байқалатын тәпсір түрі болып табылады. Шектелген дираят тәпсірі өз арасында бірнеше түрге бөлінеді. Енді шектелген дираят тәпсірінің аталған бөлімдерін қысқаша баяндап өтелік:

Сопылық тәпсір. Пайғамбарымыз дүниеден өткеннен кейін Ислам дінінің жеңістер арқылы жайылуы нәтижесінде жаңадан мұсылман болғандардың саны күрт өсті. Осының нәтижесінде мұсылмандардың діни түсінігінде және өмір салтында да айырмашылықтар пайда болды. Жеке адам мен қоғам өмірінде діни таным-түсінікте әралуандылық байқала бастады. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ықпалымен кейбір мұсылмандар арасында ғибадатқа берілу, дүниеден шектелу көріністері пайда болды. Осындай түрлі ағым мен бағыттағы мұсылмандар өзгелерді де өздеріне қарай тартудың ең оңай жолы ретінде Құран тәпсіріне бет бұрды. Осы бағыттағы мұсылмандар Құрандағы көптеген ахлақпен (этика) байланысты ұғымдардың мағынасын түсіндіруге күш салды. Осылайша, Құран сөздерінің тәпсірінде бірқатарын «захири» (сыртқы, формалық) енді бірқатарын «батыни» (ішкі) деп екіге бөліп қарастыратын түсіндірме пайда болды [4].

Тасаууыф ілімі теориялық және тәжірибелік болып екіге бөлінеді. Осы екі ағымның таным-түсінігі аясында екі түрлі сопылық тәпсір пайда болды:

1. Теориялық сопылық тәпсір– Құранды муфәссирдің зерттеулері мен философиялық көзқарастарына негіздей отырып оның мағынасын өз қалауларына қарай түсіндіретін тәпсір түрі.

2. Ишари (нышан) сопылық тәпсір – сыртқы мағынамен үйлесімді болып, сопылардың ғана біле алатын аяттардың мағыналарына негізделген тәпсір. Мұндай тәпсірде теориялық сопылық тәпсірдегідей муфәссирдің өзіндік пікірі мен үкімі болмайды. Муфәссир ішкі дүниесіндегі шабыт арқылы Құран аяттарының мән-мағынасын ашуға күш салады. Олар жүректе пайда болған білімді астарлы тәсілмен ишарат арқылы жеткізеді. Сондықтан да, өздері жасаған тәпсірді тәпсір деп емес, ишарат деп атайды. Жалпы тасаууыфтық тәпсірлер көбіне «ишарат тәпсірі» деп те аталады. *Басқалай айтқанда мұндай тәпсір алғашқыда ойға келмегенімен, тәфәккур (кең, терең және жүелі түрде ойлау) арқылы аяттардың ишаратынан жүректе пайда болған мағыналарды қамтитын тәпсір болып табылады.*

Философиялық тәпсір. Ислам әлемінде философияның кеңінен тарап, дамуы нәтижесінде ақидамен байланысты мәселелерді философиялық пікірлермен түсіндіру ұмтылыстары пайда болды. Осының нәтижесінде Құран аяттарын философиялық терминологиямен тәпсірлеген еңбектер шығып, философиялық тәпсір деп аталатын түсінік қалыптасты. Дегенмен, бұл бағыттағы тәпсіршілер Құранды түгел қамтитын толық мағынада тәпсір жасамаған. Көп ретте философиялық пікірталасқа арқау бола алатын жекелеген аяттардың ғана тәпсірі жасалды. Осындай еңбектерге мысал ретінде бірінші кезекте атақты мұсылман философы Әл-Киндидің еңбектерін атауға болады[5].

Фикһ тәпсірі. Фикһ тәпсірі Құран Кәрімдегі амал, ғибадат пен муамалат мәселелерін қарастырып, осы мәселелерге қатысты аяттарды түсіндіре отырып, құқықтық үкімдер шығаратын тәпсір бағыты болып табылады. Мұндай тәпсірдің мақсаты – Ислам құқығының басты қайнар көзі саналатын Құрандағы амал етуге қатысты үкімдер мен қағидаларды айқындап, оларды түсіндіреді. Сонымен қатар, құқықтық үкімдердің қалай жүзеге асырылатынын анықтап көрсетіп, адамдардың екі дүниеде де бақытқа жетуін қамтамасыз ету болып табылады. Фикһ тәпсірі Құранның түсе бастаған кезінен басталды. Жалпы Құран тәпсірлерінде белгілі бір деңгейде құқықтық үкімдер қарастырылады. Дегенмен, Құранның тек осы қырына ғана басымдық танытқан арнайы фикһ тәпсірлері жазылған. Мұндай тәпсірлер көбіне «*Ахкамұл Құран*», «*Фыкхул-Құран*», «*Тәфсирул-Аятул-Ахкам*» деп аталады. **Ғылыми тәпсір.** Ғылыми тәпсірлерде Құранның барлық ғылым салаларын түгел қамтитындығы басты идея, негізгі тұжырым болып табылады. Осы бағытты ұстанған тәпсіршілердің ойынша Құран ақида мәселерімен қоса түрлі ғылым салалары үшін де жолбасшы болатын басты қайнар бұлақ. Құранды тек діни ілімдермен ғана шектемей оның жаратылыстану ғылымдары үшін де қайнар көз екендігін алға тарта отырып, адамдарды Құран негізінде ғылымға ынталандыру бүгінгі күні пайда болған құбылыс емес. Исламның алғашқы дәуірлерінен бастап-ақ осы бағытты жақтаушылар үнемі болды және осы тақырыпта түрлі еңбектер, кітап және тәпсірлер жазылды[5]. Қай дәуір болмасын, қандай аймақ болмасын кез-келген ағымның жақтаушыларының болуымен қатар қарсыластары да болатыны заңдылық. Ғылыми тәпсір бағытын алғашқы дәуірде де, кейінгі кезеңдерде құптамайтындар, тіптен сынға алғандар болып келді.

Әдеби-қоғамдық бағыттағы тәпсір. Қоғамдық тәпсір кейінгі ғасырларда жаңашылдықты бетке ұстайтын бағыт ретінде пайда болды. Бұл бағыттың басты ерекшелігі – әлеуметтік мәселелерге басымдық танытып, адамдардың тура жолды табу мәселесіне баса назар аударылады. Жалпы Құран қоғам үшін түсірілген кітап. Сондықтан, барша қоғамдық мәселелер Құран аяттары негізінде өз шешімін табуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда тәпсірдің негізгі тақырыбы – адам, адамның тура жолға түсуі және қоғамның өзекті мәселелері.

Құранда адамның әлеуметтік болмысы, отбасылық жағдайы, үйлену және ажырасу мәселелері, көмекке зәру жандарға көмектесу, мирас пен жеке мүлікке ие болу, мемлекеттер

арасындағы қатынас, басқару нысаны және тәсілдері, соғыс пен бейбітшілік және басқа да көптеген қоғамдық-әлеуметтік тақырыптар айтылады[5].

Әдеби тәпсір. Әдеби тәпсірде Құранның, мазмұндық тереңдігі, құндылықтары, ғайыптан хабар беруі, үнемі өзінің әсерлі жандылығын сақтап тұруы, ардақты Пайғамбарымыздың қалауына қарай емес, Хақ тағаланың мұратына қарай түсірілуі сынды мәселелерге баса назар аударылады. Сонымен қатар, Құранның тілі мен методологиясы, түсу себептері, кітап ретінде жинақталуы, жаратылыстану ғылымдарымен қатынасы да қарастырылады. Құранның ижазын яғни, аз сөзбен көптеген мағыналарды қамтитын сөз шеберлігін де осыған қосуға болады. Құранның ижазына баса назар аударатындар көбінесе оның, тілі мен тәсілдеріне басымдық берген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. [Резван Е. А. Тафсир аль-Кур'ан](#)// Ислам: энциклопедический словарь/ отв. ред. [С. М. Прозоров](#).— М.: [Наука](#), ГРВЛ, 1991.
2. [Али-заде, А. А.](#) Тафсир: Исламский энциклопедический словарь.— М.: [Ансар](#), 2007.
3. Тәпсір түрлері // www.akikat.kz
4. Серікбай қажы Ораз // Тәпсір тұнығы/аудио кітап// 29 пара
5. Серікбай қажы Ораз // Тәпсір тұнығы/30 пара/Астана, 2015ж.

Исаков Б.А.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Абжалов С.У.
филос.ғ.к., доцент

ИСЛАМ ЖӘНЕ ПСЕВДОИСЛАМ

Ислам діні – әлемдік үш діннің бірі. Алдыңғы пайғамбарлар жеткізген дін белгілі бір ұлтқа тән болса, ал ислам діні барша әлемге жіберілген дін. Ислам – көзқарас, өмір сүру және іс-әрекеттеріміздің құдайы тәртібін қамтамасыз ететін деңгейлі әдеміліктер тізбегі. Ақыл, құлақ, көз, тіл және көңіл арасында шынайы байланыстар жасап Аллаһқа баратын жол – Ислам. Ал бүгінде іс-әрекеттері, ұстанымы асыл дінімізге жат болса да, исламның атын жамылған діни ағымдар көбейді. Сондықтан да ислам мен псевдоисламдық ағымдарды зерттеп, оны жастардың санасына жеткізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ислам – Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген соңғы иләһи дін. Ислам өзінен алдыңғы иләһи шариғаттардың бәрін толықтырушы әрі кәміл дін болғандықтан, Аллаһ исламнан өзге дінді қабыл етпейді: «Күмәнсіз Аллаһтың құзырындағы дін – Ислам» (3.Али Имран-19). [1]

Жалпы тарихи жағынан Ислам VII ғасырда Араб халықтарының алғашқы қауымдық құрылыстан таптық қоғамға өтуі, олардың феодалдық теократиялық мемлекеттерінің Араб халифатына бірігуі кезеңінде пайда болып немесе осы жүйелердің тездеп өтуінің идеологиялық бейнесі болды.

VI-VII ғасырларда Арабия түбегі әртүрлі діни ілімдерге бай болды. Араб жерінде орын алған, Иудаизм және Христиан, зороастризм діни ағымдары, сондай-ақ политеистік көзқарастарды да исламның идеялық көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізді. [2]

Исламның пайда болуы Мұхаммед Пайғамбардың атымен тығыз байланысты. Мұхаммед (с.ғ.с.) 571 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Әкесі – Абдулла, анасы - Әмина болатын. 610 жылы қасиетті рамазан айының Қадір түнінде Құранның алғашқы аяттары Жәбірейіл періште арқылы уахи етіліп, оған пайғамбарлық жолы ашылды. Бұл –

ислам өркениеті мен мәдениетінің бастауы ретінде адамзат тарихының ең маңызды белесі болатын.

Ислам сенімінің негізі – бір Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық ету және бір Аллаһтан ғана көмек сұрау (Тауһид). Ислам – монотеистік таухид діні. «Ислам» араб тілінде «берілу, мойынсұну, бейбітшілік» деген мағыналарды білдіреді. Ислам діні адамзатты тек қана бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, тақуалыққа, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейді.

Ал, "псевдо" деген сөз жалған деген мағынаны береді, яғни дәстүрлі Исламның кейбір қағидаларын басқаша түсініп, бұрмалап, оны өздерінің радикалды идеологияларына айналдырып, дін ішінде дін туындатып жүрген діни ағымдарға тиісті айтылатын ұғым. Осындай діни ағымдарға ең алғашқы пайда болған радикалды топ харижиттер, одан кейін шииттер, уаһһабшылдық, Қазақстанда заңмен тыйым салынған экстремистік ұйымдар: «Мұсылман ағайындар», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Хизб-ут-Тахрир-аль-Ислами», «Халифат сарбаздары», «Әл-Каида», «ДАИШ» секілді тағы да басқалары жатады.

Хз. Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін мұсылмандардың арасында ортаға шыққан алғашқы келіспеушілік халифалықпен байланысты болды. Мухажирлер халифалыққа өздерінің лайықты екендіктерін айтса, ал келесі бір топ халифалық пайғамбар әулетіне тиесілі екенін алға тартты. Бұл келіспеушілік көп ұзамай шешіліп, нәтижесінде Әбу Бәкір алғашқы халиф болып сайланған болатын. Алайда халифалықтың Алиге тиесілі екендігі туралы көзқарас үшінші халиф Османның тұсында қайтадан жаңғырып, бөлінушілікке әкеліп соқты.

Харижиттер – Ислам тарихында ортаға шыққан алғашқы саяси бағыт болып табылады. Харижиттер сөзінің мағынасы араб тілінде «бөлінушілер» дегенді білдіреді. Харижиттер халифа сайлау мұсылмандар үшін парыз емес, яғни мемлекет басшысыз да басқарыла береді дегенді алға тартады. Күнә жасаған мемлекет басшысын дереу төңкеріп тастау керек дейді. Ондай басшыға бағынуға болмайды. Бұл көзқарас ислам қоғамындағы анархияның алғашқы көрінісі еді. Тағы да бұл топ амалды иманның бір бөлігі деп санап, Алланың алдындағы міндетін (құлшылығын) орындамаған, үлкен күнә жасаған адамды мұсылман емес, кәпір деп санады. Мұндай адамдарды өлтіру дін бойынша рұқсат етіледі деп, тарихта белгілі болғандай өз көзқарастарын қабылдамаған қара халықты қырғынға ұшыратқан. Харижиттер осы пікірлерімен ислам сенім жүйесінде жаңа бір арнаны қалыптастырды. Басқаша айтқанда енді саяси қақтығыстардың жанында сенімдік, догматикалық қақтығыстар бой көрсетіп, Құран мен Сүннет бойынша қалыптасқан сенім жүйесі (ақайд) мұсылмандар арасында пікірталас нысанына айналды. Құран және Сүннетте мүлдем көрсетілмеген кейбір мәселелер ислам сенімінің аясында талқыға салынды. Жалпы бұл ағым діннің үкімдерінің сыртқы жүзіне қарап, ішкі терең мәніне бойлай алмағандықтан жаңашылдыққа қарсы болған. Харижиттер өз ішінде бірнеше топқа бөлініп кеткен. Ең бастылары мыналар: Азракиттер, Суфриттер, Ибадие, Неждие және Ажариттер.

Қорыта айтқанда, харижиттер Ислам тарихындағы алғашқы адасқан ағым болып саналады. Олар өздерінен басқа мұсылманды кәпір санап, үлкен күнә жасағанды кәпір, мүшрик деп айыптап, ондайларды өлтіруді, әйел, бала-шағасын құлдыққа алуды халал санап, шарияттың шегінен шыққан.

Шииттер (шиа) – ислам дініндегі екі үлкен бағыттың бірінің аты. Шииттіктің қалыптасуы туралы ғалымдар арасында көптеген пікірлер бар. Исламдағы шиттік бағыт Мұхаммед Пайғамбардың жалғыз мирасқоры төртінші “тақуа халиф” Али мен оның ұрпақтарын ғана мойындайтын мұсылмандардың басын біріктіреді. «Шиа» араб тілінен аударғанда «жақтас», «көмекші», «партия» және «фырқа» (топ) мағыналарын береді. Термин ретінде «шиа» Хз.Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Хз.Әли және ұрпағының имамдық (халифалық) үшін ең лайықты кісілер екенін және мұның қасиетті мәтіндер (Құран және сүннет) арқылы бекітілгеніне сенетін қауымға берілген есім болып табылады. Бұл бағыттың қазіргі таңда ең көп таралған жері Иран Ислам Республикасы болып табылады. Бүкіл шииттер Алидің Мұхаммед Пайғамбардың тарапынан халифа етіп тағайындалғанын

және оның ең ұлы сахаба екендігін бір ауыздан қабылдап мойындайды. Алидің шииттер тарапынан осыншалықты дәріптелуі сол кездегі әлеуметтік-саяси ахуалға тікелей қатысты нәрсе.

Қазіргі таңда шииттік діни ілімді Иран Ислам Республикасының түгеліне жуығы, Ирак халқының жартысына жуығы. Ливан, Йемен және Бахрейннің басым бөлігі ұстанады. Әр түрлі шииттік секталар ислам елдерінің барлық аймақтарда аз не көп мөлшерде бар.

Кең тараған исламдық жіктемелердің біреуіне сай, шииттік 5 үлкен сектаға бөлінеді. Оларға: қайсаниттер, зейдидтер, имамиттер, «шеткі» шииттер және исмаилиттер жатады. [3]

Уаһһабшылдық. Уаһһабшылдықтың негізін салған Мәмбет (Мухаммед) бин Абдул Уаһһаб. Хиджраның 1111 (м.1699) жылы Нәждте Хураймилә мекенінде дүниеге келіп, х.1206 (м.1791) жылы Дарийада қайтыс болды. Бұрын саяхат және сауда үшін Басра, Бағдат, Иран, Үндістан және Шамға барған. Хиджраның 1125 жылы Басрада ағылшын тыңшысы Хемфердің тұзағына түсіп, ағылшындардың Исламды жою мақсатындағы әрекеттеріне құрал болған. Ахмет бин Таймийаның әһли сүннетке қайшы келетін кітаптарын оқып, “Шайх-и Нәжди” деген атпен танымал болған. Оның идеялары ағылшындардың ақшасы мен қарулары арқылы сауатсыз ауылдықтар және Дарийа халқы мен басшылары Мухаммед бин Сауд тарапынан қолдау тапты. Оның пікірін қабылдаған адамдар “Уаххаби” және “Нәжди” деп аталады. [4]

Мұхаммед ибн Абдул Уаһһабтың діни көқарастары «Китабу таухид». «Күмәнді нәрселерді ашу» деген еңбектерде баяндалған. Қазіргі кезде Уаһһаб ілімін ұстанушылар мұсылман елдерінде, батыс Еуропа, Африка, Ресей, Азия елдерінде кездеседі. Қазіргі кезде уаһһабшылдық діни ұстанымнан гөрі, саяси ағымға көбірек келеді. Уаһһабшылдық Мысыр, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш елдерінде де таралған. Мухаммед Абдул Уаһһаб ілімі Сауд Арабиясының ресми идеологиясы болып табылады.

Ислам дініндегі бір парыз амалды орындамаған мұсылманды кәпір деп санайтын Уаһһабтың ұстанымы барлық төрт сүнниттік мазһабтардың діни түсініктеріне қайшы келеді.

Уаһһабшылдық – Құран Кәрім мен Сүннетті негізге алатын, бірақ түсіндірме бергенде қатаң пікір ұстанатын ағым.

Таблиғ жамағаты. Негізін қалаған Мұхаммед Ілияс әл-Кандаһлауи (1885-1944). Үндістанның Кандаһла штатының Саһарнуфур деген елді мекенінде дүниеге келген. Ханафи мазһабының ең үлкен медресесі Диубинте білім алған. Бұл ұйым аз уақыт ішінде көршілес Пәкістан мен Бангладеш елдеріне, қазіргі кезде Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Мысыр, Судан, Ирак Еуропаның бірқатар елдеріне тарап отыр. Ұйымның штаб пәтері Пәкістанның Равинд қаласында орналасқан. Кейбір деректер бойынша ұйым мүшелерінің саны 70-80 млн. шамасында. Таблиғи жамағаттың қызметіне Ресейде, Тәжікстанда, Қырғызстанда тыйым салынған.

Дағуатшылардың діни ілімдік ұстанымдарының мақсаты әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне қарамастан мұсылман қауымын ислам парызын орындатуға шақыру арқылы, исламды рухани тұрғыдан түлету. Таблиғ жамағаты негізінен мұсылман тектес ұлттардың арасында дінді таратуды мақсат етеді. Ілияс әл-Кандаһлауи өз ілімінде амалға және көркем мінезділікке ерекше мән береді. Таблиғ жамағат мүшелері түрлі әлеуметтік топтар қатарынан шыққандар. Олардың пікірінше, жамағат мүшелері – Құран мен сүннет негізінде біріккен мұсылман әлемін ислам қағидаларын бұлжытпай орындауға шақыру үшін түрлі бейбіт әдістерді қолдана отырып әрекет ететін бейсаяси топ. Олар бір топ адам болып, бір елге барып дағуат жасайды. Топтағылардың әрқайсысы өзіне күнделікті қажетін өтейтін ғана заттарын алып жолға шығады. Қарапайымдылық – бұл топ мүшелеріне тән қасиет. Тұрақтайтын мекенжайлары көбіне мешіт, дінді насихаттау жолында үй-үйді, базарлар мен көпшілік жиналатын орындарды аралап, уағыз айтады.

Бұл ағымның дінді таратудағы әдістері бұл ұйымның іс-әрекетін радикалдылыққа ұшыратуы әбден мүмкін.

«Хизб-ут-тахрир» Ислам азаттық партиясы. Ислам дінінің атын жамылған бұл діни ұйымның негізін дін қайраткері Таки ад-Дин Набахани (1909-1979) салған. Ол Палестина

жерін Израил әскерінен азат етуді мақсат етіп, араб әлемін біртұтас халифатқа біріктіруді көздеген еді. Хизб-ут-Тахрир әл-ислами партиясының негізгі күрес ұстанымы:

1. Таскиф (түсіндіру);
2. Тафәул (бірлесіп іс-әрекет ету);
3. Инқилаб (төңкеріс жасау).

Бұл партияның негізгі ұстанымдары:

- Исламға негізделген теократиялық жүйе құру;
- Халифті тағайындауға мұсылман қауымы құқылы;
- Халиф Конституцияны енгізуге және түрлі заңдарды қабылдауға құқылы.

2005 жылы Қазақстан Республикасы бас прокуроры Астана қаласының сотына «Хизб-ут-Тахрир» саяси-дәни партиясын экстремистік деп танып, ел аумағында бұл партияның өызметіне тыйым салу жөнінде өтініш берді. Астана қаласының соты бұл партияның іс-әрекеті экстремистік сипатта екендігі айқындалып, қызметіне тыйым салынды.

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының осы партияға қатысты берілген пәтуасы мынандай:

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының қызметі ислам қағидалары мен ұстанымдарына сәйкеспегендіктен ол мұсылмандар арасына жік салу үшін арнай құрылған партия;

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының үгіт-насихаттық әдебиеті (кітапшалар, парақшалар) исламдық ілімге қайшы болуы себепті пайдаланылмасын;

Барлық мешіттің имамдары жұма намазы кезінде еліміз тұрғындары арасында «Хизб-ут-Тахрир» партиясы насихатының мұсылмандар үшін жат екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүйелі жүргізісін;

Әрбір имам мешіт жамағатымен бірлесе отырып, мұсылмандар арасында өзге ағымдардың, оның ішінде «Хизб-ут-Тахрир» партиясының үгітінің таралуына жол бермесін.

Сондықтан ислам дінінің құндылықтарын және мәдени ұстанымдарын жастардың дүниетанымына ғылыми тұрғыда сабырлықпен сіңіру қажет. Ел тыныштығы мен ынтымағы, ұлтымыздың бірлігі, діни татулық пен діни төзімділік, ұлтаралық татулық басты құндылығымыз. [5]

Ислам дінінің қазіргі таңдағы әлемде қалыптасып келе жатқан бет бейнесі сан алуан, бірақ мұндағы ең маңыздысы да бұл исламның саясилануында емес, керісінше радикалды ұйымдардың өз мақсаттарын іске асыру үшін, идеаларын ислам дінімен ұштастыруында болып отыр. [6]

Сонымен, ислам діні, оның ішінде әһли сунна уәл жамағат ең дұрыс дін. Соған дәлел ретінде Елбасымыз өзінің Жолдауында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын сүнниттерміз», - деген. Ислам діні – туралықты ту етіп, бейбітшілік пен сүйіспеншілікті насихаттайтын Алланың бүкіладамзатқа жіберген соңғы діні.

Әлемдік деңгейде орын алып отырған қазіргі кездегі эстремистік, террористік, радикалды псевдоисламдық ағымдар еліміз үшін өте қауіпті. Қазақстан халқының этносаралық және мәдениетаралық төзімділік дәстүріндегі сабақтастықтың бұзылуына қауіп туғызуы мүмкін. Сол үшін қауіптің алдын алуға бірлесе күресуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтбеков С. Иман негіздері - Алматы; Ислам мәдениеті мен білімін олдау қоры, 2011. - 376 бет.
2. Маймақов Ғ.Қ. Қазіргі заманғы дінтану негіздері: Оқулық. – Алматы, 2012.
3. Байтенова Н.Ж. (құрастырушы), Затов Қ., Рысбекова Ш., Бейсенов Б., Борбасова Қ., Құрманалиева А., Мейрбаев Б. Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2008. – 399 б.
4. Осман Қарабиық. Ислам діні және өзгертілген діндер мен топтар (секталар). – Алматы, – 2011. – 311 б.
5. Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ., Абжалов С.Ө. Исламдағы секталар мен бағыттар: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 110 б.

Исламов Ш. Б.
«Дінтану» мамандығының 4-курс студенті
ғылыми жетекші:
Борбасова Қ.М. филос.ғ. д профессоры

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ САЯСАТЫ

Қазіргі қазақ елі полиэтносты, поликонфессиялы мемлекеттердің бірі болып табылады. Бірқатар ұлыстардың басы қосылған қазақ жерінде мәдениетаралық (этносаралық, конфессияаралық) сұхбаттастықты сақтай алу күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Осы уақытқа дейін Қазақстан әлемдік сахнада өзін тыныштық пен бейбіт өмірдің ареалы ретінде көрсетіп келеді. Оған негіз де жоқ емес. 2003 жылы Елбасының ұсынысымен бастама алған «Дәстүрлі және әлемдік діндер басшыларының» Съезі дінаралық келісімге келіп қана қоймай, адамзат өміріне тағдыршешті мәселелерді біріге отырып шешудің мүмкіндігін дәлелдеп отыр. Дөңгелек столдың басында діни дүниетанымдары әр түрлі дінбасыларының ортақ мәселеде біріге алатындықтарын бүкіл әлем байқады. Қазақстан халықаралық құқық субъектілері арасында алғашқылардың бірі болып әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар лидерлері арасында диалогты ілгерілету ісін бастап, өзіне зор жауапкершілік алды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері 2003 жылғы алғашқы съезде, 2006 жылғы екінші съезде, 2009 жылғы үшінші съезде және 2012 жылғы төртінші съезде халықаралық қауіпсіздікті нығайту проблемалары мен толеранттылық пен пікірлестікке негізделген әлемді құру, түрлі діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестік тақырыбын қозғау, өзара сыйластық пен түсіністікті, оның ішінде дінаралық және конфессияаралық диалогты жүзеге асыру жолымен тарату мәселелеріне ерекше мән берілді.

Бұл съезд әлемде адамгершілік негіздерін нығайтуға, бағалы рухани-әлеуметтік бағдарларды бекітуге, қазіргі адамзат тұрмысындағы маңызды мәселелер аясында діндер мен мемлекеттер диалогын қалыптастыруға тырысатын түрлі конфессия өкілдері мен саясаттанушылардың қатысуымен ерекшеленеді. Съезге қатысушылардың декларация мен үндеу форматындағы қорытынды құжаттары бүкіл әлемдік қоғамдастық пен барлық жұртшылыққа жеткізетін жоғарғы маңызды пайымдаулар болды десек артық болмайды. Қорыта айтқанда, диалог алаңы ретінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзара кірігуі, халық пен қоғам санасына әлемдік және дәстүрлі діндер идеалдарын ендіру мен уағыздау процесінің қозғаушы күшіне айналды.

2011 жылдың 11 қазанында Елбасы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына қол қойды. Заңның басты ережелерін іске асыру дін саласын құқықтық реттеуді жөнге келтіруге мүмкіндік берді. Өз дәстүрлері мен құндылықтары бар этностық және конфессиялық топтардың әралуандығы, Қазақстанның геосаяси тұрғысынан қолайлы жерде орналасуы қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен жан саулығына төнетін қатерлерге қарсы әрекет етудің тетіктерін жасап шығаруды және нығайтуды талап етті. Сондықтан жаңа заңның діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы ережесі осы саланы дұрыс реттеудің қажетті тетігі болып табылады. Жалпы, діни бірлестіктерді қайта тіркеу шаралары ел-жұрттың және негізгі діни бірлестіктердің оң бағасын алды.

Халықтың рухани мұрасын, моральдық құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы миссиясын атқарып келген діндерге қатысты Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында: «Қазақстан Республикасы халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі ханафи бағытындағы

исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін таниды, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді» деп көрсетілді.

Қазақстан аумағында ислам мен православиенің тарихи рөлінің танылуы осы діндердің елдегі дінге сенушілердің 95%-ын қамтитындығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, заңнамада Қазақстан Республикасының әрбір азаматтың ар-ождан бостандығын құптайтыны, өзге діндерді құрметтеп, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын мойындайтыны да жазылған.

Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында этникалық немесе өзге де тегіне, діни мен әлеуметтік деңгейіне қарамастан, азаматтардың барлығына тең мүмкіндіктердің берілетіні жазылған және бұл ұлтаралық ынтымағымызды негіздейтін басты қағидаттардың бірі болып табылады. Мемлекетіміздің азаматтары қай этникалық немесе діни қауымдастықтың өкілі болып саналса да, бірегей азаматтық қоғам құра отырып, ортақ құқықтар мен бостандықтарды толығымен пайдаланады.

Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасын айқындайтын ұстанымдар діни сенім бостандығы деңгейін танытатын айқын индикатор іспеттес. Біздің бұл саладағы басымдықтарымыз анықталған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан да мемлекет осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуден тыс қала алмайды. Оның өзінде діни сенімдердің адамгершіліктік бастауларға негізделетінін және үлкен гуманистік әлеуетке ие екендігін ескерген жөн, оларды қоғамның рухани құндылықтарын дамытып, қазақстандық патриотизмді нығайтуға, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты тұғырландыру мен діни экстремизмнің алдын алуға пайдалану керек». [1]. Қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, діннің теріс пиғылды және экстремистік мақсаттарға пайдаланылуына жол бермеу – міне, мемлекеттің дін саласындағы саясатының басты бағыттары осындай.

Толеранттылық идеясын қоғам мүшелеріне сіңіре алу оңай іс емес. Бұл күрделі жұмыс күнделікті дәстүрлі діндердің бойындағы гуманистік, бейбіт өмірге үндеуші қасиеттерін көрсетумен жүзеге асырылып келеді. Қайырымдылық іс-шаралар, әлеуметтік жағдайлары төмен топтарға көмек көрсету, адамгершілік қасиеттерін дәріптеу барысында тынбай еңбектенуді талап етеді және доктриналық тұрғыдан өз позицияларын ұстанатын дін өкілдері мұндай адамгершілік құндылықтарда ортақтасатыны анық. Сондықтан дәстүрлі діндердің қоғамдағы рөлін күшейтуде негізгі назар олардың бөлінетін тұстарына емес, игілікті істер басында бірігетін жақтарына аударылуы тиіс.

Дінаралық келісімге келу сұхбаттасудың ерекшелігін түсінуден бастама алады. Сұхбаттастық мәдениеті екі немесе одан да көп көзқарастар орын алған кезде, өзара ақпарат алмасу арқылы теңдей дәрежеде өз көзқарастарын білдірген кезде, айтылған ақпаратты түсінуге бейімді болып, өзгенің ойын қабылдай алғанда, ортақ мәмілеге келе алатын жағдайда және өзін өзгенің көзімен көре алатындай жағдайда ғана орын алатынын есте ұстау керек. Мұндай түсіністік орын алмаған кезде әр түрлі сипаттағы ксенофобия, экстремистік әрекеттердің орын алуы күтілетін жағдайға айналып, діни негіздегі шиеленістерге әкелуі мүмкін.

Бүгінгі таңда дінаралық қақтығыстардың түпкі тамырына қарайтын болсақ, көп жағдайда оларға бастама болатын әлеуметтік мәселелер, заңсыз миграциялар, жастардың жұмыссыздығы, діни сауатсыздық, қоғамда өз орнын таба алмаушылық болып отыр. Өзінің ұлтының тарихи қалыптасуындағы діни негізді сырттан келген жасанды ұстанымнан ажырата алмау діни төзімсіздікке алып келуде. Сондықтан елімізде діни, мәдени толеранттылықты тәрбиелеу аясында жасалып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды жалғастыру дінаралық келісімді нығайтуда өз нәтижесін береді деген сенімдеміз. Бұл ретте елімізде орта білім беру мен жоғары оқу орындарына енгізіліп отырған дінтану пәнінің орны бөлек. Дінтану пәнінің қоғамдық келісімді сақтаудағы рөлі бір жағынан оқушылар бойында өз діни ұстанымын еркін таңдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан өзге діндердің мәдениетімен терең танысқан оқушының басқа діни дүниетанымға деген толерантты болуын

тәрбиелейді. Бұл мәдениет мемлекеттік-институционалдық салаға енгізілген жағдайда ғана қоғамның консолидациялануы сақталады. Себебі өздерінің ұстанымдарының әр түрлі болғанына қарамастан, мемлекеттің азаматы ретінде елдің мүддесіне қызмет етуі тиіс, сонда ғана әлеуметтік тұрақтылық, мемлекеттік басқарудың тиімділігі және мәдени тұтастық болады және бұған әрбір азамат мүдделі. Тек бейбіт өмір жағдайында ғана адамзаттың қолайлы өмір сүру жағдайы болуы мүмкін. Бұған тарих беттерінде болған діни негіздегі соғыстар, жанжалдар дәлел екені бәріне мәлім.

Қазіргі кездегі Қазақстанда дінаралық келісімді дәстүрлі дін өкілдерінің арасындағы сұхбат және жаңа заңға байланысты тіркеуден өткен діни бірлестіктер мен зайырлы институттар арасындағы сұхбат ретінде қарастыруға болады. Мемлекет деңгейінде заңдық нормаларға байланысты азаматтардың сенімдері реттестіріліп отырса, екінші сала – қоғамдық сананы қалыптастыруда үлкен қызмет атқарып отырған дәстүрлі дін өкілдеріне дінаралық келісімді нығайтуға үлкен жауапкершілік артылған.

Сұхбат пен толеранттылық идеялары, мәдениеттер мен өркениеттердің ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы ауқымды бастамаларының лейтмотиві болды.

Әлемдік қауымдастықтың Қазақстанға Азия мен Еуропа, Ислам әлемінің ірі халықаралық ұйымдарын басқаруды сеніп тапсыруы, Президент Н.Ә. Назарбаевтың саясатына жоғары сенімінің дәлелі болып табылады.

Қазақстан және ЕҚЫҰ Қазақстан, әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілікті орнатуға ұмтылысын дәлелдей отырып, 1992 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық (әрі қарай – ЕҚЫҰ) жөніндегі ұйымға кірді.

ЕҚЫҰ-ның қатысушы-мемлекеттердің басшыларының көбі Қазақстанның ядролық қару мен басқа да жаппай қырып-жою құралдарды таратпау жөнінде қызметінің рөлі мен үлесіне жоғары баға беріп, осы салада біздің мемлекетіміздің саясатын алдағы уақытта қолдайтындықтарын білдірді.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ның құрамындағы басты міндеті Орта Азиядағы тұрақтылықты сақтап қалу мен аймақтың үдемелі дамуы үшін аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қазақстан үшін әлем сахнасында ең маңызды оқиғалардың бірі – еліміздің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі, ол халықаралық қауымның біздің мемлекетке деген жоғары сенімін көрсетеді.

Қазақстан төрағалық еткен кезең ішінде бірқатар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Олардың ең бастысы 11-жылдық үзілістен кейін ЕҚЫҰ саммитін Қазақстанның астанасы Астана қаласында өткізу болды.

Ауқымды Саммиттің қорытындысы бойынша – «Жалпыға ортақ қауіпсіздік» Астаналық декларациясы қабылданды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының ұраны төрт «Т» әрпі болды:

- 1) Trust (сенім);
- 2) Tradition (дәстүр);
- 3) Transparency (транспаренттілік);
- 4) Tolerance (толеранттылық).

Толеранттылық – бұл мәдениеттер және өркениеттер арасындағы сұхбаттың барған сайын артып отырған маңызын сезіну.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «ЕҚЫҰ тағдырымен келешегі» атты: «Қазақстан мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеясын ұстанған көп ұлтты және поликонфессионалды мемлекет ретінде ұлтшылдық, діни тағатсыздық, нәсілшілдік, ксенофобия және семитизмге қарсы күресуде Ұйымның мықты әлеуетін пайдалануға ұмтылады».

Еліміздің төрағалық ету кезеңінде көптеген мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары Қазақстанның экономикалық жетістіктерін оның Астанасы арқылы көре алды.

Түрік және араб мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыта отырып, Қазақстан 1995 жылы Ислам Конференциясы Ұйымының мүшесі болды.

Мұсылман мемлекеттерімен өзара қатынас орнату Республиканың сыртқы саясатындағы басымдылықтардың бірі болып табылады. Ислам әлемі өз тарапынан Қазақстанды мұсылман қауымының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Қазақстандағы діни бірегейлік пен ұлттық интеграция мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарына тоқтала кетейік. «Қазақстанның тарихи және мәдени даму ерекшеліктеріне байланысты ұлттық/азаматтық консолидацияның негіздерін іздестіру бойынша қайшылықты үрдіс әлі де жалғасуда. Посткеңестік діни жандану жағдайында діни бірегейлік азаматтық бірегейліктен басым түсуі мүмкін. Ислам әлемінің ашықтығы Қазақстанға жалпы қоғамдық ортада «таза ислам» деген атаумен белгілі исламның интерпретациясының кеңінен таралуына алып келді. Исламның осы араб елдеріндегі талқылауын қабылдаған қазақстандық мұсылмандар көп жағдайда сол елдерде қабылданған сыртқы діни формаға зор көңіл бөліп, таза ислам заңдарына сәйкес өмір сүруге ұмтылады. [2].

Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігіндегі жемісті дамуы мен мұсылман қауымдастығындағы алатын ерекше орнын жоғары бағалап, ИЫҰ-ға қатысушы-мемлекеттер Қазақстанның бұл ұйымға төрағалық ету ұмтылысына қолдау білдірді.

Астанада 2011 жылғы 28-30 маусымда Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясы өтті.

Аталған шараға әлемнің 57 мемлекетінен 1000-нан астам шетелдік қонақтар қатысты. Сессияда қабылданған маңызды шешім болып – ребрендинг, ИЫҰ атауын – Ислам Ынтымақтастық Ұйымына (ИЫҰ) өзгерту, сонымен қоса Ұйымның жаңа таным белгісін қабылдау болды.

Еліміздің өзге де ауқымды аймақтық және әлемдік ұйымдармен бірге ИЫҰ қызметіне белсенді араласуы жаһандану үдерісіндегі әлемнің қазіргі кезеңінде маңыздылыққа ие болып отыр. Зайырлы мемлекет пен ислам арасындағы қатынастардың үйлесімділік мәселелеріне келгенде, оны тек терроризммен күрес тұрғысынан ғана біржақты қарастырмау керек деп есептейді [3].

Сонымен қатар, ИЫҰ төрағалығы кезінде Қазақстан ұйымның күн тәртібіне: саяси, гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастық, терроризм, діни тағатсыздық, гендерлік теңсіздікпен күресу сияқты маңызды мәселелерді қосуға атсалысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Қазақстан – ортақ үйіміз. Астана Ақшамы **29 сәуір 2013** .
2. Султанғалиева А. Религиозная идентичность и национальная интеграция в Казахстане // Сборник материалов круглого стола «Национальная консолидация Казахстана: проблемы и перспективы». – Алматы, 2013. – С. 38-40.
3. Зайфрет А. Ислам и секуляризм в совместном государстве // Материалы международного круглого стола «Современные модели развития мусульманских стран. Секуляризм и ислам в современном государстве. Что их объединяет?». – Алматы, 2007. – С. 18.

Калдыбаев Сакен
Студент 4 курса специальности «Религиоведение»
Научный руководитель
Ш.С. Рысбекова
Д.филос.н., профессор

МЕТОДЫ ПРОФИЛАКТИКИ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

В последние годы мы все чаще и чаще слышим слова «терроризм» и «террористы». Сообщениями о террористических актах пестрят газетные полосы, о них рассказывают дикторы радио и телевидения. Но если лет десять-пятнадцать назад все это нас не касалось, так как происходило где-то далеко, то сегодня волна террора накрыла весь мир. Для многих наших граждан терроризм из абстрактного понятия превратился во вполне реальный кошмар. Терроризм и экстремизм как социально-политическое явление далеко не молод. История насчитывает минимум полтора века. За рубежом функционируют десятки научных центров по изучению терроризма и экстремизма, существует обширная литература (в том числе популярная), посвященная всестороннему анализу этого негативного феномена общественной жизни. Энциклопедический словарь по психологии общения определяет терроризм как феномен политической психологии, специфический для обострения конфликтных ситуаций, который выражается в уничтожении конкретных лиц (реже сооружений или культурных ценностей) в случае отказа удовлетворить требования террористов. Причем эффективность терроризма психологически зависит от трех факторов:

1. Подкрепления угрозы в форме ее частичной реализации;
2. Внутренней готовности пойти на компромисс;
3. Масштабов риска, на который готовы пойти со стороны конфликта [1].

Экстремизм это феномен и социальной психологии, проявляющийся в условиях откровенно конфликтных ситуаций как средство их максимального обострения. Террористическая активность проявляется в прямой угрозе уничтожения людей, если та сторона, которой предъявлен ультиматум, не выполнит требования террориста или террористов [2]. С социальной точки зрения экстремизм определяет Словарь конфликтолога. В нем терроризм рассматривается как идеология и политика, основным орудием которых является террор. Терроризм заключается в систематическом применении ничем не ограниченного насилия, преследующего цель устрашения и подавления политических и других противников, причем является крайним средством разрешения социальных противоречий и конфликтов. Террористы, главным образом рассчитывают на психологический эффект, а не на стратегическую победу [3]. С политической точки зрения, по мнению исследователя К. Хиршмана, терроризм – это «негосударственное применение или угроза применения насилия с целью посеять панику в обществе, ослабить или даже ликвидировать его обязательства и привести к политическим изменениям» [4]. Исследователь Е.А. Степанова разработала «функционально-идеологическую» классификацию терроризма, которая характеризуется двумя критериями: 1. Уровень и масштаб целей группировки (транснациональный, глобальный и локальный); 2. Степень взаимосвязи террористической активности группировки с более широким вооруженным конфликтом. Автор данной классификации, опираясь на указанные критерии, выделяет три типа современного терроризма:

1. Терроризм мирного времени (левый терроризм в Западной Европе 1970-1980-х годов, экологический терроризм или любой другой терроризм, применяемый для продвижения «специальных» политических интересов);

2. Терроризм как тактика вооруженного конфликта – это тип терроризма, используемый в локально-региональных вооруженных конфликтах (палестинскими, северокавказскими, тамильскими и другими боевиками). Терроризм применяется

вооруженными группировками, участвующими в конфликте и отождествляющими себя с той или иной политической целью, напрямую связанной с противоречиями, оспариваемыми в ходе конфликта. Однако, сколь бы амбициозной ни была эта цель, будь то захват государственной власти, создание собственного государства или сопротивление иностранной оккупации, она не выходит за рамки локального национального или регионального контекста. Цели террористов носят ограниченный характер и для их продвижения, как правило, используются ограниченные технические средства. Такой тип терроризма обычно используется группировками, которые пользуются поддержкой хотя бы части местного населения;

3. Супертерроризм (или мегатерроризм, макротерроризм или глобальный терроризм) – это тип терроризма, идеология которого носит глобальный характер или, по крайней мере, стремится к глобальному охвату, поэтому супертерроризм как таковой совершенно не обязательно привязан к тому или иному локальному или национальному контексту или к конкретному вооруженному конфликту. Цели супертеррористических группировок и сетей носят глобальный характер и в принципе не могут служить предметом переговоров (например, стремление аль-Каиды бросить вызов мировому порядку и попытаться его изменить). Мы привели три наиболее часто упоминаемые типологии терроризма, хотя следует отметить, что все они очень условны, так как в настоящее время наблюдается сращивание, взаимопроникновение различных форм террористической деятельности. И вполне естественно, что терроризм на современном этапе развивается намного быстрее, чем попытки его классифицировать.

Социологическое изучение экстремизма подразумевает рассмотрение его как явления, имеющего социальную природу происхождения. Такой подход подразумевает, в частности, рассмотрение его в широком контексте процессов интеграции и дезинтеграции, происходящих в современном обществе. С такой точки зрения экстремизм исследуется как следствие многочисленных социальных, культурных и политических изменений, имеющих место в обществах современного типа.

Само понятие экстремизма является относительным, и это чаще всего отмечается в научных исследованиях. Обладая социальной природой, экстремизм в определенных конкретно-исторических условиях представляет собой конкретно-историческое явление, соединяя в себе как сущностные признаки экстремизма, так и признаки случайные, зависящие от определенных обстоятельств. В связи с этим экстремизм возникает по причинам, которые являются уникальными в каждом отдельном случае. Таким образом, для каждого частного проявления экстремизма существует свой специфический набор факторов и конкретное воплощение причин.

Подразумевая под фактором фрагмент существующей действительности, оказывающей влияние на характер или формы явления, но такое влияние не обладает определяющим характером на сам факт возникновения явления, мы можем предложить на основе анализа соответствующей литературы следующую классификацию факторов экстремизма. На основе критерия выделения основных подсистем общества могут быть названы следующие группы факторов: социально-экономические, социально-политические, культурно-ценностные, правовые факторы, а также дополнительная группа социально-психологических факторов.

В отличие от факторов причиной признается явление, непосредственно обуславливающее, порождающее другое явление; или как определяющий фактор, оказывающий решающее влияние на возникновение явления.

На наш взгляд, ключевым этапом процесса возникновения экстремизма является интерпретация окружающих индивида условий. Социально-психологический компонент в данном контексте обладает решающим значением. Как пишет Т. Р. Гарр, «именно люди - со всеми их разнообразными идентичностями, желаниями и убеждениями - должны быть центром анализа конфликта» [1, с. 131]. Объективным условием, необходимым для возникновения чувства неудовлетворенности - его предпосылкой, - является существующее социальное противоречие.

Как следует из анализа литературы, проведенного в рамках данной работы, одним из наиболее значимых свойств экстремизма является его направленность против представителей определенных социальных групп или сложившегося порядка осуществления властных отношений в целом или его отдельных элементов. Это свойство экстремизма основывается на чувстве неудовлетворенности существующим положением дел, на чувстве социальной депривации или фрустрации. Чувство неудовлетворенности признается на этом основании причиной, ведущей к возникновению экстремизма. Собственно, такое чувство неудовлетворенности ведет в конечном итоге к заострению представлений, которые могут иметься в сознании индивида. Если отталкиваться от того, что в широком понимании экстремизм включает в себя и идеи, необходимо определить достаточные признаки таких идей. Основным признаком такого рода является, на наш взгляд, наличие побудительного элемента, который предполагает непосредственное действие или воплощение идеи в практику. Это отличается от непосредственной готовности индивида совершить действие, но является элементом содержания высказывания или убеждения.

Другое направление социологического исследования экстремизма заключается, по нашему мнению, в изучении особенностей проявления экстремизма в социальной действительности. При таком рассмотрении в поле зрения исследователей попадают такие стороны объекта, как:

- специфика проявления экстремизма в различных сферах общественной жизни;
- формы организованной совместной деятельности, групповое поведение экстремистов, их субкультура, совокупность внут-ригрупповых связей;
- совокупность социальных и социально-психологических качеств личности экстремиста, особенности данного типа личности;
- молодежь как основной субъект экстремистской деятельности, социальные и социально-психологические свойства молодежи, определяющие ее предрасположенность к участию в экстремистской деятельности;
- идеологическая составляющая экстремизма, причины и происхождение идей, составляющих основу экстремистской идеологии;
- ценностные ориентации, поведенческие установки, стереотипы, лежащие в основе экстремистской деятельности, и др.

Таким образом, экстремизм представляет собой сложный социальный феномен, для комплексного изучения которого необходимо применять опыт, накопленный в различных социальных дисциплинах. Область социологического знания, объектом изучения которой является экстремизм, может быть определена как частная (вспомогательная) социологической концепции экстремизма. Отправной точкой социологического изучения феномена экстремизма является его понимание как типа девиантного поведения, направленного против существующих в обществе норм, правил, принципов, обычаев, традиций. Первое направление в исследовании экстремизма заключается в изучении генезиса и происхождения явления; второе - в определении особенностей проявления экстремизма в социальной действительности. Научное исследование того или иного явления сродни постановке диагноза. Если пациенту поставлен неверный диагноз, лечение будет неэффективным или даже губительным. Поскольку в качестве пациента в нашем случае выступает общество в целом, то игра в политкорректность с диагнозом относительно таких деструктивных явлений как экстремизм и терроризм может слишком дорого обойтись всем нам. Более того, неточные формулировки рождают штампы, которые потом способствуют разжиганию конфликтов и появлению не существовавших ранее противоречий. Таким образом, очевидной становится необходимость осмысления исходных понятий.

Сегодня много говорят об экстремизме как разрушительном для общества и личности феномене современного общественного бытия. Однако общепринятого понимания экстремизма, различных форм его проявления нет не только в массовом сознании, но и среди специалистов. В научном сообществе пока еще недостаточно разработаны методологическая база и методика его исследования. В то же время очевидно и то, что для выработки

эффективной политики по диагностике, профилактике и преодолению экстремизма необходимо теоретическое осмысление его сущности. Чрезвычайно важно обнаружение сущности экстремизма и для формирования юридической базы борьбы с ним.

Список использованной литературы

1. Психология общения. Энциклопедический словарь. По общ.ред. А.А. Бодалева. – М. Изд.-во «Когито-Центр», 2011
2. Азбука социологического психолога-практика. – М.: ПЭР СЭ, 2007.
3. Антонян Ю.М. Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование, М., 1998, 1.40-14.
4. Хиршман К. Меяющееся обличье терроризма. // Международный терроризм и право: Реф.Сб.ИНИОН.РАН. Центр социал.научно-информ.исследований. Отдел просвещения. М., 2002, с.26
5. Гарт Т. Р. Почему люди бунтуют. СПб.: Питер, 2005. 464 с.

Касинова К.Е.

"Дінтану" мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші

Курманалиева А.Д.

филос.ғ.д., профессор

ИСЛАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрі Ислам құндылықтарына негізделген. Өйткені, мәдениет – діннің құрамдас бөлігі. Дінсіз мәдениет болмайды. Сондықтан, ақпараттар ағыны тасқындаған уақытта ұлттық мұраларымызды түгендеп, танып-білуіміз, мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолында алар орны ерекше.

Рухани мұраларымызға үңілсек қазақ мәдениеті Ислам әлемі мен өркениетінің ажырамас бөлшегі екенін байқауға болады. Тарихы терең қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел болып, дінін сақтап қалғаны – оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігерінің, асқақ рухының, отансүйгіш иманы мен ибалылығының арқасы. Біз дін мен дәстүрді даналықпен үйлестіріп, өнегелі өмір сүрген халықпыз. Бұл – бабаларымыздан келе жатқан сара жол. Қазақтың салт-дәстүрлері Исламның асыл құндылықтарымен бітеқайнасып кеткен. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқан хадистер қазақы нақыл сөзге айналып, халқымыздың таным-түсінігімен қабысып, тұрмыс-тіршілігімен ұштасып жатады. Жалпы алғанда, шарият заңдарын өздерінің өмірлік қағидасы етіп алған ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениетінің, әдебиеті мен ғылымының Ислам дінімен астасып кеткеніне таңданудың еш қажеті жоқ. Бұл – тарихи заңдылық. Салт-дәстүрі сүннет пен хадиске негізделіп, Ата заңы асыл дініміздің негізінде жасалған жұрттың басқа жолды таңдауы да мүмкін де емес еді. Ақындары әуелгі сөзін Бір Алладан бастап, батырлары батасыз жорыққа шықпайтын халықтың бүгінгі ұрпақтарының бейбіт ғұмыр сүріп, биікке көз тастауы да – ғасырлар бойы қазақ елін сусындатқан асыл дініміздің арқасы.

Қазақ даласында Отырар, Сайрам, Түркістан, Өзкент, Сығанақ, Тараз, Баласағұн сияқты қалалар Ислам өркениетіне үлес қосып, әлемге танымал ғұлама ғалымдардың дүниеге келуіне әсер етті. Исламның қайнар бұлағынан сусындаған ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Махмұт Қашғари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн Ислам діні мен көшпенділер болмысын ұштастыра білді. Олардың өлмес мұралары Ислам өркениетінің асыл қазынасына айналуы қазақ халқының дүниетанымында Исламның рөлі басым әрі маңызды екендігін дәлелдей түспек.

Қазақ халқы ислам дінін өз халқының діні ретінде ұстанғанына да мың жылдан аса уақыт өтіпті. Дәлірек айтқанда, VIII ғасырдан бастау алғанымен, X ғасырдың екінші

жартысында арғы қазақ тайпалары тарихи шынайы таңдау жасап, ислам дінін қабылдады. Міне, осы кезеңнен бастап қазақ жері ислам өркениеті тараған аймаққа айналды. Сунниттік бағыттағы мұсылман діні қазақ халқы рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды. Негізінде, қазақ халқы мәдениеті мен тарихындағы ислам дінінің рөлін екі аспектіде қарастыруға болады. Бір жағынан алғанда, құлдырап бара жатқан нанымдардың орнына келген ислам діні адамдардың адамгершілік тұрғыдан биіктеуіне, интеллектуалды және мәдени ілгерілеуіне ықпал етті. Әсересе, бұл дін ұлттық сипаттағы ең үздік қасиеттердің қалыптасуына оң әсер етті. Келесі жағынан алғанда, исламнан нәр алған халық тарих белестерінде өзіндік орнын жоғалтпау үшін мәдени күреске ұмтылды. Өйткені, бұл кезеңде қазақ жұртына қиыр шығыстық және христиандық дәстүрлер пәрменді ықпалын тигізіп, тұрақты қысымға алып отыратын. Ал ислам діні осыларға қарсы қойылған «сауыт» қызметін атқарды, ұлттық «мәнді» сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Қазақ даласында «Құран», «пайғамбар», «шариғат», «ислам» сөздері үнемі айтылып жүрді. Араб-парсы классиктерінің шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырында қазақ халқы араб жазуын пайдаланып келді. Соңынан мұны Ахмет Байтұрсынов реформалап, өзіндік «төте жазуға» айналдырды, оған қазақтың төл дыбыстарын білдіретін таңбалар ендірі.

Қазақ мәдениетінің майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері ерекше болды. Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды.

Қазақ зиялыларының барлық өкілдері мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санады. Олар осы діннің мәдени, гуманистік және ұйымдастырушы кезеңін өркендетуге ұмтылды. Міржақып Дулатовтың «исламға қалай жол ашамыз» деген жан айқайы осы дінге деген ерекше құрмет белгісін танытады.

Сонымен, ислам дінінің қазақ даласында өркендеуінің алғышарттары қандай? Осы мәселеге тоқталайық.

Қазақтар көшпенді түркі халықтарының (ғұндар, орхон түріктері және т.б.) тікелей ұрпағы болып келеді. VI-VIII ғасырларда ұлы далада үстемдік құрған түркі тілдес тайпалар дәуірі қазақ халқының рухани тарихында ерекше орынға ие Өйткені дәл осы кезеңде қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтың шаруашылық жүргізу әдістері, тілі, тұрмысы, ұлттық-мәдени және саяси дәстүрлері түпкілікті қалыптасып болды. Дала мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері орын алды.

Кейде «көшпенді мәдениет» пен «мұсылман мәдениеті» ұғымдарын шатастырып жатады, бұл екеуі дербес ұғым болып табылады. Өйткені, «көшпенді мәдениет» шаруашылық жүргізу және тұрмыстық салттарды, ал «мұсылман мәдениеті» дін аясында өмір сүруді білдіреді. Мәдениет (өркениет) рухани саламен, дінмен байланысты болады. Тарихи тәжірибенің көрсетуі бойынша сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділер мәдениеті ислам дінінен тыс қалыптасып үлгерген. Сондай-ақ оның шеңбері аясында өмір сүре алады. Ислам діні көшпенді мәдениеттен отырықшылыққа көшуге мәжбүрлемейді. Мұның өзі қазақтардың ислам дінін қабылдауына да өзіндік әсерін тигізді.

Ислам діні салт-дәстүрлердің рухани өзегіне айнала отырып, қазақ халқына ғылым, білім, діни-танымдық көзқарасты тарту етті. Ислам діні адамдардың не үшін өмір сүріп жатқандығынан, жақсы-жаман әрекеттері үшін Алланың алдында жауап беретіндігінен хабардар етті.

«Дін құлдырай бастаса, адамның бүкіл руханиаты ауруға ұшырайды, ал егер өркендей түсетін болса, онда мәдени өсуге жол ашылады» Дін дағдарысқа ұшыраған жағдайда, оған іргелес тұрған мәдениет те құлдырап, жойылуға айналады. Дін тарихи-мәдени таным ретінде өркениетке өмір сыйлайды. Олардың бірлескен өзара әрекетінен әлемдік тарихтың мазмұны құрылады. «Мәдениет» пен «өркениет» бастапқы жабайылықтан құтқарады, халықты адамиландырады, басқаша айтқанда, олар адамды түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Араб халқының ұлы тарихшысы Ибн Халдун көшпенді халықтың ислам дінін қабылдауы туралы

былай деп жазады: «Құдай түркілерді өз құдіреті арқылы мұсылман әлеміне топтап келіп енетіндей, бұрынғы әдеттерінен арылатындай етті» Халифа Мамун заманында өмір сүрген атақты ғұлама ғалым Әл-Жахиз түркілер туралы былай деп жазады: «Түркі жауынгер ат үстінде ұшыртып ойдан қырға, қырдан ойға құйылып, оңды-солды жауларына оқ атады. Хауариж жауынгері бір оқ атқанша түркі он оқ шығарады. Түркі жауынгерінің маңдайында екі көзі, желкесінде екі көзі бар». Ол кісі тағы да түркілер туралы былай деген: «Мұсылмандықты қабыл еткен түркілер бұрынғысынан да әруақтанып, айдынданып кетті, ал манихей дініне кірген түркілер жүнжіп жоқ болып кетті». «Түркі дүниесі халықтар мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын болып келді. Уақыт өте келе қазіргі түркі дүниесі өзінің мәдени әлеуетін біріктіре әрі дамыта отырып, зерттеушілер тарапынан «түркі-ислам өркениеті» деп аталуы да ықтимал.

Ислам діні – мемлекеттік бірлік пен билікті нығайтушы, адамдарды жақындастарушы, қоғам тамырындағы қан айналымын реттеуші, бауырмалшылық пен ұйымшылдықты уағыздаушы дін.

Ислам діні адамдарды білімділікке, еңбек етуге, сабырлыққа, қайраттылыққа үндейді. Исламның басты мақсатының бірі – адам баласының ақылын, санасын, ойлау қабілетін қорғау, ұрпақ жалғастыру, айнала қоршаған ортаны (табиғатты) аялау.

Көшпенді қазақтарға ислам мәдениетінің ықпалы орасан зор болды. Атап айтсақ:

1. Өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен адамзат санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, теңдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің қағидаларын үндеді.

2. Әлем кеңістігіндегі Алланың құдіретін танытатын дәлелдеріне назар салуға, Алламен байланыс құруға шақырды. Көшпенді мұсылман қазақ бұл байланысты құлшылық етумен, өз мойнындағы жауапкершіліктерін адал атқару арқылы орындады.

3. Бауырмалшылыққа, сүйіспеншілікке, өзара бір-біріне жәрдемдесуге, ата-анаға деген ерекше құрметке баулыды.

4. Білімді болуға шақырды. Ислам ілімін меңгерген ғұламалар халық арасында ерекше бедел мен ықыласқа ие болды.

Ислам, жоғарыда атап өткеніміздей, білімді қуаттайды. Оны иманның серігі етіп, беделін көтереді. Сондай-ақ ғалымдарды ардақтауды бұйырады.

Көшпенді түркі халықтары арасында исламның таралуына Қ.А.Йасауи өте зор ықпал жасады. Ол сауатты әрі талантты ақын еді. Ол хикметтерімен Алланы ұлықтады. Йасауидің хикметтері мұсылмандық дүниетанымды қалыптастыруға зор әсер етті.

Исламның қазақ даласына енген алғашқы, әрі одан кейінгі кезеңдерінде дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе, адамгершілік мәселелері адамның күнделікті тіршілігінде ғана емес, Даланың ұлы дана ойшыл- дарының философиялық тұжырымдарында да көрініс тапты. Біздің ойымызша, исламның ерекше мәдени жетістігін және оның диалог пен түсіністікке негізделген әлем мәдениетінің айнасы екендігін атақты жерлес бабамыз, өз заманында ғылымға жан-жақты ойшылдығымен танылған Әбу Насыр әл-Фараби, одан кейін оның ізбасары, энциклопедиялық білімдар және де ғылым қақпасын ашқан Ибн Сина, өзінің «тауил» теориясы арқылы Қазақстанға суфизмнің кең таралуына жол ашқан Матуруди, бүкіл түркілердің осы таным арқылы ислам дінін қабылдауына әсер еткен Халлаж Мансұр. Қазақ даласының пірі, данагөйі, барша түркі елінің тәлімгері, әрі ұстазы Қожа Ахмет Яссауи, ұлы ойшыл және әлем мәдениетінің данышпаны Абай мен оның ізбасары, ойшыл Шәкәрім шығармаларына жүгіну арқылы ашуға болады. Абайдың қара сөздерінің түпкі желісінде Яссауи мен ғұлама Диуанидің шығармалары жатыр. Қазақстанда Ислам философиясының қалыптасуы мен дамуына түркі сопылығының ұлы өкілі Қожа Ахмет Яссауидің рухани қызметі үлкен әсер етті. Оған дейін түркі тілінде нақылдық, дидактикалық және этикалық жүйелердің арнасын салған Баласағұн мен Иүгнеки бар. Яссауидің философиялық және әлеуметтік ойды дамытудағы Яссауидің айрықша «дәрежесі» мен 256 Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары дүниетанымының ерекшелігі, біздіңше,

қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының топырағына құдайлық таным мен сопылық-исламдық тұжырымдамасын әкелуі дер едік.

Негізінде Ислам дінін бүгінгі таңда, келер ғасырларда да қоғам тынысынан оқшау қалдыруға болмайды. Өйткені оның негізі адамзат өмірінің материалдық және рухани қырын жан-жақты әрі кеңінен қамтиды. Нақты айтқанда қоғамдық өмірдің барлық саласына бағытталған.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. Алматы, 2000
2. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. //Қазақ, А., Білім, 1994
3. Өмірзақ Бекқожа "Қазақ мәдениетіндегі ислам дінінің рөлі "
4. Затов Қ.А., Нұрғалиев Қ.Т. Ислам өркениетінің Орталық Азия мен Қазақстан аймағында таралуы // халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Атамұра. – 2009.
5. Е.А. Оңғаров, Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары, Көкжиек баспасы, 2013

Қасымбеков Ф.
«Дінтану» мамандығының 4 курс студенті
ғылыми жетекші:
Борбасова Қ.М.
филос.ғ. д., профессоры

ИСЛАМДАҒЫ АДАМ ӨМІРІНІҢ МӘНІ

«Ислам» сөзі көбінесе «бойсұнушы» деп түсіндіріледі, этимологиялық тұрғыда өзін беру, өзін сеніп тапсыру дегенді білдіреді. Соған сай мұсылман бұл өзін Құдайға сеніп тапсырған адам. Мұсылман үшін Құранның рөлі қандай екенін білу де міндет. Құран исламдық ілім бойынша Құдайдың Ашылуы. Бұл ашылуда Құдай сөзімен қоса адам сөзі естілмейді, яғни Құдаймен рухтанған адамның мүмкіншілігі заманмен, қоғаммен шектеулі, ол тек осы рухтың жетелеуін түсіндіруші ғана.

Ислам бойынша Құдай адамдар үшін Өзін Құранда, Құдайдың ашылу заңында ашады. Адам «араб тілінде, түсінікті» түсірілген Құран заңы бойынша өмір сүреді (Құран 16:105).

Құрандық антропология үш мәселе төңірегінде жоспарланады: адам өзінің Құдаймен қатынасын қалай қоюы керек, ол жақсылық пен жамандықты қалай ажыратуы керек және қалай ол тозақ азабынан құтқарылы алады.

Құран бойынша адам – Құдайдың жаратқаны, Оның тандаулысы, Құдайдың жердегі әміршісі (халифы). Бірақ, ол Құдайдан жаратылған болғандықтан өзінің табиғатының екі: онтологиялық (адамға өлім тән) және адамгершілік (адам күнә жасайды) әлсідігінен Құдайға тәуелді. Бұл мәселені қарастыруда үш монотеистік діндер ортақ ұйғарымда десе болады. Ал Құдай алдындағы адамның статусын бағалауда біраз өзгешеліктер бар.

Құранда адамның Құдай бейнесімен және Соған ұқсас жасалғандығы туралы идея жоқ. Нақтырақ айтсақ Құдай адамды сол өзінің бейнесі бойынша жасаған: «Ол сендерді бейнелегенде көркем бейнелеген. Әрі қайтар жерлерің сол жақ» (Құран 64:3). Немесе тағы бір жерде: «Ол сондай Аллаһ, сені жаратты Толықтап теңестірді. Ол сені қалаған бейнеде құрастырды» (Құран 82:6-8). Құран Аллаһның жаратқандарының ішінде адамды ерекше қасиеттерімен бөлектеп, ерекше орынға қояды. Жаратушы адамды Өз қолымен жасап, Өз рухынан дем бергені туралы айтады. Адам Құдайдың құпиясымен ерекше ізгілікті Аллаһтың жаратқаны болу мәртебесіне ие болды. Жаратушы адамға табиғи бейімділік беру арқылы оны Өзінің жердегі орынбасары етті: «Расында да адам баласын ардақтадық. Сондай-ақ оларды құрылықта да, теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен қоректендірдік. Әм оларды жаратқандарымыздың көбінен не құрылым артық жараттық » («Ісра» сүресі, (70))

Аллаһ Тағала жерді де, көкті де әлемдегі барды толық адамға бағынышты етіп, оларды өзінің қажетіне қолдануға икемдеп жасады: «Және де Ол өз тарапынан сендер үшін көктердегі әрі жердегі барлық нәрсені іске қосты. Шын мәнінде осыларды түсінген ел үшін

белгілер бар.» («Жасия» сүресі, (13)) Аллаһ Тағала адамды өзімен-өзін қалдырған жоқ және де бостан бос немесе ермек үшін жатақан жоқ, керісінше олардың арасынан адамдарды дұрыс жолға салатын, осы өмірде бақытты қылатын, о дүниеде Фирдаусуға (Жұмақ) оралтып, рахатқа батыратын Киелі сөзді алып келетін «Пайғамбарларды Аллаһ Тағала адамдарды дұрыс құлшылыққа лайықты Тәңірімен таныстырып, ешқандай серігі жоқ жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыру үшін жібереді. Оларды адамзатты жаннаттан сүйіншілеп, тозақтан сақтандыру үшін жібереді. Оларды адамдарға дұрыс құлшылық пен жақсы мінез-құлықты өнеге болу үшін жібереді.» [1].

Аллаһ Тағала Адамға төрт артықшылық берді. Әнәс ибн Мәликтен жеткен хадисте пайғамбарымыз «Қиямет күні мүміндер жиналып «Раббымыздың алдында шапағатшы болатын біреуді іздесек» деп Адамға келіп: «Сен адамзаттың атасысың, Аллаһ сені Өз қолымен жаратты, періштелерді саған сәжде жасатты және өзіңе барлық нәрсенің атауын үйретті, бізге Раббымыздың алдында шапағат ет», - дейді, - деген (әл-Бухари, Муслим).

Адам – дене мен рухтан (жаннан) құралған тіршілік иесі. Сондықтан оның өз жеке басы алдында міндеттері екіге бөлінеді:

1) Тән алдындағы міндеттер: тәнді аурулардан қорғау және бұл үшін қажетті шараларды орындау, тазалықты сақтау;

2) Рух алдындағы міндеттер: рухты негізсіз және жалған сенімдерден тазарту, дұрыс және берік сенімдерді орнықтыру, дұрыс және пайдалы білімдермен қаруландыру, жаман ойлар мен жағымсыз мінез-құлықтардан тазарту, жақсы ойлар мен тамаша мінез-құлықтармен безендіру. [2].

Алғашқы күнә – тәкәппарлық. Сондықтан ғұламалар: «Барлық күнәлардың негізі - тәкәппарлық», - деген. Сол үшін: «Жүрегінде тарының салмағындай менмендік болған адам жаннатқа кірмейді», - деген (Әбу Дәуд) және осы мағанада көптеген хадистер келтірілген. Киімімен, үй-жайымен немесе руымен, ата-тегімен мақтану күнәлардың негізі болып табылады. Сол себепті пайғамбар сахабаларының бірінің: «Ей ансарлар!», ал басқа бірінің: «Ей муһажирлер» - деп өз жақтастарын шақырып жатқанын естіген кезде: «Қойыңдар оны, расында ол – жиіркенішті нәрсе», деген (әл- Бухари).

Ұлтшылдық, рушылдық және адамдар арасындағы бақталас, мақтанушылық – тәкәппарлыққа жатады. Қарапайым қызметкерге, жалгер жұмысшыға менменсі қарау аса ауыр күнә. Өткені, Аллаһ Тағала күшірліктің басы тәкәппарлық деген.

Кінәні мойындау – Адам мен Ібілістің арасындағы үлкен айырмашылық. Ібіліс қарсылық танытып, менменсіді және осы әрекеті үшін мәңгілік тозаққа лайық болды. Ал адам Аллаһтың әміріне қарсы келіп күнә істегенмен Одан өз күнәларын кешіруін сұрады. Сондықтан ғалымдар: «Кіші күнә мойындаумен, ал үлкен күнә кешірім сұрау арқылы жуылады», - деп айтқан.

Адам дүние салар алдында пайғамбарлықты Шиске тапсырды. Шис Адамның ұлы, Аллаһ Тағала оны Абылдың өлімінен кейін берген еді. Өйткені, Адам ұлы Абыл өлтірілген кезде қатты қайырған болатын. «Шис» сөзінің мағынасы – Аллаһтың сыйы, нығметі дегенді білдіреді.

Әбу Зәһр: «Пайғамбар: «Аллаһ жүз төрт жазба түсірді. Содан елу жазбаны Шиске түсірген», - деді», - деген (Ибн Хиббан).

Ол жазбалар адамзаттың өмірін ретке келтіретін қағидалар мен шария заңдарды қамтыды. Өйткені, адамзаттың бастапқы кезеңдегі өмірі реттеуді қажет етті.

Адам Шиске өз білімінің басым бөлігін үйретті. Бірақ, ол Адамның білімін толығымен игере алмады. Өйткені, Адам Аллаһ Тағала тарапынан тәлім алған еді. Шис Адамнан білім алған, көп нәрсені үйренген ғұлама кісі. Ол адамдарға өркениет пен өнеркәсіпті, күн мен түнді өлшеуді үйретті.

Исламның мақсаты – адамдарды игі ахлақ (әдеп) иесі етіп тәрбиелеп, кемелдендіру. Пайғамбар былай дейді: «Мен көкем мінездерді толықтырып, кемелдендіру үшін жіберілдім» («Кәшф әл-Хафа», 1 том 211б.). Бір мұсылманға берілетін баға оның парасаттылығымен өлшенеді. Исламда ғибадаттар діннің әмірі болса, ахлақи міндеттерді

орындау да діннің әмірі. Исламдағы ғибадаттардың негізгі мақсаты – адамдарды жаманшылықтан алшақтатып, игі ахлақты болуға тәрбиелеу.

Шынайы сенім иесі болған адам, барлық іс-әрекеттерін Аллаһ Тағаланың көріп тұрғанына және оларды періштелердің жазып отыратынына сенеді. Дүниеде істеген әрбір іс-әрекетінің қиямет күнінде өзінен сұралатынын біледі. Жақсылық жасағандардың сый көретініне, ал жаманшылық жасағандардың жазасын тартатынына сенеді.

Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: «Кімде-кім титтей жақсылық жасаса, оның сыйын алады, ал кімде-кім титтей де жамандық жасаса, оның жазасын тартады» (Зилзәлә сүресі 7-8 аяттар). Бұл сенім адамды жаманшылықтан алыстатады, жақсылық жасауға себепші болады. Жүрегі мұндай сенім мен жауапкершілік сезімдерінен жұрдай адам адамдардан жақсылық күтуге болмайды.

Ал жүрегі сенімге толы мұсылман барлық іс-әрекеттеріне көңіл аударып, бақылап отырады. Ешкімге жаманшылық істемейді. Қолынан келген жақсылықты жасауға тырысады. Ғибадаттар адам жүрегіне иманды арттырады, әрі парасатты болуға шақырады. Бес уақыт намаз адамға үнемі Аллаһты еске салып отырады, әр түрлі жаман әрекеттерден бас тартқызады. Ораза болса шапағат, мейірім сезімдерін дамытып, адам қолын харам нәрселерден, тілін жалған, өтіріктен сақтайды. Зекет – сараңдықтан құтқарады, басқаларға жақсылық жасап, қол ұшын беруге, адам бойындағы көмек көрсету сезімдерін оятып, халыққа пайдалы болуға себепші болады.

Ең тамаша ахлақ үлгісі – Хазреті Мұхаммед – Аллаһтың тәрбиесінде болған. Ол мінез-құлқын Құраннан алып, жақсылықтардың бәрін бойына жинаған. Пайғамбар ахлақтың міндеттерінен тағлым бере жүріп, өзі үлгі көрсетіп отырған. Ол еш уақытта туралықтан, шындықтан жақсылықтан бір сәт ажырымаған, тамаша мінезімен, іс-әрекетімен басқаларға үлгі болған. Аллаһ Құран Кәрімде: «Аллаһтың расулінің бойында, сіз үлгі алатындай тамаша өнеге бар» (Ахзаб сүресі 21 аят) дей отырып, Пайғамбардан үлгі алуға шақырған. Адамдардың міндеті – Пайғамбардың парасаттылық пен адамгершілікке толы өмірін біліп, үйреніп, оның іс-әрекетін үлгі тұту.

Исламдағы адамға берілген тағы бір әмір – еңбек ету. Кез-келген мұсылман күн көру үшін және ешкімге мұқтаж болмай өмір сүру үшін еңбектенуі қажет. Еңбектеніп, ақша табуда аса мән беретін нәрсе – ақшаны адал еңбекпен табу және оған харам нәрсе араластырмау. Пайғамбар: «Бір мұсылманды алдаған, оған зиян тигізген немесе айла жасаған адам – бізден емес» (250 хадис, 159 б.). Мұсылмандардың маңызды қағидасы шыншылдық, туралық, адалдық, адамгершілік қасиеттер.

Адам парасатты, адамгершілікті болуы үшін жақсы тәрбие, мінез-құлық керек. Мінез-құлқы жаман адамдармен жолдас болған адамдар да уақыт өте келе өздерінің жақсы мінездерінен айрылып, жаман мінезге түсіп кетеді. Сол себепті игі ахлақ иесі өз құлқын сақтау үшін, жақсы ахлақты тәлім – тәрбиесі бар адамдармен араласуы керек, ал әдепсіз адамдардан аулақ болуы тиіс.

Пайғамбар:

«Жақсы адамдармен жолдас болуды хош иісті сулар сатылатын дүкенде отырғанға ұқсатады. Дүкеннің қожайыны оған ештеңе қсынбаса да ол жердің хош иісінен әсерленеді.»

«Жаман адамдармен жолдас болуды темірші ұстаханасына ұқсатады. Ол жерде отыр,анкісіге оттың бір ұшқыны шашырайды,я болмаса иісі мазасын алады». (Жами әс-Сағир)

Адам жора-жолдас таңдағанда абай болуы керек. Жақсы және білімді адамдармен дос болу, олардың сөз және іс-әрекеттерінен жақсы өнеге алу, жаман адамдардан қашық болу міндет. Бірақ оларды сол жаман іс-әрекеттерінен құтқару мақсатында олармен жақсы араласып, адамгершілікке тарту қажет.

«Шындығында Исламды уағыздау үшін, бұл діннің шынайы мәнін түсіну қажет, содан кейін ол білімді жеке және қоғамдық өмірде жүзеге асыру керек. Сонда ғана бүкіл адамзаттың көзі түсетін, ұқсау үшін үлгі тұтарлық кейіп жасалады. Сонда ғана біз барлық адам үшін Алланың таңдауымен бүкіл әлемге соңғы аспаннан түскен, адамды өзінің

Жаратушысына жетелейтін, оның алдында осы дүние мен о дүниенің қақпасын ашатын Исламды қабылдау үндеуін жеткіземіз» [3].

Мұхаммед Пайғамбар дін – қоғамды дамытып, ілгерілететін жүйе, адамдарға жөн көрсеттін, хақсыздықтың, әділетсіздіктің, жамандықтың дұшпаны деп білді. Сондықтан да Ол болашақ мұсылманның тұлғасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Исламды кез - келген жерде, әр түрлі жағдайда тарата алтын жауапкершілікті жастарға жүктеді. Алладан қорқу сезімін жастардың жүректеріне ұялатып, іс-әрекеттерінде көрінуіне мән берді. Имам Ахмат пен Абу Йаламен берілген хадисте «Шынығында, Алла Тағала жастыққа қызығудан алыс жас баланы мадақ тұтады» деп айтыды Мұхаммед Пайғамбарымыз. Ол жастарды өз мүкіндіктерін тәнінің, ақылының, рухани және адамгершілік қасиеттерінің дамуы үшін қолдануға шақырды. Әл – Хәкімнен берілген хадисте «Бес нәрсені басқа бес нәрсе пайда болмай тұрып қолдан: өлімнен бұрын өмірді, аурудан бұрын денсаулықты, қолың бос болмастан бұрын бос уақытты, кәріліктен бұрын жастықты, кедейліктен бұрын байлықты», - деп айтады.

Барлық адамның Жаратушы алдында есеп беретіндігін ескерте келе Пайғамбар « Әбу Бәرزә әл-Әсләми жеткізген хадисте Аллаһ елшісінің (с.а.у.): «Қиямет күні құлдан төрт нәрсе жөнінде сұралмайынша, екі аяғы қозғалмайды: Өмірінде не істегені? Алған білімін қалай жүзеге асырғаны? Мал-дүниесін қай кәсіпен тапқаны, қайда жұмсағаны? Дене мүшесімен не істегені?»¹, -деп айтқаны дәлел.

Ибн Масғұд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен басқа хадисте пайғамбар (с.а.у.) осы мәселеге байланысты:

«Қиямет күні Адам баласы Раббысының құзырынан бес нәрседе:

Өмірін қалай өткізгені? Жастық шағында не нәрсемен шұғылданғаны? Мал-дүниесін қай кәсіппен тапқаны, қайда жұмсағаны? Алған білімімен қандай амал жасағаны жөнінде сұралмайынша екі аяғы қозғалмайды» , -деген» [4].

Жастарды тәртіпсіздік пен рухани тоқыраудан қорғау үшін Мұхаммед Пайғамбар оларға шарифат заңы бойынша некеге отыруға шақырған. Қоғамды тәртіпке келтіруде жанұя мәселесіне ерекше көңіл бөлу Ислам діннің бір мақсаты. «...қазіргі заманда көптеген ислам елдерінде (Аллаһ қамқорлығына алсын) кейбір ер кісілер әйелмен отбасын құрып, бас қосуы тек нәпсі құмарлығын өтеу үшін болып жатады. Кейін әйел олардан бала көтергенде оны және әлі дүние есігін ашып үлгермеген баланы тастап кетіп қалады... Осылайша әйел мен оның қамқорлығындағы балалары зұлымдық пен азапта күн кешеді. Осы жағдай әйелдің адамдардан қайыр сұрап, садақа тілеуі, қоғамда бүлік пен жамандықтың пайда болуына әкелетіні күмәнсіз. «... өз отбасының қуаттылығы мен мұқтаждығын атқару жауапкершілігін мойнына алмайтын әке өте сараң, өтірікші, кәтігез болып саналады. Сол үшін ислам діні осының барлығына тыйым салған. Себебі, қоғамның негізі мен тірегі болып тұрған отбасын жойып, құрдымға кетіреді және оның ішіне туыстық қарым-қатынасты үзеді. Ол – күнә. Осы мәселеге байланысты пайғамбар (с.а.у.): «Кісіге өзінің асырап отырған (отбасын) жоғалту күнәсінің өзі жеткілікті», -деген. Абдуллаһ ибн Әмру пайғамбардың (с.а.у.):

«Сараңдықтан сақ болыңдар! Шын мәнісінде, сараңдық сендерден бұрынғы (қауымдарды) құрдымға кетірген. Оларға туыстық қарым-қатынасты үзбеу бұйырылып еді, олар байланысты үзді. Оларға сараң болмау бұйырылып еді, олар сараңдық танытты. Оларға күнә істемеу бұйырылып еді, олар күнәні істеді»², -дегенін жетізген [5].

Егер жанұядағы дін әлсіресе тәртіпсіздік пен әдепсіздік етек алар еді. Адал-арам түсінігі жойылса қоғамдағы тәртіп бұзылады, адамдар еш нәрсе реттей алмайды, осылайша қиыншылықтар басталады.

Бұндай қиындықтан мұсылман адам тек өз дінінің қасиетті кітаптарын жақсы білгенде ғана шыға алады. Муслим келтірген бір хадисінде пайғамбарымыздың: «Құран оқыңыздар, ол қиямет күні өзін оқыған адамға шапағатшы болып келеді», - деген.

«Құранды жатқа білген кісіге: «оқы және жоғарылай бер, жердегі өмірде барлық ережесіне сай қалай оқыған болсаң, солай оқып бара бер, соңғы аятты оқыған жер сенің (жаннаттағы) орның болады» делінеді».

Аллаһ тағаланың Кітабын сақтап қалу жауапгершілігін мұсылмандардың келер ұрпағы өздеріне алу үшін оларға Құранды үйрету. Құранды оқып үйрену жән оны басқаларға үйрету мұсылманды даңқ пен бақытқа жеткізетін жол болып табылады.

«Сендердің ең жақсыларың Құранды үйреніп, оны басқаларға үйреткендерін», - дегенін риуаят еткен.

Құран бойынша адам – Құдайдың жаратқаны, Оның таңдаулысы, Құдайдың жердегі әміршісі (халифы). Бірақ, ол Құдайдан жаратылған болғандықтан өзінің табиғатының екі: онтологиялық (адамға өлім тән) және адамгершілік (адам күнә жасайды) әлсідігінен Құдайға тәуелді.

Адам – дене мен рухтан (жаннан) құралған тіршілік иесі. Сондықтан оның өз жеке басы алдында міндеттері екіге бөлінеді:

1) Тән алдындағы міндеттер: тәнді аурулардан қорғау және бұл үшін қажетті шараларды орындау, тазалықты сақтау;

2) Рух алдындағы міндеттер: рухты негізсіз және жалған сенімдерден тазарту, дұрыс және берік сенімдерді орнықтыру, дұрыс және пайдалы білімдермен қаруландыру, жаман ойлар мен жағымсыз мінез-құлықтардан тазарту, жақсы ойлар мен тамаша мінез-құлықтармен безендіру. [6].

«Ислам заңының бес мақсаттарының бірі – адамның денсаулығы мен ақылын сақтау, сөйтіп осы мақсаттарды орындау үшін заңдар мен үкімдер шығарған.

Денсаулықты немесе ақылды зардапқа ұшырататын нәрсенің барлығына тыйым салынған, ал, қазіргі заманда, әсіресе, жастардың арасында темекі шегу, сондай-ақ нашакорлық әдеті кең етек алуда. Ол екеуі де адамның денсаулығы мен санасына ашық зиянын тигізеді» [7].

Пайғамбар жаннат тұрғындарын сипаттап:

«*Ол жерде жастар отыз жаста*»³, - деген. Сондықтан кім жастық кезінде өзіне зиян келтірсе, онда қартайған шағында зардап көреді. Ол үшін осындай улы заттардың өзі жеткілікті-ақ. Себебі, ғылыми-зерттеулер шылым мен кальянның білдіртпей өлімге апаратынын өкпе тесіктерінің бітелу ауруына себепкер болатындығын дәлелдеген»

Шылым шегумен қоса қазіргі замандағы адамзаттың қасіреті нашакорлық болып отыр. «Кейбір жастар есірткі заттарды қолдануды көңіл көтеру, еріктілік, рақаттану, қиындықтан арылу деп ойлайды. Негізінде нашакор адам санасының қозғалысына, жоғары ойлау жүйесінің қалыптасуына мұқтаж. Себебі, ол қандай да бір затты пайдалануға қалыптасқан адамға наркотикалық зат жүйке жүйесіне әсерін тигізіп, наркотикалық затты қолдануын тоқтатуына қауқарсыз етеді.

Сондай-ақ оның қоғамдық қарым-қатынастарын бұзуымен қоса, қиындықтардың орын алады, дене мүшесінің саулығына, ішкі дүниесінің өзгеруіне әсерін тигізбей қоймайды.

Сол үшін де нашакор:

1. Ол – қоғамдағы ісіне тұрақсыз, беріксіз жан.

2. Басқаларға ең төменгі жақсылықпен болса да, қызығушылық танытпайтын, бойына менмендікті жиған жан.

3. Ең қиындығы – есірткі заттарына қаржы табуда жылдам ләззаттануы үшін, қандай да бір құралмен болса да, сол күшті құмарлықтың айызын қандыруы бар құштарлығымен және қатерлерге де бас тигеді.

4. Туа біткен болмыстағы жүйелілік, армандау мен қалау күдіреті, өзіне-өзі сенімділігі жойылады және өз жауапкершілігінен қашады.

5. Ауруының барлық түрлері жоғарғы сатыда болып, кінәлаушылық қиындығына және біреудің өзінің мазасын алуына шыдай алмайды.

6. Адамның табиғи болмысындағы адамдармен қарым-қатынастары бұзылып, тұлғалық қатынастары әлемдегі есірткі заттарына тәуелді нашақорлардың санатына қосыла бастайды.

Осылайша ол қоғамнан алыстап жалғыз өзі қатігездене өмір сүреді. Ал, наркотикалық заттарға тәуелділігінің қатерлі әсері – жеке өзін, отбасын, қоғамын құрдымға кетіру.

Сондай-ақ оның қиындығы тәніне, ішкі жан дүниесіне, табысына әсер етеді. Егер есірткілік зат – денесіне дәрігердің нұсқауынсыз енетін болса, дененің әртүрлі жүйелері кейбір тәуелділікке ұшырайды, қуаттылығы мен жігерлігі, міндеттілік теп-теңдігі бұзылады. Нашақорлық – денені әлсірететіндіктен ерлі-зайыптылардың арасындағы жыныстық қатынасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар нашақорлық ақылдың бір тұлғалы ойлау, еске алу, елестеу, көңіл бөлу, жинау, қалау, жалпы бейнеде дұрыс пікірлесу тұрғысынан міндеттілікті атқаруларына, разы болу, қуану, мас болу, қайғыру тұрғысынан адамның көңіл-күй жағына ауады. Нашақордың қоғамдық қарым-қатынастары – нөлдік дәрежеге дейін түсіп, жағдайы тек есіркелік затпен, оны сатушымен және соны пайдаланушы жолдастарымен ғана қарым-қатынас жасасады [8].

Жоғарыда келтірілген бойынша, шылым шегудің қатерлілігі есіркелік заттарға тәуелділіктің қауіптілік дәрежесінен төмен болса да харам етілген. Ал есірткі заттарын қолдану қатері үлкен болуына байланысты харам екендігінде дау жоқ. Аллаһ тағала:

«(Мұхаммед (с.а.у.) олар сенен арақ пен құмар (ойыны) жөнінде сұрайды. Оларға:

«Екеуінде де зор күнә бар. Адамға пайдасы бола тұра, пайдасынан көрі күнәсі үлкенірек»-де»;

Алғашқы аят – арақ ішудің үлкен күнә екендігін ашық білдіреді. Ал екінші аят – барлық күнә атаулының барлығының харамдығын, яғни тыйым салынғандығын білдіреді. Егер осы екі дәлелден қияспен (қиыстыру, салыстыру) нәтиже жасар болсақ, онда алғашқы дәлел – арақтың күнә екендігін, ал, екінші дәлел – барлық күнә атаулының харамдығын білдіреді, нәтижесінде барлық арақ, яғни, спиртті ішімдіктердің барлығы да харам екендігін білдіреді.

«Ислам әлемдік дін ретінде әлемнің түрлі ұлттары мен ұлыстарының мәдениеті мен дүниетанымдық, өмір бағдарлық және жүріс-тұрыс, мінез-құлық ұстанымдарының, бағыт-бағдарының негізінде жатыр. Ислам барша адамзатқа рақымшылықпен жіберілген. Ислам құндылықтары мен тәлімдері әлемнің 2 миллиардқа жуық мұсылмандарына ортақ. Ислам діні барша адамзатқа жіберілгендіктен, ислам құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтармен үндес. Бейбітшілік пен рақымшылық, тазалық пен инабаттылық, мейірімділік пен кішіпейілдік, мәрттік пен адалдық мұраттары ислам дінінің адамзат үшін бейбітшілік пен тыныштық діні болғандығын көрсетеді» [9].

Исламдағы нәсілшілдікке, әсіресе, ұлтшылдық пен кемсітушілікке тиым салынатын қағидалары қазіргі таңда өте өзекті. Адамдарды нәсілі мен ұлты, атақ-дәрежесі мен шығу тегіне қарап емес, адамның тақуалығы мен көркем мінезіне, рухани кемелдігіне және адамдығына қарап таразылау әр мұсылманға тән мінез болуы керек. Қарапайымдылық және қайырымдылық, жомарттық және таза имандылық мұсылман адам өмірінің мәні болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Пайғамбарлар қиссасы. Алматы, 2007. 8-бет.
2. Негізгі діни мағұлматтар. Алматы, 2008. 277б.
3. Генеральный секретарьВсемирной Ассамблеи Исламской Молодёжидоктор Мани Хаммад аль-Джухани / hth. //www.tauhid.lact.ru /e/

4. Ата әс-Сынбаты Ислам және жастар – Алматы, «Көкжиек -Б» баспасы, 2012. 20-21бб.
5. Бұл да сонда. 110-111бб
6. Негізгі діни мағұлматтар. Алматы, 2008. 277б
7. Ата әс-Сынбаты Ислам және жастар – Алматы, «Көкжиек -Б» баспасы, 2012. 184 б
8. Абдуллах Насих Ульван. Роль молодежи в распространении Ислама. / <http://www.tauhid.lact.ru/e/>
9. Есім Ғ. Адам-зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. - Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.

Құдайберген А.Т.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Бағашаров К.С.
филос.ғ. д., профессор

ИСЛАМДАҒЫ ЖАНҰЯ

Ислам дінінің көзқарасы бойынша неке қиюдағы мақсат тек қана табиғи қажеттіліктерді өтеу ғана емес, сонымен қоса иманды отбасы мен салауатты қоғам құру. Сүйікті пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандарды үйленіп, отбасы құруға шақырып, бұл істің зинадан сақтап, тақуалыққа апаратынын айтқан. Ал үйленуге халі жетпейтін жастарға ораза ұстауды насихат еткен, себебі бұл амалдар тыйым салынған нәрселерден қайтарады. *«Неке – менің сүннетім. Кім менің сүннетім бойынша амал етпесе менен емес. Үйленіңіздер! Себебі, мен басқа үмбеттерден сендердің көптіктеріңмен мақтан етемін. Кімнің шамасы келсе, дереу үйленсін. Кімнің оған шамасы келмесе, ораза ұстасын. Себебі ораза – құмарлық сезімді басады»*. Мұсылман адамға кез-келген әйел затымен үйленуге болмайды. Шариғат бойынша мұсылман ерге мұсылман немесе кітап иелерінен (яһуди мен христиан) әйелдерге үйленуге рұқсат етілген. Ал мұсылман әйелдерге кез келген кәсірге үйлену, мейлі ол христиан, атеист, индуист болса да қатаң тыйым салынған, себебі Ислам бойынша күйеуі әйеліне қамқоршы саналады, әйелі оған бағынуы тиіс, ал иман келтірген әйелдерге басқа діндік адамның қамқоршы болуы мүмкін емес. Бұндай неке харам саналады.

Үйлену шариғатымызда парыз болмағанымен, егер адамның жыныстық қатынасқа деген құлшынысы себебінен харамға түсу қаупі болса, ол міндетті түрде үйленуі қажет. Шариғат бойынша ер адамға төрт әйелге дейін алуға рұқсат етілген, бірақ оларға әділдік ете алмаса бір әйелмен шектелген жөн. Үйленер алдында болашақ жұбайлар бір-бірін оңаша емес (Шайтанның азғыруынан сақтану үшін үйленбеген ер мен әйелге оңаша қалу — харам), әйел адамның қамқоршысың қарамағында көріп, тақуалығын, Исламды ұстану деңгейін білу керек. Оның үстіне болашақ жұбай туралы сенуге лайықты адамдардан сұрауға болады, және бұл өсек саналмайды. Көпшіліктің арасында таралған нанымға қарамастан, Исламда әйел адамды, не ер адамды мәжбүрлеп неке қидыртуға болмайды. Некенің шарты болып екі жақтың келісімі саналады. Неке заңды болу үшін әйел адамның қамқоршысы (уәли — әкесі, атасы, ағасы, көкесі немесе жақын тумалары) келісім беру керек. Уәлидің келісімінсіз қиылған неке заңсыз саналады.

Қазақ халқының *«Отан отбасынан басталады»*, *«Отбасы – шағын мемлекет»* деген ғибратқа толы қанатты сөздерінде терең мән-мағына жатыр. Әрбір жанұя өзінше бір Отан. Оның басшысы отбасының қамқоршысы мен тіреуі – ер адам. Адамзаттың абзалы ардақты

Елші Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадисінде: «*Ер кісі отбасының бақташысы. Сондықтан да ол – қол астындағыларға жауапты*», — деген. [2] Отбасы босағасының берік, шаңырағының биік болуы, ондағы жанұя мүшелерінің тату-тәтті өмір сүруі – бір-бірлерінің алдындағы құқықтар мен міндеттерді орындауларына тікелей байланысты. Бабаларымыз: «*Екі жақсы қосылса, өлгенінше дос болады. Екі жаман қосылса өлгенінше өш болады*»,— деп тектен тек айтпаса керек. Ерлі-зайыптылардың түндігі бүтін, түтіні түзу бақытты отбасы қатарынан табылуы үшін бір-бірлеріне қатысты құқықтар мен міндеттерді біліп, оларды іс жүзінде жүзеге асыруы қажет. Өкінішке орай, «*Үйлену оңай, үй болу қиын*» – демекші, бүгінгі күнде ажырасқан отбасылар қатары көбейіп келеді. Бірін-бірі шынайы сүйеміз деп «екі жарты, бір бүтін» болып шаңырақ көтерген екі жастың арасына жік түсіп, бір-біріне деген ыстық сезімдерін жоғалтып, шаңырақтың шайқалуына нендей нәрсе себеп болды екен? – деген сауалдың астарында көбінесе ер мен әйел бір-бірлерінің алдындағы міндеттерін орындамаудан туындап жатады.

Ер мен әйелге қатысты міндеттердің ең маңыздысы төмендегідей. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Ерлердің әйелдердегі хақылары сияқты, әйелдердің де ерлерінде белгілі хақылары бар» [3] - деп айтқан. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «*Шын мәнінде, әйелдеріңнің сендердің алдында және сендердің әйелдеріңнің алдында тиісті міндеттерің бар*» [4], -деп ескертті. Жаратқан Иеміз қасиетті Құран аяттарында, сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асыл хадистерінде көрсеткендей мұсылман ерге әйелінің алдында бірнеше міндеттер жүктеледі.

Бірінші: Сүйікті жұбайыңа жұмсақ мінез танытып, әрдайым көркем мәміледе болу. Өйткені әйел адам – ер азаматтың өмірлік адал жары, кеңесер қабырғасы, қуанышта да, қайғыда да қасынан табылатын сүйеніш досы. Ата-бабаларымыз әйелзатын бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен дүниені тербеткен абзал жан, асыл ана деп бағалаған. Сондықтан да ол – жұмсақ мінез бен көркем мәміле жасауға ең лайықты пенде. Әйелге лайық, отағасылық міндетті атқару әрбір мұсылман ерге парыз. Себебі, әйелзаты Жаратқан Иенің ер адамға тапсырған аманаты болғандықтан, сол аманатқа қиянат жасау мұсылмандыққа тән қылық емес. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «*Әйелдеріңізде (олардың хаққысында) Алладан қорқыңыздар! Өйткені сіздер Алла алдында оларды аманат етіп алдыңыздар*», [5]— деген. Сондай-ақ, тағы бір хадисте: «*Әлбетте, жұбайыңның сенде хақысы бар*» [6]— деп әйелдерімізге қатысты міндеттерді ұмытпауға үндеген.

Екінші: Әйелдің киімін, ішер асын, тұрар ұйын қамтамасыз ету, балағаттамау, елдің алдында дауыс көтеріп сөкпеу. Муғауия ибн Хайда (р.а.): «*Мен: «Уа, Алла Елшісі! Әйелдерімізге қатысты бізге не нәрсе міндеттелінді?» – деп сұрағанымда, Ол (с.ғ.с.): «Өзің жегеніңнен жегізу, өзің кигеніңді кигізу. Және оның бетінен ұрма, сондай-ақ балағаттап жаман сөз айтпа! Үйіңнен тыс орында дауысыңды көтеріп ұрыспа!*» [7]— деп жауап қатты. Міне, Ислам діні – отбасын материалдық һәм рухани тұрғыдан қамтамасыз етуді ер адамға жүктеді. Өмірлік жарының киім-кешегі мен ішіп-жеуі күйеуінің мойнында. Ардақты Елші (с.ғ.с.): «*Әйелдерге келер болсақ, олар сендерден өздерін жақсы киіндіруілерің мен тамақтандыру-ларыңды талап етуге құқылы*» [8] деген. Жоғарыдағы хадисте әйеліне қол көтеріп ұрып-соғуға, ауыр сөздер айтып ренжітуге, дауыс көтеріп кіжіндеуден қайтарған. Керісінше әйелінің алдында сөзімен де, ісімен де, жан дүниесімен де жан-жақты әдемі көркем болуға тырысу керек. Алла Елшісінің (с.ғ.с.) майталман сахабасы ибн Аббастың (р.а.) нақыл етуі бойынша: «*Әйелдің мен үшін көркем әсем болғанын ұнатқанымдай, өзімнің де әйелімнің алдында көркем болғанымды қош көремін. Өйткені, Алла: «Ерлердің әйелдердегі хақылары сияқты, әйелдердің де ерлерінде белгілі хақылары бар*», [9]— деген.

Үшінші: Бала тәрбиесінде жұбайына жәрдем беріп, отбасы мүшелеріне пайдалы білім үйрету. Білім үйрету дегеніміз жұбайы мен бала-шағасына екі дүниенің де азабынан құтқаратын пайдалы білім алуына жағдай жасау және дініміздің талаптарын орындауға баулу. Омар (р.а.): «*Үй-ішінді намаз оқуға бұйырып, өзің де оған көңіл бөл*» [10], – деген аят түсірілген кезде: «*Уа, Алла Елшісі! Біз Алла Тағаланың азабынан сақтануға тырысамыз. Ал, отбасымыз-ды қалай қорғасақ болады?»*, — деп сұрағанда, Ол (с.ғ.с.): «*Алла сендерді не нәрседен қайтарған болса, сендер де отбасыларыңды содан тыйыңдар! Сондай-ақ Алла*

сендерге нені істе деп бұйырса, сендер де бала-шағаларыңа соны бұйырыңдар!» – деп жауап береді»[11]. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұл дүние – өткінші (рақат). Сол өткінші жалған дүниенің ішіндегі ең абзалы – ізгі әйел»[12] – деген болатын. Ендеше, бес күндік қамшының сабындай мына жалғандағы ең қымбат дүниеміз – әйел затын ардақтап, өз міндеттерімізді толыққанды орындайық.

Мұсылман әйелдің күйеуі алдындағы міндеттері: Бірінші: Күйеуінің көңілін тауып, Құдайдың тыйым салмаған істерінде оған бойұсыну. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Әйел бес мезгіл намазын оқыса, оразасын тұтса, өзінің ар-намысын қорғаса және еріне бағынған жағдайда оған: «жұмаққа қалаған есіктен кір»[13] деп айтылады», – деп айтты. Ал Муаз ибн Жәбал (р.а.) Алла Елшісінің былай дегенін жеткізеді: «Егер мен Алладан өзгеге сәжде жасауды бұйыра алғанымда, әйелге күйеуінің алдына сәжде жасауын бұйырар едім. Мұхаммедтің жаны қолында болғанмен ант етемін! Әйел адам күйеуінің алдындағы міндеттерін орындамайынша өзінің Раббысының алдындағы міндеттерін орындамайды. Және күйеуі оны, тіпті ол ертоқымның үстінде отырғанда қаласа да, әйелі күйеуіне бұл нәрседе қарсы келмеуі керек», [14] – деген. Дінімізде жұбайының күйеуіне мойынсұнуының жоғары болғаны сондай тіпті, нәпіл ораза құлшылықтың өзінде ерінің бір ауыз рұқсатына тәуелді. Сондай-ақ, әйел адам шаңырақ иесінің абыройын сақтап, намысын қорғауға, оның рұқсатынсыз бөтен кісілерді үйге кіргізбеуі керек. Хадисте: «Ал, сендердің әйелдеріңдегі хақыларың олар төсектеріңе бөтен біреуді отырғызбаулары, үйлеріңе сендер қаламаған адамды кіргізбеулері тиіс»[15].

Алла Елшісі бірде Омарға (р.а.) былай деді: «Адамның қолындағы ең жақсы қазынаның не екенін айтайын ба? Ол – игі әйел, егер күйеуі оған қараса, қуантады, егер оған бұйырса, айтқанды орындайды, ал үйде болмаған кезде оның ар-намысын қорғайды. Ибалы жар ешқашан күйеуінің рұқсатынсыз көше кезіп кетпейді. Бір жерге баратын болса міндетті түрде ерінен рұқсат сұрайды. Екінші: Әйел күйеуінің сырын сақтап, оны ешкімге жар салып таратпауы тиіс. Сонымен қатар, күйеуін ренжітіп мұңайтатын әрекеттер мен қылықтардан бойын аулақ ұстап, үй шаруасы мен тамақтың уақытында әзір болуын жіті қадағалауы маңызды. Халқымыз: «Жақсы әйел, жаман еркекті түзетеді», -дегендей күйеуінің көңіл-күйі болмаған кездерде де төзімділік танытып, ашуды сабырға жеңдіре білуі керек. Хадисте: «Әйел – өз күйеуі мен үйінің және балаларының бақташысы, сондай-ақ сол үшін жауапты», -делінген. Сондықтан да, әйел адам өзіне қатысты міндеттерді үлкен жауапкершілікпен орындап, үй иесі ерін қуантатын болса, мұндай жардың барар орны – жәннат болмақ. Қысқасы, күйеуін риза етуге тырысқан жар пейішке барады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қайсы бір әйел күйеуі одан риза болған күйінде жан тәлім етсе, әлгі (қайтыс болған)әйел жәннатқа кіреді»[16],– деп сүйіншілеген.

Көп жағдайларда ерлі-зайыптылар өздерінің міндеттерін толықтай орындамаудың соңы шаңырақтың шайқалуына, талай отбасының еріксіз ажырасуына апарып жатады. Қазіргі күнде ажырасудың өзекті мәселенің біріне айналғаны да жасырын емес. Біле-білсек бір-бірлерімізге қатысты міндеттерді толыққанды орындағанда ғана отбасы бақытына бөленіп, қоғамымызда ажырасу мәселесі шешімін табар еді. Әрине сыныққа сылтау іздегендерге ажырасудың мың сан себептері табылады. Алайда, ажырасуды – Жаратқан жақтырмайтын іс екендігін ұғынуымыз қажет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың құзырында рұқсат етілгенімен, қатты ұнамсыз іс – ажырасу»[17], – деп текке айтпаса керек. Иә, себепсіз ажырасуды Жаратқан қош көрмейді. Алайда, жұбайлардың жарасуы қиынға соққан жағдайда ерлі-зайыптылардың мүддесі мен пайдасы үшін ажырасу мәселесі қажеттілікке айналуы да мүмкін. Осы жағдайда талақ – ерлі-зайыптылар мен олардың жақын-жуықтарына қаншалықты қиындыққа соқса да, ушыққан ұрыс-керісті доғарудың бірден-бір жолы болмақ. Сонымен қатар Алла Тағала ерлі-зайыптылардың «ажырасамын» деген райларынан қайтуға мүмкіндік пен уақыт беріп, некені тек әйелдің үш етеккірден тазарған кезінде ғана бұзуға рұқсат етті. Демек, ер адам әйеліне талақ бере сала әйелінің үш етеккірден тазарғанын күтпестен үйінен себепсіз қуып жіберуіне болмайды. Алла Тағала қасиетті аятта: «Уа, Пайғамбар! Қашан әйелдерді талақ етсеңдер, оларды белгілі мерзімінде ажыратыңдар және ол мерзімді есептеңдер. Раббыларың Алладан қорқыңдар. Оларды үйлеріңнен шығармаңдар әрі өздері де кетпесін, тек ашық арсыздық істесе ғана болады. Ал қашан олардың мерзімдері

жетсе, оларды дұрыстықпен ұстандар немесе туралықпен ажырасындар»[18] – деп үкімін баян етті.

Болмашы ұрыс-керіске бола ерлі-зайыптылар Алланың ақ некесін бұзып, ажыраса берсе, елдігіміздің келешегі жас ұрпаққа кім дұрыс тәлім-тәрбие береді. Асыл дініміз – талақ беру құқығына ер азамат лайығырақ деп есептеп, аталмыш құқықты оған берген. Әйел адамға бұл құқық берілмеген. Себебі, талақ ету құқығы әйел адамға берілетін болса, ол болмашы нәрсе үшін некені бұзып жіберуі мүмкін. Тек некеге отыру кезінде әйелі ажырасу құқығын шартқа қосқан болса, онда ол басқа мәселе. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Қандай әйел себепсіз күйеуінен талақ сұрамасын, ол үшін жәннаттың иісі харам болады»[19] – деп жән-жосықсыз ажырасуға тыйым салған. Осы хадиске түсінік берген ғалымдардың бірі аш-Шауқани: «Бұл хадисте әйелдің күйеуінен талақ сұрауына қатаң түрде тыйым салынғанына нұсқау бар! Өйткені кім жәннаттың иісін сезбесе, демек, оған кірмейді емес пе!?»[20] – деп ойын білдірген. Тіпті, ерлі-зайыпты жұптар Алланың қош көрмейтін «талақ» сөзін ойнап болсын айтудан аулақ болу керек. Өйткені, қалжыңдап айтылған талақ та ескеріліп, талақ ретінде есептелуі ықтимал. Бір топ ғалымдар әзілдеп айтылған талақ ескеріліп есептеледі десе, келесі ғалымдар ниетке байланысты деп айтқан. Әбу Һұрайран (р.а.) жеткен хадисте Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Үш нәрсенің әзілі де шын, шыны да шын: үйлену, талақ ету және қайта еріне қайту»[21] – деген болатын.

Отбасында ер мен әйел – шаңырақтың негізгі іргетасы саналатындықтан, жұбайлық өмірдің ыстық-суығын бірге төзіп, жарасымды тіршілік ету парыз. Дана халқымыз: «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар, екі жаман қосылса, ырылдасып айрылысар», – дегендей көз көргенде қуанатындай үйлесімді жұп болғанға не жетсін!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Халис ансиклопелиси, XVII, 187-б.
2. Бұхари 853- халис.
3. ибн Касир. Тафсир әл-Қурән әл-азим. I т. – 336 б. – 734 бет.
4. Тирмизи. III т. – 467 б. (№ 1163 халис). – 668 бет.
5. Нәсаи. II т. – 421 б. (№ 4001 халис). – 489 бет.
6. Бұхари II т. – 696 б. (№ 1873 халис). – 982 бет.
7. Найсабұри. II т. – 204 б. (№ 2764 халис). – 684 бет.
8. Сүнән ибн Мәжа. – Бейрұт: Ләһ әл-фикр. I т. – 594 б. (№ 1851 хадис). – 690 бет.
9. Байһаки. VII т. – 295 б. (№ 14505 хадис). – 481 бет.
10. «Таһа» сүресі. 132-аят.
11. Мұхаммед Саил Тантави. Әт-Тафсир әл-васит. I т. – 4256 б.
12. Мұхаммед ибн Сәләмә ибн Жағфар Әбу Абдуллаһ әл-Қадағи. Мүснәд әш-Шиһаб. II т. – 236 б. (№ 785 халис). – 346 бет.
13. Ахмал III т. – 199 б. (№ 1661 халис). – 508 бет.
14. Байһаки. VII т. – 292 б. (№ 15108 халис). – 481 бет.
15. Сүнән ибн Мәжа. I т. – 594 б. (№ 1851 халис). – 690 бет.
16. Байһаки. VI т. – 421 б. (№ 8744 халис). – 547 бет.
17. Байһаки. VII т. – 322 б. (№ 14671 хадис). – 481 бет.
18. «Талақ» сүресі. 1-2 аяттар.
19. Имам Ахмал. 5/277. 1201 Нәйлүл-әвтәп. 12/371.
21. Найсабури. II т. – 216 б. (№ 2800 хадис). – 684 бет

Құлтайқызы Гаухар
«Дінтану» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекші
Мейірбаев Б.Б.
филос.ғ.к., доцент

ТОРО КІТАБЫ

1-ші кезең б.д.д. II мың жылдықтан б.д.дейін (храмға дейінгі кезең). Бұл кезеңде семит тайпалары Мысырдан көшіп Хананды (Палестинаны) жайлай бастайды. Тәураатта айтылған

Ханнан: «шұрайлы кең жер, онда сүт пен бал ағады» (Шығу 3:8), - деп айтылады. («Я выведу вас от угнетения Египетского в землю где течет молоко и мед» осылай айтылады.

Құдай Ибраһимнің (Авраам) ұрпағына осы жерді уәде еткен оны бәріміз білеміз. Ол туралы көне өсиетте «Уәде етілген жер» (земля обетованная) - деген сөздер (Болмыс 21:1;13:15;15:18-21) кездеседі. Палестинада жергілікті халықты бағындырып, еврейлер онда патшалықтарын құрады. Алғашында біртұтас мемлекет, кейін Израйл-Иудей патшалықтарына бөлініп кетеді. Бұл дәуірлерде көне еврейлер көптәңірлік сенімде болып, кейін Мысырдан қашып келе жатқанда Синай тауында Мұса пайғамбарға Құдайдан Тәурат кітабы түседі. Осы кезден еврейлер Иахве құдайына сиына бастаған.

Б.д.д.VIIIғ. аяғына дейін (б.д.д. 621ж. дейін) - Иерусалимде Сүлеймен (Соломон) патша б.д.д. 945 жылы Иахве құдайға арнап храм салдыртады. Ол Иерусалим храмы деп аталды. Храмның ішкі бөлігі бірнеше тонна алтынмен әрленеді және онда Көне өсиет (қасиетті кітап) сақталынып, арнайы құрбандық шалынатын. Еврейлер көптәңірлік сенімдерінен ажырамай, Иосий патша б.д.д 621 жылдары оған тыйым салады.

Б.д.д.VIғ. (б.д.д. 587/586ж) Израйлды вавилон патшасы Навуходоносор II басып алады. Храм қиратылып, еврейлердің көпшілігін тұтқындап алып кетеді. Иудейлік вавилон тұтқыны кезеңінде еврейлердің өз мемлекетін қалпына келтірудегі күресінің негізгі болды.

Б.д.д 538ж. Парсы патшасы Кир Вавилонды бағындырып, 515 жылдары еврейлерді еліне қайтарады. Еврейлер қиратылған храмды қайта салады. Осы кезден бастап еврейлердің басқалармен некеге тұруына тыйым салынып, еврейлер тұйық діни қауымға айналады. Палестина парсылардан кейін А.Македонский империясына бағынып, б.д.д 63 жылы оны Рим басып алды. Осы дәуірлерде храм қайта жөнделіп кеңейтіледі.

Б.д 66-70 жылдары еврейлер Римге қарсы екі рет көтеріліс жасап жеңіліп қалады. Бұл оқиғалар еврейлерде “Ұлы көтеріліс”, ал римдіктерде “Иудей соғыстары” деген атпен белгілі. 132-136жж Бар-Кохба бастаған көтерілісте жеңіліс табады. Осы оқиғадан кейін Израйл өз тәуелсіздігінен толық айрылады, храм өртеліп, 1 млн-ға жуық еврейлер өлтірілген. Сол дәуірлерде еврейлердің саны 4-4,5 млн, оның 1 млн-н астамы Палестинада тұрған.

Еврей халқының тарихында бұл оқиғалар «Ұлы қасірет» деп аталды. Қазіргі таңда Иерусалим храмының тек батыс қабырғасының бір бөлігі ғана сақталынған, ол еврейлер үшін қасиетті жер – «Жоқтау қабырғасы» (Стена плача) деп аталады. Діни сенімдегі еврей Құдайдан храмның қалпына келуін тілейді.

Б.д I-IIғғ-1948ж. дейін “диаспора кезеңі”. Бұл дәуірде еврейлер әлемге тарыдай шашырап кетеді, оның себептері: Римнің оларды империяның басқа аймақтарына көшіруі. Палестинада бүкіл еврейдің төрттен бірі ғана тұрып, көпшілігі Еуропа (Испания, Германия және т.б.), Азия және Америка елдерінде қоныстанды. XIXғ бастап еврейлер тарихи отанына (Құдайдың уәде еткен жеріне) қайту мәселесін көтеріп, ақыры 1948 жылы Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен Палестинада Израйл мемлекетін құрды. Иудаизм дінінің қасиетті жазбалары Иудаизм қасиетті жазбаларын екіге бөліп қарастыруға болады. Олар: Танах (Қасиетті жазу немесе Көне өсиет); Талмуд (ауыздан-ауызға жеткен діни әдебиет); Иудейлердің Танах деген қасиетті кітаптарын Христиандар Көне Өсиет деп атайды. Танах б.з.д V ғасырда толық жазылып бітті. Танах үш бөлімнен тұрады: Тора (Таурат), Невиим және Кетувим. Танах атауы негізінде жоғарыдағы үш бөлім кітаптың ивритше басқа әріптерінің құралуынан пайда болған сөз. Танахты құрайтын кітаптардың саны жөнінде Иудейлер мен Христиандар арасында ғана емес, сонымен бірге Христиандардың өз араларында талас-тартыс бар. Христиандар Көне Өсиет деп атайтын иудей қасиетті кітабы – Танахтың 39 кітаптан құралғанын айтса, еврейлер Танахты өзге кейбір кітаптармен қоса 24 кітап деп есептейді. Жалпы жіктеу бойынша Тора – 5, Невиим – 21, Кетувим – 13 кітап, осының бәрін қосқанда Танахтың 39 кітабын құрайды. Және бұл кітаптар жинағы Еврейлердің Інжілін құрайды. I.Тора – заң, шариғат, әмір, сабақ, жол көрсетуші деген мағыналарды білдіреді. Еврейлердің қасиетті кітабының бірінші бөлімін араб тілінде Таурат, иврит тілінде Тора дейді.

Бұл алғашқы бөлімнің өзі 5 кітаптан тұрады. 5 кітаптың ивритше атауы «хумаш» деп аталады. Жазбада тарихи мәліметтерден басқа Құдайдың еврейлерге Мұса арқылы берген діни қағидалары қозғалады. Сонымен қатар Тораның 2 бөлімінде Мұсаға Синай тауында аян етілген 10 бұйрық баяндалады. Олар:

1. Сені Мысыр жерінен, құлдық мекенінен шығарған Тәңір – Менмін;
2. Менен басқа тәңір жоқ. Кеңістікте, жер бетінде және жер астында, теңіз тұңғыықтарында тіршілік еткен жаратылыстардың бейнесін жасамайтын боласың, оларға ешқандай сипатта табынбайтын боласың;
3. Құдайдың есімін құр ауызына ала бермейсің;
4. Сенбі күнін әрдайым есіңе алып, оны қасиетті санайтын бол. Аптаның алты күнінде жұмыс істеп, жетінші күні демаласың. Сенбі – Құдайдың арнайы жалпы демалыс күні. Ол күні сен де, ұлың да, қызың да, қызметкерің де, тіпті жануарың да, қысқасы ешбіреуің жұмыс істемейсіңдер;
5. Ата-анаңа құрмет көрсетесің;
6. Ештеңені өлтірмейтін бол;
7. Зина жасамайсың;
8. Ұрлық жасамайсың;
9. Жалған куәгер болмайсың;
10. Ешкімнің үй-жайына, әйеліне, қызметшісіне, қысқасы саған қатысты емес нәрселерден дәмелі болмайсың; Торада орын алған 5 кітап бар олар мыналар:

1. Берешит (Болмыс) – Бұл бөлімде алғашқы адамның және әлемнің жаратылуы; Адамның істеген күнәсі, оның жер бетіне түсуі және ұрпақтары туралы хикаяларды әңгімелейді. Бұдан басқа, дүниежүзілік Нұх пайғамбардың топан су оқиғасы, Жақұп ұлдарының, яғни Исраил (Жақұптың лақап аты) ұлдарының Мысыр жеріне орнығуына дейінгі тарихы, Сәм ұрпағы әсіресе Ибраһим, Ысқақ, Жақұп, Жүсіп және Әсбат қиссалары егжей-тегжейлі баяндалады. Ол 50 баптан тұрады.

2. Шмот (Шығу) – Бұл бөлімде израилдіктердің Перғауыннан көрген азаптары, Мұсаның тарих сахнасына шығуы және Мысырдан Синайға сапар шегулері түсіндіріледі. Сина шөлінде бастарынан кешірген «тиһ» (босқындық) кезеңі барысындағы тарихы қамтылған. 40 тан астам баптан құралған.

3. Ваикра (Левит) – Левилер Жақұптың ұлдарының бірі «Леви» немесе «Левидің» ұрпақтары және Мұса мен Харун пайғамбарлар да осылардан келіп шыққан. Левилер еврей шарифатының басшылары, әрі ғибадатхана шырақшылары болуымен қатар құрбандық шалу амалдарына да жетекшілік қылған. Сондықтан да басым бөлігі олардың жетекшілік еткен ғибадаттарын қамтығандықтан бұл кітап олардың атын алды. Бұл жерде көріпкелдер мен олардың көмекшілерінің Шатыр ғибадатханасындағы (Мишкан) қызметтері және кейбір маңызды моральдық-этикалық қағидалар баяндалады. Одан басқа, құрбандық шалу, күнәлардың жазасы, харам саналған ас-ауқаттар, тыйым салынған некелер, діни құлшылық рәсімдері діни мерекелер орын алады. 27 баптан құралған болатын.

4. Бемидбар (Сандар) – израил ұлдарының баябан шөлде бастан кешкендерін және бірқатар оқиғалар, халық санақтары, сауда-саттық заңдылықтары, кейбір шарифат заңдары, тастан су шығару, өлім-жітім және жыланның дертке шипалылығы туралы әңгіме болады. 36 кітаптан тұрады.

5. Дварим (Заңның қайталануы) – Таснияда Мұсаның бұл дүниеден өтпей тұрып, еврейлерге дін жайында айтқан өсиеттері, Мұсаның өлімі, жерленуі және Оның өліміне байланысты аза тұтылуы сөз болады. Мұсаның заманында болмаған бірқатар әдет-ғұрыптар жайлы әңгіме қозғалады; кейбір шарифат заңдары қайта қайталанатын; адамдардың бір-бірімен және Тәңірмен қандай қарым-қатынаста болу керектігі айтылады. 34 баптан құралған. II. Невиим (Пайғамбарлар) - Бұл кітапта пайғамбарларды әуелгілері – «ілгергі пайғамбарлар» (Невиим Ришоним), кейінгі «соңғы пайғамбарлар» (Невиим Ахароним) деп екіге бөліп қарастырады. Сонымен қатар бұл бөлімде Мұса дүниеден өткеннен кейінгі еврей халқының тарихы баяндалады. Еврей халқы өз жерлерін қалай жаулап алып,

қоныстанғандығы, және жау көршілерімен соғысып, монархия орнатып өздерінің патшаларын таңдағандығы жөнінде айтылады. Сонымен қатар Храмның салынуы, мемлекеттің екі патшалыққа бөлінуі (Израильдік және Иудейлік), Израиль халқының Ассирияға қуылуы, Вавилон қуғыны мен Храмның қиратылуы суреттеледі. Бұл кітап халық тарихы сияқты болып жазылғанымен, негізгі мазмұны діни ілім. III. Кетувим (Қасиетті жазба) - Кітаптар, жазбалар мағынасын білдіретін Кэтувиим – Иудей қасиетті кітабының үшінші бөлімін құрайды. Еврейлер Невиим мен кэтувиймді еврей халқы өздерінің өмірлерінде кездескен сұрақтардың шешімін іздеп, ол туралы ой жүгіртіп оқып отырған. Және де бұл кітаптың үзінділері Құдайға құлшылық кезінде пайдаланылады. Талмуд б.д. III ғасыры шамасында пайда болды. Талмуд 2 бөлімнен тұрады. 1 бөлім – Мишна (Қайталау). Бұл Тораға түсіндірме. 2 бөлімі – Гемара (толық түсіндіру). Бұл Мишнаның түсіндірмесі.

Талмудта, қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар, отбасылық және жеке адам өміріне қатысты кеңестер бар. Талмудта 365 тиымдар және 248 бұйрық әмірлер жинақталған еврей әдет-ғұрыптар жүйесі бар. Бұл кітаптың иудаизм үшін маңыздылығы сондайлық, ол пайда болған уақытты Талмуд тарихы кезеңі деп бөліп атайды. Талмуд пен Тора пайда болған уақыты жағынан да, мазмұны мен құрылымы жағынан да бір-біріне ұқсамайды. Аталып өткен бұл Қасиетті жазбаларда дінге сенетіндердің өмірлерінің барлық жағын қамтыған әдет-ғұрыптарын, тіпті не ішіп, не жейтіндеріне, қандай киім киетіндеріне, таңды қалай атырып, күнді қалай батыратындарына, салт-жораларды қалай сақтап, еврейлік мерекелерді қалай өткізу керектігіне дейін егжей-тегжейлі тәптіштеп реттейтін күрделі жүйе белгіленген. «Еврей» деген сөз, ғалымдардың пайымдауынша, «өзеннің арғы бетінен келгендер» немесе «кезбелер» дегеннен шыққан. Еврейлер мен арабтар негізі бір ұрпақтан тарайтын нәсілдес халықтар. Көне замандарда еврейлер де Арабия түбегінде тұрып, мал бағумен күн көрген.

Беймәлім себептермен олар оқшауланып, батысқа Сирияға, Жерорта теңізі аумағына қарай қоныс аударылды. Ефрат өзенін кесіп өткен. Бәлкім, осы себепті «өзеннің арғы бетінен келгендер» дегеннің осымен байланысты шығуы. Яһуди: Ысқақұлы Жақыптың он екі баласы бар еді. Төртінші ұлының есімі Яһуда болатын. Оның есіміне байланысты иسرائл ұлдары Яһуди деп аталып кеткен. Палестинаның оңтүстік аймағында құрылған Яһуда патшалығы да осы атаудың шығу төркіні деп есептеледі. Өйткені Иорданияның батысы, Самарияның оңтүстік аймағы Яһуда деп аталады. Езгіде болғандықтан жалпы халық Израильдіктер деп аталса, жеке тұлғалар бір-бірін яһуди (иудей) деп атаған.

Осылайша олардың ұрпақтары да қазіргі күнге дейін осы есіммен аталып келеді. Иسرائл (израил): Бұл атау жөнінде Торада егжей-тегжейлі жазылған. Дүниежүзілік еврей энциклопедиясында аталмыш сөздің негізгі мағынасы белгісіз екендігі, Торада «Тәңірмен күрескен» деп жазылғанына қарамастан, оның «Тәңірмен айтысып-тартысқан» деген мағынаға келетіндігі айтылады. Жақыптың «түн ішінде тәңірге жөнелген» деген мағынадағы «исрайл» деген есіммен аталғаны айтылады. Он екі яһуди тайпасы да Иسرائл атауымен аталған.

Алада бұл Сүлейменнен кейінгі екіге бөлінген елдің солтүстік аймағында қалған тайпалардың патшалығын сипаттау ретінде қолданылған. Сонымен қатар Бабыл қуғын-сүргіннен кейін Яһудияға қайта оралған еврейлер яһуда тайпасына жататындығына қарамастан, жалпы, иسرائлдіктер деп аталып кеткен. Иسرائл сөзі ең алғаш рет II Рамзестің ұлы Мернептахтың (б.з.д. 1232-1224 ж.ж.) бұйрығымен тұрғызылған «Иسرائл ескерткіші» деп аталған кітапта кездеседі. Көшпенді тайпалар Ханан жеріндегі өздеріне туыстас, бірақ отырықшы өмір сүретін тайпалармен қосылып, жаңа ұлтты құраған. Сенім қағидаттары, құлшылықтары мен әдет-ғұрыптары Еврей діни ілімінің негізі дүниені жаратушы бір күдіретті Яхве Құдайына деген сенім. Иудаизм – монотеистік дін. Құдай жалғыз, ол мәңгі жасайды, бәрін көреді, бәрін біледі, заттық сипаты, айқын кескіні жоқ. Сондықтан христиан дініндегідей оның суретін салу мүмкін емес. Тіптен оның есімін тура атауға болмайды. Сонықтан Яһудилер Құдайды Адонай деп атайды.

Еврейлер бойынша Құдай адамдардың қамын көбірек ойлайды, мейірімді, әділетті және адамдардың сондай болғанын қалайды. Торада Құдай: «сендер қасиетті болуға тиіссіңдер, өйткені Мен сендердің Құдайларың қасиеттімін» (Левит 19:2). Еврейлер Құдайға дұғаны тек Құдайға жасау керек деп сенеді. Иудаизмда құтқарушының келуіне деген сенім бар. Ол мессия (мәсіх) деп аталады. Мессия (Машиях сөзі) «Құдайдың нұры түскен» адам деген мағына береді. Сонымен қатар Мессия иудаизмда әлемге өзгерістер енгізуші. Иудаизм бойынша Мессия жер бетінде әділетті тәртіп орнатады деп есептеледі. Мессияны еврейлер жай адам және ол Давидтің ұрпағынан болады деп сенеді. Ол елбасқарушылық шеберлігімен және білімділігімен танымал болады. Раввиндер оның келу уақытын анықтауға келгенде үнемі қарсы болды. Соған қарамастан уақытын анықтауға тырысқандар болды. Тіпті кейбіреулері өздерін Мессия санады. Тарихта он екі жалған Мессия болған. Еврейлер шынайы Мессияның келуін күтуде, және күнсайын оның келуін тілейді. Иудаизмда адам бұл өмірмен қош айтысқаннан кейін, бұл өмірде істеген әрекеттеріне байланысты сый немесе жазаға лайық болады деп сенеді. Сый алумен Құдайға жақындау дәрежесін сезінеді.

Ауызша Тораның бөлімі Мидрашта: «Тақуалар Құдайдың жақсы орындарында болады» деп жазылған. Еврейлер жаза тек тазалану процесі ретінде қабылдайды. Тозақты мәңгілік азап орны деп сенбейді. Себебі адам бұл өмірде соншалық мәңгілік азап тұтатындай жамандық істемейді деп сенеді.

Еврейлердің түсінігінде тозақ тазалану мекені, ол жерде адам жаны күнәлардан тазарып, нәтижесінде Құдайға жақындауға лайықты болады. Еврейлер өлілердің қайта тірілуіне сенеді, жан мен тән қайта бірігеді. Библияда Құдайдың еврейлердің “мысыр тұтқынында қиналғанын көріп, Мұса пайғамбарға оларды уәде етілген жерге апаруына көмектескендігі айтылады. Ол Израил халқын одақ (Завет) құруға шақырады: “Егер сендер менің айтқаныммен жүрсеңдер, өсиетімді сақтасандар, онда барлық халықтың ішінен менің таңдаулы халқым, дін адамдарының патшасы және қасиетті халық боласындар”-дейді (Шығу.19:5-6). Осы одақ иудейлік дінінің негізгі екі қағидасын көрсетеді: 1.Иахве құдай-тек тәңір, құдірет иесі, ұлы жаратушы. 2.Еврейлер құдайдың сүйікті де таңдаулы халқы, олар қасіретке ұшырағанда құтқарушы (мессия) жіберіледі. Егер құдайға құлшылық етсе. Яһуди ғұрпы бойынша Ибраһим пайғамбар алғашқы яһуди.

Ал Христиандар Ибраһим пайғамбардың христиан екендігін айтса, Құранда яһуди де, христиан да емес ол ханиф мұсылман еді делінген (Әли Имран, 67). Ибраһим, оның ұлы Исхақ және немересі Якуб еврей халқының ата-тегі болып саналады. Иудаизм дінінің ережелері бойынша, осылармен Құдай Тағала өсиет шартқа тұрды, олардың ұрпақтарын көбейтуге және оларға Израиль жерін беруге уәде еткен. Аңыз бойынша Құдай Тағала Якубқа батасын беріп оған «Израиль» деген есім берді. Сондықтан оның барлық ұрпақтары Израиль ұлдары деп аталды. Басқа аңызда Якуб Исраил деген лақап атпен танылды.

Қорыта айта кетсем Еврей халқы Якубқа келіп пікірталастырады Якубты жене алмай «Тәңірімен күрескен» деген мағынада Исраиль деген болатын.Осылайша исраиль атауы шыққан делінеді. Құранда Исраиль, Исраил ұлдары/Бәни Исраиль, және Яһуди/Яһуд, Гаду сөздері кездеседі. Исраиль дегенде Якуб пайғамбар еске түседі. Яһудилер Иса пайғамбарға дейін Исраилұлдары деп аталса кейін Яһуди деп аталды. Еврей халқы өздерін құдайдың ықыласы ауған ерекше халықпыз деп санайды. Дін тек өздеріне ғана келген. Еврейлер өздерін құдайдың сүйікті ұлдарымыз дегені, еврей халқы басқа халықтардан артық деген сөз емес. Олардың ерекшелігінің мәні - еврейлерге артылған жауапкершіліктің жоғарылығында, яғни, олардың «аспан жүгін ұстап тұрғандығында». Жалпы Құдай адамзаттан жеті нәрсені талап етеді. Олар: пұтқа табынбау, құдайға тіл тигізбеу, қан төкпеу, ұрлық жасамау, жер бетінде адамдарды тең көріп, әділ болу дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Боронов.А Толкование священных книг, и другие интернет ресурсы

Мамадияр Д.Б
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Байтенова Н.Ж.
филос.ғ.д., профессор

ҚАЗІРГІ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Білім – адамзат баласының қоршаған ортаны тануға, білуге, меңгеруге деген ұмтылысы. Жаратушы Алла тағала аманат еткен ислам діні ғылым мен білімге ерекше құрметпен қарайды. Дін ислам біліммен және ғылыммен айналысуды жоғары бағалайды және ғалымдардың дәрежесін биік тұғырға қояды.

Ислам діні бойынша ең көркем бейнеде жаратылған адам баласы өзін оқу, білім алу арқылы дамытуы керек. Өйткені, оның күш-қайраты, ынта-жігері мен қабілеттері құнды, бағалы саналады. Бұл қабілеттерді өз мақсатына сай дамытып, пайдаланбау ысырап болып табылады. Себебі, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы өрлеу, экономикалық тұрғыдан күшею және ұлттық мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруы тек қана білім беру арқылы ғана мүмкін.

Адам баласының қоғамдық ортадағы дәрежесі білім деңгейіне қарай анықталады. Құран Кәрімнің алғашқы аяты да **«Оқы», «Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың сенің ардақты! Ол қаламмен үйреткен».** (Алақ сүресі) деп бұйыру арқылы басталғаны баршамызға белгілі. Осыған қарап ислам дінінің білім алуға, үйренуге, ғылым іздеуге қаншалықты маңыз бергенін байқаймыз. Осы арада ғылымға, білімге, үйрену мен үйретуге арналған кейбір Құран аяттары мен хадистерін еске түсіре кеткен жөн болар: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе? (39/12)», «Ғылым әрбір ер мен әйелге парыз», «Ғылым мұсылманның жоғалтқан дүниесі. Оны қай жерде тапса алады», «Ең абзал садақа – мұсылманның ғылым үйреніп, сосын оны мұсылман бауырына үйретуі», «Кімде кім ғылым жолына түссе Алла оның жұмаққа барар жолын жеңілдетеді».** Міне, осыған ұқсас толып жатқан білім мен ғылым іздеуге шақыратын аяттар мен хадистер ислам дініндегі білімнің мән-маңызын көрсетеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға хижра жасағаннан соң, сол жерде мешіт салдырып, онда арнайы дінді үйрету мақсатында бір бөлім құрғаны және ол орында өзі ұстаздық еткені мәлім. Алла елшісі оқу-жазуды және басқа да ғылымдарды халыққа үйретуді сахабалардың ішіндегі сауаттыларына міндеттейді. Бәдір соғысы кезінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) қарсылас жақтан тұтқынға түскендердің оқу-жазу білетіндеріне, мәдиналық он мұсылманның сауатын ашқан жағдайда босату шартын қойғаны ислам тарихынан белгілі. Хз. Пайғамбарымыз бір жағынан білімділерге білетінін білмейтіндерге үйретуді бұйырса, екінші жағынан мұқтаж аймақтарға дінді үйрететін ұстаздарды жіберіп отырды. Осылайша мұсылмандардың білім алуына өзі тікелей ұйытқы болып, үлгі көрсетті. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) ислам діні жаңадан таралып жатқан аймақтарға өз сахабаларын жіберу арқылы сол аймақтағы халықтың дін исламды тереңірек түсінуіне жағдай жасады. Исламға дейін сан түрлі наным-сенімді ұстанып келген жат жерлік халықтар білімдар мұсылмандар арқылы ислам дінінің асыл құндылықтарымен сусындады.

Білімге ұмтылу – шынайы сенушілерге тән қасиет. Құран мұсылмандарды білімді байлық пен атак үшін емес, сенім үшін игеруге шақырады. Ал өз білімін тәкаппарлыққа және атаққұмарлыққа негіз ретінде пайдаланғандардың орны тозақ екенін пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) те айтып кеткен. Діни және дүниелік білімді Алла ризалығы үшін үйреніп, өз білімі арқылы игі, сауапты істер атқаруға ұмтылғандар адамзатқа тек пайда әкелетіні белгілі. Адал ниетімен және дұрыс іс-әрекеттерімен ерекшеленген мұсылмандар әріптестеріне қызғанышпен қарамайды және өз қателіктерін мойындауға әрдайым әзір тұрады. Олар өзіне бағытталған мақтауларға масайрап, даңдайсымайды және мені мақтасын деп риякерлікке бармайды. Ислам іліміне сәйкес, үлгілі шәкіртке тән басты қасиеттердің бірі

– ақиқатты меңгеруге ұмтылыс болып табылады. Ислам діні білімділерге үлкен жауапкершілік артқан. Олар айналасындағы адамдарды білім нәрімен сусындатуы тиіс. Егер өзгелер ол адамның біліміне мұқтаж болып жатса, ғалым өз білгенін жасырып қалмауы керек.

Мұсылман әлемінде ғылым – ерекше құрметке ие құндылық. Ертедегі ислам мемлекеттерінде патшалар танымал дін қайраткерлерін қамқорлығына алды, қабілетті ғалымдардың жұмыс істеуіне мүмкіндіктер жасап берді. Ерте кезден-ақ ислам әлемінің барлық қалаларындағы мешіттер мен медреселерде біртіндеп кітапханалар салына бастады. Бұл іс ислам әлемінің білім алуға қаншалықты деңгейде көңіл аударғанын аңғартса керек. Мұсылман елдерінің саяси-қоғамдық өмірінде философтар мен ойшылдар маңызды рөл ойнағанын тарихтан білеміз. Мұсылман ойшылдары қоғамдық пікірге ықпал етті және көптеген мемлекеттік маңызы бар шешімдердің қабылдануына түрткі болды. Әбул Әсуад әд-Дуали былай деген еді: *«Патшалар адамдарды басқарады, ал патшаларды ғалымдар басқарады»*. Бұл сөз билеушілердің білім иелеріне жүгінгенін аңғартады. Ғұламалар тұщымды ойлары мен нәрлі сөздері арқылы қарапайым халыққа да ақылшы болып отырды. Ислам әлемінде орта ғасырларда болған ғылым жетістіктері қоғамның білім деңгейіне де әсер етті. Ойшыл-философ әл-Кинди, математик әл-Хорезми, дәрігер, ақын Ибн Сина, математик, астроном әл-Баттани, екінші ұстаз әл-Фараби т.б. даналар мұсылман әлемінен өсіп өнген.

Мұсылмандық бастауыш діни мектептер (мактаб) VII ғасырда мешіттердің жанында пайда болды. Олардың құрылуы таифтік әл-Хажжаж ибн Жүністің есімімен байланыстырылады. Исламның гүлденген кезеңінде мұсылман қалаларында көптеген жоғары мектептер (медресе) қызмет етті. Жалпы мұсылман әлеміндегі **танымал медреселер** қатарына Бәйт әл-Хикма (Бағдад IX ғ.), әл-Каравийия (Бағдад IX ғ.), әл-Азхар (Мысыр X ғ.), ән-Низамийя (Бағдад XI ғ.), әл-Мустансырийя (Бағдад XIII ғ.) жатады. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болды. Мұсылман халықтарының медреселері Еуропадағы колледждер мен университеттердің бастамасы болды. Еуропадағы Болон, Париж, Монпель, Оксфорд тәрізді университеттер XII ғасырдан соң ғана, яғни исламдық медреселердің құрылғанынан бірнеше ғасыр өткен соң ғана өмірге келді.

Ислам дінінде білім алушы екі жаман қасиеттен арылуға тиіс деп есептеледі. Олар: тәкаппарлық және шектен шыққан ұялшақтық. Біріншіден, шәкірт өз қателіктерін мойындай білуі және жеткен жетістіктеріне масайрап кетпеуі керек. Екіншіден, шәкірттің шектен шыққан ұялшақтығы да білімді жетілдіруге кедергі болып табылады. Өйткені, ұялшақ шәкірт түсінбеген жайтты ұстазынан сұрауға қысылады және бойында керітартпа қасиеттер пайда болады. Ислам дінінде білім алу белгілі бір жаспен шектелмеген. Ата дініміз жас балалардың білім алуына ерекше мән берумен қатар кез-келген жаста білім үйренуге үндейді. Бұған Пайғамбарымыздың «тал бесіктен жер бесікке (мазар) дейін білім алыңдар» деген хадисі дәлел. Сонымен қатар ардақты Пайғамбарымыз *«Екі күні бір-біріне ұқсас (тең) болған мұсылман зиян ішінде»* деген. Бұл сөзде үлкен мән бар. Екі күннің ұқсас болуы деген сөздің астарында, мұсылман адамның біржақты ғұмыр кешпей, үнемі ізденісте болу керектігі меңзелген. Ерте кезеңде жоғары қарқынмен дамыған исламдық елдер қазіргі кезде ғылым мен білімдегі бұрынғы биігін жоғалтып алғаны баршамызға белгілі. Бұл әрине дінмен байланысты жайт емес. Дінді дұрыс түсінбеуден туындап отырған құбылыс.

Соңғы уақытта елімізде кертартпа діни ағымдар халықтың санасын сонау ортағасырға сүйреп апарғысы келетінін көріп жүрміз. Діннің білімге, ғылымға, мәдениет пен өркениетке шақыратын асыл құндылықтарын насихаттаудың орнына басты негіз болып табылмайтын дүниелерді маңызды етіп көрсетіп, сенушілердің арасында алауыздық тудыруда. Ал білімді болу адамды осындай кертартпа қасиеттерден сақтайды. Қазір мұсылман мемлекеттерінде болып жатқан қақтығыстар мен тұрақсыздықтардың астарында осы білімсіздік, халықтың басым бөлігінің сауатсыз болуы да маңызды фактор болып табылады.

Біздің мемлекетіміз әлемдегі ең озық 30 мемлекеттің қатарына кіруді көздеп отыр. Ал үздіктердің қатарында болу үшін бізге сапалы білім алған білікті мамандар қажет. Қазіргі кезеңде ҚР білім беру жүйесі алға жылжып дамып келеді. Білім беру жүйесінің барлық

сатысын халықаралық стандарттарға негіздеу жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әйтсе де, шет елдік тәжірибені өзімізге енгізген сәттерде ұлттық ерекшеліктерімізді де ескеруді ұмыт қалдырмауға тиіспіз. Себебі бір елде жемісті болған жоба екінші елде сол нәтижені бере бермейді. Елбасымыз «Қазақстан –2050» стратегиялық жолдауында болашаққа алға қойылған мақсат-міндеттерді атап өтті. Осы міндеттерді жүзеге асыру ең алдымен еліміздің жастарының мойнында екені анық. Ал бұл биіктерді бағындыру үшін жастардың бойында отансүйгіштік, терең білім, жаңашылдық секілді қасиеттер болу керек. Білімді жастар – мемлекетіміздің маңызды қозғаушы күші. Өз білімін отанын дамытуға арнау аса сауапты, игі іс. Ислам әлемінің бір бөлшегі болып табылатын Қазақ Елі екінші ұстаз атанған, бүкіл әлемді мойындатқан бабамыз әл-Фарабидің ұрпақтары ретінде білім мен ғылымда өзегелерден озық тұруға тиіспіз. Болашақта Қазақ Елі білім мен ғылымның барлық саласында өзге елдердің үлгісін қабылдаушы ғана емес, өзгелерге үлгі көрсетуші дәрежесіне жетсе екен дейміз. Дінді де парасаттылықпен, ғылым арқылы танысақ екен. Әйтпесе, бұрынғы бабаларымыздың жасаған еңбектерімен мақтанумен ғана шектеліп қала беретініміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. Москва, 1991.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно воспитательного процесса. Методические основы. Москва, 1982.
3. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.

Нұрасыл Алишер
«Дінтану» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекші
Кантарбаева Ж.У

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ КӨРІНІСТЕРІНЕ ДІНТАНУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Адамзат ғарышты игеріп, жаңа технология жасауда дамудың шырқау шегіне жеткенімен, соңғы жылдары діни экстремизм мен терроризм тақырыптары бұқаралық ақпарат құралдарында жиі орын алуда.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап АҚШ пен Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде дәстүрлі емес діни культтар көбейе бастады. Олардың пайда болуы дәстүрлі діндер жүйесінің бұзылуы мен беделінің түсуіне байланысты еді. Мұндай культтардың қатарына қоғам өмірінде өз орнын таба алмаған жастар кірді. Сондықтан кейбір культтар «жастар діні» деп аталып жаңа діни қозғалыстарға айналды. Қазіргі кезде елімізде 70 пайыздай мұсылманның 2815 діни бірлестігі жұмыс істейді екен. Ал жан саны белгісіз протестантизм бағытын ұстанатындардың 40-тан астам әртүрлі ағымдарының 1238 ұйымы бар. Бұл – бүкіл республикадағы діни бірлестіктердің 30 пайызы. Ал 70-тен астам діни бірлестіктер еш жерде тіркелмей қызмет етуде. Исламның басты мұраты адамдар арасында бейбітшіліктің болғаны. Сондықтан, экстремист, террорист деп аталған топтардан діннен басқа себептерді, мақсаттарды іздеу керек. Олардың саяси, экономикалық, әскери т.т. мақсаттары, ойлары болғанын тексеру керек. Екінші мәселе, сондай саяси-экономикалық топтар туралы айтқанда не жазғанда міндетті түрде «Исламдық террористер» деген тіркеуді қосатындардың ойы бөтен. Террорист ұйымның мүшесі қандай бір мұсылман елдің азаматы болса болғаны, әлгі бұлақтар дереу «мұсылман террористтер» дей салады. Ал, басқа діндегі террорист топтар туралы болғанда, олардың діни айтылмайды да басшысының ғана аты немесе шыққан жерінің аты, ең болмағанда саяси көзқарасы ғана айтылады. Мәселен, Испаниядағы «ЭТА-БАСК» тобы туралы ешқашанда «Христиан террорист Баск тобы» деп айтпайды олар. Солтүстік Ирландиядағы «ИРА» ұйымы туралы «христиан/католик террористік ұйымы

ИРА» деп ешкім айтқан емес! Сондықтан, мұның негізінде Исламды көре алмаушылық және Исламды жағымсыз етіп көрсету секілді жауыз пиғылдар болғанын айта кетуіміз керек.

Қазіргі әлемдік қатынастарда, соның ішінде Қазақстан Республикасында дін және дінаралық қатынастар өзекті мәселеге айналып отыр. Социалистік жүйе және Кеңес одағы ыдыраған соң діндердің рөлі және дінаралық қатынастар әлемдік саясатта нығая түсуде. Әлемнің көптеген елдерінде діни экстремизм мен терроризм әрекеттері белең алып отыр.

Соңғы кездері Қазақстандағы демократиялық принциптерге қарамастан діни-ахуалдық мәселелер туындады. Экстремистік және террористік бағыттағы Ислам дінін жамылған радикалдық ағымдар пайда болды. Олардың көріністері Ақтөбе облысындағы Шұбаршы ауылындағы террорлық әрекеттер, Ақтау, Атырау, Тараз, Алматы қалаларындағы экстремистік ағымдардың көрініс беруі.

Елімізде конфессиялардың саны тым көбейіп, олардың саны 45-ке жетті. Көптеген келімсек діндердің немен айналысып жатқанын қадағалау қиынға соқты. Жергілікті мұсылман тектес халықтарды шоқындыру белең алды. Қазақстанға батыстық протестанттық бағыттағы дәстүрлі емес діндер және шығыстық ислам туын жамылғы еткен Исламдық теріс ағымдар күшейе түсті. Тоталитарлық зорлық-зомбылыққа негізделген діни ағымдар да қызметін жандандырды.

Елімізде экстремистік бағыттағы «Хизб-ут-тахрир» азат ету партиясы ұйымының заңға қайшы әрекеттері жұртшылықтың наразылығын тудырды. Хизб-ут-тахрирдің мақсаты-Ислам атын жамылып, дінаралық келісім мен ынтымаққа зиянын тигізіп, бейбіт өмір тыныштығын бұзу. Хизб-ут-тахрир Орталық Азия елдерінің мемлекеттік құрылысын мойындамайды және осы аймақта халифат құруды өздерінің мақсаты ретінде ұстанады. Аталған ұйым күресі идеологиялық күрес, идеологиялық төңкеріс, билікті өз қолдарына алу сынды үш бағытта жүргізіледі. Кейінгі жылдарда мұсылмандар арасында жік салатын пікірлер мен ұстанымдар көрініс беруде. Экстремистік, діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі ислам дініне жат.

Қазіргі таңда жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы мен отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе миссионерлердің үгіт-насихатына тез ілігеді.

Елімізде ислам діні күшпен емес бейбіт жолмен енді. Дінбасымыз болған Әбсаттар Қажы Дербісәлінің пікірінше, «Ислам діні барлық адамзатты, соның ішінде, оңы мен солын түсіне қоймаған жастарымызды тәрбиелейтін айқын жол екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар. Дін барлық ғылымның, рухани дамудың мәдениеттің негізі».

Көптеген жасөспірімдер мен мемлекетіміздің болашағы болатын жас ұрпақтарымыз Йегова куәгерлері, Кришна сектасы, Саентология шіркеуі, т.б. секталарға кіріп, өздерінің қандай бағытта өмір сүріп жатқандығын, қандай секталық бағытқа бара жатқандығын білмей ата-аналарының айтқандарынан шығып, өмірде дұрыс емес, бұрыс жолдарға түсіп кетті.

Салафиттер. Сәләфиттік – ислам дініндегі сунниттік бағытқа жататын діни идеологиялық ғылымдардың бірі болып табылады.

«Салафиттік» ағым Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар мен оның сахабаларының дәуірін қайтару ұғымына жақын. «Сәләф» сөзі «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген мағынаны береді. Оңтүстікте алғашқы сәләфиттік қоғамдар 2004 жылы пайда болды. Оның негізін «Братья- мусульмане» ұйымы және «Кувейттің әлеуметтік реформалар қоғамы», «Азия мұсылмандар комитеті» қалаған. Сәләфилер 4 топқа бөлінетіндігі белгілі.

1. Матхалиттер- ресми билікті мойындайды. Сауд Арабиясында қызмет етеді. Ешқандай жамағатқа бірікпейді.

2. Мединалықтар («Сурруриттер») – жамағатқа бірігеді, лидерлерін сайлайды. Бұлар мемлекетке тікелей қауіпті емес, діни басшылыққа қарсы.

3. Такфирлер 1990 жылдары біздің батыс облыстарда пайда болды. Басқа мұсылмандарға сенбейді. Зайырлы заңдарды мойындамайды.

4. Сәләфит радикалдар- жиһатшылар, террорға шақырады. Ауғанстан мен Шешенстанда соғысқа қатысқан. Оңтүстік Қазақстан облысында осылардың жамағаттары бар екені анықталған.

Қазір республикамыздың әр өңірінде салафиттердің саны мыңдаған адамға жеткен, олар бей-берекетсіз топтардан нақты басқарушы, үйлестіруші механизмдері бар құрылым болып қалыптасу үстінде. Шешенстан, Өзбекстан және Тәжікстан тәжірибесіне қарасақ қалыптасу процесінен өткен салафиттердің ендігі мақсаты- билікті басып алу үшін қарулы қақтығыс ұйымдастыру және халифат орнату болатынын байқаймыз.

Салафиттердің негізгі «жұмыс орны» - мешіттер, түрлі ислам мәдени қайырымдылық қорлары жанындағы курстар, т.б. Бұл жерде негізгі назар жастарға, студенттерге, кәсіпкерлер мен шығармашыл зиялы қауым өкілдеріне түседі.

Салафиттер қажылықты да өз мақсатына жақсы пайдаланады. Шенеуніктер, мемлекеттік және мәдени сала қызметкерлері, кәсіпкерлер мен спортшылардан құралған топтар Сауд Арабиясына жолданады. Сол жерде Қазақстан азаматтары жүйелі идеологиялық, психологиялық «өңдеуден» өтеді.

Алғашқы кезде дінге ықылас танытқан адамға түрлі діни әдебиет, Интернет мақалалары, түрлі уағыз жазылған аудио-бейне жазбалар ұсынылады. Мұнда ашық жиһадқа шақыру, халифат құру секілді экстремистік идеялар болмайды. Бірақ бұл кітаптар мен брошюралардың негізгі мақсаты – адам санасына уаһһабиліктің базалық идеяларын сіңіру, сол арқылы болашақта экстремистік идеяларды жатсынбайтындай ету болып табылады. Көбіне бұл кітап пен брошюралар уаһһабилік идеология жақсы дамыған араб елдерінің теологтары еңбегінен аударма болып келеді.

Қазір біздің қоғамымызда діни экстремизм мәселесі өткір болып тұр. Экстремистік әрекеттер мен ұйымдар Қазақстанда пайда болып, өз істерін атқарумен көзге түсті. Осыған орай ҚР-ның 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс- қимыл» туралы №31 заңы қабылданды.

Осы заңның 1-бабында көрсетілгендей, ҚР-ның конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды, немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыру (Саяси экстремизмді); т.б.

Кеңес одағы кезінде атеистік ұстаным болатын, Ол кездері қоғамда діни экстремистік әрекеттерге бой алдыртпады. Ал қазіргі біздің зайырлы демократиялық елімізде дәстүрлі емес діндердің көбейіп кетуі және де экстремистік ағымдардың белең алуы мемлекеттегі әр азаматты ойландырып жүрген мәселелердің бірі. Бұлардың барлығы батыстан шығып жатқан құйтырқы саяси әрекет екеніне күмән келтірмейміз. Елбасының мына ұсыныстарын, бірлесе отырып шешу, күш жұмылдыру қажет.

- Біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек.

- Біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді механизмдерін жасауымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетін қатаң түрде тыйып отыру қажет.

- Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет.

• Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы қақтығыс аймақтар Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде мемлекет-аралық достық қарым-қатынас жасауға дайын болуымыз керек.

Қазір кейбір сыртқы экстремистік күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда.

Бабаларымыз ұстанған дәстүрлі дініміз Исламда жас ұрпақтың санасына өркениеттік, адамгершілік, гуманистік тәрбиені бойына сіңіру міндеті тұр.

Жастарға көңіл бөлу, оларды тәрбиелеу – дәстүрлі діннің жетекшілері мен қоғам қайраткерлерінің қоғам алдындағы міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасы Конституциямызда зайырлы мемлекет ретінде табылды. Сондықтан, мемлекетіміздің ұстанып отырған саясаты экстремистік ағымдағы дәстүрлі емес діндерге заң, құқықтық нормативтік актілер арқылы шектеу қояды және қарсы күреседі.

Қазақ халқының ежелден ұстанып келген хақ діні – Ислам болып табылады. Тарихи деректерге зер салсақ, ата-бабаларымыздың ислам дінін қабылдағанына шамамен 1200 жылдан аса уақыт өткен екен. Содан бері ислам діні қазақ жерінде атадан балаға мұра болып, бүгінгі күнге дейін қазақтың бөлінбес еншісіндей болып келді. «Малым – жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деген дана қазақ жұрты небір қиыншылық, зобалаң кезеңдер де ислам дінін тастап, басқа дінге өткен емес. Тіпті, кешегі қылышынан қан тамған кеңес дәуірінде де қазақ халқы толықтай діннен хабардар болмаса да, әйтеуір мұсылман екенін еш ұмытпаған.

Қазақстан еркіндігіне қол жеткізгеннен кейін, дін бостандығы жаңа арнаға түсіп, Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп жариялады. Конституциямызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген (Қазақстан Республикасының Конституциясы). Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде өз азаматтарының заңды түрде діни сеніміне, таңдауына талғамымына және ұстану құқығына кепілдік береді. Мемлекеттің бас заңнамасына сәйкес, діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеп отыруда, халықаралық тәжірибелерге негізделген өзге де біршама нормативтік құқықтық негіздер бар. Дегенмен де, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы келбеті мен атқарар рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің өлшемі, кеңістігі және шекаралары бүгінге дейін нақты анықтала қоймаған. Осындай белгісіздік, әсіресе, осының нәтижесінде туындаған болымсыз салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық та, айқын аңғарылуда.

Қазіргі таңда ел ішінде іріткі салып, халықтың патриоттық сезімін тежеп, айрандай ұйыған ынтымағын бұзып, мәңгірт етуге тырысып жатқан дәстүрлі емес діни ұйымдардың дені христиандық бағыттағы діни ұйымдар (протестанттық діни ұйымдар) болса, арасында бірен-саран шығыстық дәстүрлі емес діни ұйымдар да (хизбут тахрир, уаһхабилік т.б.) кездеседі.

«Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық іс-әрекет жасырынып жатыр. Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Бұл – біздің мемлекеттігіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі», – деп атап өтті Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев (Стратегия – 2050 атты Қазақстан халқына жаңа Жолдауында)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР-ның 2011 жылғы 11 қазандағы заңы. Кіріспе
2. Ислам. Энциклопедиялық анықтама. Алматы. 2010
3. Мамиргов. М. З. «Книга Исламских сект и вероучений». Исламский мир 2007. 381 б.

4. ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы 18.02.2005 ж. №31 Заңы.
5. ҚР-ы Президентінің жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты». [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
6. «Қазіргі Заманғы Дінтану негіздері» Ғ Маймақов, Алматы, 2012.

Өтеген А.Н.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Құрманалиева А.Д.
философ. ғ.д., профессор

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ ДІННІҢ ОРНЫ

Дін, бір жағынан, ұлтаралық келісімнің және әлеуметтік тұрақтылықтың, ұлттық тәуелсіз мемлекеттердің және этностардың ішінде консолидацияның бір факторы болып табылады, яғни руханилық ұлттық мәдениетті жаңғыртудың көзі болып табылады. Екінші жағынан – дінді ұлтаралық қақтығыстардың, конфликтілердің, әлеуметтік – саяси тұрақсыздықтың көзі ретінде санауымызға тура келіп тұр.

Қазақстанның геосаяси құрамы және оның көп конфессиялы құрамы ұлтаралық қақтығыстардың кернеуліктің факторы болып табылады. Руханилықтың жаңғыртылуы діншілдіктің жаңғыртылуымен қатар жүргізіліп келеді, қазіргі кезде көптеген ТМД елдерінде діни идеологияны мемлекеттік идеология дейгейіне дейін көтеру байқалады.

Қазіргі кезде дұрыс діни факторлар жастардың қалыптасуы үшін өте қажет болып отыр. Батыс ғалымы Бенъямин Констан: «Дін адамзат тарихында, рухында ең маңызды рөл ойнайтыны ақиқат. Дін өмірдің өшпейтін, бөлінбейтін бөлігі. Адам қабілеттері оянған кезде, ақылға дін өркен жаймауы мүмкін емес» - десе [1], А. Эйнштейн: «Дінсіз ғылым көр, ғылымсыз дін ақсақ» - дейді [2].

Қазақ халқындағы жастардың діни санасын қалыптастыру олардың имандылығына қатысты жүргізілмек. Иманның бүгінгі күнгі жастар үшін маңызы зор деп есептеуге болады. Қоғамдық топ ретінде жастардың арасынан жиі жүргізілетін уағыздар, насихаттар олардың иман ұғымын әр алуан тануымен ұштасты. Ең алдымен, қазақ халқының дәстүрлі мұсылмандық санасындағы иман түсінігі жайлы тереңірек айта кеткеніміз жөн.

Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Имандылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал – мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған.

Шешен жігіт дүрмен тең,

Имансыз көңіл кірмен тең, – дейді Шал ақын [3]. Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата – бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет – болмысының, мінез – құлқының айнасы.

Иман – болмысты танудың мүмкіндігі. Шәкәрім иманды әрбір адамның жеке басына қатысты іс ретінде түсінген, яғни иман танымдық категория. Шәкәрімнің иман туралы ой-толғамы да назар аударарлық. Ақын «сау ақыл менің иманым, аламын соған сыйғанын» — деп ашық айтқан [4]. Демек, оның сенері — имандылық. Оған жетудің жолы ақыл. Иманға нандыратын — ақыл. Әрине, имандылыққа тек ақыл арқылы жету деген мәселе талас тудырары сөзсіз. Бірақ мәселе онда емес, сөз ақынның иман туралы өзіндік концепциясында. Шәкәрім иманды жалпы халыққа ортақ мәнінде емес, әрбір адамның жеке басына қатысты іс ретінде түсінген. Бұл орайда біз Шәкәрім дүниетанымының ерекше қыры туралы сөз етеміз. Ол иманды жеке адамның қабылдауына қатысты мәселе деп түсінген. Яғни иман, яки

имандылық деген дүниетаным деген сөз. Адамның өз иманын тануы — оның дүниетанымының қалыптасуы деген сөз. Көп адамда дүниетаным емес, дүниеге көзқарасы ғана болады. «Сау ақыл менің иманым» — дейтін Шәкәрімнің ақыл мен болмысты тануға мүмкіндік алдым дегені деп түсінуге болады. Шәкәрім сау ақыл арқылы сол рухымен тану мүмкіндігіне, яғни иманға жетіп отыр. Шәкәрім айтуында иман — гносеологиялық, яғни танымдық категория. Имандылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «иманжүзді кісі екен» дейтіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады.

Ал Ғұмар Қараштың ойынша адамға ең керек қасиет – руханилық. Адамның күші оның руханилығында, адамшылығында, ал адамшылықтың басы – дінде деп түсінеді. Ғұмар иман мен ұятты бір негізде қарастырады.

Тұрады ұят тұрған жерде иман

Әдебі пайғамбардың бұған илан [5].

Діннің тірегі иман, сондықтан халықты иман жолынан ауытқымауға шақырады. Себебі «иман өзгерсе – дінің өзгереді. Дінің өзгерсе – дүниетанымың өзгереді. Таныммен қоса сенім де, сенімге орай дәстүр де, дәстүрге сай тәрбие де өзгереді. Ғылым мен өнер де басқаша мұрат-мақсатты нысана етіп, жат арнаға түседі. Солардың ықпалымен адамдардың арасындағы қарым-қатынас, бауырмалдық сезім, тектік қасиет, сыйласым мен сыйластық та өзгеріске ұшырайды». Дін адамның ұятында, арында яғни оның иманында. Ұят жоқ жерде иман жоқ. Сол сияқты арсыз адамда да иман болмақ емес. Ұят пен ар иманның негіздері. Ұяты, ары бар жан Жаратушысын танып, иман келтірмек. Иман берік халықтың рухы да мықты болатынын, имансыздық, ұятсыздық дінсіздікке апаратынын Ғұмар баса айтады. Сондықтан қай қоғамда болмасын дінге мықтылық, иманға беріктік керек. Ғұмар жан мәселесіне де көңіл аударған. Ислам діні бойынша адам жаны о дүниеге барғанда жауапқа тартылады. Оның жер бетінде жасаған жақсы, жаман істері таразыға салынады. Себебі жердегі тіршіліктің иесі адам болғандықтан, оның жаны, рухы өзге тіршілік иелерінен жоғары тұр. Ғұмар екі дүниеде де адамға иманы жолдас деп түсінген. Иманды адам жан азығы арқылы жетілдіріп, шыңдап отыруы абзал. «Алла тағала рух арқылы адамның тәніне жан салғаннан кейін ғана адам өзінің өмірлік мақсаттарына келе алады немесе адам мақсатты – тіршіліктік жаратылыс қалпына ене алады. Адам материалдық өмірді жандандырады, іске қосады, оған рухани жылулық беріп, махаббат сәулесін шаша алады және өзі жасаған заттар мен құбылыстарға әдемілік бере алады. Олай болса, жан адамға берілген басқа қасиеттерге қарағанда маңыздырақ құбылыс болып тұр. Өйткені адам тек жанның қуаты арқылы ғана тіршілік етеді, өмір сүре алады. Жан арқылы ғана адам тәні шынайы тіршілікке ие болады. Ал жан тән арқылы ғана өзін көрсете алады, дами алады. Тән жанның даму құралы. Тән тозғанда жан өз тіршілігін тоқтатады. Жан адамның жердегі тіршілігі үшін жаратылған». Шәкәрім «ұждан» мәселесін жанның азығы ретінде қарастырған. Бұл көзқарас Ғұмар дүниетанымынан да орын алған.

Имандылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол, біріншіден, дін, яғни, ерте ғасырлардың өзінде ұлан – ғайыр қазақ сахарасына кең тарап, жергілікті ұлттардың (оның ішінде түркі тектес тайпалардың) арасына сіңіп, олардың өмір – тіршілігімен қабысып кеткен ақиқат дін – Ислам діні. Пайғамбарымыз Мұхаммед жайған діннің ең тазасын қаймағын бұзбай, сол қалпында елдің санасына жеткізген әулие аталарымыз. Халқымыз имандылық нұрының бастауларын сондай жүрек көзі ашылған перзенттерінен алды деп толық сеніммен айта аламыз. Екінші тірегі – салт-дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет-ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым – зерттеушілерді тамсандырғанын білеміз. Имандылықтың үшінші тірегі – ана тілі. Ананың бал әлдиімен бойға дарып, жүрекке сіңген

ана тілдің құдіреті байтақ даламызға береке дарытты, ұлттың ұлан – ғайыр жерде бытырап жоғалмай, бір шаңырақ астына бірігуіне күшті құрал болды.

Осындай басты-басты үш қасиетті берік ұстаған ата – бабалар біздерге, кейінгі ұрпақтарына «адастырмас айқын жолды» көрсетіп кетті. Данышпан Абай бір қара сөзінде: «ата – бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десен, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен... Екіншісі намысқор келеді екен,»- деп қапаланып жазады. Біз де Абай дана өкінішінің артын құшып жүрмейік. Иманымызды ту етіп, соған жету үшін бар күш – жігерімізді салып, аянбай еңбек етейік [6].

Қазақта имандылық адамгершілік, ізгілік қасиеттерді білдіреді. Иmandылықтың мұндай мағынаны білдіруі қазақтың мұсылман болуынан туындаған. Иmandылық сөзі иманнан шыққан. Иман – жүректегі нұр, имандылық соның сыртқы пішіні. Иmandылық – Алла Тағалаға иман еткен адамнан туған көркем мінез. Иmandылық көркем мінезі әрбір мұсылманның бойынан табыла бермейді, әрбір мұсылманның сипаты имандылық пен көркем мінезді болуы шарт емес. Атам қазақтың адамгершілік ұғымын имандылық сөзімен беруінде ерекше мән бар. Өйткені, адамгершілік пен имандылық арасында үлкен айырмашылық бар. Адамгершілік – барлық адамның бойында бола алатын адамның адамдық болмысынан туған қасиет. Иmandылық – әлемнің Жаратушысы, Ұлы Досына деген иман атты сүйіспеншілігінен туған аса ізгі қасиет [7]. Яғни, әрбір имандылықта адамгершілік бар болса да әрбір адамгершілікте имандылық болмауы мүмкін.

Сондықтан қазақта имандылық – ауқымы аса кең ой-толғамға ие, ерекше мәнді ұғым. Қазақ иманын – өз болмысының тірегі мен ар-ожданның асыл тас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған мына сөз куә: «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы». Бұл жерде «арым», деп отырғаны – иман. Қазақ иман мен имандылықты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) үйренген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Мен адамдарға көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім» деу арқылы әлемдегі имандылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсеткен. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с) имандылықты жаю жолында өзі бірінші үлгі болған. Ол имандылық пен көркем мінезділікте алдына жан салмайтын теңдессіз жан болатын. Ол бірде: «Мені Раббым тәрбиеледі. Әрі аса көркем түрде тәрбиеледі», – деген болатын. Негізінде, Алла Тағаланың адамды жаратудағы негізгі мақсаты осы иман мен имандылық. Сондықтан адам баласы Ұлы Аллаға иман етіп, Оның мінезіне ұқсау керек. Жер бетіндегі адам баласының Алланың мінезіне ұқсауы – осы имандылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ислам әлемі. №4, 2003.
2. Ислам әлемі №3, 2003.
3. Қазақ әдебиеті . - 9.08.2002.
4. Қазақ әдебиеті . - 25.10.2002.
5. Ақиқат . - №5 , 2004.
6. Абай шығармалары: 5т. – Алматы: 1977. Т2. – 542б.
7. Бұлұтай М. Мұсылман қазақ еліміз . - Алматы: Арыс, - 2001

Рысбек Т.Ж.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Құрманалиева А.Д.
философия ғ.д., профессор

МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

Миссионерлік - діни қызметтердің ерекше бір түрі. Миссия - латын тілінде «missio» міндет, орындалуы тиіс тапсырма деген мағынаға келеді. Этимологиялық жағынан миссионерлік Христиан дініне тән. Миссионерлік дәстүрді христиандар Исаның серіктеріне және Маркос, Лұқа және Жохан нұсқасындағы Інжіл мен Павелдің хаттарына негіздейді.

Конфессионалдық әдебиеттерде евангелизм сөзінің астарында Евангелияны уағыздау, қоғам ішінде христиандық сенімді тарату деген мағына беріледі. Ал зайырлы ғалымдар болса, «евангелизация» терминін көбінесе халықтарды және жеке адамдарды христиандыққа кіргізу мақсатын ұстанған діни бірлестіктердің қызметтерін атап келеді. Сонымен қатар, секуляризацияға ұшыраған қоғам ішінде өздерінің позицияларын нығайтуға тырысқан жұмыстарды көрсету мағынасында қолданылады. Әртүрлі авторлардың берген анықтамалырының негізгі ортақ мағынасы бір болып табылады. Ол халықтардың арасында христиан сенімін тарату.

Қазіргі таңда дінтанушы ғалымдар «миссионерлік қызмет» және «евангелизация» түсініктері арасындағы айырмашылықтарын жасайды (ал көп жағдайларда осындай айырмашылықтар жасалмайды). Евангелизация – грек тілінен аударғанда Ізгі хабар мағынасын білдіреді. Ізгі хабар халықтарды, жеке адамдарды христиандыққа бағыттайтын қызмет болып табылады. Христиандық ұғымға сәйкес «евангелизация», «миссионерлік» деген түсінікті де береді. Христиандық шіркеулер евангелизация ұғымының теориялық қалыптасуын Матфейдің Евангелиясынан алады «Халықтың бәрін Әке, Бала, Қасиетті Рухтың атынан шоқындырыңдар», «Оларға менің әмір еткен істерімді ғана жасатқызыңдар». Сонымен қатар Марктың Евангелиясы «Әлемді шарлап, Евангелиямды барлық жаратылғандарға таратыңдар деп жар салған мәтіндерге сүйенеді.

Евангелизация немесе миссионерлікті протестанттық және католиктік шіркеулер белсенді түрде жүзеге асырады. 1965 ж. II Ватикан Соборы евангелизацияға байланысты заң шығарды. Онда, шіркеулердің миссионерлік қызметі қарастырылды. Орта ғасырда евангелизация сөзі рухани атаққа ие болса, қазіргі таңда католиктік шіркеуді құрайтын «Құдай халқының» - христиандардың миссионерлік іс-әрекетіне ұласты. Католицизмде евангелизацияның объектісі жалпы адамзат болғандықтан, шіркеу барлық болып жатқан іс-әрекеттерге араласып отырады. Рим папасы Иоанн II өзінің көптеген энцикликаларында қазіргі заманғы евангелизацияның негізгі бағыттарын ұсынады: олар евангелизацияға қарапайым тұрғындарды тарту, ұлттық мәдениеттерді Евангелия идеяларымен толтыру, жастармен жұмысты күшейту және Мариямның культін кең ауқымды қолдану болып табылады. Соңғы жылдары барлық шіркеулер, әсіресе орыс православие шіркеуі евангелизацияны белсенді түрде іске асыруда.

Осы берілген түсініктеме бойынша евангелизация - тұлғалық тұрғыда христиандандыру саясаты жүзеге асырылса, миссионерлік қызмет - жаһандық ауқымда жүзеге асырылады. Әрине, осындай айырмашылықтар теологтардың арасында маңызды орынды иеленбейді. Осылайша, дін ілімінің докторы Дж. Мак Артурдың анықтауынша «миссионерлік дегеніміз әлемдік деңгейдегі евангелизм болып табылады». Бірақта, көптеген әдебиеттерді сараптамадан өткізу барысында евангелизация миссионерлік қызметтің маңызды мақсаттарының бір бөлігі ретінде көрініс тапқан. Осындай көзқарас евангелизация шектелген мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған және адамдарда діни сананы қалыптастыру немесе қайта жандандырумен байланысты. Осыған байланысты бұл қызмет нақты анықталған нысаны, мақсаты мен әсер ету принциптері бар. Осы жерде «Мәсіхте

құтқарылу туралы куәлікті» білдіреді. Яғни адамдарды өздерінің сенімдеріне жеке құтқарылудың діни принциптерін адамның психикасына әсер ететін көптүрлі эмоциялық формалар формалар жеткізу (күнәлілікті ұғынуға шақыру, өкінуге, шоқындыруға, Қасиетті Рухты қабылдауына) арқылы тарту.

Миссионерлік қызмет христиан дініне тән құбылыс. Миссионерлік ұғымы бұрыннан бері бар, бірақ бұрын соңғы екі ғасырдағыдай белсенді болмаған еді. Қазіргі кезде бұл қызметті дәстүрлі емес діни ұйымдар өздерінің басты құралына айналдырған. Бұл біздің елімізге де тән жағдай. Миссионерлер өз қызметін біздің елімізде және Орта Азия территориясындағы түркі халықтарының арасында өте ерте заманнан-ақ жүргізілгені белгілі. Тәуелсіздік алғалы миссионерліктің қарқынды түрін дәстүрлі емес діни қозғалыстар жалғастырды. Бұл діни қозғалыстар өз қызметтерін заманауи ақпараттық техниканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып жүргізеді.

Діни саланы реттестірудің халықаралық тәжірибесі әр түрлі жолдарды ұсынады. Кейбір елдер өз конституцияларында бір дінді мемлекеттік деп жариялайды, мысалы, отызға жуық мұсылман елдерінде исламды ресми мемлекеттік дін деп жариялаған. Басқа елдерде белгілі бір дінді мемлекеттік деп жарияламағанмен, конституция мен заңнамаларында дінді қолдау жөнінде айтылған.

Діни саланы реттестірудің халықаралық тәжірибесін қарау барысында, келесі мәртебелерге, механизмдерге, нормативтер мен діни ұйымдар мен биліктің қарым-қатынас институттарына назар аудару керек:

- діни ұйымдардың мәртебесі мен мемлекетпен келісім механизмі;
- мемлекеттің материалды көмегінің мүмкіншілігі және діни ұйымдарға салық салудың ерекшелігі;
- әскерлік, түрме және аурухана капелландарының институты;
- діни білім алу мүмкіншілігі, діни мектептердің қызметі мен діни білім беру мекемелері дипломының мәртебесі;
- діни ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасы.

Енді зайырлы мемлекеттің бірі Америка Құрама Штаттарындағы діннің орны мен миссионерлік қызметін кеңірек қарастырып өтер болсам, тарихының басында американдықтар Еуропаның көп елдерінде болған мемлекеттік дін мен мемлекеттен басым демеу көретін діндерден бас тартқан. Шіркеудің мемлекеттен бөлінгені заңнамамен бекітілген.

Діни сенім бостандығы анықтамасының негізі болатын жетекші қағидалары АҚШ Конституциясының VI бабында және Конституцияның Бірінші өзгерісіндегі кіріспе сөзде жазылған. Осы қағидалар бойынша кез келген діндегі адамдар немесе дінді ұстанбайтын адамдар да бір елдің азаматы ретінде бейбіт өмір сүруде.

Конституцияның VI бабы келесі сөздермен аяқталады: «Бір қызметке немесе Құрама Штаттардың ресми лауазымына орналасу үшін діни сенімін растауды шарт ретінде қоймауы тиіс».

Мемлекеттік билік пен діни институттар арасындағы қатынасты заңды реттестіруге АҚШ Конституциясының Бірінші өзгертуі (First Amendment) өз үлесін тигізді. Бұл өзгертумен қоса тағы тоғызы 1791 жылы өз күшіне енді. Конституцияға енген алғашқы он өзгерістің жинағы құқық туралы Билль (Bill of Rights) деп айтылады. Бірінші өзгертудің толық көрінісі мынадай: «Конгресс кез келген бір дінді белгілеуге немесе дінді ұстануға қарсылық көрсететін, сөз бостандығын шектейтін, халықтың бас қосып, үкіметке петициямен жүгінуіне қатысты заңдар шығармауы керек».

Мұнда өзгертудің бірінші бөлігі ғана дінге қатысты. Конституционалды құқық бойынша мамандар мұны екі тармаққа бөледі. Дінді белгілеу (Establishment Clause) тармағы бойынша ешкім бір дінді немесе культті ұстану мен қолдауына өз қалауынан тыс қыстамайтынына АҚШ үкіметі жауап береді.

Дінді ұстану (Free Exercise Clause) тармағы бойынша да мемлекеттік билік әркімнің өзі таңдаған дінінің қағидаларын, салттарын ұстануға кедергі болмайтына жауап береді.

1964 ж. азаматтық құқық туралы Заңның VII бөлімінде жұмыс орнында нәсіліне, түр-түсіне, дініне, жынысы мен ұлтына қарап кемсітуге болмайды.

Жұмыс орнында дінін кемсіту заңы 15 адамнан көп істейтін барлық американдық компанияларға қатысты. 2008 жылы жұмысбастылық саласында тең мүмкіндіктер Федералды Комиссиясы заңнаманы орындаудың 94 беттік жаңа нұсқаулығын шығарды. Онда жұмыс беруші жұмысшылардың діни сенімі мен қажеттіліктерін қамтамасыз етудің ондаған нақты мысалдары берілген.

Жыл сайын АҚШ Президенті 16 қаңтарды Діни сенім бостандығы күні (Religious Freedom Day) деп жариялап, барлық американдықтарды отбасында, мектептерде және жоғарғы оқу орындарда, бизнес-мекемелерінде сәйкес атап өтуге шақырады.

Қазіргі таңда АҚШ тұрғындарының көпшілігі ұстанатын бір дінді айту қиын. Әлем бойынша бұл ел секталардың көптігі мен жеке шіркеу ұйымдар бойынша бірінші орында тұр. Құрама Штаттарда барлық дерлік шіркеулік топтар жүйелі түрде мүшелерінің санын жазып отырғанмен, халықтың діни құрамын анықтау қиындық туғызады. Оның себебі, АҚШ шіркеулері мен секталары мүшелерінің санын анықтауда әр түрлі критерийлер қоюы. Мысалы, Рим католиктік шіркеуі, соңғы кезде Епископтық шіркеу мен көптеген лютерандық шіркеу ұйымдары барлық шоқындырғандарды есептейді. Иудейлік қауымдар барлық еврейлерді өзінің мүшелері деп есептейді. Көпшілік протестанттық ұйымдар «толық құқықты мүшелерінің», яғни белгілі бір жасқа жеткен (көбінесе 13-жасар) санын көрсетеді. Осыдан-ақ, әр түрлі діни топтардың саны туралы ресми мәліметтер бойынша елде қай діннің басым екенін анықтау мүмкін емес.

Бөлек шіркеу ұйымдарының санының басымдылығы жағынан Римдік католиктік шіркеуі (52 млн адам) тұрады. АҚШ-тағы католиктер Ирландия, Италия, Польша және католик діні басым басқа елдердің ұрпағы. Латиндік салттағы католиктерден бөлек АҚШ-та шығыс салттағы (униаттар деп аталады) католиктер де бар. Униаттар арасында грек-католиктердің саны басым: көпшілігі украиндықтар (550 мыңға жуық), сонымен қатар араб-мелькиттер (55 мың), румындықтар (5 мың), италияндық гректер, венгрлер, хорваттар, көп емес белорустар мен орыстар. Сонымен қоса елде марониттер (153 мың), армян-католиктер (5 мың), сиро-католиктер (5 мың), халдо-католиктер (3 мың) бар.

АҚШ-та протестанттар арасында баптистердің саны басым. Толық құқықты мүшелері бар баптистер қауымы – 25,5 млн. Оларды 15 дербес шіркеу ұйымдары бірлестіреді. Санының көптігі жағынан екінші орында американдық протестанттардың ішіндегі методистер болып табылады (12,9 млн. толық құқықты мүшелер). Тоғыз методистік шіркеу ұйымдарының ішінде ерекше орын алатыны Біріккен методистік шіркеуі, американдық методистердің басым бөлігі осы шіркеудің мүшесі (9460 мың).

АҚШ-та бірқатар ескі католиктік ұйымдар бар (63 мың мүше). Ең ірісі – Солтүстікамерикандық ескі римдік католиктік шіркеуі (ағылшын салтындағы), 61 мың мүшесі бар. Сонымен қатар, діни ілімі ескі католиктік болып табылатын Поляк ұлттық католиктік шіркеуі де бар (282 мың).

Құрама Штаттарда православиені ұстанатындар саны – 4,2 млн. адам. Алайда, елде бір де бір православ шіркеуі жоқ, оның орнына 14 дербес православ ұлттық шіркеулері бар. Айта кететіні, тіпті бір ұлттық топтағы православтар бірнеше шіркеу ұйымдарына бөлінеді. Халкидондық емес шығыс іліміндегілерден Құрама Штаттарда армян-григориандар (Америкадағы Армян шіркеуінің епархиясы – 550 мың ұстанушы, патриарх Киликииге бағынады, Америкадағы Армян апостолдық шіркеуі – 125 мың), коптер (Коптік православ шіркеуі – 100 мың), якобиттер (Антиохияның Сириялық православ шіркеуі – 50 мың) және несториандар (Шығыс Шіркеуі – 5 мың) бар. Сонымен қатар, эфиоптік монофизиттер мен малабарлық якобиттердің шағын бөлігі бар, бірақ олар шіркеу ұйымдарына бірікпеген. «Церковь Иисуса Христа святых наших дней» (2811 мың) және «Реорганизованная церковь Иисуса Христа святых наших дней» (190 мың) деген екі негізгі шіркеуге біріккен АҚШ-тағы мормондардың саны – 3490 мың адам. АҚШ-тағы христиандық емес діндердің ішінде кеңінен таралғаны – иудаизм. Елде 5921 мың иудейлер бар. Бұдан бөлек, мұсылмандар да

бар. АҚШ-та исламды негізгі үш топ ұстанады. Біріншіден, АҚШ-қа алғаш келіп, өзіндік мұсылман қауымының іргетасын қалаған афроамерикандықтар. Келесі, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Жақын және Орталық Шығыстан келген мұсылмандар. Соңғы топ 60-70 жылдары Оңтүстік Азия – Пәкістан, Үндістан, Бангладештен келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Подопригора Р.А. «Государство и религиозные организации (административно-правовые вопросы)
2. Трофимчук Н.А., Свищев М.П. «Экспансия»
3. <http://group-global.org/ru/publication/26060-missionerlik-kызmet-zhne-sayasatpen-sabaktastygy>

Сағнадина А.Т.
«Дінтану» мамандығы 4 курс студенті
Ғылыми жетекші
Борбасова Қ.М.
филос.ғ.д., профессор

МИССИОНЕРЛІК ӘДІСТЕР: ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Кез келген дін өкілдері өзінің соңынан ерушілердің санын көбейту мақсатында барлық әдіс-тәсілдерді қолданатыны сөзсіз анық. Сол себепті де дәстүрлі емес діндердің мүшесі болудың алдын алу үшін миссионерлердің қолданатын әдістерін білу өте маңызды. Ең алдымен «миссионер» терминіне анықтама беретін болсақ:

Миссионерлік қызметке қатысты анықтамалар соңғы уақыттарда ғана шыққан. XVI ғасырға дейін «mission» сөзі Үштік туралы ілімге қатысты «Әке Құдай өзінің Ұлын жіберді, ал Әке Құдай мен Оның Ұлы Қасиетті Рухын жіберді» деген мағынада пайдаланылды. Христиан сенімінің алғашқы таратушыларының қызметі «apostolatus» немесе «propagatio fidei» деп аталған. Уақыт өте келе осы терминдердің орнына миссия термині келді. [1]

Латынша «missio» сөзінен шыққан барлық батыс тілдерінде қолданылатын миссия ұғымы тілде, арнайы міндет ұғымын түсіндіргенде, терминде «евангелист, христиан емес халықтарға тарату» мағынасына келеді. Яғни, «миссия шіркеу тарапынан бүкіл дүние жүзіне жіберілген елшілердің Хз. Исаға сенбейтін халықтар мен топтарды Інжілге (Евангелиеге) шақыру және солардың тұқымдарын тарату үшін мойындарына алған арнайы бір міндеті».

Миссионерлік – техникалық термин ретінде түсінік, ой-пікір және жүйені тарату; не болмаса діни немесе философиялық бір сенімге, саяси және мәдени идеологияға уағыздайтын іс-шара. Бірақ, тарихта бұл сөз ориентализм жұмыстары арқылы христиандықты тарату әрекеті мен Батыс мәдениетін үстем етуге бағытталған ұйым мен соның іс-шаралары деген мағынаны береді. [2]

Миссионерлік – діни ұйымдар мен шіркеулер қызметінің түрлерінің бірі, олардың мақсаты өзге дінге сенушілерді өз дініне тарту және шіркеуден бөлініп кеткендерді қайта оралту. Шын мәнінде, миссионерлік әлеуметтік топтар мен үкіметтің саяси мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді. [3]

Миссионерлік іс-әрекеттер табысқа жету жолында барлық тәсілдерді қолдана отырып, сол мемлекеттің қоғамдық-саяси және мәдени өміріне мейлінше тереңдеп енуге тырысады. Бәрінен бұрын мемлекеттік билік тұтқасында отырған шенеуніктерді айтқанын істетіп, айдауына жүргізу үшін қайткенде де олардың тілін табуға мүдделі. [4]

Христиан миссионерлері өздеріне Иса пайғамбардың мына сөзін негіз етіп алады: «Енді сендер барып бүкіл ұлттарды шәкірт етіндер. Оларды Әке, Бала, Қасиетті Рух атымен

шоқындырындар. Сендерге бұйырған әр нәрсемді ұстануды оларға үйретіндер». Осыдан кейін апостолдар дүниенің төрт бұрышына таралып, Исаның ілімін уағыздауға кіріседі. Қазіргі христиан миссионерлері осы апостолдарды алғашқы миссионерлер деп, өздерін солардың ізінен жүрушілер ретінде есептейді.

Миссионерлік әрекеттер біздің елімізде және Орта Азия территориясындағы түркі халықтарының арасында өте ерте заманнан-ақ жүргізілгені белгілі. XVI-ғасырда Ресейдегі Қасым хандығының соңғы мұрагері Сайын Болатханның шоқынып, өз атын өзгертіп Самсон атанғаны тарихтан белгілі жәйт.

Жалпы Христиан миссионерлігінің Қазақ жеріне орналасуын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның бірінші кезеңі – III-XIV ғғ. аралығын қамтиды. Бұл уақытта еліміздің және Орта Азия территориясына мелькиттер, яковиттер, несториандар Армяндық, Апостоль және Католик шіркеулері болатын. Бұл кезеңде Христиан діні жергілікті басқа да діндермен яғни, Зороастризм, Иудаизм, VIII ғасырда Ислам дінімен амалсыз ымыраласып әрекет етуге мәжбүр болды. Алайда XIV ғасырда Христиандық Ислам дінінің ықпалымен Қазақ даласынан біраз уақыт ығыстырылды. Қазақстанда миссионерлік әрекеттің қарқындаған уақыты Ресей империясының ислам дінін таратудан бас тартып, халықты шоқындыра бастаған кезі.

Екінші кезең – ХУІІІ ғасырдың аяғы – ХХ басында Қазақ хандығының Ресей бодандығын алғаннан кейін, әскерилер арқылы келген. Бұл кезеңнен бастап орыс православие шіркеуі іргесін берік орнатып, миссионерлік әрекеттерін жүзеге асыруға тырысты. Сонымен бірге ХІХ ғасырдың аяғында Католиктер, Протестанттар, Баптистер, Адвентистер және Менониттер де келе бастады. Бұл Протестанттық секталармен қоса орыс православ шіркеуінен бөлініп шыққан ескі дәстүрді қолдаушы ағымдар – молокандар, скопцылар, иеговист-ильинцилар Қазақстанға жер аударылған переселендер мен қара шекпенділер арқылы да келді. Бұл саяси-миссионерлік процеске Ұлы Қазан төңкерісі кезінде Кеңес үкіметінің атеистік идеологиясы кедергі жасады. Жетпіс жыл өмір сүріп, тарих сахнасынан кеткен әлемдегі алғашқы және соңғы атеистік «ұлы держава» миссионерлікке қайтадан айқара жол ашып берді.

Үшінші кезең – 1917 жыл мен 1991 жылдар арасын қамтиды. Бұл дінге деген жаппай қарсылық білдіріліп, діни ғибадат орындары жабылып, діни қызметкерлерді қудалаған кезең болды. Ұлы Отан соғысына дейін көптеген діни қызметкерлерді жер аударып, қатаң түрде жазалап, келген Кеңес үкіметі соғыс басталғаннан кейін дінге деген қатаң саясатын сәл де болса босаңсытты. Көптеген жабылып қалған ғибадат үйлері қайтадан ашылып, 60-80-жылдары Католиктер мен түрлі Протестанттық секталар да ресми тұрғыда пайда бола бастады.

Соңғы кезең – еліміздің тәуелсіздік алған жылдарымен тұспа-тұс келеді. Осы уақыт ішінде Республикамыздың территориясында бұрын сонды кездеспеген ағымдар мен секталар, атап айтар болсақ, пресвитариандық және методистік, протестанттық конфессиялар: «Агапе», «Жаңа өмір», «Иегова куәгерлері», «Бахай сенімі», «Ібіліс шіркеулері», «Саентология шіркеуі» және т.б. өз алдарына діни бірлестік болып құрылып орналаса бастады. Тәуелсіздік алғалы миссионерліктің қарқынды түрін Дәстүрлі емес діни қозғалыстар жалғастырды. [5]

Миссионерлер әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып қызмет етеді. Көбіне олар сырт көзге дінді уағыздаушы ретінде көріне бермейді. Әртүрлі әлеуметтік салаларда қызмет көрсете отырып, жасырын түрде уағыздарын жүргізеді. Миссионерлер еңбектері жемісті болуы үшін негізінен мына әдістерді қолданады:

1. Діни ұйымдар құру және діни әдебиеттер шығару. Миссионерлер әуелі қызмет ететін жерлерін белгілеп алып, сол жерде бір ұйым құрады. Бұл ұйымды сол аймаққа сай дайындалған адам басқарады. Миссионерлер Библияны (Киелі кітап), діни кітап, журнал және брошюраларды сол елдің тілінде шығарады, әр түрлі уағыздар, материалдық және моральдық көмектер көрсете отырып, христиандыққа деген сүйіспеншілікті оятуға тырысады. Мұсылман елдеріндегі қиын жағдайларды мысалға келтіре отырып, бәріне себеп

ислам діні екенін алға тартады. Осылайша діннен суытуды мақсат етеді. Діни ұйымдары арқылы өз діндерін жоғары етіп көрсету, діни сауаттылығы төмен адамдарды өз жақтарына тарту, жағдайы төмен жанұяларға материалдық көмек көрсете отырып, өз сенімдеріне кіргізу бұлардың әдістерінің бір бөлігі болып табылады.

2. Әртүрлі орталықтар және оқу орындарын ашу. Оқу орындарын аша отырып, бұл жерлерге оқытушы ретінде миссионер дін адамдары алынады дағы, христиандық үгіт-насихат астыртын немесе ашық түрде жүргізіледі. Осы оқу орынында оқығандарды жоғары ақылы жұмыспен қамтамасыз ету арқылы басқаларды қызықтырады.

3. Жасанды ұйымдар құру. Бұл ұйым мүшелері сыртқы бет-бейнесі, жүріс-тұрысы, дін, тіл, салт-дәстүр секілді мәдениетке қатысты жолдармен өздері жүрген қоғамның адамы секілді көрінеді. Алайда мақсаттары басқа болады. Миссионерлер баратын жерлерінің ерекшеліктеріне сай дайындалғандықтан, өте қабілетті болып келеді. Жасырын қызмет еткендіктен, діни сауаты төмен елді оңай иландырады. Бұлардың мақсаты саяси және діни тұрғыдан елді арандатып тұрақтылықты бұзу, дамудан ұзақ қалдыру болып табылады. [6]

Одан өзге миссионерлік қызметтің қазіргі формалары мен әдістеріне тоқталатын болсақ:

1) Тәрбиелік миссиясы (шіркеулендіру). Бұл киелі шоқынуға дайындалудағы Құдайды іздестірушілер мен жұмыс, сонымен бірге шоқынған болып, бірақ христиандық сенімнің негізін үйренуде қажетті білім алмағандар.

2) Апологетикалық миссия. Бұл еретикалық, сектанттық, агностикалық және басқа да православтық емес оқулармен салыстырғандағы ақиқат куәлігі. Апологетикалық миссия православтық емес миссионерлік ұйымдардың және жеке «евангелизаторлардың» прозелиттік қызметтеріне бағытталған қарсылық.

3) Ақпараттық миссия. Бұл барлық қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық бұқарасын кеңінен қамтитын православиелік куәлік, сонымен бірге приходтық кітапханаларды ұйымдастыру мен арнайы миссионерлік әдебиетті шығару.

4) Сыртқы миссия. Бұл өздерінің ұлттық дәстүрлері мен мәдениетінде нағыз христиандық негіздерінен айырылған халықтар арасындағы православтық куәлік. Сыртқы миссия түрлі этномәдени және этноконфессионалды шарттарда жүзеге асырылады. Ол әрдайым Әлемдік Православтық шіркеу өмірінде маңызды рөл атқарады, соның арқасында жаңа поместиялық шіркеулер пайда болып жатты.

5) Ымыралық миссиясы. Қазіргі әлемде болып жатқан глобализациялық процестер, әлеуметтік аражік, адамдардың миграциясы, оның өзі зорлық-зомбылық, террористік экстремизм мен этноконфессионалды қысым, түрлі ұлттардың, әлеуметтің топтардың ымыраға келуі, осының барлығы православтық миссияның басты мазмұны болып табылады. [7]

Миссионерлік негізінен христиан дініне тән қызмет болғанымен, өзге дәстүрлі діндерге де тән қызмет болып табылады. Ислам дініндегі «дағуат» та өз дініне адамдарды тарту мақсатын көздейді. Ең алғашқы дағуатшы Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың өзі. Одан кейінгі әділетті халифалар, сахабаларды оның адал жолын жағастырушылар. Қазіргі кезде «Таблиғи жамағат» атты исламдық дәстүрлі емес ұйым дағуатқа көп мән береді. Тіпті, бұл ұйымның әр мүшелеріне дағуат жасау міндетті десек те болады. Ерекшелігі де осында болып отыр.

Миссионерлердің қызмет ету әдістерін түйіндейтін болсақ, бұрын да, қазір де сол дәстүрлі әдістердің қолданылып келе жатқанына куә боламыз. Бұлардан бірнешесін атап кетейік:

1. Миссионерлер өз діндерін жаю үшін баратын жерлерінің діни, әлеуметтік және мәдени жағдайларын зерттейді. Сол аймақтың мәдениетін бұзуға тырысады.

2. Ұлтты ұлт етіп сақтап тұрған материалдық және рухани құндылықтарды құлатуға әрекет етеді. Әуелі сол мәдениетті құртып, сосын өз қалауларына сай түрлендіреді.

3. Жас ұрпақтың ешбір діннен, ұлттық құндылықтардан аулақ болып өсуін қамтамасыз етуге тырысады. Сөйтіп, ұлттық мәдени құндылықтан жұрдай адамдарға қиын-

қыстау кезеңдерінде жандарынан табыла қояды дағы, құтқарушы дін ретінде христиандықты ұсынады.

4. Христиандықтың жеңіл, исламдағы ғибадаттардың қиын екенін алға тартады. Христиандықтың сүйіспеншілік, исламның зорлық-зомбылық діні екенін мысалдармен айтады.

5. Әртүрлі ұйымдар құрып, жағдайы төмендерге қол ұшын береді. Осылайша өздеріне адамдарды таратады. Мақсаттарының ілемде тыныштық орнату екенін айта отырып, гуманизмді, демократияны, объективтілікті жақтауда алдына жан салмайды.

6. Ғылыми, әдеби еңбектерде, әсіресе фильмдерде шебер жолмен христиандықты ұнамды етіп көрсететін көріністер енгізіп, сананы жаулауға тырысады. [6]

Миссионерлік қызмет саяси мақсатты жүзеге асыру үшін қолданылатын құрал екенін қазақ халқының басынан өткен тарихы сыр шертеді. Ол – Ресейдің қазақтарды отарлау үшін жүргізген шоқындыру саясаты. Осы шоқындыру саясаты барасында қазақ халқы әлеуметтік, экономикалық, рухани тұрғыдан қатты зардап шеккен болатын. Миссионерлердің көздеген мақсаты христиан дінін таратып, Иса пайғамбардың соңынан ерушілердің санын көбейту болса да, оның түп негізінде саяси астарлар жатқаны сөзсіз. Миссионерлік қызметтің арқасында алпауыт мемлекеттер әлі күнге дейін саяси мақсатта қызмет етуде. Бұл мәселе қоғам, мемлекет үшін қауіпті құбылыс болып табылады.

Миссионерлік қызметті зерттеу маңыздылығы, бүгінгі таңдағы елімізге жат, дәстүрлі емес діни ұйымдар мен бірлестіктердің сенушілерді өз сенімдеріне тарту жолындағы белсенді жұмысымен байланысты. Осы ретте миссионерлік қызмет әдістері мен технологияларын жан-жақты зерттеу жүргізудің өзектілігі арта түседі. [3]

Сонымен миссионерлік дегеніміз – діни ұйымдардың өзінің ілімін тарату мақсатында қолданатын қызметі. Яғни, жеке тұлғалар мен қоғамдарды, сол кездегі жағдайларын, мәселелерін қолданып, христиан қылу немесе христиандыққа енгізу жұмысы. Қазақстандағы миссионерлік енді зерттеліп келе жатқан тың тақырыптардың бірі. Оны ары қарай терең зерттеп, жастардың санасына діни түсініктер қалыптастыруымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М. Борбасова, А.А. Сағындықов. Жаңа протестанттық ұйымдардың миссионерлік қызметінің саяси астарлары. ҚазҰУ хабаршысы. Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы №2 (47). –2014. – 240 б.

2. Хизметли С., Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік: Алматы – ЖШС «Эверо», 2006 ж, 256 б.

3. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С. «Адамзат тарихындағы миссионерліктің қалыптасу ерекшеліктері», ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы №1 (50). – 2015.

4. Миссионерлік өнердің құпиялары/ А. Мамашұлы // Қазақ әдебиеті.-2001.- 4 мамыр №18 (2700). – 10б.

5. Тұрғақұлов Таңжарық. Қазақстандағы миссионерлік әрекеттер // <http://e-islam.tarmpi.kz>

6. Христиан миссионерлігінің қалыптасуы және даму ерекшеліктері/ С. Абжалов// Саясат. – 2005. - №4 (114). – 80б.

7. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер / Н. Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова, Б.К. Бейсенов [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 228 б.

Тағабай Н.Д.
«Дінтану» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші:
Мейірбаев Б.Б.
филос.ғ.к., доцент

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда дәстүрлі емес діндердің саны күннен күнге көбеюде. Әлемде жүз алпыс миллионнан астам адам өздерін осы діни қозғалыстардың мүшесіміз деп санайды. Дінге сенетін адамдардың өзара қарым-қатынастары нәтижесінде пайда болған қауымдастықтар «діни бірлестіктер» деп аталады. Дәстүрлі емес діндер жайлы сөз қозғамастан бұрын, олар жайлы бірнеше анықтамаларды білгеніміз жөн. XIX- XX ғасырларда екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Батыс қоғамында көптеген өз алдына дербес «жаңа діни қозғалыстар» пайда бола бастады. Дәстүрлі емес діни қозғалыстар-қоғамда тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан құндылықтарды, жаңадан пайда болған ешқандай этносқа қатысы жоқ діндер жатады. Олардың діни ілімі нақты мемлекет немесе халық тарихымен терең байланыспайды. Кейбір діни ағымдар өздерін саналы түрде мемлекет пен қоғамдағы негізгі діндерге қарсы. Олардың ілімдері синкреттікпен ерекшеленіп, әр діни және философиялық жүйелердің элементтерін эклектикалық түрде біріктірді, бұл ерекшелік оларды «постмодернистік» деп атауға негіз берді. Дәстүрлі емес жаңа діни қозғалыстар туралы ғылымда қалыптасқан ортақ бір атауы жоқ, діни- танымдық журналдарда, газеттер мен басқада бұқаралық ақпарат құралдарында және дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде: «тоталитарлық секталар», «іріткі салушы топтар», «дәстүрлі емес діни ғұрыптар», «жаңа діни қозғалыстар»- деген әртүрлі тіркестермен беріліп жүр. Бірақ, қазіргі ғылымда жаңа діни ағымдарды зерттеуде объективті және әділ бағытты ұстану мақсатында «секта», «тоталитарлық секта», «культ», «деструктивтік культ» терминдерін эмоциональды ауыр және діни көзқарасқа тән деп қолданбауға тырысады. XX ғасырдың соңында бұл терминдерді ауыстыратын «альтернативтік діндер», «маргинальдық діни топтар» т.б. терминдер ұсынылған болатын. [1] Енді діни сектаға қатысты әлеуметтік және құқықтық тұрғыдағы көзқарастарға тоқталайық. Секта сөзі (лат. secta- ой жүйесі, ілім, бағыт)- қайсібір діннің өз ішінде оппозициялық топ. Шіркеуде болып жатқан түрлі жағдайға көңілі толмай, әдетте ерекше деп танылған, кейде шектелуге, тұйықтыққа, негізгі діни бағыттан қол үзушілікке бастайтын топ. Секта ежелгі гректерде де αίρεσις- ілім, бағыт, мектеп ұғымын білдірсе, этимологиялық мағынасы латынның sequi яғни, «артынан еру», «бағыну» деген сөзінен шыққан. Д.Н.Ушаков құрастырған сөздікте: 1. Дәстүрлі діндерден өз дербестігін алған діни ілім немесе түрлі әлеуметтік топтардан құралған ұйым; 2. Біз және басқалар деп қоғамнан бөлектеніп, өздерінше тұйық өмір сүрушілер. Құқықтану да секталардың қоғамдағы әрекеттеріне қарай «деструктивті немесе тоталитарлы секта» деген терминдік атау берілген. Деструктивті секта-дәстүрлі діндерден бөлінген оларды дін ретінде мойындамайтын, жеке көзқарастарымен діни догматикаларын қалыптастырған, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы және қоғамдық құрылыстарға кері әсерін тигізуші тар шеңберлі көзқарастағы адамдардан құралған топ. Тоталитарлы секта- басшылары көбіне заңға қайшы келетін қылмыстық әрекеттерге барып, қарапайым топ мүшелерінің саналарын түрлі манипуляциялық амалдармен жаншып, тоталитарлық жолмен бағындыруға тырысады. Осыларға байланысты қоғамның тұтастылығы жойылады. Өз қалау-мақсаттарымен басқарып, халықтың дәстүрін, мәдениетін күйретеді.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың өзіндік ерекшелітеріне тоқталып өтейік:

- Әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау көрсету;
- Кішіпейілділік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысу;

- Кез-келген аймақтағы мұқтаждық, жұмыссыздық, сауатсыздық және пассивтік сияқты әлеуметтік және экономикалық мәселелерді пайдалану; аймақ халықтарын, олардың басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдалана отырып, өз қатарларына тартуға тырысу;

- Жұмыссыз, әлеуметтік жағдайы нашар, ұлттық және рухани құндылықтарынан хабары жоқ жастарды өздері үшін мақсатты түрде миссионерлерге айналдыру;

- Мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан - жанқты ұйымдасу жұмыстарын жүргізу.

Осы ерекшеліктеріне сүйене отырып, қоғамға әкелер кері әсерімен қатар оң әсерін айтып өтсе болады. Тигізер пайдасы әрине айтарлықтай емес, бірақ осы негіздемелерге сүйене отырып, мемлекет тарапы осы ерекшеліктерді ескере, мұқтаждықты азайтар деуге болады.[2]

Жаңа діни ұйымдардың топтастырылуы. Неохристиандық бірлестіктер. Олар өзінің христиандыққа мұраға деген бағдарлауын мәлімдейді. Бұл бірлестікке: Құдай балалары, Елуіншілер, Методизм, Евангелшіл христиандар, Жетінші күн адвентистері, Иегова куәгерлері, Мормондар, Жаңа апостылдық шіркеу, Соңғы өсиет шіркеуі, Бірліккен шіркеу, Христиан ғылымы, Белое Братство (Ақ ағайындық) жатады.

Исламдық жаңа діни ағымдарға: Тәкфир және Хижра жамағаты, Сопылық, Уаһхабшылдық, «Хизб-ут-Тахрир» Ислам азаттық партиясы, Ахмадия ағымы, Бахаи сенімі жатады.

Жаңа шығыстық ағымдар немесе неоориенталистік ағымдар: (бағыттаушы сөзінен - шығыс). Бұл ұйымдардың негізіне шығыстық діни-философиялық жүйелер – индуизм, кришнаизм, буддизм, конфуцишылдық т.б. жатады. Әдетте, шығыс діни ағымдар көп қайта жасалынады және батыс елдері үшін өте ыңғайлы түрінде болады. Аум Сенрике ұйымы, Вон буддизм Кришна Санасы қоғамы.

Саентологиялық және Сатанистік ұйымдар: Оларға «Шайтан шіркеуі», әзәзіл культін және ең зұлымды антигумандық бірлестіктердің басқа түрлерін жатқызуға болады. Олар өздерін зұлымдықты таратушылар және христиандықтың антиподы деп санайды. Қазіргі заманғы сатанизм көбінесе антихристиандық бағыттағы секталардың және ағымдардан тұрады. Олардың жалпы белгісі моральді белсенді түрде қабылдамау және Құдай «тираниясымен» күрес жүргізетін қарсылас ретінде шайтан образын идеалдандыру болып табылады. Негізінен шайтандық секталар дін мен моральдік құдыретінен бас тартатын жастарға сүйенеді. Саентология шіркеуі және Сатанизм жатады.[3]

Республика аумағында дәстүрлі емес бағыттағы мынадай діни бірлестіктер жұмыс жасайды:

- Елуіншілер. Республикада елуіншілердің 53 қауымы бар және олардың 24 ғибадатханалары жұмыс істейді. Еліміздегі барлық протестанттық ағымдар сияқты елуіншілер де өз қатарына жаңа мүшелер тартуға бағытталған белсенді әрекет жүргізеді. Елуіншілер сайтындағы мәліметтерге сүйенсек қазіргі таңда жалпы христиандардың 20% елуіншілер болып табылады, саны 500 млн асады.

- Методизм. Қазақстанда кішігірім бес методистік қауымы жұмыс істейді (олардың ішінде үшеуі Алматыда («Те Синг», «Чонг Донг» және т.б.) Біріккен Методистік Шіркеу Павлодарда, оның пайда болуына шетелдік, әсіресе корейлік уағыздаушылардың қызметі жағдай жасады. Сенушілер саны-300-ге жуық адам. 2007 ж. Алматы қаласында Біріккен Методистік Інжілдік колледжі ашылды.

- Евангелшіл христиан-баптистер. Қазақстанда өз тарихын 1909 ж. бастайды. Алматы қаласында баптистік шіркеу 1917 ж. қалаға Украина мен Орынбордан бірнеше баптистік жанұя көшіп келгеннен кейін құрылды.

- Жетінші күн адвентистері. Алғаш ұйымдар 1902 жылы Өскеменде, Семейде, Ақмола обл. Рождественка ауылында, Қостанай обл. пайда болды. Қазақстанда 72 шіркеу тіркелген. 5000 жуық мүшелері бар.

• Иегова куәгерлері. Өте тез өсіп келе жатқан конфессиялардың бірі болып табылады. Қазақстанда бірінші жиындарын құрады.(1955ж.) 1996 ж. 15 қауымдастық 329 сенушіге ие болса, 1986 ж. 27 қауымдастық 1381 сенуші, 1988 ж. 27 қауымдастық 1290 сенуші, 2001ж. 121 қауымдастық 12992 сенуші оның үштен бірі Алматы қаласында тұрады. 2006 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, елімізде 107 діни бірлестіктері бар.[4]

• Соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі (мормондар).2000 жылы «Қазақстандағы соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі» атты діни бірлестік тіркелген. 2012 жылдың тамыз айындағы есебі бойынша Қазақстандағы шіркеу мүшелерінің саны 193 адамды құрайды.

2012 жылғы қарашада Қазақстан аумағындағы діни бірлестіктерді қайта тіркеу үрдісінен кейін Астана, Алматы қалаларында Соңғы күн әулиелері Иса Мәсіх шіркеуінің 2 діни бірлестігі қызмет етеді.

2016 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР аталмыш бағыттың 2 шіркеуі жұмыс атқарады.

• Кришна санасы қоғамы. 2006ж. басында республикада 12 діни бірлестігі болды. Діни ғимараттар саны – 3. Этникалық құрамы – славянтілді халық. Қазақстан бойынша 450 жуық ізбасарлары бар. Кришнаиттердің белсенділігін олардың жиі ұйымдастыратын шараларынан көруге болады.

• Мунның бірлестік шіркеуі.«Бірлестік шіркеуі» Қазақстанда 2013 жылы тіркелген. Қазіргі таңда республикада Алматы қаласында орналасқан 1 ұйым жұмыс жасайды. 2016 жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР 1 мунның бірлестігі тіркелген.

• Бахаи қауымы. 1990 жылдың қазанында Алматы қаласында Бахаи қауымының жергілікті діни жиыны құрылды. 1994 жылы Қазақстанның Бахаи Ұлттық Діни жиынына сайлау өтті, аталмыш ұйым осы жылы тіркеліп, 1997 жылы қайта тіркеуден өтті.Қазіргі таңда Қазақстанда 6 «Бахаи» жергілікті діни бірлестігі жұмыс жасайды.[5]

• 1996 ж. «Саентология Шіркеуі» діни ұйым ретінде тіркелді.

• Ваххабизм діни Қазақстан Республикасында ресми түрде тыйым салынған дін болып табылады.

• Ахмадие Қазақстанда пәкістандық уағыздаушылар әсерімен «Ахмадие» қауымдастығы пайда болды, олар өз жарғысын 1994 ж. Әділет министрлігінде бекітті. Қауымдастықтың толық аты – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ахмадие мұсылмандық жамағаты. 1998ж. Шымкентте Алматыдағы қауымдастықтың филиалы тіркелді. Елімізде бұл ұйымға сенетін жүздеген астам адамды құрайды.[6]

Дін-мәдениетімізді,салт-дәстүрімізді санамызды қалыпқа салатын жол. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихында ислам діні жатыр. Сондықтан біз бүгінгі таңда дінімізді тек ғибадаттық, психологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар болмыстық тұрғыдан талдап, қарастыруымыз қажет. Соның нәтижесінде қоғамдағы діни сана мен діни сауат артып, еліміздің береке бірлігі мен табиғатына экстремистік діни ағымдарға қарсы бола алады деп айтуға негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар»//Байтенова Н.Ж.//Алматы//2010
2. <http://www.akt.adilet.gov.kz/>
3. <http://www.rukhanialem.psu.kz/>
4. Байтенова Н.Ж.//«Қазақстандағы діндер»
5. Байтенова Н.Ж.//«Ұлттық қауіпсіздік аясындағы діни сәйкестілік мәселесі» Алматы// 2008 ж. Иванов В., Трофимов Я. // «Религии Казахстана»
6. Өленов Ж.С., Қойшиева Л.К., Қорабаев Р.Қ.//«Дін және құқық»-Астана, 2009-2010 ж.ж., №4,1,2

ШАРИҒАТ БОЙЫНША НЕКЕ –АРДЫҢ ҚОРҒАНЫ

Құран кәрім некелесуді әмір етеді. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде: «Некелесіндер, көбейіндер! Қиямет күні мен сендердің көп екендіктеріңмен мақтанамын» және «Неке қию — менің сүннетім. Сүннетімді тәрк еткен адам менен емес» делінеді. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде

Ислам діні қазіргі кезде елімізде қарқынды даму үстінде екенін білеміз . Осы дінімізге байланысты Ислам шариғаты бойынша неке қию мәселесі қазіргі заманда қарастырылып жатқанын білеміз. Негізінен көптеген мәселелр асырлар бойы біздің қоғамымыздың жүйесі ,өмірлік пен жанұялық әдет- ғұрпымыз ,әрбір адамның мінез құлқы дінмен беріледі және діни моральға негізделген. Осы 70-80 жылдар бойы , Кеңес үкіметі билік құрған кезде , діни бастаулардың әлсіреп кеткені ,салт – дәстүрлеріміздің сақталмауы , тіліміздің жойылып кете жаздағаны көрінеді. Негізінен сатистикаға сүйенетін болсақ , мұсылман елдерінде ерлі-зайыптылардың ажырасуы аз болып келеді. Бұл жағдай мұсылмандардың әдет-ғұрыптарының Ислам дәстүріне негізделеді. Исламда неке қию той жасау рәсімдері әрқашан да киелі , игі және даналық дәстүрлер болып саналады.

Неке сөзіне тоқталатын болсақ ,Неке қию (араб тілінде – »никах«) . Осы неке тоқталатын болсақ , Исламда жауапкершілік пен адалдықтың , адам жаны мен жүрегінің тынышталуына себепкер болатын игі әрекеттердің бірі болып саналады. Неке қию – адамның Алла , қоғам және өзінің алдында үлкен жауапкершілікке бой ұсыну болып табылады.(1.1) Исламда неке қиюды ер мен әйелге бірдей міндет еткен. Өйткені , үлкенге деген құрмет және кішіге деген қамқорлық жанұяда туатыны сөзсіз . Жанұя – сүйіспеншілік пен тәрбиенің негізі

Исламда мұсылман жігітке өз қалыңдығын таңдау кезінде асықпауы қажет. Ол жоғары ислами ерекшеліктерге ие, тұрақты және берекелі жанұялық өмірді қамтамасыз ететін бойжеткенді іздестіруі және тек сұлу жарды ғана таңдамай, келешек өз балаларының анасын да жазбай та- нуы керек. Сондықтан, ол тек сұлулығына ғана қарамай, біріншіден, оның дінге деген көзқарасына, ақылына және тақуалығына назар аударғаны абзал. Бұл мәселе бойынша пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) былай деген: «Жарды таңдау кезде төрт нәрсеге көңіл аудару керек: байлығына, атағына, сұлулығына және дініне. Сен үшін абзалы дінді ұстанатын қыз, егер де керісінше болса, сен ұтыласың». Бірақ сонымен қатар, мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескере отырып, қыздың сұлулығы да негізгі шарттардың өнеге біріне жататынын жоққа шығармаған. Ер адамға туысқанына немесе сүтті қарындасына үйленуге тыйым салынады. Қосылған жағдайда олардың бір-біріне жыныстық тартылыстары өте төмен деңгейде болады, яғни келешек ұрпақтары әлсіз болу мүмкіншілігі жоғары. Қазіргі заман зерттеулеріне назар аударсақ, көптеген әлсіз балалар дәл осындай жұптардан дүниеге келетіні дәлелденген. Бұл да исламдағы өте күрделі мәселелердің қатарынан. Үйленердің алдында атастыру рәсімі өтеді. Атастыру рәсімі шариғатқа сәйкес - үйленетін жігіт пен қызды бір- біріне таныстыру болып табылады. Бұл рәсім сүннет болып саналады және неке қиғанға дейін орын алады. Атас- тыру кезінде қыздың және қамқоршысының пікірлері, қыз күйеуге тиюге келісімін береді немесе жоқ па деген сұрақтар анықталады. Екі жақтың келісімі ислам шарттары бойынша міндетті түрде болу керек.

Шариғаттағы терминдік мағынасы – ер мен әйелдің төсек жақындығын адал ететін, әрі ортақ өмір кешіп, ортақ ұрпақ жалғастыруларын қамтамасыз ететін келісім-шарт. Ислам дінінің заңнамасы – шариғатта үйленудің үкімі бекітілген сүннет, яғни Пайғамбар (с.а.с.) істеген іс.

Некенің өзіндік парызы мен шарттары бар. Олар некенің толық болуы үшін өте маңызды. Сол себепті ,неке қиюға қатысты негізгі 7 қағиданы білуіміз қажет.(1.2)

1. Неке қиюға кедергі болатын тыйымдардың болмауы Яғни, әйел де, еркек те туысқандық немесе сүттес жақындықтың себебімен шарифат заңы бойынша (бір-бірлерімен) үйленуіне болмайтындай жандар болмауы керек. Мұсылман әйелге мұсылман емес еркекке тұрмысқа шығуына тыйым салынады, ал мұсылман еркекке Кітап иелерінің (яһудилер мен христиандардан) ары таза әйелдерінен басқа, Аллаға иман келтірмейтін әйелдерге үйленуіне болмайды.2. Ұсыныс (Ижәб) Неке екі жақтың біреуі ұсыныс жасауымен әрі осы ұсынысты екінші жақтың қабыл алуымен жүзеге асады. Бұл жерде ұсыныс (болашақ) ері, оның уәлиі немесе уәкілі тарапынан шығып, оны әйел, оның уәлиі (қамқоршысы), немесе ол (әйел) кәмілет жасына толған болса, оның сенім тапсырылған адамы қабылдайды ма, әлде керісінше болады ма – мұның айырмашылығы жоқ. Ұсыныс әйелдің уәлиі (қамқоршысы) болашақ күйеуге: «Мен сені қызыма үйлендірдім» немесе «Қызымды саған тұрмысқа бердім» немесе осы сияқты сөздерді айтуымен жасалады.3. Қабыл алу (Қабул) Қабыл алу болса болашақ күйеудің: «Мен (осындай әйелге) үйленіп отырмын» немесе «әйелдікке алдым» немесе «әйелім ретінде қабыл алдым», - деуімен іске асады. Ұсыныс сондай-ақ болашақ күйеуден: «Маған қызыңды тұрмысқа бер», - деп келуі мүмкін, ал уәли (қамқоршы): «Мен сені (оған) үйлендірдім», - дейді. Немесе көздеген мақсатқа жету үшін (ұсыныстың) кез келген басқа түрі де бола береді.4. Некеге тұратын адамдарды олардың аты-жөндерімен атау немесе оларға меңзеу т.с.с арқылы нақтылау;

5. Күйеу мен әйелдің келісімі. Бұған дәлел Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Бұрын тұрмыста болған әйел некеге келісімін бермейінше, тұрмысқа берілмейді. Тұрмыста болмаған қыз да оның келісі болмайынша, тұрмысқа берілмейді», - деген сөздері. Адамдар: «Ал ол келісімін қалай білдіреді?», - деді. Ол (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Оның келіскені – үндемегені (яғни ол келісімін ашық айтудан ұялатын шығар)», - деді (Бұхари).6. Неке әйелдің уәлиінің (қамқоршысының) рұқсатымен қиылады. Бұған дәлел Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Қандай бір әйел уәлиінің (қамқоршысының) рұқсатынсыз тұрмысқа шықпасын, оның некесі жарамсыз. Оның некесі жарамсыз. Оның некесі жарамсыз!», - деген сөздері. Хадис сахих (сенімді). Қз.: «әл-Ируа» № 1840;7. Некені куәландырып, ол туралы басқаларға жария ету. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Неке уәлисіз және екі куәсіз жарамсыз (болады)» («Сахих әл-Жәми'»). Сондай-ақ мұның міндетті екендігі Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Некені жария етіндер», - деген сөздерімен күшейеді («Сахих әл-Жәми'» № 1072).

Неке қиюдың негізгі үкімдері:

Біріншісі: Екеуінің арасында ерлі-зайыптылық орнап, жар төсегіне жатуына болады. Сондай-ақ құдалық қатынас орнайды, яғни күйеу балаға қайын енесі, келінге қайын атасы (үйленуі) харам етіледі және екеуі де мұрагерлік құқыққа ие болады.

Екіншісі: Неке ер кісіге төмендегі істерді орындауды міндеттейді:

а) Мәһр. Уәде еткен сыйының барлығын немесе бір бөлігін беруі тиіс.

ә) Нәпақа, яғни асырау, киіндіру, баспанамен қамтамасыз ету сияқты т.б. қажеттіліктерді өтеу міндеттеледі.

Үшіншісі: Әйелге төмендегі істерді орындау міндеттеледі:

а) Ер адам неке шарттары бойынша әйелге басшы болады. Әйелі ерінің талап-тәрбиесіне мойынсұнып, оның ақыл-парасатымен келісіп, айтқандарын орындауға міндетті.

ә) Шарифат үкімі бойынша рұқсат етілген істерде әйелі күйеуіне бағынады. Үйден шығарда рұқсат сұрайды, кез келген баратын жерін жарымен ақылдасады.

б) Етеккір сияқты үзірлі себебі бар жағдайлардан басқа уақытта жар төсегінен бас тартуға хақы жоқ.

Келесі қарастырылатын мәселеміз »Азаматтық неке « мен »талақтың « исламдағы үкімі. Сонғы кезде осындай ақ некенің қадірін қашырып, жастардың арасында «азаматтық неке» немесе «ерікті махаббат» деген ұғымдардың пайда болғаны өкінішті-ақ. Жеті атасын

біліп өскен ұрпақ үшін «азаматтық неке» мүлдем жат ұғым. Бұл аз болғандай бұларға «талақ бергіштер» қосылды. «Өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды» демекші, діни білімі жоқ немесе теріс ағымның ықпалына түскен кейбір жастар өзіне де, өзі өмір сүріп отырған қоғамға да зиянын тигізуде. Осындайлар «мен дінде жүрмін» деп дін үкімдерін қате түсініп, оны өзінің нәпсі қалауына бұрмалап, дінді басқа кейіпте көрсетуде.

Әдетте азаматтық некедегі адам тез үйленіп, тез ажырасады. Үйленуінен ажырасулары тез болған жастардан мұның себебін сұрай қалсаңыз: «Мінезіміз сәйкес келмеді», – дейді. Олардың мұндай қадамын ата-анасы да құптап, көп ұзатпай келесі біреуге үйленіп жатқандарын жиі көріп те жүрміз. Ал, ортада қалған бесіктегі баланың келешегі не болмақ? Ол үшін кім жауапты? Отбасылық жауапкершіліктен қорқып, қашып жүрген «кешегі» жас жұбайлар сәбиді не қылсын? Олар азаматтық некеде тұрғандықтан заң сәбидің әкесін әлеуметтік те, материалдық та тұрғыдан міндеттей алмайды. Бірақ, бұлар заң алдындағы жауапкершіліктен құтылғанымен Алланың алдындағы есептен қаша алмайды. Бәлкім мұндай некедегі азаматтарымыз: «Мен дінді ұстанбаймын. Алланың алдында қалай жауапты болмақпын?» деп ойлайтын болар. Алланың алдында жауапты болу үшін дінді ұстанып-ұстанбау шарт емес. Бастысы, сіз саналы адамсыз, сол үшін сұраласыз. Адам тағдырымен ойнауға болмайды.

«Кімде-кім тозақ түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соның да сыйын көреді. Кімде-кім тозақ түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соның жазасын да көреді»(Зилзала: 7-8).ғана некесі қиылмаған «азаматтық некенің» шарифатта некесіздікке жататыны туралы ҚМДБ пәтуәсі жарияланды. Расында да, «азаматтық некеге» барған жастардың некесі қиылмағандықтан, олардың төсек қатынасы шарифатта зина саналады. Ал исламда зина жасаудың үкімі қандай?

- Исламда зина жасаудың үкімі де, сұрауы да қатты. «Зинаға мүлде жоламаңдар. Шын мәнінде, ол – анық арсыздық әрі ең жаман жол» (Исра: 32).

Некесіз төсек қатынасы зина саналғандықтан, дүниеге келген сәби де зинадан туған бала болып есептеледі. Бұл аз болғандай, сәби әлеуметтік жағынан да қорғалмаған.– «Азаматтық некені» діни сауатының жоқтығынан дедік. Ал енді, дінді біле тұра «талақ» айтқыштарды қалай түсінуге болады?

- Талақ қандай жағдайда айтылу керек? Жалпы талақтың талаптары қандай?

- Барлық нәрсені жетік білетін Алла ажырасудан басқа шара қалмаған уақытта екі жасқа ажырасу құқығын берді. Бұған қатысты пайғамбарымыз (ﷺ) «Рұқсат етілген істердің ішінде Алла Тағалаға ең сүйкімсіз іс – талақ» – деп айтқан (Әбу Дәуіт және т.б.). Бірақ, пайғамбарымыз (ﷺ) шаңырақ бірлігін шама келгенше берік ұстауды үнемі насихат етіп отырған. Отбасының берекесін бұзып, нәпсінің қалауына еріп, «мен ажырасамын» немесе «талақ» деп айта салуға болмайды. Бұл жиіркенішті амал. Алланың елшісі (ﷺ): «Қандай да бір әйел болмашы нәрсеге бола күйеуінен талақ етуін сұраса, ол әйелге жәннаттың иісі харам», – деген (Әбу Дәуіт және т.б.).

Шарифат ажырасуға рұқсат береген екен деп «талақты» ойыншық етуге әсте болмас. Жоғарыда айтқанымыздай мұндай адамдарды нәпсіқұмар және намысы жоқ адамдар деп атаған жөн. Бұлар бойындағы құмар ләззатына еріп, соны шарифаттың атымен бүркеп жүргендер. Алла Тағала:

«Егерде ері әйеліне (үшінші рет) талақ берсе, әйелі басқа күйеуге шығып, одан талақ алғанға дейін, екеуінің қайтып үйленулеріне болмайды. Екінші рет шыққан күйеуінен басы босаған соң, Алланың талап еткен шектеулерін орындай алатындарына сенімді болса, екеуінің қайта қосылуларында күнә жоқ. Міне, жөн білетін адамдарға (таратып) түсіндіретін Алланың үкімдері осындай» (Бақара: 230)» – деп ажырасып, әйеліне қайта қосылудың жеңіл емес екенін көрсетеді. Бұл – ер адам осыны білген соң оңайлықпен шаңырағын бұзбасын, намысын қорғасын деген мағынада айтылған аят. Яғни, сіз өмірлік жарыңызға талақ беріп, ажырасатын болсаңыз, онда ол басқа ерге тұрмысқа шығып, онымен ерлі-зайыптылық

борышын өтеп, кейін одан ажырағасын барып, оны қайта алуға рұқсат. Алла Тағала «ақ неке» сияқты нәзік құндылықты осындай қатал аятпен қорғап қойған. Кеудесінде титтей де намысы бар еркек өлсе де мұндай қадамға бармасы анық. Барса да жан-жақты ойланып барып шешім қабылдайды. Қоғамда бұзықтық таратып, ата-баба дініне күйе жағуды, қоғам арасына топ-топ етіп жік салуды көздейтіндер жастарымыздың және жалпы қоғам мүшелерінің діни-ақпараттық сауаттарының таяздығын ұтымды пайдаланып, күш салуда. Сөйтіп, өздерінің жеке мүдделері үшін дін исламды теріс бағытта пайдалану мақсатында түрлі жамандықпен араластырып жатыр. Өздерін діндар етіп көрсететін мұндай намыссыздардың қоғамға да, дінге де зиянын тигізу қаупі бар. Мұндай топтар қанша жерден исламды жамылғанымен бұлардың ашық адасуда екені мәлім. Бастысы, жас жұбайларымыз діндегі отбасылық құндылықтарды үйренеміз деп осындай адасқандардың уысына түсіп қалмасын. Мұндайлар мұсылманшылық үйрену үшін мешітке келушілерді аңдып жүріп: «біз имандылық үйретеміз», «мұсылман отбасына кеңес береміз», – деп алдап, арбауларына тұсіруге құмар.

Ислам діні бойынша ер азаматтың некелесуіне болмайтын әйелдер мына екі топта қарастырылады:

1. Мәңгілік харам болған әйелдер.
2. Уақытша харам болған әйелдер.

Мәңгілік харам болған әйелдер

Ер азаматтың үйленуіне тыйым салынған, ол үшін үйлену тұрғысынан мәңгілікке харам саналатын әйелдер қан жағынан, сүт ему жолымен және отау құру себебімен үшке бөлінеді. Бұл Құранда былай айтылған: «Сендерге өз аналарыңмен, туған қыздарыңмен, әпке-қарындастарыңмен, әкелеріңнің әпке-қарындастарымен, аналарыңның әпке-сіңлілерімен, туған бауырларыңның қыздарымен, әпке-қарындастарыңның қыздарымен, сүт аналарыңмен, емшектес әпке-қарындастарыңмен, қайын ежелеріңмен және жақындасып қойған әйелдеріңнен туған қолдарыңдағы өгей қыздарыңмен некелесу харам етілді. Ал жақындаспай тұрып ажырасып кеткен әйелдеріңнің қыздарына үйленсеңдер күнә болмайды. Сондай-ақ, сендер үшін бел балаларыңның жұбайларына үйлену, һәм апалы-сіңлі екі қызды бірдей әйелдікке алу харам етілді. Ал бұдан бұрын (надандық дәуірінде) болған іс болды. Ал енді бір-біріне үйленуі уақытша харам болғандарды қарастырайық.

Үйленуі уақытша харам болған әйелдері. Әйелінің әпке-сіңлілері: ер азаматқа балдыздарымен, қайын апаларымен үйленуіне рұқсат жоқ. Бірақ әйелімен ажырасып кетсе немесе әйелі көз жұмса рұқсат етіледі. ә. Әйелінің нағашы әпкелері және әйелінің әпке-қарындастарының қыздары: Ер азаматқа бұлармен де үйленуге болмайды. Бірақ жоғарыдағы жағдайдағыдай әйелімен ажырасса немесе әйелі өмірден озса, аталмыш әйелдермен үйленуіне шек қойылмайды. б. Кез-келген некелі әйел: біреудің некесіндегі әйел күйеуімен ажырасса немесе күйеуі қайтыс болса ғана басқа кісі оны әйелдікке ала алады. в. Мүшрік әйел: мүшрік әйел тәубе етіп, Исламды қабылдаса, онымен некелесуге рұқсат бар. г. Өзінің үш рет талақ айтып, ажырасқан әйелі: Егер ер кісі өз әйелімен үш рет талақ айтып ажырасса, онда әйелі басқа ер кісімен некесін қидырып, сосын қайта ажыраспайынша, өз күйеуіне қосыла алмайды.

Қазақстанның полиэтникалық қоғамын этносаралық неке құрудан және одан дүниеге келетін сәбидің метисация процесіне міндетті түрде ұшырайтынынан күмәндарын сейілтетін қоғамның екі метрокеңістігін айтуға болады: 1) түркі тілдес және 2) славян халықтары. Көбіне этносаралық некелер осы екі метрокеңістіктің заңдылықтарына байланысты қолдау тауып жатады. Арнайы статистикалық деректерге сәйкес 1999 жылы 18402 этносаралық неке тіркелсе, бұл көрсеткіш 2013 жылы 8230-ға артып, 26632 некені құрап отыр. Қазақ, өзбек, ұйғыр, татар этностарының үйленген ұлдары мен тұрмыс құрған қыздарының саны жыл сайын артқанын байқаймыз. Қазақстанда қазіргі таңда аталмыш мәдени белгілері бойынша жақын 1 млн. 495 мың түркі тілдес халықтар бар екендігін ескерсек [5, 6], бұл аталмыш этнос өкілдерінің өздеріне тілі мен ділі, мәдениеті мен діні жақын метрокеңістік адамымен некелескенді айып көрмейтінін байқатады. Мәселен, қазақтар тілі келмесе де, бір-біріне ділі

жақын мұсылман дінді күрдтер, тәжіктер, дүнгендер, ингуштар, шешендермен некелесуге махаббаттарының арқасында бел байлауы мүмкін, себебі некелесе ең құрымағанда дінін сақтап қала алады.

Этносаралық келісімді сомдайтын осындай тәрбиелік мәні зор этносаралық некелердің тарихи сабақтастығын қазіргі кезде жалғастыру өте маңызды. Себебі, осындай этносаралық неке түсіністігінің жоқтығынан қазігі кезде этносаралық неке салдары күрделеніп, этностардың діни, тілдік, мәдени құндылықтарының сабақтастығына кері әсерін тигізуде. Ол қаншалықты адам еркіндігімен, ішкі махаббат сезімімен байланысты болса да, атадан балаға берілетін этникалық рухани құндылықтардың инстингтік заңдылықтарының бұзылуы ажырасуларға әкеп соғуда. Дегенмен, бұл құбылыс түсінікті, яғни диалектиканың қарама-қайшылық заңдылығына сәйкес қосылу бар жерде ажырасу да бар. Жоғарыда айтылған этносаралық некелердің этносаралық ажырасуларға айналғандығының статистикалық көрсеткішін сараласақ, тек 2007 жылы 26632 этносаралық некелесу тіркелсе, дәл осы жылы оның 11861-і (жартысына жуығы) ажырасқан. Бұдан ажырасқан еркектерден әйелдердің көрсеткіші бір жарым есеге басым келгендігін байқаймыз. Мәселен, 2013 жылы ажырасқан 1781 қазақ еркегінен ажырасқан қазақ әйелдерінің саны 611-ге артық, сондай-ақ 2721 орыс еркегінен орыс әйелінің саны 1413-ке артық. Яғни этносаралық неке бойынша ғұмыр кешуде еркектерден қарағанда әйелдердің тұрақсыз келетіні белгілі болды.

Қорытындылай келетін болсақ, Неке қию бұл - адамның Алла, қоғам және жеке өзінің алдында үлкен жауапкершілікке бой ұсыну. Бір-бірін сүйетін ер мен әйелдің өзара түсіністік, адалдық пен сабырлылық принциптерін ұстана отырып махаббат пен тыныштықты сақтап, бір-біріне қамқорлық етуге, өмірлерін жайлы жасауға және осы махаббат пен мейірімділік ортасында өз балаларын тәрбиелеп, бақытты да берекелі отбасын құруға бағытталған жауапкершіліктің бір түрі. Осы шариғат бойынша неке қию мәселесіне қосар ойым, неке тек мешітте және имамдардың некені қиғаны дұрыс деп ойлаймын. Қазіргі кезде көптеген адамдар мешітке бармай-ақ уйдеде қиып жатыр. Бұл қиылған неке дұрыс емес деп ойлаймын. Кімде кім Аллаһтың разылығын қаласа сол адам некесін шариғат бойынша қию керек. Қазір көптеген сәбилеріміз далада жатыр. бұл дегеніміз қазіргі адамдардың ілімдері аз болғандығының дәлелі. Сол үшін көптеген діни мектептер ашып, діни сауатты ұлғайту керек деп санаймын. Сонда ғана адамдардың санасына діни ілімдер болады. Сонымен ғана әдет-ғұрпымыз, дініміз, тіліміз сақталып қалады. Шариғат бойынша некелесіп, сонын шарттарын орындап жүрген мұсылман бауырларымыз Алланың разылығын алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.1 Б.Жүсіпов Шапағат нұр #6-2009ж

Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистері.

1.2 Олжас Сәндібек (e-islam.kz)

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. – Астана, 2013. – 612 б.

Ғали Ә.Б., Ғали Д.Ә. Этнодемография және саясат сыры. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекет қызмет академиясы, 2001. – 170 б.

Шатлан Бексұлан
« Дінтану» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекші
Затов Қ.А.
филос.ғ.д., профессор

ХАРИЖИЛІК-ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ САЯСИ БҮЛКІШЛІДІКТІҢ БАСТАУЫ

Ислам діні адамзат баласына алғаш уахи түскеннен бастап, қазіргі таңға дейін өзінің тарихи қалыптасу жолдарынан өтіп келеді. Бұл ретте, Ислам дінінің тек дін шеңберіндегі мәселелерді ғана бастан өткермегенін, сонымен қоса, түрлі әлеуметтік-мәдени және саяси алғышарттарды бастан кешкенін тарих беттері дәлелдеп отыр. Ислам әлемі бүгінгі күнге дейін көптеген саяси процестер мен үлкен күштердің саяси ошағына айналып отыр. Соның бірі, әрі бірегейі бұл мұсылман үмбеті арасындағы бүгінгі күнге дейін басылып, жаншылмай отырған-өзара бөлінушілік, ішкі текетірестер мен алтыбақан алауыздық. Әлем жұртшылығының назарын өзіне аудартып отырған Таяу Шығыстағы саяси оқиғалар мен ішкі қақтығыстар мұның барлығы да, жоғарыда айтылған өзекті мәселелердің айқын дәлелі. Тақырыбымызды бастамас бұрын, тарих беттеріне жүгінуді құп көрдік. Ислам тарихында көптеген діни топтар мен идеялық бағыттардың өмір сүргендігі ақиқат. Солардың алғашқысы, әрі алғашында саяси мақсатқа негізделіп, кейіннен діни сипат ала бастаған, аса қауіптілігімен ерекшеленетін ағым ретінде қалыптасқан «Харижиттер» болды. Бұл ағым Мұхаммед(с.а.у.) пайғамбар заманында діни топ ретінде тарих сахнасына шықпаса да, сол кездің өзінде-ақ көріністері байқала бастады. Бұған дәлел: «Хунейн» соғысынан кейінгі Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың олжаларды бөлісуде, оған Зулһуайсира есімді Бәни Тәммим тайпасынан шыққан адамның сондай ызғарлы бір дауыспен: «Әділдік жаса, Ей, Мұхаммед! Құдайдан қорық!», -деп, дөрекілік көрсетуімен басталды. Өзінің сабырлы қалпынан таңбаған пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.), бұған сабыр қылып, келешекте осындай бір топ шығатындығын, олардың айрықша белгілері мен қалай көрініс табатындықтарын және олардың үмбеті үшін аса қауіпті топ екендігін айтып, үмбетін сақтандырып кетті.

Харижилік сөзі өзінің түбірін араб тіліндегі «хәрәджа» етістігінен алады. Яғни, шығу деген мағынаны білдіреді. Өздерінің пікірі бойынша, өздерін «Алла жолында бөлініп шыққандар» деп есептейді. Екінші атпен «харурилер» немесе «хауариждер» деп те аталады. Олардың атауларына байланысты, түрлі көзқарастар бар. Солардың бірінде «Харури»-хауариждердің бір атауы. Олар Әли ибн Әбу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) әскерін тастап, мұсылмандардан бөлініп шығып, он екі мың адамның басын Куфа қаласы маңындағы «Харура» атты ауылда біріктірген. Сондықтан олар «харурилер» аталып кеткен, -деген дереккөздері кездеседі[1,125-бет.] Олардың пайда болу алғышарттары мен әлеуметтік-саяси мәселелерді көбірек көтерулеріне мына дереккөздері негіз бола алады:

Харижилік-Исламда ең алғаш пайда болған саяси ағым. Хазіреті Әли дәуірінде Сыффин соғысы және Хакем (қазы) оқиғасынан кейін бөлек бір топ ретінде ұйымдасқан харижиліктің пайда болуына көбіне әлеуметтік және саяси факторлар ықпал еткен. Яғни, бұл топ әлеуметтік және саяси тақырыптарды дінге сәйкестендіріп, дінді саясаттың құралы ретінде қолданатын ұйым ретінде қалыптасқан. Саяси және әлеуметтік әрекет жасауды тоқтатып, ақидалық (сенімдік) мазһаб түрін алды. Хазіреті Осман кезеңі мұсылман қоғамында әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер кездескен дәуір болып табылады. Фәтихтер арқылы үш құрлыққа таралып, дүниенің түрлі өркениеттеріне жолыққан мұсылмандар өте маңызды әсерлену процесін басынан кешірді. Жауынгерлер елдеріне қайтып оралғанда көргендерін туыстарымен бірге өмірде жүзеге асыруды қалады. Бұл түсінік кейбір жерлерде қолдау тапса, Курра деп аталатын топтың бастауымен көптеген жерде маңызды қарсылықтарға кездесті. Қарсыластар сол кездегі өкіметке де теріс көзбен қарап, ұнатпайтынын білдіретін әрекеттер көрсетті. Олар өкіметтің кетіп, саяси

қайраткерлердің өзгеруін қалаған. Бұрынғы әлеуметтік өмірді қолдайтындарын және ішкі тартыстардан алыс қоғамды қалайтындарын айтқан. Қысқа уақытта ұйымдасып, іс-әрекет жасаған бұл адамдар халифа Хазіреті Османды өлтіріп, саяси жоспарларын жүзеге асыра бастады. Ұзақ уақыт Ислам елінде террорлық әрекет жасап, ішкі тартыстарға себеп болды. Жамал мен Сыффин соғыстарының жүзеге асуына және Хазіреті Әлиді өлтіруіне себеп болды [2,528-бет.] Көріп отырғанымыздай, бұл топтың астарында өкімет билігіне келіспеушілік, қоғамға деген наразылық анық байқалады. Күнделікті өмір сүру салтында Пайғамбар кезеңіндегі заманды аңсау, сол кезге оралу мақсатында, билікке ашық түрде қарсы шығу психологиясы кеңірек көрініс тапты.

Харижиліктің пайда болуына бірқатар тарихи себептер мен саяси алғышарттар өз әсерлерін тигізіп отырды. Солардың ең бастылары мен негізгілері мыналар:

-Саяси себептері ретінде, олардың басшыға мойынұсынбау мәселесі, өкімет билігіне наразылық және оған ашық түрде қарсы шығу. Қоғамды дінсіздікпен айыптап, басқа елді-мекенге қоныс аудару сынды әрекеттермен танылған. Өздерінің пікірі бойынша, Алла жолында ақиқатты іздеп шықтық деген желеумен бұл атауды Құранның «Кім Алла жолында ауа көшсе, көптеген кең қоныс және кеңшілік табады. Сондай-ақ біреу үйінен Аллаға, Пайғамбарға бола шықса да, оған өлім жетсе, сонда оның бодауы Алланың өзіне тән болады. Алла аса жарылқаушы, тым мейірімді» деген аятпен байланыстырады[3.] Бұл көріністі бүгінгі күнде «Хижра жасау» яғни, дінсіздер жайлаған қоғамнан алшақтау немесе қоныс аудару сынды әрекеттерді «Тәкфир және Хижра жамағатынан» анық байқаймыз.

-Діни түсініктің таяздығы мен білімсіздік. Бұл бағыттың пайда болуы мен қалыптасуына діни сана-сезімнің таяздығы орасан зор әсер етті. Дінді жете түсінбеу әсерінен, көптеген мұсылмандарды кәпірлікпен айыптап, талай жандардың қандарының төгілуіне себепші болды. Осы бағыттың қатарынан табылған адамдардың көп бөлігін алды-артын танымаған жастар қауымының құрауы-олардың айтулы бір себебі десекте болады.

-Букфализм мәселесі. Құрандағы қандай да бір аяттарды, оның түпкі мағынасына көз жібермей, дәл сол күйінде еш өзгеріссіз қабылдау. Аят пен хадистердегі сөздерді тікелей түсіну арқылы, сыртқы көрініске ғана мән беру- бұлардың өз түсінігіне қарай жорамалдауларына алып келді. Осының әсерінен мұсылмандарды кәпірлікпен айыптау кең етек жайды.

-Діни фанатизм. Мұның бастауы ретінде-надандық пен ой-сананың тарлығын алға тартуға болады. Негізінде бұған себеп болған тетіктер бар. Бұлар-төзімсіздік, дөрекілік, бірбеткейлік, өзі секілді ойламайтындарды қаралау. Фанатизм-белгілі бір пікірге, әлдеқандай саяси фракцияға, бір мәзһабқа немесе бір партияның көзқарастарына көзсіз байлану, соны бар ынтасымен жақтау және оған қарсы келген пікірлерді дұрыс-бұрыстығына еш ой жүгіртпестен теріске шығару. Білімсіздікке, қасарысушылық пен төзімсіздікке негізделеді[4,53-бет.]

Харижилер-жалпы алғанда, шөл даланы мекен еткен араб бәдәуилерінен құралды. Олар құлшылықта, тақуалықта, зұһдта ықыласты көрінумен қатар, қаттылық, дөрекілік және өзгелерді мәжбүрлеу әрекеттерін, бұған қоса, бұрмалаушылықтары мен қызбалылықтары секілді қасиеттерімен ерекшеленді[4,66-бет.] Харижилердің тағы бір айтулы ерекшелігі-олардың ұстанған көзқарастарында берік болуымен қатар, сол жолда өздерінің жанын аямай күресуі. Тіпті, сол ретте, өлімнен де тайынбай, өз көзқарастарында тұрақтап қалуы.

Харижиттер өздеріне «әмір бил-мағруф уә нәһи анил-мункәрді» (жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю) негізгі қағида етіп ұстана отырып, өз араларында да айтысып қалатын. Олар өзара көптеген мәселелерде түсінісе алмай Мухакима, содан кейін Өзариқа, Нажадат, Суфрия, Ажарида және Ибадия болып алты үлкен топқа бөлінді және кейіннен бұлар өз арасында тағы бөлшектеніп кетті. Бұлай бөлінуі де таңданарлық жай емес. Өйткені олар өз дегендерін шындық етіп қабылдап, өзгенің пікіріне қарсы шығатын. Исламнан алдыңғы тайпа, ру арасындағы жанжалдасу сияқты харижиттер де өздеріне қосылмағандарды дұшпан ретінде санады. Сондықтан өзге мұсылмандарды өлтіруді халал көрді[5,59-бет.]

Харижит ағымдарының ортақ сенімдері:

а) Халифа тек қана сайлау арқылы таққа келеді. Сайлауға мұсылмандардың барлығы толық қатысуы тиіс. Халифа әділетті болып, шариғатты дұрыс ұстанса бағынамыз, қайшы жағдайда ондай халифа қызметінен алынады немесе өлтіріледі.

б) Халифаның араб ұлтынан ғана болуы шарт емес. Халифалыққа лайық кез келген мұсылман сайлана алады.

в) Үлкен күнә жасаған мұсылманды кәпір деп, күнәні үлкен-кіші деп бөлмей, күнә істеген адамды өлтіруді халал санайды. Өздеріне қосылмаған мұсылманды кәпір деп қабыл еткендіктен, ондайларды өлтіру-уәжіп, мал-мүлкін олжа ретінде алу, бала-шағасын құл ретінде ұстау-халал[5,66-бет.]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.С.Мухитдинов «Діни терминдер сөздігі» Алматы,2012
- 2.«Ислам» энциклопедиялық анықтамалық «Аруна» баспасы Алматы,2010
- 3.Халифа Алтай «Құран Кәрім»қазақша аудармасы 4-Ниса сүресі 100-аят
- 4.Нұрбол Қалдыбеков «Харижилік өткені мен бүгіні» Алматы 2016
- 5.Смайыл Сейтбеков «Мәзһабтар тарихы» 2 басылым Алматы 2015

Шамсудинова Р. В.

Студент 4 курса специальности "Религиоведение".

Научный руководитель:

Рысбекова Ш. С.

д.филос.н.,профессор

"РЕЛИГИЯ В КАЗАХСТАНЕ СЕГОДНЯ"

Думали ли вы о том, почему в контексте современных реалий, смерть во имя веры -- явление совсем привычное? Почему ислам, религия мира из своих истоков, характеризуется призывом к насилию и к войне за чистоту веры? Вот такая она -- современная картина мира. И как бы горько это не звучало, но по сей день, больше всего негатива, миру дано именно от религиозного направления детей хадиса и сунны.

Ислам -- является ли эта религия мирной? Несёт ли исключительно свет и доброе отношение к своим последователям? Не нужно больших умозаключений, чтобы сказать, что в настоящее время наибольшую угрозу для общества представляет не просто экстремизм, а религиозный экстремизм. Отличительная черта которого состоит в том, что он направлен на насильственное изменение государственного строя и захват власти, нарушение суверенитета и территориальной целостности государства. Увы, но именно исламской религии он характерен.

Проблема религиозного экстремизма – одна из самых обсуждаемых в последнее время. И правильно будет заявить, что экстремизм -- это темная, опасная сторона совершенно любой религии, действующая под видом влечения. Обратимся к официальным данным, чтобы сделать анализ прошедших регистрацию религиозных объединений в Казахстане. Результаты впечатляющи. Из данных ниже вы можете отметить, что наряду с представителями традиционных религий, прошли регистрацию: пятидесятники, пресвитерианцы, евангельские христиане-баптисты, свидетели Иеговы, адвентисты седьмого дня, методисты, кришнаиты, мормоны, сайентологи, меннониты. Стоит отметить, что процесс становления данных организаций в нашей Республике, начинался с цифры 61. Таков официальный подсчет. Ужасает, не так ли?

Слова нашего глубоко уважаемого лидера Нурсултана Абишевича Назарбаева гласят, что молодежь -- будущее страны. Смеею подумать, все с этим согласятся. Также как с тем, что лидеры экстремистских организаций заинтересованы в привлечении именно молодежи к деструктивной деятельности религиозно-политических экстремистских организаций. Имена

наших студентов Диаса Кадырбаева и Азамата Тажаякова, обучающихся в Массачусетском университете в Дартмуте близ Бостона, навсегда останутся тому свидетелем.

Известно, что с развалом Советского Союза, религия вновь стала популярна. Однако наряду с традиционными и привычными вероисповеданиями появилось огромное количество нетрадиционных, а порой и опасных для общества конфессий и сект. Сегодня на молодое поколение делается очень большая ставка. И взглянув на статистику приверженности молодежи к различного рода сектантским и экстремистским организациям, по сей день, самое время подумать о том, какой будущее нашу нацию ждёт.

В чем же причина того, что несмотря на всю известную опасность, знание "истинной" личности подобных объединений, множество людей из года в год попадают в одни и те же сети? Все предельно просто. Людям свойственно желание красивой и легкой жизни. И в тех совершенно обычных случаях, когда у человека начинаются проблемы с работой, карьерным ростом, деньгами – данного рода организации создают эффект «семьи», «родственных душ», готов помочь в любой момент.

Теперь перейдём к конкретным фактам. По последней статистике, проблему такого рода религиозных организаций считают очень серьезной 58,8 % респондентов, не проблемой — 23,8 опрошенных, остальные дают разные варианты ответов, 5 % затрудняются ответить.

Изначально толерантное население в условиях огромного многообразия религиозной сферы (вследствие влияния внешних сил) оказывается в противоборствующих лагерях и становится носителем чуждых этнокультурных ценностей.

Данная проблема в нашем современном обществе стоит очень и очень остро. Потенциальной жертвой деструктивных культов становится любой человек, попавший в трудную жизненную ситуацию и находящийся в состоянии апатии, разочарования, подавленности, безнадежности.

Какой же вывод мы можем из этого сделать? Существует необходимость дальше изучать состояние и динамику развития и распространения сектантства в современном мире и в Республике Казахстан. Ведь так или иначе, данные организации, с ярым призывом к террористической деятельности, являются нарывом на теле современного человечества, который когда - нибудь, приведёт к заражению по всему телу.

Используемая литература:

1. Свободная энциклопедия “Wikipedia” / www.wikipedia.org;
2. Толковый словарь В. И. Даля, 1863 – 1866;
3. Национальный перечень запрещенных в Казахстане террористических структур, // Сайт «Государственные услуги и информация онлайн». [Электронный ресурс]. - Режим доступа:
http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/bus_int_property/religion_/article/

СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ПРИКЛАДНОЙ ПСИХОЛОГИИ»

Абдигалиева С. Д.
Психология бөлімінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: психол. ғ.д.,
проф. Бердібаева С. Қ.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДАҒЫ ЛИДЕРЛІК САПАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІРУ

Біздің зерттеуімізде қазіргі жастардағы лидерлік сапаларды белсендіруді мақсат етіп қойдық. Жастардың әлеуметтік белсенділігі артқан сайын, оның терең мағыналы қоғамдық мәселелерді шешуге құлшына кірісіп, жеке адам және топ аралық қарым-қатынастар жүйесінде имангершілік-психологиялық байланыстарды күрделеніп, қоғамның саяси-экономикалық жүйесінде әлеуметтік творчестволық деңгейі өсіп, мәні арта түспек, осының бәрі тұлғаның лидер сапасының тірегі болып табылады.

Біздің зерттеуімізге негіз болған жастардағы лидерлік мәселесін жан-жақты зерттеп лидерлікті белсендірудің психологиялық ерекшеліктерін теориялық және эксперименттік зерттеу мәселесі маңызды сұрақтардың бірі болғандықтан, зерттеу тақырыбының өзектілігі де соның бір көрінісі.

Біздің елімізде әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету кезеңінде адам факторы жаңа негізде қаралып, болашақ тұлғаның саналық негізін қалыптастыру барысында жастардың субъективті талап-тілегін, бейімділігін, қабілетін және тіршілік өрісін, топтағы белсенді саналы позициялары мен әлеуметтік лидерлік белсенділігін позитивті тұрғыдан дамыту бүгінгі кезек күттірме маңызды мәселеге айналып отыр.

Зерттеу жұмысы психология ғылымында қаралатын жеке адам құрлымындағы лидерлік ұғымының ерекшелігін, белсендіру жолдары және шет ел, сондай-ақ бұрынғы кеңестік психологиядағы және қазіргі заманауи психологиядағы теориялық –эмпирикалық зерттеулер талданып, нақтыланды. Жастардағы лидерлікке ұмтылу және лидерлік сапасын белсендіру мәселесі теориялық және эксперименттік зерттеулер мақсатын нақтылады.

Кез келген топтық әрекеттің негізгі қарым-қатынас көрініс беретін маңызды әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың бірі, ол– лидерлік. Шетелде лидерлік мәселесі ұғымы кеңінен қолданылады. Бұл мәселенің аспектілері кіші топтардағы лидерлік және саяси лидерлік болып табылады.

Шетелде лидерлік мәселесі бойынша белгілі дәрежеде эмпирикалық материалдар жинақталған. АҚШ, Ұлыбритания, Францияда әлеуметтік психология бойынша бұл мәселе қарастырылмайтын оқулық немесе басшылық жоқ. К.Денфордтың пікірінше, 70 жылдардың соңында АҚШ-та 24 орталықта 500-ден астам зерттеулер жүргізілді. Лидерлік мәселесін зерттеген белгілі ғалымдар қатарынан Р.Басс, Е.Богардус, К.Денфорд, Р.Липпит, К.Левин, Ф.Фидлер, Р.Уайтты атауға болады. Батыста лидерлік пайда болуына қатысты негізгі үш теориялық көзқарас бар [1], оның аясында кадрларды дайындау, бизнес саласында іс-тәжірибеде қолданылатын көшбасшылықтың көптеген түрлі теориялары дамиды.

«Қырлар теориясы» (Батыста бұл кейде харизматикалық деп аталады, «харизма» сөзінен шыққан, яғни діннің түрлі жүйесінде адамға берілген сәттілік ретінде түсіндіріледі) ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында неміс идеологиялық психологиясы ережесі негізінде пайда болған, олар басты назарды лидерлік туылғаннан бастап пайда болу белгілеріне аударады. Бұл теорияға сәйкес, кез келген адам лидерлік бола алмайды, тек бойында белгілі бір психологиялық белгілердің жиынтығы бар адам ғана лидерлік болады. Көптеген авторлар лидерлік қажетті белгілер немесе сипаттаманы бөліп көрсетуге тырысты. Американдық әлеуметтік психологияда бұл белгілер жиынтығы тиянақталды, себебі олар лидерлікке «лайықты» тұлғаларды іріктеуге негіз болу керек болды. Алайда, мұндай белгілер

тізілімін жасау мүмкін еместігі анықталды. 1940 жылы К.Берд «лидерлік» деп танытын түрлі авторлардың тұжырымынан 79 белгінің тізімін жасады. Олардың ішінде: бастамашылдық, тіл табысу, қалжыңдай білу, ынталылық, сенімділік, достық таныту бар (кейінірек Р.Стогдилл олардың қатарына танымалдылық, қырағылық, шешендікті қосты). Алайда, бұл белгілердің түрлі авторларда әр түрлі берілуіне қарасак, олардың бірде-біреуі тізілімде нақты орынға ие еместігін көруге болады: айтылған белгілердің 65 %-ы тек бір рет қана белгіленген, 16-20 %-ы екі рет, 4-5 %-ы үш рет және тек 5 %-ы ғана 4 рет ескерілген. Лидерлік тән немесе оның бойында болуы тиіс «ерік-жігер», «ақыл» сияқты белгілерге де қатысты әрқилылық байқалды. «Р.Стогдиллдың аталған тізімнің қатарын толықтырған жарияланым жарық көрген соң туындаған қарсы пікірлерге байланысты белгілер теориясы теріске шығарылды» [2].

Қырлар теориясының орнын «лидерлік жағдаяттық теориясы» аталған жаңа түсіндірме басты. Аталған концептуалды сызбадан қырлар теориясы толығымен алынып тасталмайды, бірақ көшбасшылық, негізінен, жағдаяттың жемісі деп есептелінеді.

Топтың өмірінде түрлі нақты жағдайларда топтың жекелеген мүшелері белгілі бір қасиеттерімен дараланады, аталған жағдайда осы қасиет ең қажетті болып табылғандықтан, сол қасиетке ие адам лидерлік болады. Осылайша, қасиеттердің туған кезде пайда болуы туралы идея шеттетіліп, оның орнына лидерлік оған тән белгіні (өзге тұлғаларда болуы мүмкін) өзгелерге қарағанда өте белсенді пайдаланады деген идея қабылданды [2]. Лидерлік ерекшеліктері, белгілері және қадір-қасиеттері салыстырмалы болды. Жағдаяттық теорияның бір нұсқасында лидерліктің пайда болуы оны топтың алға шығаруымен түсіндіріледі, себебі, аталған жағдайда олар лидерлік қажетті қасиетті көрсетуді күтеді (бұл көзқарас функционалды деп те аталады).

Аталған пікірлердегі нақты олқылықтарды жою үшін Хартли белгілі бір адамдардың неге лидерлік атанып, неге тек жағдаяттар ғана олардың алдыға жылжуына әсер ететіндігін анықтайтын 4 модельді ұсынды:

- біріншіден, егер біреу бір жағдаятта лидерлік болса, екінші жағдаятта да ол лидерлік болуы мүмкін;
- екіншіден, қағидалардың өзара әрекеті нәтижесінде лидерлік бір жағдаятта кейде «жалпы лидерлік» тобы ретінде қарастырылады;
- үшіншіден, адам бір жағдаятта лидерлік болып, беделге ие болады, бұл жинаған беделі келешекте аталған адамды тағы да лидерлік ретінде таңдауға жұмыс істейді;
- төртіншіден, адамда белгілі бір тұлғалық белгілер, қасиеттер болады, сондықтан жекелеген адамдарға тән, нәтижесінде олар сол бойынша өздерін ұстайды [2].

Жағдаяттық теория өте танымал болды: соның негізінде лидерлік эксперименталды зерттеулері жүргізіледі.

Екі әртүрлі көзқарас мәселені шешудің үшінші бір келісімге келетін нұсқаның туындауына себеп болды.

Бұл үшінші нұсқа «лидерлік синтетикалық теориясы» деп аталды, оған сәйкес лидерлік топтағы тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру үдерісі ретінде, ал көшбасшы – осы үдерісті басқарушы субъектісі ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарас бойынша лидерлік топтың қызметі ретінде түсіндіріледі және оны бәрінен бұрын топтың мақсаты мен міндеттері тұрғысынан қарастыру керек, алайда көшбасшы тұлғасы құрылымы назардан тыс қалмауы тиіс.

Аз топтарда лидерлік феноменін бірлескен топтық жұмыс контекстінде қарастырады, яғни алдыңғы орынға тек «жағдаят» қана қойылмайды, сонымен қатар топтық жұмыстың нақты міндеттері де көрсетіледі, онда белгілі бір топ мүшелерінің белгіленген міндеттерді шешуге топты ұйымдастыра алу қабілеті көрініс табады. Осылайша, лидерлік басқа топ мүшелерінен айырмашылығы - оның бойында ерекше қабілеттердің бар болуымен емес, ықпал ету деңгейінің жоғарылығына байланысты болады.

70 жылдарға дейінгі кеңестік әдебиеттерде лидерлік мәселесі дербес құрастыруға ие болмады. Бұл кеңестік әлеуметтік психологияда кездескен қиыншылықтармен түсіндіріледі,

сондай мәселелердің бірі – лидерлік. «20-30 жылдары әлеуметтік психология айналасында дискуссия туды, марксизм-ленинизм ілімі негізінде әлеуметтік психология мәселелерін құрастыру қажеттілігі сезілді. Бұл жылдары К.Н. Корнилов, П.П. Блонский, В.М. Боровский, Л.Н. Войтоловский т.б. еңбектерінде топтық, ұжымдық және жалпы психологияға марксизм әдіснамалық қағидаларын қалыптастыру шаралары қабылдады. Алайда, алғашқы кеңестік әлеуметтік психологтардың қателіктері және басқа да себептер қатары әлеуметтік психологияның дамуына қатысты артқа қалушылықты анықталды» (Б.Д.Парыгин «Әлеуметтік психология ғылым ретінде», ЛГУ, 1965, 476).

Басшылық мәселесімен байланысты сұрақтар спорттық психологияда еңбекті ұйымдастыруды құрастыруда біршама зерттелді. Алайда, бұл материалдар әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде лидерлік ешқандай қатынасы болмады.

Қазіргі кезде заманауи әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде лидер мәселесі бойынша жеткілікті көлемде эмпирикалық материал жинақталды. Бұл мәселемен Г.М.Андреев, Г.К.Ашин, М.Ш.Бахитова, И.П. Волков, В.Д.Гончаров, Н.С.Жеребова, И.С.Кон, Я.Л. Коломинский, Б.Д.Парыгин, Л.И.Уманский, А.В. Петровский.

Алғашында, лидер топты ұйымдастыру және нақты мәселелерді шешуде топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасы нәтижесінде алдыңғы қатарға шығарылатын топ мүшесінің бірі ретінде қабылданды. Ол басқа топ мүшелеріне қарағанда аталған тапсырманы шешуге қатысу, белсенділік таныту, ықпал ету деңгейінің жоғары үлгісін көрсетеді. Осылайша, лидерлік өзіне белгілі бір қызметтерді жүктей отырып, нақты жағдаятта алдыңғы қатарға шығады [3]. Топтың қалған мүшелері лидерді қабылдайды, яғни ол жетекшілік етеді, ал олар соның жетекшілігімен жүреді деп болжап, соған қатысты қарым-қатынас орнатады. Лидер топтық құбылыс-құрылым ретінде қарастыру қажет, ал лидер – осы құрылымға қатысты қарым-қатынас жүйесі. Сондықтан, лидер феномені шағын топтың динамикалық үдерісіне жатады [4]. Бұл үдеріс қарам-қайшылықты болуы мүмкін: лидерлік шарасы және топтың қалған мүшелерінің оның жетекші рөлін қабылдауға қатысты дайындық шарасы сәйкес келмеуі мүмкін.

Сонымен қорыта келе қазіргі жастардағы лидерлік сапаларды дамыту және олардың психологиялық тәсілдері, шетел және кеңес психологиясында лидерлікті зерттеу, қазіргі заманауи психологиядағы лидерлік мәселесі, даму психологиясындағы жастардың психологиялық ерекшеліктері мен лидерлік сапалары жайында болып табылады. Осы бағытта біздің эксперименттік жұмысымыз аяқталуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М., Богомоллова Н.Н., Петровская Л.А. Современная социальная психология на западе – М., 1978.
2. Андреева Г.М. Социальная психология – М., 1988
3. Петровский А.В. Личность Деятельность Коллектив – М., 1982.
4. Психологическая теория коллектива / Под ред. Петровского А.В., Ярошевского М.Г.) – Ростов – на-Дону, 1996

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИИ ВРАЧА И ЕГО ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ

*В медицине главным лекарством является сам врач
Антоний Кэмпинский*

Тема здоровья и нездоровья человека существует столько же, сколько существует человеческое сознание. Определенные природные законы ставили перед человеком задачу выживания, сопротивления факторам, способным навредить состоянию организма человека. Очевидно, что на пути своего развития врачевание осуществлялось во всевозможных формах, начиная с шаманизма и каких-то магических обрядов, заканчивая высокотехнологичными методами современной медицины. При этом заповедью медицинских работников всех времен были слова Гиппократов «Не навреди!».

Как и во многих профессиях человека, в медицине ключевым звеном является сам специалист, который еще с давних времен имеет образ спасителя. Врачи с самого начала своего профессионального пути находятся в среде, полной стрессовых факторов, которая требует как интеллектуальной компетентности, так и психологической подготовки. Наряду с большим количеством неблагоприятных химических и физических факторов больничной среды, эмоциональное напряжение становится доминирующей причиной соматических и психологических расстройств. Ситуация обостряется изменениями, происходящими в жизни человечества в целом, технологические и информационные изменения значительно ускоряют все процессы жизнедеятельности человека. Теперь работа специалистов медицинских учреждений становится еще более стрессовой, причиной чего также могут служить изменения в пациенте и его отношении к лечению и здравоохранению в целом. Человек становится чем-то большим, нежели просто носителем определенных качеств и умений. Теперь он растет в новой реальности, где есть гораздо больше возможностей и перспектив его развития. Отдельно стоит выделить новую информационную реальность, в которую нынешнее молодое поколение оказывается погруженным с самого рождения.

1990 жылдары психология мен педагогика ғылымдарында жетімдік мәселесіне қызығушылық өсіп, ерекше назар аударыла бастады, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және интернат типтес мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық дамуын , әлеуметтік бейімделу проблемаларын, олардың өмір сүру қалпын зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектер жазыла бастады. (И.В.Анисимова,1992; Л.Н.Галигузова, С.Ю.Мещерякова, И.Ф.Дементьева , 1992; И.П.Иванова,1995; И.А.Яковлева, 1992 және т.б.). Қазіргі уақытта бейімделу тиімділігін арттыру мен қазіргі заманғы қоғамда жетім балалардың мәселесі ең өзекті мәселе болып тұр. Бұл мәселе көптеген келеңсіздіктермен сипатталады. Атап айтқанда , төменгі материалдық деңгей, қанағаттанғысыз тамақтану, т.б. Жетім балалардың әлеуметтік дамуындағы бөгелістің бірден бір ерекше негізгісі білім мен жеке перцептивті және қозғалыс әрекеттерінің арасындағы жетіспеушілік болып табылады. Жетім балалардың мінез-құлқының дамуындағы танымдық белсенділіктің төменгі белгісі болады. Психикалық дамуында бөгелісі бар балалардың ерекшелігі мектепке дейінгі жаста қабылдау, зейін, есте сақтау процестері жетіспеушілігімен көрінеді. Баланың мүмкіндігін ұзақ шектеу нәтижесінде оның психикалық қажеттіліктерін жеткілікті шамада қанағаттандыру үшін депривация-психикалық күймен байланысты бұзылудың топтарына бөлінеді. Депривация эмоциялық және интеллектуалды дамуда көрсетілген ауытқулармен, сонымен қатар, баланың әлеуметтік байланысының бұзылуымен сипатталады. [4,336б]. Жетім балалардың әлеуметтік ортаға дұрыс бейімделуі үшін оларға ең алдымен, психологиялық қолдау қажет. Психологиялық қолдау - балалар мен үлкендердің арасындағы қарым – қатынасты күшейтетін маңызды факторлардың бірі.

Психологиялық қолдау бұл процесс:

- Үлкен адам баланың өзін-өзі бағалауын нығайту мақсатында оның тек қана позитивті жағдайларына назар аударады.

- Балаға өзіне сенуге, сонымен қатар, қабілеттіліктеріне сенуге көмектеседі.

- Балаға қателіктерден қашуға көмектеседі.

- Баланы сәтсіздіктер кезінде қолдайтын процесс. [5, 20-22б]

Ғылымда жетім балалардың ортаға бейімделу проблемалары белсенді түрде зерделенуде. Баланың жеке тұлғасы дамуының проблемаларын А.Адлер, Й.Лангмейер, З.Матейчик зерттеді. Ал, әлеуметтену проблемаларын өз еңбектерінде И.С.Кон, Л.М.Шипицына зерттеді. Олар жетім балалардың өмірге бейімделуінің әлеуметтік-эмоциялық саладағы дамуының өзіндік тетіктерінің қалыптасуын атап көрсетті. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, жетім балалардың әлеуметтік – психологиялық бейімделуін 3 блокқа бөліп қарастырды. Бірінші блок - жалпы білім беру дайындығының деңгейі. Бұл блок оқуға ынталанудың қалыптасқандығы мен жалпы оқу дағдылары мен икемділіктерінің даму дәрежесін қамтиды. Екінші блок - әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар мен қатынастар дамуының деңгейі. Бұл блок әлеуметтік бейімделу табыстылығының санитарлық-гигиеналық дағдылар мен қатынастар қалыптасуының, еңбек дағдыларының дамуын, әлеуметтік –тұрмыстық бағдар алу сияқты жағдайларды қамтиды. Әлеуметтік бейімделудің табыстылығына әсер ететін факторлардың үшінші блогы – жетім балалардың психологиялық дамуының ерекшеліктері. [6, 5б.]. Жетім балалардың қоғамдағы дербес өмірге бейімделуінің негізгі көрсеткіштері ретінде мынадай белгілерді атап көрсетуге болады: Біріншіден, өмірлік дайындықты ала алуы; екіншіден, жұмысқа қанша мықты ойдағыдай орналаса алуы; үшіншіден, оның өз отбасын қаншалықты құрып, өз балаларын тәрбиелей алуы. Жетім балалардың әлеуметтік бейімделуінің мынадай бағыттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

- Кәсіптік бағдарлау жұмысы.

- Отбасылық өмірге дайындық.

- Әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру. [6, 60-61б.].

Жетім балалардың бейімделуі мен олардың мінез-құлық ерекшеліктеріне А.М.Прихожан және Н.Н.Толстой көп жылдық зерттеу жүргізді. Олардың зерттеуінің қорытындысы бойынша жетімдердің психологиялық ерекшелігі жай ғана жағдай емес. Психикалық дамудың тежелуін ғана авторлар талдап қана қоймай, сонымен бірге баланың мінез-құлық дамуының ерекшелігін анықтаған. Осы тұрғыда қазіргі кездегі психология мен педагогика ғылымы баланың психикалық ерекшеліктерін, эмоциясын, ойлауын, сөздік қорын, мінез-құлық ерекшеліктерін және қоршаған ортамен қарым – қатынасын сипаттайтын бүгіндей бейнені береді. Баланың жеке адам болып қалыптасып, бейімделетін даму сатысы әр жас кезеңіне байланысты құрылады және де сол тұста оның психикасының сапасы көрінеді. Жетім балалардың ортаға бейімделуі басқа балаларға қарағанда, психиканың басқа заңдылықтарымен ерекшеленеді. Баланың бейімделуіне оның психикасының дамуы және біріккен ортасы үлкен ықпал етеді. Демек, жанұяда тәрбиеленген балалар өз қоршаған ортасында туыстық бауырмашылық сезімін туындатып, үлкендермен және кішілермен қарым-қатынасын орынды жұмсап отырады. Яғни, ортаға бейімделуінде аса қатты қиындық туылмайды. Ал, жетім балалардың өмірлік қабылдауы және мінез-құлқының қалыптасуы институционалды болып келеді, яғни, сертті дәрежесінде түсіндірілген. Демек, психологиялық сипатының жалпы беталысы мынадай: олардың адаптациялық фоны тіпті қиын. Сонымен қатар, жетім балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасында өздеріне агрессиялық зейінді аударады. Олардың бейімделуінің қиын себептілігі, олар жаңа ортаға түскен кезде әр түрлі әлеуметтік –өмірлік қиындықтарға кезігеді. Олардың бойында қоршаған ортаны кінәлау сезімі, агрессия, өз кінәсін мойындай алмаушылық және т.б. ерекшеліктері байқалады. Бұл көрсетілген психологиялық ерекшеліктері жетім балалардың эмоциялық еріктік аумағын сипаттайды. Жетім балалардың эмоциялық өмірінің толықсыздығы олардың әр түрлі психикалық тежелулер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуына әкеп соқтырады. Сондықтан да, бұл жағдайларда әлеуметтік жетіспеушілік

мәселелері туындайды. Содан ақыл-ойының кемістігі көрініп, танымдық процестерінің дамымағандығы анық байқалады. [7, 20-236].

Жетім балалардың жиі жағдайда өздерінің жеке құндылықтары жайлы ұғымдарының әлеуметтік бейімделу жағдайлары жиі жағдайда жоқ болады, бұл терең эмоциялық дискомфортқа әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Олардың бейімделу ерекшелігіндегі ең басты фактор баланың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға көмектесетін гуманды, яғни адамгершілік ортасын құру факторы болып табылады. [8, 28-296]. Жетім балалардың әлеуметтік бейімделуінің дамуындағы психологиялық бұзылу себептері әр түрлі болып келеді. Біріншіден, бұл балалар ішімдікке беріліп кетуі мүмкін. Сонымен қатар, оларда туа біткен дене және психикалық ауытқушылықтар (аномалия) кездесуі мүмкін. Бұл жағдай әлеуметтік ортаға бейімделуіне кері әсерін тигізеді. Екіншіден, гуморальдық байланыстардың бұзылуы, яғни, созылмалы тән аурулары, депрессиялық жағдай, истероформды әрекет, психовегетативті бұзылыс, патогендік факторлардың әсер етуі және т.б. жағдайлар. Үшіншіден, психикалық дамудың артта қалуы, неврологиялық бұзылулар, ми дисфункциясының белгілері, энурез, танымдық іс-әрекеттердің бұзылуы психикалық тежелу, патологиялық қиялдау және т.б. [9, 2-46].

Сонымен қорытындыласақ, жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуінде баланың бойында әр түрлі психологиялық ерекшеліктер байқалады. Мысалы, оларда адаптациялық фон қиындыққа ұшырайды. Олар жана ортада өмірлік жағдайларға дұрыс үйренісе алмайды. Олардың бойында бейімделуге байланысты танымдық процестері өзгеріске ұшырайды. Біздің қоғамымызда жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі психологиялық ерекшеліктерді қарастыру өте орынды мәселе болып табылады. Себебі – жетім балалар көбіне балалар үйінде тәрбиеленіп, өздеріне деген, ортаға деген көзқарастары, құндылықтары мен бағдарларының, қарым-қатынас ерекшеліктерінің қалыптасуы болып табылады. Сондықтан олардың психологиялық әлеуметтік бейімделуіндегі психологиялық ерекшеліктерін зерттеу өте орынды құбылыс. Яғни, тастанды балалардың ортаға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі – оның өмірлік маңызды қажеттіліктерін белсенді немесе баяу, енжар түрде қанағаттандыруыдан көрініс алады. Жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі психологиялық ерекшеліктері, тұлға өмірі бағытының мазмұнды жағын анықтайды және оның қоршаған ортаға басқа адамдарға, өз-өзіне, өмірлік бағытына, белсенділігіне деген қатынасының негізін құрайды. Соңғы жылдары Қазақстанда түрлі салада жұмыс істейтін құрылған әлеуметтік мекемелер типтері артып келеді. Мекемелер бір-бірінен қызмет көрсету ортасы, жұмыс жүргізілетін балалар құрамы, туындаған мәселелерді шешу жолдары және де басқа да қызмет аясынан ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлеуметтік педагог \Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал\ мамыр-маусым №3 (17) 2011ж. 42-бет.
2. Тынышбаева А.А. Сиротство как социальное явление: социологический анализ. Вестник КазНУ имени аль Фараби, №1 (20), 2007. С.77-82.
3. Тынышбаева А.А. Актуальные вопросы социальной защиты детей сирот./ Ұлт тағылымы. Достояние нации, №2 (2), 2007. С.319-322.
4. Дети сироты: консультирование и диагностика развития /Под ред. Е.А. Стребелевой.-М.: Полиграфсервис,1998. -336 с.
5. А.Андреева: «Психологическая поддержка ребенка» \ Школьная Пресса\ 2003г. с.20-22.
6. Абдикерова Г.О, Қаржаубаева Г: «Әлеуметтік жетімдіктің өзекті сұрақтары мен аспектілері» \ Қазақстандағы жетім балалар мен ата – ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметі\ 5-бет.
7. Психологическая наука и образование \Республиканский научно-педагогический журнал \ №4 (17) 2013г. С: 20-23 .

8. Психологическая наука и образование \Республиканский научно-педагогический журнал \ №2 (15) 2013г. С: 28-29.

9. Қазақстан кәсіпкері \ Ғылыми-әдістемелік журнал\ ISSN 1683-1640 , №8 (87) тамыз 2010ж. 2-4 б.

*А. Әбдіханова Психология, 4курс
Жетекшісі: PhD доктор Л. Баймолдина*

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРМЕН ӘУЕСТЕНЕТІН ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В статье всесторонне рассмотрено история компьютерных игр и их влияние на психику подростка. Также, проанализированы работы советских и зарубежных ученых направленные на компьютерные игры.

The article comprehensively examines the history of computer games and their impact on the adolescent's psyche. Also, the work of Soviet and foreign scientists aimed at computer games is analyzed.

80-жылдардан бастап компьютерлік ойындар Батыс елдерінің тұрғындарының көпшілігін, соның ішінде жастар мен жетікншектердің санасын жаулап алған ойын-сауық индустриясына айнала бастады. Бұл жаңа қызығушылық екі жақты бағаланды: бір жағынан, қоғамның компьютерді қолдану мүмкіндіктеріне ие болып өз жұмыстарын жеңілдетіп, соған таңдана қараса; ал екінші жағынан көптеген бұқаралық ақпараттарда тұтастай компьютердің өзін және компьютерлік ойындардың балалардың психикасына қауіпті әсері жайлы көптеген мәліметтер жарияланып жүр.

Компьютерлік ойындардың баланың агрессивті мінез-құлқына ықпалын анықтау үшін, бірінші кезекте, компьютерлік ойындардың шығу тарихына тоқталып кетейік.

XX ғасырдың 20-жылдары Массачусет Технологиясында (атақты MIT) мейнфреймерлердің бірінде ең алғашқы «Space war» («Ғарыш соғысы») деп аталатын компьютерлік ойын дүниеге келді. Бұл жаңалықтан халықтың көпшілігі хабарсыз еді, өйткені ол кездері компьютерлік ойындар қымбат ойын-сауықтардың бірі еді. Бірақ-та, бұл жағдай ойынды құрастырған нағыз программистер үшін кедергі емес еді, олар өздері үшін ойын жасап, өздері ойнады[1].

Ойынның мақсаты қарапайымдау еді: экранда екі кеме ұшып жүріп бір-біріне оқ атады. Осылайша дүниедегі ең бірінші жанр - аркада пайда болды. «Аркада» ұғымы архитектуралық салаға байланысты шыққан, яғни жабық коридорда орналасқан ойын автоматтары тұрған жерді осылайша атаған. Бұл атау «Space war-дан» кейін, 10 жылдан соң пайда болған.

1971 жылы Нолан Башнелл тұңғыш рет коммерциялық аркада ойындарын шығарды әрі сата бастады. Бұл ойынның негізінде сол баяғы «Space war», дәл сол векторлық графика және ойын желісі, тек супер компьютерді көлемі шағымдау, әрі бағасы да арзандау темір жәшік алмастырған еді.

Өкінешке орай, ең алғашқы Ноланның ісі жүзеге аспай, сәтсіздікке ұшырады. Нарық мұндай күрделі ойындар үшін әлі жетілмеген еді[2].

Алайда, Нолан бұл сәтсіздікке қарамастан, 1972 жылы компаниясының атын «Atari» деп өзгертіп, коммерциялық ойындар дәуірін бастаған «эпохалық ойындарды» ойлап шығарды. Атақты «Pong»- қарапайым аркада ойыны, мұнда екі адам не болмаса адам мен компьютер басқаратын екі тарелка допты тартып алып, өздерінің ойын алаңдарында ұзақ уақыт ұстап тұру қажет. Бұл ойын қазірдің өзінде де ойыншылардың арасында өз атағын жоғалтпаған[3].

Кейіннен «эпохалық» ойындарға жатпайтын, бірақ-та көпшілікке белгілі «Magnox» шығарған - «Odyssey», «Kee» құрастырған - «Tank» ойындары пайда болды.

Шексіз аркада ойындарының басшылығы жетпісінші жылдардың ортасында аяқталды. Вильям Кроутердің басшылығымен бір топ программистер «Adventure» деп талатын ең алқашқы мәтіндік «кезбе» ойынын құрастырыра отырып, adventure жанрының негізін салды[4].

Қазіргі кезде Taito фирмасының «Arcanoid» деп танылып жүрген ойын- «Breakout», Стив Джобс пен Стив Возняк ойлап шығарды.

Бір жылдан соң, 1977 жылы «Atari» 2600 VCS шығарды, бірнеше ойындардан тұратын ойын қосымшалары. Қазіргі кездегі техникалық сипаттамалармен салыстырып қарасақ тек күліп қана қоясыз, ал сол кезде 2 килобайт ПЗУ және 128 байт ОЗУ үлкен коммерциялық табысты қамтамасыз ете алатын еді. [5].

Ал одан кейін ойын өнеркәсібі, тау шыңдарындағы қар тасқыны секілді, жылдамдықпен бет ала бастады. 1977 «Apple» фирмасы «Apple II» сата бастады, 1978 жылы атақты «Space Invaders» сол бұрынғы «Taito» фирмасында жасап шығарылды, ал 1979 «Atari» өндеушілері «Activision» фирмасының негізін қалады. Сол кездері 8 биттік процессор қолданылған «Atari 800» дүниеге келді.

80-жылдардың басында-ақ компьютерлік ойындар кезеңі шындап әрі ұзаққа уақытқа келгенін байқатты[6].

Жалпы бәйгеге қосылған «Phillips» фирмасы «Odyssey2» ойынын шығарады, «Mattel» графикасы жақсы, бірақ басқару құрылғысы нашар «Intellivision» ойынын шығарады, «Namco» ешқандай өзгеріссіз біздің бүгінгі күнге дейін жеткен: қазіргі кезде де түрлі платформаларда және түрлерде қолданылатын «Pac-Man» ойынын құрастырды.

Бұл жылдары ойын өнеркәсібі үлкен табыстарға жетті: бір миллиард доллар (бүгінгі күнде екі жарым миллиард доллар)[7].

«Atari» бір орында тұрмады және «Asteroids» ойынын шығарды, басқа жанрларда да тоқырау болған жоқ, шытырман ойындарда классикалық мәтіндік квест «Infocom-ның» «Zork» деп аталатын ойыны қолданысқа енгізілді, «Ultima» сериясының бірінші ойыны да сол 80-жылдары шыққан.

Келесі жылы бұдан да үлкен жетістіктерге жетті. Ойындар бірінен соң бірі шығып жатты: «Donkey Kong» «Nintendo-ның», «Galaxian», «Centipede», «Tempest», «Pac-Man-ның әпкесі» - «Ms.Pac-Man».

1981 жылы дүниені дүрсілкіндірген оқиға болды: IBM бірінші рет IBM PC ұсынды.

Осыған байланысты тек үйдегі компьютерлерге арналып : «Sierra On-Line», «Broderbund», «BudgeCo», «Electronic Arts» фирмалары ашыла бастады.

Осылайша, уақыт өте берді. Бірте-бірте компьютердің әдемі әрі сапалы жана түрлері және ойындардың түрлі жанрларына қатысты жаңа ойындар шығарылып жатты. Мультиплеерлер, Internet байланысы, Online әлемі пайда болды және де осы жаңалықтың бәрін де қазіргі қоғамда қолдануға барлық мүмкіндіктер бар[8].

70-жылдардың басында-ақ ата-аналар мен тәрбиешілер қауымы өз балаларының әскери ойыншықтармен ойнай бастағанына алаңдай бастады. Одан соң әскери ойындары бар ойын залдарына бару күннен - күнге артқан сайын балаларының бұл қызығушылығына да қауіптен қарай бастады. Ал қазіргі күнде жеткіншектердің сана-сезімі мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін зұлымдық пен қастықтың көзі деп өз үйлеріндегі жеке компьютерлеріндегі соғыс тақырыбындағы компьютерлік ойындар деп санап отыр.

Ж.У Рожж айтуы бойынша (1984) әскери ойыншықтар мен әскери видео Психологияда ойынның психикаға әсер етуін стимулдау теориясымен түсіндіріледі[9].

Стимулдау теориясы ойынның адамға және оның санасына ықпал жасайтыны жайлы айтады.бұл ықпалдың сапсын бағалауға байланысты зерттеушілер екі топқа бөлінеді (оң және теріс баға).

Позитивті стимулдау теориясының жақтаушылары қатыгездікті, өшпенділікті, жауыздықты бейнелейтін ойындардың барлық жақсы жақтарын көрсеткісі келеді.Негізгі

дәлелдері ретінде катарсис жайлы ілім және қатыгез ойындарды ойнаған адамдардың физикалық және әлеуметтік көрсеткіштерінің жақсаруы жайлы зерттеулер[10].

Катарсис ретінде негізінде бүіл ойынбарысында ойыншының іштей қобалжуы мен уайымдауының рухани тазару мен тыныштықпен аяқталады.

Негативті стимулдау теориясы қатыгездік ойындардың жеткіншектердің психикасына теріс ықпал етеуінен келіп шығады.

Біріншіден, жеткіншек виртуальдық әлемде көзлеген объектілерді «өлітіре отырып», қатыгездік ойындарды ойнайды. Кейіннен шын өмірде де өлтіре бастайды. Шынайы өмірде осындай ауыр қылмысқа бару үшін ол психологиялық кедергілерді жеңу керек. Бұл кедергілерді жеңуде оған қатыгездік ойындар көмектеседі. Ол өз сана-сезімдерінде тіпті виртуальдық әлемде болсын, мұндай мінез-құлыққа рұқсат береді. Ойынның өзі уақытша шынайы агрессияны «алмастыратын» мінез-құлық формасы болуы мүмкін. Мұны - «Вельд синдромы» деп атайды.

Осы «Вельд синдромына» қатысты мынадай бір жағдай кездескен. 15 жастағы В. Федоров өз анасы мен қарындасын аяусыздықпен өлтірген. Жеткіншек компьютерде 3D Action ойынын ойнаумен көп уақыт өткізетін болған. Бірде анасымен ренжісіп қалып «бала асхнадағы пышақты алып анасына соққы жасайды. Әйел еденге құлап, баласына есіңді жидеп, айқайлай бастайды. Бірақ бала өзін тоқтата алмайды. Ашу-ызасы келіп, қолындағы пышақты қабырғаға қатты лақтырғаны соншалықты, пышақ со сәтте-ақ сынып қалады. Сол кезде бала жерде жатқан балғаны алып, анасының басынан ұрады. Айқай-шуды естіген баланың қарындасы - Вика жүгіріп келеді. Вася келесі бір пышақты алып өзінің қарындасында қатыгездікпен өлтіреді.

Кейіннен балның кінәсі анықталып, оның заттарына зерттеу жүргізгенде күнделігінде мындай жазбалар табылған: «Бүгін менің әкем келеді. Мен оны көрмегеніме жарты жыл болды. Ол келгенде мен оның ақшасын ұрлаймын. Мен қатты ашулымын. Кеттім, компьютерде отбасымды өлтіремін», - деп жазылған.

Екіншіден, агрессияға деген ықпалды журналистер мыа бір терминмен сипаттауды қабылдаған. Бұл ықпал - «Лара Крофт эффектiс» дер аталады. Лара Крофт - ол «Tomb Raider» компьютерлік ойынының кейіпкері. Бұл эффект әлеуметтік құбылыс ретінде қарастрылады., яғни «кинофильмдердегі және видео ойындардағы қатыгездікті шынайы өмірде қолданануға ауыса бастайды..

Агрессия бұл жерде қатыгез ойындардың тікелей салдары ретінде қаралады. Алқашқыда жаман тәжірибе меңгеріледі, кейіннен шынайы өмірде қолданылады. Бұл жағдайда агрессия үйрену нәтижесі болып саналады.

Агрессияның пайда болуына деген ықпалдың үшінші нұсқасын психиатрлар ұсынған және «патологиялық басқа кейіпке ену ойындарының синдромы» деп атаған. Олардың түсіндіруінше адам өзіне таныс ойынның (виртуалдық, релдық) кейіпкерімен өзін идентификациялайды. Бұл сирек кездесетін құбылыс. Бұл шизофрениямен ауыратын адамдарға тән. Мұндай жағдай әлі кездестірілмеген.

Төртінші жағдайда агрессияға деген ықпалды «ойыннан кейінгі қатыгездік феномені» деп аталады. Ойыннан кейінгі қатыгездік феноменін сызба түрінде Сонымен, ойыннан кейінгі қатыгездік феноменіне екі жағдай жатқызамыз : 1) Ішкі белгілер - бұлар ойыншының қылмыстық (агрессивтік) мінез-құлқын анықтайтын жее тұлғалық қасиеттері. Оларға: а) ойыншының ойын тәжірибесіне дейінгі бейім болуы; ә) ойынға тәуелді болуы; б) агрессивтік прайминг; г) ойына арқылы меңгерген тәжірибесін өмірде қолдану; в) сананың лабильділік белгілері; г) ойынның әсерінен сананың дерформациялануы (өзін-өзі кемсіту комплксiнің, агрессияның десенсибилизациясы, қорқыныш пен мазасызданудың гиперкомпенсациясы); ғ) әлеуметік фрустарцияның жоғарғы дәрежесі. 2) Сыртқы белгілері (жеткіншекте болтын агрессияға қолайлы өмірлік жағдайлар). Осы екі жағдайдың болуы нәтижесінде қылмыстық агрессия жасауға әкеліп соғады. былай көрсетуге болады ойындарға қызығушылық осы ойынды шынайы өмірде жүзеге асыруға алып келеді[11]. Қорытындылай кетсек, зорлық-зомбылық және агрессия мәселесі күннен-күнге өзекті мәселеге айналып

жатыр. Қоғамда жетістіктерге жету күресінің құралы ретінде агрессивтілік ашық және жасырын формада қолданылуы сирек емес. Мұндағы жасырын формаға компьютерлік ойындар жатады. Агрессивтілік жеткіншектердің жеке тұлғасында негізінен қоғамдағы орнына қанағаттанбаудан, үлкендердің оларды түсінбеуіне қарсылық көрсету түрінде қалыптасады, яғни агрессивті мінез-құлық көрсетуінен байқалады.

Қазіргі кезде жеткіншектерге жаңа заманғы жеке өздерінің компьютерлері зиянды қауіп төндіріп отыр. Жеткіншектер әртүрлі көптеген компьютерлік ойындарға өзінің бос уақытының бәрін дерлік арнайды. Он бес жыл бойы фантазиядағы (ойындағы) және шынайы өмірдегі жауыздықтың арасында тығыз себеп-салдарлық байланысы бар ма деген пікір таластар жүруде. Алайда, психологияда компьютерлік ойындарға бейімділіктің, агрессивтіліктің жеке тұлғалық қасиет ретінде қалыптасуына ықпалы аз зерттелінген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бурлаков, И.В. Номо Gamer. Психология компьютерных игр / И.В. Бурлаков. М.: «Класс», - 2000. - 144 с.
2. Бабаева, Ю.Д. Взаимодействие человека с компьютером. / Ю.Д.Бабаева, А.Е. Войскунский // Психологический журнал, — 1998, № 1. — С. 89-100.
3. Г.С. “Введение в практическую психологию” - Екатеринбург: “Деловая книга”, Москва: Издательский центр “Академия”, 1995
4. Бакеев В.А. “Экспериментальные исследования психологических механизмов внушаемости”.: Автореферат диссертации ... канд. псих.наук. - М., 1970 - 17 с.
5. Бернс Эрик “Игры, в которые играют люди. Психологии человеческих взаимоотношений; Люди, которые играют в игры. Психология человеческой судьбы”. / Пер. с англ. М., Прогресс. 1995.
6. Ключева Н.В., Касаткина Ю.В. Учим детей общению. Популярное пособие для родителей и педагогов. - Ярославль: Академия развития, 1997 - 240 с.
7. Коломенский Я.Л. Психология общения. М.: Знание, 1974 - 96 с.
8. Роджерс К.К. Науке о личности / История зарубежной психологии. Тесты - М.; 1980 - с. 199-230
9. Рогов Е.И. Национальная книга практического психолога в образовании: учебное пособие. - М.: Владос, 1996 - 529 с.
10. Майерс Д. Социальная психология / Перев.с англ. - СПб, 1997 - 688 с.
11. Каган М.С. “Мир общения: Проблема межсубъективных отношений” - М.: Политиздат, 1988 - 319 с.

Әукен Ж.Т. Психология, 4 курс

Жетекшісі: психол. ғ. к., доцент Н.С. Жұбаназарова

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУЫҒА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІ

Еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мол, білімді, кәсіби біліктілігі жаңалыққа сай жоғары дәрежеде болуын қажет етіп отырғаны белгілі. Мектепке келісімен-ақ бала, бірте-бірте қоғамдық қатынастар әлеміндегі өзінің орнын саналы сезіне бастайды. Бұл өзін оқыту әрекетінің субъектісі ретінде сезінумен тікелей байланысты.

Қазіргі таңда психологияғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсарту болып отыр. Осыған орай қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу- бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр.

Жаңа әлеуметтік ортаға түсе отырып бала өзінің, ерекше орнына ие болуға тырысады, өзіне жаңа әлеуметтік рөлді алуға икемделеді, өзі секілділермен қарым-қатынасқа түсуді ойластырады. Мұндағы ең маңызды жайт: бала тек мектеп оқушысының рөлін ғана қабылдап қоймай, оқушының рөлін, бағытын ұстануы тиіс. Балалардың күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануында өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Ата-аналар балаларымен тілдесіп, оларға жеткізетін мағлұматтарды доғаратын болса балалардың өсіп жетілуіне, рухани жағынан толыққанды дамуына өз мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмай, әр қилы өзгеріске ұшырап еді. Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді.

Қабілет жеке дарынның дамуы мәселесін талдау жасауда, біз көбінесе бұл ұғымды түсіндіретін мазмұндарға байланысты түсінеміз.

Қабілет және дарын ұғымдарының анықтамасындағы біршама қиыншылықтар бұл терминдердің жалпы ұғымдық, тұрмыстық түсініктемелерімен байланысты туындайды.

Шығармашылық жеке адамды қалыптастыру педагогикалық психология ғылымының кейбір жақтарын жаңаша қарауды талап етеді. Кіші мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту-өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Творчестволық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұмытуды қолданудың мәні зор.

Қабілетке білімді, ептілікті және дағдыны меңгеру процесінің жылдамдығы, тереңдігі, жеңілдігі және мықтылығы жатады, бірақ қабілеттің өзі білім мен ептілікке әкеп соқпайды. Зерттеулер бойынша қабілет - өмірлік қалыптасу, олардың дамуы жеке даралық өмір барысында жүреді, ал орта, тәрбие – оларды белсенді қалыптастырады.

Қабілет мәселесіне терең талдау жасаған Б.М. Теплов [1] болды. Оның көрсеткен концепциясы бойынша нышан деп аталатын қабілет дамуының қандайда бір алғы шартын құратын адамның анатомиялық-физиологиялық және функционалдық ерекшеліктері.

Қабілеттің сапасы іс-әрекет пен оның нәтижелі орындалу жағдайымен анықталады. Сапасы бойынша қабілеттер, математикалық, техникалық, көркемдік, әдеби, музыкалық, ұйымдастырушылық, спорттық т.б. қабілеттер болып бөлінеді.

Қабілеттер көлемі бойынша: жалпы және арнайы қабілеттер болып бөлінеді. Арнайы қабілеттер іс-әрекеттің қандайда бір нақты түрінде нәтижелі орындау үшін қажеттілік жағдайы болып саналады.

Көптеген зерттеулерде [2] арнайы қабілет, кәсіби іс-әрекет саласында тәжірибие жинақтау кезеңдерінде көрініп, мамандыққа байланысты машықтана түсетіндігі көрсетіледі.

Қабілеттер сондай-ақ төменде берілген түрлерге де бөлінеді:

1. Репродуктивті қабілет – білімді меңгеру және іс-әрекетке икемділікті жоғары деңгейде епті болуын қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық қабілет – айрықша жаңа нәрсені құруды қамтамасыз етеді.

Бір адамның бойында бірнеше әртүрлі қабілет болуы мүмкін, бірақ олардың бірі басқаларға қарағанда мәндірек болады. Екінші жағынан бірнеше әртүрлі адамдарда бір ғана қабілет байқалуы мүмкін, бірақ даму деңгейлері бойынша өзара өзгешеленеді.

Жалпы қабілетке, сондай -ақ, таным қабілеті және когнитивті стиль жатады. Экспериментті түрде әртүрлі жас кезеңіндегі мнемикалық және оқу қабілеттері зерттелінді.

Олардың талдауын біріктіретін сызық бас миының функционалды симметрия - ассиметриясы және екі сигнал жүйелерінің өзара әрекетінің сипаты мен мәліметгерді өңдеудегі жеке даралық типтік ерекшеліктермен байланысты вербальды емес және вербалдылық болып табылады.

Қабілеттің, әрі когнитивті стильдің бұл түрі үшін - жүйке жүйесінің тек арнайы емес, сондай-ақ жалпы типтік қасиетгер параметрлерімен корреляттары көрсетілді.

Қарым-қатынас саласымен байланысты коммуникативті қабілеттер де зерттелінді: тілдік, педагогикалық, музыкалық. Олар үшін күрделі комплексті жүйе құрамында жүйке жүйесінің жалпы және арнайы қасиетгері түрінде және анализаторлардың функциялық ерекшеліктері түрінде табиғи алғы шарттар анықталды.

Белгілі ғалым Н.С. Лейтес өз зерттеулерінде мына жағдайды көрсетеді: "барлық қабілеттер баланың айнала қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде оқыту және тәрбие әсерінен қоғамдық тәжірибені меңгерудің арқасында дамиды; іс-әрекеттің әрқилы түрлерінде жалпы кезең болғандықтан" (зейінге және есте сақтауға, ой процесіне, әрекетті жоспарлауға қойылатын талаптар балалар сабақтарының әртүрлілігі тек арнайы қабілеттің дамуымен ғана емес, едәуір жалпы қабілеттің дамуымен де байланысты [3].

Танымдық қызығушылықтардың дамуына, меңгерілетін пәнге деген, ақыл-ой еңбегінің өзіне деген сүйіспеншіліктердің дамуына оқушының өз бетімен ізденуі әрі жаңа білімді ашудан, проблемалы міндеттерді шешуден тұратын оқытудың осындай ұйымдастырылуы көмектеседі.

Қазақстандық ғалым, профессор С.М. Жақыповтың пікірінше - оқу танымдық процестердің пайда болуына әкелетін және оқу-танымдық іс-әрекеттің генезисін анықтайтын біріккен әрекеттердің ұйымдастырылуы объектіге және оның құрылымының белгілі бір қасиетімен түрлі әрекеттер арасындағы байланыстың ашуына әкеледі. Мұндай ұйымдастырылу іс-әрекетке қатысушылар арасында әрекет тәсілдерін алмастыру мен орналастыру жағдайында пайда болады.

Біріккен әрекеттің ұйымдастырылуында келесі құрамды бөліктерін бөліп көрсетуге болады:

- - бастапқы әрекеттер мен операцияларды орналастыру – зерттеген объектінің құру принципін іздеу себепші болған қандай өңдеу жүйесімен беріледі;

- -әрекет тәсілдерімен алмастыру - іс-әрекет өнімін ашу үшін түрлі әрекет тәсілдерін қайта өңдеу қажеттілігімен беріледі;

- өзара түсінушілік – біріккен іс-әрекетке әрекеттің түрлі тәсілдерін қосу сипатымен беріледі (өзара түсінушілік өз әрекет пен оның өнімін іс-әрекеттің басқа қатысушыларының әрекетіне сәйкестігін орнатуға мүмкіндік береді).

Біріккен іс-әрекеттің болуын қамтамасыз ететін құралдардың арасында, психологиялық көзқарастан, ең маңыздылары келесілер болып табылады:

- алмастыру, орналастыру және өзара түсінушілік жүрмейтін және іс-әрекет жүру шартының оқу тапсырмасына адекватты жоспарлау жүретін және әрекеттің түрлі тәсілдерін таңдауға көмек беретін – коммуникация;

- қатысушының өз әрекетіне қатынасын орнататын және осы әрекеттің қайта өңдеуі біріккен іс-әрекеттің мазмұны мен формасына сәйкес қамтамасыз ететін – рефлексия; [4, 212-220 б.]

Танымдық қызығушылықтардың дамуына, меңгерілетін пәнге деген, ақыл-ой еңбегінің өзіне деген сүйіспеншіліктердің дамуына оқушының өз бетімен ізденуі әрі жаңа білімді ашудан, проблемалы міндеттерді шешуден тұратын оқытудың осындай ұйымдастырылуы көмектеседі.

Қазақстандық ғалым, профессор С.М. Жақыповтың пікірінше - оқу танымдық процестердің пайда болуына әкелетін және оқу-танымдық іс-әрекеттің генезисін анықтайтын біріккен әрекеттердің ұйымдастырылуы объектіге және оның құрылымының белгілі бір қасиетімен түрлі әрекеттер арасындағы байланыстың ашуына әкеледі. Мұндай ұйымдастырылу іс-әрекетке қатысушылар арасында әрекет тәсілдерін алмастыру мен орналастыру жағдайында пайда болады.

Біріккен әрекеттің ұйымдастырылуында келесі құрамды бөліктерін бөліп көрсетуге болады:

▪ - бастапқы әрекеттер мен операцияларды орналастыру – зерттеген объектінің құру принципін іздеу себепші болған қандай өңдеу жүйесімен беріледі;

▪ -әрекет тәсілдерімен алмастыру - іс-әрекет өнімін ашу үшін түрлі әрекет тәсілдерін қайта өңдеу қажеттілігімен беріледі;

- өзара түсінушілік – біріккен іс-әрекетке әрекеттің түрлі тәсілдерін қосу сипатымен беріледі (өзара түсінушілік өз әрекет пен оның өнімін іс-әрекеттің басқа қатысушыларының әрекетіне сәйкестігін орнатуға мүмкіндік береді).

Біріккен іс-әрекеттің болуын қамтамасыз ететін құралдардың арасында, психологиялық көзқарастан, ең маңыздылары келесілер болып табылады:

▪ алмастыру, орналастыру және өзара түсінушілік жүрмейтін және іс-әрекет жүру шартының оқу тапсырмасына адекватты жоспарлау жүретін және әрекеттің түрлі тәсілдерін таңдауға көмек беретін – коммуникация;

қатысушының өз әрекетіне қатынасын орнататын және осы әрекеттің қайта өңдеуі біріккен іс-әрекеттің мазмұны мен формасына сәйкес қамтамасыз ететін – рефлексия; [4, 212-220 б.]

Сонымен, ақыл-ой ауырлығы, эмоционалды ауырлық бұлар оқу сабақтары барысында жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне, шаршаудың дамуына әкеліп соғатындығын біздер білдік. Шаршауға байланысты пайда болатын организмдегі бүкіл өзгерістер уақытша сипат алады және әрекеттің өзгеруі арқылы, әрі демалыс процестері көмегімен жоғалып отырады. Шаршаудың осы ерекшеліктерін назарға ала отырып, мәселені былай шешу қажет: оқу үрдісі шаршаусыз жүзеге аспайды, бірақ шаршаудың ең бастысы өте қатты шаршаудың пайда болуын ескерту.

Сондықтан, осы ерекшеліктерді ескере отырып, бүкіл оқу үрдісін қатаң қадағалап, бала организмiне нұқсан келмейтін жағын ойластыру қажет.

Жұмыс қабілеттілігінің жекелеген ерекшеліктері түрлі факторларға: ең алдымен дене дамуына, организмнің функционалды қалпына, жоғары нерв жүйесінің жеке ерекшеліктеріне, денсаулық қалпына әрі эмоционалды күйге байланысты болады. Белгілі бір уақыт аралығында деңгейге және өзгерістер динамикасына сай жұмыс қабілеттілігінің жекелеген нұсқалары болады. Шартты түрде жұмыс қабілеттілігін жоғары, орташа, төменгі деңгейлерге бөледі [5,53 б.].

Сондықтан, біз ата-аналарға, мұғалімдерге творчестволы қабілетті бала моделін сипаттауға бағытталған анкеталар журпзу арқылы педагогтардың қандай қасиеттерді творчестволық қабілет ерекшеліктеріне жатқызатындығын анықтап алдық.

Мектеп қабырғасындағы творчестволық қабілетті балалармен жұмыс жүргізетін педагогтарға арнайы ұйымдастырылған көмекші әдістемелік жұмыстар да тиімділігін берді.

Шығармашылық қабілеттің, педагогикалық жақтарын ашып көрсетер болсақ, шығармашылық қабілеттің дамуы тек нышанмен, оқумен ғана шектелмейді, баланың творчестволық күш жұмсауымен, баланың творчестволық ойлауының, жүзеге асуына сыртқы түрткінің әсерімен, жеке тұлғалық қасиеттерімен де сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Теплов М.Б. Избранные труды, в 2-х т., т.1. М. Прос., 1971.-130с.
2. Способности и деятельность. //Межвузовский сборник научных трудов. –Ярославль: ЯГПИ им. К.Д.Ушинского, 1989.-146с.
3. Лейтс Н.С. Умственные способности и возраст.-М.“Педагогика”,1971.-170 с.
4. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. -Алматы, « Қазақ университетің, 2004. – 312–220с.
5. Лейтес Н.С. возрастная одаренность. //Семья и школа. N9. 1990 г. С.31-33

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И УСПЕШНОСТИ В МАРКЕТИНГЕ

Понимание эмоционального интеллекта как элемента эмоциональной культуры человека всегда является актуальной темой на протяжении всей истории человечества. Особенно сейчас интерес к эмоциональному интеллекту возрастает с каждым днем. В связи с развитием рынка усиливается значение профессии маркетолога, направленной на исследование рынка. Маркетинг основан на знании и понимании потребностей различных сегментов рынка, различных групп потребителей, их мотивов и потребностей, понимании их динамики. В связи с этим представляет интерес исследование тех компетенций, которые могут иметь значение в определении профессиональной успешности в этой профессии. Одной из них предположительно может являться эмоциональный интеллект.

Эмоциональный интеллект – понятие, которое появилось в дополнение к интеллекту в его традиционном понимании. Если обычно интеллект мы связываем с такими вещами, как ум, образование, уровень IQ, то эмоциональный интеллект – нечто другое. Это способность человека воспринимать и использовать эмоциональную информацию, то есть получаемую или передаваемую с помощью эмоций. Эмоциональный интеллект входит в круг интересов и естественных, и гуманитарных наук – неврологии, психологии, нейропсихологии, физиологии, социологии, философии [1].

Впервые в 1988 г. Рувен Бар-Он (Reuven Bar-On) ввел понятие эмоционально-социального интеллекта и предположил, что он состоит из многих, как глубоко личных, так и межличностных способностей, навыков и умений, которые, объединяясь, определяют поведение человека. Бар-Он впервые ввел обозначение EQ – emotional quotient, коэффициент эмоциональности, по аналогии с IQ – коэффициентом интеллекта [2].

Как мы знаем эмоции – это субъективные состояния человека и животных, они возникают в ответ на воздействие внешних или внутренних раздражителей и проявляются в форме непосредственных переживаний – удовольствия или неудовольствия, радости, страха, гнева и пр. [3]. Дж. Майерс и П. Сэловей определяют эмоции как упорядоченные реакции, пересекающие границы многих психологических подсистем, включая физиологическую, когнитивную, мотивационную, эмпирическую (связанную с опытом). Это адаптивные реакции, которые могут потенциально быть причиной трансформации персонального и социального взаимодействия в обогащение опыта [4]. А сам "эмоциональный интеллект" авторы рассматривают как подструктуру социального интеллекта, которая включает способность отслеживать собственные и чужие чувства и эмоции, различать их и использовать эту информацию для направления мышления и действий

На сегодняшний день руководители любой клиентоориентированной организации предъявляет своим сотрудникам ряд требований: стрессоустойчивость в работе, эффективное взаимодействие и сотрудничество с клиентами, ориентированность на потребности клиентов, умение понимать их эмоциональное состояние, выход из конфликтных ситуации и т.д. Чтобы все эти требования действительно работали, необходимо чтобы у сотрудника, который предлагает какую-либо продукцию клиенту, был высокий уровень эмоционального интеллекта.

Давая ответ на вопрос, что значит эмоциональный интеллект, один из ведущих специалистов в данной области Д. Гоулман (1995), говорит, что это иной путь быть умным. Эмоциональный интеллект включает в себя знание того, что представляют твои чувства, и использование чувств, чтобы принимать в жизни хорошие решения. Это способность управлять стрессовым настроением и контролировать импульсы. Это способность быть мотивированным и оставаться полным надежды и оптимизма, когда ты встречаешься с препятствиями на пути достижения целей. Это эмпатия, знание того, что чувствуют люди

вокруг тебя. Это социальные навыки взаимодействия с людьми, управление эмоциями во взаимоотношениях, способность убеждать и вести за собой других [5]. Таким образом, мы можем выделить составляющие эмоционального интеллекта – самоосознанность, самоконтроль, мотивация, эмпатия и социальные навыки.

Самосознание — знание о своем внутреннем состоянии, предпочтениях, возможностях. Это правильная самооценка и вера в себя, свои возможности и навыки, знание собственной цены.

Саморегулирование — владение собственными эмоциями, импульсами и возможностями, сохранение норм поведения, вежливость, честность, гибкость в меняющихся условиях, инновационность.

Мотивация — стремление к достижениям, активность, инициатива, оптимистический подход к жизни, а также подчинение эмоций реализации намеченных целей, что имеет принципиальное значение для концентрации внимания, самообладания или творческой работы.

Эмпатия — осознание и понимание чувств, потребностей, мотивов других людей, понимание других.

Общественные умения, которые состоят из умения вызвать у других нужную реакцию, или влиять на других, умение достигать понимания, урегулировать конфликты, руководить, устанавливать контакты, сотрудничать, работать в коллективе.

Социальные навыки (коммуникабельность) - компетентность в сфере взаимоотношений и развития сетей, а также способность находить общее с другими людьми и строить взаимоотношения [6].

Даниэль Гоулман на основе исследования утверждает, что наличие у человека IQ по отношению к успешности его деятельности влияет всего лишь от 4 до 25 %. Поэтому чтобы человеку успешно подниматься по карьерной лестнице, для него важны наличие других способностей связанных с пониманием эмоции и управления ими. Эмоциональный интеллект помогает регулировать свое поведение, правильно настроиться на работу и тем самым реализовать намеченную цель и достичь желаемого результата. Что является немаловажным фактором для успешности деятельности сотрудника любой организации в его профессиональной карьере.

Привлекательность идеи эмоционального интеллекта объясняется тем, что в ней заключены существенные возможности для самоусовершенствования человека, не только с точки зрения превращения себя в отличного работника, но и совпадение потребностей современного рынка труда, персонального запроса на саморазвитие и поиска рецепта успешной жизни и карьеры. Таким образом, эмоциональный интеллект отвечает за всю эмоциональную сферу, позволяющую человеку быть более адаптивным и успешным.[7,9]

Американские психологи выявили, что личностные характеристики имеют более важное значение для успешного карьерного роста, чем когнитивные способности, установки или демографические характеристики. Чем лучше человек осознает скрытые причины своих поступков и эмоциональных реакций, тем более он свободен в выборе желаемых для него способов поведения. Именно такой человек успешно решает самые разнообразные проблемы, связанные как с областью личных отношений, так и с вопросами бизнеса.

Представляя нам сам термин успеха в профессиональной деятельности, Н.В. Самоукина высказывается следующим образом: "Успех в профессиональной деятельности проявляется, прежде всего, в достижении работником значимой цели и преодолении или преобразовании условий, препятствующих достижению этой цели" [8]. Успешность деятельности маркетолога определяется достижением и реализацией поставленных целей и задач. Под целью следует понимать определенный количественный или качественный результат, которого следует достичь к определенному моменту времени. Чем четче сформулирована цель и осознана каждым работником, тем больше вероятность ее реализации. Основные цели в маркетинге это: максимизация потенциальных потребителей, увеличение ассортимента или выбора продукции, постоянное улучшение уровня сервиса для

удовлетворенности клиента. Основная должностная обязанность маркетолога заключается в изучении рынка и рыночной тенденции, четкое понимание поведения, мотивов и потребностей клиента, правильный выбор целевого рынка, разработка конкурентного преимущества, управление отношениями с клиентом. И сейчас на современном этапе, как писал в своей книге Гоулман, сотрудников судят по новым критериям, ориентируясь не только на то, насколько хорошо и быстро он мыслит или на уровень его профессиональной подготовки и эрудиции, но и на то в какой степени работник владеет собой и ладит с другими. На этот критерий руководители обращают большое внимание, когда встает вопрос увольнении или же продвижении сотрудника с текущей позиции [9].

Однако, достижение успеха (в том числе, профессионального) зависит не только от интеллектуального потенциала (т.е. академического интеллекта), но и от разумного владения эмоциями, или эмоционального интеллекта (EQ). Это наше восприятие мира, людей, событий, а также наша реакция на все, которая, в свою очередь, влияет на эффективность наших действий. Другими словами, эмоциональная интеллектуальность — это умение определить свои эмоции, а также способность управлять ими таким образом, чтобы достичь поставленной цели. Это относится и к отношениям между людьми. Эмоционально-интеллектуальный человек способен почувствовать эмоции и мотивы поведения других и умело ими управлять [7,9,10].

Однако, что если эмоциональный интеллект все же возможно измерить (опросник эмоционального интеллекта Д.В.Люсина, Н. Холла), то на сегодняшний день нет универсальной методики на измерение успешности. Общая формула успешности (эффективности) профессиональной деятельности, основанная на переменных качества, количества и разного рода затрат, обычно используемая в исследованиях по инженерной психологии, рассчитана на наличие достаточно большого количества испытуемых, занимающихся однородной деятельностью. Однако, маркетинг не является массовой профессией и даже в достаточно больших организациях маркетологов не бывает много. Сравнивая деятельность маркетологов, работающих в различных организациях, мы видим, что конкретные показатели качества и количества их работы могут сильно отличаться, что затрудняет объединение небольших групп маркетологов в единую выборку. В этих условиях успешность деятельности маркетолога можно оценить методом экспертных оценок или, иначе говоря, объективной оценкой непосредственного руководителя маркетингового отдела, а также анкетой, составленной с помощью самих маркетологов и их руководителей, и применением качественного анализа, основанного на биографическом методе, где испытуемый описывает свой удачный и неудачный опыт в маркетинговой практике. Подобное исследование требует много сил и затрат времени [11].

Таким образом, в результате теоретического анализа можно сделать вывод о том, что влияние эмоционального интеллекта на успешность деятельности в маркетинге имеет большое значение. И важно отметить, что результаты многих проведенных исследований доказывают, что эмоциональный интеллект у человека с возрастом увеличивается. Этому способствуют определенные методы и техники по развитию эмоционального интеллекта, чтение литературы по данной теме и постоянная работа над собой, что позволяет стать намного эффективнее и успешнее в жизни. В маркетинге, как и в целом в бизнесе эмоциональный интеллект оказывает существенное влияние на успешность деятельности и остается актуальной темой. На рынке труда всем организациям и предприятиям для эффективной деятельности требуются сотрудники ответственные, инициативные, высокомотивированные, стремящиеся к постоянному карьерному росту и обладающие эмоциональным интеллектом.

Отсюда ясна необходимость дальнейшего исследования феномена эмоционального интеллекта, его структуры и путей его развития, что открывает реальную возможность для достижения эффективности работы и успешности деятельности в любой сфере, в том числе, в маркетинге. Развитие и совершенствование эмоционального интеллекта можно

рассматривать как необходимый элемент профессиональной компетентности и как значимый фактор психологической культуры человека в маркетинге.

Список использованных источников:

1. Лемберг Б. Эмоциональный интеллект: как разум общается с чувствами. -СПб.: Вектор, 2013.- 140 с.
2. Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI). // *Psicothema*. Oviedo (Spain). - 2006. - Vol. 18, supl. - P. 13-25./ <http://www.psicothema.com/pdf/>
3. Радугин А.А. Философия: курс лекций. - М.: Центр, 2000.- 272 с.
4. Mayer J.D., Salovey P. The intelligence of emotional intelligence // *Intelligence*. N.Y., 1993. P. 433–442.
5. Thorndike, R.L., & Stein, S. An evaluation of the attempts to measure social intelligence. // *Psychological Bulletin*, 34, 1937. P. 275-285.
6. Гоулман Д., Ричард Бояцис Р., Макки Э. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта. – М.: Альпина Бизнес Бук, 2008.- 301с.
7. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект.- М.:АСТ: Владимир, 2009.-478 с.
8. Самоукина Н.В. Психология профессиональной деятельности.-СПб.: Питер, 2003. 224 с.
9. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект в бизнесе .-М.: Манн, Иванов, Фербер, 2013.-512 с.
10. Гоулман Д. С чего начинается лидер.- М.: Альпина Бизнес Букс, 2006.-367 с.
11. Ким А.М. Понимание как общепсихологический феномен. – Дис. ...д-ра.психол.н. – Алматы, 2002. – 300 с.

*Икрамжанова Г. Психология, 4 курс
Ғылыми жетекші: психол. ғ. к. Болтаева А.М.*

ЖОО СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адам өзінің алға қойған мақсатына сәйкес даму қабілеті бар белсенді субъект иесі болып табылады. Осы алға қойған мақсаттарына жетуге итермелейтін негізгі күш ол *мотив* болып табылады.

Әр-бір мақсатқа жету жолындағы атқарылған іс-әрекет ол тұлғаның қалыптасып, дамуына жағдай жасайды. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Тұлға ретінде қалыптасу үшін адам өз алдына дұрыс мақсат, міндет қоя алуы керек. Жетістікке, өмірдің ең биік шыңына шығуға көмектесетін негізгі қадам ол болашақ маман ретіндегі өзінің қабілеттеріне байланысты кәсіп таңдауы болып табылады. Тұлғаның нақты жетістікке жету жолындағы өзін және басқа адамдарды түрткілеу үдерісі бұл – тұлғаның кәсіби мотивациясы болып табылады. Белгілі бір кәсіпті таңдауда адам өз бойындағы жеке қызығушылықтарды ескеріп отыруы қажет. Сонымен қатар нақты мақсат, міндеттерді қоя отырып соған итермелеуші мотивті қызығушылықтарымен байланыстырып отыруы қажет. Адам тек кәсіпті таңдап қана қоймай, сонымен қатар жұмыс атқару керектігін де ескеруі қажет. Тиянақты, адамның жоғарғы қызығушылығымен атқарылған жұмыс ол жемісті болып табылады. Белгілі бір кәсіпті таңдағанда, таңдаған кәсіпке байланысты жұмыс атқарған кезде кәсіби мотивация әрекеті керек болады. Кәсіби мотивация – кәсіби дамуға алып келеді. Ол кәсіби білімдер мен дағдыларды талап етеді.

Мотивация деп адамның белгілі мақсатқа жету бағытындағы іс-әрекетінің жүйесін айтамыз. Яғни мотивация бұл – адамды нақты белгілі бір іс-әрекетке итермелеуші күш болып табылады. Мотив адам қажеттіліктерімен байланысты болып табылады. Кәсіби мотивация – адамның өзінің қалауларына байланысты қойылады. Кейде жеке

қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескермей жатып кәсіп таңдайтын адамдар болады. Олардың атқарылған жұмысы өнімді болып табылмайды. Себебі белгілі бір істі атқару барысында адамның көңілсіз, қызығушылықсыз істеген жұмысы өз нәтижесін бермейді. (Ю.В.Чуфаровский, 1995)[1,2]

Жүріс-тұрыстың мотивациясы төмендегі сурақтарға жауап береді: Адам нені қалайды? Ол неге жеткісі келеді? - және тағы басқалары. Адамның іс-әрекетті жасау кезіндегі талпынысы доминатты қажеттіліктерді орындауға байланысты болып келеді. Адамның жүріс-тұрысының негізінде әр-қашан қажеттіліктер тұрады. Бұл қажеттіліктер - адам басынан өткеретін керекті нәрселер және ол адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелеуші күш болып табылады. Оны қанағаттандыру адамның өмірі үшін маңызды болып келеді. Яғни адам әр-қашан өз қажеттіліктерін қанағаттандырып отыруы қажет. Қажеттіліктердің қанағаттандырылуы индивидуалдылықтың дамуына да әсер етеді. Адам өзінің өмір сүруі үшін қажеттіліктерін белсенді түрде орындауы қажет. Адам қажеттіліктерінің өтелуі бұл белсенді өмір сүруге алып келеді.

Адамның қажеттіліктері әр түрлі болып келеді. Қазіргі кезде материалды қажеттіліктер бөлінген. Оларға: тамақ, киім, тұрғын үй және тағы басқаларды айтуға болады. Ал рухани қажеттіліктерге : қоғамдық өмір, қарым-қатынас, білім алу, творчество және тағы басқалары жатады. Адам осы қажеттіліктердің барлығын қанағаттандырып отыруы керек. Қажеттіліктердің барлық классификациялары шартты болып табылады. Адамның барлық қажеттіліктері әлеуметтік түрде негізделген. Қажеттілік адамның барлық психикалық әрекетінің, ақылының, сезім, еркінің қалыптасуының фундаменти болып табылады. Яғни адам қажеттіліктері бұл адам қалыптасуының негізі болып табылады. Қажеттіліктерге қоздырудың төмендегі жүйесі кіреді: көз қарас, қызығушылық, идеалдар. Қажеттіліктен шықпаған мотивацияның болуы мүмкін емес. Мотивацияға айналмаған қажеттілік индивид организмінде кейде қалыптаспайды. Мысалы адамның витаминге қажеттілігі мотивация бола алмайды. Қоздырушы факторлар жүйесінен өткен қажеттіліктер адам жүріс-тұрысының мотивіне айналады. Мотив- анық әрекетке болған саналы қозу. Ол адамға байланысты қалыптасады. Адамның қозу күшін дифференциациялау мақсатында оның саналы және бейсана мотивтерін бөлуге болады. Ол зерттелінген адамды бағалауда үлкен мәнге ие. Саналы қозулар көп ойланғаннан кейін қалыптасады. Бейсаналы қозулар автоматты түрде қалыптасады. Осыған байланысты кәсіби мотивацияны біз анық әрекетке болаған саналы қозу деп алып қарасақ болады. (М.И.Еникеев, 2003)[3]

Адам белгілі бір кәсіпті таңдаған кезде осыған байланысты мотив, итермелеуші күшті дұрыс қоя алуы қажет. Мотивация деңгейі төмен болған кезде кәсіпке болған қызығушылықта төмен болады. Яғни көбінде кәсіби мотивацияның төмен болуы қызығушылықтың төмендігінен де болып жатады. Мысал ретінде алып қарайтын болсақ ЖОО дағы студенттердің кәсіби мотивациясы оқуға түсу кезінен бастап әр-түрлі болып келеді. Оның себебі де әр-түрлі болып табылады. Кейде кәсіби мотивация төмен болған кезде кәсіпке болған қызығушылық төмен болуынан студенттер, жас мамандар өз кәсібінен тез ауытқып жатады. Яғни тұлға кәсіпті таңдау алдында басқаның ықпалымен емес, өз бойындағы қажеттіліктер мен қызығушылықтарды ескере отырып таңдағаны дұрыс болады.

Жүріс-тұрысқа итермелеуші негізгі күш ол –мотивация болып табылады. Осыны зерттей келе Мак-Дуголл ең бірінші болып барлық жүріс –тұрысты мотивациялық диспозицияларға қоспақшы болған. Сол кезде мотивациялық диспозицияға жалпы қолданылатын атау мотив емес инстинкт түсінігі болған. Көбінде ішкі мотивацияның қанағаттандырылуы ол сыртқы орта қалай болуына қарамастан адамның ішкі ниеттеріне байланысты адамдардың мақсат міндеттерінің орындалуы болып табылады. Бұл жердегі негізгі түрткі сыртқы орта ықпалы емес, ішкі қозғалыс түрткісі болып табылады. Осыған байланысты адамның негізгі мақсатына жетуіне ешқандай кедергі болмауы үшін адамның ішкі мотивациясы мықты болуы қажет. (Х.Хекхаузен, беттер 94-95)[4]

Кәсіпке байланысты адам өзінің алдына өз табысы мен нәтижесін күшейтуге өзі белсенді болып, өзін-өзі мақсат талабы бойынша тізгіндеп, өз мақсатына белсенді түрде

кіріссе, және оның өзіне деген сенімі айтарлықтай жоғары болса, онда оның жетістікке жету мөлшері қашанда жоғары болады. Оған мотив ықпалы көп әсер етеді. Белгілі бір маман иесі болған кезде кәсіби мотивация кіріс, мәртебе, мансап секілді сыртқы нәрселердің талабымен адамда мақсатқа жетуге деген белсенділік арта түседі. Кәсіби мотивацияның жоғары болуына жұмыс, табыс көзінің ықпалыда маңызды болып табылады. Егерде жұмысқа орналасу белсенділігі жоғарғы болған дәрижеде кәсіби мотивация деңгейіде жоғары болады. Кәсіби мотивацияда басты рөлді кәсіпке деген оң қарым-қатынас алады. Егерде студент саналы түрде мамандықты таңдап алатын болса, ол мамандық болашақта өзіне керек екендігін, өзіне ықпал ететіндігін саналы түрде түсіне алады. Кәсіпке байланысты көбінде студенттер мамандыққа болған қызығушылық 1 курста жоғары болса, курс жоғары болған сайын қызығушылық деңгейі төмен бола бастайды. Студенттің кәсіби мотивация деңгейінің төмендей бастауының негізгі факторларын қарастырсақ, ол студенттің мамандыққа деген жауапкершілігінің жоқтығы, оқыту кезіндегі қиыншылықтарға төтеп бере алмаушылығы, кәсіби мотивацияның төмендеуі ол өзі таңдаған мамандықтан бөлек басқа мамандықтарға болған қызығушылығының артып кетуі болып табылады. Кәсіби мотивация тек мамандықты таңдауға ғана өз ықпалын тигізіп қоймай болашақта сол мамандыққа байланысты еңбек атқаруына, сол өзі атқарған еңбегінен қанағат алуына да әсер етуі қажет. Адам әр-қашан өзі атқарған іс-әрекетінен қанағат алып отыруы қажет. Өз ісінен қанағат алу ол жоғарғы қажеттілік орындылуының көрсеткіші болып табылады. (В.В.Романов)[5]

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ю.В.Чуфаровский «Юридическая психология» 1995г 34-35бет
2. М.И.Еникеев «Юридическая психология»
3. В.Л.Васильев «Юридическая психология» 2009
4. Х Хекхаузен 94-95бет
5. В.В.Романов «Юридическая психология»

*Қабылбекова М. Психология, 4 курс
Ғылыми жетекші: профессор Жарықбаев Қ.Б*

Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі кезде жасына, әлеуметтік жағдайына, білім деңгейіне, мамандығына қарамай-ақ, адамдардың психология ғылымына назар аударуы, қызығушылық танытуы айқын аңғарылады. Бұл қоғамның ізгілікті бағытта, адамдардың рухани ділінің дамуын қамтамасыз етуде психологияның маңызды рөл атқаруы тиіс екендігінен шығатын болуы керек. Әрі психологиялық білімнің осы заман адамдарының әрқайсысының күнделікті өмірі мен іс-әрекетінде шешуші орын алатыны көпшілікке мәлім. Әсіресе, «Адам-Адам» саласында қызмет атқаратын тұлғалардың іс-әрекет пен қарым-қатынасты субъект ретінде жетілдіруі үшін психологиялық даярлықты жоғары дәрежеде танытуы қажетті шарт.

Республикада педагогикалық психологияның дамуына академик Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев (1910-1964) елеулі үлес қосты. Ол түрлі деңгейдегі аса жауапты басшылық қызметтер атқара жүріп, Қазақстанда алғаш рет психолог-педагог маман дайындау ісіне бастамашы болған-ды. Т.Т. Тәжібаев білім беруде психология мен педагогиканы үйлестіре отырып, педагогикалық психология аясында зерттеу жүргізген, К.Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарастарын талдап, қарастырады.

Т.Тәжібаев – ұлттық мінез бен психологияның, қазақ халқының этнопедагогикалық көзқарасын алғаш зерттеген ғалым. Ол мамандығы бойынша психолог болса да, педагогика, этика, мораль, салаларынан да көптеген еңбектер жазды. 1962 жылы Ленинград пединститутының ғылыми советінде « XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда

халық ағарту ісі мен мектептің педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты докторлық диссертациясын қорғайды.

Т.Тәжібаевтың зерттеу жұмыстары психология құбылыстарын эксперименттік зерттеуге байланысты болды. Диссертация тақырыбы «Адам денесіндегі бұлшық еттердің мидағы ой процестерімен байланыстылығын эксперимент арқылы дәлелдеу» болды. Бұны психология тілімен айтқанда «идеомоторлық акт (автоматты түрде) болатын қозғалысқа айналатынын білдірету үшін қолданылатын эмпирикалық психологияның термині. Алайда, біраз уақыт лабораторияда эксперимент жүргізіп, жұмыс жасағанмен, сол кездегі жағдайда идеомоторлық құбылыстарын зерттеу амалын ойлап табу қиындыққа түседі. Т.Тәжібаев аспирантурада оқу уақытының аз қалғанына қарамастан, диссертация тақырыбын өзгеріп, «К.Д. Ушинскийдің психологиясы және педагогикалық психология» деген тың тақырып алды. Қысқа мерзім ішінде Ушинскийдің еңбектеріне, оның психологиялық көзқарастарына талдау жасап, ғылыми қорытындысын тұжырымдайды.

Советтік психология ғылымының қалыптасуы, оның аса маңызды іргелі теориялық проблемасын зерттеу жұмыстары тек соғыстан кейінгі жылдарда ғана қолға алынды және ол зор табысқа жетті. Отыздан астам салаға (педагогика, медицина, инженерлік, әлеуметтік, заң, спорт, т.б.) бөлінетін психология ғылымының қай қайсысы да адамның практикалық қажетіне, күнделікті өміріне қатысты проблемаларды зерттеу ісімен айналысады.

Ғылыми техникалық прогресс елімізде психологияның дамуына ерекше зор әсерін тигізуде. Совет психологтары оқу-ағарту, тәрбие мәселелеріне байланысты аспектілерді заман талабына сай қарыштатып дамытуда тұжырымдар жасады.

Қазақстандағы психологиялық ой-пікірлердің тарихы халықтың ауыз әдебиеті шығармаларында әл-Фараби, Өтей Бойдақ, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев есімдерімен тығыз байланысты. Қазақстанда психология ғылымы Совет өкіметі жылдарында ғана ғылым ретінде көріне бастады. 1923 жылы Орынборда В.Я. Стурминскийдің «Мектептегі психологиялық зерттеулер» деген кітапшасы қазақ тіліне аударылды.

Қазақстанда психология ғылымының қалыптасып, дамуы Төлеген Тәжібаевтың ресми оппоненттерінің бірі – профессор Б.А.Ананьев сол 1939 жылдың өзінде «Қазақ ғылымының ғылыми еңбегінің құндылығы – ол тұңғыш рет Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері туралы мәселесін қоюында» деп бағалаған. Тәжібаев ұлы педагог Ушинскийдің еңбектерін зерттеу арқылы оның педагогтік ой-пікіріне зор ілтипатты, парасатты ойға толы бағасын бере отырып, психологиялық көзқарастарының жүйесін жасап көрсетті.

Т.Тәжібаевтың Ушинский туралы ғылыми еңбегі Қазақстан ғалымдарының арасында да зор дәрежесіндегі бағасын алды. Мысалы, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық кафедрасының профессоры Р.Л. Лемберг «Орыс педагогика тарихына арналған ғылыми еңбектер арасында Ушинский жайындағы Т.Тәжібаев еңбектері бірінші орында тұрады» деп жазды. Тәжібаевтың зерттеу жұмысының оқу-тәрбие жұмысына қарай бағытталуы республикамызда педагогикалық психологиядан қажетті зерттеулерді жоғары дәрежеге көтеруіне үлкен себеп болды.

Ғалымның «К.Д.Ушинскийдің психологиясы және педагогикалық психология» деген ғылыми еңбегі Алматыда және Қазан қалаларында орыс тілінде басылып шықты (1948ж). Осы кітапқа сын ретінде жазған профессор Н.А.Константиновтың рецензиясында Төлеген Тәжібаевтың бұл еңбегі К.Д. Ушинскийдің педагогикалық психология жөніндегі көзқарас туралы тұңғыш құнды еңбек екені айтылды.

Т.Тәжібаев еңбегі жазылғанына біраз уақыт өткеніне қарамастан К.Д.Ушинский туралы ой-пікірдің ішіндегі ең маңызын жоғалтпаған құнды еңбек.

Т.Тәжібаевтың Қазақстандағы педагогика, психология саласындағы еңбектері зерттеулері күрделеніп, толықтырылып жалғаса берді. Өзінің зерттеулерін баспасөз арқылы таратуы, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының дамуына әсерін тигізіп отырды. Қаламынан психология, педагогика, философия салаларынан жүзге тарта еңбек жазылып, баспадан шығады. Оның ішінде бірнеше монографиялық зерттеулер бар. Осы еңбектерінде педагогикалық психология теориясының негіздері мен көкейкесті мәселелерін жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеуге арнайды. Мысалы, «Психология и педагогическая психология К.Д.Ушинского» (1948ж.), «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы» (1954 ж.), «Коммунистік мораль туралы» (1957 ж.), «Философские, психологические и педагогические взгляды Абай Құнанбаева» (1957 ж.). Қазақстандағы мектеп, оқу жүйесінің

калыптасуы туралы монографиялық зерттеулерін бұл жерде келтірмегеннің өзінде басқа ғылыми-зерттеулері өзінің практикалық құндылығымен маңызды еді.

Т.Тәжібаев еңбектерінің біразы халқымыздың ғұлама перзенттері Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың психологиялық педогогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған. Ол әсіресе Абайдың психологиялық көзқарастарын көп жылдар бойына сарыла зерттеген еді. Бұл жөнінде біраз еңбектер жазды. Осылардың ішіндегі қомақтысы 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан академик Сақтаған Бәйішевтің алғы сөзімен шыққан «ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты монография. Бұл ғылыми еңбегінде Тәжібаев Абайдың саяси әлеуметтік, философиялық көзқарасына жан-жақты талдау жасай келіп, оның психологиялық ойларымен пайымдауларына кең тоқталды. Ғалымның тұжырымдауынша Абай тек ақын емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, психолог, психологиялық білімдер жүйесін, туған халқына насихаттаумен айналысқан кемеңгер ойшыл. Байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағынан сусындай отырып, Абай ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады. Сөйтіп Абай – қазақтың тек әдеби тілінің ғана емес сонымен қатар ұлттық философиялық, психологиялық білімдер саласына қатысы бар ұғым түсініктерді жүйеге келтіріп, бұлардың ғылыми жағынан саралануы жолында алғаш тер төккен адам.

Абайдың психологиялық көзқарастары жөнінде жүргізген Төлеген зерттеулерінің басты арқауы да осы. Абай творчествосын психологиялық тұрғыдан зерттеудің соңғы деректері бұл тұжырымдарды одан сайын растай түсуде. Біздің зерттеулерімізде, ұлы ағартушының өз шығармаларында негізгі психологиялық атауларды мейлінше мол пайдаланғандығын дәлелдей түсті. Мәселен, ғұлама ақынның творчествосында «құмар» ұғымы 41- рет, «ойлау» - 129 рет, «ұят» - 39 рет, «қайғы» - 16 рет, «қайрат» - 30 рет, «арман» - 15 рет, «көңіл» - 28 рет, «ақыл» - 202 рет, «жан» - 220 рет, «ес» - 30 рет, «ұмыту» - 20 рет кездесетіндігі осы айтылғанға жақсы дәлел. Абай еңбектерінде осы ұғымдардың көпшілігі өздерінің ғылыми мәні жағынан қазіргі психология ғылымында қолданылып жүрген атаулардан оншама алшақ кетпейді. Т.Тәжібаевтың Абайдың психологиялық мұралары жөніндегі болжамдар мен пікірлерінің тиянақты да дәйекті екендігін дәлелдеп отыр. Кезінде Одақтық көлемде жақсы баға алды. Бұл жөнінде еліміздің көрнекті психологтарының бірі М.В.Соколов, «Қазақтың әдеби тілінің негізін қалаған Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарастарын зерттеу басталды, мұны алғаш қолға алушылардың бірі Тәжібаев болды», - деп жазады.

Т.Тәжібаевтың Қазақстандағы педагогтік-психологияның, ой-пікірдің даму тарихын зерттеуі - аса маңызды проблемалардың бірі еді. Бұл әсіресе, қазақ халқының ұлы ағартушы-демократ қайраткерлерінің педагогикалық, психологиялық ой-пікірлерін зерттеу жұмыстарында айқын байқалады. Бұған мынадай еңбектері, ғылыми мақалалары мен баяндамалары мысал бола алады: Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарасы // Халық мұғалімі, 1952. – №3-4; Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасы // Халық мұғалімі, 1953. – №7, т.б. шығармалары. Т.Тәжібаев ұлы Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеп, терең талдау жасады. Абай қазақ халқынан шыққан тұңғыш философ, психолог. Психологиялық ілімдерді туған халқына насихаттаушы кемеңгер ойшыл. Абай байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағына сүйене отырып, психологиялық ұғымдардың негізін салған, сөйтіп қазақтың тек әдеби тілінің ғана емес, сондай-ақ философиялық, психологиялық білімдері саласына қатысы бар ұғымдардың да алғышқы іргетасын қалаған адам. «Тәжібаевтың Абайдың психологиялық көзқарастары жөніндегі жүргізген зерттеулерінің басты арқауы, міне, осылар» деп жазды профессор Қ.Жарықбаев.

Т.Тәжібаев Абай шығармаларындағы ұлы ойшылдың сол қатыгез феодалдық қоғамдық құрылыстағы елдің қараңғылық, тар қапастағы жағдайында елінің болашағы үшін қам жеген ой-пікірлерін талдап көрсетті. «Қазақ және орыс халықтары арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайта түсу, прогрестік орыс мәдениетін меңгерту, қазақ жастарын орыс тіліне үйрету, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі педагогикалық ой-пікірді талдап, кеңінен насихаттайды», - деп жазды профессор Қ.Бержанов ғалым Т.Тәжібаев зерттеулерінің маңызын көрсете келіп.

Мысалы, Т.Тәжібаев «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деген ғылыми- зерттеу шығармасында былай деп жазды: «Абай арнаулы психологиялық еңбектер жазған жоқ, бірақ біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және аса бағалы пікірлер табамыз. Өзінің психологиялық пікірлері мен ұғымдарын көбінесе поэтикалық

шығармаларында, сол сияқты өсиет-өнеге үлгі сөздерінде («Ғақлияларында») айқын көрсетіп отырды. Сөйтіп Абай көптеген шығармаларында психологиялық құбылыстарды толық айтып берген ең бірінші қазақ болып табылады».

Т.Тәжібаев Ұлы Абайдың шығармаларын зерттей келе, мынандай тұжырым жасайды: жақсы өлең мен ән адамдардың жан дүниесін құлақтап кіріп, баурап алуы керек, ерекше ләззатқа бөлеуге тиіс. Өлең халықты адамгершілікке тәрбиелеуде, адамдар арасындағы ескілік қалдықтарына қарсы күресте маңызды рөл атқаруы керек. Ол үшін халықтың аңсаған арманы мен үміт-тілегін жырлап қана қоймай, сонымен бірге оларды бақытты өмірге батыл жетелеуі де керек.

Қорыта айтқанда, Т.Тәжібаев ұлы Абайдың шығармаларында педагогикалық, психологиялық ой-пікірден құндылығын, маңыздылығын ұғындырады. Ғалым, Т.Тәжібаев мұғалімдердің балаларды оқытудағы психологияның маңызын жоғары бағаланады. Біздің міндетіміз – оқу-тәрбие жұмысында ұлы Абайдың шығармаларын кең пайдалану. Бұл үшін оқытушы оны толық түсінуі және оқушыларға шебер жеткізе білуі керек. Өкінішке орай, осы міндеттер өз дәрежесінде толық орындала бермейді.

Т.Тәжібаев зерттеулерінің бүгінгі оқу-тәрбие жұмысында маңызы зор, өз орнын жоғалтпайтын құнды ғылыми мұра.

Т.Тәжібаевтың Қазақстандағы педагогика, психология саласындағы еңбектері мен зерттеулері өте ауқымды әрі күрделі тақырыптарды қамтиды. Ғалымның кезінде кең көңіл бөлген тақырыбы балалар мен жастарды еңбекке баулу, еңбекке деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру мәселелері болды. Осы мәселеге арналған зерттеулерін ол баспасөз беттерінде жариялап, сол арқылы Қазақстан мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысына нақтылы әсерін тигізіп отырды.

Ғалымның айтқанындай, еңбек – қоғам өмірі мен адамның жан-жақты әрі жарасымды дамуының қажетті шарты, жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру жолы. Сондықтан ақыл-ой мен дене тәрбиесін дамыту үшін техникалық білім беруге ерекше міндет жүктеді.

Жас адамның кәсіптік және әлеуметтік қалыптасуында еңбектің шешуші рөлі материалдық өндіріс саласы мен еңбектің қоғамдық табиғатынан бастау алады. Еңбектің тәрбиелік сипатын көрсете отырып, еңбек әрекетті білу, араласу, бағалау қажетінде туғызады. Ол адамдар арасында алуан қырлы қарым-қатынасты дамытуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 [17-272-2](#)
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, [ISBN 5-7667-2949-9](#)
3. ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ҚАЙРАТКЕР атты мақала, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик.
4. Тәжібаев Т. Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы /Т.Тәжібаев. – Алматы, 1964. – 166 б.
5. Тәжібаев Т. Жалпы психология: оқу құралы /алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Қ.Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы /Т.Тәжібаев. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.
6. Тәжібаев Т. Коммунистік мораль туралы /Т.Тәжібаев. – Алматы: Қазмембаспасы, 1957. – 64 б
7. Тәжібаев Т. Жаңа адамның моралі /Т.Тәжібаев //Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі. – Алматы, 1962. – 8-31 б.
8. Тәжібаев Т. «Жүрегімнің бойына терең бойла» /Т.Тәжібаев //Абай тағылымы. – Алматы, 1961. – 113-148 б.

ЖАСТАРДЫҢ НЕКЕГЕ ДЕЙІНГІ ӨЗАРА СЫЙЛАСЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта отбасы қарым-қатынасына, жалпы отбасы мәселелеріне көп көңіл бөлініп жатыр. Бұған қарамастан қазіргі кездегі тәрбиелеу мен білім беру жүйелерінде некеге және отбасындағы ерлі-зайыптылардың міндеттерін орындауға арнайы дайындық жоқ. Жастардың некеге дейінгі өзара-қатынасы жастардың отбасы өміріне бейімделуінің ерлі-зайыптылардың жұбайынан деген күтулері ойынан шықпай, некемен қанағатсызданулар туындап, арадағы қарым-қатынас байланысына нұқсан келеді. Болашақта отбасының бақытты және сәтті болуы жастардың олардың некеге дейінгі қатынасының беріктігіне, үйлесімділігіне, көрген тәрбиелеріне, олардың бір-бірлерін табиғи күйінде қабылдап, туындаған мәселені бірлесе отырып шешуіне, қолдау көрсетіп түсінуіне байланысты.

Неке және отбасы қарым-қатынасы – бұл тарихи даму процесі. Ерлі -зайыптылар қатынасының психологиялық жағы адам түсінуді, бағалауды, эмоционалды бастан кешіруді қоршаған ортаның құбылысы ретінде ұғынудан, сонымен қатар, өзінің жеке қажеттіліктерінің салдарынан туындайды. Некенің психологиялық қарым-қатынасының объектісі: формамен, ал субъектісі-мәнімен сипатталады. Сонымен, отбасы сферасы диалектикалық объект және субъект қатынас негізінде болады. Некенің формасы әртүрлі, көрінісі-өзгермелі.

Бұрынғы ойшылдар отбасының табиғатын, мәнін анықтауда түрлі көзқарастарды ұстанды. Неке – отбасы қарым – қатынастарының сипатын анықтауға алғаш тырысқандардың бірі – ежелгі грек философы Платон. Оның пікірінше, отбасы дегеніміз - өзгермейтін бастапқы қоғамдық ұяшық: отбасылардың бірігуі нәтижесінде мемлекет пайда болған.

Бірін-бірі сүйген екі жастың болашақта бірлесіп өмір сүруге талпынуы шынайы махаббаттың моральдық көрсеткіші. Некелесу үшін тек іңкәрлік, құштарлық сезім жеткіліксіз. Некелесу - ең алдымен оның құқықтық негіздерін түсіну, отау құруға деген психологиялық ниеттің болуы, отбасында тіршілікке қажетті икем мен дағдыларды игеру, өмірге ұрпақ келтіріп және оны бағып тәрбиелеу. Бірақ көптеген әлеуметтік және психологиялық зерттеулер оның осылай емес екендігіне сендіреді, сондықтан ұл бала мен қыздың неке қиюға және отбасын құруға дайындықтың психологиялық мақсаты болуы керек. А.Н. Сизанов тұжырымы бойынша, отбасылық өмірге дайындыққа психологиялық дайындықты қосады [1].

Әлеуметтік дайындық – отбасылық өмірге азаматтық кемелденуі (жасы, орта білімі, мамандығы, өнегелі сана деңгейі), денсаулығы және экономикалық жекелікті ұсынады.

Неке құрудағы психологиялық дайындық, алдымен өз-өзіңмен ой толғаныстарында болғанда айқындалады, кейіннен өз үйінді құру керек пе немесе әлі ерте ме деген ойлар толғандырады.

Н.В. Маляров бойынша жас отбасының тұрақтылығын айқындайтын факторлардың жастардың некеге дайындығын көрсетеді. Бұл өмірдегі ерлі-зайыпты құндылықтардың эмоционалды-психологиялық қатынасын анықтайтын, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық нұсқауларының жүйесі болып табылады [2].

Некеге дайындық - бірнеше аспектілердің толық кешенін қосатын интегралды категория:

1) Белгілі бір өнегелі кешеннің қалыптасуы – тұлғаның некелік серігіне, болашақ баласына қатысты міндеттің жаңа жүйесін қабылдауға дайындығы. Біздің көзқарсымыз

бойынша, бұл аспектілердің қалыптасуы ерлі-зайыптылардың арасындағы рөлдің бөлісуіне байланысты.

2) Өзаратұлғалық және ынтымақтастық қарым-қатынасқа дайындық. Бұл жерде отбасы кішігірім топ болып табылады, оның қалыпты жұмыс істеуі үшін, ерлі-зайыптылар келісімділігі талап етіледі.

3) Серігіне деген қатынаста қайсарлыққа қабілеттілігі. Мұндай сезімге жақсы көретін адамның қырлары мен қасиеттеріне негізделген сәйкес іс-әрекетке қабілеттілікті жатқызуға болады.

4) Адамның ішкі әлемінде туындайтын қасиеттің эмпатиялық кешеннің бар болуы. Бұл аспектінің маңыздылығы неке адамдардың талғамы бойынша психологиялық мәселе болып табылады. Сондықтан некенің психотерапиялық функцияларының рөлі өседі, сәтті жүзеге асулардың арқасында секрігінің эмоциянолды дүниесінің ортақтасуы, бірге сезіну қабілеттілігі дамиды.

Тұлғаның мінез-құлқы мен сезімінің жоғарғы эстетикалық мәдениеті қалыптасады. Шиеленістерді конструкциялық әдіспен шешу қабілеті, өзінің жеке психикасы мен мінез-құлқын реттеу қабілеті.

Жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындау мәселесінің қалыптасуы бірнеше аспектілерден, яғни қазіргі қоғамда некеде және отбасында жастардың рөлін дұрыс түсінуде, оларда неке киюға бейімділік және нұсқалардың қалыптасуының ерекшеліктерімен байланысты.

Отбасында жағымды ахуал мен тән құмарлығына негізделген, алдымен ақылға жеңілдірілген адамгершілік пен имандылық, жан дүниесіндегі көзқарстар мен мақсат мүдде бірлестігін, әрқайсының отбасындағы орны мен борышына орай, береке бірліктен туындауы мүмкін [3].

Әлеуметтік–психологиялық деңгей ерлі-зайыптылардың өзара әрекетінің рөлдері іске асу процессіндегі қатынасын сипаттайды. К. Крикпатрик рөдердің үш негізгі түрін: дәстүрлі рөл (әйел міндеті ана болу, ер адамның міндеті әке болу), достық рөл (компаньондар рөлі), партнерлар рөлін бөлді. Ерлі-зайыптылардың қатынастарының психологиялық деңгейі таңдаулы байланыс негізінде ерлі-зайыптылардың тұлғалық формальды емес қарым-қатынасын бейнелейді. Ол өзіндік тұлғалық ашылуға көмектеседі, индивидуалдылықты қолдайды және дамуға стимул жасайды

Көптеген психологтар, социологтар, педагогтар зерттеулері бойынша, тұрақты жанұя жастардың отбасылық өмірге дайындығына байланысты қалыптасады. А.Н.Сизанов бойынша:"отбасылық өмірге дайындық" түсінігі әлеуметтік - өнегелі, мотивациялық, психологиялық және педагогикалық түсініктерін қамтиды. Отбасылық өмірге әлеуметтік - өнегелі дайындық дегеніміз – адамның азаматтық кемелденуі (жас, білімі, кәсібі өнегелі сана деңгейі, экономикалық тәуелсіздігі, денсаулығы).

Әлеуметтік зерттеулер бойынша, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаспен деңгейіне некеге ерте тіркелу факторы маңызды әсер етеді. 18 жаста жанұя құруға болады, бірақ медициналық тұрғыдан қарастырғанда некеге тіркелудің ең қолайлы жас көрсеткіштері 20 – 22 жас қыздарға, 23 – 28 жас жігіттерде (ер адамның ағзасы әйелдердікінен кейін жетілетін фактор ескеріледі). Жанұя құруға психологиялық дайындық бұл – жеке адамның басқа адамдармен қарым-қатынасты тез орната білу, жанұялық өмірге және қоршаған ортаға бірдей немесе ұқсас көзқарас, жанұяда сау рухани – психологиялық климат орната білу қабілеті, мінез-құлықтың және сезімдердің тұрақтылығы, дамыған ерік қасиеттері. Болашақ ерлі-зайыптылар өскен жанұялардың атмосферасы, құрылуудағы жанұяның дамуына елеулі әсерін тигізеді, ол не сәтті не көптеген қиыншылықтармен кездесіп мүлде күйзеліске ұшырауы мүмкін.

А.Г.Харчев некенің ерлі-зайыпты жағы адамның сыртқы орта құбылыстары мен өзінің қажеттіліктерін түсіну, бағалау және эмоционалды бастан кешіру қабілетінің нәтижесі деп түсінген. Ол ерлі-зайыптылардың бір біріне қатысты ойлары мен сезімдері, сонымен қатар әрекеттерінде осы ойлары мен сезімдерінің объективті көрінуі. Ерлі-зайыптыларға күнделікті

өмірде жанұяның іс-әрекетіне байланысты көптеген кішкентай және үлкен істерді жасау керек. Ол істердің сәттілігі көп жағдайда ерлі-зайыптылардың қызығушылықтарын ескеріп, компромиске баруына байланысты болады.

А.Н. Волкова мен Е.И. Трапезникова жас жанұяда балалы болудан бұрын өзінің жанұялық ахуалын өңдеу қиындықтар, бір-бірін толық тану кезінде толық қанағаттанбауы, функцияларын бөлудегі шиеленістер, туыскандарымен өзара қатынаста шиеленістер, материалды және экономикалық шиеленістер болуымен мінезделеді [4]. Жас жанұя құрғанда, әрине материалды және тұрғын үй мәселелерін қарастырады. Бірақ көптеген зерттеулер бойынша, материалды ауқаттылық және тұрғын үймен қамтамасыз болу факторлары жанұя тұрақтылығына елеулі әсерін тигізбейді.

Ерлі-зайыптылар қатынасының төрт деңгейін бөледі: психо-физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік психологиялық, әлеуметтік – мәдени. Психофизиологиялық деңгейге ерлі-зайыптылар қатынасының интимді сферасы жатады. Интимді қатынас адам үшін жағымды эмоциялардың, қанағаттанудың және махаббаттағы бақыттың көзі. Интимді қатынастың негізгі компоненті ерлі-зайыптылардың сексуалды гармониясына көмектесетін бұл ерлі-зайыптылардың қатынасы мен өзара әрекетінің психологиялық аспектілері. Интимді қатынастың гармониясын сақтау қабілеттілігі ерлі-зайыптылардың психологиялық және этикалық мәдениетіне байланысты.

Неке міндетті түрде екі адамның психологиялық қатысы ретінде өнегелікті, сонымен қатар, жыныстық махаббаттың индивидуалды тандалуымен байланысты. Тек осындай махаббатта ғана некені өнегелі етеді, ал әлеуметтік жағынан отбасының репродуктивті функциясы қабілетті болып табылады.

В. Ковалевтің айтуынша некеге тұру мотивациясы ең дегенде бес типтен тұрады: махаббат, рухани жақындық, материалды есеп, психологиялық сәйкестік, моралдық түсініктер. Неке мотивациясының некемен қанағаттануға әсерін зерттеу алғашқы екі мотивтің маңыздылығын көрсетеді. Махаббат пен көзқарастар ортақтастығы бойынша некеге тұрған адамдардың арасында қанағаттанғандар максималды санға жетеді, ал қанағаттанбағандар – минималды. Осы екі мотивтің бірлігі өте маңызды [5].

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, көптеген жағдайларда махаббат отбасының сақталуына кедергі келтіретін фактор болып табылады.

Біріншіден, С.В. Ковалевтің айтуынша, махаббаттың шыдамсыздығында біз жар емес, сүйіктімізді іздейміз, міне сол сәтте біз өмірді тек ғажап сезіммен ғана емес, оның алып жүрушісі – айрықша психикалық әлемі бар, өзіндік «Мен» бейнесі бар, темперамент, мінез және тұлғалық ерекшеліктері бар нақты адаммен бірге сүреміз. Сол себепті екі «Меннің» қосылуы әрқашан бір «Біз»-дің пайда болуына алып келе бермейді.

Жастардың некеге дейінгі өзара-қатынасы - бұл ең біріншіден, олардың тұлғалық мінез-құлық реакцияларының, өзара талап, күту, ортақ мақсатпен сәйкес келуіне біршама деңгейде тәуелді болады.

Сондықтан да, жастардың некеге дейінгі өзара-қатынасын міндетті түрде адамның некедегі және жанұялық өмірге икемделуі ретінде бөліп қарастыру қажет.

Жастардың некеге дейінгі өзара-қатынасы - бұл олардың ортақ икемделуінің кезектестік процесі. Ол, ең біріншіден жағымды жақындастықтан және жағымды сезімдерге (ұнату, жақсы көру, достық, махаббат) негізделеді. Дегенмен де, ұнату мен жақсы көру сезімі жастардың өзара-қатынасының сәтті өтуіне кепіл бермейді.

Жастардың өзара-қатынасынан, жас некенің қалыптатылығы анықталады.

- некелік рөлдерге, жаңа міндеттер мен құқықтарға, ортақ келісілген іс-әрекетке, некелік одақтағы еңбекті бөлісуге деген қатынас;

- темпераментке, мінезге, серігінің барлық психологиялық әлеміне деген қатынас;

- қажеттіліктерге, қызығушылықтарға, серіктің өмірлік мәнін және мақсатын түсіну;

Жастардың ортақ өмірлерінің басталуы және өмірлік іс-әрекеттері қиын да, қарама-қайшы процесс болып табылады. Жастар бұл кезеңде өте көп қиындықтармен кездеседі. Бұл ортақ бейімделудің қиын кезеңі. Ортақ өзара-қатынас ережелерінің, мінез - құлық

ережелерінің, рөлдік позициясы және отбасылық құндылықтары келісетін кезең. Пайда болған қиындықтарды шешуге маңызды шарт болып, осы олардың өмірлеріндегі маңызды және қиын кезеңнен тез және жеңіл өту жолы болып, олардың бір-бірін түсіне алу қабілеттері және тілектері табылады. Бұл өз кезегінде өзара-қатынастың сәтті және қалыпты өтуіне алып келеді. Некеге тұрғанға дейінадамда, оның өмір барысында қалыптасып қалған МЕН бейнесі ғана болады, ал неке құрғаннан кейін ол БІЗ бейнесіне айналады.

Некеге дейінгі өзара-қатынасты, жастардың бір-біріне біртіндеп бейімділу процесі ретінде қарастырады. Оның нәтижесі болып тұрақты отбасының қалыптасуы, тұрмыстық және психологиялық рөлдердің айқындалуы, бір-бірімен қарым-қатынас стилін өңдеу, шиеленістердің шешілу жолын табу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шнейдер Л.Б. Семейная психология: Учеб. посб. для вузов. - М., Екатеринбург: Деловая книга, 2006. – 251с.
2. Андреева Т.В. Семейная психология: Учебное пособие. – СПб.: Речь, 2005. – 244 с.
3. Роджерс К. Психология супружеских отношений. Возможные альтернативы / Пер. с англ. В. Гаврилова. - М.: Изд-во Эксмо, 2002. — 288 с
4. Кабакова М.П. Психология семьи и брака. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 211 с.

**Момбек Т.Қ. Психология, 4 курс студенті
Ғылыми жетекші, психол. ғ. к.,
доцент Н.С. Жұбаназарова**

СПОРТТЫҢ ӘРТҮРЛІ БАҒЫТЫНДАҒЫ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Спорт қоғам өмірінің негізгі аумақтарына кең әсер ете отырып, маңызды әлеуметтік феномен ретінде әлеуметтің барлық деңгейлерін қамтиды. Спорт іс-әрекеті барысында спортшы тұлғасы тәрбиеленеді және әлеуметтенеді. Қазіргі таңдағы спорттық рекордтар мен жетістіктердің объективті көрсеткіштері адам денесінің табиғи мүмкіндіктері шегіне жеткендіктен, психологиялық дайындық спорт іс-әрекетінің барлық сатыларының маңызды құраушысы болып табылады. Жоғары деңгейдегі техникалық, тактикалық, физикалық дайындық бәсекелестік үшін жеткіліксіз болып отыр. Басқа сөзбен айтқанда, жаттықтырушылар мен спортшылар қарсыластарын жеңу үшін жаңа күштерін дәл осы психологияда табады. Сондықтан да спортшының жеке дара-психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, психологиялық дайындықты дұрыс ұйымдастыруға болады.

Көптеген спортшылардың айтуынша, спорт олардың тұлға болып қалыптасуына үлкен пайдасын тигізді. Спортпен айналысуға деген талпыныс әр адамның құндылықтар жүйесіне, мотивациясына және ерік-жігеріне байланысты болады. Мысалы, спортпен шұғылдану мотивтерінің ең кең тараған түрлері мыналар:

1. Фигураны және сыртқы келбеті әдемі формада ұстау- 40,3%;
2. Денсаулық үшін- 37,8%;
3. Спортпен айналысқаннан жағымды сезімдерді бастан кешіру- 24,1%

«Спорт іс-әрекеті» ұғымына өзара тығыз байланысты үш компонент кіреді: спорттық жаттығу, спорттық жарыстар және спортшының өмірі, жаттығулар режимі. Жарыс іс-әрекетінің сәттілігі спортшы өз қимылдарын сапалы және сенімді басқара алуына тәуелді болады [1]. Қимылдық әрекетті реттеудің тиімділігі мен сенімділігі көп жағдайда спортшының актуалды күйі ерекшелігіне тәуелді болады. Спорт іс-әрекеті күшті және терең

эмоциялық бастан кешірулермен ерекшеленеді. Спорттық әрекеттің күшті сезіммен, эмоциялық қызығушылықпен толуы – спорттың адам тұлғасына жағымды әсерінің бірі болып табылады.

Спорт іс-әрекетіне эмоцияның мынадай ерекшеліктері тән:

1. Терең және қатты эмоциялық бастан кешірулер, олар спортшы іс-әрекетіне үлкен әсерін тигізеді; бір уақытта олар спортшыдан өз эмоцияларын ұстай алуға және астеникалық сипаттағы эмоцияларға қарсы тұра алуын талап етеді.

1. Эмоциялық бастан кешірулердің әр түрлілігі; қарапайым бұлшықеттік әрекетпен байланысты қарапайым физикалық сезімдерден бастап, спорттық ұжымды біртұтастыққа біріктіретін қызығушылықтардың ортақтығы негізінде жатқан терең рухани сезімдер.

2. Спорт жарыстары кезіндегі эмоциялық күйлердің динамикалылығы, яғни бір сезімдерден қарама-қарсы екінші сезімдерге тез ауысуы.

Жарыс, әсіресе үлкен спорттағы жарыс көбінесе эмоциялық стресс деңгейіне жететін экстремалды жағдайларда жүргізіледі. Эмоциялық стрестің факторлары болып мыналар табылуы мүмкін: жағдайдың жаңашылдығы, күтпеген әсерлер, орындалатын міндеттердің күрделілігі, жеткіліксіз дайындық пен оның салдарынан туатын сенімсіздік, жеткіліксіз ақпарат, қарқынды мотивация және т.б.

Стрестің эмоциялық факторларына қарсы тұра алуға дайындық келесі шарттармен байланысты: типологиялық ерекшеліктер, жалпы функционалды күй, эмоциялық-еріктік сфераның жекедара ерекшеліктері, сонымен қатар, мүмкін болатын стресс – факторларына белгілі деңгейдегі бейімділік. Стреске қарсы тұра алу спортшының тұлғалық ерекшеліктерін, темпераменттің жеке дара ерекшеліктерін есепке ала отырып, қарастырылады.

Спорттық жетістердің негізі ретінде бұрын спортшының екі дайындық түрі саналған, олар-физикалық және техникалық. Кейін осы екі дайындық түріне үшінші-тактикалық дайындық қосылды. Бірақ осы күнгі спорт әлеміне тән спорттық рекордтардың өсуі осы үш дайындық түрлерінің жеткіліксіз екендігін көрсетті. Қазіргі таңдағы спорт жарыстары спортшылардан үлкен физикалық қана емес, сонымен қатар, психикалық энергияның жұмсалуды талап етеді.

Алғаш рет спортшының психологиялық дайындық мәселесін кеңес спорт психологиясында 1956 жылы А.А. Лалаянның «Спортшының жарысқа психологиялық дайындық мәселесі жайлы» баяндамасында көтерілді [2]. Бұл дайындық спортшының еріктік қасиеттерін жан-жақты дамытуға бағытталған комплексті педагогикалық процесс ретінде қарастырылды: «Спортшының жарысқа психологиялық дайындығы спортшының темпераменті мен мінез-құлқын, жасын, тәжірибесін, жарыс көлемін, маңыздылығын есепке ала отырып, құрылуы керек».

Психологиялық дайындық ретінде жарыстық экстремалды жағдайда спорт іс-әрекетін сенімді орындауға тәуелді болатын спортшының психикалық қасиеттері мен ерекшеліктер комплексі дамуының деңгейін түсіну керек.

Психологиялық дайындықтың мынадай компоненттері бар;

1. Қимылдық іс-әрекетті иемденуге мүмкіндік беретін психикалық функциялар.

2. Тұлға қасиеттері.

3. Тұрақты жағымды психикалық күй. Психикалық күйлердің интенсивтілігі спорт іс-әрекетіне үлкен әсерін тигізеді. Өз эмоциялық күйлерін қаншалықты өзіндік қадағалау болса, спорт іс-әрекетінің сәттілігі оған тәуелді болады.

Спорт мықты адамның бірінші болам деген терең талаптарының ең жақсы үлгісі болды. Сондықтан спорт өзінің негізі бойынша психологиялық болып табылады. Бірақ адам тек басқалармен ғана емес, өз-өзімен де жарысады, себебі «бүгін мен, кешегіден гөрі күштірекпін» дегенді көру үшін. Бірінші жағдайда адамда негізінен мінезінің жеңімпаздық жағы түзіледі және шындай түседі, екіншісінде – рекордтығы қалыптасады. Олардың қолайлы қоспасы спорттың асқақтауына әкеледі. Өзін жеңуі мен басқаларды жеңуі – бұл шынайы мақсатқа – қанағаттандырылған атаққұмарлық сезімін, өзінің біліктілігін, маңыздылығын бекітуге, уайымдауға апаратын бір қатардың бөлімдері. Спорттық өмірдің

өзі, қоршаған орта секілді, адамның психикасына, әсіресе оның қалыптасу кезеңінде әсер ететін күшті фактор болып табылады. Ал жоғары жетістікті спорт мүлтіксіз ерекше әлемді көрсетеді, онда кез келген тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу өзінің ерекше түрін табады.

Адамдардың дұрыс қарым-қатынас жасауы – адамдар үшін өте маңызды болып табылады. Спорттың әр түрлі бағытындағы спортшылардың кемелденіп, өз ортасында, мектеп қабырғасында толығымен дұрыс қарым-қатынасқа түсу арқылы өзінің орнын табады. Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – болашақтың білімді, жаңа заман талаптарын игеріп кете алатын жасөспірімдер болғаны айқын. Осы орайда спортшылардың арасында қарым-қатынастағы мазасызданулардың болуы жиі байқалады.

Қарым-қатынас – біріншіден, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсінетін, адамдар арасындағы байланысты орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі болса, екіншіден бірігіп әрекет етк қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық маңыздылық құрылымын едәуір өзгеруге бағытталған әрекеттесуі.

Мазасыздану – біздің уақытымыздағы өте кең таралған психологиялық феномен. Үрей – жағымсыз жағдайда көрінетін және белгісіз қауіпті жағдайларда туындайтын эмоциялық күй болып табылады[3]. Әр жас кезең үшін нақты қорқыныш негізіне қарамастан көптеген балалардың жоғарғы қобалжуын туындататын шынай объектілер, аймақтар болады.

А.Ц. Пуни психологиялық дайындықты іс-әрекеттің сипаттамасы ретінде емес, тұлғаның күйі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Пуни психологиялық дайындық күйін «спорттық форма» аспектісінде қарастырады. Бұл өз алдына оның психологиялық және биологиялық компоненттерінің біртұтастығын анықтайды [4].

Психологиялық дайындық дегеніміз- тұлға қабілеттерін белсендіру, жарысқа шығуға психикалық дайындық күйін қалыптастыру, қалпына келтіру процесі. Өз кезегінде психологиялық дайындық, іс-әрекет ерекшелігіне, яғни спорт түріне сәйкес, спортшы тұлғасының жалпы қасиеті болып табылады және ол интеллектінің, еріктің, эмоциялық сфераның сапалық қасиеттерімен тығыз байланысты.

Осыған байланысты, спорт психологиясында психологиялық дайындықты жалпы, арнайы психологиялық дайындық және қимыл әрекетін тікелей орындауға психологиялық дайындық түрлері бөлінеді.

Жалпы психологиялық дайындық спортшының жарысқа сәтті қатысуына қажетті қабілеттерін дамытуға, оның психикалық функциялары мен іскерліктерін жетілдіруге бағытталған.

Жарысқа арнайы психологиялық дайындық – спортшының жарысқа қатысу үшін тұтас дайындығын қалыптастыруда негізгі құрамы. Оның ерекшелігі-спортшыда оптималды дайындықты белгілі бір мерзімге қалыптастыруға бағытталған.

Әрекет орындауға тікелей дайындықты ұйымдастыруға әрекеттер мен қимылдардың психикалық реттеу құрлымы процесінің заңдылықтары негіз болып табылады. Бұл процесс негізгі үш кезеңнен тұрады:

1. Әрекетке дайындық; қимыл міндеттері анықталынады және алдын-ала жаттығу бағдарламасында қалыптасқан, оларды шешу процесі қалпына келтіреді;

2. Әрекетті орындау;

3. Әрекет нәтижелерін бағалау;

Спортшының психикалық тұрақтылығын тәрбиелеу экстремалды жағдайларда өзінің эмоциялық күйінің деңгейін, жұмыс қабілетін және қимылдық әрекеттердің тиімділігін сақтаудан және көтеруден тұрады. Психикалық дайындық спортшының нақты жарысқа психологиялық дайындығының жоғары деңгейі болып табылады, ол сенсорлы және сенсомоторлы қасиеттердің, идеомоториканың, тактикалық ойлаудың, естің және т.б спортшыға қажетті қасиеттердің дамуын талап етеді.

Спортшының психологиялық дайындығының мәні мынада:

3. Психикалық процесстердің жоғары дамуына қабілеттілік-ерекше қабылдау, ес, зейін, ойлау және т.б.
4. Аталған психикалық процесстердің оптималды түрде тұрақты көрініс табуына әсерін тигізетін спортшы тұлғасының психикалық қасиеттерін қалыптастыру;
5. Жаттығу және жарыс барысында оптималды психикалық күйлерді қалыптастыру;
6. Экстремалды іс-әрекет жағдайында өзінің психикалық күйлерін басқара алу қабілетін дамыту;
7. Келе жатқан жарыс туралы білімдерді қалыптастыруға көмектесу.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – болашақтың білімді, жаңа заман талаптарын игеріп кете алатын жасөспірімдер болғаны айқын. Осы орайда спортшылардың арасында қарым-қатынастағы мазасызданулардың болуы жиі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Родионов А.В. Психология физического воспитания и спорта: Учебник для вузов. – М.: Академический Проект, Фонд «Мир», 2004.
2. Попов А.Л. Спортивная психология: Уч. пос. для физкультурных вузов. – М.: Изд. «Флинта», 2008.
3. Методические указания к изучению курса психологии спорта /Сост. И.Ф. Андрущишин, К.Н. Раимханова, Д. Нуржумақызы. – Алматы, 2000.
4. Стресс и тревога в спорте: Сб. науч. статей. М.: Физкультура и спорт, 1983.

Нұрғалиқызы М. Психология, 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Сейітнұр Жарас

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Психологияда қазіргі кездегі негізгі ағымдарды, жаңа тұжырымдамаларды негіздей отырып, жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау үрдісін белсендендіріп, өнегелік қасиетін қалыптастыру білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі әлеуметтік-психологиялық жағдайлар, білім беру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі бағалауына психологтардың, педагогтардың және физиологтардың ерекше назар аударуларын қажет етеді.

Тұлғаның өнегелік – еріктік өрісін, адамгершілік санасын, түсініктерін, ұғымын, принциптерін, сенімдерін, қылығының адами негіздерін, басқаларға өзінің эмпатияларын, әлеуметке деген қатынасын көрсететін мінез-құлық сапалары мен әдеттерін дамытудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, балалық шақтың түрлі кезеңдеріндегі өзін-өзі бағалау үрдісін ұйымдастырудың шарттары мен ерекшелігінің жалпы заңдылықтарын қарастыру *жұмысымыздың өзектілігіне* дәлел.

Тұлғаның өзін-өзі бағалау мәселелері бойынша олардың даму сатысын қарастырған жұмыстарда тұлғаның әртүрлі даму жақтарының ерекшеліктері нақты қарастырылған (Б. Г. Ананьев, Л. И. Божович, А. И. Липкина, И. И. Чеснокова және басқалар). Қазіргі кезде өзін-өзі бағалауды зерттеуге өзін-өзі реттеудің тұлғалық және психикалық механизмдерін табуға бағытталған жұмыстар көптеп саналады (Л. И. Божович, И. С. Коң, О. А. Конопкин, Г. С. Прыгин). Тұлғаның рефлексивті өзін-өзі реттеу механизмдерін өзін-өзі бағалаумен қатысты арнайы зерттеген жұмыстарды баса айтуға болады (А. Е. Соловьева, П. Р. Чамата және т.б.). Өзін-өзі бағалауды адамның мінез-құлқын реттеуші тұлғалық феномен ретінде сипаттаған көптеген тәжірибелік жұмыстар бар (Д. В. Демина, З. В. Кузьмина, А. И. Липкина, М. И. Лисина, А. Е. Соловьева, В. Ф. Сафин, С. Ф. Спичак және басқалар).

Өзін-өзі бағалау тұлға өмірінде маңызды құрылымдылыққа ие қасиеттердің бірі болып табылады. Өзін-өзі бағалау психология ғылымында жеткілікті жан-жақты зерттелгені белгілі. Дегенмен, біздің зерттеулерімізде өзін-өзі бағалау мектеп психологымен байланыста қарастырылады. Зерттеудің негізгі мәселесіне тоқталу үшін ең алдымен өзін-өзі бағалаудың теориялық зерттеулеріне талдау жасаймыз.

Батыс Еуропа және американдық психологтар өзін-өзі бағалауды қоршаған ортада бағдарлануды қамтамасыз ететін және өзінің ішкі талаптарын сыртқы жағдайлармен үйлестіретін механизм ретінде қарастырады. Бұл жағдайда әлеуметтік орта адамға, оның қажеттіліктері мен ұмтылыстарына «жау» ретінде түсіндіріледі. Бұл көзқарасты ұстанушылар З. Фрейд [1] және нейофрейдистер К. Хорни, Э. Фромм [2; 3] болды. Аталмыш ғалымдар тұлғаның өзін-өзі бағалауы ішкі қозулар мен сыртқы тыйымдар арасында әрдайымғы шиеленістер туындатады деп есептеді. Адекватты өзін-өзі бағалаудың болуы мүмкін емес деген тұжырым жасады.

Тұлғаның өзі туралы түсініктері толы емес, яғни К. Хорни пікірінше өте күрделі және өткір шиеленістер тұлғаның өзін асыра немесе жеткілікті бағаламауынан туындайды деген пікір білдірді [2]. Тұлғаның өзі туралы идеалдағы «Мені» әрдайым көкейкесті және шынайы «Менмен» ұшырасады. К. Хорни пікірінше, «өзін идеяландыру» мен «өзін жүзеге асыру» арасындағы шиеленіс «ішкі қолайсыздықтың» қайнар көзі болып табылады.

Осы орайда, айта кететін жайт тұлғаның Мен жүйесі өзін-өзі бағалаудың қалыптасуда шешуші жағдайлардың бірі. Себебі, Мен жүйесі арқылы қоршаған ортамен өзара әрекеттесу жүзеге асады. Психологиялық әдебиеттерден Мен тұжырымдамасы үш жаста қалыптасады деген тұжырымды көруге болады. Бала Мен жүйесі арқылы қоршаған ортада өзін бөлектей бастайды. Өз мүдделері мен мүмкіндіктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін білдіреді. Мұндай жағдайлар баланың интеллекттік дамуына әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Тұлғаның өзін-өзі бағалауын түсіндіруші келесі бағыттардың бірі гуманистік психология болды. Бұл бағыттағы тұжырым бойынша өзін-өзі бағалау тұлғаның мәнін бейнелейді. Яғни, тұлғаның өзіне эмоциялық – құндылық қатынастарды білдіреді. Осы бағыт өкілі К. Роджерс пікірінше, «Мен» құрамдастарының арасындағы мән неғұрлым жақындасқан сайын, соғұрлым өзін-өзі бағалау жоғары болады [4]. Ол өзіндік сана мен өзін-өзі бағалауды тұлға құрлымында орталық буынға жатқызды. Автор көзқарасы бойынша өзін-өзі бағалау тұлғаның әлеуметтік ортада бағдарлануын және ішкі талаптар мен сыртқы жағдайлардың келісімділігін қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бағалауды түсіндіруде К. Левин [5] мотивтер, қызығушылықтар, талаптану деңгейі және олардың динамикалық арақатынасын қарастырды. Осы орайда, түрлі тапсырмаларды орындаудағы жетістіктер мен сәтсіздіктерге, талаптану деңгейіне, шағын топтардағы статусқа өзін-өзі бағалаудың тәуелділігі туралы фактілер анықтала бастады. Бірақ, бұл жұмыстарда талаптану деңгейі мен өзін-өзі бағалау толық түрде шешілмеді. Дегенмен, тұлғаның өзін-өзі бағалауын анықтайтын біршама маңызды қортындыларды ұсынды.

Сондай-ақ, кеңес психологтары өзін-өзі бағалаудың әлеуметтік детерминациясына мән береді. Белгілі ғалымдар Л. И. Божович [6], А. А. Бодалев [7] еңбектерінде тұлғаның өз қасиеттері мен құрылымдарын ұғыну және өзін-өзі бағалаудың белгілі бір деңгейі – өзін-өзі тәрбиелеудің алғы шарты, осы процестің маңызды факторы деп есептеді. Авторлардың пікірінше, өзін-өзі бағалау деңгейі мен тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуге тәуелділігі өзіндік реттелуде қарқындылықты қамтамасыз етеді.

Тұлғаның жастық позиция өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін детерминациялайды. Оның дамуы сыртқы ортамен өзара әрекеттесуде тұлға бағытын өзгертуге мүмкіндік береді. Мұнда өзін-өзі реттеу процесінің мәні мен өзін-өзі бағалау дамуы - өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші болып табылады.

Ғалым Л. И. Божович еңбектерінде өзіндік сананың әрбір компоненті әр қалай түсіндіріледі. Осы орайда, өзін-өзі бағалау бірде тұлғаның тірігі болса, енді бірде іс-әрекетті реттеуші ретінде қарастырылады [6].

Өзін-өзі бағалау тұлға өмірлік әрекеті процесінде қалыптаса отырып, оның дамуында маңызды қызмет атқарады және мінез-құлығы мен іс-әрекетін реттеуші ретінде алға шығады. Көптеген зерттеулерде өзін-өзі бағалауды психика дамуында белгілі қызметті орындаушы тұлға құрлымы ретінде қарастырды [8; 9].

Кейбір зерттеуде мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың өз әрекетін басқару ерекше «ішкі механизмді» иеленеді деп көрсетті (Д. Б. Эльконин [10]. Бала өз әрекетін өзіне және өз мүмкіндіктеріне қатысты реттей бастайды. Белгілі зерттеуші Е. И. Савонько [11] мінез-құлықты реттеуші ретіндегі өзіндік бағалау қызметі басқа да психикалық ерекшеліктермен қатар дамитындығын және әр жаста жаңа сапаларға ие болады деп көрсетті. Көптеген ғалымдар өзін-өзі бағалаудың бұл қызметінің дамуын оның тұрақтануымен байланыстырды (Л. И. Божович, Л. В. Благонадежина, П. Р. Чамата). Себебі, тұрақты өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіне қатынасының қалыптасуын туындата отырып, оның әрекет-қылығына маңызды әсерін тейгізеді деп есептейді. Әрине, бұл тұжырымнан біз өзін-өзі бағалаудың тұрақтылығы тұлғаның өзіне қатынасын ұғынуда басты шарттарының бірі болып табылатындығын байқаймыз.

Жалпы алғанда тұлғаның өзін-өзі бағалауы өзіндік сана бөлігі ретінде функционалланады. Өзін-өзі бағалау – өзіне қатынас, индивидтің сыни тұрғыда қаралатын өзіндік сананың арнайы функциясы. Өзін-өзі бағалау тұлғаның жайлылық немесе жайсыздық жағдайын детерминанттайтын өзіндік сананың тірек бөлшегі болып табылады. Яғни, өзін-өзі бағалау тұлғаның өзі туралы білімдерінің қайнар көзі.

Өзін-өзі бағалау тұлға психикасының жеткілікті деңгейдегі күрделі құрылымы. Ол күрделі кезеңдерде және тұлға қалыптасуының әртүрлі деңгейінде болатын өзіндік сана процесінің жалпыланған жұмысы негізінде туындайды. Сондықтан да, өзін-өзі бағалау әрдайым өзгереді және өзіндік кемелденеді. Өзін-өзі бағалауды анықтау процесі шексіз, себебі, тұлға әрдайым дамиды, мұнан оның өзі туралы пікірлері өзгереді.

Өзін-өзі бағалау табиғаты бойынша күрделі құрылым және ол жүйелі болып келеді. Ол тұтас, сонымен қатар, көп аспектілі, көпдеңгейлі және иерархиялық құрылымға ие. Өзін-өзі бағалау басқа да психологиялық құрылымдармен, іс-әрекеттің әртүрлімен, қарым-қатынас формалары және көптеген жүйе астары байланыстарға қосылған.

Өзін-өзі бағалау жүйелік құрылым бола отырып, құрылымдық – динамикалық модельге ие. Өзін-өзі бағалау танымның ерекше объектісі ретінде тұлғаның өзін-өзі бейнелеу формасын, құндылықтарды қабылдауын, жекелік мазмұндарды, мінез-құлықтың қоғамдық талаптарға бағдарлауын, сондай-ақ, сыртқы дүниені жанама тану, субъектінің онымен белсенді өзара әрекеттестігін білдіреді.

Өзін-өзі бағалау компоненті екі құрылымды білдіреді: 1) когнитивті және 2) эмоциялық. Когнитивті құрылым тұлғаның өзін танып білуі болса, эмоциялық құрылым – бұл өзіне деген қатынасы. Өзін-өзі бағалаудың уақыттық қатынасы оның түрлерін анықтайды.

Тұлғада адекватты өзін-өзі бағалау қалыптасуы үйлесімді даму үшін өте маңызды деп тұжырымдайтын зерттеулер де бар. Яғни, өз қабілеттерін, түрлі аумақта өз мақсатына жету деңгейін шынайы көру және бағалай алу ептілігі болып табылады [12; 13; 14].

Тұлғаның өзін-өзі бағалауы – бұл өзін шынайы және адамгершілікті тұрғыда бағалау қабілеті. Өзін-өзі бағалауы жоғары және адекватты деңгейдегі адамдар өз айналасында адалдық, жауапкершілік, жақсы көру және ортақтасу сияқты атмосферасын құрайды. Мұндай адамдар өздерін маңызды және керекті және өз өмірін жақсы болып тұрғандай сезіледі. Ол өзіне сенеді, ұйын жағдайда басқалардан көмек сұрауға дайын, бірақ, әрдайым өзбетінше шешім жасауға, ойластырған түрде әрекет жасауға, таңдау жасауға қабілетті екендігіне сенімді болып келеді. Ол өзінің маңыздылығын әрдайым сезінеді. Тұлға алдына күрделі міндеттерді қойғанда, қиындықтар туындап және оны шешу талап етілсе, өзін-өзі бағалауы төмендеуі мүмкін. Бірақ, бұл уақытша сезім, туындаған дағдарыстың табиғи нәтижесі ретінде қабылданады. Бұл дағдарыс қандай да бір жаңа мүмкіндіктердің бастамасы болуы мүмкін.

Тұлға дағдарыс кезінде өзін жақсы сезінбейді, бірақ, өзін-өзі бағалау жоғары адамдар жеңетінін біле отырып, өз құндылықтарын сақтап, қыйындықтардан қашпайды.

Өзін-өзі бағалау – бұл тұлғаның өзін-өзі, өз мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасында орын бағалау болып табылады. Тұлғаның мінез-құлығы өзін-өзі бағалау арқылы бағалау арқылы реттеледі, ал, өзін-өзі бағалау айналадағы адамдармен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Жаңа бағалауларға ие болу, алғашқылардың мағынасын өзгертуі мүмкін. Көптеген ғалымдар өзін-өзі бағалауды түсіну үшін үш сипатты ерекше бөліп көрсеткен (Липкина А. И. [12], П. Р. Чамата [15], Л. И. Рувинский [16]). Біріншіден, өзін-өзі бағалау қалыптасу үшін шынайы Мен-бейнесімен салыстырылуы ерекше рөлге ие. Екінші фактор, сол адамға әлеуметтік реакцияның интериоризациясымен байланысты. Үшінші фактор, тұлға өз іс-әрекетінің жетістігін және ұқсастыру көлеңкесі арқылы оның көріністерін бағалайды.

Қортындылай келе, өзін-өзі бағалау тұлғаның өмірлік әрекетінде даимтын, қалыптасатын, белгілі бір құрылымдарға, эсоциялық және когнитивті компоненттерге ие динамикалық жүйе болып табылады. Тұлға дамуында өзін-өзі бағалаудың және ортадағы орнын дұрыс бағалауы өзіне сыни қарауына, талап қоюына, жетістіктері мен сәтсіздіктерін түсінуіне өзіндік сананың дамуы мен қалыптасуына тәуелді екендігін атап өткен жөн. Сонымен қатар, теориялық талдауда байқағанымыз өзін-өзі бағалау дамуында әлеуметтену факторы маңызды орынға ие. Өз табиғаты бойынаш өзін-өзі бағалау әлеуметтік феномен болып табылады. Өзін-өзі бағалаудың құрлымына когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттер енеді. Когнитивті компонент – өзін білу, эмоциялық компонент – өзіне қатынасы, мінез-құлықтық компонент – бұл өзін білу мен өзіне қатынас негізінде өзін реттеу болып табылады. Бұл мәселелер біздің зерттеуіміздің эксперименттік бөліміне негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Фрейд З. Введение в психоанализ. – М., Наука, 1989. – С. 455.
- 2 Хорни К. Самонализ: пер. с англ. под. ред. А. Боковой. – М.: Эксмо-Пресс, 2001. – С. 448.
- 3 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности: пер. с нем. Э. Телятниковой. – М.: Аст, 2004. – С. 635.
- 4 Роджерс К. Несколько важных открытий // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 14, Психология. – М., 1990. - №2. – С. 58-65.
- 5 Левин К. Определение понятия «поле в данный момент» / Хрест. по истории психологии: Период открытого кризиса. Начало 10-х – середина 30-х годов XX в. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1980. – С. 131-145.
- 6 Божович Л. И. Этапы формирования личности в онтогенезе. – М., 1979. – С. 412.
- 7 Бодалев А. А. Формирование понятия о другом человеке как личности. – Л., 1970. – С. 135.
- 8 Лисина М. И. Общение со взрослыми и психологическая подготовка детей к школе. – Кишинев: Штиинца, 1974. – С. 135.
- 9 Серебрякова Е. А. Уверенность в себе и условия ее формирования у школьников // Вестн. ун-та. – Л., 1981. - №3 - С. 15-24.
- 10 Эльконин Д. Б. Психология игры. – М., «Педдагогика», 1978 – С. 304.
- 11 Савонько Е. И. Возрастные особенности соотношения ориентации на самооценку и на оценку другими людьми // В кн.: Изучение мотивации поведения детей и подростков. – М., 1978. – С. 81-111.
- 12 Липкина А. И. Самооценка школьника. – М.: Знание, 1976. – С. 64.
- 13 Столин В. В. Самосознание личности. – М.: МГУ, 1983. – С. 284.
- 14 Рувинский Л. И. Самовоспитание чувств, интеллекта и воли. – М.: Знание, 1983. – С. 159.
- 15 Чамата П. Р. Вопросы самосознания личности в советской психологии // В кн.: Психологическая наука в СССР. Т. 2. – М., 1958. – С. 91-109.
- 16 Рувинский Л. И. Самовоспитание личности. – М.: Педагогика, 1976. – С. 140.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұлғаның әлеуметтенуі үдерісі өз ішіне белсенді әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеуді, тұлғаның қоғам алдындағы борышын сезінуін, әлеуметтік қағидаларды сақтау керектігін түсінуін кіргізеді. Адамдағы заңға бағынатын жүріс- тұрыс әлеуметтенудің нәтижесі. Осы үдеріс барысында субъект адамгершілік және құқықтық шектеулерді, жүріс - тұрыстың әлеуметтік таптауырындарын бойына сіңіреді. Заңды сақтайтын жүріс - тұрыстың психологиясы тұлғаның және топтың ішкі құрылымы мен жеке құрамын зерттейді. Әлеуметтік қағидалар индивидке қоғамдық қатынастардың әсер етуінің негізгі кілті. Әрекет ету барысында, қарым-қатынасқа түскенде, қоғамдағы және топтағы қатынастарда құнды қағидалар жүйесі пайда болады. Ол адам ішкі өмірінің негізгі құрамы. Заңды құрметтеудің негізі азаматтық тәрбиелеуде. Тұлға заңды тек керек болғандықтан ғана заңға бағынатын азамат болуы мүмкін. Бірақ заңды құрметтеудің негізі адамның ішкі жан- дүниесі үшін қағидалардың құнды болуына байланысты қалыптасуы қажет. Тұлғаның қалыпты жағдайда әлеуметтенуіне байланысты, құқықтық шектеулер жүріс- тұрыстың қалыпты үдерісіне айналады, осыған орай бірте -бірте тұлға жүріс- тұрысының әлеуметтік таптауырыны қалыптасады. Бұл таптауырын негізінде, индивидуалды құқықтық сана жатыр [1].

Адамда әлеуметтік өзін-өзі реттеу механизмі қалыптасады. Сананың әрекетшіл мінезі сана мен әрекет бірлігі ұстанымынан туындаған. Адамның әрекеті оның санасының, психикалық үдерістерінің, қасиеттерінің қалыптасуын шарттандырады. Осыған орай сана осы әрекетті басқарады және адекватты орындалуын бақылайды. Сана және оның үдерістері, басқа да психикалық үдерістер сияқты, адам әрекетін реттеуші рөлін атқарады. Сана адамның сыртқы ортаға енуін жақсылайды. Сана адамның әрекетінің ішкі жоспарын, бағдарламасын қалыптастырады. Жоғары психикалық үдерістер сананың ұйымдасу спецификасына әсер етеді. Бұл жерді тілдің үшкі әрекет құралы ретіндегі рөлі ерекше. Көптеген зерттеушілер пікірі бойынша адамның саналауы, түсінуі тілмен тығыз байланысты. Тұлғаның өзін шыдамды объект ретінде сезінуі, ондағы ішкі тұрақтылық пен бүтіндік белгісі. Адамның топпен және ұжыммен тандап қатынасқа түсуі, психологиялық қорғаныс механизміне жатады. Адамның керекті әлеуметтік қағидаларды меңгеріп, оны тұлғаның ішкі реттеушілер жүйесіне қосуы топпен жұмыс жасағанда, нормативті жағдайда адамдармен қарым-қатынасқа түскенде эффективті көрінеді. Құқық- тек әлеуметтік қағидалар жиынтығы емес, ол практикалық қатынастардың жиынтығы. Құқықтық реттеушілік тұлға құқығы, жауапкершілігі мен қоғам қатынасында қалыптасады. Құқық пен жауапкершіліктер тұлға және қоғамның қажеттіліктерін өтеудің формасы ретінде рөл атқарады. Ол әлеуметтік өмірдің болуын қамтамасыз етеді. Құқық пен жауапкершілік – бұл адамдардың құқықтық қатынасының ажырас бөлігі. Адам өмір бойы жауапкершілікті сезіну арқылы өзінің құқыққа болған, құқықтық снасына болған қатынасын дұрыстай алады [2].

Құқықтық сана адамдардың, әлеуметтік топтың құқыққа және заңға болған қатынасын білдіретін ойлары мен көз қарастарының жиынтығы. Құқықтық сана дегенде біз тұлғаның, топтың, қоғамның жүріс- тұрысының барлық құқықтық тәжірибесін түсінеміз. Ең бірінші оған заңға бағынушы жүріс- тұрыстың психологиялық механизмі және индивидуалды құқықтық санамен заңға қайшы әрекеттің арасындағы тәуелділікті жатқызамыз. Құқықтық сана –бұл қоғамдық сананың бір түрі. Оның мазмұны қоғам өмірінің шарттарына байланысты. Ол қағидалармен реттелінетін қоғамдық қатынастарды көрсетеді. Қоғамның экономикалық және басқа да қажеттіліктері, санадан өтіп, заңдық түрткілерге айналады. Осыған байланысты қызығушылық пен қажеттілік арасындағы байланыс бір жақтан, ал екіншіден құқық құқықтық санамен байланысты болады.

Құқықтық сана қоғамдық сананың бірі ретінде төмендегі қасиеттерге ие:

- Тек әлеуметтік шындықты бейнелеп қана қоймай, оған белсенді әсер етеді, адамдардың қоғам заңдарындағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасын бейнелеудің жоғары көрсеткіші болып табылады;

- Әр қашан екінші сигналдық жүйе арқылы көрінеді; адамның әрекеті құқықтық сананың механизмі ролін атқарады және құқықтық білім мен түсініктің жүйесін бейнелейді;

- Нақты алып жүрушісіз өмір сүре алмайды- нақты адам тұлғасы, топ, ұжым. Әлеуметтік қатынастарға байланысты, топтық құқықтық сана қалыптасады.

Индивидуалды құқықтық сананың дамуының негізінде қоршаған әлеуметтік орта тұр. Оның дамуына көптеген жалпы әлеуметтік және кіші орта факторлары әсер етеді. Тұлғаның индивидуалды құқықтық санасының қалыптасу кезінде осы факторлар оның әрекетінде қалыптасады. Құқықтық сана тұлғаның әлеуметтік білімін кеңейтіп, әлеуметтік-экономикалық қатынасты түсінуге көмектеседі [3].

Сана және тұлға жүріс- тұрысының қағидаларынан ауытқу көптеген себептерге байланысты болады. Солардың ішінде маңыздысы, тұлға санасының қалыптасуына жағымсыз факторлар әсері.

Қылмыс істеген адамдарды зерттеу нәтижелері жоғарыдағы пікірді қолдайды. Осыған байланысты төмендегі заңдылықтарды айтуға болады:

- Қылмыс жасаған адамның құқықтық санасы, қоғамдық құқықтық сана аспектілеріне сай келмейді, құқықтық нормаға қарсы келеді;

- Қылмыскер өзі бұзған нақты құқықтық норманы немесе нормалар тобын жоққа шығарады,

- Қылмыскер өзі қылмысқа тартылған дұрыс және әділ құқықтық нормаларды қабылдайды. Бірақ жазаны әділ емес, қатал деп ойлайды.

Қылмыскерлерді қайтадан тәрбиелеуде олардың құқықтық санасын емес, дәл тұлға қабылдамай жатқан аспектілерімен жұмыс жасаған жөн. Құқықтық сана адам жасының құрылымы болып табылады. Себебі, ол индивидтің бүкіл өмірінде қалыптасады. Жаңа туылған балада құқықтық сана болмайды, ол тұлғада тек әлеуметтену барысында қалыптасады. Құқықтық сананың нормативті – бағалаушы жағында консервативті мүшеле болуы мүмкін. Осындай консервативті мүшелерге әлеуметтік әдеттер мен заңдық мінездегі дәстүрлер жатады.

Құқықтық норма эффективті болуы үшін төмендегі шарттарды орындау қажет:

- Тұлға құқықтық норма қорғайтын әлеуметтік құндылықтарды мойындауы қажет;

- Құқықтық норма қоғамдық құқықтық сананың өзгеруіне байланысты дамып, өзгеріп отыруы қажет;

- Құқықтық нормалары қоғамдық қажеттіліктердің дамуын, қоғамның материалды және рухани қызығушылықтарын бақылауы қажет;

Индивидуалды құқықтық санамен қоғамдық құқықтық сана арасындағы қарама-қайшылықтың объективті негізі бар. Бұл қарама-қайшылықтарды өндірістік күш құрылымында, өндірістік қатынастарды, басқару формаларында, ұжым арасындағы қарым-қатынаста және жеке адамдарда көрінеді және адамдардың мақсатқа жету жолындағы ойларының қарама-қайшы болуымен байланысты [4].

Қоғам мен тұлғаның қызығушылығы әр түрлі болып келеді. Бірақ олардың барлығы заңмен қорғалмайды және бұл қорғанысты қажет етпейді. Заңдық нормалармен түсініктердің ерекшелігі олар адамдар арасындағы қарым-қатынасты ашық көрсетеді. Жүріс- тұрыстың ережелерінің саны адамгершілік, моральдық және этикалық нормаларда көрсетілген. Оларды сақтау қоғамдық пікірмен қадағаланады. Заңға бағынушы жүріс- тұрыстың механизмі құқықтық интуициямен тығыз байланысқан. Азаматтардың көбі шешім қабылдағанда, жүріс-тұрыс түрін таңдағанда интуициясына сенеді. Құқықтық интуиция мұндай кезде, интеллектуалды дамыған тұлға құрылымы және адам жүріс тұрысының жағымды әлеуметтік таптауырыны ретінде қарастырылады. Адамдардың құқықтық санасы қоғамның құқықтық

шарттармен, құқықты қолдану практикасымен, адамдардың өмірінің шынайы шарттарымен, моральдық тәжірибемен, қоғам дәстүрлерімен, құқықтық мәні бар құбылыстарға қатынасты бағалау жүйесімен анықталады. Тұлғаның нормативті- құнды позициясы оның құқықтық шартын қалыптастырады.

Құқықтық сана **қоғамдық, топтық және индивидуалды** болып бөлінеді. **Қоғамдық құқықтық сана**- қоғамдық сананың бір бөлігі. Ол қоғамдық өмірдің құқықтық мәні бар құбылыстарын көрсетеді. Қоғамдық құқықтық сана құқықтық идеологиямен бірге жұмыс істейді. Ол құқықтық ойлар, көз қарастар, шарттардың жүйесі және ол құқықтық шығармашылықтың бағытын, құқықтық реттеудің механизмін анықтайды.

Қоғамдық құқықтық санаға қарағанда, **топтық құқықтық сана** кіші топтық қызығушылықтарға бағынады. Олар кейде қоғамдық қызығушылықтарға қарсы тұрады. Топтық сана асоциалды болуы да мүмкін.

Индивидуалды құқықтық сана сан алуан болып келеді. Ол кіші әлеуметтік топтардың құқықтық санасымен анықталады. Индивидуалды құқықтық сана дамудың әр түрлі дәрежелерімен ерекшеленеді.

Қарапайым дәрежеде индивидуалды құқықтық сана нақты құқықтық мәні бар әрекетте көрінеді. Құқықтық сананың жоғары дәрежелері қиын құқықтық жағдайларды, құқықтық институттарды, адамның қоғамдағы құқықтық беделін сезінгенде көрінеді.

Индивидуалды құқықтық сананың *жоғарғы дәрежесінде* құқықтық жүйеге көз қарастар жиынтығы арқылы көрінеді. Бұл құқықтық сананың концептуалды дәрежесі [5].

Адамдардың күнделікті жүріс-тұрысында өздерінің жүріс-тұрыс туралы ойларының нәтижесінде қалыптасқан жүріс –тұрыс модельдері үлкен мәнге ие. Индивидуалды құқықтық сана құқықтық мәні бар жүріс-тұрыс актілерінің түрткілерінде көрініс табады. Тұлғаның құқықпен келісуі заңға бағынатын жүріс-тұрыстың адам үшін құнды болғанын көрсетеді.

Құқықтық нормаларды адамның шынайы әрекетінде жүзеге асыру қиын әлеуметтік-психологиялық және индивидуалды –психологиялық үдеріс. Бірақ адам жүріс-тұрысын психологиялық емес үдерістер детерминациялайды. Сана адам жүріс-тұрысын реттейді. Бірақ ол өзі де адам өмірінің шарттарымен қалыптасады. Құқықтық сананы жалпы психикалық туынды ретінде қарастыруға болмайды. Адамның құқықтық санасы оның қоғамға деген қатынасының жалпы құндылық бағдарымен анықталады [6].

Құқықтық нормалармен реттелінетін жүріс-тұрысты құқықты қолданатын жүріс-тұрыс деп атаймыз. Оны үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1. **Құқықты орындаушы**-тұлға қажеттілігі, мақсаты және оған жету жолдары құқықтық нормаларға сәйкес келеді;

2. **Құқықты тыңдайтын**- мақсатқа жету жолдары мен амалдары қоғамдық нормаларға сәйкес келеді. Бұл көбіне тұлғаның конформдылығына байланысты.

3. **Заңды тыңдайтын**- тұлғаның қажеттілігі, қалаулары, қызығушылығы қоғамдық нормаларға сәйкес келмейді. Бірақ тұлға жазадан қорқып, оған бағынады.

Құқықтық қоғамдағы тұлғаның құқықтық санасы тұлға құқықтары туралы ойлармен, негізделген. Қоғам мүшелерінің құқықтық санасы олардың құқықтық мәдениетімен, заңды және жауапкершілікті білуімен анықталады. Көптеген құқықтық шешімдерді қабылдағанда заңгерлер зерттелінушінің психологиясын жақсы түсінуі қажет [7].

Қорыта айтсақ, әр адам туылғаннан бері әлеуметтенуден өтіп, бойына құқықтық сананың бөлшектерін сіңіреді. Ол құқықтық сананы түсіну үшін тұлға да жалпы сана туралы ой болуы қажет. Ол ойды қалыптастыруы үшін әр адам кем дегенде жалпы психологиядан хабары болуы қажет. Қазіргі заман талабына сай адамдардың көп бөлігі психологияны жақсы біледі. Осы арқылы олар сана деген не, қоғамдық сана қандай болады, құқықтық сананың адам өміріндегі маңызы қандай деген өзінен шыққан сурақтарға жауап береді. Жалпы алғанда құқықтық сана қоғамдық сананың бір бөлігі, ал қоғамдық құқықтық сана құқықтық сананың бір бөлшегі. Көріп тұрғанымыздай олар бір-бірімен тығыз байланысты. Тек құқықтық санасы жақсы дамыған адам ған қоғамға сай жалпы заңдарды, ережелердің түпкі

сырын түсініп оларды өз өмірінде қолданады. Олар тек заңды тыңдайтын немесе заңға бағынатын адам емес, құқықты орындайтын, оны тыңдайтын адам болып қалыптасады. Барлық жағдайларды тек өзіне жүктелеген міндет, жапуапкершілік үшін ғана емес, нақты өз қалаулары, қызығушылықтары, өмірлік ұстанымдары үшін жұмыс жасайды. Әр адамның құқықтық санасының қандай дәрежеде қалыптасуы өзіне, қоршаған орта әсеріне байланысты. Құқықты түсіну немесе оны түсінбей адамға байланысты. Кейде адамдар бар жауапкершілікті сезініп тұрса да конформдылыққа байланысты адамдар тобының, басқа ұжымның, жалпы қоғамның пікірлеріне еріп құқыққа қарсы шығады. Ондай болмау үшін әр адамда жалпы барлығына ортақ заңға деген көз қарасы дұрыс болуы қажет. Құқықтық сана адамның табиғатынан таныс нәрсе. Ол қайда барса да адамның артынан еріп жүреді. Құқықтық сананың қалыптасу барысында оған дұрыс шарттарды жарату қажет .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Васильев В.Л. Юридическая психология. – СПб., 2000.
2. Еникеев М. И. Юридическая психология: Учебник для вузов. М.: Норма, 1999, 2003.
3. Общая психология: Курс лекций / Сост. Е.И. Рогов. – М., 1995.
4. Шиханцов Г.Г. Юридическая психология. – Гродно, 1998.
5. Джонстон П. Психология наказания и исправления. Лондон, 1970.
6. Долгова А. И. Криминологические проблемы взаимодействия социальной среды и личности: Дис. ... д-ра юрид. наук. М., 1980.
7. Енгальчев В. Ф., Шипшин С. С. Судебно-психологическая экспертиза: Методическое руководство. Калуга; М., 1997.

*Сыздықова А. Е. Психология, 4 курс
Ғылыми жетекші: психол. ғ.д., профессор
Бердібаева С. Қ.*

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШТАРДЫ АЗАЙТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В статье всесторонне рассмотрено проблема страха. А также, анализированы работы советских и зарубежных ученых.

In the article the problem of fear was reviewed comprehensively. Furthermore, Soviet and foreign scholars' studies had been analyzed.

Қорқынышты бастан өткізу адам өміріндегі негізгі аспектілер, ішкі жан дүниесіндегі күрделі психологиялық ауытқулары болып табылады. Мәселенің өзектілігі тек қана теориялық білімге ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік қызығушылығына негізделген. Қазіргі уақытта елімізде адамдардың іс әрекеті сауатты психологиялық әдістерді қажет ететін терең білімді, әсіресе маңызды мәселе болып табылады. Осы әсерлердің әрбір түрінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қарым- қатынаста толыққанды іске асырғанда ғана нәтижелі нақты міндеттері туындайды.

Психология ғылымында мәселені ашу ерекше орынға ие, себебі психологиялық құбылысты зерттеудегі негізі сұрақтар осыда шоғырланған.

Психология ғылымында ықпал ету мәселесі ерекше орынға ие, өйткені психологиялық өзгерістерді басқарудың түбегейлі сұрақтары осыған құрылған. Адамның әлеуметтік дамуында және тәрбиесінде оның эмоциясы бірінші орынды алады.

Эмоцияны және психологиялық ықпал етуді зерттеудің өзектілігінің мақсаты психопатиялық көптеген ауруларды және сол сияқты басқалай жағдайларды ескертуі болып табылады. Қорқынышты жеңудегі психологиялық ықпал бүгінгі күннің қоғамдық тәжірибесінде басты сұранысқа ие.

Қорқыныш мәселесі бойынша көптеген шетелдік және кеңес дәуірінің психологтары айналысты, өздерінің анықтамасын білдірді.

Мысалы, ассоционист Д.Локк қорқынышты өмірлік тәжірибенің нәтижесі деп санады. Американдық психолог, педология ғылымының негізін қалаушы, эксперименттік педагогиканың жақтаушысы Стенли Холл баланың психикалық дамуы биогенетикалық заңға сүйенеді деп ашып айтады. Ол бала бойындағы қорқыныш сезімі биогенетикалық заңға сәйкес, өз руының даралануындағы жеке өміріне уайымдауынан туады деп түсіндіреді. « Қазір қараңғылық және белгісіздік аз да болса үрейлендіреді, бұрын ол аландаушылық тудырмайтын.» (1) С.Холл мынадай нәтиже шығарады: қорқыныш- қауіп- қатерден қорғанудың сезім құбылысы. Оның ойыншабаланы тәрбиелеуде қорқынышты жою емес, сол қорқыныштың алдын алу жолдары болу керек. Қорқыныштың басқа қырынан тоқталған шетелдік анықтамалар да бар, бірақ біздің жұмыс үшін өзекті Кеңес Одағының психологтары берген анықтамалар.

Танымал физиология маманы И.П.Павловтың ойы бойынша, қорқыныш кезінде табиғи рефлекстің шығуы бәсеңдеп, ойлану қабілеті тоқтап қалады. Қорқыныш- өзін- өзі сақтау түйсігіне байланысты, жоғарғы жүйке жүйесінің өзгеруі тіпті жүректің қағуына, демалуға, асқазан сөлінің бөлінуіне, қысымға әсер етеді. (2,3)

Көргеніміздей, И.П.Павловтың берген анықтамасында қорқыныштан физиологиялық өзгерістердің, бірақ сонымен қатар психологиялық өзгерістердің барын, одан әрі сөз болатынын байқаймыз.

Психологиялық сөздікте төмендегідей анықтамалар көрсетіледі: қорқыныш- бұл эмоция, жеке тұлғаның биологиялық және әлеуметтік дамуындағы қауіп.(4)

А.И. Захаров ынтаға қауіп төндіруші қорқыныш эмоциясы деп көрсетеді. Екі қауіп бар, мінезінде бір мезгілде әмбебап және пешенеге жазылған қауіп. Бұл дегеніміз өмірдің ең жоғары құндылықтарын жою, яғни өмірге, денсаулық, тұлғалық және әлеуметтік, тұлғаның өзін- өзі танытуындағы ұғымдарға қарама қайшылық. (2,5)

«Қорқыныш» термині кейде «үрейлену» деп те айтыла береді. Бұл екеуінде де қобалжу және уайымдау сезімі, өзін- өзі қорғау қауіпсіздігі мүлде жойылады, яғни қорқыныш пен үрейлену ең жоғары сатыда. Қорқыныш- тұлғаның дамуына төндіретін қауіптің нақты түрі болса, үрейлену- келер қауіптің ұлғайтылған түрі. Қорқыныштың үрейден айырмашылығы- тек қауіптену ғана емес, сонымен қатар қуанғанда да толқуы мүмкін.

А.И.Захаров қорқынышты елемей немесе бейжақтық танытпау керектігін көрсетеді. Себебі, адам өзін жоғары бағалағанда, даму кезіндегі мінез – құлқында ауытқушылық , эмоционалды және интеллектуалды дұрыс дамымау кезінде де кездеседі. (5) Қауіптің алдын алмаудың салдары тіпті топтық және жекелей психологиялық қорғауды талап етеді. Бұл қорқынышты бастан өткізіп жүрген балалардың психологиясына қарама қарсы. Мұндай мәселеде екі жақты күйде жүрген балалардың психологиясында өзіндік ерекшеліктер мен ұқсастықтар бар., өзі- өзі қорғау сезімі мүлде жоқтың қасы. (5,6)

Захаров қорқынышты жіктеуде белсенділік танытқан. Ол қорқынышты сырттай ситуациялық және тұлғалық деп бөледі. Ситуациялық – тіпті үлкен адамдардың өзінде де кездеседі (мысалы, табиғи апат, біреу шабуыл жасағанда). Ол көбіне топтық адамдардың үрейленуі, отбасы мүшелерінің келіспеушілігі, ауыр кезді бастан кешу, ұрыс және өмірде өз жолын болмаған кезде туындайды. Тұлғалық- адамның мінез- құлқынан, өзін- өзі таныс емес адамдармен араласқанда алдыға қажетсіз емес жағдайда ұмтылуынан туындайды.

Ситуациялық және тұлғалық қорқыныш түрлері кей кездері араласып та кездеседі. Сондықтан А.И. Захаров олардың сырттай жіктелуін көрсетеді. Шетелдік және кеңестік авторлар бір көзқарасты нақталайды, қорқыныш шыншыл және қиялдан туған, асқынған және созылмалы деп те жіктеледі. Шыншыл және асқынған қорқыныш – ситуацияға, қиялдан туған және созылмалы тұлғаның ерекшелігіне байланысты.

Қорқыныш және қобалжудың психологиялық тұрақтылыққа байланысты салыстырмалы түрде өзіндік ұқсастықтары бар: қорқыныш- қорқудан, ал үрейлену- қобалжудан туындайды.

Осы тұста Лазарус және Аверилла қызықты анықтама береді. Бұл авторлардың пікірінше, қобалжу- адамның ақылға қонымсыз істеріндегі эмоционалық ерекшелігі. Уайымға ұштастыра жағдайды бағалауда әдетте белгісіз және қауіпті болашаққа бағытталған болып келеді. Белгісіздік-қобалжу үшін маңызды шарт болып табылады. Осы тұста Лазарус пен Аверилланың көзқарасын басқа да авторлар да құптайды.

Спилбергтің пікірінше «уайымның сипаты» жеке тұлғаның кез – келген жағдайды қауіпті деп түсініп, мінез- құлқындағы эмоциялық өзгерістердің көрінісі. Осыдан барып тұлға қандай жағдай болмасын жоғары деңгейде уайымдап, өз жүйке жүйесіне зақым келтіріп, қауіптеніп жүреді. (7)

Қорқыныш пен уайымды мазасыздану сезімінің көріністері деп қарастырайық. А.С. Спиваковская мазасыздану сезімін төмендегідей көріністер деп сипаттайды.

Жоғары деңгейдегі мазасыздану сезімі кезінде адам дұрыс жауап бере алмай, тіпті даусы дірілдеп, сөздері анық емес болып тұрады. Бет бейнесі қорқып тұрғандығын байқатады. Жүрегі тарсылдап, іші суып, денесі ауыр тартып, алақаны терлеп, түсі суып, аузы құрғап кетеді. Бір уақытта бірнеше қимылды жасап, аяқтары соқтығысып, киімін шамадан тыс түзете береді.

Жоғарыда көрсетілген белгілер мазасызданудың асқынған түрін білдіреді. Мазасыздану кезінде қорқыныш адамның психологиясының тасасында тұрып, қажетті жағдайда өзін танытуды көздеп тұрады. Мұндай жағдайда тұлға қажет емес жағдайда өзін белгілі бір қырынан көрсетуге тырысады. Шыдамсыздық танытып, сөйлеу мәнері тездетіліп, сөздері түсініксіздеу болады. Шамадан тыс көп сөйлеп, бәрін құптауға тырысып, өзін керексіз сезініп, тіпті жалғыз қалудан қорқады. Мұндай белгісіздікті бастан кешу қиын. Сондықтан өзін қорғау еріксіз жүзеге асып, қабылданатын мәлімет белгісіз күйде қалады. Бұл маңызды іске көшуді талап етеді.

Қорқыныш кезінде мазасызданудан баяу қимылдау, өзіне шектеу қою, бір орында тұрып қимылдай береді. Сөйлеу мәнері түсініксіз, ойлауы баяу, жүректе ауырлық болып, көңіл күйі түсіңкі. Депрессиядан айырмашылығы- мұндай жағдайда сағыну, өзін- өзі төмен бағалау, өзіне қол жұмсау сезімдері жоқ. Сонымен қорқыныш- динамикалық және таңдамалы мінезде көрінеді.

Үнемі жағымсыз түстер көріп, «Мен » ұғымымен күресіп отырады. Кей кездері ол қобалжудың сұрақтарын неден туғандығын ажыратады. «Ұйқы сезімі» қашып, ерте тұруға тырысады, үлгеумей қалу деген ой пайда болады.

А.И.Захаров созылмалы қорқыныш және үрей қарым- қатынасқа әсер етеді. Ол қорқыныш пен үрейде жүрген тұлға біркелкі емес эмоционалды күйде жүріп , ескі ортаға бауыр басады. Таныс емес ортада сөйлеуге құлқы жоқ , сөз бастау қиындығы туындайды. Әсіресе, бұл телефонмен сөйлесуде ойын жинақтап айта алмай, нақты нақты жауап бере алмауда байқалады. (5)

Қорқыныш кезіндегі ойлау біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігі болып табылады. Шетелдік және кеңестік авторлардың пікірінше қорқыныш ойлау сезімін жоғалтып, қорқыныш кезінде тездетілген немесе баяу қалыпта болады. Екі жақтан да адам ойлау икемділігін жоғалтып, үнемі шектеусіз қорқынышта жүріп, сенімсіздік арта береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кривошеина Е.Н. Детские страхи и борьба с ними. М., 1927
2. Захарова А.И. Как преодолеть страхи у детей. М., 1968,
3. Карвасарский Б.Д. Медицинская психология. М., 1982
4. Психология словарь. М., 1990
5. Захаров А.И. Как помочь нашим детям избавиться от страха С-Пб., 1995
6. Спиваковская А.С. Профилактика детских неврозов. М., 1988
7. Изард К.Е. Эмции человека. 1980

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІ

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы о самооценке личности, восприятии себя среди других, оценке своих способностей и личностных качеств.

Annotation: One of the branches of psychology which deals with personal self-evaluation is humanistic psychology. According to representatives of this branch self-evaluation distinguishes the significance of a person.

Кез келген мемлекет өмірдің барлық қоғамдық салаларында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда қатаң тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Онсыз қоғамның бірқалапты дамуы, экономиканың, мәдениеттің, игіліктің көтерілуі және халықтың қауіпсіздігінің артуы мүмкін емес.

Сондықтан мемлекет азаматтардың, олардың бірлестіктерінің, шаруашылық ұйымдарының, мемлекеттік органдарының, олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін белгіңлейді. Мемлекет өзі қабылдаған заңдарды барлық адамдардың қатаң сақтауын, заңдардың талаптарын бұзушылардың заңмен жауапқа тартылуын әрдайым қадағалап отырады. Мемлекеттің мұндай қызметі, яғни заңдар талаптарынан ауытқуларға жол бермеу үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде, шаруашылық және қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың қызметіндегі белгіленген тәртіпті сақтау – бақылау және қадағалау қызметі деп аталады. Құқықты қорғау қызметі, негізі, үш нысанда жүзеге асырылады: а) құқық бұзушылықтан сақтандыру жөніндегі әр алуан шаралар жүргізу жолымен; ә) заңды істерді қарау және шешу жолымен; б) құқық бұзушыларды заңмен жауапқа тарту жолымен.

Мемлекеттің құқықтық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін құқықтары мен міндеттері арнаулы заңдармен реттелініп әр түрлі органдар құрылады.

Қазақстан Республикасында қандай құқық қорғау органдары құрылған: Оған мыналар жатады: полиция органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, прокуратура, әділет министрлігі, әр алуан мемлекеттік инспекциялар (өрт, санитарлық, қаржы және т.б., сот органдары, адвокатура, нотариаттар, кедендік органдар, ішкі және шекара әскерлері, Президент күзетінің қызметі және т.б. Құқық қорғау органдары, негізінен, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратураның және Әділет министрлігінің құрамында әрекет етеді. Біз бұл зерттеу жұмысымызда ішкі істер органдарының қызметі мен міндеттеріне, және олардың құрылымына толығырақ тоқталатын боламыз.

Қоғамдағы жаңарулар, ел дамуындағы тың стратегиялық бағдарлар, қоғамның ақпараттануы, ғылым мен техниканың қарыштай дамуы білім беру жүйесінде де түбегейлі өзгерістер жасауға себеп болды. Өйткені жаңа уақыт талабы рухы биік, болашаққа зор сеніммен қарайтын, оның дамуына өзіндік үлес қосатын, халықаралық стандартқа сай, бәсекеге қабілетті, танымдық деңгейі жоғары, білімді де білікті тұлғаны қажет етеді. Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшеліктерімен бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру осы заман ағымына лайықты азамат, білімді, ойлы, өмірге құштар болып өсуіне үлесімізді қосуымыз қажет.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынастың маңызы зор, себебі біз өз өмірімізді қарым-қатынассыз елестете алмаймыз.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және олардың қарқынды дамуы белсенді, шығармашылыққа жақын, тұлғалық дамуы жаңа заман талаптарына сай

қалыптастыру мақсатында арнайы талаптар қояды. Ең маңыздысы іс-әрекеті мен мінез-құлқының субъектісі ретінде адамға өзінің дамуын, келешегін өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін арнайы қабілеттерді қалыптастыру бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтпаған маңызды мәселелердің бірі.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің өзіндік бағалауын қарым-қатынас сай ең маңызды сипаттама оның өмірімен бірге ілесетін, өз-өзімен және қоршағандармен өзара қатынастың қайшылықтарын бейнелейтін ішкі тұлғалық және тұлғааралық жағдайларға байланысты психологиялық мәселелердің өте кең спектрінің болуы. Сондықтан да ішкі істер қызметкерінің тұлғалық дамудағы негізгі кезең деп қана емес, әрі оларды тәрбиелеу процестерінің тереңдігіне байланысты терең зерттеуді талап ететін күрделі тақырып. Кеңес психологиясында өзін-өзі бағалау мәселесі теориялық деңгейде терең зерттелінген (Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.А. Ядов және т.б.). Соңғы жылдардағы эксперименттік зерттеулер өзін-өзі бағалауды өз беттілік, жеке тұлғалық феномен, адамның мінез-құлқын реттеуші деп қарастырады (И.И. Чеснокова; Д.В. Демина; А.И. Липкина; М.И. Лисина; В.С. Магун; В.Ф. Сафин; және т.б.) [1, 276]. Психология ғылымында өзіндік сананың негізгі екі сипаттамасы кездеседі: өзін тану және өзіне деген қатынасының бірлігі, өзіндік сананың үш компоненті тұлғаның өзін-өзі тануы, өзіне эмоциялық құндылықты қатынас құру және мінез-құлқын өзі меңгеру ұғымдары бойынша түсіндіреді. Өзіндік сана сезімдердің негізгі компоненттері өзіндік бағалау мен өзіндік реттелудің адекватты қалыптасуы және дамуы жасөспірімдерге тек қоршаған әлем қатынастарында ғана емес, өзінің ішкі әлеміндегі қайшылықтарды табуға мүмкіндік береді [2, 76].

А.Г. Спиркиннің пікірінше өзіндік бағалаусыз өмірде өз орныңды анықтау қиын және тіпті мүмкін емес. В.Ф. Сафин өзіндік бағалауды тұлғаның өзіндік анықталудағы екі механизмның бірі деп көрсетеді. Өзіндік бағалаудың регулятивті функциясы көптеген жағдайларды анықтады, мәселен оның оқу іс-әрекетімен байланыстылығы (Т.Ю Андрущенко, М.Э. Боцманова, Л.В. Берцфаи, А.В. Захарова); топ аралық қатынастардағы әсері (М.И. Боришевский, С.Д. Максименко, С.И. Будасси); мінез-құлықтағы (В.В. Столин) рөлі жайындағы зерттеулерді айтуға болады.

«Өзіндік бағалау» ұғымы психологияда фундаменттік ұғымдардың бірі, өзіндік бағалаудың даму шарты, мазмұны, анықтамасы жайлы бірыңғай ықпалдар әлі де қалыптаспаған. Өзіндік бағалау – жеке бастық қатынастардың өмірлік құрылымдарын таратудағы белсенділікті шарттандыратын тұлғаның сипаттамасы.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәртібі, олардың азаматтармен сыпайы және ілтипатты қарым-қатынас жасау ережелері (бұдан әрі — Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясы нормаларының, «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңның талаптарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленді.

Зерттеуде қолданылған әдістемелер мен әдістер

1. С. А. Буддасидің тұлғаның өзіндік бағалауы әдістемесі
2. Дембо-Рубинштейн әдістемесі
3. О. И. Мотковтың тұлғаның өзіндік бағалауы әдістемесі
4. В. Ф. Ряховскийдің қарым-қатынас деңгейін бағалау әдістемесі
5. М. Снайдердің «Қарым-қатынаста өзіндік бағалауын» анықтау әдістемесі;

Өзіндік бағалау тұлға өмірінде маңызды құрылымдылыққа ие қасиеттердің бірі болып табылады. Өзіндік бағалау психология ғылымында жеткілікті жан-жақты зерттелгені белгілі. Біздің зерттеуімізде өзіндік бағалаудың қарым-қатынасқа әсері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мәселесіне тоқталу үшін ең алдымен өзіндік бағалаудың теориялық зерттеулеріне талдау жасаймыз.

Өзіндік бағалау – өзіндік сана сезімдерінің бірлігі, тұлғаның қасиеттеріне, сапасына деген қатынасы. Өзіндік бағалауға икемділік, орнықтылық, адекваттылық (жағымды, жағымсыз) сияқты сипаттамалар тән болады. Өмірлік тәжірибелерде қалыптасқан «Мен»

бейнесі әлемді, басқа адамдарды қабылдауға, оларды бағалауға әсер етіп, соның негізінде адам өзінің мінез-құлқын өзіндік бағалайды. [4, 2076].

Өзіндік бағалау – тұлғаның өзін-өзі басқа адамдар ортасындағы орнын, қасиеттерін, өз мүмкіндіктерін бағалауы. Яғни, өзіндік бағалау – қоршаған ортаның өзгермелі шарттарына тәуелсіз өзіндік ерекшелігінді саналау. Өзін-өзі саналау белгілі бір даму этаптарында өзіндік бағалауға айналады. Өзін-өзі саналау уақытқа сәйкес өзінің даралығынды сезінумен байланысты, кез келген психикасы сау адам өткенін есіне сақтайды, қазіргі кезеңді басынан өткереді, болашаққа үмітпен қарайды. Өзіндік бағалау адамның өз жүріс-тұрысын және іс-әрекетін реттеуге тікелей қатысы бар, тұлғаның белсенді дамуында қалыптасатын және оның ішкі әлемінде өзіндік көрініс табатын орталық компонент, тұлға сипаты, маңызды тұлғалық білім. Тұлғаның жас ерекшелік даму деңгейінің белгілі бір кезеңінен бастап өзіндік бағалау үлкен маңызға ие бола бастайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ананьев Б. Г. О проблемах современного человекознания. – М.: «Наука», 1977. – С 380.
2. Чамата П. Р. Вопросы самосознания личности в советской психологии // В кн.: Психологическая наука в СССР. Т. 2. – М., 1958. – С. 91-109.
3. Абульханова К. А. Психология и сознание личности (проблемы методологии, теории и исследования реальной личности) / Избранные психологические труды. – М.: Моск. психолого-социал. инс., 1999. – С. 91-109.
4. Савонько Е. И. Возрастные особенности соотношения ориентации на самооценку и на оценку другими людьми // В кн.: Изучение мотивации поведения детей и подростков. – М., 1978. – С. 81-111.)

**Толыбаева Ж. Ж. Психология, 4 курс
Ғылыми жетекші, психол. ғ. к. Н.М. Садықова**

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жас отбасындағы ерлі-зайыптылар қатынасының маңызды болып келеді. Отбасының бақытты және сәтті болуы жас жұбайлардың отбасы өміріне бейімделуінің беріктігіне, үйлесімділігіне, көрген тәрбиелеріне, олардың бір-бірлерін табиғи күйінде қабылдап, туындаған мәселені бірлесе отырып шешуіне, қолдау көрсетіп түсінуіне байланысты.

Бейімделудің қалыпты өтуі көбінесе отбасындағы қарым-қатынас шеберлігіне тәуелді. Оған шешілмеген отбасылық шиеленістерді өршітпей ақырындап басу, жұбайын табиғатынан қандай болса, солай қабылдау, ең алдымен жағымды қасиеттерін көру, кемшіліктерін бетіне баспау. Өзінің көңіл түсу себептерін ең алдымен жұбайынапн бұрын өзінен іздеу.

Отбасы – бұл әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топ белгілерін иеленетін әлеуметтік жүйе. Әйгілі әлеуметтанушы, әрі әлеуметтік психолог А.И. Антоновтың айтуынша, отбасын ата-аналар – балалар деген қатынас құрады. Толыққанды отбасында мынадай өзара қатынас типтері болады: әйелі –күйеуі, күйеуі – балалары, әйелі – балалары, балалар – ата-аналар, балалар – балалар [1]. Отбасы дегеніміз - некеге қарағанда күрделірек қарым-қатынастар жүйесі, ол тек жұбайларды ғана емес, сонымен қатар балаларды, туыстарды, жұбайларға жақын адамдарды біріктіреді. Бұл пікірді А.Г. Харчев айтқан болатын.

Л.Б.Шнейдердің айтуынша, отбасы – бұл эмоционалды-жақын және маңызды, мәнді адамдардың жүйелік-функционалды құрылымы [2].

Отбасы некеге немесе қандас туыстыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері тұрмысының ортақтылығымен, өзара моральдық жауапкершілікпен және өзара көмекпен байланысады. Отбасы неке мен қандық туыстыққа негізделген адамдардың бірлестігі, оларды тұрмыстарының ортақтығы, эмоционалды байланыс, өзара жауапкершілік байланыстырады. Отбасының ең негізгі міндеті – ұрпақ жалғастыру болып табылады. Сонымен қатар, ұрпақты өсіру, лайықты тәрбие беру, қоғамның толыққанды мүшесі болатындай азаматтарды қалыптастыру – отбасының негізгі әрекеті болып келеді.

Қазіргі кездегі ерлі-зайыптылық отбасы мүшелерінің өзара тұлғалық әрекеттесуіне аса күрделірек талаптар ұсынууда. Ол ерлі зайыптыларға жақсартылған дайын күйде берілмейді, тұлғалық көп күштерді талап ететін міндет түрінде беріледі, және сол күштерді жұмсай алуға да дайындық қажет етеді. Үлкен буынның реттелген бостандық, олардан көмек алудан қиындатады: жаңа отбасы бұрынғы салынған жолмен емес, өз бетінше өз жолын құра бастайды. Бұл отбасы өмірінің барлық жақтарына, сондай-ақ некенің жыныстық қарым-қатынасы мен бала тәрбиесіне де қатысты. Некелік жастың төмендеуі әлеуметтік есеюдің ұзаруына байланысты, отбасының міндеттерінің құралуы күрделеніп, кейінгі ерлі зайыптылардың тұлғалық-әлеуметтік қарым-қатынастарына әсер етеді.

Отбасы қоғамның бір бөлігі және тұлға әлеуметтенуінің басты институты болып табылады. Неке және отбасы түсініктері бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ ұғымдардың ерекшеліктері де бар. Неке және отбасы әр түрлі тарихи кезеңде пайда болған. А.Г.Харчев бойынша неке бұл - әйел мен ер кісі арасындағы тарихи өзгеріп тұратын әлеуметтік қатынастар нысаны, және қоғам олардың жыныстық өмірін, ерлі-зайыптылық және ата-аналық құқықтары мен міндеттерін реттеп, белгілеп отырады, ал отбасы бұл – неке және одан туындайтын ерлі-зайыптылардың балаларының денсаулығын, оларды тәрбиелеуге деген моральдық жауапкершілікті алу мен құқықтық негізінде жинақталған қауым болып табылады.

Отбасындағы қарым-қатынас мәселесі түрлі психологиялық ерекшеліктерге ие. Оның өзара қатынасына сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Сыртқы факторға – материалды және рухани шарттар жиынтығы жатады. Бұл тұлғааралық қарым-қатынасты еңбекте, отбасында анықтайды. Ішкі факторларға – отбасының жемісті іс-әрекетіне бейімдейтін индивидуалдық-психологиялық ерекшеліктер жатады. Отбасылық қарым-қатынасты тұрақтандыратын факторларға келетін болсақ:

Отбасылық қарым-қатынас – бұл отбасы өмірінің негізі болып табылады. Бұл қарым-қатынаста адамның табиғи және әлеуметтік заты, сонымен қатар әлеуметтік өмірдің материалдық (қоғамдық тұрмыс), ішкі жан дүниелік (қоғамдық сана-сезім) салалары көрініс алады. Қоғам некелік қарым-қатынастардың берік болуына қызығушылық танытады, сондықтан ол некенің тиімді қызметін қоғамдық пікірлер жүйесі арқылы индивидке әлеуметтік әсер ету құралы, тәрбиелеу процесі ретінде сырттан әлеуметтік қадағалау жасайды.

Неке және отбасы қарым-қатынасы - бұл тарихи даму процесі. Ерлі-зайыптылар қатынасының психологиялық жағы адам түсінуді, бағалауды, эмоционалды бастан кешіруді, қоршаған ортаның құбылысы ретінде ұғынудан, және өзінің жеке қажеттіліктерінің салдарынан туындайды. Некенің психологиялық қарым-қатынасының объектісі: формамен, ал субъектісі- мәнімен сипатталады. Некенің формасы әртүрлі, көрінісі-өзгермелі болып табылады.

Отбасында көбінесе үй-шаруашылығы міндеттерін, кеңістік жақындығын (бірігіп тұру), жұбайлар арасындағы жыныстық қатынастарды, олардың ата-аналық парыздарын өтеуді жасауды бөліп көрсетеді. Бірақ жаңа заман отба-сында бұндай ерекшеліктер көріне бермейді. Мысалы, басқа қалаларда немесе мемлекеттерде бөлек тұрып, үй-шаруашылығын, тағы басқа міндеттерді бірігіп емес, жеке-жеке жасайды. Дегенмен де, бізге «Отбасы» дегенде, толық мүшелі (ерлі-зайыптылар, балалары немесе туыстары) бір тұтас адамдарды елестетеміз және солай түсінеміз. Жоғарыда отбасы туралы келтіріп кеткен түсініктер, өкі-нішке орай шындық және ол амалдың жоғынан болатын дүние. Кейбір авторлар отбасын тек ерлі-

зайыптылар негізінде құралған отбасын айтады. Ал басқа нұсқаларды «Отбасының сынық нұсқасы» ретінде қарастырады. А.И.Антонов былай дейді: «Қандай да бір отбасылық өтпелі кезеңде сол отбасына белгілі бір жағдайлар әсер етсе, сол деңгейде қатып қалуы мүмкін» [3].

Е.С.Калмыкова отбасылық өмірдің алғашқы жылдарындағы мәселені айта отырып, бірлесіп өмір сүруінің 1-2 жылдары қарым-қатынастардың индивидуалды стререотиптерінің қалыптасуы, құндылық жүйелерінің ортақтасуы, ортақ мінез-құлық жолының өңделуі деп көрсетеді [4]. Осы кезеңде жұбайлардың бір-біріне бейімделуі жүзеге асып, екеуі бір-бірін қанағаттандыратын өзара қатынас жолын іздейді. Бұл кезеңде шешілетін бірнеше міндеттер бар:

1. Отбасы құрылымының қалыптасуы;
2. Ерлі-зайыптылар арасындағы қызметтердің бөлінуі;
3. Ортақ отбасылық құндылықтардың өңделуі;

Некелік отбасылық бейімделуді отбасылық өмірге және жұбайлардың бір-біріне біртіндеп бейімделу процесі ретінде қарастырады. Оның нәтижесі болып тұрақты отбасының қалыптасуы, тұрмыстың және психологиялық рөлдердің айқындалуы, бір-бірімен қарым-қатынас стилін өңдеу, шиеліністердің шешілу жолдарын табу болып табылады.

Жұбайлардың қарым-қатынасындағы әлеуметтік мәдени деңгей серіктердің рухани өзара әрекеттестіктің аспектісін қозғайды. Құндылық бағыт-бағдарларының, өмірлік мақсаттарының, әлеуметтік мінез-құлық мотивацияларының, жұбайлардың қажеттіліктерінің бірлесуі олардың рухани сәйкестігін білдіреді.

Психологияда қарым-қатынасты психологиялық феномен ретінде қарастыратын бірнеше көзқарастар және соған сәйкес берілген анықтамалар да бар. В.Н.Мясищев бойынша қарым-қатынас – бұл таза сыртқы өзара әрекеттестік болып табылмайды, бірақ қатысушылар арасындағы жеке қатынаспен бірге анықталы-нады, яғни оның параметрі қарым-қатынасқа түсуші субъектілердің қатысуына тәуелді. В.Н.Мясищев қарым-қатынастың үш каласын бөліп көрсетеді: әлемге деген, басқа адамдарға деген, өзіне деген қатынас.

Тұлғааралық қарым-қатынас, соның ішіндегі жұбайлардың қарым-қатынасы екіншісіне кіріп кетеді.

Субъекттік қарым-қатынастың ерекшеліктері жөніндегі терең ойлар Б.Ф.Ломовтың еңбектерінен орын алған. Қарым-қатынас - бұл мәліметтік және заттық өзара әрекет. Осы процес барысында тұлғааралық қатынас пайда бо-лып, құрылады және іске асады. Қарым-қатынас тек мәліметтік және заттық өзара әрекеттестік қана емес, ол сонымен қатар эмоционалды күйді алмасты-румен қатар жүреді [5]. Б.Ф.Ломов «Қарым-қатынастың басқа өзара әре-кеттестік түрлерінен ерекшелігі сол, ол қарым-қатынас кезінде адамдардың психологиялық қасиеттері ашылады және және адамдарды субъект ретінде сипат-тайтын қасиеттер көрінеді» дейді.

Н.Н.Обозов өзара түсінушілікті тұлғааралық өзара қарым-қатынас ретінде қарастырған және тұлғааралық өзара түсінушіліктегі жыныстық рөлдік факторларға ерекше назар аударған. Ол өзінің зерттеулерінде көбінесе тұлға-аралық өзара түсінушіліктің еркектерге қарағанда әйелдер үшін эмоционалды болуы қажет екендігі туралы айтады.

В.А. Сысенко некенің тұрақтылығын немесе тұрақсыздығын жұбайлардың қанағаттануы мен қанағаттанбауы арқылы қарастырады. Оның ойынша, некенің тұрақты болуы материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана емес, соны-мен қатар эмоционалды психологиялық қажеттіліктерінің қанағаттанылуына да тәуелді. Некенің эмоционалды психологиялық тұрақтылығы, ерлі-за-йыптылардың бір-біріне қамқорлық жасауынан және нәзіктіліктен туындайды [6].

Қазіргі таңда жас отбасы, отбасындағы қарым-қатынас және отбасына бейімделу өзекті мәселелердің біріне айналды. Себебі, жастар арасында өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың дұрыс болмауынан ажырасу саны күрт өсуде. Некеге тұрғаннан кейін жас отбасында алғашқы тұрақтандыру процесі басталады, яғни некенің алғашқы кезеңі

отбасылық интеграциямен және бейімделумен сипатталады. Жас жұбайлардың бейімделуі - бұл ерлі-зайыптылардың ортақ икемделуінің кезектестік процесі.

Жас жұбайлардың ортақ өмірлерінің басталуы және өмірлік іс-әрекеттері қиын да, қарама-қайшы процесс болып табылады. Жас жұбайлар бұл кезеңде өте көп қиындықтармен кездеседі. Бұл ортақ бейімделудің қиын кезеңі. Ортақ өмір сүру ережелерінің, мінез - құлық ережелерінің, рөлдік позициясы және жанұялық құндылықтары келісетін кезең. Пайда болған қиындықтарды шешуге маңызды шарт болып, осы олардың өмірлеріндегі маңызды және қиын кезеңнен тез және жеңіл өту жолы болып, жас жұбайлардың бір-бірін түсіне алу қабілеттері және тілектері табылады. Бұл өз кезегінде бейімделудің сәтті және қалыпты өтуіне алып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шнейдер Л.Б. Семейная психология: Учеб. посб. для вузов. - М., Екатеринбург: Деловая книга, 2006. – 251с.
2. Андреева Т.В. Семейная психология: Учебное пособие. – СПб.: Речь, 2005. – 244 с.
3. Роджерс К. Психология супружеских отношений. Возможные альтернативы / Пер. с англ. В. Гаврилова. - М.: Изд-во Эксмо, 2002. — 288 с.
4. Обозов Н.Н. Психология межличностных отношений. - Киев; Лыбидь, 1990. 191с.
5. Ломов Б.Ф. Методические и теоретические проблемы психологии. – М.: Наука, 1984. – 449с.
6. Сысенко В.А. Устойчивость брака: Проблемы, факторы, условия. – М.: Финансы и статистика, 1991. – 199с.

Турсинбекова Н.С.
Педагогика и психология, 3 к.
Науч. рук., к.п.с.н., доцент Касымова Г.М.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОМПЬЮТЕРНОЙ ЗАВИСИМОСТИ У ШКОЛЬНИКОВ

Актуальность исследуемой проблемы обусловлена тем, что в настоящий момент увеличивается количество детей и подростков, умеющих работать с компьютерными программами, в том числе и играть в компьютерные игры.

Вместе с тем несомненным положительным значением компьютеризации следует отметить негативные последствия этого процесса, влияющего на социально – психологическое здоровье детей и подростков. Негативным последствием этого процесса является явление компьютерной зависимости и 80% школьников 12-13 лет страдают компьютерной зависимостью [1]. В исследовании В.В. Чистова и Г.М. Канищевой выделены следующие симптомы аддикций – психологических: позитивное состояние за компьютером; сложность смены вида деятельности на другую, не связанную с гаджетом; «ломка» при невозможности пользоваться устройством; проблемы в общении и личной жизни из-за пристрастия; увеличение количества часов, проводимых за компьютером; обман родственников по поводу того, как проходит свободное время, а также физических: боль в кисти руки; искривления позвоночника; расстройства пищеварения; сухость и краснота глаз; нервное перенапряжение и бессонница [2].

Цель нашего исследования заключается в изучении психологических особенностей компьютерной зависимости у школьников. Гипотеза исследования: стратегия своевременной психодиагностики и психокоррекции может способствовать преодолению компьютерной зависимости у школьников.

Результаты наших исследований показали, что среди учеников 5-7 классов больше увлекаются компьютерными играми девочки, а среди учащихся 8-9 классов – мальчики, что возможно характеризуется возрастными и гендерными особенностями развития.

Таким образом, для оказания психологической помощи необходимо разработать методический инструментарий в контексте психолого-педагогических программ для детей и их родителей по профилактике компьютерной зависимости и именно это является целью наших дальнейших исследований.

Литература:

1. Фомичева Ю.В., Шмелев А.Г., Бурмистров И.В. Психологические корреляты увлеченности компьютерными играми //Вестник МГУ. Сер. 14. Психология. - 1991. - №3. – С. 66-70.

2. Канищева Г.М., Чистов В.В., Интернет-аддикция как форма социальной патологии у младших школьников //Феноменология и профилактика девиантного поведения Т.2 – Краснодар, 2010, 204 с.

Түйіндеме

Мақаладаоқушылардағыкомпьютерліктәуелділіккебайланысынжайлызерттеулерқарастырылады.

Түйін сөздер: аддикция, компьютерлік тәуелділік, компьютерлік ойындар, психологиялық көмек және т. б.

Summary

In the article the analysis of researches of problem of computer dependence is presented for schoolchildren.

Key words: addiction, computer addiction, computer games, psychological help etc.

**Чернобиль В.А., Карманова М.Н.,
специальность «Психология», 3 курс
Научный руководитель:
канд. психол. наук, доцент Кабакова М.П.**

ИССЛЕДОВАНИЕ ГЕНДЕРНЫХ УСТАНОВОК СТУДЕНТОВ НА РАСПРЕДЕЛЕНИЕ РОЛЕЙ В БУДУЩЕЙ СЕМЕЙНОЙ ЖИЗНИ

Научный и практический интерес к проблеме гендерных установок и ролей в современном молодежном обществе в последнее время возрастает. Происходящие политические, экономические, социальные перемены в нашей стране и в мире в целом затрагивают каждого из нас. Проблема гендерных установок является принципиально важным вопросом на данный момент, поскольку, полученные в ходе исследований, данные дают более полное понимание распределения этих ролей в будущей семейной жизни, что может помочь в более правильном их построении, выстраивании и коррекции.

Распределение ролей в будущей семье студента непосредственно зависит от определенных гендерных установок, имеющих у него сегодня. Несоответствие гендерных установок в паре может повлечь последующие конфликты. Исследуя установки студентов, которые находятся в предбрачном периоде, мы можем предотвратить последующие брачные конфликты и перспективные разводы.

И. Клецина писала, что гендерные представления, стереотипы, установки и идентичность личности и группы могут играть роль строителей отношений, конструируя их определенные поведенческие модели и паттерны. Установки, которые сейчас присутствуют у молодежи, о половых и гендерных ролях, будут активно влиять на их внутрисемейные взаимоотношения [1].

Гендерные роли это один из видов социальных ролей, набор ожидаемых образцов поведения для мужчин и женщин (А.А. Денисов) [2]. В широком смысле гендерные установки – это готовность к определенному виду социальной активности в системе межполового взаимодействия.

В книге «Гендерная психология» [3] Т.В. Бендас приводит результаты исследования В. Кагана о том, что гендерные установки начинают формироваться в очень юном возрасте. Уже к 3-7 годам у девочек возникают противоречивые установки касательно своего пола. Половые различия в гендерных установках проявляются уже в возрасте 7 лет [4]. И. Кон выделил ряд современных тенденции в развитии гендерных отношений: радикальная ломка традиционной половой стратификации, ослабление половых различий в поведении (вследствие общей трудовой деятельности и совместного обучения), переход во взаимоотношения между мужчинами и женщинами от иерархического соподчинения к равноправию, изменение культурных стереотипов маскулинности-фемининности [5].

Именно этим, мы предполагаем, может быть объяснимо более «нетрадиционное» отношение к распределению ролей в семье.

А. Гурко (1996) полагает, что в настоящее время практически во всех сферах семейной жизни жена чаще, чем муж, принимает решения [6].

Опираясь на упомянутые выше теории, было проведено пилотажное исследование, целью которого было выяснить гендерные установки студентов на примере распределения ролей в семье. В качестве предмета были взяты установки студентов. Объект исследования – молодежь в возрасте от 19 до 22 (средний возраст 20,2). Выборка исследования 31 человек (16 девушек и 15 юношей). Гипотезами данного исследования были следующие:

1) юноши чаще девушек будут определять ведущую роль мужчины в семье, в то время как девушки будут иметь установку на равноправное распределение ролей в семье;

2) роль источника материального обеспечения семьи будет отдаваться мужу, роль, характеризующая заботу о детях и эмоциональный климат семьи будет отводиться жене.

В исследовании был применен опросник «Распределение ролей в семье», предназначенный для диагностики распределения супружеских ролей в семье (Ю.Е.Алешина, Л.Я.Гозман, Е.М.Дубовская [7]). Методика включает в себя 7 шкал, отобранных составителями, как определяющие основные внутрисемейные роли: воспитание детей, эмоциональный климат в семье, материальное обеспечение семьи, организация развлечений, роль «хозяина», «хозяйки», сексуальный партнер и организация семейной субкультуры. Данная методика была отобрана, так как распределение ролей в семье непосредственно связано с гендерными установками супругов, которые формируются еще в юношестве.

Анализ данных по методике заключался в том, что чем выше балл по одной из шкал, тем в большей степени данная роль в семье реализуется женой, чем ниже – реализуется мужем. Если величина близка к срединному значению, то, данная роль распределена равномерно между супругами (см. рис.1).

Таким образом, по результатам данного исследования, было выявлено, что по 6 из 7 шкал распределения ролей в семье (Воспитание детей, Эмоциональный климат в семье, Организация развлечений, Роль «хозяина», «хозяйки», Сексуальный партнер, Организация семейной субкультуры) доминирующая роль достается преимущественно женщине и в данном случае половые различия были незначительные. Значения по этим признакам варьировались в рамках средних значений распределения, что говорит о равноправном распределении ролей в семье.




Рис. 1 – Установки юношей и девушек на распределение ролей в семье

Роль «Материальное обеспечение семьи» была отмечена участниками обеих выборок как непосредственно выполняемая мужчиной. Таким образом, 2-ая гипотеза подтверждена. В то время как 1-я гипотеза отклоняется, так как и юноши и девушки имеют установку к равноправному распределению ролей в данной выборке. Испытуемые-девушки одинаково отметили доминирование мужчины в исполнении обязанностей материального обеспечения, в то время как, испытуемые-юноши определили ведущие роли жены по всем остальным факторам. Тем не менее необходимо сделать поправку, что в нашей выборке, не было значимых половых различий в определении ролей, что может говорить о том, что у парней тоже присутствуют гендерные установки, определяющие равноправие в распределении и исполнении ролей в семье.

Данные, полученные по результатам исследования выборки, были обработаны с помощью Q-критерия Розенбаума ($p \leq 0.05$). Так как Q-эмпирический оказался меньше Q-критического, то есть, расположение признака было в зоне незначимости, мы были вынуждены принять H_0 статистическую гипотезу об отсутствии половых различий в определении гендерных ролей в семье. Однако, считаем, что возможно другое распределение признака при большей выборке. Предположительно, гендерные установки, характеризующие распределение ролей в семье по «доминантно-зависимой» модели, определяемые полом испытуемого, будут выявлены на большей выборке.

Вывод:

В ходе данного исследования было выяснено, что для возрастного промежутка выборки, участвовавшей в исследовании, характерно стремление к равномерному распределению ролей в семье, что подтверждено сравнительно одинаковыми результатами юношей и девушек по всем шкалам методики. Такое распределение характерно и для молодой семьи.

Исходя из результатов нашего исследования, мы сделали вывод, что для данной возрастной группы характерна установка на создание эгалитарной семьи, в которой распределение ролей между супругами равномерно. Это было видно из тенденции повторяющихся усредненных значений, что по интерпретации методики говорит о равноправии распределения ролей в семье. В данном случае, результаты, полученные нами, совпадают с результатами других исследований по данной методике на похожей возрастной группе. Например, результаты исследования Н.К. Акименко, С.В. Багинской: «В большинстве случаев девушки практически все функции и семейные роли возлагают на себя. Исключение составляет материальное обеспечение и сексуальное первенство. В то время как большинство юношей этого возраста выполнение всех функций и ролей отдают женщине. Но, следует отметить, что здесь прослеживается «обоюдное согласие» или равный процент отнесение семейных ролей к женской половине» [8, с. 215]

Таким образом, мы можем утверждать, что в возрасте от 19 до 22 нет половых различий в гендерных установках, влияющих на распределение ролей в семье. Предположительно, половые различия в распределении ролей в семье, предложенные в нашей гипотезе, будут выделены на более позднем этапе развития брака поэтому имеет смысл исследовать более возрастную выборку.

Литература:

1. Клёцина И.С. Психология гендерных отношений: концептуализация и эмпирическая иллюстрация макроуровня // Российское общество. Гендерное измерение. Сборник научных статей. Иваново, 2006. - С. 46-69.
2. Денисов А.А. Словарь гендерных терминов / Ред. к. филол. н. А. А. Денисова. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2001. - С.249-255.
3. Бендас Т. В. Гендерная психология: Учебное пособие. — СПб.: Питер, 2006. — 431 с.
4. Каган В. Е. Когнитивные и эмоциональные аспекты гендерных установок у детей 3-7 лет // Вопросы психологии. - 2000. - № 2. - С. 65-69.
5. Кон И. С. Введение в сексологию. – М., 1989. - 336 с.
6. Гурко Т.А. Гендерная социология. Социология в России (Отв. ред. В.А. Ядов). - М.: Изд-во "На Воробьевых", 1996. – С 169-195.
7. Алешина, Ю.Е. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений: спецпрактикум: учебно-методическое пособие / Ю.Е. Алешина, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовская. – Москва: Издательство Московского университета, 1987. – 120 с.
8. Акименко Н.К., Багинская С.В. Изучение ценностей семьи и осознание семейных ролей современной молодежью // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XXXVIII междунар. науч.-практ. конф. № 3(38). – Новосибирск: СибАК, 2014. – С. 211-217

СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

СЕКЦИЯ «ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ: ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ПРАКТИКИ»

Муталип У.,

эл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педогогика
және өзін өзі тану мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент **Әрінова Б.А.**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ҮДЕРІСІНІҢ ТҮЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ел басымыздың Қазақстан халқына «Нұрлы жол—болашаққа бастар жол» жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік.Ешкімді кемсітпей,ешкімнің тілі мен дінін мұқатпай,барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз.Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз— Ел бірлігі болу керек.Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» —деп аттап көрсетті . [1] Қазіргі таңда білім беру жүйесін қоғам сұраныстарына сәйкес жаңарту мен дамыту мәселелері өзекті болып отыр.Осы орайда елімізде білім беру жүйесін ізгілендіру,білім берудің үздіксіздігі,білім жүйесін ақпараттандыру,білім беру жүйесінде пән аралық ықпалдастыруды жүзеге асыру істері негізгі бағыттар болып,іске асуда.Жас өскелең ұрпақты тек оқытып қана қою біржақтылыққа алып келуі мүмкін,сондықтан оларға жаңаша дағдылар мен тәрбиелей білуде маңызды.[2]. Сәйкесінше қазіргі таңдағы еліміздің ұрпақтарын тұлға ретінде қалыптастыруда олардың

бойынан мына қасиеттердің табылуы шарттылық болып отыр: Иманжүзді, рухани-адамгершіліктік қасиетке ие және сүйіспеншілікпен қарай білетін, ақиқатты ажырата, түсіне алатын, дұрыс әрекетке құштар, ішкі рухани әлемі тыныш, қиянат жасаудан ада, нарықтық-бәсекеге қабілетті, зияткер, көзқарасы еркін, ұтымды ой мен ұшқар қиялға жүрік, ерік-жігері мықты, елі үшін еңбек етер азаматтар мен азаматшалар болуының қоғам дамуы үшін ықпалы басым.

XXI ғасыр жаһандану заманда жеке тұлға бойында рухани құндылықтардан моралдық құндылықтарды қажетсіну басымырақ байқалады. Қоғам дамып, өзгерген сайын жеке тұлғаның әлеуеттенуінде өзін-өзі тану үдерісінің әсері маңызды рөлге ие. Себебі, әр тұлғаның «Өз мені» бар. Бұл дегеніміз, қоғамдағы әр бір жеке тұлғаның есімдерімен түрі ұқсауы мүмкін бірақ, оның ішкі «Мені» тек біреу. Мәселе осыда, жеке индивидтің тұлға болып қалыптасуы барысында өзінің мүмкіндіктерімен ішкі қалауларын сезінуінде және өзін-өзі түсінуінде ішкі қарама-қайшылықтар туындап отырады. Сондықтанда тұлға болып қалыптасудың бірінші баспалдағы - өзін-өзі танудан басталады.

Тұлға мыңызы мен түсінігіне таладау жасар болсам, әлем біртұтас жүйе, алайда оны құраушы фактордың бірі және бірегейі – адам болып табылады. Ендеше, тұлғаның әлеуеттенуі мен тұлға мәселері ғасырлар бой зерттеліп келген өзекті мәнге ие. Деседе қазіргі қоғамда тұлға әлеуеттенуіндегі өзін-өзі тану үдерісі үлкен сұраныспен, қажеттілікке айналуға. Тұлға мәселесін қарастаратын, философия, психология, педагогика, әлеуметтану, тарих т.б. қоғамдық-гуманитарлы ғылым салаларында түрлі ғылыми зерттеу жұмыстары қорғалып, ғалымдар еңбектері жазылып, ұсынылған. Педагогика ғылымында, адам дамуы жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісі ретінде қарастырылды. Жеке тұлға мәселесін көптеген (Э. Роттердамский, Я. А. Коменский, К. А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистерверг, К. Д. Ушинский, В. Г. Белинский, Н. Г. Ченнышевский, З. Фрейд, Д. Дьюи, П. П. Блонский, А. С. Макаренко, Л. С. Выготский, Э. И. Монозон, Л. И. Божович, С. Л. Рубинштейн, В. В. Давыдов, т.б.) әр саладағы ғалымдардың зерттеулерінен орын алған.

Психология ғылымында «Жек тұлға» деген ұғымға әр түрлі түсініктер береді, ғалымдар пікірі бойынша, жеке тұлға дегеніміз-әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның басты белгісі- оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (болмысқа, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы. Жек тұлға сондай-ақ, психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат-мүдделер).

Тұлға теориясының дамуының негізгі кезеңдері атар болсақ. Антикалық философтардың еңбектеріндегі тұлға мәселесі. XIX ғ-да (клиникалық кезең) тұлға мәселелерін зерттеу. Р. С. Немов бойынша тұлға теорияларын зерттеу. Тәжірибелік тұлға теориялары. Фрейдизм және неофрейдизмнің тұлға теориялары (З. Фрейд, К. Юнг, А. Адлер, К. Хорни, Г. С. Салливан). Гуманистік психологиядағы тұлға мәселесі (К. Роджерс, Г. Олпорт, А. Маслоу). Демек, жеке тұлға- бұл интегративті жүйе, оның маңызды белгілері ретінде саналылық, жауапкершілік, еркіндік, қадір-қасиет т.б. көрініс береді. [3]. Ғылыми әдебиеттегі тұлға анықтамаларының әрқайсысы тәжірибелік зерттеулермен және теориялық негіздеулермен бекітілген, сондықтан “тұлға” ұғымын қарастырғанда оларды ескеру керек.

Сонымен, тұлға дегеніміз - тұрақты психологиялық сипаттамалар жүйесінде алынған нақты адам. Ондай сипаттамалар қоғамдық байланыс пен қатынастарда көрініс беріп, адамның өзі мен оны қоршағандар үшін маңызды орын алады, оның адамгершілік қылықтарын айқындайды және оның өзіне, ортасы үшін маңызды мәнге ие.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуіндегі мәселелер сан-алуан. Сондықтанда, тұлға әлеуеттенуіндегі өзін-өзі тану үдерісінің дұрыс жүзеге асыуы, индивидтің тұлға болып қалыптасуындағы кедергілердің алдын-алады. Индивид қоғам мүшесі болып тумайды, бірақ оның әлеуметтік өмірге бейімделгіштігі бар-биологиялық тұлға. Адамның әлеуметтік тірі жан ретіндегі қалыптасуын қамтамасыз ететін онтогенетикалық үдеріс – әлеуметтену деп

аталады. Яғни әлеуметтену дегеніміз-адам – өмірге келген сәттен бастап, өмірден өткенге дейін жүретін үздіксіз үдеріс. [4]

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде белгілі бір әлеуметтік ортаның, қоғамның, индивидтің талап – тілектерінің есебімен табиғаттың заңына сәйкес дамыды деген тұжырымды ұсынған ғалымар ретінде (Карл Магер, Х. Мискес, М. А. Галагузова, А. В. Мудрик, Б. Т. Лихачев және т.б) айтуға болады.

Тұлғаның әлеуметтенуі үдерісі оның көптеген факторлар, әлеуметтік итиситуттармен әрекеттесуімен және түрлі құралдар мен тетіктердің көмегімен жүзеге асады. Олардың өзара әрекеттесуі, олардың адамға ықпал етуі кезінде бірін-бірі толықтырып қана қоймай, белгілі бір шекте үйлеспей, бір-біріне қарама-қайшы болып жатуы мүмкін. Бұл өзара әрекеттестіктің қалай жүзеге асып жатқанына, яғни, салыстырмалы түрде бағытталған немесе салыстырмалы түрде бақыланатындығына орай адамның өмір бойы өзін-өзі тануы, өзін-өзі өзгертуге, тұтастай алғанда оның әлеуметтенуіне тікелей әсер береді.

Әлеуметтену тұжырымдамасы аясында, *әлеуметтену* дегеніміз-адамның қоғамға бейімделуі мен жекеленуі арасында белгілі бір тепе-теңдікке қол жеткізу деген анықтама беріледі. Сондай-ақ Американдық ғалымдары М. Райли мен Е. Томас әлеуметтеуді сипаттай келе тұлғаның өзіндік құндылық бағдарларына ерекше көңіл бөледі. Олардың пайымдауынша: тұлғаның өзіндік күтілімдері мен рөлдік күтілімдері сәйкес келмей қалған жағдайда әлеуметтенуде қиындықтар туындайды. Зерттеушілер мұндай жағдайда рөлді немесе құндылық бағдарларды ауыстыру қажеттігін айтады. Демек, бұдан тұлғаның әлеуметтенуіне тікелей өзіндік «Мені» мен өзіндік «Сана» -ның тұтастығы және оны тану үдерісінің маңызға ие екендігін айқындайды. Бұл адамның өзін-өзі тану үдерісі аясында жүзеге асады.

Американдық зерттеушісі Э. Келли, «Толығымен қалыптасқан тұлға» ұғымын «Әлеуметтенген адам» ұғымымен синоним ретінде қолданып отырып, оған мынандай сипаттама береді: толығымен қалыптасқан тұлға өзі, басқалар жайлы ойлайды, басқалардан өзінің «Менін» құра алу мүмкіндігін көреді, өмірдің қозғалыс табиғаты мен өзгеру динамикасын түсініп, қателіктердің құнын біледі, толықтай қалыптасқан тұлға шығармашылық рөлді орындайды. Яғни, «Өзін-өзі таныған, өмірдің мәнін түсінген адам ешқашанда сол қалыпында қалып қоймайды» - деп Томас Манн айтып кеткендей, тұлғаның әлеуметтенуінде өзін-өзі тану үдерісінің рөлі айқындалып отыр. Тұлға әлеуметтенуі үздіксіз үдеріс екендігі белгілі болса тұлғаның өзін-өзі тану үдерісі де бірге дамып, жетіліп, қалыптасып отыруы шарттылық болып табылады екен.

Бұл тұрғыда Ресей педагогы «Еркін тәрбие» теориясының негізін салушылардың бір В. А. Сухомлинский адамның «Өзін-өзі» тануының маңыздылығын философиялық түсінігінде «Өзінді-өзің бағындыруға, өзіңе-өзің билік көрсетуге кішкентайыңнан үйрен. Құлқың соқпаған бірақ, қажетті істі істеуге өзінді көндіре біл. Тиістіні тындыру-ерік-қайраттың бірінші қайнар бұлағы» -деп түсіндіреді. [5]

Өзін-өзі тану үдерісі – индивидтің өмірге келген сәтінен бастап, өмірден өткенге дейін жүретін үздіксіз процесс. Бұл үдерістің басты нысаны – жеке адамның ішкі «Өзі». Ал пәні-Жалпы білім беретін мектептерде оқуға міндеттелген «Өзін-өзі тану» сабақтары мен өмір қажеттіліктерін меңгеру арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ Өзін-өзі тану үдерісінің басты мақсаты- индивидтің өзін-өзі тануына, бағалауына, әлемнің бір бөлшегі екенін сезінуіне, адамгершілікпен рухани құндылықтарды меңгеруін және жетілдіре түсуіне жалпыадамзаттық құндылыққа ие болуына ықпал ету. Сәйкесінше, бұл үдеріс- әлеуметтану және тәрбие үдерістерімен тығыз ықпалдастықта жүзеге асып отыратындығын байқауымызға болады.

Өзін-өзі тану үдерісінің түпкі ойы ретінде тұлғаның «өзін-өзі тануы» дегенімізді анықтап алатын болсақ, ол-тұлғаның жан дүниесін тануға бағдарланып жүріп жатқан үдеріс. Бұл түсінік сонау антик дәуірінің фәлсафашысы Сократтың «Өзінді-өзің таны» -деген дана сөзінен бастау алған. Психолог ғалым З. Фрейдтің шәкірті австриялық психиатр А. Адлер өзін-өзі танудың мән-мағынасын адамның өзінің алдына қойған шынайы мақсатын танудан көреді. Ж. Маралов бойынша, «өзін-өзі тану» - бұл өзінің потенциалды және жеке

бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі.

Ал, Өзін-өзі тану процесі - өзін тану, білу мақсатына жету әрекеттерінің жүзеге асуы. Тұлғаның өзін тану құралы – өзін-өзі тану баспалдақтары арқылы жүзеге асады. Оған: өзін-өзі бақылау, өзіндік талдау, Өзін сендіру, көндіру, өзін-өзі басқару және салыстырумен дамыту тәрізді т.б сатыларды жатады.

Тұлғаның өзін-өзі тануы-қоғамнан өз орнын табуға және қоғамға пайдалы әрекет жасауды көздейтін тұлға болып шығуына маңызды ықпал етуші фактор ретінде көрніс табады. Тұлға әлеуметтенуіндегі өзін-өзі тану үдерісінің ықпалдастығы өзін-өзі тану сабақтарының маңызды бес құндылықтық-аспектісі арқылы жүзеге асады. Бірінші құндылық ,ақиқатты тану құндылығы -интеллектуалды аспекті ретінде тұлғаның шындықтың шыңына жетуге, ақ пен қараны ажарата білеуді сананың жоғарғы деңгейінде сезіну; екінші, қиянат жасамау құндылығы — рухани аспекті ретінде тұлғаның өзіне және әлемге жақсы оймен дұрыс іс әрекеттің үлгісін көрсете отырып рухани дамудың жоғарғы шыңына жету жолын көрсетеді; үшінші, сүйіспеншілік құндылығы — адамгершілік аспектісіне жатады. Яғни, тұлға дүниетанымындағы рухани-адамгершіліктік құндылықтарын шынайы сүйіспеншілікпен жеткізу; төртінші, ішкі тыныштық құндылығы— эмоциялық аспекті. Бұл аспекті- тұлғаның жан дүниесінің жай-күйінің атмосферасын тұрақтылықпен тыныштықта болуын қарастыратын ішкі тыныштық құндылығы; бесінші, дұрыс әрекет құндылығы— физикалық аспекті. Бұл құндылық негізінде тұлғаның іс – әрекетіне бағдарланған. Яғни, жақсы ой- жақсы іс әрекетке бастайтын жол екендігін нақтылай келе, әр тұлғаның дұрыс әрекетке қадам жасауы-әлемге ,қоғамға, ортаға, отбасына, ең бастысы тұлғаның өз өмірін гүлдендіруге әсер ететін құндылықты меңгеруге әсер етеді..

Сондықтан, Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол адамды нағыз білімді адам деп атауға болады. Жалпы аталған құндылықтар адамның ұлтына, нәсіліне, тұратын ортасына және діни, мәдени тиістілігіне байланыссыз және уақытпен шектелмейді. Олар адам руханияты мен мәдениетінің бірыңғай негізін құрайды. [6]

Қорыта келе, өзін-өзі тану үдерісі – бұл тұлғаның әлеуметтенуінде маңызды көрсеткішке ие. Өзін-өзі тану үдерісі-тұлға әлеуметтенуінде тұлғалық, интеллектуалдылық ерекшеліктерін дамытуға ықпал етеді. Өзін-өзі тану - тұлға әлеуметтенуі барысында өзін-өзі тануына қолайлы жағдайлар тудырып, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін басты үдеріс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Приздені-Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол». - Астана, 2014.
2. Педагогикалық танымдық журнал «Өзін-өзі тану» - 2011. - №4 [8-9]б;
3. Г.К. Ахметова, З.А. Исаева, Н.С. Әлқожаева. Педагогика. - Алматы: Қазақ университеті., 2006 – 220 б [30-37];
4. Ш.Т. Таубаева. Педагогика әдістемесі. - Алматы : Қарасай, 2013- 432 б [25]
5. Педагогикалық танымдық журнал «Өзін—өзі тану» —2011. — №5-6. — 29б
6. Студенттердің тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асырудағы «өзін-өзі тану» пәнінің рөлі // Молодой ученый. — 2015. — №8.2. — .36-38б.

Дәуірбек А.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Мукашева А.Б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН СҮЙІСПЕНШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ (10-11 – сыныптар)

Қазіргі таңға сай елімізде туындап жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар білім беру саясатына жаңа көзқарас қалыптастыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалу қажет деп көрсетілген[1]. Жеке адамды дамытудың басты бағыттарының бірі – адамгершілік құндылықтарды дамыту. Сонымен қатар жеке тұлғалардың қарым-қатынас мәдениеті барысында құндылықтарға негізделіп отырып, құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға бағытталған міндеттерді шешуде сүйіспеншілік құндылығының алатын орны ерекше. «Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар» деп Ұлы Абай айтса, халық даналығы: Сүйіспеншілік - тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі» екенін тағы да еске салады.

Жалпы білім беру үдерісінде құндылықтарға негізделіп, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруда «Өзін-өзі тану» сабақтарының маңызы зор. «Өзін-өзі тану» сабақтарындағы сүйіспеншілік құндылығы Сара Алпысқызы айтқандай, «Сүйіспеншілік дегеніміз қасиетті құбылыс. Оның әрбір көрінісі қоршаған әлемге деген құштарлық бізді одан әрі ізгілікке бастап, жетілдіре түседі»[2]. «Өзін-өзі тану Қазақстан Республикасындағы білім және тәрбие беру үдерісін дүниетанымдық өзгертудің нақты бастамасы деп анық тұжырымдауға болады. Адамгершілік, сүйіспеншілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Сүйіспеншілік пен адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам сүйіспеншілік құндылығын күнделікті тұрмыс-тіршілікте, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, қарым-қатынас құзыреттілігі қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борыш.

Міне, осы тұрғыдан келгенде «Өзін-өзі тану» - бағдарламасының алар орны ерекше. «Өзін-өзі тану» идеясының мақсаттары мен міндеттері – балалар, жасөспірімдер және жеткіншектердің бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту [3]. Ерекше атап айтқанда, сүйіспеншілік құндылығы арқылы балалар мен жеткіншектерді кезеңмен адами қарым-қатынас нормаларымен, жалпыадамзаттық адамгершілік қағидаттарымен таныстыру, олардың қарым-қатынас құзыреттілігін, ізгілік қатынастарын қалыптастыру мен дамыту.

12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортаға бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Осы мақсатқа орай, мектеп оқушысының бойында қалыптасуы керек негізгі құзыреттіліктері анықталады. Солардың бірі – коммуникативтік құзыреттілік.

Коммуникативтік құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Педагогика ғылымында қарым-қатынас құзыреттілігі мәселесін Л.К.Гейхман, И.И.Рыданова, И.И.Зарецкая, Н.В.Кузьмина; коммуникативтік құзыреттіліктің даму көздерін С.В.Кривцова, Ю.Н.Емельянов, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова және т.б. қарастырды.

Коммуникативтік құзыреттілік негізгі топқа жатқызылады, кәсіби, әлеуметтік және тұлғааралық құзыреттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік тиімді қарым-қатынас жасаудың жетекші факторы болып табылады және қазіргі өмір сүру жағдайында табысты әлеуметтену, бейімделу және өзін-өзі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және көп жағдайда тұлғаның жетістігі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Қарым-қатынас құзыреттілігін кең ауқымды зерттеулер, аталған мәселе қазіргі заманғы педагогика ғылымы мен білім беру практикасында маңызды екендігін көрсетеді. Дегенмен, бұл мәселенің теориялық тұрғыдан негізделгеніне қарамастан, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде де түбегейлі өзгеріске ұшырады деп тұжырым жасауға болмайды. Бұл мәселені өзге қырынан, яғни «Өзін-өзі тану» сабақтарында сүйіспеншілік құндылығы арқылы оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін теориялық зерттеуді қажет етеді.

Мектептің оқу-тәрбие үдерісінде сүйіспеншілік құндылығы арқылы оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін дамытудың қазіргі таңдағы қажеттілігі мен оның ғылыми-педагогикалық, әдістемелік тұрғысынан негізделуі арасындағы қайшылық орын алып отырғандығы байқалады. Осы аталған қайшылықтың тиімді шешімін іздестіру зерттеу проблемасы мен тақырыбын «Өзін-өзі тану сабақтарында сүйіспеншілік құндылығы арқылы оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту» деп белгілеуімізге негіз болды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру деп атап көрсетілген [4]. Сондықтан оқу тәрбие үрдісінің алдынды тұрған негізгі міндет табысты және тиімді әрекетке дайын өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекетін өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың бойында ұлттық және азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту, рухани күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, құзыреттіліктерін арттыру, соның ішінде қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туындайды.

Осыларды ескере отырып, еліміздің мектептерінде 2001 жылдан бері «Өзін-өзі тану» бағдарламасы саралаудан өткізіліп, оқу жүйесіне енгізіліп келе жатқан еді. Ал 2010-2011 оқу жылынан бастап бұл пән жалпы білім беретін мекемелердің барлығына жаппай енгізіліп, қазіргі таңда «Өзін-өзі тану» пәні жастардың бойында сүйіспеншілік, адамгершілік, мейірімділік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарып келеді. Өзін-өзі тану – адамның өзіне терең мән берудің алғашқы қадамы. Ойшыл Сократ: «Өзгені тану үшін өзінді-өзің таны» деген болатын.

Бұл пән жобасының авторы Сара Алпысқызы атап өткендей, «Әр баланың қабілетін ашуы, өзіне жол табуы, өзінің күш-жігеріне сенуі өзінің өмірдегі орнын анықтау үшін өте маңызды! Әлемде махаббат пен мейірімділік аурасын жасай отырып, қарапайымдылық пен махаббат жүректен жүрекке жетуі тиіс».

Жастардың қарым-қатынас құзыреттілігі және оларға құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тәрбие мен білім беру бағытында зерттеулер ұйымдастырылуда. Аталған мәселеге ғалымдар әр қырынан мән беріп, түрлі зерттеулер жүргізді. Мысалы, философиялық тұрғыдан қарым-қатынастың философиялық негізін қалағандар М.Х. Балтабаев, Д.Кішібеков және т.б. қарастырған. Психологиялық тұрғыдан қарым-қатынастың психологиялық мүмкіндіктерін қарастырғандардың қатарына Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, С.Бабаев жатады. Сондай-ақ, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Ж.Наурызбай сынды зерттеушілер қарым-қатынастың этномәдени аспектілерін қарастырған. Шетелдік зерттеулерге сүйенсек жас буынның қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту

мәселесінің түрлі аспектілерін Г.М.Андреева, Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, Е.И. Голохова, А.Б. Добрович, А.А. Бодалев, Л.А. Петровская, В.В. Столин және т.б. ғалымдар зерттеген.

Шет елдік энциклопедиялық сөздіктер және С.И. Ожеговтың түсіндерме сөздігінде бұл түсініктің екі мәні бөлініп көрсетіледі: алғашқысы – қандай да бір сұрақ шеңберінде хабардар ету; одан соң – біреудің өкілеттілік немесе құқық шеңбері. Осы анықтамалардан шыға отырып құзыреттілік ғалымдар арасында тұлға сапаларының өзара байланысқан бірлігі ретінде қарастырылады: білім мазмұнын меңгеруге байланысты тұлға дамуының деңгейі ретінде нақты үдерістер мен пәндер шеңбері қарым-қатынасы бойынша қойылатын білім, білік, дағды, іс-әрекет әдістері (А.Н. Дахин, А.В. Хуторской және т.б.) [5].

Авторлар қатары құзыреттілікті нәтижелі әрекет ету, оқудағы және өмірлік тәжірибедегі білімдерді қолдана отырып нақты өмір жағдайында пайда болатын мәселелерді және әдеттегі тапсырмаларды тиімді шешу қабілеттілігі ретінде (О.В. Акулова, М.В. Рыжаков, Г. Селевко, С.Е. Шишов); жеке немесе қоғамдық талаптарға ұтымды жауап беру немесе тапсырмаларды орындау қабілеттілігі ретінде анықтайды (Д.А. Иванов).

Психологиялық қырынан алып қарасақ, И.А. Зимняя бойынша құзірет – бұл кейіннен адам құзіреттілігінде өзекті іс-әрекеттік көріністер ретінде байқалатын кейбір ішкі, әлеуетті, психологиялық жаңа пайда болуларды жасырып ұстау (білім, елестету, әрекет алгоритмі, құндылықтар және қарым –қатынас жүйесі) [6].

Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру Тұжырымдамасында көрсетілгендей құзыреттіліктің өзі өзара тәуелсіз бірнеше бөліктерден тұрады. Оларды талдап сараптай келе, нәтижеге бағытталған білім беруде күтілетін тұлға құзыреттілігін былайша сипаттауға болады:

- өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта білуі;
- өзінің қызметін бағалай білуі;
- мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі;
- өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі;
- өз бетінше алынған ақпаратты талдай, таңдай білуі;
- түрлі өмірлік жағдайларда пайдалы, тиімді шешім қабылдай білуі [26].

«Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты» жобасында «Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзырет – дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген.

Ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілікті қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі оқушының құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, «құзыреттілік» деген ұғымға нақты тоқталатын болсақ: құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс - әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Яғни құзыреттілік - жеке тұлғаның білімімен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым. Білім беру саласына «құзырет» және «құзыреттілік» түсінігі ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап кеңінен тарала бастады.

Кей жағдайда біліктілік ұғымын құзыреттілік ұғымымен нақтылайды, алайда бұл екі ұғымда салыстарған жағдайда, құзыреттілік ұғымының мағынасы кең. Себебі: құзыреттілікке біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен іскерлікке қоса, топта, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпарат алу оны пайдалану, б. іскерліктер жатады.

Сонымен, құзыреттілік дегеніміз тек жалпылама білім мен тәжірибе ғана емес, оны белгілі-бір қызметте қолдана білу қабілеті болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, адамның жинаған білімі мен тәжірибесін іс жүзінде жүзеге асыра алу қабілеті мен бейімділігі.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының құзыреттілігі мына үш аспектімен сипатталады:

- Мәндік аспект - ахуалды жете түсіну, оны ұғыну, және оған деген қарым - қатынас, теориялық негізін, маңызды мәселелерді ұғыну;

- Проблемалық - практикалық аспект - оқушының алдына мақсат, міндет нормалары қойып және орындау жолдарын анықтау;

- Коммуникативті аспект - оқушының осы үрдіске, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Құзыреттілік - оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеден қолдана алу. Мәселені шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрамдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Сонымен орта білім беру тұжырымдамасында оқушыдан орта білім берудің негізгі күтілетін нәтижелері ретінде оқушының негізгі құзырлығы төмендегіше анықталады:

1. Құндылықты - бағдарлы құзыреттілік - жасампаз қоғам өмірінде өз рөлін таба білу біліктілігі, азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, ең бастысы - өз Отанының патриоты болу.

2. Мәдениеттанымдылық құзыреттілік - рухани келісім мен толеранттық идеяларына бейім болу. Өз халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көп түрлілігін түсіну, бағалау: жалпы азаматтық мәдениет жетістіктері мен этномәдениеттік құбылыстарды тани білу.

3. Оқу-танымдылық құзыреттілігі - оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдылық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлық. Әлемнің ғылыми бағытын ізденушілік-зерттеушілік әрекет арқылы игеру.

4. Коммуникативті құзыреттілік - адамдармен өзара әрекет пен қарым - қатынас тәсілдерін білу, түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс істеу.

5. Ақпараттық технологиялық құзыреттілік - өз бетінше іздей білу, талдау, таңдай білу, ақпараттық технологияны игеру, интерпретациялау.

6. Әлеуметтік еңбек құзыреттілігі - отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді қоғамдық азаматтық тәрбие мен білімге ие болу. Әлеуметтік - қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап, шешім қабылдай білу.

7. Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі - қызметін өзіндік қадір қасиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау, өз мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарламен салыстыра білу.

О.Н. Мачехинаның «Жоғары сынып оқушыларында әлеуметтік құзыреттілікті дамытудың педагогикалық талаптары: жобалау мән мәтіндік тұғыр» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде әлеуметтік құзыреттіліктің бес түрі бөлініп көрсетілген:

- денсаулық сақтау,

- азаматшылдық,

- әлеуметтік өзара іс-әрекет,

- қарым-қатынас,

- ақпараттық-технологиялық [7].

Қарым-қатынас құзыреттілігі деп басқа адамдармен байланыс орнатуға қажетті білімдер, біліктер мен дағдылар жиынтығынан тұратын, тиімді қарым-қатынас қамтамасыз ететін мүмкіндіктер түсіндіріледі [8]. Қарым-қатынас құзыреттілігі өзара қарым-қатынас жағдайларында қалыптасады, сондықтан да адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынас тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Бұл тәжірибе тек өзара тікелей қарым-қатынас үдерісінде ғана қалыптасып қоймай, сонымен қатар жанама қарым-қатынас, мысалы әдебиеттен, театрдан, кинодан алатын қарым-қатынас жағдайларының сипаты жайлы, тұлға аралық өзара қарым-қатынас және оны шешу жолдары жайлы ақпарат алады.

Әлеуметтік психологияда қабылданған қарым-қатынас құрылымына сүйенетін болсақ, ол перцептивті, коммуникативті және интербелсенді аспектілерден құралған коммуникативті құзыреттілікте қарым-қатынасты құраушы ретінде қарастыруға болады. Онда коммуникативті үдеріс «белсенді субъекті ретінде адамдар арасында қарым-қатынасты есепке ала отырып жүргізілетін ақпараттық үдеріс» [9].

Барлық «психологиялық құралдардың» маңызды сапалы сипаты ретінде адамға «жалпы бағытталғандығы» болып есептеледі, ол өз кезегінде тиімді қарым-қатынас негізін құрайды [10]. Индивидтің өзге адамның жақсы сапаларына бағдарлануы тиімді қарым-қатынаста маңызды болып табылады, себебі, ол біз қарым-қатынас жасап отырған адамның тұлғалық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Қарым-қатынас құзыреттілігі құрылымында – ойлау, іс-әрекетін талдау, мотивтерін көру және т.б. танымдық үдерістерді жүзеге асырады. Адамның өзгелермен тиімді қарым-қатынас құра білуінің шарты идентификация, эмпатия және әлеуметтік рефлексиядан тұратын әлеуметтік-психологиялық перцепцияға байланысты. Сонымен, қарым-қатынас құзыреттілігі тек индивидтің тұлғалық сапаларын ғана қамтып қоймай, белгілі бір бейнеде танымдық үдерістерді және эмоционалды саласын қамтитынын көрсетеді.

Жалпы орта білім беру мемлекеттік құжаттарға сәйкес бастауыш және негізгі (орта), кәсіптік бағдар беру сатысы ретінде бөлінеді. Ал, жеке тұлғаның өзіндік құзыреттіліктерінің қалыптасуы бастауыш мектепте қуатты жүреді. Дегенмен, жоғары сынып – жасөспірім жастағы балаларға қалыптасқан әлеуметтік құзыреттіліктерді ары қарай дамыту, олардың болашағына тікелей ықпал етеді. Жоғары сыныптың маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының рухани өзегі дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталады. Жоғары сыныпта жасөспірімнің жинақтаған білімдер мен біліктерін іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі қаншалықты маңызды екеніне көзі жете бастайды. Сондықтан жасөспірімдік кезеңдегі қарым-қатынас құзыреттілігінің даму дәрежесі жоғары сынып оқушысының әлеуметтік саласына ғана емес, оның оқу жетістіктеріне де байланысты.

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрі болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев концепциялары қарым-қатынаста "субъект - субъект" қатынасында қарастыруды негіздейді, басқаша айтқанда оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылатын қарым-қатынас тең позициялы түрде жүргізу қажет. Осы тұрғыда қарым-қатынасты жетілдірудегі әр баланы коммуникативті қарым-қатынастың субъектісі ретінде қарау, тану, дамыту қажет болады. К.Левин жоғары сынып жасындағы қарым-қатынасты әлеуметтік-психологиялық құбылыс көзқарасы тұрғысынан қарастырды. Оның пікірінше, тап осы кезеңде бозбала мен бойжеткеннің өмірлік көзқарасының кеңею үдерісі жүреді, болашақ қарым-қатынас ортасы қалыптасады және т.б. Д.Б. Эльконин жоғары сынып жасындағы қарым-қатынас рөлін мәдени-тарихи теория тұрғысынан зерттеді. Зерреушілер белгілеген тұғырларға сәйкес коммуникативті құзыреттіліктің мәні дегеніміз қарым-қатынас міндеттерін (ақпаратты жеткізу, әңгімелесу, байланыс орнату және т.б.) шешуге қажетті әртүрлі типтегі байланысқа (вербальды және вербальды емес, ауызша және жазбаша) түсу мүмкіндігі және дайындығы.

Қарым-қатынас құзыреттілігі келесідей біліктер мен дағдылардан құралған:

- байланысқа түсу және оған бастамашылық жасау;
- алғашқы жағымды әсер қалыптастыру;
- сұрақтар қою және оған жауап беру;
- әңгіме жүргізу, өзінің ойын анық және қысқа жеткізу;
- әңгімелесушіні оның ұстанымын, ойын анықтауға ынталандыру;
- әңгімелесуші не айтқанын тыңдау және түсіне алу;
- кері байланыс жасау, яғни әңгімелесушіні тыңдап және түсініп жатқандығын білдіру;
- әңгіме барысында, дискуссияда эмоционалды қысымды теңестіру;

- әңгімелесушінің вербальды емес белгілерін есепке алу және сауатты түсіну (көзқарастарын, мимикасын, ым-ишара және т.б.);
- қарым-қатынас үдерісінде өзіндік экспрессивті белгілерін басқара алу;
- өзгелермен өзара тиімді қатынаста ынтымақтастық орнату;
- қарым-қатынас үлгілерін меңгеру;
- өзара қатынас барысында қарым-қатынастың түрлі стилдерін қолдану;
- өзара қатынаста мақсатқа жету үшін коммуникативті құралдарды және сөздік жанрлардың қыр-сырын түсіну маңызды.

Қарым-қатынас құзыреттілі белгілі бір ортада тұлғалық қатынастарды тиімді құра білуге қажетті ішкі ресурстардың жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл құзыреттілік түрін дамыту қазіргі таңда бірнеше қағидалық бағыттар мен олардың үйлесімін қажет етеді. Қарым-қатынастағы құзыреттілік әртүрлі психологиялық арақашықтықтағы байланыстарды құруға дайындығын және құра білуін болжайды. Психологиялық позициялардың ауысымындағы адекватты икемділік – қарым-қатынастағы құзыреттіліктің маңызды көрсеткіштерінің бірі

Қорытынды:

Қорыта келгенде, адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға бағытталған міндеттерді шешуде сүйіспеншілік құндылығының алатын орны ерекше. «Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар» деп Ұлы Абай айтса, халық даналығы: Сүйіспеншілік - тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі» екенін тағы да еске салады. Ғалымдардың пікірінше жасөспірімдік шақта қарым-қатынас әрекеттің бастаушы түрі болып табылады, және бозбалалық шақта да өз маңызын жоғалтпайды. Қарым-қатынастың арқасында жоғары сынып оқушылары байланыс жасайды, әртүрлі әрекет түрлеріне қосылады. Барлық зерттеушілер мен психологтар (Л.С. Выготский, Л.И. Божович, И.С. Кон) жоғары сынып жасындағы жасөспірімдердің құрдастарымен қарым-қатынасы маңызды рөл алатынын құптайды.

Қарым-қатынас адамның өмірінің негізгі құраушысы, ал коммуникативті құзыреттілік – қарым-қатынастағы табыстылықтың құраушы факторы. Кейбір зерттеушілер коммуникативті құзыреттілікті тұлғаның жеке сипаты ретінде қарастырады Құрдастарымен қатынасы жасөспірімнің басқа да әрекеттері мен мінез-құлқына тікелей әсер ететіндігі дәлелденген. Отандық және шет елдік зерттеушілердің қарым-қатынас мәселесін талқылауында көп ортақ шешімдер анықталды. Олардың бірі қарым-қатынас тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл ойнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. // Алматы:Юрист, 2007. –42б.
2. Назарбаева С.А. Өмір әдебі: Әдеби эссе, толғаныстар. – Алматы, 2003. – 36б.
3. Формирование общечеловеческих ценностей как фактор нравственно-духовного становления личности, А.И.Ахметова, Р.Ж.Базарбекова, «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы» халықаралық педагогикалық оқулар материалдары 31қазан–1қараша, 2012ж
4. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен қабылданған ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Рахматуллин.Р. Я. Формирование социальной компетентности учащихся в условиях обновляющейся информационно-образовательной среды (на материале учебных дисциплин социально-гуманитарного профиля): аналитический доклад. – М.: ИСПРАО, 2010. – 36 с
6. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. – 2004.

7. Мачехина О.Н. Педагогические условия развития социальной компетентности старшекласников: проектноконтекстный подход: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - М., 2007. - 24 с.
8. Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Растянников П.В. Диагностика и развитие компетентности в общении, М., 1990
9. Краткий психологический словарь (под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского), М., Политиздат, 1985
10. Бодалев А.А. Личность и общение, М, 1982
11. Петровская Л.А. Компетентность в общении. – М.: Изд-во МГУ, 1989.- 216с

Айнабек Н.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педогогика
және өзін өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИДІҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІКТІК БІЛІМ

«Білім – адам баласының ортақ қазынасы», -деп Жүсіп Баласағұни айтқандай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «білім берудегі мақсат – қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығына қол жеткізу болып саналады. Білім беру ұйымының басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген [1]. Өйткені, жас ұрпақты жан- жақты жетілген, ой-өрісі биік, ақыл-парасатты, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Жастардың бойна рухани адамгершілік құндылықтарды дарытуда «Құтты білік» еңбегінің орны айрықша. 1069 жылы он сегіз айдың ішінде жазылған бұл дастанның басты мұрасының бірі: құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, «кедейді орташаға», «орташаны байға» жеткізу, елдің әл ауқатын өсіріп, іргесін нығайту. «Құтты білік» дастаны адамзатты тура және әділ жолға бастайды. Ғұламаның «Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым – Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» деген ой-пікірі дастанның әрбір адам үшін құндылығын аша түседі.

Бұл дастан тәлім-тәрбиелік, ғибраттық, өсиет-өнеге, нақыл сөздер түрінде жазылған педагогикалық және психологиялық, философиялық тұрғыдағы еңбек болып табылады. Сонымен қатар, ғұлама ойшыл «Құтадғу білік» дастанында, «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде сол білікті болады», «Білімсіздер бар кеселдікөреді, емдемесе тектен-текке өледі», «Ақыл шырақ – қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!», «Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, қарақшы, ұрыға да тоналмас!» деген нақыл сөздері арқылы ақыл мен білімді әр түрлі формада, әр түрлі сарында бейнелейді. Білім-білік туралы Жүсіп Баласағұни өзіне ақыл-кеңес береді: «Білік біліп – төрден орын аларсың, Білік білсең, күшті, берік адамсың», «Білік – түпсіз, шексіз-шексіз бір теңіз, қанша өмір, сарқылмайды білсеңіз!» [2].

Жүсіп Баласағұнидің осындай дидактикалық өсиет, ғибрат, ақыл-кеңеске құрылған дастаны 6500 бәйттен тұрады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан тұрғысынан алып қарасақ, «Құтты білік» дастанының бүгінгі адамзат қоғамы үшін құндылығы мынада болып табылады:

- «Құтты білік» – халықтың құты, ырысы болған ілім;
- әрбір адамға бақыт сыйлайтын, құт әкелетін білім;

–ғасырлар бойында көзі ашық, көкірегі ояу кемел ұрпақтың бойына адамдық, азаматтық қасиеттерін, адалдық дәстүрлерін сіңіріп, жан-дүниесіне руханикүш дарытатын тәрбие тұжырымдамасы[3].

«Құтадғу білік» бір жағынан, ақылнама өсиет сөз. Өмірдің өз табиғатынан, тұрмыс толғамдарынан туған даналық. Сол ақыл сөз, тағылымды толғаныстар уақыт өте келе түрленіп, құбылып мақал мәтелдерге, нақыл, қанатты тіркестерге айналған. Сонымен қатар бұл дастанда тәрбиенің практикалық мәнділігіне сәйкес мақсаты да көрсетілген. Адамды өмірде үш рөлге – азамат, қоғам иесі, отбасы иесі ретінде тәрбиелеуге ерекше орын берілген. Азамат ретінде адамға тән сапалар: кісілік, тектілік, парасаттылық, жолдастық, жостық, рухтылық, мәрттілік, серілік, антқа беріктік, аманатқа адалдық сияқты қасиеттерді ұлағат етеді. Дастанның мазмұны азаматтың кісілік қадір-қасиетін, мән- мағынасын, қыр- сырын терең сипаттауға бағытталған. Мәселен:

«Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те–
Кісілікті кісілікпен құрметте!
Тірі кісі кісілігін асырсын;
Кісілікпен,ей, мәрт ерім, ұлы бол;
Кісілікке түсер содан ұлы жол;
Адамшылық жаса адамға, адам бол;
Адам атын мақтаныш қып адал бол!

Сонымен қатар, дастанда адамның Отаны, туған жері, атамекені алдындағы перзенттік парызы дәріптеледі. Елдің бірлігін, мемлекеттің мызғымастығын, халықтың байлығын сақтап қалу үшін ғұлама жастарды еңбекқор болуға, отансүйгіштікке шақырады, ерлік, батырлық, намыскерлік, жауапкершілік сапаларын жоғары қояды.

Ж. Баласағұнидің ілімі – ізгілік педагогикасының қайнар көзі, дастанда ізгіліктің сипаты, пайдасы толық ашылып көрсетіледі. Ғұлама адам бойындағы ізгілік жақсы адамға тән екендігін айта отырып, жақсы адам мен жаман адамның өмірдегі мәніне салыстырмалы талдау жасайды. Жақсы адамның ешқашан аты өшпейтіндігін, жаман адамның ешқашан аты аталмайтынын ескере отырып, ізгі іс қай адамды болмасын жақсылыққа апаратын жол, құрметке бөлейтін қасиет екендігін меңзейді:

Ізгілік пен жақсы қылық – амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады.
Сен ізгілік етер болсаң; одан да,
Кел ізгілік қыл, сөзінді доғар да.

Адам бойындағы ізгілік оның ізгі ниетінен, ізгі сөзінен және ізгі қылығынан көрінетінінғұлама өте көрегендікпен тұжырымдаған. Ізгі ниет – адамды ізгілікке, адамгершілікке итермелейтін ішкі күш, сондықтан оны адам бойында қалыптастырудың маңызы зор:

Жақсы болса ердің ниет-құлығы,
Іс-тілегі түгел болар ғұмыры.
Ниеті оң – тек жақсылық табады,
Ниеттен-ақ жанға сауап алады.

Ізгі қылық, ізгі ниет пен ізгі сөздің іс жүзіндегі көрінісі, ол адамның мінез-құлқынан көрінеді. Ізгі қылық арқылы адам өзінің жақсылығын айналасындағы адамдарға күн нұрының шуағандай тарата алады, ай сәулесіндей көрсете біледі, жарқырап тұрған жұлдыздай таныта алады[4].

Ізгілікті – адами қасиеттерді тәрбиелеуде Ж. Баласағұнидің ойынша, адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыруда басты рөл атқарады, соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі бір-біріне сай, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге болады.

Дана ойшыл Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, әділетті ұстанымын, парасат-пайым қанағатшыл құлқын асқақтатады.

Бек кісіге – керек ұят, ақыл, ар,
Зұламат күш жоқ, ақыл – арды жапырар.
Ұяты бар адамдар пәк, момын да,
Ұятты іске тигізбейді қолын да.
Кімге тәңір берсе ұят, намысты,
Оған қоса бергені құт, даңқты!

Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің, арлылық пен сыпайылықтың негізі. Сондай-ақ Баласағұни өз шығармасында білім мен ғылымның мәніне де зор көңіл аударады.

Білік – түпсіз, шексіз-шексіз дір теңіз,
Қанша сімір сарқылмайды, білсеңіз!
Біліммен ер басын алып жүреді,
Ал, білімсіз басын оққа тігеді.
Білім алып, биіктей бер адам бол,
Ел ішінде мал атанған надан мол [5].

Жүсіп Баласағұнидің айтуынша, ізгілікті қоғамдағы барлық адам өздерінің қоғамдағы алатын орнына қарамастан өз бақытан табуға мүмкіншілік беретін осы жол. Кім қайырымды болып, жамандық атаулыдан безсе, соны бақытты адам деуге әбден болады. Нағыз бақытты адамдардың ынтымақ-бірлігі халыққа риясыз еңбек етуінде.

Қорыта келгенде, «Ізгілік» – әр кісіні де ізгілік жасауға үгіттеу. «Құтты білік» дастаны адами өмір – ізгілік жасау екенін ұқтырады. «Адамдардың жақсы қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре білсе, қоғамды да жақсартуға болады», - дейді Ж. Баласағұни.

Артына өшпес мұрақалдырған Жүсіп Баласағұнидің бұл еңбегі – ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазына.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.– Астана, 2007
2. Педагогика, әлеуметтік педагогика, өзін-өзі тану тарихы: оқу құралы/Баширова Ж.Р., Бекмағамбетова Р.К., Әлқожаева Н.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.-248 б.
3. Қажығалиева Ж.Б., омарова Г.А. Адамзат тарихындағы шынайы көшбасшылар «көшбасшының рухани–адамгершілік аспектілері».– Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО,2013.-96 б.
4. Әбдікәрімұлы Б., сарбасова Қ.А. /Ж. Баласағұни педагогикасы: оқу құралы, - Қарағанды: ҚарМУ баспасы,
5. Құтты білік // Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы : «Өлке», 2006. – 640 б.

Мукашева А.,
студентка 3 курса специальности Социальная
педагогика и самопознание КазНУ им. аль-Фараби
Научный руководитель: д.п.н., профессор Мукашева А.Б.

РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ САМООПРЕДЕЛЕНИИ УЧАЩИХСЯ ШКОЛЫ

В современном мире ученику старших классов важно сделать правильный выбор профессии. Известно, что правильно выбранная профессия напрямую влияет на дальнейшую жизнь человека. Но ученику очень часто приходится тяжело самому решить этот вопрос, поэтому здесь должны быть задействованы класный руководитель, семья, психолог и социальный педагог.

Правильно организованная профориентационная работа, проведенная как в школе, так и в семье, помогает учащимся быстро разобраться с проблемами, которые возникают у них при выборе будущей профессии.

Понятие «профессиональная ориентация» рассматривалось учеными разных направлений научного познания.

Например, с точки зрения А.Д. Сазонова, Н.И. Калугина, А.П. Меньшикова, профессиональная ориентация – это деятельность по подготовке молодежи к выбору профессии, а социально-профессиональную ориентацию они характеризуют как подготовку молодежи к выбору профессии и своего места в обществе [1].

В настоящее время профессиональное самоопределение рассматривается параллельно как объект научного интереса педагогов и психологов, а также социальных педагогов. Например, В.А. Климов считает, что профессиональное самоопределение есть деятельность личности, обретающая определенное содержание с учетом этапа ее становления как субъекта труда. Таким образом, профессиональное самоопределение включает процесс приобщения к профессиональной группе и постоянный поиск возможностей собственного развития [2].

На наш взгляд, роль социального педагога с профессиональным самоопределением учащихся очень важна. Ведь он активно участвует в организации профориентационной работы в школе, оказывает поддержку в профессиональном самоопределении старшеклассников. Социальный педагог помогает учащимся определиться с выбором жизненного пути и выбором подходящей деятельности, т.е. профессий. Профориентационная работа требует системности и последовательности, организационных действий от социального педагога.

Социальный педагог ведёт работу по следующим направлениям:

- 1) Диагностика, то есть выявление скрытых способностей, потенциалов и интересов. Без диагностики будет сложно дальше работать с учащимися. Это является основой;
- 2) Индивидуальная консультация;
- 3) Профессиональное воспитание, которое формирует у учащихся ответственность, профессиональную честь и достоинство.
- 4) Профессиональное просвещение. Оно включает профинформирование, профпропаганду и профагитацию [3].

В своей деятельности социальный педагог должен работать, опираясь на принципы профориентационной работы, которые представлены следующим образом:

- 1) Систематичность и преемственность. Профориентационная деятельность должна вестись в течение всех 11 лет учебы в школе;
- 2) Дифференцированный и индивидуальный подход. Он используется в зависимости от возраста, ценностных ориентации, знаний и интересов учащихся;
- 3) Правильное сочетание массовых, групповых и индивидуальных форм профориентационной работы с учащимися и родителями;
- 4) Активное сотрудничество и взаимосвязь семьи, школы, профессиональных учебных заведений, центров профориентации молодежи, службы занятости, общественных молодежных организаций;
- 5) Связь профориентации с жизнью [4].

Не менее важным является работа непосредственно с родителями. Так как первичная социализация и становление личности ребенка происходит именно в семье.

Формы и направления работы социального педагога с родителями учащихся, на наш взгляд, могут быть представлены следующим образом:

- ежемесячное проведение собраний с родителями. На первом собрании нужно познакомиться с родителями и ввести в курс дел учащихся с помощью вводной беседы или лекции. Также, вначале нужно отобрать актив родителей, которые будут отвечать за привлечение других родителей к профориентационной работе;
- индивидуальная и групповая работа с родителями, в зависимости от запросов родителей, направлении деятельности и проблем учащихся;
- просвещение родителей о современном состоянии профориентации и современных востребованных профессиях в мире и стране;
- распределение родителей в соответствии с их способностями помощниками руководителей различных кружков, где занимаются их дети. Это поможет создать благоприятный микроклимат внутри кружка, также родители смогут помогать и контролировать детей;
- привлечение родителей к проведению различных мероприятий, опросов, бесед, анкетирования, тестирования.

Необходимо отметить, что придерживаясь вышеперечисленных форм и направлений, можно укрепить отношения между родителями и учащимися. Ведь именно доверие между родителями и детьми важно. Без доверия, дети не будут обращаться к родителям за советом в выборе профессии или наоборот, родители и дети возьмут для себя неправильную позицию по отношению друг к другу, что может привести к плохим последствиям. Поэтому, здесь важна роль социального педагога, чтобы он просвещал, привлекал, самое главное активизировал родителей на сотрудничество. Сотрудничество социального педагога с родителями может оказать большое влияние на будущее ребенка, а именно помочь в выборе профессии и в решении дальнейших жизненных задач.

Таким образом, можно сделать вывод, что организация социальным педагогом профориентационной работы с учащимися школы, обладает эффективностью и может оказать большое влияние на их будущее. Это может осуществляться с помощью тесного сотрудничества социального педагога совместно с педагогическим коллективом школы, родителями, и конечно же, с самими учащимися. Социальный педагог должен быть в этом деле очень аккуратным, владеть и уметь использовать свои знания, умения, навыки и педагогическое мастерство. Правильно организованная профориентационная деятельность, на наш взгляд, является одной из самых сложных функций социального педагога, так как именно она играет огромную роль в направлении учащихся к выбору будущей профессии и их правильному профессиональному самоопределению.

Литература:

1. Сазонов А.Д., Калугин Н.И., Меньшиков А.П. Профессиональная ориентация молодежи, - М.: Высшая школа, 2009. - 272 с.
2. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. — Ростов на/Д.: Изд-во «Феникс», 1996. – 512 с.;
3. <http://reshebniki-online.ru/node/371155>
4. Организация профориентационной работы в школе: Сборник инструктивно-методических материалов. – Биробиджан: ОблИПКПР, 2011. – 28 с.

**Хадрова Ш.,
эл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педогогика
және өзін өзі тану мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Булатбаева А.Ә.**

СТУДЕНТТЕРДІҢ УАҚЫТПЕН ӨЗІНДІК ҰЙЫМДАСТЫРУЫ

Қоғамның заманауи даму кезеңінде адамның іс-әрекеті және ұлттық және әлемдік қоғамдастыққа интеграциясының қажетті шарты болып табылатын тұлғаның үзіліссіз білім

алуға дайындығы өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі кезде жоғарғы білім берудің саласының алдында әрқашан кәсіби өзіндік дамуға қабілетті, шығармашыл маманды дайындау міндеті тұр. Осы міндетті шешудің аспектілерінің бірі болашақ маманның тұлғалық қасиеттерін, кәсіби іс-әрекетті дербес және тиімді атқару үшін практикалық іскерлікті дамыту. Әр студент өзін-өзі дамытуға қабілетті, кәсіби іс-әрекеттің нақты бір түрінде ғана емес, заманауи әлемнің қарама-қайшылықтарының көптүрлілігінде жол таба алатын субъект. ЖОО-да білім алудың ерекшелігіне студенттің өздік жұмысының рөлінің едәуір артуы және тапсырмаларды орындауды күнделікті бақылаудың жойылуы, сонымен қатар оқылатын пәндердің санының өсуі және оларды меңгеру уақытының шектелуі жатады.

2005 жылы С. Кови, А. Лакейн, Т.Н. Козловскаяның «Студенттердің уақытпен өзіндік ұйымдастыру туралы түсініктері» атты зерттеуі бойынша студенттердің 54,2%-ы бос уақыт қажеттілігін сезінген. Ал М.А. Реунованың 2013 жылы жүргізген зерттеуіне сүйенсек, бұл көрсеткіш 70%-ін құраған, яғни студенттердің уақытпен өзіндік ұйымдастыру деңгейі төмендеген.

Өзіндік ұйымдастыру – тұлғаның өзін және өз уақытын ұйымдастыруға икемділікпен байланысты іс-әрекеті және қабілеті және ол мақсатқа бағытталғандық, белсенділік, мотивацияның негізделуі, іс-әрекетін жоспарлау, дербестік, шешімді тез қабылдау және ол үшін жауапкершілік алу, әрекеттерінің нәтижелерін сыни бағалау және парыз сезімі арқылы көрінеді. Уақытпен өзіндік ұйымдастыру тайм менеджментпен етене байланысты [6].

Уақытпен өзіндік ұйымдастырылған ЖОО студентінің тұлғасы – уақытпен өзіндік ұйымдастыру саласында арнайы қалыптасқан түрткілер, білімдер, іскерліктер негізінде өз істері мен әрекеттерін мақсатты және өздік жоспарлайтын, уақытты рационалды бөлетін, индивидуалды ерекшеліктерін есепке ала отырып өз тіршілік әрекетін талдап, бақылап және түзететін тұлға. Ал, уақытпен өзіндік ұйымдастырылған ЖОО студентінің тұлғасын қалыптастыру – оқушыларға уақытпен өзіндік ұйымдастырылған мінез-құлық тәжірибесін дамытуға педагогикалық көмек көрсету және қолдауға бағытталған оқытушы мен студенттің педагогикалық жағдай құру өзара байланысты іс-әрекетінің арнайы ұйымдастырылған үрдісі.

Қазіргі кезде университет студентінің уақытпен өзіндік ұйымдастыруы мәселесін зерттеуге арналған белгілі бір білім қоры жинақталды:

– адам тіршілігінде уақытының ұйымдастырылуы ерекшеліктерін Н.Н. Брагина, Т.А. Доброхотова, Ю.М. Забродин, А.В. Бороздина, Н.А. Мусина, Я. Освальд, С. Шервуд;

– уақытты құндылық ретінде бағалаудың педагогикалық аспектілерімен А.В. Кирьяков, Г.А. Мелекесов, Н.Д. Никандров, З.И. Равкин зерттеді;

– тайм менеджментке үйретумен Г.С. Альтшуллер, Г.А. Архангельский, Д.А. Гранин, Н.А. Лаврентьева, А. Лакейн, С. Кови, А. Левитас, Д. Литвак, А. Макензи айналысты [7].

«Тайм менеджмент» педагогикалық технология ретінде дамыта оқыту технологиясына жатады. Студентке қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін дербес субъект рөлі беріледі. Тайм менеджмент – ешқашан орны толмайтын өмір уақытын жеке және оқу мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес пайдалануға мүмкіндік беретін технология.

Тайм менеджмент немесе уақытты басқару – іс-әрекеттің нақты түрлеріне жұмсалған уақыт көлемін саналы түрде бақылауды тиімділік пен өнімділік арнайы жоғарылату мақсатында жаттықтыру үрдісі.

«Тайм менеджмент» пәні жеке бағыт болып ХХ ғасырдың 60 жылдары бөлініп шықты. Тайм менеджмент – уақытты ұйымдастыру және оны пайдалану тиімділігін арттыру технологиясы. Бұл салада ресейлік авторлар Г.Х. Попова, А.К. Гастева и П.М. Керженцева және шетелдік мамандар Л. Зайверт (Германия), Ст. Кови, П. Дойл (АҚШ), Б. Санто (Венгрия) еңбектері кең таралды.

Қазіргі кезде тайм менеджменттің екі негізгі парадигмасы бар:

- істерді уақыт бойынша басқару;
- уақытты субъективті қабылдауды, уақытқа қатынасын басқару. Бұл сфераны қысқа және нақты ағылшынның — *time mentality* сөзімен атауға болады. Осыдан жалпы тұғырдың атауы *time mentality management* шығады.

Егер бірінші парадигма негізінде техника және технологиялар құрастырылған болса, екіншісі тек теориялық тұрғыдан қарастырылған.

Істерді уақыт бойынша басқару парадигмасы бойынша технологиялар үш негізгі қағидаға сүйенеді.

Приоритеттерді дұрыс қою. Ең әйгілі мысал — танымал «Эйзенхауэр матрицасы». Оның көмегімен істер «маңыздылық» және «жеделдік» критерийлері бойынша топтастырады.

Дұрыс жобалау. Оқиғалардың тізбегі бастапқы емес, соңғы нүктесінен бастап құрастырылатын «соңынан», «нәтижелерден» жоспарлау принциптеріне сүйенген технологиялар көп (бұл аспектіде қазір С. Кови (Кови, 2013) және Э. Голдрата (Голдрат, Кокс, 2009) жұмыстары танымал). Project management-тің базалық әдісі кең таралған «Гант диаграммасы» аралық нәтижелермен тоғысқан жұмыстардың параллелін құрады.

Хронофагтарды анықтау («уақыт жоюшылар») және олармен күрес. Бұл үшін тағы да сол «Эйзентауэр матрицасы» пайдаланылады. Жұмыс уақытын хронографиялық техникалар ұсынылады («артық» және «бөтен» істер, ақталмаған тым көп уақыт шығындалатын істер анықталады, одан кейін «оңтайландыру» міндеттері қойылады.

Уақытты басқару саласында жетекші эксперт және ресейлік тайм менеджерлік қоғамның негізін қалаған **Г.Архангельскийдің** пікірінше уақытты басқарудың жеке жүйесін құру үшін он қадам жасау керек: ол демалыс, мотивация, мақсат қою, «иілгіш» және «қатал» міндеттерді пайдалану, жоспарлау, приоритеттерді қою, ақпараттық кеңістікті дұрыс ұйымдастыру, уақыт жойғыштарды анықтау және тайм менеджмент технологияларын өмірге ендіруді қамтиды [2].

Тайм менеджменттің нақты технологиялары («Эйзенхауэр ұстанымы», «Франклин жүйесі», «Парето ұстанымы», «А, Б, В талдау», «SMARTS» тесті, «тайм менеджменттің 7 R»), жоспарлау, табыстау (делегирование) әдістемелерін пайдалану) уақытты тиімсіз пайдалануға әкеліп соқтыратын факторларды жоюға немесе азайтуға бағытталған.

Уақытты басқару бойынша танымал америкалық маман Стивен Кови өмірде реактивті және проактивті тұғырларды ажыратады. Реактивті – сыртқы жағдайларға жауап қайтару, ағымға ілесіп, бейімделіп өмір сүру. Проактивті – өз өмірін өз қалауы бойынша құру, жағдайлар мен оқиғаларға белсенді әсер ету. Табысты және бақытты адамдар, өзін-өзі танытумен айналысатын адамдар, өмірде көп нәрсеге қол жеткізген адамдар күнделік жүргізуі немесе жүргізбеуі мүмкін, жоспар бойынша немесе жағдаяттарға спонтанды жауап беруі мүмкін [4].

Уақытпен өзіндік ұйымдастыру келесі кезеңдерді қамтиды: ақпарат және қарым-қатынас, мақсат қою (мақсаттарды талдау және қалыптастыру), жоспарлау (өз іс-әрекетінің жоспарын және альтернативті нұсқаларын жасау), шешім қабылдау (алдағы жұмыстар бойынша шешімдер қабылдау), жүзеге асыру және ұйымдастыру (қойылған міндеттерді шешу үшін күн тәртібін құру және жеке еңбек үрдісін ұйымдастыру) [1].

Тайм менеджмент уақытты басқару жүйесі ретінде бірқатар элементтерді қамтиды: жұмыс уақытын пайдалануды талдау, мақсат қою, жұмыс уақытын жоспарлау, уақыт ресурсын рационалды емес пайдалану себептерімен күрес әдістерін қолдану.

Талдау – жұмыс уақытын рационалды емес пайдалануды және оның себептерін анықтап, сонымен бірге барлық себептер арасынан негізгілерін бөліп алуға мүмкіндік беретін процесс.

Мақсат қою – тайм менеджменттің ажырамас бөлігі. Оның барысында нақты адамға тайм менеджмент не үшін керек деген сұраққа жауап беріп, болашақта уақытты басқарудың әдістерінің қайсысын қолдану, қайсысын қолданбау туралы бағдарлануға көмектеседі.

Жоспарлау – белгілі бір уақыт аралығында орындау қажет міндеттердің тізімін құрастыру процесі.

Уақытты жоғалту себептерімен күрес әдістерін қолдану алдын-ала талдау барысында себептерді анықтап, оларды жоюды көздейді. Типтік себептер үшін типтік күрес жолдары

бар, бірақ әр нақты жағдай индивидуалды және әр себепке әр жағдайға индивидуалды тәсіл керек екенін естен шығармау қажет.

Әр адам өмірінде уақыт жетіспеушілігі жағдайларын бастан жиі өткізеді. Уақыт дефициті режимі эмоционалды күйзеліске және іс-әрекетті ұйымдастырылуының бұзылуына алып келеді. Бүгінгі таңда уақыт – құндылық. Студент өмірінің табыстылығы өзін және өз уақытын ұйымдастыра алауына тәуелді.

Өзіндік ұйымдастырудың голографиялық моделінің авторы А.Д. Ишкованың пікірінше табысты білім алатын студенттердің өзіндік ұйымдастыруы табысты емес студенттермен салыстырғанда жоғарырақ деңгейде [3].

Студенттерге кеңес ретінде келесі ережелерді ұсынуға болады:

1. Күн сайын орындайтын мақсаттар мен міндеттерге анализ жүргізу қажет;
2. Анализ негізінде мақсатқа жетудің әр түрлі нұсқаларын құрастыру;
3. Жұмыс бағытын таңдау;
4. Мақсатқа жету үшін жоспар құру, приоритеттерді рангілеу мен жоспарлау Составить планирование и ранжирование приоритетов, составить план действий для достижения цели;
5. Құрастырылған әрекетер жоспарын жүзеге асыру;
6. Жоспарды орындау, мақсатқа жету нәтижелерін тексеру және жұмысты қорытындылау [5].

Уақытпен өзіндік ұйымдастыру үшін тайм менеджмент үрдістерін автоматизациялау үшін арнайы бағдарламалық өнімдер пайдаланылады. Ең кең таралғандарына: планировщик, Time Assist Pro, органайзер, WinLog Assist, Explain, ФинЭкспертиза Time, Above & Beyond, Actual Planner, Секретарь, A VIP Simple To Do List, COrganizer, Life Balance, Tombo, WinOrganizer және т.б. жатады.

Өкінішке орай, студент тайм менеджмент біліктері мен дағдыларына толық ие емес. Оған жаңа ортаға үйренісу қиын, жиі белгісіздік пен абдырау жағдайында болады, өмірлік бағытты таңдауға психологиялық дайындық қалыптаспаған болады. Жеке уақытын ұйымдастыру әдістерін игермеген және тәжірибеде қолданбайтын студент өз саласында бағалы маман бола алмағанымен қоса, ол толық білім ала алмайды.

Ал студенттердің уақытпен өзіндік ұйымдастыру және тайм менеджменттің технологиялық тәсілдерін игеру өз уақытына рационалды пайдалану мақсатында анализ жасау, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар қою мен тұжырымдау, өз істерін нақты жоспарлау, шешімдерді жедел қабылдау мен оларды жүзеге асыру, өзін-өзі бақылау және өз іс-әрекетін орындалуының нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Козловская, Т.Н. Осмысление научных подходов в изучении категории времени с точки зрения формирования «образабудущего» // Образование нового столетия: проблемы, технологии, подходы к модернизации. – 2001. – Уфа: изд-воБГПУ. – С. 73–76.
2. Архангельский, Г.А. Тайм драйв: Как успевать жить и работать. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2011. – 272 с.
3. Ишков, А.Д. Голографическая модель процесса самоорганизации // Фундаментальные проблемы психологии: личности культура. – 2003. – №1. – С. 34–55.
4. Кови, С. Семь навыков высокоэффективных людей. – М.: Омега; Л., 2010. – 114 с.
5. Архангельский Г.А., Лукашенко М.А., Телегина Т.В., Бехтеров С.В. Тайм-менеджмент: полный курс. – М.: Альпина Паблишер, 2012. – 312 с.
6. Kozlovskaya, T. N. Self-management as factor of forming student's «Image of future»: avtoref. dis. ... managing ped. sciences. – Orenburg, 2005. – 16 p.
7. Reunova, M. A. Time management as an element of developing successful student's personality / M. A. Reunova // III International scientific practical conference of young scientists / Under editing I. A. Rudakovoi. – М. : Publishing center «Sputnik+», 2011. – P. 110–112.

Мирзаханова А.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Айтбаева А.Б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі реформалар талабы мектеп пен педагог алдына шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапты, интеллектісі жоғары дамыған, жоғары білімді, кәсіби сауатты тұлға тәрбиелеу міндетін қояды. Коммуникативтік дағдыларды иемдену әр түрлі өмірлік жағдайларда сенімді мінез-құлыққа, кәсіби өзін-өзі айқындауға, достар, қоғам, отбасы, жеке қызығушылықтар сынды болашақ мамандыққа қажетті бала өміріндегі айқындаушы әлеуметтік фактор екені даусыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы халыққа жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп атап өтті. Яғни қазіргі жас буын – болашақ кепілі. Ал Арт-терапия арқылы жас буынға коммуникативтік дағдыларды меңгерту –білім беру саласындағы бірегей жаңаша әдіс.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында психотерапия саласында, сондай-ақ, жалпы білім беретін оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу ісінде де арт-әдістерді қолданумен байланысты практикалық психологиялық қызмет көрсету аумағы айтарлықтай кеңейіп отыр. Бұл әдістердің маңызының күн санап артуы мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің басқа да дәстүрлі және жаңашыл әдістеріне қарағанда артықшылық жақтарымен түсіндіріледі. Осы әдістердің көмегімен тұлғаның шығармашылық әлеуеті өзектендіріліп, оның креативтілігі мен жекетұлғалық тұрғыдан өсуіне және коммуникативтік дағдыларының артуы қамтамасыз етіледі.

Арт-терапия тіркесі ғылыми-педагогикалық интерпретацияда бейнелеу қызметінің құралдары арқылы тұлғаның, топтың, ұжымның психологиялық денсаулығына, эмоциялық сезінулеріне қолдау көрсету деп түсіндіріледі

Қазіргі зерттеушілер - Л.С. Брусиловский, О.Дьюхерст-Меддок, М. В. Азорская, В. Г. Анисимов, А.И.Копытин, Л.Д. Лебедева, А.В. Сизова және т.б., арт-терапияның түзету мүмкіндіктерін қарастыра отырып, оны қоршаған ортаны бейнелік қабылдауға негізделген, кез келген көркемдік, белгілік формадағы өзінің байланыстарын қалыпқа келтірудегі адамның қабілеттеріне негізделген реабилитациялық технология ретінде анықтайды.

Педагогика мен көркем өнердің тоғысында дамып отырған арт-педагогикада акцент тек көркемөнерлік мәдениетті дамытып, көркемөнерлік іс-әрекеттің әр түрінде қолданбалы шеберліктерді табысты игеру жолдарын табуға ғана қойылмайды, сонымен бірге, ішкі өзіндік тәжірибе, өзіндік эмоциялық бастан кешіру, шығармашылық процеске тікелей қатысу арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарға ортақтасуды мақсат етеді.

Соңғы онжылдықтардағы басылымдарға талдау жасау – Қазақстанда да өнер әлеуетін кәсіби тұрғыда қолдану мүмкіндіктеріне деген қызығушылықтың елеулі дәрежеде артқандығын көрсетеді. Оны А.К. Мыңбаева, Г.А. Касен, А.Б. Айтбаева, З.М. Садвақасова, Ж. Джанабаева, Б.Талқамбаев, М. Кузубова, М. А.А. Момбек, З. Абишева, Т. М. Султанова, Ж.Н. Шайгозова, және т.б. еңбектерінен көреміз.[1,7]

Көптеген зерттеушілер «арт» терминін бейнелеу шығармашылығында қолдануды баса назарға алады. Оған би, музыка, театр, ертегі құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, құм терапиясы т.б. әдістер жатқызылады.

Біздің байқауымызша, арт-педагог мамандар практикалық қызметінде аталған құралдарды сантүрлі міндеттерді шешуде кеңінен қолданады. Мысалы:

- оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру (З. Абишева, А. Г. Кузнецова, А. Ю. Сметанина, Е. В. Таранова);

- оқушылардың девианттық мінез-құлықтарының алдын алу (Г.А. Касен, Л. С. Картушина);

- ерекше білімдік қажеттіліктері бар балалармен коррекциялық жұмыс (А.Б. Айтбаева, Т. Г. Наретина, Т. В. Туманова, С. Н. Щербак);

- жетім балаларда отбасылық құндылықтарды қалыптастыру (З.М. Садвакасова, Р. Б. Уленгова);

- студенттерді дене мәдениетіне баулу (М. В. Катренко, К. М. Смышев, Н. Ю. Шу-макова);

- жоғары оқу орындарындағы оқу процесін ізгілендіру (Ж.Н. Шайгозова, М. Султанова, Н. Ю. Сергеева, Е. А. Федоринова);

- балаларды музыкалық тұрғыдан дамыту (А.А. Момбек, Е. В. Мартынова);

- қабілетті балаларды қолдау (Қ. Жұмабекова, И. А. Бадюгина) және т.б.

Енді коммуникативтік дағды ұғымына келетін болсақ, ол – қарым-қатынас жасауға қажетті әдеп нормалары мен техникалары. Оқушылар арасындағы коммуникативтік дағдылар - бір-бірінің сөзін бөлмеу, қарсы келмеу, қарым-қатынас жасау барысында кикілжіңнен аулақ болу, дұрыс сөйлеу дағдылары т.б.;

Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда арт-терапияның басқа психотерапия салаларынан артықшылықтары бар, мысалы:

- Іс жүзінде әр адам (өз жас шамасына тәуелсіз) арт-терапиялық жұмысқа қатыса алады. Ол үшін шығармашылық дағдылар мен қандай да бір қабілеттің болуы шарт емес;

- Арт-терапия сөзсіз қарым-қатынас құралы болып табылады. Бұл сөйлеу қабілеті төмен, өзінің алған әсерлерін сипаттауда қиналатын адамдар үшін құнды;

- Бейнелеу өнерінің өнімдері адам көңілі мен ойының нақты куәлік қағазы болғандықтан, оларды адам күйін бағалауына, тиісті тәжірибелерді жасауына мүмкіндік береді;

- Арт-терапия өз ойын еркін білдіру құралы, адамның ішкі дүниесіне сенім атмосферасын, шыдамдылық пен зейінді қалыптастырады;

- Арт-терапия адам бойында жағымды эмоцияларды тудырады, ынтасыздық пен бейжайлықты жеңіп алуға, белсенді тіршілік позициясын қалыптастыруға көмектеседі;

- Арт-терапия адамның шығармашылық потенциалының бірігуіне, ішкі механизмдерінің өздігінен реттелуіне және адамның сауығуына негізделген. Ол өзін-өзі өзектендірудің іргелі қажеттілігіне жауап береді – адамның көп мүмкіндіктерінің ашылуына, дүниедегі жеке болмысының біртума әдісінің бекітілуіне негізделеді[2].

Арт-терапиялық сабақтар топ қатысушыларының өзіндік жұмысын еркін орындай алуына мүмкіндік береді және олардың өзара вербалды қатынастықамтамасыз етуі үшін арнайы жабдықталған кабинетте өткені дұрыс. Ортақ жұмыстар әдетте «жұмыс аймағында» жасалады. Топтағы жұмыс әр түрлі бейнелеу материалдарымен жүргізіледі.

Алғашқы екі сабақта балалар кабинетте ұстанатын ережелермен танысады. Кейде оқу процесінде бұл ережелерді сақтау қажет. Сонымен бірге кабиенттің кеңістігін меңгеріп, орындарын өздері таңдайды. Олар жұмысқа берілген уақытты ұтымды пайдаланады. Дегенмен, барлығы бір уақытта жұмыс істемейді. Балалардың жұмыс материалды игеруін де айтпай кетуге болмайды. Тұйық, ұялшақ балалар бояуларды сақтықпен қолданады, сенімсіздікті жеңіп шығып, сабақтың соңында өздерін еркін ұстайды. Бұл тенденция топпен бірге дамиды.

Әр сабақ өткен сайын қатысушылардың өзара арақатынасы да белсендірек бола бастайды. Әсіресе, ол жұптық және топ жұмыстарында көрінеді. Жұмыстың арқасында көптеген пікірталас туындайды. Бірақ, балалар ортақ шешімге келіп, құштарлықпен нәтижелерін талқылайды.

Қазіргі кезде белгілі ресей ғалымы, арт-терапияның негізін қалаушы А.И. Копытиннің еңбектері қызығушылық тудыруда. («Теория и практика арт-терапии», «Практикум по арт-терапии», «Арт-терапия – новые горизонты» және т.б. 30-дан астам монографиялар, 80 ғылыми жарияланымдар)[3].

Біз өз зерттеулерімізде А.И. Копытиннің техникаларын жиі қолданудамыз. Оларды іс-тәжірибеге енгізе отырып, арт-терапевтің педагог және суретші ретінде жұмыс атқаратынын түсіне бастаймыз. Балаға қажеттілігіне байланысты жұмыс әдістерін де өзгерте қолданамыз. Баланың мінез-құлқын, шығармашылық қызметінің нәтижелерін кәсіби тұрғыда бағалауға тырыса отырып, оған еркін ойлау мен ашылуға мүмкіндік беріледі[4,6].

Балаға эмоциялық қолдау көрсете отырып, оның шығармашылық бастауларына қолдау көрсетеміз. Балаға қиял мен ойынға ауытқып кетпей, көркемдік материалды нақты қолдануды үйретеміз. Арт-терапевтік процесс сәтті өту үшін, бала шығармаларының, мінез-құлқының жасырын және ашық ерекшеліктерін көруге тырысу қажет. Бірлескен өзара іс-әрекет процесінде орындалған жұмыстың мағынасын түсіндіруге уақыт бөлмей-ақ, балаға ашық шығармашылық туынды жасауға көмектесу – басты міндет.

Жоғарыда айтылған міндеттерді алдыңғы ретке қою арт-терапияны емдік-коррекциялық және профилактикалық әсері бар жүйе ретінде көркемөнерлік педагогикадан ерекшелендіреді.

Біздің ойымызша, мұның бәрі білім беру мекемелерінде суицидке, депрессияға, стресске, негативті терең қабылдаушылыққа қарсы жақсы кедергі бола алады және ерте кезден бастап қолданылса барынша мықты профилактикалық күш болып табылады. Себебі, арт-педагогикалық и арт-терапевтикалық қызмет мазмұны өмірлік бекемдікке, стресске төзімділікке, жағымды көңіл-күйге және дүниені оптимистік көзқараспен қабылдауға бағытталған.

Көптеген педагогикалық зерттеулерді талдай отырып, қазіргі сәтте коммуникативтік дағдыларды арт- терапия арқылы қалыптастыру мәселесі әлі толық зерттелмеген деген қорытындыға келдік. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген педагогтар коммуникативтік дағдыларды дұрыс қалыптастыруға құлықсыз немесе оқушылармен өзара іс-әрекетте заманауи әдістерді толық пайдалана алмайды. Күнделікті өмірде жасөспірімдер әрдайым кикілжіңдерді, агрессияны бастан өткізеді. Әрбір педагог мектептегі бала өмірі тек қана сабақпен шеутелмейтінін дұрыс ұғынуы тиіс. Мектеп – баланың қарым-қатынас жасау ортасы, ол оның достары, немесе керісінше, оған жағымсыз әсер қалдыратын құрбы-құрдастары. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуы ұжымда қалыптасқан ережелер мен нормаларға байланысты. Ал бұл, бірінші кезекте, іскерлік әрекеттесуге қатысты болып келеді.

Педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау көрсетіп отырғанындай, арт-терапия әдістері арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастыруда мұғалімнің тарапынан арнайы жұмыс жүргізгенде ғана толыққанды мазмұнға ие болады. Олай болса, арт-терапия әдістері арқылы мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесін теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеу қажеттігі сөзсіз және ол міндеттерарт-педагогикалық қызмет барысында шешілер еді. Оларды жалпылама үш топқа бөліп көрсетуге болады:

1. Оқу-тәрбиелік материалдың мәнін айқындау. Бұл жағдайда көркемөнер құралдарының көмегімен педагог: білімдік мазмұнды түсіндіре, толықтыра, назар аударта, қызықтырақ ете алады; алынған ақпаратты бейнелік түрге аудару арқылы бекіте (құбылыстың мәнін тереңірек түсіну ақпаратты символдық деңгейге дейін қысқарту) алады және т.б.;

2. Педагогикалық ықпал етудің шарттарын оңтайландыру. Көркемөнер құралдары мұғалімге оқушылармен оқу-тәрбиелік өзара әрекетке психофизиологиялық және түрткілік дайындық мүмкіндігін береді; тақырыпқа тезірек кірігу үшін қажетті ерекше көңіл-күйді қамтамасыз етеді; оқушыларды бір темптен екіншісіне аудара отырып, қызығушылықтарын белсендіреді; күрделі теориялық материалдан практикаға көшуге, бейнелі ойлауды «іске

қосуға» көмектеседі; олардың психикалық мазасыздануларын төмендетіп, релаксациялық күйге енулеріне жағдай жасайды;

3. Оқу материалын игерудегі құндылық қарым-қатынастардың, түрткілер мен қағидалардың, мәнінің динамикасы мен сапасын жасырын диагностикалау. Атап өтетін нәрсе – арт-педагогикалық қызметтегі диагностиканың ерекшелігі оның аралық сипатында. Бұл педагогқа оқушыларға оның нәтижелерінің бір бөлігін ғана хабарлауына (оқушылардың сезімдері мен күйзелістерін жария етпеу үшін) мүмкіндік береді[5].

Осылайша, арт-педагогикалық қызметтің маңызды ерекшелігі – оның икемділігінде және нақты шарттарға негізделген міндеттерінің ситуативтілігі мен арт-педагогикалық өзара бірлескен іс-әрекеттің алдын-ала әзірленетіндігінде.

Сондықтан, біз арт-терапиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесі алдағы уақытта да арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті проблема деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айтбаева А.Б., Момбек А.А., Касен Г.А. Заманауи арт-педагогикалық әдістердің инновациялық мазмұны // Педагогика және психология, ғылыми-әдістемелік журнал Абай атындағы ҚазҰПУ, -2016, №4 (26), 83-92 бб
2. Айтбаева А.Б., Султанова М.Э., Шайгозова Ж.Н. Артобразование: Учебник для вузов. -Алматы, Ұлағат, 2015 г.
3. Копытин А.И. Теория и практика арт-терапии. -СПб., 2002.
4. Копытин А.И. Системная арт-терапия: теоретическое обоснование, методология применения, лечебно-реабилитационные и дестигматизирующие эффекты: автореф. дис. доктора мед. наук. – СПб.: Санкт-Петербургский научно-исследовательский психоневрологический институт им. В.М. Бехтерева, 2010. - 55 с.
5. Верховодова Р.А., Галустов Р.А. Зарубежный опыт арт-педагогика как система интегрированного применения элементов искусства в образовательном процессе // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. – 2011. – № 1. – С. 15-18.
6. Копытин А.И. Системная арт-терапия. СПб.: Изд-во «Питер», 2001. 224 с.
7. Психоло-педагогические основы диагностики и предупреждения суицидального поведения школьников: учебное пособие / З.Садвакасова, Г.Касен, А.Мынбаева, А. Айтбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 284 с.

Қожамұрат А.,
студентка 2 курса специальности Социальная
педагогика и самопознание КазНУ им. аль-Фараби
Научный руководитель: к.п.н., доцент Мамырбековой Г.А.

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ПОЗНАНИЕ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ

В настоящее время большое внимание уделяется духовно-нравственному воспитанию учащихся образовательных учреждений. Причиной этому является принцип гуманизации общества, в цели которого включены воспитание подрастающего поколения, развитие толерантности среди людей, а также повышение уровня формирования мировоззрения школьников.

Целью данной статьи является постановка и решение вопросов о проблемах формирования мировоззрения школьников, а также анализ необходимости изучения наследия аль-Фараби, а объектом исследования – наследие аль-Фараби.

Сегодняшнее общество сильно нуждается в устойчивом всестороннем развитии учащихся. Проблема мировоззрения является передовой проблемой современного общества. Люди все чаще стали поднимать вопросы о духовном воспитании подрастающего поколения. Наш 21 век является веком саморазвития: создаются все условия для самосовершенствования. Однако считаю, что необходимо акцентировать на формировании мировоззрения школьников через наследие аль-Фараби, которое охватывает все учебные предметы общеобразовательных учреждений.

Перед тем, как переходить к раскрытию основной темы данной статьи, рассмотрим само понятие «мировоззрение».

В толковом словаре Ожегова дается следующее определение слова:

«Мировоззрение - система взглядов, воззрений на природу и общество» [1].

Таким образом, мировоззрение на сегодняшний день является принципом развития природосообразности, культуросообразности учащихся образовательных учреждений. Связь природы и общества включает в себя гуманизм, общечеловеческие ценности.

Поэтому в настоящее время очень важно сделать акцент на духовное воспитание подрастающего поколения, которое богато отображено в наследии великого «второго учителя» Абу Насра аль-Фараби.

Наследие аль-Фараби включает в себя философские труды (около 150), охватывающие весь комплекс учебных предметов.

Для раскрытия темы статьи приведу примеры влияния наследия аль-Фараби на мировоззрение школьников.

После глубокого изучения философских трактатов, я выделила основные идеи, а также комплекс необходимых, по моему мнению, научных взглядов, которые важно включить в образовательную программу школьников.

Следует начать свой анализ со знаменитого «Трактата о взглядах жителей добродетельного города».

Аль-Фараби в своем учении уделяет особое внимание на самого человека, его быт, место в мире.

Добродетельный город охватывает всю культуру этики, поэтому важно отметить, что данный трактат необходимо включить во все учебные предметы.

«Добродетельный город подобен совершенному, здоровому телу, все органы которого помогают друг другу с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа и сделать ее наиболее полной» [2]. Здесь можно выделить то, что трактат аль-Фараби оказывает огромное влияние на формирование сплоченности, единства в школьном коллективе.

Также следует подробно остановиться на изучении человека Добродетельного города. Великий философ выделяет двенадцать врожденных природных качеств этого человека. По мнению аль-Фараби, каждый из людей, во-первых, должен быть здоровым; во-вторых, уметь понимать все, что говорится, а также уметь осмысливать; обладать хорошей памятью; очень важно иметь любовь к обучению, познанию, стремиться к самосовершенствованию, саморазвитию; отказываться от всего, что может негативно сказаться на жизнедеятельность; говорить только правду, избегать лжи; дорожить собой, именем Человек; осознавать, что деньги не главное в жизни; быть справедливым, отказываться от несправедливости; быть справедливым ко всем, побуждать остальных к праведности; быть справедливым, но не упрямым; быть решительным, а также отважным, не знать страха.

Дополняя приведенные выше качества, аль-Фараби делится и со «вторым человеком» Добродетельного города, который при социализации удовлетворяет шесть условий: быть мудрым; знать и соблюдать законы, правила, обычаи; быть изобретательным; быть проницательным и догадливым; уметь направлять людей; обладать телесной силой, то есть быть в хорошей физической форме.

Таким образом важно отметить, что двенадцать врожденных природных качеств «первого человека», шесть условий «второго человека», при интеграции во все учебные

предметы школьников, развивают все общечеловеческие ценности: это и Любовь, и Праведное поведение, и Ненасилие, и Внутренний покой.

Человек Добродетельного города должен стать примером для подражания школьников, чтобы дети стремились развивать в себе данные качества.

Добродетельный город характеризуется гармонией, тогда как в противоположных добродетельному городах господствуют различные пороки, которые проявляются при нарушении гармонии.

Следует отметить, что обучение является не односторонним, а двусторонним процессом. Поэтому перед тем, как школьники станут изучать трактаты, сами преподаватели должны проанализировать наследие Абу Насра аль-Фараби. Тогда учебный процесс будет проходить сглаженно, без возникновения разногласий.

Изучив «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» важно сделать вывод, что данное наследие аль-Фараби, при включении в образовательную программу, играет важную роль в воспитании подрастающего поколения.

Мировоззрение аль-Фараби охватывает проблемы саморазвития школьников в таких предметах, как: математика, физика, химия, биология, музыка.

В трактате «Слово о классификации наук» великий философ дает огромную возможность школьникам уметь различать все науки, видеть их цели, задачи, а также понимать необходимость в изучении.

«Мы разбили ее на пять разделов:

- раздел первый — наука о языке и ее подразделы;
- раздел второй — логика и ее подразделы;
- раздел третий — математические науки, т. е. арифметика, геометрия, оптика, наука о звездах, музыка, наука о тяжестих и наука об искусных приемах;
- раздел четвертый — физика и ее подразделы, метафизика и ее подразделы;
- раздел пятый — гражданская наука и ее подразделы, юриспруденция и догматическое богословие» [3], - так аль-Фараби разделил все науки.

Подробное изучение каждой науки философа оказывает огромное влияние на преподавание данных учебных предметов. Поэтому преподавателям-предметниками крайне важно включить данный трактат в преподавании.

Школьники благодаря данному трактату смогут осознавать важность образования, развивать в себе мотивацию к обучению.

Наследие философа основано на одной из главных проблем – интеграция наук. Таким образом, все науки находятся во взаимосвязи. Поэтому в учебной деятельности школьников важна данная интеграция.

Например, связь музыки и других наук: «некоторые основы искусства музыкальной теории мы берем из общепринятых наук, некоторые – из естествознания, некоторые – из геометрии, некоторые – из арифметики, а некоторые – из искусства музыкальной практики» [4].

Также в «Большой книге о музыке» гармония является основой поэзии и музыки. Аль-Фараби поднимает вопрос о связи музыки с универсумом.

А В «Книге духовных искусных приемов» излагается теория «геометрических искусных приемов», т. е. геометрических построений [5].

Абу Наср аль-Фараби внес огромный вклад и в медицину: описал методы рофилактик для сохранения здоровья, классифицировал болезни и лекарственные препараты.

Изучение наследия аль-Фараби – многогранный, длительный процесс, который и может охватить всю образовательную программу.

Для того, что изучить важность поставленной проблемы, мною был проведен социологический опрос в г.Хромтау 20 марта 2017 года. Респонденты, в количестве 30 человек, являлись людьми разных возрастов и специальностей.

Опрашиваемым был задан вопрос: «Как Вы относитесь к внедрению наследия аль-Фараби в образовательные программы?»



График 1. Результаты социологического опроса

По **Графику 1** видно, что из 30 респондентов 24 полностью поддержали (80 %), 2 человека отнеслись категорически против (6,67%), а остальные 4 человека затруднились ответить.

Таким образом, можно с достаточной определенностью сказать, что в образовательные программы крайне важно внести изучение наследия аль-Фараби.

На основании анализа содержания статьи можно сделать следующие выводы: интеграция наук с наследием философа влечет к решению проблемы формирования мировоззрения школьников. Полученные результаты социологического опроса дают четкие результаты того, что общество нуждается в духовно-нравственном воспитании подрастающего поколения.

Современные образовательные программы должны основываться на принципах этнопедагогики. Духовно-нравственное образование рассматривает предшествующий опыт и, на основе этого, приводит образовательный процесс в действие. Учитывая вышеизложенное, мы полагаем, что введение наследия аль-Фараби в образовательные программы будет способствовать повышению уровня мировоззрения школьников.

Использованная литература:

[1] Ожегов С. И. Словарь русского языка: Ок. 53 000 слов / Под общ. ред. проф. Л. И. Скворцова. — 24-е изд., испр. — М.: Оникс, Мир и Образование, 2007. — 1200 с.

[2] Аль-Фараби, А.Н. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М.: Изд-во АН СССР, 1960. - 156-195 с.

[3] Аль-Фараби, А.Н. Философские трактаты // Издательство «НАУКА» Казахской ССР, Алма-Ата, 1972. – 430 с.

[4] Аль-Фараби, А.Н. Большой трактат о музыке/ Абу Наср аль-Фараби.- Б.м.: Б. и., 2009. - 700 с.

[5] Аль-Фараби, А.Н. Математические трактаты/ Абу Наср аль-Фараби; АН КазССР, Ин-т философии и права, Ин-т математики и механики.- Алма-Ата: Наука, 1972.- 321 с.

Математические трактаты/ Абу Наср аль-Фараби; АН КазССР, Ин-т философии и права, Ин-т математики и механики.- Алма-Ата: Наука, 1972.- 321, [3]с.

Тұрғынова М.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Таубаева Ш.Т.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру жастарға тек білім беріп қана қоймай, сол білімді әлеуметтік бейімделу үрдісінде де қолдана алу дағдысын меңгертуі тиіс» деп көрсеткен болатын [1]. Демек, Президент мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды одан әрі жалғастыруға тапсырма берді.

Қоғам мен мәдениет, білім мен ғылым дамудың жоғары сатысына көтеріліп отырған шақта қоғам мүшесі ретінде жеке тұлғаға қойылатын талаптар да өзгеріп, біршама күрделеніп отыр. Олардың негізгілері: білімділік, тәрбиелілік, мәдениеттілік, жоғары бейімделушілік, жаңашылдық, ақпарат пен технологияларды меңгере білу дағдысы. Ал, ең маңызды жәйт – адамның алған білімі мен тәрбиесін, тәжірибесін, үйренген дағды мен біліктерін күнделікті өмірде қолдана білуі. Қолдану арқылы өмірдің қандай да болмасын бір саласында жетістікке жетуі. Жоғарыда аталған функционалдық сауаттылық осы мәселені қарастырады. Яғни, функционалдық сауаттылық дегеніміз - кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беру) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға [2].

ЮНЕСКО құжаттарында алғаш рет 1957 жылы пайда болған «функционалдық сауаттылық» ұғымы көптеген ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Дамудың кемел келешегіне жетуді көздеген кез келген ел білім беру саласының негізгі нәтижелерінің бірі ретінде әрбір білім алушыда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды негізгі мақсат тұтқан. Функционалды сауатты тұлға тек қоғамда барынша оңтайлы орналасып қана қоймай, өз бойындағы сараптау, тұжырымдау, өздігінше дәлелдеу, кез келген саладағы білігінің арқасында толықтай ел дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымын алғаш рет «сауаттылық», «минималды сауаттылық» ұғымдарымен бірге 1957 жылы ЮНЕСКО ендірген болатын. Сауаттылық дегеніміз – бұл оқу, жазу мен санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары. Минималды сауаттылық – бұл қарапайым хабарламаларды жаза білу мен оқи алу. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – күрделі, көп жақты, ұзақ үдеріс. Қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін педагогикалық үдерісті ұйымдастыру барысында жаңа түрлі білім беру технологияларын сауатты, аса жоғары ептілікпен қолдану қажет.

Функционалдық сауаттылықты түсінудің бірнеше нұсқалары бар. Яғни, функционалдық сауаттылықтың мазмұны мен мәні түрліше сипатталады. Олардың екі түрлі нұсқасын төмендегі кестеден көруге болады.

Функционалдық сауаттылық:	
- лексикалық сауаттылық элементтері; - адамның түрлі сипаттағы өзіне қатысты мемлекеттік құжаттарды түсінуі және оларды ұстануы; - адамның қоғамдық өмір нормаларын және қауіпсіздік ережелерін, өзі	- адамның доспейілділік пен ақ ниеттілік рухында тәрбиеленуі, яғни қатынас мәдениетінің болуы; - тұлғалық-кәсіби даярлығының болуы; - кәсіби-технологиялық даярлығының

кіріктірілген техникалық үдерістердің талаптарын сақтауы; - ақпараттық және компьютерлік сауаттылық.	болуы.
---	--------

Функционалдық сауаттылықтың алғашқы деңгейін көрсететін бірінші нұсқадағы құрауыштар алдыңғы қатарлы өркениетті қоғамдарға тән[3].

Функционалдық сауаттылық мәселесі білім берудің философиялық деңгейінде (Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, С.А.Крупник), үздіксіз білім беру аспектісі ретінде (С.А.Тангян, И.А.Колесникова), күзінеттілік қатынас контекстінде (А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев) ресейлік ғалымдар тарапынан қарастырылған.Сондай-ақ, В.А.Ермоленко, Р.Л.Перченко, С.Ю.Черноглазкин сынды ғалымдар жалпы, кәсіби және қосымша білім беружүйесінде функционалды сауаттылықты қалыптастыру технологиясын құрастырған. Ал, Н.Н.Сметанникова оқуға үйретуге байланысты функционалды сауаттылықты зерттеген [4].25

Функционалдық сауаттылықтың бейімдеу және алдын ала оқуға даярлау қызметтерін Н.Пошконяк қарастыра келе, функционалды білім беруді адамды үздіксіз оқытудың негізі ретінде қарастырады[5]. Әлеуметтік бейімделу индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына, қоғамның тарапынан қойылатын талаптар, күтілім мен ережелерге белсенді үйренісуі ретінде қарастырылады. Оларды орындау оқушылардың толыққанды қоғам мүшесі ретінде танылуына кепіл болады.

Функционалдық сауаттылық туралы түсінікке ресейлік ғалым П.Р. Атутов үлкен үлес қосты. Нарық жағдайында қажетті шарт болып табылатын, қоғамдық қандай да пайдалы қызметті жүзеге асыруда адамда жеткіліксіз болып жататын күзінеттілікпен байланысты функционалды сауаттылықты күшейтудегі білім берудің орны мен рөлін көрсетті.

П.Р. Атутов функционалды сауаттылықтың екі аспектісін бөліп көрсетеді: біріншісі ұзақ уақыт бойына айналысатын тәжірибелік жұмысты тиімді ұйымдастыра алуға жеткілікті негізгі білімді игеріп, болашақ қызметпен айналыса алатындай мектеп оқушысын білім, білік, дағдылардың жеткілікті және қажетті көлемімен қаруландырумен байланысты. Екінші аспект жүйелі түрде өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға сай үнемі әрекет етіп және әрдайым іскерлік қалыпта болуға мүмкіндік беретіндей өз білімін, икемділіктері мен тұлғалық қасиеттерін үздіксіз жетілдіруге түрткі қалыптастырумен байланысты[6].

Функционалдық сауаттылық бірнеше факторлардың кешенімен анықталады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және т.б. Функционалды сауаттылықтың негізгі белгілері де анықталған. Олар:

- жалпы және кәсіби білім беру бағдарламаларын өз бетінше таңдау негізінде білімділік деңгейін көтеруге дайындық;
- өз міндеттерін ұғыну және өз құқығын қорғай білу, еңбек әрекеті мен бос уақытын өткізу формасын, кәсібін саналы түрде таңдай білу;
- заманауи қоғамға бейімделе алуға, жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мүмкіндіктеріне бағдарлана алуға дайын болу;
- қарым-қатынас әрекетіне қабілеттіліктің болуы.

Ақпараттылық пен функционалды сауаттылық деңгейіне жету мектептің жалпы міндеті мен оның қызметінің қорытынды нәтижесі болып табылады. Функционалды сауаттылық бейімдеушілік, кәсіби бағдарлаушылық, тәрбиелілік, дамытушылық қызметтерді атқарады. Сондықтан да функционалды сауаттылық әр тұлғада қалыптасуы міндетті.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес елімізде мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыру жұмыстары жүргізілуде. Жоспарда оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді деп көрсетілген(PISA зерттеулері бойынша):

- 1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);

- 2) оқыту нысандары мен әдістері;
- 3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- 4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- 5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- 6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- 7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі[2].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әр түрлі шаралар кешенімен жүзеге асады. Олар: сабақты нақты тәжірибемен байланыстыру, берілген білімді қолдану іскерліктерін қалыптастыру, әдістемелер мен технологияларға жүгіну, білімнің нәтижесін тексеру және т.б. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы қолдану тиімділігі жоғары технологиялардың бірі – сыни ойлау технологиясы.

Ең алғаш сыни ойлауға байланысты зерттеулер ХІХ ғасырдағы А.Бине жұмыстарынан бастау алды. Сол сияқты «сыни» (критичность) ұғымы П.П.Блонский, Л.С.Выготский, Н.А. Менчинский, С.Л.Рубенштейн, А.А.Смирнов, Б.М. Теплов, В. Штерн зерттеулерінде де қарастырылған. Авторлар сыни тұрғыда қарауды ойдың бағалай білу жұмысымен, тұжырымдамаларды жан-жақты тексеру, бөтен ойлардың әсеріне берілмеумен байланыстырады.

И.И.Кожуховскийдің пікірінше, сыни ойлау – адамның тұлғалық қасиеттерінің шыңы.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда сыни ойлау технологиясын қолдану үшін арнайы әдістемелік құралдарды пайдалану қажет. Оның бірі американдық педагогтар Дж.Стил, К.Мередит, Ч.Темпл жасап шығарған оқу мен жазудың көмегімен сыни ойлауды дамыту технологиясы. Берілген технологияның құрылымы үйлесімді және логикаға сай құрылған. Себебі, технология тұлғаның танымдық қызметінің заңдылықтарын есепке ала отырып кезеңдерге бөлініп жасалған. Ол келесідей сипатқа ие:

Технология кезеңдері		
I кезең	II кезең	III кезең
<p>Шақыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бар білімді белсендіру; - жаңа ақпаратты алуға қызығушылық тудыру; - оқушының өз оқу мақсатын құруы. 	<p>Мазмұнын ұғыну:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаңа ақпаратты алу; - оқушының қойған оқу мақсатын түзетуі. 	<p>Рефлексия:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ойлану, жаңа білімнің туындауы; - оқушының жаңа оқу мақсатын белгілеуі.

Жоғарыда көрсетілген әрбір кезең мазмұны мен құрылымы, кезеңде қолданылатын әдіс-тәсілдер сипаты түрліше. Сыни ойлау технологиясының дамуы, яғни технология кезеңдері мен әдістемелік тәсілдері төмендегіше:

Кезеңдері (фаза)	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Мүмкін әдіс-тәсілдер
I. Шақыру (evocation)	Оқушыларда зерттелетін сұраққа байланысты бұған дейін болған білімді еске түсіру, олардың әрекетін белсендіру, одан арғы жұмыстарға түрткі беруге бағытталады	Оқушы зерттелініп отырған сұрақ бойынша білетіндерін «есіне түсіреді», жаңа ақпарат алғанға дейін бар білетінін жүйелейді, жауабын білгісі келген	«Білетін ақпараттардың» тізімін жасау; кілттік сөздер бойынша болжамдар жасау; мәліметтерді жүйелеу (сызба, таблица); дұрыс және бұрыс

		сұрақтарын қояды	пайымдаулар және т.б.
I кезеңде алынған ақпарат тыңдалады, жазылып алынады, талқыланады. Жұмыс жеке-дара, топпен немесе жұптық үлгіде жүргізіледі			
II. Мазмұнын ұғыну (realization of meaning)	Жаңа ақпаратпен тікелей жұмыс жасауда тақырыпқа қызығушылықты сақтап қалуға, біртіндеп білімнің «ескіден» «жаңаға» ауысуына бағытталады	Оқушы жаңа ақпаратты меңгеру деңгейіне қарай мұғалімнің ұсынған белсенді оқу әдістерін пайдалана отырып мәтінді оқиды не тыңдайды	Белсенді оқу әдістері: сабақтың бірінші бөлімінде қойылған сұрақтарға жауаптар іздеу; оқылған мәліметтерді «-», «+» белгілерімен белгілеп отыру
Мазмұнын ұғыну кезеңінде жаңа ақпаратпен (мәтін, фильм, дәріс, параграф мәліметі) тікелей жұмыс жүзеге асады. Жеке-дара және жұппен жұмыс жасалады			
III. Рефлексия (reflection)	Мұғалім оқушыларды алғашқы болжам-жазбаларға қайта оралтып, өзгерістер мен толықтырулар енгізуі қажет; зерттелген ақпараттарға сәйкес зерттеу, шығармашылық, тәжірибелік тапсырмалар беру қажет.	Екінші кезеңде алған білім негізінде «жаңа» ақпарат пен «ескі» ақпараттарды сәйкестендіріп, салыстырады	Сызбалар мен таблицаларды толтыру; ақпарат блоктарының себеп-салдарлық байланысын анықтау; кілттік сөздер мен дұрыс және бұрыс пайымдауларға оралу; сұрақтарға жауап; дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру. Шығармашылық жұмыстар; дискуссия ұйымдастыру. Тақырыпты жеке сұрақтар бойынша зерттеу және т.б.
Рефлексия кезеңінде сараптау, шығармашылық өңдеу, зерттелген ақпаратты түсіндіру жұмыстары жүзеге асады. Топпен, жеке және жұптық жұмыстар жүргізіледі			

Сыни ойлау технологиясы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы тиімділігі жоғары технология. Аталмыш технология бойынша өткізілген сабақ барысында мұғалім оқушының бойында білімге деген құштарлықты оятады, оқушының өз бетінше жұмыс жасай білу дағдысын, жауапкершілік, білім мен тәжірибені байланыстыра алу, пікір алмасу және өз пікірін қорғай білу сынды қабілеттерін дамытады, қалыптастырады. Сыни ойлау технологиясы арқылы жұмыс жасай отырып мұғалім ақпараттың негізгі көзі болмайды, технологияның әдіс-тәсілдерін қолданып оқыту үдерісін қызықты және біріккен түрде білімділікке жету жолына айналдырады. Технология білім беру үдерісі нәтижесі мен барысын өзгертіп, оқушылардың мақсаттарын да түрлендір мен нақтылауға негіз болады.

Жаһандық өзгерістерге сәйкес «заманауи тұлға»көптеген қабілеттіліктер мен қасиеттер кешеніне ие болуы тиіс. Бұл қабілеттіліктер мен қасиеттер кешені оның бәсекеге қабілетті

бола білуіне, қоғамдық сұраныстар мен талаптарға сай өмір сүре алуына көмектеседі. Олардың арасынан тұлға үшін қажеттілігі жоғары болып табылатын функционалдық сауаттылықты бөліп көрсеттік. Ал, функционалдық сауаттылықты дамыту мен қалыптастырудың бір жолы ретінде сыни ойлау технологиясын келтірдік. Технологияны кезеңдері бойынша ретімен өткізіп, әдіс-тәсілдер кешені қолданылса функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда нәтижелілігі жоғары болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы
3. Мацкевич В.В., Крупник С.А. Всемирная энциклопедия: Философия. – Минск, 2001. – 687 с.
4. Фролова П.И. Формирование функциональной грамотности как основа развития учебно-познавательной компетентности студентов технического вуза в процессе изучения гуманитарных дисциплин // автореферат канд. диссер, Омск, 2008.
5. Пошконяк Н. Образование: традиция и нововедения в условиях социальных изменений// Инноваций и традиции в образовании. Сб.российско-югославских конференций, 1996.
6. Атутов П.Р. Политехническое образование и рынок труда // Учащаяся молодежь и рынок: Сб.научных тр.- М.: Мин.просв., 1994 г.

МукашеваА.,
студентка 2 курсаспециальности социальная
педагогика и самопознание КазНУ им. аль-Фараби
Научный руководитель: к.п.н., доцент МамырбековаГ.А.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНДИВИДУАЛИЗИРОВАННОГО ПОДХОДА В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Новое время, новые условия профессиональной деятельности педагога потребовали пересмотра, как общей методологии, так и конкретных подходов и способов обучения учащихся в образовательных учреждениях. Личностно-ориентированное образование предусматривает индивидуализированный и дифференцированный подходы к обучению с учетом уровня интеллектуального развития школьника, с учетом его подготовки по предмету, его способностей, задатков, интересов. При таком типе обучения содержание, формы, методы и средства должны максимально учитывать индивидуальные особенности школьника и предпочитаемые им способы работы с учебным материалом. Самым эффективным подходом можно считать тот, который вызывает у учащихся любовь и заинтересованность к изучаемому предмету.

На сегодняшний день система образования обращена на совершенствование у подрастающего поколения *высоко нравственного развития, универсального критического мышления* в целостном образовательном процессе.

Сущность принципа *индивидуализированного подхода* состоит в учете индивидуальных особенностей учащихся в учебном процессе с целью активного управления ходом развития их умственных и физических возможностей.

Личностно-ориентированный подход в современной науке не имеет единого трактования, как и индивидуализированный подход. О признании личности ученика

говорили как психологи (Л.И. Божович, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, В.А. Петровский, С.Л. Рубинштейн), изучая механизм личностного развития, так и педагоги (Н.А. Алексеев, Е.В. Бондаревская, И.Б. Котова, С.В. Кульневич, Т.И. Кульпина, В.В. Сериков, Е.Н. Шиянов, И.С. Якиманская), анализируя развитие личности в процессе обучения и учения. Сухомлинский (1918–1970 гг.) создал в свое время оригинальную педагогическую систему, основывающуюся на *принципах гуманизма* и на *признании личности ребенка высшей ценностью*. На личность ребенка должны быть ориентированы процессы воспитания и образования, творческая деятельность сплоченного коллектива педагогов-единомышленников и учащихся. В книге "[100 советов учителю](#)": ребенок не только мыслит и познает мир вокруг себя, но и познает самого себя.

Индивидуальный подход предполагает *всестороннее изучение* учащихся и разработку соответствующих мер педагогического воздействия с учетом выявленных особенностей. Учитель для изучения учащихся имеет возможность получить данные клинического и психологического обследования каждого ученика класса и дополнять их педагогическими наблюдениями. В результате этого создаются *педагогические характеристики учащихся*, отражающие состояние их речи, внимания и памяти, темпа работы и общей работоспособности, уровень развития логического мышления, пространственной ориентировки, двигательной и эмоционально-волевой сферы. Опираясь на эти данные, учитель намечает ближайшие и перспективные задачи в работе с каждым учеником и разрабатывает для их решения систему *педагогических мер* для применения в условиях фронтальной работы с классом, а в отдельных случаях — индивидуальной дополнительной работы.

Педагог в учебно-воспитательной деятельности должен знать и учитывать индивидуальные особенности: интеллектуальная сфера (внимание; восприятие; мышление; память; воображение); особенность речи; особенность эмоциональной сферы (темперамент, чувствительность, возбудимость); особенность волевой регуляции; особенность поведения; акцентуации характера («шизоидный», «гипертимный тип» и т. д. — всего 12 акцентуаций); соответствие темпа развития учащегося среднестатистическому (нормальному); физические особенности (зрение, слух, осанка и т. д.); работоспособность; темп деятельности; общие или специальные способности; склонности; интересы; направленность личности. В структуре процесса воспитания и обучения есть индивидуальный учебный план или программа. В этом учебном плане или учебной программе формируются цели, содержание, формы и методы, требования и критерии оценки работы.

Последнее время все большее распространение получает *ориентация на личность* ребенка в школе. Ведь с каждым новым поколением вырастающих школьников мы видим значительные изменения в уровне их познания, расширении кругозора, социальной и культурно-нравственной позиции и т.д. На этой основе необходимо проводить *диагностику* воспитываемой личности, чтобы учитывать в какой форме, в каком стиле преподавать в дальнейшем; выработать план коррекционной работы по итогам диагностирования; создавать условия для саморазвития, самореализации, самопознания. Диагностика дает шанс ясно увидеть возможности, потенциал, проблемы того или иного школьника. *Метод наблюдения* очень важен в процессе диагностики. Наблюдение является надежным методом, не требует специального оборудования и исключает дополнительную психоэмоциональную нагрузку ребенка.

В данной статье мы выделяем особенности *индивидуализированного подхода* в целостном педагогическом процессе. Наблюдая за каждым обучающимся, учитель обязан понимать, как именно он собирается учитывать ту или иную индивидуальную особенность ребенка на уроке. Скажем, если в классе учится «правополушарный» эмоционально-лабильный интроверт – будет ли оптимальным готовить контрольное задание для каждого с учетом самых разных сочетаний типов личностей. Здесь идет ответ на главный вопрос использования данного подхода. Использование индивидуального подхода с целью

разработки типологической характеристики класса, т.е. вся ученическая масса делится на «модели» (объединение по общим интересам, увлечениям, идеям в голове) и свой подход выстраивается к тем «моделям». Аналогом этой идеи служит разделение на профильные классы. Отличие разделения на профильные классы и разработки типологической характеристики с использованием индивидуализированного подхода в том, что преподаватель учитывает все полученные результаты, преобразовывая учебную деятельность внедрением данной технологии. Преобразование всего процесса воспитания и обучения выгодно для ребенка, а также для родителей, учителей.

Во-первых, *успешная форма протекания занятий*. Учитель повышает мотивацию у учащихся, так как знает с каким видом мотивации он имеет дело в каждой конкретной «модели». Мотивация – процесс физиологического и психологического плана, управляющий поведением человека, определяющий его направленность, организованность, активность и устойчивость. Учитель должен создать такие условия, при которых учащиеся будут стремиться узнать все больше нового о предметах. К примеру, на уроке математики разрабатывать задания, вызывающие наглядное любопытство обучающихся, что, в свою очередь, запускает механизм мыслительной деятельности. Проводить занятия с помощью различных материалов (Пидкасистый П.И. – «материальные средства обучения») с символами, знаками в них (касается детей с преобладанием визуального типа восприятия и обработки информации). Подобным образом допустимо принимать во внимание внедрение других предметов такого рода модификаций.

Во-вторых, это *профессиональная ориентация учеников*. Ближе к выпускным классам ребенок готовится к государственным экзаменам, выбору профессии в будущем. Стоит усилить и сделать «опорными качествами» личности те склонности, которые присутствуют в школьниках. В настоящий момент *Министерство образования и науки Республики Казахстан* отмечает важным проблему профильной подготовки школьников. Для выпускников 2017 года произойдет разделение ЕНТ на два этапа: итоговая аттестация в школах в формате государственных экзаменов и ЕНТ, которое будет проводиться в форме тестирования, как и ранее, по двум профильным предметам из 14 предметов в зависимости от выбранной специальности. «Принимаемые меры позволят создать более гибкую систему ЕНТ с исключением морально-психологических проблем для обучающихся; обеспечат качественный и справедливый отбор в вузы», - пояснили в МОН. Из всего вышесказанного можно прийти к следующим выводам. Если преподаватель, хорошо зная индивидуальные качества учащегося, будет обладать набором средств и методов, позволяющих ему успешно взаимодействовать с учениками в образовательном пространстве, повышать качество содержания всей работы, это поможет ему целенаправленно формировать действенный положительный мотив, преобразовывая его на всех ступенях образовательного уровня .

1. Асеев В.Г. Проблема мотивации и личность. / Теоретические проблемы психологии личности./ М. 2004.

2. Джаналова З.Х. Проектная методика как способ реализации личностно-ориентированного подхода в обучении. / Педагогика./Методика./ 2010. №5., стр.16

3. Сергеев И. С. Основы педагогической деятельности./ Учебное пособие./ Питер. 2004.

4. Сериков В. Д. Личностный подход в образовании: концепция и технологии /Волгоград,1994.

5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., Темирболат А.Б. Инновационные стратегии и технологии воспитания студентов./ Инновации в обучении: учебно-методическое пособие./ Алматы, 2013.- 92с.

Айтбекова Ж.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Мамырбекова Г.А.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ КӘСІБИ АНЫҚТАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалпы кәсіби өзіндік таңдау, нақты қызмет түрін анықтау мәңгілік проблема, ол қоғамдағы еңбек бөлінісі қаншалықты созылса, соншалықты жалғасады. Еш бір ұрпақ еш уақытта «кім болу?» деген сұрақтан арыла алмады және түрлі себептермен басқара отырып, оны әртүрлі деңгейде шешті. Жастарды өмір сүруге, мамандықты таңдай білуге және өндірістік еңбекке белсене қатысуға даярлау оқушыларды жалпы білім беру, арнайы сияқты даярлықтарды өзіне қоса алатын білім берудің белгілі бір кешендерімен жарақтандырып қою ғана емес, олардың бойына орнықты кәсіптік бағдарлауды қалыптастыру болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – жеке тұлғаның қалыптасуымен және дамуымен тікелей байланысты күрделі және ұзақ процесс. Себебі, жалпы оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру жұмысында белгілі бір мамандықтағы қажеттіліктерді қалыптастыратын жеке тұлғаның кәсіптік сапа жүйесі қалыптасады. Мамандықты кездейсоқ таңдамау үшін өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру процессінде жеке тұлғаның бастапқы кәсіби біліктілігін қалыптастыру қажет.

Ш.Т.Таубаева мен С.Е.Хамитова өздерінің «Жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы ебегі бойынша «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» республикалық педагогикалық-әдістемелік журналының 2014 жылғы №3 басылымында жарық көрген мақалаларында зерттеушілер И.С.Кон, А.Я.Журкин, П.А.Шавир және т.б. өзін-өзі кәсіби анықтау әртүрлі жас кезеңдерінде өзіндік ерекшелікке ие болатындығы туралы тұжырым жасағандығын және бұл бағыттағы жұмыстарға Е.М.Борисова, Л.И.Божович, Л.С.Рубинштейн, Е.А.Климов, В.И.Лебедева, А.М. Кахарчук, А.А.Филиппов, А.В.Мудрик, С.П.Крягже, А.В.Петровскийлердің еңбектері жататынын негіздеп өткен[1, 5-6.].

Кәсіби өзін-өзі анықтауға әсер етуші түрлі факторларды зерттеу ісі көрсеткендей, таңдауға көбіне көп мектеп пен мұғалімдердің, әлеуметтік педагогтың тәрбиелік жұмыстары әсер етеді.

Оқушылардың кәсіби өзіндік орнын анықтауға ықпал ететін қызмет түрлерін анықтаған кезде олардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Оқушылардың кәсіби өзіндік орнын анықтауын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік педагогтық қызметтің барлық түрлері болашақ мамандығына барынша жақын болуы маңызды. Олардың өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру жұмысы тиянақты атқарылған жағдайда «өзін сол орынға қойғанда» оқушы болашақта өзін қас маман ретінде сезініп, таңдаған кәсібінің нақты шеберліктері мен дағдыларын игереді және жасы үлкен адамдардың еңбек ұжымында өзара қарым-қатынастардың нормаларын игереді.

Кәсіп таңдау – баланың өз болашақ өмір жолын таңдау болып табылады. Дамыған елдерде оқушылардың кәсіби бағытын анықтауға баса назар аударылады. Білім азаматтық сананың, ортақ мәдениеттің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытты мәнді өткізуді ұйымдастыру үшін жағдай жасайды. Қазақстан Республикасының жалпы және қосымша білімін модернизациялау оқу, тәрбиелеу, тұлғалық даму мен оқушылардың кәсіби бағыт алуға, мемлекеттің болашақ жауапты азаматтарын тәрбиелеуге тиімді жағдай жасайды. Қазақстан Республикасының орта білімін модернизациялау ұлттық білім саласын жетілдіру мен әлемдік білім кеңістігіне кірігуінің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» – делінген. Білім сапасы мен кәсіби деңгейі жоғары мамандар ғана еліміздің әлемде құрметке ие болуының кепілі болмақ. Сондықтан, Қазақстанның әр білім ордасы өз қызметін осы мақсатқа жұмылдыруы қажет.

А.Г. Грецов «Выбираем профессию» атты педагог-психологтарға арналған кеңестер жинағында: «Бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – өтпелі жағдайдағы әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге икемді және игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру, атап айтқанда дарынды оқушыны тәрбиелеу болып отыр. Мұндай тұлғаға қойылатын негізгі талаптар: жоғары мәдениеттік, шығармашылық қабілеттілік, белсенділік, жоғары білімділік пен кәсіби сауаттылық. Әрине осы талаптарды орындау үшін бүгінгі таңдағы мектептің құрылымын түбегейлі өзгерту керектігі белгілі. Дәлірек айтқанда жаңа мазмұнды білім беру ортасын құру қажет»-деп көрсетіп кеткен болатын[2, 39 б.].

Мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын жері. Ол жеткіншектің тек қана одан арғы оқуына негіз болатын базалық білім мен машықтарды ғана беріп қоймайды, сонымен бірге өмірлік тәжірибенің де алғашқы тәжірибесін береді. Дәл осы жерде жеке тұлғаның қоғаммен арадағы қатынастарының, үлкендер мен құрдастарына деген құрметтің, заңды және құқықтық тәртіпті сыйлаудың негіздері қаланады. Оқушы мемлекеттің міндетін түсінуге, оның әлеуметтік институттар арқылы өзінің жеке басына қатысты жоспарларын іске асыруға қолдау жасайтынын үйренеді. Мектеп өмірдің алғашқы сабақтарын береді. Қоғамда өмір сүруге, оның тәртіптеріне бағынуға үйрете отырып, мектеп сонымен бірге әрбір баланың жеке ерекшеліктерін басып тастамауы керек. Өзінің жеке пікірі жоқ оқушы өзінің позициясын дәлелді түрде қорғай алмайды және ол жаңа идеяларды туғыза алмайды. Ондай адам дұрыс шешімдер қабылдауға, жаңа инновациялар жасауға қабілетсіз. Осыдан құтылу үшін мұғалімнің оқушыға деген қамқорлық қатынасын өзгерту қажет. Бұған қатысты Н.А. Назарбаевтың өзінің «Қазақстан жолы» атты еңбегінде, «Мұғалім жауаптарын бермейді, ол сұрақтар қояды. Мұғалім білімнің жолымен жетектеп жүрмейді, ол тек оны көрсетеді» деген тамаша айтылған сөзі бар[3,364 б.].

Жеке ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби өзіндік орнын анықтауына, өз ұстанымын дәлелді қорғай алатын тұлғаның қалыптасуына ең басты мектеп әсер етеді. Сонымен қатар бұл жерде отбасының да рөлі елеулі болып табылады. Егер «отбасы-мектеп» байланысы жақсы болса, онда баланың өзіндік кәсіби орнын анықтауы қолайлы болады. Сонымен қатар, бұл іске әлеуметтік байланысты енгізсек, тіпті жемісті жетістік береді. Балалардың көбі, сондай-ақ дарынды балалар да басқа балалар сияқты немен айналысатындарын білмеуі көкейкесті мәселенің бірі болып табылады. Ата-аналар заманауи кәсіптер және оның ерекшеліктері жайлы толық біле бермейді. Балаға таңдауына таныстары немесе туыстары кейде түрткі болады. Алайда, сонда да көбінесе болашақ таңдауға ата-анасының ісі, жұмысы, қызығушылығы және талпыныстары әсер етеді. Бұл жағдайда ата-ананың жолымен жүруі жақсы, алайда баланың өз көзқарасына мән берген жөн.

Дарынды оқушылар кәсіп таңдағанда мәртебелі, қолайлы деген өлшемдерге сүйенеді. Бұл жерде мынаны атап өту керек, жоғары еңбек ақысы көп интеллектуалды, психикалық немесе физикалық күшті талап етеді. Өздігінен үлкен өтемақы мен қызмет жұмыстан және өзінен де қанағаттанушылықты қамтамасыз етпейді.

Шығармашылық қажет ететін қызықты мамандықтар көп, бірақ соның ішінен баланың жанына жақын кәсіпті таңдап алу өте маңызды. Кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл жеңіл және тез үдеріс емес. Сондықтан балаға көмек беру қажет болады. Әрбір адамның қандай да бір іс-әрекетке қабілеті бар деп есептелінеді, ал дарынды балаларда қабілеттер шеңбері айтарлықтай кең. Бұл қабілеттер оларға болашақта өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларының қалыптасуында көп септігін тигізеді. Бірақ бұл өте оңай нәрсе емес. Ешкім өз қабілеттілігін толық біле бермейді десек, артық айтпаған болармыз. Ал дарынды оқушылардың өзі де керек десек өздері білетін қабілеттердің кейбіреуін қабылдағысы да келмейді екен.

Адамның қандай да бір кәсіп таңдауына қандай факторлар әсер етеді? Өмірлік жолды таңдауда қабілеттілік соңында ескеріліп, ал шешуші рөлді басқа факторлар атқарады, мысалы, ата-ана, кейде құрбы-құрдастар көзқарасы атқарады екен. Тәжірибеде икемділік соңғы кезекте ескеріледі, ал ең бастысы ата-ана көзқарасы үлкен әсер етеді екен. Кейінгі кездерде ақпараттық көздерден стоматологтардың, косметологтардың, пластикалық хирургтардың, сол сияқты адам үшін зиянды ас өнімдерін өндірушілердің т.с.с. кесірінен зардап шеккендер жайлы өте көп айтылады. Яғни бұл кәсібіне салғырт адамдардың кесірінен болған жағдай. Бұл кәсіп таңдағанда қателік жіберген адамдар. Демек бұндай болмас үшін кәсіп таңдауға ерекше көңіл бөлу керек. Кәсіп таңдаудағы қателік деген не, ол неден туындаған және оның салдары қаншалықты деген сұрақтар туындайды. Қателік ақпараттың жетіспеушілігінен, бұрыс түсіндірілуінен пайда болады.

Кіші жастағы оқушылар мұғалім, тәрбиеші, сатушы, космонавт, инженер, шекарашы, ұшқыш болғысы келеді. Жоғары сыныпта мүлдем басқаша, кәсіп шеңбері 3-4 кәсіпке азаяды, бірақ мазмұны жайлы толық біле бермейді. Ересектер кәсіп таңдаудағы кері әсер етуде соңғы рөлді атқармайды, олар балаларында кейбір кәсіпке деген дұрыс емес көзқарасты туындаттырады. Кәсіп таңдаудағы бірден-бір қателік – ол «мәртебелі мамандық қой» деген түсінік. Көп жағдайда дарынды оқушылар табыр инстинкіне ілесе кәсіпті «компания үшін» таңдайды және ол өмір бойы таңдауы екенін ескере бермейді, жай нәрсе деп қабылдайды.

Басқалардың әсеріне тап болғанның өз көзқарасы болмайды, басқалардың көзқарастарына жүгінеді. Оларға бәрі әсер етеді, керек болса телесериалдар, кез-келген адамдар кеңесі, мода да әсер етеді. Сонымен қатар бала міндетті түрде кәсіби орнын анықтауда қоршаған орта көзқарасына сүйенеді (ақпарат көздеріне, ата-ана кеңесіне, құрбы-құрдастарына еліктеу арқылы т.с.с.). Сондықтан дарынды оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау дағыдыларын қалыптастыруда баланың болашақтағы дұрыс таңдауына әсер етуіне жүйелі түрде ұйымдасқан бағыт- бағдар қажет.

Нарыққа өтудің әсерінен пайда болған жаңа мамандықтың, кадрларды даярлаудың жоғары сұраныстарына біліми қызмет көрсету – мамандық мәртебесінің (престижінің) өзгеруімен келген жұмыссыздықтың өсуінен пайда болатын қажеттілік. Бүгінде тиімді кәсіби бағдар жүйесін құру бүкіл мемлекеттік проблема ретінде көрінуі, біздің ортамыздың әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамуының индивидуальды ерекшеліктеріне, біліктілігіне, кәсіби танымның жүйеленуіне келіп саяды.

Бүгінгі таңда кәсіби бағдардың жұмысы функциялы түрде келесі себептермен жүйеленбейді: оқу орындарында кәсіби бағдарлық жұмыс мамандарының болмауы, жеткілікті дәрежеде ғылыми методикалық құралдармен қамтамасыз етілмеуі, жұмыс барысында іскерліктің барлық бағдарларының субъектісіне кірістірілмеуі.

Кәсіби танымның проблемасы көптеген зерттеулерде орын тапқан, десек те методологиялық және теориялық негіздердің, кәсіби өңдеулердің ауқымды қоры қажет. Бұдан әр алуан сұрақтар шешімінің ғылыми аргументтілігін арттыратын мектеп түлегінің болжалды түрде тұлғалық моделін жобалауға болады. Модернизация жағдайында дарынды оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау дағыдыларын қалыптастыру заман талабына сай білім берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Шындығына келгенде, мектеп оқушысы, әсіресе жасөспірім шақта болашақ өмірінің барлық қырларын саналы түрде толық бағдарлай алуға дайын болмағандықтан, кәсіби таңдауды өздігінен жасау мүмкіндігіне ие бола алмайды. Ол үлкендер тарапынан қолдауды, педагогика-психологиялық, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді, мектептің, отбасының, қоғамның ұйымдасқан түрдегі іскерлігін қажет етеді.

Оқушы тұлғасының өздігінен дамуы, өмірлік жолы мен болашақ мамандық таңдау үрдісінің қажетті деңгейде құрылмауы – кезек күттірмей шешуді қажет ететін маңызды мәселе. Сондықтан жалпы білім беретін мекемелердің бүгінгі таңдағы басты міндеті – оқушы білімін ары қарай жалғастыру жолдарын таңдауға, келешек өмірлік және кәсіби өзіндік орнын анықтауға дайындау.


Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосатын, болашақтың тізгінін ұстайтын қазіргі жас ұрпақ. Сол өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілетті тұлғасын, яғни дарынды оқушының жақсы білім алып, оның болашақтағы өмірлік ұстанымына, кәсіби таңдауына әсер ететін қоғам, мектеп, әрине отбасы болып табылады.

Оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін факторларының біріне отбасы жатады. Отбасы баланың өмірге және еңбекке қатынасын қалыптастырады. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар және олардан туындаған талаптар отбасына ішкі, сыртқы факторлар ретінде ықпал етеді.

Отбасында баланың саналы және кәсіби қалыптасуы ұзақ болатын процесс. Бұл әсерлер қатты немесе әлсіз, жағымды немесе жағымсыз әсер етуі, саналы, бағыттталып іске асуы, қолайлы немесе келіспеушілік жағдайда болуы мүмкін. Басқалай айтқанда, көптеген зертеулер нәтижесі көрсеткендей, әр отбасында ересектердің баланың кәсіби қызығушылығының дамуына әсері әр түрлі. Бұл әрине жалпы қорытынды бойынша алынған. Отбасы баланың кәсіби қызығушылығына қаншалықты әсер етуі, үй ортасының қандай факторы әсер ететіні, т.с.с. белгісіз болады.

Осы сұрақ бойынша жүргізілетін сараптама әр түрлі отбасының балаларының кәсіп таңдауына әр түрлі деңгейде әсер етуін байқата алды (әсер ету деңгейі бойынша үш топқа бөлініп алынды).

Сараптама төмендегідей:



қолайлы жағдай туғызылған.	ғой, өзің біл» т.с.с. айтады екен. Бұл категориялы ата-аналарды А.С.Макаренко: «олар балаларына мән бермейді, тек өз тыныштығын ойлайды» деген екен.	қанағаттанбауын қалыптастырады.
----------------------------	--	---------------------------------

Кәсіби өзін-өзі анықтау мен кәсіп таңдау мәселесі – кең жоспарлы және көп аспектілі болып табылады. Кәсіби қызығушылықтың дамуы өте қиын, ол ата-аналар тарапынан кәсіби тәрбиелеудің әлеуметтік міндеттерін білуін талап етеді және кәсіби бағдар жайлы нақты білуді қажет етеді.

Ата-аналар пікірінше кәсіби бағыт-бағдар іскерлігімен көптеген ұйымдар мен мекемелер айналысуы керек. Балалардың өзіндік кәсіби анықталуы тұрғысындағы жұмыс мектепке дейінгі мекемелерде басталуы қажет, бірақ негізгі рөлдер мектеп пен отбасына беріледі.

Жасөспірімдердің белгілі бір бөлігі өмірлік жоспары мен өмір мәні жайлы енді ғана ойлана бастайды. Яғни, құндылықтардың сатылық жүйесі толық емес. Өмір мәнінің қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар: ата-аналар, өзінің өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы, педагогтармен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы, БАҚ, қоғамдағы жағдайлар.

Л.И. Божович «Проблемы формирования личности» деген туындысында көптеген жасөспірімдердің өзін-өзі кәсіби анықтауы ойластырылмаған және кездейсоқ сипатта болатынын, ал өзінің болашағын жобалауы кең фактордың әсері арқылы жүзеге асатынын айтып өткен. Ол, мысалға: оқуын нақты бір кәсіби оқу орнында жалғастыру; ата-ананың кәсібі; терең қарастырғысы келетін мектеп пәндері; өзінің жұмыс тәжірибесі; достары мен таныстарының мысалдары мен тәжірибелері; ата-ана және басқа да туыстардың ақыл-кеңестері; мұғалім ұстанымы; өзінің қабілеттеріне сенімділігі; шешімді интуитивті қабылдауы[4,85 б.].

Дарынды оқушылар тәрбиенің белсенді объектісі, олар өз өмір жолын заман талабына сай орайластыра құруға қабілеті толық жететін, шығармашылық істің өкілдері. Олар нарықтық қатынастарға өтудің небір сүйініш-күйініштеріне ересек адамдармен бірге ортақтаса алып, бұрынғыдан гөрі ертерек есейе білді. Бірақ та, қоғамдағы әр түрлі проблемаларды жеңе білуде оларға аға ұрпақтардың көмегі мен ақыл кеңестері әлде де бұрынғыша қажет бола бермек. Сондықтан да дарынды оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың биік мақсаттарға бағытталған талап-тілектерін үнемі демеп отыру үйдегі, түздегі тәлімгерлердің абыройлы парызы.

Қорыта келгенде, дарынды оқушылардың бастау алар мектепке дейінгі білім беру мекемесінен жоғары сыныпқа дейінгі аралықта әлеуметтік педагогтың дарынды оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру жұмысында олардың кәсіби бағыт-бағдар бойынша барлық іскерлігін жүйеге келтіріп, оқушының өзіндік таңдауына септігін тигізетін кәсіби бағыт-бағдар іскерлігінің жүйесін сатылай кешенді қалыптастыру қажет:

Бірінші саты – балалық ойын. Бала әр түрлі кәсіби кейіпкерлердің бейнелеріне еніп, қиялдайды;

Екінші саты – жасөспірімдік фантазия. Танымал мамандықтың жоғары өкілі ретінде өзін-өзі байқап көру;

Үшінші саты – толық жасөспірімдік және бозбалалық шақты қамтиды. Бұл сатыда мамандықтарды таңдау алғашқы рет және тұрақсыз іріктеу, қарастыру жүреді. Әр түрлі әрекет түрі ең алдымен жасөспірімнің қызығушылығы бойынша бағаланса, кейбір қабілет пен құндылық жүйесіне көбірек мән береді;

Төртінші саты – іс жүзінде шешімге келу, нақты мамандықты таңдау. Ал ол екі компонент бойынша жүреді: а) еңбектің болашақ біліктілігі, көлемі мен дайындық деңгейін анықтау; б) нақты мамандыққа тоқталу.

9-сынып оқушылары оқу жылының аяғына қарай мынандай үш әлеуметтік процесс арасында анықталулары тиіс: жалпы орта білім (10-11 сынып), кәсіби білім және жаңа жұмыс орны.

Педагогикалық әдебиеттердің барлығында да мамандық таңдаудағы түрткілердің біркелкі классификацияларды кездестіре алмаймыз. Сан түрлі классификациялардың ішінен өз ойыма жақын Л.В. Пенкраттың «Мотивы выбора профессии» атты кітабында келтірген жалпы түрткінің үш тобын көрсеткім келді, олар: 1) Жалпы түрткі: мамандықтың романтикалығы; танымалдылығы; қоғамдық маңыздылығы; мысалға сүйену; 2) Таңдаған мамандықтың мүмкіндігін білу; оқудағы және сыныптан тыс қызығушылық; пайда әкелу түрткісі; жақындар мен танысардың ықпалы; 3) Мамандықтың қоғамдағы пайдалық түрткісі; психологиялық мінездеме; еліктеу; сыртқы себептер[5, 51-б.]. Осы тұрғыда әлеуметтік педагог дарынды оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау дағдыларын қалыптастыру жұмысында түрткілер және терең мағынасында, яғни мотивацияларды есеп алып, тиянақты қызмет жүргізуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Т.Таубаева, С.Е.Хамитова. Жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі кәсіби анықтау дағдыларын қалыптастыру. //Әлеуметтік педагогика.- 2014. -№3. – С.5
2. Грецов А.Г.Выбираем профессию.Советы практического психолога. – СПб.: Питер, 2005. -301 с.
3. Назарбаев Н.А. Қазақстан жолы, - Қарағанды, 2006. – 372 б.
4. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – Москва: Владос, 1995.-289 с.
5. Пенкрат Л.В. Мотивы выбора профессии. – Минск, 1986.

Бексейіт Ж.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Махамбетова Ж.Т.

1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Кез келген жоғары оқу орнында оқытудың педагогикалық міндеттерінің бірі – бірінші курс студенттерін жаңа білім беру жүйесіне, жаңа әлеуметтік қатынастар жүйесіне жылдам әрі тиімді бейімдеуге, үйретуге бағытталған жұмыстарды жүргізу. Жоғары оқу орнының бұл жердегі міндеті студенттік өмірді енді ғана бастаған жастарды жаңа білім беру жағдайына барынша жылдам бейімдеу, меңгерту болып табылады.

Біздің жүргізген зерттеуіміздің мақсаты жоғары оқу орнына жаңа түскен бірінші курс студенттерінің жаңа оқу жүйесіне, жаңа өмір жағдайына деген әлеуметтік-психологиялық бейімделу үрдісінің қалай қалыптасатындығын анықтау болды.

Бейімделу мәселесі барлық оқыту, білім беру деңгейі үшін маңызды, өзекті болып саналады. Қандай да бір жаңа ортаға, жаңа өмірге қадам басқанда, тұлғаның өзгеруін талап ететін жағдайларға жолыққан кезде адам бойындағы бейімделу қабілетінің қажеттілігі туады.

Жалпы түрде, бейімделу ұғымы қандай да бір өзгеріске, жаңа бір жағдайларына сай ыңғайлануды, бой үйретуді білдіреді. Сонымен қатар бұл ұғым тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаны игеру, жаңа ерекшеліктерді, өзгешеліктерді меңгеру үрдісі ретінде де сипатталады. Күрделі не жалған болсын, толық емес немесе шектен тыс көп, түсініксіз мәліметтер болсын, кез келген ақпараттың адам өміріне тигізер әсері мен ықпалы мол. Бірінші курсқа түскен студенттер де әртүрлі ақпараттарды қабылдауға мәжбүр болады. Яғни, жаңа оқу материалдарын игереді, әртүрлі хабарларды, жаңалықтарды естиді, тыңдайды, таныс емес жағдайлармен танысады, өзге тұлғалармен қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан әлеуметтік-психологиялық бейімделудің тиімді жүзеге асуына студенттің тұлғалық қасиеттеріне, психологиялық ерекшеліктеріне, жаңа нәрсені қабылдауға деген дайындығы мен көрген тәжірибесіне тікелей байланысты.

Аталмыш зерттеу жұмысында әлеуметтік-психологиялық бейімделуді анықтаудың (диагностикалаудың) Роджер-Даймонд ұсынған әдістемесі қолданылды. Сауалнама 100 сұрақтан тұрады. Жауап нәтижелері студенттің бейімделу ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерін анықтауға көмектеседі. Ал бірінші курс студенттері өз-өзіне баға бере отырып, ол жайында жалпы тұлғалық ерекшеліктерді бейнелеп бере алады.

Зерттеуге ҚазҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және «Педагогика және психология» мамандықтарының бірінші курс студенттерінен 45 студент қатыстырылды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 1 курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі жалпы нормаға сәйкес келетіндігі анықталды, яғни респонденттердің 89%-ы бейімделу қабілетінің жақсы екендігін көрсетсе, ал 11%-ы бейімделу қабілетінің, тіпті, нормадан жоғары екендігін байқатты. Сауалнамаға қатыстыстырылған студенттердің барлығы жаңа оқу үрдісін, жаңа өмір сатысын ойдағыдай өткере алғандығын аңғартты. Зерттеу нәтижесінде алынған көрсеткіштер тұлғалық сипаттамалардың нормаға сәйкес әрі одан жоғары екендігін дәлелдеді.

Біздің зерттеуіміз бейімделудің тиімділігі адамның көптеген тұлғалық сипаттамаларына – сана-сезіміне, өзге адамдармен қарым-қатынас жасай алу қабілетіне, сенімділігіне, оптимистік көзқарасына, дербес өмір сүре алу қабілетіне, жауапкершілігіне, көшбасшы болуға деген ынтасына, ұжымдағы адамдардың ой-пікірін бағалау қасиетіне, тіл табысу ерекшеліктеріне, алғыр, қағілез болу мінезіне тікелей байланысты екендігін дәлелдеді.

Сабралиева Б.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш.

МУҒАЛІМ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АРТИСТИЗМНІҢ ОРНЫ

Қоғам өзгерісіне байланысты қазіргі кезеңде мектептерде әрбір оқушыны жеке адам ретінде, өзіне тән ой - өрісі, еркі, дербес әрекет жасауға қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға ретінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Демек, ауыл мектептеріндегі оқу үрдісі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, үлгілі, тәрбиелі болуына жолашуы қажет.

Еліміздегі білім беру жайы күн сайын айтылып келеді. Ал тәрбиеге көңіл бөлінбейтін секілді. Тәрбие дұрыс қолға алынбаған жерде білімнің терең тамыр жаюы екіталай. Сыртқы

факторлардың бірі- жас ұрпақ тәрбиесіне бағытталған идея- мұраттарымыздың жүйесі. Қазіргі педагогика ғылымында педагог тұлғасының оқушы тәрбиесіне бағыт- бағдар беру мәселесі кеңінен көтерілуде. Жалпы, балаларды мектеп жасынан бастап тәрбиелеп, оқумен қатар дәрежеде қатаң іске асыру қажет.

Жас ұрпақты мұғалімнің жеке тұлғасының ерекшеліктері, жеке сапалары арқылы оқушылардың тәрбиесіне қаншалықты ықпал тигізетінін анықтау, нақтылау, бір сөзбен айтқанда, оқушыларды тәрбиелеу – міне, бүгінгі таңның басты мәселесі осы.

Сонымен бірге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады[1]

Педагогикалық артистизм – бұл өнер деңгейіне көтерілген қызмет, педагог жұмысының жетілуінің жоғары деңгейі, бұл кезде қызметөзі қалаған рухани биіктікке шығады. Артистизм және педагогикалық шеберліктің ұқсастықтарына өз уақытысында А.С. Макаренко, сонымен қатар зерттеушілер В.Н. Гоноболин, Ю.П. Азаров, Н.В. Кузьмина, Ю.Л. Львова, В.А. Кан-Калик және т.б. көрсетті. Осы ерекшелікті К.С.Станиславский де көрсетті[13].

Педагогтың артистизм шеберлігі – бұл түрлі педагогикалық тапсырмалардың шешімі, оқу-тәрбиелеу процессінің эмоционалды қаныққан табысты ұйымдастырылуы және сәйкес нәтижелерді алу, оның мәні кәсіби және тұлғалық қасиеттерді анықтауда, олар осы қызметті туғызады және оның тиімділігін қамтамасыз етеді.

Сондықтан нағыз педагог үнемі шығармашылық шабытта, кәсіби және тұлғалық потенциалын оңтайландыру жолында болу керек. Оқытудағы түбегейлі өзгерістерді қажет ететін тек педагог-жаратушы жоғарғы педагогикалық шеберлік – артистизмді меңгереді, өз педагогикалық қызметінде оның биіктігіне жетеді.

Педагогикалық және артистизм қызметтің ерекшеліктерін көрсететін айтылған белгілер сөзсіз оларды жақындастыратын алдында айтылған белгілерді жоққа шығармайды, тек артистизм және педагогикалық қызметтер бір нәрсенің жай түрлілігі емес екеніне назар аудартады, және әр еңбектің өз ерекшелігі бар екенін түсіну қажет, соның ішінде артистизм қызметтің эстетикалық бағыттылығын түсіну керек.

Болашақ мұғалімдерге өзін-өзі көрсету біліктерін дамытуды ғана емес, сонымен өзін және өзгелерді көруді және бағалауды үйрену керек, бірінші кезекте *эмпатияны және рефлексияны* дамыту ұсынылады. Мұғалімді кәсіби дамытуда театрлық педагогика элементтерін алу мақсаты актерды тәрбиелеу емес, *педагогикалық тапсырмаларды шешуге байланысты анықталатын педагогты артистизм қасиеттермен тәрбиелеу* болып табылады.[2]

Сондай-ақ, В.Н. Харькиннің ойынша, ұстазбен салыстырғанда актердегі «тапсырушылық аясы өрнектеліп суреттелген», ол пьесаның мәтінін азғана өзгешеліктің арқасында жандандыра отырып, сол бір рөлде, сол бір мәтінмен өмір сүреді, ал ұстаз да, сабақтың мақсаты «шектеулі» болып табылады, олар табысқа жетудің тәсілі мен қисынын өздері реттеп отырады, яғни импровизациялық, сондай-ақ шығармашылық толықтығының дәрежесі театрлыққа қарағанда, педагогикалық қызметте көбірек байқалады. [3]

Педагогикалық шығармашылық пен әртістік шеберлікке өзін-өзі тәрбиелеуін (оқытушының бағыттауымен) болашақ актердің теориялық және практикалық даярлығымен үйлесімді сабақтастырғанда ғана нәтижелі болады. Өзін-өзі және іс-әрекетін ұйымдастыруда студенттер өз тұлғасын, сапалық құрылымын тани отырып, өзінің келеңсіз және жағымды жақтарын анықтап, кәсіби маңызды ерекшеліктерді, сапаларды дамытуға бағытталады. Жалпы білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерінде педагогтың тұлғасының өсуінің кәсіби талаптары, қызметтің жеке стилін дамыту, педагогтың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға шығармашылық тұлғасын қалыптастырудың қажеттіліктері артты. Сапалар жиынтығының ең маңызды орындардың бірі ретінде педагогикалық артистизм еңбасты қызмет атқарады.

М.Т.Акрамова әртістік педагогика феноменін педагогикалық шығармашылықты оқытатын қызметтің түрі және оқушылармен байланыс жасауға көмек беретін, рухани және дене қасиеттерін шыңдайтын сондай-ақ білім алуы негізінде іске асыратын күрделі қызмет деп атап көрсеткен.[4]

Педагогикалық қызметте педагог педагогикалық артистизмді қалай қолдануға болады?

Әрбір мектепте сабақ белгілі бір жаңа кіріспементақырыппен басталып дұрыс жүзеге асырылуы керек, яғни әр сабақ фантазиямен жұмыс істеуге бар ынтасын салуы керек.

Балаға қызықты болу үшін қызықты тақырып ойлап табылып, дамуы бойынша: іс-қимылына, өзінің логикасын дамытуға, драматургиялық қабілетін, сабақтың негізгі идеясын әр түрлі проблемалар арқылы ашуға, режиссуралық сабақ жоспарын негізгі жағдайда талқылап, тапсырмаларды және оқу жоспарын балаларға бағыттап қызығушылығын ашу керек.

Сыртқы келбет, дауыс, жест, бет қимылдары педагог-әртінде барлық іс-әрекеттерінде маңызды орынға ие.

Көптеген педагогтар балалармен жұмыс жасағанда әзілдеу ерекшеліктері қолдануы мүмкін. Тапқыр, ұтымды ойластырылған әзіл олардың сабақтағы тәртібіне, қарым-қатынастарының нашарламауына, сабақтағы мінез-құлқындағы кемшіліктерді түзетуге өте тиімді көмегін береді.

Педагогиканың маңызды мәселелерін шешу үшін педагогқа ең бірінші кезекте педагогикалық техника мен педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеруді қажет.

Педагогтың және шығармашылық тұлғаның дамуы үшін мамандықты меңгеру кезегінде кәсіби болуға бірқатар тұлғалық қасиеттерді даярлауды қамтуы тиіс.

Осы сапаларды дамыту үшін тиісті шарттар болуы тиіс. Олар ішкі және сыртқы, әртістікті қалыптастыру мен көріністерде қолайлы, жағымды атмосфера қажет. Педагогикалық артистизмді үйрету, яғни жан-жақты болу. Жеке әдістер мен дағдыларды, логикалық және өзара негізгі байланыстар жүйесін дамытып, үйреніңіз.

Педагогикалық артистизм негізінен педагогика саласын оқытуда керекті ұғымның бірі болып табылады. Болашақтағы педагогтың педагогикалық кәсіпке икемделуін, оған үйренуін көрсететін білім беруде маңызды қызмет ететін қызметтің түрі. Педагогтардың өз жұмысына құлшынысын арттыру үшін және дамыту үшін төмендегі шаралар жүргізілуі керек:

- педагогикалық артистизмге арналған ғылыми зерттеулер жүргізіп, оны әрі қарай шыңдау қажет;

- әртістік шеберлікті жан-жақты қарастырып, дамыту және жандандыру қажет;

- біліктілікті арттыру жұмыстарын қолға алу керек;

- болашақ педагогтың шығармашылығы мен қиялын оята білу керек;

- оған кеңінен мүмкіндіктер беру керек, ойындағысын іске асыруға әрі қарай шыңдануға мүмкіндік беру қажет;

- сабақты жүйелі түрде өту қажет барыншы қолға алып, оқу кестесіне енгізу керек;

- ғылыми тұрғыда педагогикалық әртістік шеберлікті актер дайындауда маңызды сапа ретінде қызықты зерттеулер жүргізу қажет;

- білім алушыға қабілеттеріне байланысты қызығушылығымен оқу процесіне араласуға себеп болатын жаңа қызметтермен тиімді келісімдер жүргізу;

Жоғарыдағы шаралардың баршасы дерлік қазіргі заманға сай болашақ педагогтың, маманның қалыптасуына маман болып жүзеге асуына көптеп септігін тигізетін, оның оқу процесінде жетістіктерге жетуіне көмек беретін, дамуына жағдай жасайтын қажет жұмыстар екені белгілі.

Білім алушының жеке тұлғасының дұрыс дамуына басқалардан ерекшеленуіне өз ісінің нағыз маманы болуға септігін тигізіп қоймай, жаңа қырларының ашылуына мүмкіндіктер туғызары сөзсіз. Ең бастысы, болашақ маман оқу барысында өз кәсібінің пайдалы тұстарына, тиімді жақтарына басты назар аударғаны жөн.

Сонда ғана болашақ маман еліміздің болашақтарына аламгершілік, рухани құндылықтарды сіндіріп қана қоймай олардың дұрыс білім алуына жағдай жасайды. Оқушылардың білім алуға деген құштарлығын ашып, сапалы білім алуға бағыт береді.

Оқушылардың өз армандары мен принциптерінің орындалуына, мақсаттарының орындалуына және де рухани-эмоционалды түрде оларға әсер ете білу олардың жана талпыныстарының ашылуына негіз бола алады.

Педагогикалық артистизімді оқу арқылы әр түрлі оқу құралдарымен танысуды ғана игеріп қоймай кәсіби болуға, кәсіби қызметінің дұрыс жолға түсуінің жаңаша түрі екендігін көрсетеді.[5]

Болашақ педагогтардың актерлік қабілеттерін қалыптастыру, әрбір педагогтың назарын аударатын маңызды мәселе болып табылады. Осы маңызды мәселе жөнінде Л.И.Божович тұлғаның ішкі бағдары түсінігін пайдалана отырып, адамның ішкі рухани дамуын көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен байланыстырады. Ол: «Кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызы болып табылады, өйткені ол арқылы тұлғалық толыққанды өзін-өзі жүзеге асыру өз мүмкіндіктерін толығымен жұмсауды қамтамасыз етеді» деген пікір қалдырды. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрініс береді. Нәтижесінде, болашақ кәсіби шеберлігіне деген жалпы жағымды эмоциялық қарым-қатынасы дамиды.[6]

Ойымызды қорыныдай келе, педагогикалық артистизм мәселесі әркезде де өз өзектілігін жоймайтын, керісінше болашақ ұрпақ алдында педагог мәртебесін арттыруға себеп болатын педагогика ғылымының негізгі бөлшегі болып қалады. Педагогикалық артистизм негізінде болашақ педагогтың мамандыққа бейімделуде табысты болуы, кәсіби іс-әрекеті мен рухани құндылықты дамыту тұрғысынан түсінуі, ұжымның психологиялық климатымен, қоғамға бейімделуі және жеке ерекшеліктерімен байланысты кәсіби бейімделу кезінде педагогикалық әртістік шеберлік мазмұны, ұжымдағы қарым-қатынас өзара әсер етеді.

Педагогикалық артистизм арқылы балалардың сол сабаққа деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізу үшін әр түрлі ойын іс-әрекеттерін жүргізе білу қажет. Болашақ педагогтардың кәсіби әртістік шеберлігін қалыптастыру психологиялық және педагогикалық қосымша курстардың ашылуы, педагогикалық іс-әрекетке қатысты тақырыптардың енуі, арнайы шығармашылық тақырыптар мен тапсырма жүйелерін жасау, педагогикалық іс-әрекетте бір-біріне жақын пәндерді біріктіру арқылы жүзеге асыруға болады. Ағартушы, ғалым Ыбырай Алтынсарин айтқанындай ұстаз (педагог) мектептің жүрегі, мектептің жүрек соғуы мықты болса, білім беру деңгейі де мықты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Бруссер А.М. Сценическая речь. Методические рекомендации и практические задания для начинающих педагогов театральных вузов / А.М. Бруссер. - М.: ВЦХТ, 2008. - 112 с.
3. Кан Калик В.А. Проблемы педагогической импровизации в творческом процессе педагога // Взаимосвязь убеждения и внушения в педагогическом процессе. – Пермь, 1978. - с. 86-95
4. Акрамова М. Т. Педагогический артистизм как компонент профессиональной компетенции учителя // Молодой ученый. — 2012. — №8. — С. 287-290.
5. Сейтешев А.П., Садыков Т.С. Научные проблемы формирования личности и развития современного образования в РК.-Алматы: Ғылым, 1997. Б. 490
6. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М. Просвещение, 1968. С. 464

Құттыбек А.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Таубаева Ш.Т.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 89-қадамында: «НҰРЛЫ БОЛАШАҚ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мемлекеттік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЕНГІЗУ» туралы айтылды [1]. Уақыт сынынан өткен қазастандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мынадай жеті құндылығы айқындалды: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [2]. Бұл құндылықтар қоғамның тірегі болатын болашақ ұрпақты тұлғаландыратын педагог мамандардың бәсекеге қабілетті біліктілігін арттыру жұмыстарында басшылыққа алынуы тиіс деп есептеледі. Қазақстан жастарын біріктіруші «Мәңгілік елдің» 7 құндылығын сіңіру, өз елі үшін жеке жауапкершілікті жете сезіндіру – тәрбиелеудің жаңа әдістерін қолдануды да қажет етеді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мынадай қызметтерді атқаратын болады: мән-мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтар бағдарын анықтау, қоғамды біртұтастандыру. Ол ұлт руханияты, туған халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген сүйіспеншілік сезім, халықтың рухани күш-қайраты мен рухани бейімділігіне деген сенім, халықтың төл мәдени болмыс-бітімі мен рухани миссиясын түйсіне пайымдауы, азаматтық, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген [3,7].

Жалпы қоғам санасында дәстүрлі құндылықтардың солғын тартып, өзгеріске түсуі – ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияның көрінісі. Бұл ретте Елбасы прагматизмді, елден гөрі жеке бастың қамын жоғары қоятын тұтынушылық қоғамға бой ұрмай, бүкілқазақстандық бірегейлікті қалыптастыру қажеттігін тапсырды. Оның маңызды құжатына айналатын «Мәңгілік ел» мемлекеттік идеясы аясында бірігіп, азаматтылық пен отансүйгіштікті нығайту жолында келешектің кірпішін қалайтын жастардың құндылықтарын анықтаудың маңыздылығы артады.

Патриотизмге тәрбиелеу – ұлттық қауіпсіздік жүйесімен шектесетін ең өзекті мәселелердің бірі. Президент Н.Ә. Назарбаев біздің еліміздің ұзақ мерзімді даму әлеуеті шеңберінде абзал міндеттерінің бірі ретінде қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың міндеттерін айқындап берді. Елбасы жыл сайынғы өзінің Қазақстан халқына жолдауында жастардың патриоттық тәрбиесіне баса назар аударады. Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленді. Бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығы Қазақстандағы білім беру ұйымдарының басшыларын, мұғалім-практиктерді патриоттық тәрбиенің жеті қағидаты формасындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге белсенді кірісуге міндеттейді. Тәрбие іс-әрекетінде, сыныптан тыс оқытуда, аталған бағыттар бойынша жұмысты күшейтудің қажеттігі оны жандандырады [4, 69].

Әлемдік жаһандану үдерісі Қазақстандағы азаматтық құндылықтарды қайта қарастыруды, орнықты бағдарлауды, этнопедагогикалық ой – пікірлерді жаңартуды, жаһандануға сәйкес тұлға қалыптастыруды, орнықтырудың әсерлі технологияларын жасақтауды кезектен тыс күн тәртібіне қойып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мәселесін қоғамдық талаптардың ең биік деңгейіне қойып отыр.

Еліміздегі қазіргі әлемдік аренадағы саяси-әлеуметтік жағдай жаһандану жағдайындағы ұлттық болмыс пен елдікті сақтап қалу мәселесіне тоғысады. Бұл мәселе көптеген республикалық және халықаралық конференциялардың тақырыптарына арқау болып, жаһандану үрдісі кезінде ұлттық тәрбие айрықша мәнге ие болуға тиісті деген қорытынды жасалынды [5, 260]. Сондықтан, педагогика ғылымында азаматтық құндылықтарды тұрақтандыру мен өрбітудің, оны сақтап қалудың тәлімдік тетіктерін дәйектеу мақсатында балабақшалардан бастап, мектеп, орта және жоғары кәсіптік оқу орындарындағы азаматтық құндылықтарды қалыптастыру мәселелерінің теориялық және практикалық жақтарын нығайту қажеттілігі туындайды.

"Құндылық" ұғымы Қазақстандық, алыс және жақын шет ел ғалымдары В.Г. Алексеева, Н.И. Болдырев, Е.В. Бондаревская, А.Г. Здравомыслов, И.Кон, С.Қалиев, А.В.Мудрик, Ж.Наурызбаев, И.Г. Николаев, Г.Қ.Нұрғалиев, А.В.Петровский, И.П.Подласый, Л.П.Стариков, Р.Төлеубекова, В.П.Тугаринов, В.М.Шепель, В.А.Ядов, Л.Яссман, т.б. ғылыми зерттеулерінде негізгі орын алады. Ғалымдардың еңбектерінде негізгі құндылық – Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір – біріне мейірімділік қарым – қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер, адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы, еңбек, т.б. деп атап көрсетеді. Мәселен, В.П.Тугаринов тәрбиенің негізгі мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтар: « адам, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, Отан, жер, бейбітшілік, - деп сегізге бөліп қарастырады [6, 146.].

Азаматтық құндылықтар рухани мәдениеттің құрылымдық элементтерінің бірі болып табылады. Азаматтық құндылықтар В.С.Бакированың пікірі бойынша, ол қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін объективті әлеуметтік прогреске ықпал ететін ұғымдар, қарым-қатынас, іс-шаралар болып табылады. Олар әлеуметтік мінез-құлық реттеушісі ретінде адам қызметінің мақсаттарын анықтайды.

Негізгі азаматтық құндылықтар ретінде С.Л.Серебряков жеке басының бостандығына, демократиялық қоғам мен қоғамдағы плюрализмді атап көрсетеді. Бұл компоненттер бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады, еркін азаматтық қауымдастықты қалыптастыру, келісімшарт негізінде қалыптасқан қарым-қатынас және адами әлеуеттің іске асыуына ықпал ететін ең тиімді жағдай. Бұл құндылықтар біріге отырып, азаматтық жауапкершіліктің көзі болып табылады, бұл бізге қоғамға төнген нақты қатерді көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ қауіп болдырмау үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді, осылайша азаматтық сананы қалыптастыруға жағдай жасалынады.

Азаматтық мәдениет мәселелерін зерттей отырып, Э.Я.Баталов мынадай қорытындыға келді, азаматтық құндылықтар табиғаты жағынан демократиялық болып келеді, яғни демократиялық принциптер мен идеяларды негізге алады. Зерттеуші азаматтық құндылықтарға плюрализм, саяси және діни шыдамдылықты, ашық түрде ынтымақтастыққа дайын болу, заңға және тұлғаға деген құрметті жатқызады. Г.В.Осипов мынадай қорытындыға келді, азаматтық қоғамның табысты дамуы үшін қазақ қоғамына келесі құндылықтарды қалыптастыру керек, олар: руханилық, демократия және мемлекеттілігі. Руханилық бәрінен бұрын, қоғамдық өмірдің адамгершілік қағидалары мен адамның мінез-құлығы мен адамгершілік заңдарын білдіреді: жеке тұлға бостандығын құрметтеу, сөз бостандығын мойындау, саяси таңдау құқығын жатқызады. Демократия плюрализм қағидасын сақтауды талап етеді, көппартиялық, өзін-өзі дамытуды қадағалайды. Мемлекеттілік деп отырғанымыз, өз шекарасында көптеген халықтың басын қосып, олардың арасындағы теңдікті орнатып және этникалық топ арасындағы теңдікті орнату, өз азаматтарына әлемдік қоғамнан лайықты орын алуын қамтамасыз ету. Зерттеуші Т.С.Протьюко, қазіргі заман қоғамының құндылықтарының сұрағымен айналыса келе, ол мемлекет пен жеке тұлғаның арасындағы қарым-қатынастарындағы жаңа ережелерді табу қажеттілігі туралы жазады, әйтпесе әлеуметтік катаклизмдер, күрделі қазіргі заманғы цивилизацияны бұзады және де құртады. Сондықтан азаматтық құндылықтардың негізгі қасиеттеріне, яғни алда өмір сүру үшін қажетті құндылықтарға демократия, заңдылық, адам құқығын жатқызады деп есептейді.

Білім беру саласында орта және жоғары оқу орындарында міндетті түрде оқытылатын қоғамдық пәндердің маңызы зор. Қазақстан тарихы, музыка, әдебиет, қоғам және адам сияқты ғылымдар өзіндік нақты өнімдерін ұсына алады. Сондықтан бұл мәселеге бойлай ену үшін ол пәндердің бағдарламаларында көрсетілген тақырыптарға назар сала отырып, оның жалпылама жобаларын құрастыруға мүмкіндік алынады.

Қазақстан тарихының өн бойында сіңірілген азаматтық құндылықтардың түзілімі оның тарихи–салыстырмалы негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, азаматтық өмір салтының бұрынғы жай–күйі туралы мәліметтер ала отырып, оның үлгілерін түйсіне алады, халқымыздағы құқықтық, отансүйгіштік, саяси–әлеуметтік тәрбие дәстүрлерінің негіздерінің байырғы және қазіргі нұсқаларын салыстыруға жағдайлар жасайды, өйткені бағалау мен оның рухани – құндылықтық қырын тани отыра, азаматтық құндылықтардың қоғамдағы қалыптасуының ұлттық бағдарын пайымдай алады, құқықтық және саяси сананың қалыптасуы мен даму динамикасын бағамдай отыра, мол тәжірибенің мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашады т.б. Осы аталған мүмкіндіктердің мәдениетке қатысты жақтарына баса назар аудара отырып, ұлттық өнер тарихын зерделеп, оның қазіргі заманға тасымалдану мен сақталу нұсқалары арқылы азаматтық құндылықтардың үлгілерін ашып көрсетуге болады.

Музыка пәні бойынша әлемдік және ұлттық деңгейдегі мәдениет игіліктері мен құндылықтарының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін пайымдап, мәдени орта, мәдени игіліктер, мәдениеттер сұхбаттастығы тәрізді негізгі ұғымдардың мәнін ұғынып, олардың азаматтық құндылықтарға келіп тоғысатын тұстарын салыстыруға мол мүмкіндіктер бере алады. Өнер рухани мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігінің бірі екендігін ескерсек, мәдениеттану негіздері пәні эстетикалық сана мен көркемдік танымның жалпылама бағдарын қалыптастырады. Яғни, байырғы мәдениет құндылықтары негізіндегі құқықтық, жауапкершілік, отансүйгіштік т.б. сезімдердің көріністері қазіргі заманғы азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың шарты.

Әдебиет пәні мен қоғамдық іс-шаралар арқылы қалыптасатын танымдық бағдар азаматтық құндылықтардың жалпы не екендігін сараптауға, оның мәніне үңіле түсіп, құрылымдық – функционалдық негіздерін саралауға, қай кезде қандай мағынаға ие болғандығына көз жеткізуге, бүгінгі таңдағы маңызы мен әмбебаптығын түйсінуге, оның адам мен қоғам дамуы үшін қаншалықты қажет екендігін мойындауға жетелейтін жалпы білімдер жүйесін ұсына алады. Бұл, сайып келгенде, құндылықтар жүйесіндегі азаматтық құндылықтардың орнын ажыратып алып, оны қоғамдық санада қалыптастырудың тетіктерін игеруге мүмкіндіктер аша алатын жалпылама әдіснамаларды береді.

Азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі – қоғам және адам пәні. Ол қоғамдағы саяси үдерістер арқылы және қоғамның саяси жүйесін меңгеру бойынша – саяси тәрбие, саяси сана, саяси мәдениет сияқты ұғымдарды саралай отырып, сол азаматтық құндылықтар үстемдік ететін азаматтық қоғам құрудың бастапқы негіздерін қалайды. Демек, біз ұсынып отырған негізгі мәселе – азаматтық құндылықтардың өзі азаматтық қоғам құрудың шарты. Нақтырақ айтқанда, әрбір азаматтық қоғам мүшесі азаматтық құндылықтарды толық игере отырып, азаматтық тәрбиемен қамтамасыз етілуі тиіс. Азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың саяси – әлеуметтік негіздері мен білім берудегі ұстаным бір арнаға тоғысып, бұл мемлекеттік деңгейге көтерілетіндігі сөзсіз. Сондықтан әлемдік өркениетке ұмтылып отырған қазіргі Қазақстанның даму болашағы оның басты сол қоғамның азаматтығының қандай болуы керектігіне тікелей байланысты болып шығады. Азаматтық тәрбие мәселесіне баса назар аударған педагог Ж.А.Мақатованың «Общественные–политические дисциплины: полиграмота, мировоззрение, обществоведение и другие обеспечивали обучение идеолого – политическим знаниям, формирование гражданской социально – классовой позиций личности, ее чувства и убеждений, развитие общественной активности», - деп атап көрсеткен ой пікірлері де біздің осы ұстанымымызды қуаттайды[7, 134б.].

Азаматтық құндылық- нақты адамның қоғамға және мемлекетке қатынасы, әлеуметтік қауымдастықтың өмірлік тіршілігінде субъект ретінде өзінің орнын түсінуін сипаттайды.

Азаматтық құндылықтар оқушыларға азаматтық позицияларын және ұмтылыстарының бағыттылығын сипаттауға, сондай-ақ олардың материалдық және рухани құндылықтарға қатынасын айқындауға септігін тигізеді. Е.И.Салганова жастардың азаматтық мәдениетін қалыптастырудың негізгі объективті факторларын анықтады. Жастардың азаматтық мәдениетін қалыптастырудағы негізгі объективті факторларға мыналар жатады:

- қоғамдық пікірде азамат "бейнесін" қалыптастыратын ата-аналар отбасының өмір деңгейі;
- білім, бұқаралық ақпарат құралдар;
- мемлекет, билік органдары, отбасы, жастар қоғамдық бірлестіктері;
- азаматтық қоғамның болмауы, қоғамда құндылықтар мен нормалардың дағдарысқа ұшырауы т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ұлт жоспары – Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы.

2. «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.» атты Қазақстан халқына Жолдауы» //Егемен Қазақстан 14 желтоқсан 2012 ж.

3. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. ҚазҰПУ Алматы, 2015-276.

4. Методическое пособие по разъяснению патриотического акта «Мәңгілік Ел». Методическое пособие – Астана: Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, 2016. – 69 с.

5. Айнаш Есали. Жаһандану үрдісі және ұлттық мәдениет// Абдумалик Нысанбаева «Глобализация и проблемы межкультурного диалога» Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2004. Том2.-308 с. С.259-261 (с.260)

6. Тугаринов В.П. О ценностях жизни культуры. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1960. – 156 с.

7. Макатова Ж.А. Развитие гражданского воспитания в школах Казахстана.-Алматы, 2009. – 160 с. (с. 134)

Әбілпатталова А.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Жұмабекова Қ.Б.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

«Қазақстан-2050» - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытыСтратегиясында» рухани бірлік пен ұрпақтар арасындағы сабақтастық, ұлттық сана-сезіммен жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселелерін өзектендіре отырып, мемлекет Президенті Н.Ә.Назарбаев бұның бәрі жақын болашақта Мықтыжәне Қуатты Қазақстан мемлекетін өркендетті жолмен құрудың қажетті шарты екеніне баса назар аударды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент тек мәдени кодтысактай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-кәтерлерінежауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодынжоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді», - дегенқұнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады. [1.7]

Соңғы жылдары әлемде және Қазақстанда болып жатқан өзгерістер адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелерінің өзектілігін алға тартып отыр. Мемлекет жүргізіп отырған ұлтаралық келісім мен ұлтаралық бірлікті дамытуға бағытталған нақты саясат мұғалім мен оқушы, ата-ана арасындағы бірлікті, аға буын мен кіші буын арасындағы өзара түсіністікті, ең бастысы оқушылардың ішкі мәдениетінің дамуын ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық құндылық тұрғысынан қамтиды. егер қоғамымыз конфронтация мен таптық күрестен бас тартқысы келсе, онда оқушылар арасындағы тәрбие жұмыстарын адамдарға ортақ құндылықтарды: түрлі идеологиялық көзқарастарға, қоғамдық-экономикалық жағдайларға, саясатқа, мәдениетке, діни нанымдарға және тағы басқа шыдамдылықты қалыптастыруға бағыттау керек. Ізгілікті қоғамда мектеп бір-біріне, ата-анаға деген сыйлы қатынасты, жасы үлкен адамдарға және кішкентай балаларға көмек беру, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау ниетін тәрбиелеуі тиіс. [2.7]

Уақыт сынынан өткен Қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мынадай жеті құндылығы айқындалды:

- Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астанасы;
- Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- Зайырлы қоғам және жоғары руханият;
- Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;
- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы;
- Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [3, 2].

Жоғарыда аталған құндылықтар, яғни «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында атап өтілетін осы маңызды құндылықтарды бүгінгі таңда педагог мамандардың бәсекеге қабілетті біліктілігін арттыру жұмыстарында басшылыққа алынуы тиіс деп есептелінді. «Мәңгілік Елдің» болашақ тұрғындары, өскелең ұрпақтың бойына жоғарыдағы аталған 7 құндылықты сіңіру – тәрбиелеудің жаңа әдістерін қолдануды да қажет етеді.

Білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде оқушылардың ел бірлігі құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік педагог жұмыстарының әсері мол. Ел бірлігі құндылықтарын қалыптастыруда әлеуметтік педагог ел бірлігі құндылығының құрамдас бөліктерін оқушы бойына сіңіруді басшылыққа алғаны жөн деп ойлаймын.

Ел бірлігі құндылығының өзекті болуы қазақ менталитетіндегі әлеуметтік бірлік тұрғысындағы рухани құндылықтардың мемлекеттік дәрежедегі әлеуметтік – саяси мәртебесі мен маңызын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ашып көрсету қажеттігінің пайда болуымен байланыстырылады.[4,182]

Осы орайда бүгінгі білім беру мен тәрбие үдерісінде оқушылардың мінез-құлқын әлеуметтік бірлікке қарай тәрбиелеуде ұлтымыздың дәстүрлі төл қағидаларын қалай кәдеге жарату керек, әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін адамдардың өзара қарым-қатынас эталоны не болады және олар қандай бастау көздерге негізделуі тиіс дейтін сұрақтар тұрады.[4,182]

ЮНЕСКО Декларациясына сәйкес (1995) толеранттылықты – өзіндік болмыста, дербестікте барлық азаматтардың құқығы көрінетін; түрлі конфессиялардағы саяси, этникалық және басқа да әлеуметтік топтар арасындағы тұрақты үйлесімділікті қамтамасыз ететін; түрлі әлемдік мәдениет, өркениет және халықтың алуан түрлілігін сыйлаудағы; сыртқы бет пішіні, тілі, наным, дәстүр және сенімдері бойынша ерекшеленетін адамдармен бірлесуге және түсінуге дайын болуындағы құндылық және әлеуметтік норма ретінде анықтайды. Толеранттылық мінез-құлықтың қалыптасу мәселесі, экстремизмнің әр-түрлі түрлерін алдын алу және оған қарсы әрекет ету қазіргі көп ұлттық қазақстандық қоғамда өзекті мәселелердің бірі болып табылады [5. 80].

Ж.Ж. Қартбаева өзінің «Жасөспірімдердің толеранттылық мінез-құлығын қалыптастырудың теориялық бағыттары» атты мақаласында жасөспірімдердің бойында

толеранттылық мінез-құлық қалыптастыру мақсатына жетудегі кешенді мәселелерді екі блокқа бөліп қарастырған. Олар:

1. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында бейбітшілікті сүюді, зорлық-зомбылықсыз рухын тәрбиелеу:

– соғысқа деген жағымсыз қатынасты, бейбітшілікті сүюді халықаралық және ұлтаралық өзара түсіністікке деген қабілеттілік ретінде, әлеуметтік шиеленістерді шешудің зорлық-зомбылық әдістерін терістеуді қалыптастыру;

– табиғатқа, барлық тіршілікке деген зорлық-зомбылықсыз қатынас;

– басқа адамдарға деген, сонымен бірге өзіне-өзі адамгершілік қатынас, тұлғааралық және ішкі тұлғалық шиеленістерді зорлық-зомбылықсыз жолдармен шеше білу, басқа адамды қабылдау және түсіне білу қабілетін дамыту.

2. Оқыту мен тәрбиелеу, ересектер мен балалардың өзара әрекеттесу үрдісін гуманизациялау:

- түрлі деңгейлі оқу орындарындағы бар әдістер мен жұмыстар формаларын, ересектер мен балалардың өзара қарым-қатынас жүйесін гуманизациялау;

- зорлық-зомбылықсыз идеясының негізінде құралған педагогикалық іс-әрекеттің жаңа әдістері мен формаларын өңдеп жасау және енгізу;

- арнайы орта және жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлауды реформалау, олардың бойында келешекте балаларды зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас рухында тәрбиелеуге және өздерінің мәжбүрлеуді қолданбай жұмыс істеуіне көмектесетін арнайы іскерліктер мен тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру [5]

Көпмәдени білім берудің мәнін түсіну үшін М.М. Бахтиннің мәдениеттің керемет әлемі ретінде өзін басқалармен өзара іс-әрекет пен өзара әсер ететін үдерісте, әрекет ететін адам туралы ережелерінің ерекше мәні бар. М.М. Бахтин бойынша сөз (ой, сана), диалогта көптеген шексіз жаңа мағыналарға ие болады. Өзіндік Менді меңгеру басқа адамдармен қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. [6.40]

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, көпмәдениетті білім берудің мақсаты – мектеп және басқа да білім беру институттарының, жанұя мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде нығаюына ықпал ету, оның негізгі сипаты мынадай:

- көзқарастардың, пікірлердің, адамдардың толеранттығы (шыдамдылығы);

- қоғамда мәдени алуантүрлілікті мойындау және дамыту;

- барлық азаматтардың құқығы, міндеті, мүмкіндіктерінің теңдігі;

- барлық азаматтардың адамның жеке өміріне де, қоғам өміріне қатысты шешім қабылдауға тиімді түрде қатысуы;

- әрбір адамға қатысты әділеттілік;

- таңдау еркіндігі;

- көпшіліктің шешімін құрметтеу және азшылық топтардың құқығын қорғау;

- адамның мәдени өзгешелігін еркін таңдау құқығын құрметтеу.[7.55]

Тәрбие үдерісінің қайсысын алып қарамаңыз, барлығының мәні - тұлғаның қалыптасу үдерісі болмақ. Тәрбиелеуші көзқарасы мен қоғамның талаптары сәйкес келген жағдайда бұл басты міндет неғұрлым тиімді жолмен шешім табады. Ол үшін әртүрлі жағдайлар – жалпы және жеке, объективті және субъективті, т.б. ескерілуі шарт. Осыған сәйкес тиімді жағдайдың бірі – тәрбие үдерісінің әдіснамалық негіздеріне сүйену.

Оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын, яғни толерантты мінез-құлқын, көпмәденилікті, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда сәйкесінше деңгейлерді есепке алу қажет. Олар тұлғалық-әрекеттік, мәдениеттанушылық, этномәдени, жүйелік-тұтастық, аксеологиялық, көпмәдениетті, этнопедагогикалық, күзиреттілік деңгейі. [1]

Тұлғалық-әрекеттік, субъектілік-әрекеттік деңгейлер. Оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын, толеранттылығын, азаматтығы мен отансүйгіштігін қалыптастырудағы жоғарыда аталып өткен әдіснамалық деңгейлердің маңызы философия мен психологияның төменде көрсетілген қағидалары негізінде анықталуы қажет.

1.Тұлғалық деңгей - оқушыларды оқу үдерісінде өздерінің өмірлік іс-әрекеттерінің амал-тәсілдері, өзіндік тұлғалық мәнін жүзеге асырушы белсенді субъект ретінде қалыптастыруға бағытталады. Өзін-өзі дамыту,өздігімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерінсіз тұлғаның кемелденуі мүмкін емес. Индивид субъект ретінде сырттан белгіленген нормалар мен эталондар бойынша өзінің ішкі әрекеттерін өз бетімен басқарып, жүзеге асыра бастағанда тұлға пайда болады. Ішкі күш-жігер мен мүмкіндіктеріне, сұраныстарға арқа сүйемей тұлға бойындағы сапаларды тиімді дамыту мүмкін емес.

2. Оқушылардың субъектілігін ынталандырудың тәсілі – тәрбиеге әрекеттік сипат беру. Адам әрекет барысында қалыптасып, дамиды . Тұлға неғұрлым көп әрекет түрлеріне араласса, соғұрлым жан-жақты дамиды. Тұлғаның субъектілік құрамы, оның «Мен-тұжырымы» тікелей іс-әрекет жүзінде дамиды, тұлғада осы арқылы әлеуметтік тәжірибені игеру, психикалық қызметтер мен қабілет-дағдыларды дамыту, өоршаған ортаға және өзіне деген қатынас жүйесін қалыптастыру жүзеге асады. Қандай да бір әрекеттің тиімділігі тұлғаның өз бетімен шығармашылық белсенділігіне, оныңөзін-өзі әлдеқайда жақсы жақтарға өзгертуге деген мүддесі мен сұранысына, оның әзірлігіне байланысты.

Жүйелік-тұтастық деңгей. Жүйелілік және тұтастық тұлғаның өзгелер үшін тұтастай феномен ретінде танылуын білдіреді. Өзінің әрбір жекелеген іс-әрекеттерінде ол әлемге деген тұлғалық қатынастар жүйесін жеке-дара, сонымен қатар тұтастай тұзумен болады. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық феномен ретіндегі тұтастығы оған тәрбиелік әсер етудің тұтастығын айқындайды. Субъектілік ұстаным, оның өзінің іс жүзінде жүзеге асуында тұлғаға өз өмірінің басшысы болу қабілетін дамытса, тұтастық оны келесі өмірлік тактикамен қаруландырады: демек, тұлға өз іс-әрекеттерін өмір суру ортасы мен адамдарға деген бірыңғай қатынастарға сай құрады.

Мәдениеттанушылық деңгей.Мәдениеттанушылық деңгейдің негізі мәдениетті танушы және жасаушы адам болып табылады. Сол себепті де мәдениеттанушылық деңгей оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын, ұлттық сана-сезімін, отансүйгіштігін, азаматтығы мен әлеуметтік белсенділігінқалыптастыру үдерісінде білімнің тұлғалық бағдары, парадигмасы аясында жүзеге асуы керек.

Аксиологиялық деңгей.Аксиологиялық деңгей тұлғаныадамзаттың жоғары құндылығы дәрежесінде зерделейтін барша гуманистіктұжырымдамалардың негізі болып табылатыны белгілі. Аксиологиялық ойдыңорталығында бір-біріне өзара тәуелді және өзара әрекеттестіктегі әлем тұжырымдамасы орын алған. Соған сәйкес, біз өмір сүріп жатқан әлеміміз – тұтас адам әлемі, сол себепті адамзатты біріктіретін жалпылықты ғана емес, әрбір жеке адамды сипаттайтын ерекшелікті де көре білу қажет.

Аксиологиялық деңгей жоғарыда аталған мәдениеттанушылық деңгейдің өзегі болып саналады. Оның ел бірлігі құндылығын, тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру контексіндегі мән-маңызы оқушылардың бойындағы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталғандығында болып отыр. Бұл құндылықтарды атап айтар болсақ: а) өз халқын, елдегі өзге де халықтарды, тұтастай әлем қауымдастығын; ә) өзінің іс-әрекетін, ұлттық мәдениетті сақтаушы адам ретінде өзін-өзі бағалауға баулиды.

Этнопедагогикалық деңгей. Оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын этнопедагогикалық деңгейде тәрбиелеу халықтың тарихы , тілі, фольклоры, өнері,салт-дәстүрі сынды ұлттық құндылықтарға негізделеді. Оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын этнопедагогикалықдеңгей негізінде қалыптастыру олардың өзіндік болмысын сақтаудың, төлтіліне, өз халқының тарихына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне дегенізгі қатынасын қалыптастырудың маңызды алғышарты болыптабылады. Бұл әдіснамалық деңгей отансүйгіштік пен тұлғаның Отанғадеген қимастық, бауырмалдық сезімін қалыптастыруға, туған жерде бейбітшіліктің сақталуы үшін өз халқының алдында жауапты болуғатәрбиелеуге бағытталмақ. А.С.Макаренко былай деп жазады: «Халыққа қызмет ететін тәрбие ғана шынайы тәрбие болып табылады. Осы талаптың үдесінен шықпайтын тәрбие, халыққа қарсы

тәрбие және ол анти тәрбие ретінде бағалануы мүмкін. Себебі адам тұлғасын бұзады» [1]. Оқушылардың, мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің ел бірлігі құндылықтарын қалыптастырудағы этнопедагогикалық деңгей өз халқының ділін терең зерделеуге бағытталған. Осы орайда діл халықтың өмір салты, наным-сенімі, географиялық, тарихи және экономикалық ерекшеліктермен сипатталатын тұрмыс-тіршілігі, сондай-ақ ұрпақтан ұрпаққа беріліп, аңыз, моральдық қағида, жүріс-тұрыс нормалары, құндылықтар, салт-ғұрыптар, мерекелер, т.б. арқылы көрініс табатын әлеуметтік-мәдени мұра элементі ретіндегі дәстүрлердің бірегей көрінісі ретінде пайымдалады.

Этномәдени деңгейді. Оқушы бойында ел бірлігі құндылықтарын қалыптастыру мәдениетіне қызығушылықты оятумен, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру, елдегі ұлтөкілдерімен қарым-қатынас құрудың дағдыларын дамыту арқылы іске асуы тиіс. Оқушылардың бойында ел бірлігі құндылықтарын қалыптастыру барысында этномәдени деңгейдің асырылуы, сонымен қатар, 130-дан аса ұлт өкілдері өмір сүретін Тәуелсіз Қазақстанның көпэтникалық болмысына эмоционалды-құндылықтық көзқарасты қалыптастыру қажет. Бұл деңгей Қазақстан аумағында біртұтас халық ретінде өмір сүріп отырған барша ұлттардың құндылықтарын бағалауға, өзге де ұлттық мәдениеттерді сақтап, оларды дамытуға негізделетін ұлттар арасындағы қарым-қатынас мәдениетіне оқушыларды тәрбиелеудің бағдары мен жоспарын анықтауға негіз бола алады.

Көп мәдениетті деңгей. Көпмәдениетті деңгей аясында көпэтникалық, көпмәдениетті тәрбие мен білім беру жүзеге асырылады. Көпмәдениетті тәрбие мен білім беруді көпұлтты, көпмәдениетті саналатын ортада белсенді, өнімді әрекет етуге қабілетті, өзге де мәдениеттерді толықтай түсініп, оларды барынша құрметтей алатын, елдегі өзге ұлт, дін өкілдерімен бейбіт, келісімде тіршілік ететін, қоғамға қажетті тұлғаны қалыптастыру үдерісі деп қараған жөн.

Құзіреттілік деңгей. Жоғарыда аталып өткен деңгейлерді бірлікте, сонымен қатар өзара байланыста, жалпы білім беретін мектептердегі тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын қалыптастыру жұмыстарының негізгі ұстанымдары ретінде қарастырған дұрыс.

Мектептегі білім беру мен тәрбие үдерісі барысында әлеуметтік педагогтың оқушылар бойында ел бірлігі құндылықтарын, толерантты мінез-құлық пен көпмәденилікті қалыптастыру жұмысы маңызды болып табылады.

Оқушылардың бойында толеранттылық пен көпмәденилікті қалыптастыруда әлеуметтік педагог жұмысын былайша қарастыруымызға болады.

1-кесте. Әлеуметтік педагогтың оқушылардың толеранттылық пен көпмәденилікті қалыптастыру жұмысының негізгі кезеңдері

Қалыптастыру кезеңдері	Бағыттары	Толеранттылық пен көпмәденилік бойынша қалыптасатын қасиеттер	Әдістер мен тәсілдер
<i>I кезең</i> <i>Ұйымдастырушылық-даярлық</i>	1. Мектептің психологиялық климатын анықтау 2. Психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерді зерттеу		Диагностикалық әдістемелер, сауалнама, бақылау, т.б.

<p>II. Ақпараттық қамсыздандыру</p>	<p>1. Ел бірлігі құндылығы жөнінде түсінік қалыптастыру, ақпарат беру 2. Толеранттылық, көпмәдениеттілік жөнінде түсініктерді тереңдету, маңыздылығын ұғындыру</p>	<p>Әлеуметтік бірлік, ел бірлігі, ұлттық бірлік жөнінде базалық түсініктердің қалыптасуы. Толеранттылық, көпмәденилік жөнінде түсініктердің беки түсуі. Қарым-қатынаста маңыздылығын ұғынуы</p>	<p>Дәрістер, буклеттер, рефераттар, анықтамалық брошюралар тарату, т.б.</p>
<p>III. Субъект-субъектілік қарым-қатынастың қалыптасуы</p>	<p>1. Эмпатиялық қабылдауды жетілдіру 3. Көпмәдени тәрбие аясында өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас құруға дағдыландыру</p>	<p>Өзіне деген қарым-қатынасты өзгеге жасай алу; барлық адамдармен достық қарым-қатынас орната алу дағдысы; эмпатия; мәдениетті тұлға; т.б.</p>	<p>Эмпатияны жетілдіруге бағытталған тренингтер, әңгімелесу, «Мәдениеттер тоғысы» атты апталық, т.б</p>
<p>IV. Ел бірлігі құндылықтарының қалыптасуы</p>	<p>1. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде ел бірлігі құндылықтары қалыптасқан оқушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту</p>	<p>Еліне, Отанға деген сүйіспеншілігі басым, өзге ұлт өкілдерімен достық-толеранттылық қарым-қатынас құра алатын тұлға, полиэтникалық қоғамда бейімделе алатын тұлға, т.б.</p>	<p>Тренингтер, көрмелер,</p>
<p>V. Бағалау-нәтижелік</p>	<p>1. Жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды жасау. 2. Оқушылар бойында қалыптасқан ел бірлігі құндылықтарын ары қарай дамыту. 3. Жіберілген қателіктер бойынша жұмыстар жасау.</p>		<p>Диагностика, мониторинг, т.б.</p>

Қарастырылып отырған мәселелер бүгінгі таңда еліміздің дамуында, саяси тұрақтылықты сақтауда өзекті болып саналады. Себебі, әлем кеңістігінде біздің еліміз – «Мәңгілік Ел» болып қалыптасып, танылуы тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыруда қоғам болып атсалысу қажет. «Мәңгілік Ел» болып қалыптасудың алғашқы іргетасын қалаушы болып оларға

тәрбиемен білім беру үдерісінің басы-қасында жүрген педагогтар, әлеуметтік педагогтар болып саналады.

«Мәңгілік Ел»

ұлттық идеясын жүзеге асыруда оқушылар бойына ел бірлігі құндылықтарын сіңіребілу – болашақ педагог маман ретінде өз міндетін деп білемін. Тек бұл ғана емес, әрбір болашақ елдің жастарының бойына ұлттық идеяны сіңіребілу – басты мақсат!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Қартбаева Ж.Ж., «Оқушылардың толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері, 2008
3. Оспанов Д.М., «Мәңгілік Ел идеясы – ұлт мұраты», - «Білім көкжиегі», №6(72). 2016 (маусым)
4. Раев Д.С., «Қазақ би-шешендері: «Ел бірлігі тұғырнамасының теориялық-әдіснамалық негіздері.-ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы.-№4 (53). 2015
5. Ж.Ж. Қартбаева, «Жасөспірімдердің толеранттылық мінез-құлығын қалыптастырудың теориялық бағыттары», - Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, № 4(48) 2007
6. Юнусова М.С., «Мектеп оқушыларына көпмәдени білім берудің теориясы және практикасы, 2010
7. Г.Б. Исабекова., Көпмәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері, - Педагогика және психология, №2, 2016

**Сайрамбек Ж.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Педагогика және
психология мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Әшекеева Қ.Н.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Қазіргі жастардың проблемалары, келешектеріне залал немесе зиянымен кедергілік жасай алады ма? Негізгі жастар проблемасы заманның дамуынан, еліктеушіліктен пайда болуда. Жастар бойындағы құндылықты сақтап қалу жолдары. Жастардың келешегін нақтылау негізінде қандай жұмыстар ұсына аламыз?

Кіріспе

Қазақстан жастарының негізгі проблемаларын талдау, бұл проблемалардың өзектілігі қаншалықты ауқымды. Жаһандану заманының серпіні жастардың өзекті проблемаларын тудыруға себеп болып отыр. Қазақстан жастарын әлеуметтендіру мәселелеріндегі қауіптер мен тәуекелдер мемлекеттік жастар саясатының өзекті күн тәртібін қалыптастырады, мемлекеттік органдардың, корпоративтік сектордың және азаматтық қоғам институттарының бәрінің күш-жігері соның айналасына шоғырлануға тиіс.

Негізгі бөлім

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады. Ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы- Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларынан күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары

күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың китұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, бұл керемет болар еді.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Ел ертеңі-бүгінгі ұрпақ екенін үнемі жадында сақтайтын жастар Президентіміздің бағыт-бағдар берген сара жолымен ілгері басып келеді. Жас ұрпақты талапты да тапқыр, талғампаз да терең ойлы, төзімді де табанды етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

Қазақстан жастар санына шолу жасай отырып, проблемаларды анықтасақ. Демографиялық ахуал.

Ел тұрғындарының 26 %-дан астамын 14 – 29 жас аралығындағы Қазақстан жастары құрайды. Облыс, сондай-ақ республикалық маңызы бар қала тұрғындарының жалпы санынан жастардың ең қомақты үлес салмағы Астана және Алматы қалаларына, сондай-ақ Ақтөбе облысына тиесілі, мұнда 14 – 29 жас аралығындағы жастар 29 %-ды құрайды.

Тұрғындардың жалпы санынан жастардың ең аз үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысына – 22 %, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарына – 24 % келеді.

Қазақстан жастарына білім деңгейінің жоғары болуы тән. Жоғары білімі бар жастардың саны соңғы онжылдықта 3 есе, арнаулы орта білімі бар жастардың саны 2 есе дерлік өсті. Жоғары білімі бар ауыл жастарының саны 6 есе, қала жастарының саны 4 есе өсті. Тұтастай алғанда, Қазақстан жастарының 40 %-ының жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар (1).

Қазіргі жастар проблемаларының ауқымы.

1. Дәстүрлі құндылықтар жүйесіне жаһанданудың қысымы

Жаһандану процесі экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени даму деңгейі әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларын ашады. Жаппай тұтыну мәдениетінің қысымымен дәстүрлі құндылықтардың аражігі жойылып бара жатыр.

Бүгінде бүкіл әлемде ұлттық мемлекеттер жас ұрпаққа ашық әлем шарттарында қоғамның дамуындағы сабақтастықты сақтап қалуға мүмкіндік беретін құндылықтардың сенімді жүйесін ұсынуға мүдделілік танытып отыр.

2. Еңбек құндылықтарының доминантты емес дәрежесі

Қазіргі уақытта жастар арасында прагматикалық бағдар күшейіп келе жатыр. Өмір құндылықтарының қатарында материалдық игіліктерге ұмтылу анағұрлым маңызды болып отыр. Бұл ретте көбінесе өмірдегі жетістік, әлеуметтік жоғары мәртебеге қол жеткізу өз қабілетімен еңбек етумен, алға қойған мақсаттарға қол жеткізумен, қойылған мақсатқа біртіндеп жетумен тікелей байланыстырылмайды.

3. Патернализм және әлеуметтік инфантилизм

Экономикалық өсу қоғамда әлеуметтік межелердің ұлғаюымен қоса жүретінін, мемлекетке деген патерналистік көңіл-күйдің тарауына және инфантильді азаматтардың ұрпағын қалыптастыруға ықпал ететінін әлемдік практика көрсетіп отыр. Мұндай құбылыстар Қазақстанда да байқалады. Социологиялық зерттеулер бүгінде Қазақстан жастарының 58 %-ы өз мәселелерін шешуде мемлекет тарапынан болатын көмекке толықтай сенім артатынын, бозбалалар мен бойжеткендердің 92,5 %-ы тікелей қолдауды және жұмысқа орналасуда әлдекімдердің қол ұшын беруін күтетінін растап отыр.

4. Тұтынушылыққа құштарлық

Жастардың дүниетанымдық дағдарысының бір көрінісі – жаппай тұтынушы қоғам дағдарысының бір бөлігіне айналған тұтынушылыққа құштарлық болып табылады. Жастардың қазіргі өмір сүру тәсілінің ерекшелігі болып табылатын тұтынушылық тәжірибе олардың тек қана материалдық байлыққа ие болуын көздейді.

5. Жастар арасындағы радикализм қаупі

Өмірлік тәжірибесі мен білімі жоқ жастар өзінің саяси мақсаттарын іске асыру үшін жастарды айналдыратын сыртқы және ішкі ыдыратушы күштердің ықпалында қалу қаупіне ұшырайды. Экстремистік көзқарастар мен идеялардың жастар арасына енуі, жастарды құқыққа қарсы әрекеттерге итермелеу қоғамдағы этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық келісімдерді бұзу қаупін туғызады.

6. Жастар маргинализациясы

Мемлекет атқарып отырған жедел әлеуметтік жаңғырту жағдайында мінез-құлқы жалпыға бірдей қабылданған, қалыптасқан нормалардан көбінесе ерекшеленетін, қайта

құрудан «артта қалған» әлеуметтік топтар пайда болады. Әлеуметтік аутсайдерлердің немесе маргиналды жастардың пайда болуы қоғамға кірігудің және жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделудің қиындығына байланысты.

Алты сатыны қамтып отырған жастар проблемаларын дұрыс шешу бұл жастардың жарқын болашағын айқындай түсетіні анық. Келешек жастар тек тұтынушы ғана емес сонымен жасампаздық икемділігіне ие талантты жас ұрпақ болу кілтін білім мен еңбек көздерінен іздеуі қазіргі таңда шартты болып отыр (2).

Ұсыныс: «Патриот болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату» - Мемлекет басшысы бұл құндылықты осылайша айқындап берді. Жас қазақстандықтар үшін Елбасының өмірі мен еңбек жолы - өз елінің патриоты болудың жарқын үлгісі болып табылады.

Отан өз жеріне, оның тарихына, мәдениетіне, онда тұратын халыққа, мерекелері мен күнделікті тірлігіне, мемлекеттік нышандарына деген айрықша тұлғалық қарым-қатынас қалыптасатын отбасыдан басталады.

Жастардың санасына патриотизм – өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды.

Халық бірлігі

Тұрақтылық – Қазақстанның 20 жылдық дамуындағы табысының негізі және басты нәтижелерінің бірі. Көп этносты және көпконфессиялы Қазақстан халқының бірлігі – абсолюттік құндылық және барша ұрпақтың міндеті – осы құндылықтарды қорғау және елді көркейту жолында оны дамытып, орнықтыра түсу.

Мәдени саналуандық – бұл адамдарды бөлмейтін, керісінше біріктіретін құндылық. Этникалық алуандыққа негізделген қазақстандық дүниетаным әлемдік мәдениет ағынына батып жоғалып кетпеуге тиіс, оны жас ұрпақ бірегей ұлттық игілік ретінде сақтауы керек.

Жастарды адамгершілік жағынан қалыптастыру процесіне әсер ете отырып, мемлекет мәдениеттің жалпы деңгейінің өсуіне, коммуникациялық технологияларды дамытуға назар аударуы тиіс.

Жастардың даму деңгейінің үшінші мыңжылдықтың талаптарына сәйкес болуына қол жеткізу қажет. Ар-ождан және діни сенім еркіндігін [Қазақстан Республикасының заңнамасына](#) сәйкес қамтамасыз ету жұмыстың маңызды бағытына айналуға тиіс.

Толеранттылық

Елбасының этносаралық және конфессияаралық келісімінің теңдессіз үлгісі жас ұрпақтың толеранттылығын қалыптастырудың, олардың этностық және діни ерекшеліктерді түсіністікпен қарауының және құрметпен қабылдауының негізіне айналуы керек. Мәдениеттер, діндер мен өркениеттер диалогының түйіскен орны, Шығыс пен Батыс арасындағы көпір болып табылатын елдің жастары басқаларға қарағанда бейбітшілік пен келісім мәдениетін таратуға мүдделі болуы тиіс.

Заңға мойын ұсынушылық

Заңға бағынатын азаматтар ғана демократияны жетілдіруге және шынайы құқықтық мемлекет құруға қабілетті екені айқын. Заңды бұлжытпай орындау жастардың өмірлік дағдыларына айналуы керек. Бұл өсіп келе жатқан буында әсіресе, «ересек» өмірдің дағдылары жаңа қалыптаса бастаған кезеңінде маңызды болып табылады. Құқықтық сананың өсуі, белгіленген тәртіп ережелері мен қағидаларын құрметтеуді қалыптастыру барлық әлеуметтік институттардың ерекше назар аударатын нысанасына айналуға тиіс. Заңның беделді болуы қазақстандық жастардың санасында қазіргі кезеңнің дамуының базалық құндылығы ретінде мығым орнығуы қажет.

Білім

Жастардың дәстүрлі құндылықтары – білім мен мансап білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуді, анықталған қажеттіліктер мен технологиялық жаңалықтарды ескере отырып, білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік болмысқа сәйкестігін қамтамасыз етуді назарға ала отырып, қайта қаралуға тиіс. Жастар арасында ғылымның мәртебесін арттыру және оларды инновациялық жобаларды әзірлеуге тарту жастар саясатының негізгі бағыттарының біріне айналуы қажет.

Еңбекқорлық

Жалпыға ортақ еңбек қоғамында жастардың аса маңызды негізгі құндылықтары жастарды экономикалық-еңбек қызметіне тартуға негізделген еңбексүйгіштік пен ерекше еңбек этикасы болуы керек. Осыған байланысты, [«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам»](#), Қазақстан Республикасын үдемелі

индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жастарға өздерін көрсетуге айрықша мүмкіндік беру үшін ұсынады.

Жастардың іске жұмыла білуінің экономикалық құндылығы аса жоғары. Зерттеулерге сәйкес жастардың үштен бірі жұмыс үшін елдің кез келген өңіріне баруға әзір. Кез келген жағдайда әлеуметтік бейімделуге әзірлік, жастардың өз ісінің дұрыстығын дәлелдеп беруге табиғи ұмтылысы өсу нүктелері – Астанада, Алматыда, Шымкентте, Ақтөбеде, Ақтауда ішкі көші-қон мәселесін шеше алады.

Инновациялылық, ғылым және инновация

Инновациялық экономикаға өту – қазақстандық жастардың инновациялық мінез-құлқын қалыптастыру міндеттерін өзекті етеді. Жастар өткен күнмен астасқан дүниенің бәріне құштар емес. Сондықтан барлық жаңаны айрықша қабылдағыш, өмірдегі өзгерістерге бейімделгіш, мол әлеуеті мен шығармашылық зияткерлік энергиясы бар және әлеуметтік белсенді қызметке дайын жастар тәжірибеге жаңа идеяларды, бастамалар мен технологияларды жылдам ендіретін жолбасшы. Онымен қазақстандық ғылымның өсуі, әсіресе жаратылыстану, техникалық ғылымдардың өсуі байланысты болуы керек. Жастардың ғылымға бет бұруы – бұл болашаққа айқын жол.

Отбасы

Қазақстанда отбасы әрқашан әлеуметтің аса маңызды құраушы элементі ретінде қарастырылып келеді. Ол қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады.

Қарттар мен балалар ерекше қамқорлыққа бөленуге тиіс, бұл Қазақстан халқында бұрыннан бар қасиет. Өзі және өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден бастау ала отырып, жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты.

Денсаулық және спорт

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру аясына денсаулық пен спорттың құндылығын насихаттау мәселесі енгізілуі тиіс. Өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілік қағидасы, зиянды әдеттерден бас тарту, салауатты өмір салтын ұстану бұрынғыша маңыздылығы жоғары болып қалады.

Қазақстандағы спорт бүгінгі әлеуметтік лифтілер жүйесінде анағұрлым үйлесімді жұмыс істейтін сала болып табылады. Қазақстандық спортшылардың ғаламдық табыстары жігіттер мен қыздарға өздерінің жарқын талантын, ерік-жігерін, мінезі мен еңбексүйгіштігін көрсете отырып, жоғары нәтижелерге, сонымен бірге даңқ пен құрметке бөлене алатындығын, материалдық игілікке де қол жеткізуге болатындығын көрсетіп берді.

Спорт пен бұқаралық дене шынықтыруды дамыту жастар саясатының ерекше басымдығына айналуға тиіс.

Оң мұрат-мақсаттар

Нарық экономикасы мен Қазақстанның индустриядан кейінгі дамуы жастардың әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқының жаңа стратегиясын қалыптастыру қажеттілігіне себепші болады. Кәсіпті таңдай білу, мансапқа дұрыс жолмен жету, еңбек саласындағы ықпалдастыққа және табысқа жету жастарды әлеуметтендірудің маңызды тетігі ретінде қарастырылуы қажет.

Сонымен қоса, жастарда меритократия қағидасын («лайықтылар билігі») ұстануды қалыптастырудың маңызы зор. Заманауи кәсіби мансаптың нышаны деңгейлік, кәсіби, еңбегіне қарай қызметтік сатылық өсу болуы керек. Жастар оң идеалдар мен өз талантына, жұмыс істеу қабілеті мен жеке жауапкершілігінің нәтижесінде табысқа жеткен үздіктерге теңесіп, алға жылжуы тиіс.

Жаңа экологиялық этика

«Жасыл экономиканы» дамыту индустриаландырудың негізі ретінде «экологиялық сұрақтардың маңыздылығын арттырады. Жастар жаңа экологиялық этиканы ұстанушылар болуы керек, туған жері мен оның табиғи байлықтарына жанашырлықпен қарауы тиіс (3).

Осы тізбектегі жастардың тарапына айтылған ұсыныстардың нақты, әрі тиімділікпен орындалуына әрдайым көз жеткізіп отыру үшін, “Жастардың келешегі” атты ұйым құруды ұсынамын. Ұйымның негізі ойы бар. Бұл жастарды тиімді әлемдік жаһандану ағысына, қосыла әлеуметтеннетін өте қауқарлы жастар санын арттыру.

Жастарды әлеуметтендіру процесі – бұл жастарды қоғамдық-саяси өмірге қосудың басты тетігі. Объективтілік тұрғысынан, жас ұрпақтың қоғамның дамуына қатысу мәселесі

ел дамуының сапасы мен қарқынын, сипатын көрсетеді. Жастардың әлеуметтік-экономикалық және саяси прогрестерге толыққанды ықпалдасуы мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және бизнес-қоғамдастықтардың өзара кеңінен іс-қимыл жасауы негізінде қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, мемлекет пен қоғам жастарға қолдау көрсете отырып, жастардың өмірдегі өз орнын табуға деген ұмтылысын төмендететін шамадан тыс қамқорлықтан арылуға тиіс.

Осылайша, жастардың ойдағыдай әлеуметтенуіне, олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бейімдеуге бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыру болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді іске асыруды болжайды:

- 1) қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету;
- 2) салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 3) құқықтық мәдениетті арттыру және жастар бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрмет қалыптастыру;
- 4) жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау;
- 5) жастарға арналған қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;
- 6) жастарды мәдени құндылықтарға тарту;
- 7) жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуын ынталандыру;
- 8) жастар ортасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету;
- 9) мемлекеттік жастар саясатын ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- 10) жастарды «Қазақстан-2050» [стратегиясын](#) іске асыруға тарту.

Ұйымның

Негізі мақсат жастардың әлеуметтік проблемаларына үңілу, осы арқылы келешегін айқын ете түсу.

Қорытынды: Әрбір жас тұлға өз болашағы мен ел қамы үшін саналы түрде еңбек етсе жетер белестер мен алар асулар легі көп болар еді. *Патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, заңға мойынұсынушылық, білім, еңбекқорлық, инновациялық ғылым және инновация, отбасы, денсаулық және спорт, оң мұрат мақсат, жаңа экологиялық этика* осы аталғандар жастардың бойынан табыла алса Қазақстан болашағы жарқын, іргеміз әрдайым беріктіктен тұратыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy>
2. "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы.

Аманова Д.,

Ақтөбе облысы Қазақ-Орыс Халықаралық университеті
Әлеуметтік педогогика және өзін-өзі тану мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Алиманова А.Т.

ӘЛЕУМЕТТІК БЕС ПРОБЛЕМА

Жастарға қатысты мәселелерді зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенер болсақ, олардың алдында шешуді қажет ететін көптеген проблемалар бар. Осылардың ішінен бесеуі ерекше бөліп аталған.

Олардың біріншісі “Қайда тұрамын?” деген проблема. Мұның, яғни пәтер мәселесінің бірнеше қырлары бар. Біріншіден, жастар барлық уақытта және барлық жерде бірдей қоғамның қамтамасыз етілген бөлігі бола бермейді. Өйткені, олар өмір сүруді енді ғана бастаған, негізінен ата-аналарының табыстары есебінен күн көріп жүрген қоғамдағы жеке

тап болып табылады. Ал ата-ана өмірге деген көзқарастарына немесе материалдық жағдайларына байланысты балаға, үйленгеннен кейін жас отбасына жеке пәтер керек пе деген мәселені үнемі оңтайлы шешіп беріп отыра алмайды.

Екінші проблема “Қайда және қалай оқимын?” деген сауалға келіп тіреледі. Жоғары білімсіз, кәсіби даярлықсыз табысы жақсы жұмыс табу мүмкін емес. Сондықтан жастардың дені, дәлірек айтқанда, өз ертеңі туралы ойланғандары білім алуды мектептен кейін де жалғастыруға тырысады. Бірақ бұл ретте де ақша мәселесі алдан шығады.

Үшінші проблема “Қайда демаламын?” деген мәселе төңірегінде. Жастардың көңіл көтеретін, уақыт өткізетін орындар іздеуі табиғи жәйт. Бұл қай дәуірде де өскелең ұрпақ үшін өте маңызды мәселе болып саналған. Себебі, бос уақыттарын пайдалы өткізудің амалын таба алмай зеріккен жастардың теріс жолға түсіп кетуі оп-оңай. Нашакорлық, маскүнемдік, ұрлық, төбелес сияқты қылмыстар да дәл осындай себептерден, әсершіл, қызба мінез жастардың “екі қолдарын алдарына сыйғыза алмауларынан” туындап жатады.

Төртінші проблема “Қалай өмір сүремін?” деп аталады. Бұл жерде әңгіме табыс туралы болып отыр. Тіпті дипломы болғанның өзінде еңбек стажы жоқ жас маманның жоғары жалақы алатын жұмысқа орналаса қоюы екіталай. Мысалы, жақсы жұмысқа шақырғандар кемінде 1 немесе 3 жыл еңбек стажының болғанын талап етеді. Ал жастардың өмірдің барлық қызықтарын көре жүріп емін-еркін өмір сүргілері келеді. Оның сыртында қызмет бабында жоғарылау жағын да ойлауы керек.

Бесінші проблема “Қандай мақсаттарға ұмтылу керек?” деген сауал. Ресейлік мамандардың пайымдауынша, бүгінгі жастардың бойында, олардың ата-аналарында болғандай, нақты өмірлік бағыт-бағдарлар жоқ. Өйткені, қазір мемлекеттік деңгейде қалыптастырылатын ортақ мақсаттар да, жұртшылықты соған жұмылдыратын қуатты насихаттық мәшине де жоқ. Біздің әкелеріміз бен аналарымызда қоғам заңдылықтары туралы білімдер болды, олар қандай мақсаттарға қол жеткізудің мүмкін екенін және қайсыларының мүмкін емес екенін алдын-ала білді, деп есептейді ресейлік сарапшылар. Сірә, мұны да бүкіл ел халқын тек өзінің айналасына ғана топтастыруды мақсат еткен коммунистік партия жүзеге асырды деп түсінген орынды шығар.

Аталған барлық әлеуметтік мәселелер, жағдайлар қоғамымыздың ең маңызды проблемалар болып табылады. Қоғамдағы осы әлеуметтік проблемаларды шешіп, одан әрі қоғамымызды дамыту үшін түрлі шаралар ұйымдастырылып, реформалар жүргізіліп, заңдар енгізіліп, бағдарламалар жасалуда.

Пайдаланған әдебиеттер: 1. Орынбекова Д.С. Әлеуметтану барлық мамадықтардың күндізгі бөлімінде оқитын студенттер үшін семестрлік жұмысқа арналған әдістемелік нұсқаулар. – Алматы: АЭЖБУ, 2011

2. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері – Алматы, 2007

Шайланов Е.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педогогика
және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Құдайбергенова А.М.

МОБИЛЬДІК ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА ДАМУЫНА **ӘСЕРІ**

Қазіргі уақытта техника адамзат өмірінің бір бөлшегіне айналды. Техниканың арқасында уақытымызды үнемдеп, барлық жұмысымызды орындап алып жатамыз. Дегенмен, кез-келген нәрсенің жақсы және жаман жағы болатыны белгілі. Аталмыш техникаларды көп адамдар сауатты пайдаланып жүр дегенге келмейді. Көп адамдар, оның ішінде әсіресе балалар, техникаға, оның ішіндегі қосымшаларға тәуелді болып, бар уақытын босқа өткізіп, денсаулығына нұқсан келтіруде. Техниканың бала дамуына деген әсерін, оның

ішінде мобильді және компьютерлік қосымшаларға деген тәуелділікті анықтау, оның алдын алу жолдарын алда қарастыратын боламыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде: «Адамзат үшін XXI ғасыр-жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру-бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз», - деп айтқан еді. Дегенмен, сол жаңа технологияларды өмірге енгізгенімізбен, оны пайдасыз мақсатта пайдаланып, жас ұрпақ оған тәуелді болып қалуда. Балалар арасындағы мобильді және компьютерлік ойындарға, қосымшаларға, интернетте деген тәуелділік қоғам назарындағы басты проблемаға айналып отыр. Интернетке тәуелділік дегеніміз – баланың интернет ресурстарын шектен тыс пайдалануы, өзін тежей алмауы.

Интернетке тәуелділік жайлы көптеген ғалымдар өз зерттеулерін жүргізді. Олардың қатарында ирандық Л.Хассезма, америкалық Е.Абоуджа, финляндиялық Калиалия Хейно, норвегиялық ғалымдар Йохансон А. және Готесста К., ресейлік В.Л.Малыгин, А.С.Искандирова, К.А.Феклисов, Н.С.Хомерики, А.А.Антоненко секілді ғалымдар бар.

Интернетке тәуелділік феномендерін К.Янг пен И.Голдберг ашып көрсетті. 1994 жылы Янг веб-сайтта өзінің сауалнамасын іліп, нәтижесінде 500-ден астам жауап алады. Оның 400 жауабы Янг ұсынған интернет аддиктивтіліктің критерийлеріне сай келген. Голдберг 1995 жылы құмар ойындарға тәуелділіктің белгілеріне сүйене отырып, интернетке тәуелділікті анықтайтын диагностикалық критерийлердің жиынтығын ұсынды. 1998-1999 жылдары К.Янг, Д.Гринфилд, және К.Суррат интернет тәуелділікке байланысты алғашқы монографияларын ұсынды. 1998 жылдың соңына қарай Суррат Интернет-аддикцияны – адамдарға практикалық психологиялық көмек берудің бір бөлшегі ретінде қарастырды.

Интернет тәуелділікке:

- компьютермен жұмыс жасауға деген бейімділік(компьютерлік ойындар, программалар және т.б.);
- интернет құмар ойындарына деген патологиялық тәуелділік;
- интернетті әлеуметтік тұрғыда пайдалану, нәтижесінде шынайы өмірді, отбасы мен достарының орнын ауыстыратын чаттарда, телеконференцияларда, топтық ойындар арқылы қарым-қатынасқа түсу және т.б.

Интернетке тәуелділік, компьютерлік және мобильдік ойындар баланың:

- мінез-құлықтың асоциалды, агрессивті, аддиктивті, деструктивті формаларын қалыптасуы;
- баланың тұйықталуы;
- сабақ үлгерімінің төмендеуі;
- қоршаған ортаға деген көзқарасының өзгеруі;
- достарының азаюы;
- физиологиялық және психологиялық дамуының кешеуілдеуі;
- шынайы өмірден алыстау;
- отбасына деген қарым-қатынасының әлсіреуі;
- отбасылық конфликтерге әкеліп соғады.

Балалар арасындағы интернетке тәуелділіктің кең жайылуына бірнеше себептер бар. Олар:

- балалар арасындағы бәсекелестік;
- еліктеушілік;
- ата-аналардың бала тәрбиесіне салғырттық танытуы;
- ата-анасының шектен тыс қасқорлық танытуы (гиперопека);
- баланың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы;

Жалпы интернетке, компьютерлік және мобильдік ойындар мен қосымшаларға деген тәуелділікті анықтаудың бірнеше әдіс-тәсілі бар. Көбінесе интернет тәуелділікті анықтауға арналанған диагностикалық жұмыстарды жүргізуде К.Янг тесті қолданылады. Сонымен қатар, CIAS тесті (Ченнің интернет тәуелділік шкаласы) тиімді болып табылады. Аталмыш тест аддикцияның алты диагностикалық критерийіне сәйкес

келеді(жоғары құндылық, көңіл-күйдің өзгеруі, толеранттылық, бас тарту симптомы, тұлғайшілік және тұлғааралақ конфликт, рецидив). Аталмыш тест 2003 жылы Қытайда жарық көрді. Тест бес бағалау шкаласынан тұрады.

1. Ықтиярсыздық симптомы шкаласы;
2. Бас тарту симптомы;
3. Толеранттылық шкаласы;
4. Тұлғайшілік және денсаулықпен байланысты проблемалар шкаласы;
5. Уақытты басқару шкаласы.

Көрсетілген әдіс 25 сауалдан тұрады(мысалы, мен интернет пайдалануыма байланысты аз демаламын, интернет өшіп қалса, өзімді жайсыз сезінемін және т.с.с.).

Клиент әр сұраққа:

1. Маған сәйкес келмейді.
2. Маған аз ғана сәйкес келеді.
3. Маған сәйкес келеді.
4. Маған толықтай сәйкес келеді деп жауап беруі тиіс.

Аталмыш әдіс интернет тәуелділікті оңай анықтауға көмектеседі. Бұл әдісті қолдануы ыңғайлы, себебі тест қорытындысы шкала бойынша есептеледі.

Интернетке тәуелділікті анықтағаннан кейін, одан кейінгі міндет оның алдын алу болып табылады. Интернетке тәуелділіктің алдын алу үшін:

- баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру;
- баланың қызығушылығын анықтап, интернетте отыратын уақытын қызығушылықпен алмастыру;
- ата-ана бақылауында болу;
- интернетте отыру уақытын шектеу;
- интернетті сауатты қолдануды үйрететін арнайы курстар ашу;
- отбасымен көп уақыт өткізуіне жағдай жасау қажет.

Бала – мемлекеттің болашағы. Сол себепті біз балаларды интернетті, компьютерлер мен мобильдік қосымшаларды сауатты қолдануға үйретуіміз қажет. Сонда елімізде дені сау жас ұрпақ қалыптасатыны анық.

Пайдаланылаған әдебиеттер тізімі:

1. Девиантология: Оқу құралы. Авт.: А.Т.Ақажанова. Алматы: Нұр-пресс, 2009.— 126 б.
2. «Интернет-зависимое поведение. Критерии и методы диагностики».Авт.: В.Л. Малыгин, К.А. Феклисов, А.С. Искандирова. М. МГМСУ, 2011. – 32 с.
3. «Актуальные проблемы психологии зависимости от интернета». Авт.: А.Е.Войскунский. <http://www.psy.msu.ru/>

Сафидуллаева Г.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Таубаева Ш.Т.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Еліміздің білім беру аясында жүріп жатқан білім реформаларына қатысты түрлі өзгерістер, атап өтер болсақ әлемде дамыған мемлекеттердің білім беру саясатының негізгі көрсеткіші болып есептелетін 12 жылдық білім беру жүйесіне ену қарқыны – қоғамдағы адамдардың пікірлері мен көзқарастарын қалыптастыруға негіз болды. Әлемдік жаһандану жағдайында жаңа қоғамда болып жатқан ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер - білім сапасының жаңа деңгейге көтерілуіне өзгеше талап қойды. Жоғары

қарқынмен белең ала бастаған аталмыш құбылыстарға мемлекет тарапынан талдаулар жасалып, ортақ мәселені халықпен бірлесе отырып атқару мәселелері жолға қойылуда.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анықтап көрсетілген [1]. Бұл, қоғамның әлеуметтік белсенді жастарға деген жоғары сұранысын туғызып отыр.

Білім беру кеңістігінде "әлеуметтік белсенді тұлғаны" қалыптастыруға маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта әлемде болып жатқан әлеуметтік экономикалық және қоғамдық-саяси үрдістер тұлғаның таңдау еркіндігі мен қоғаммен өмір сүруін қамтамасыз ететін «қоғамды демократияландыруға» бағытталған. Қалыптасып жатқан жаңа қоғам - бұл адамдардың белсенді өмір сүретін қоғамы. Осыған сәйкес, баланы әлеуметтік әлеуетін дамыта отырып, оны қоғамның белсенді азаматы етіп қалыптастыру қажет.

Осы мәселеге орай, әлеуметтік педагогөсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік белсенділігі жоғары, әлеуметке кіріуге бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, адамдармен қарым-қатынас жасай білетін жастарды қалыптастыруға ерекше мүмкіндіктер ашып бере алады. Демократиялы заманда жастарды мектеппен өзара тығыз қарым-қатынаста дамыту арқылы оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға, көшбасшы жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Көтерілген тақырып бойынша көптеген зерттеулер жасалынған. Ғылыми философиялық, тарихи және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауларда тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру әлеуметтік тәрбиелеудің міндетіне кіретінін көрсетеді. Әлеуметтік белсенділік қоғамдық-экономикалық формацияда қалыптасты және дамыды. Бұл белгілі педагогтар мен философтардың еңбектерінде тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың нақты тарихи кезеңдерін қарауға мүмкіндік береді.

Жастарды әлеуметтендіру және оларға рухани-адамгершілік білім беру бағытында зерттеулер ұйымдастырлуда. Қазақстанда *әлеуметтік тәрбие, жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамыту* (Р.Ж. Иржанова, К.К. Құнантаева, Б.Ы. Мұқанова, М.Н. Кузьмина, Н.Н. Тригубова және т.б.), *Жастарды әлеуметтендіру* (И.М. Кузьменко, Қ.Ғ. Ғабдуллина, З.Ө. Кеңсарина, О. Нұсқабаев, Е.З. Батталханов, А.Н. Тесленко, Т.Г. Бортко, Ә.Қ. Нұрғалиева, А.М. Мүсілімов, С.Н. Жиенбаева, В.А. Жексембекова, Ш.А. Қирабаева, А.С. Иргалиев және т.б.)

Шетелдік ғалымдардың (В.Г. Белинский, П.П. Блонский, В.В. Зеньковский, А.Ф. Дистерверг, Дж. Дьюи, Н.К. Крупская, Л. Кольберг, Дж. Локк, А.С. Макаренко, Т.Н. Мальковская, В.Г. Маралов, В.Г. Мордкович, Ж.Ж. Руссо, В.А. Ситаров, С.Т. Шацкий және т.б.) зерттеулерінде де бұл мәселе қарастырылған.

Алғаш білім берудегі белсенділіктің анық ұстанымын чех педагогы Я.А. Коменский «білім алуға деген талпынысты күшейту үшін, оқыту балаларға көп қуаныш пен сәттіліктер береді» деп атап көрсетті.

Бұл идеяны Дж. Локк одан әрі дамытып, оқу іс-әрекетіндегі мотив пен ұмтылыс туралы сөз етіп, сұрақ қою арқылы бала дамуындағы өзбеттілік іс-әрекетін реттеу қажеттілігін, «бала – белгілі бір құндылықты жағдай, сондықтан оны құрметтеу қажет» деп атап көрсетті.

Ж.Ж. Руссоның философиялық-педагогикалық еңбектерінде даму ортасы маңызды рөлге ие. Әлеуметтік белсенді тұлғаның оңтайлы даму негізі деп ортаны қарастырғандардың ішінде Ж.Ж. Руссо ерекше атап өту қажет. Ол тәрбие үрдісі тиімді әсер етуі үшін, әр жеке тұлғаның табиғи сұраныстарының арасында теп-теңдік жағдайын орнататын даму ортасы ортасы құрылуы қажет деп есептеді. Бұл ортаа тұлға қазір білім алмайды, ол сол білімді өзі тауып, тірі табиғатты бақылай отырып, өзінің тәжірибесінің негізінде үйренеді [2].

«Әлеуметтік белсенділік» түсінігі әр түрлі ғылым салаларында кездеседі. Қазіргі таңда жетекші педагогтар бұл ұғымды әр түрлі позицияда қарастырады: адам меншігі ретінде, тұлғаның қасиеті, өзінің тұлғалық дербестігін көрсету үрдісі, тәрбиенің құрылымдық бөлігі және т.б. Соңғы жылдары педагогика ғылымында тұлғаның әлеуметтік белсенділігі түсінігі өзгеріске ұшырады. Өз кезеңінде Н.В. Савин әлеуметтік белсенділік түсінігін қоғамдық-саяси белсенділік ретінде қарастыра өтіп, белсенділікті қоғамдық қызметке қызығушылық, міндеттерді орындаудағы жауапкершілік, орындаушылық және бастамашылдық, өзіне және қызметкерлерге талап қоюшылық, қоғамдық қызметті жүзеге асыру кезінде көмек көрсете

алу, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы деп көрсетті. А. В. Петровский әлеуметтік белсенділікті адамның белсенді өмір сүру позициясы ретінде қарастырды. Х.Д. Дамаданов бойынша, әлеуметтік белсенділік – ішкі орнату, белгілі бір іс-әрекетке бағытталу, әлемдік көзқарастан туындайтын жеке тұлғаның моральдық және психологиялық сапасы және оның қоғамға субъективті қатынасы.

А.В. Мудрик тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің дамуын әлеуметтік ортаға индивидтің тікелей қатысуы және күтілетін әлеуметтік таным, сонымен қатар әлеуметтік байланыс және тәжірибелік әрекетке дағдылану кіретін «адамды ізгілендіретін жан-жақты үрдіс» ретінде қарастырды. А.В. Мудрик әлеуметтік белсенді тұлға өмірлік жағдайларға қарсы тұра алу қажет деп есептеді. Алайда, біз, көптеген жастардың қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларға қарсы тұра алмайтындығын байқаймыз.

Тұлғаның шығармашылығына бағытталған әлеуметтік психологиялық әрекетке дайын болуы, әлеуметтік шындықты және өзін түрлендіретін әрекет деп есептеді[3]. Білім беру мекемесінде баланың белсенді іс-әрекетін қалыптастыру құралы ретінде дамытушы ортаны құру үшін Л.Н.Седова үш өлшемінің нақты болуын атап көрсетеді:

1. Мақсат қою - бұл білім беру мекемедегі педагог дамытушы ортаны тұлғаның базалық негізі ретінде белсенділіктің бірнеше түрін іске асыруға және оны оңтайлы дамуға мүмкіндік беретін, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық кеңістік ретінде түсінуге бағыттайды;

2. Іс-әрекеттік қарым-қатынас үдерісі – мектепалды даярлықтағы баланың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын және оны бағыттайтын педагог ұстанымын талдаумен байланысты келеді;

3. Білім беру мекемесінің дамытушы орта жағдайында баланың белсенді таным іс-әрекетін ынталандыра түсетін құралдарды, әдістер мен тәсілдерді таңдаумен және арнайы педагогикалық жағдаяттарды модельдеумен байланысты болып табылады[4].

Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру үшін мынадай маңызды шарттар орындалуы қажет[5]:

1. Өзін-өзі дамыту, оқушыларды белсенді болуға ынталандыру;
2. Мотивацияны дамыту;
3. Оқушылардың ұжымын құру, бірлескен ұжымдық әрекетті ұйымдастыру;
4. Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін есепке алу;
5. Білім беру процесі барысында субъект-субъект қатынасында болу;
6. Жағымды әлеуметтік кеңістікті құру және дамыту;
7. Ұжыммен адамгершілік қатынаста болу;

Қорытындылай келе, белсенділік – әрекет ету деген сөз. Сонда, белсенді болу үнемі әрекет жасау. Баланың белсенді болуы оның дамуындағы маңызды фактор болып есептеледі. Әрине, мұнда бала тек іс-әрекет жасағанда ғана жатқызады. Белсенділік арқылы ғана балалар іс-әрекеттің ересектердің жасайтын неғұрлым нәтижелі және тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді. Осылайша, осы әрекеттерді бірнеше рет қайталау арқылы бала өзіне тиісті дағдыларды игеріп, дағдыланады. Баланың белсенділігі оның даму үдерісіндегі әрекет ететін күші болып табылады. Егер, әлеуметтік педагог баланың белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылатын іс пен еңбекте баланың әрекетке қатысуында күткен нәтиже бермейді және баланың толық дамуына әсерін тигізбейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. -2008. -40 б

2. Третьяков Н. Ф. Социальная активность личности. М.: Педагогика, 2001. 230 с.

3. Наркевич Н.Ю. Формирование социальной активности школьников в условиях взаимодействия семьи и школы: Дис. ... канд. пед. наук, Нижний Новгород, 2007. – 142с.

4. Н.А. Соколова, Ю.Н. Губин Формирование социальной активности подростков в полисубъектной среде дополнительного образования . – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2014. – 179 с.

5. Тұрманова Ж. Жасөспірімдер белсенділігі мен кәсіптік бағдары // Психологияны мектепте және ЖОО-да оқыту, №2, 2006,2-5 бб.

Тажу Т.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Педагогика және
психология мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Әшекеева Қ.Н.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Еліміздің қоғамдық әлеуметтік өміріне нарықтық қатынастардың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси, экономикалық, әлеуметтік мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін жаңаша ойластыруды талап етеді. Осыған байланысты еліміздің даму стратегиясына сай жас ұрпақтың рухани байлығын одан әрі жетілдіруге, әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде. Біздің мақсатымыз бала жанын түсіну, сезімін, көңіл-күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін сезіну, оқушының тұлғасын қалыптастыру және дамытуда оны әлеуметтік тұрғыдан қолдау. Бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Әлеуметтену – индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі. Әлеуметтену бастапқы (балалық шақ, бозбалалық кезең, жастық шақ) және екінші (егде жас) болып бөлінеді. Социология ғылымы «ұрының баласы қашанда ұры, ал текті ата-анадан тек бейкүнә әрі тәртіпті бала туылады» деген сыңаржақ тәмсілмен келісе алмайды. Өйткені адам анасынан бірден мәдениетті болып туылмайды, тәрбиелеу, білім алу және қоғамда ғұмыр кешу процесінде ғана қалыптасады. Әлеуметтену – мәдени қасиеттер мен құндылықтарды мұралау өзгеше биологиялық емес әдіспен, яки ұрпақтан ұрпаққа тарау тетігі арқылы әлеуметтік жолмен жүзеге асады; әрбір индивид, әр жаңа ұрпақ өздері туып, өмір сүріп жатқан әлеуметтік жүйенің мәдени мұрасын игерудің өзіне тән ерекше жолынан айнымай жүріп өтеді. Осынау маңызды процесті ғылымда «индивидтің әлеуметтенуі» деп атайды. Әлеуметтену – тура мәнінде, жарық дүниеге келген адамзат мәдениетін игеруге бағдарланған адам баласын дамытып, өзінің тұлғалық – психологиялық ерекше қасиеттерін, сондай-ақ қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік беретін әлеуметтік тұрпаттақ, әлеуметтік маңызды қасиеттерді, білім мен білікті бойына жинақтаған тең құқылы тұлғаға айналдыру жолы. Сондықтан әлеуметтену дегеніміз, индивидтің әлеуметтік орамен диалектикалық (өзара) әрекеттесу процесі, осының барысында бір жағынан – адам бойындағы табиғи, психологиялық өскін жетіліп, өркендей түседі, екінші жағынан – қоғам тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, мәдениетке ұмтылдыру арқылы оған тұлғаға тән әлеуметтік мәні мол қасиеттерді сіңіреді.

А.В.Мудрик әлеуметтендіруді адамның бүкіл ғұмырында қоғам мәдениетін ұдайы өндіру мен меңгеру үрдісіндегі өз орнын алуы мен дамуы ретінде түсіндіреді.

Әрбір дүниеге келген адам қоғамның бір мүшесіне айналады және әлеуметтенуге тартылады, яғни тұлғаның қалыптасуы қоғамның талаптарын біртіндеп қабылдауынан, қоғамдық сана мен мінез құлықтың қалыптасуынан тұрады және ол қоғаммен өзара қатынасты реттейді. Әлеуметтену үрдісі жанұяда, мектепте, жұмыста жүзеге асады. Сонымен қатар БАҚ-та әлеуметтенудің күшті құралы болып табылады. Әлеуметтену үрдісіне адамның әлеуметтік тәжірибесін ұрпаққа жалғастыру енеді. Тұлғаның әлеуметтенуі еңбекпен, қоғамдық – саяси және адамның танымдық әрекетіне тығыз байланысты болып келеді. Бұл сатылардың әрқайсысында қарама-қайшылық туындауы мүмкін. Мысалы, “әке мен бала” мәселесі.

Алғашқы әлеуметтену институты мен агентіне адамның жақын ортасы жатады, тұлғасының қалыптасуына күшті және маңызды әсер етеді, олар жанұя, достар, мұғалімдер.

Әлеуметтенудің екінші агенттеріне оқу орнының әкімшілігі, өндіріс орындары, полиция, әскер, мешіттер, мемлекет, БАҚ қызметкерлері жатады.

Алғашқы әлеуметтену үрдісі – тұлғаралық қатынастар сферасы, екінші үрдіс – әлеуметтік қатынастар сферасы болып табылады.

- *Біріншіден*, әрбір іс - әрекет түрлері мен оның әртүрінің арасындағы байланыстар жүйесінде бағдарлану. Ол әрбір жеке тұлға үшін маңызды іс -әрекет аспектілерін айқындаумен қатар, оны игеру арқылы іске асырылады, немесе мұндай бағдарлануды – іс - әрекеттің жеке тұлғалық атауы деп атауға болар еді.

- *Екінші* – қарым – қатынас сферасыда іс - әрекетпен тығыз байланысты болғандықтан, оны кеңею және тереңдету бағытында қарастырады. Қарым – қатынастың кеңеюін, адамның басқалармен контактілерінің көбеюі, әрбір жас кезеңінде осы контактілер ерекшеліктері тұрғысынан түсіну қажет. Қарым – қатынастың тереңдеуін, ең алдымен монологтық қарым – қатынастан диалогтыққа көшу, партнерге бағытталуы, оны неғұрлым дәл қабылдауымен байланысты. Эксперименттік зерттеулердің міндеттері: біріншіден, қарым –қатынас байланыстарының көбеюі қандай жағдайларда және қалай іске асырылатынын, екіншіден, жеке адам осындай процесте қандай нәтижеге жететінін анықтау.

- *Әлеуметтенудің үшінші сферасы* – жеке тұлғаның өзіндік сана – сезімінің дамуы. Бұл проблема жеке тұлғаның «Мен» - бейнесінің қалыптасуымен байланысты. Көптеген эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, адамның «мен» бейнесі бірден қалыптаспайды. Өмір сүру барысында, әртүрлі әлеуметтік әсерлер негізінде қалыптасады.

Бүгінгі жасөспірімдердің әлеуметтену мәселерінің көздері:

- 1.Интеллектуалды және физикалық күштің даму сәйкессіздігі және уақыттың шектеулігі, қажеттілікті қанағаттандыруда экономикалық лимиттің шектеулігі.

- 2.Өмірді қадірлемеу, пессимисттік көңіл - күйдің туындауына әкеледі.

3. Жастыққа табиғи дисгормония тән. Тілек пен талпыныс мінездің күштілігі мен еркінен бұрын дамиды.

- 4.Абстрактілі идеалдар және өмірлік жоспарлар.

5. Бүгінгі өмірге(ата-ананың қамқорлығынсыз) әлеуметтік және психологиялық бейімделу қиындығы және бұл қамқорлықтан тезірек құтылуға деген тілегі.

6. Ересек ұрпақ құндылықтарына қарама-қарсы және өзгеше «өзінің» идеалын табуға талпыныс.

7. Эгоцентризм және «отарлық сезім», «бір құтыда», оған қоса өзінің бірегейлігін сезіну.

- 8.Өзі таңдау жасауға талпыну, бірақ оған жауапкершілікті мойынға алмау.

Жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі қайшылықтардың туындау себептері:

- 1) құндылықтар жүйесінің өзгеруі, оның нәтижесінде аға буын жастарды жаңа өмірге үнемі толыққанды әзірлей алмайды;

- 2) қоғамның әлеуметтік құрылымының түп тамырымен және өте тез өзгеруі көптеген әлеуметтік топтарға қатты соққы болды;

- 3) Әлеуметтену факторы ретінде формальды және формалсыз бақылаудың әлсіреуі;

Тәрбиелеу мен білім беру институттарынан өткен адамның одан әрі жетілу, яғни әлеуметтенуі барысында адамның өзін мақсат ретінде қоя білуі маңызды рөл атқарады. Мысалы, адамның өзін-өзі басқару, игеру, жетілдіру деңгейі жоғары болған сайын, сыртқы орта әсері аз болады. Ал керісінше жағдайда сыртқы ықпалдың деңгейі мол. Осы тұста жастардың өз уақыттарын дұрыс ұйымдастырмауы, өзін-өзі игере алмауының салдарынан түрлі орта әсерлеріне ұшырап отыр. Мәселен, субмәдениет, секталар, қылмыстық топтардың, т.б. дұрыс әлеуметтенбеген немесе маргинал жағдайдағы жастарға ықпал етіп отыр.

Педагогика теориясы мен практикасының күрделі, өзекті мәселелерінің бірі-тұлға және оның арнаулы ұйымдастырылған жағдайдағы дамуы. Бұл мәселе көп аспектілі, сондықтан оны әртүрлі ғылымдар зерттейді.Педагогика оқыту мен тәрбие процесінде тұлғаның жан-жақты, үйлесімді дамуының тиімді жағдайларын анықтайды.Тұлға дамуының педагогикалық мәнін анықтау үшін бірінші кезекте «тұлға» түсінігінің мәнін, оның «адам», «индивид» және

«даралық» түсініктерімен ара-қатынасын, байланысын ашуымыз керек. Адам дамуында әрқашан бір-бірімен байланысты екі бағыт бар: биологиялық және әлеуметтік.

«Адам» түсінігі биологиялық мәнді білдіреді. Оған берген анықтамалар өте көп:

1) Адам (биологиялық түсінік ретінде)-тіршілік иесі, өкілі, фило-және онтогенетикалық даму өнімі;

2) Адам-адамзат қауымдастығының бір өкілі, құралдар мен белгілер пайдаланатын және солар арқылы өзінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын және психикалық процестерін меңгеретін, табиғи шектеушілік шекарасынан шыққан әлеуметтік тіршілік иесі.

Күнделікті тұрмыста индивид деп оның өзіне тиесілі ерекшеліктері бар нақты бір адамды айтамыз. Индивидтің ең жалпылама сипаттамалары ретінде психофизиологиялық ұйымдасуының тұтастығы мен өзіндік ерекшелігін, қоршаған ортамен өзара әрекеттегі тұтастығын, белсенділігін айтуға болады. Әрадам-индивид.

Даралық. Қысқаша айтқанда, бір адамды екінші адамнан айыратын даралық ерекшелік. Даралық мінез және темперамент, шығармашылық іс-әрекет және қабілеттерер екшелігімен көрінеді. Абсолютті бірдей екі адам болмайды. Яғни, біз әр адамға өзіндік ерекшеліктері бар даралық ретінде қарауымыз керек.

Педагогикада және психологияда тұлға және оның дамуы мәселесі бойынша үш бағыт: биологиялық, әлеуметтік және биоәлеуметтік.

Қазіргі заманғы педагогика ғылымы тұлғаны биологиялықты әлеуметтіктен бөлуге болмайтын біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Тұлға бойындағы биологиялық өзгерістер оның іс-әрекетіне ғана емес, өмір сүру бейнесіне әсерін тигізеді. Дегенмен, шешуші рөлді әлеуметтік өмір нәтижелері атқарады. Олар тұлғаның бейнесін анықтай отырып денекемшіліктері мен мінез ерекшеліктерін жеңуге мүмкіндік береді.

Л.С.Выготскийдің анықтамасы бойынша тұлға-белгілі бір функцияларды атқару үшін пайда болатын психикалық жүйе. Тұлғаның негізгі функциясы-қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеру және адамды қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне енгізу. Тұлға тек іс-әрекетте, қарым-қатынаста қалыптасады, өмір сүреді және өзін-өзі көрсетеді. Адамзат баласы адам болып өмірге келсе, тұлға болып өмірде қалыптасады.

Адамның әлеуметтенуі әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде

Адамдар топта өздерін қалай ұстайтындығын зерттей отырып әлеуметтік психология мен әлеуметтенуде ортақ қызығушылықтарға ие болады. Бірақ әлеуметтанушылар көбіне топтарды зерттейді, ал әлеуметтік психология индивидтерді (адам басқалар туралы не ойлайды, олар оған қалай әсеретеді, оларға қалай қарайды).

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау-тұлғаның әлеуметтенуіне бағытталған. Әлеуметтену түсінігін біздер қоғамдағы өмір сүру нормалары мен ережелерін, қоғамда қарым-қатынасты жасау іскерлігі мен біліктілігін игеру үрдісідеп түсінеміз. Ол өз алдына тұлғаға мынандай сипаттамалар мен қарулануына мүмкіндік береді:

- Өзге адамға өзіндік құндылық ретінде қарау;
- Өзге адамға қатынасты жүзеге асыру тәсілі немесе шарты ретінде өзіндік ұмтылысқа қабілеттілік;
- Болашақтыөзіншежобалауғамүмкіндік;
- Өзінің, өзгеадамдардың, өткені мен келешектіңалдындағыішкіөзіндікжауапкершілік;
- Өмірдіңмәнінтүсінуге, меңгеругедегенұмтылыс.

Бала тұлғасыныңқоғамдаәлеуметтенуі оны қамтамасызететінбарлықинституттардыңөзараәрекеттесуібарысындамүмкінболады.

Бұлбалалар мен жасөспірімдергеәлеуметтік-педагогикалықкөмекжәнеқолдаукөрсетудіңтұтасжүйесінжасаудыталапетеді.Бұндай жүйені жасау қажеттілігі «Бала Құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясында бекітілген келешек жас ұрпақты қорғау бойынша халықаралық-құқықтық нормалардың талаптарымен анықталады. Балаларға әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, медициналық және құқықтық көмек көрсету шараларының жалпыламалылығын қажет етеді. Егерде біртұтас қызмет болмаса балаларға көмек және қолдау көрсету мүмкін емес. Көмек және қолдау көрсету қызметі

көптеген қағидалар негізінде жасалуы керек. Олардың ішіндегі негізгілерінің бірі балалар мен жасөспірімдерге деген қоғам қатынасын ізгілендіру.

Ізгілендіруді қамтитын қажетті сфералар:

- Заң, құқық сфералары;
- Бала мен жасөспірімдердің мінез-құлқын және психикалық дамуындағы қалыс қалушылықты, мотивтерді, қажеттіліктерді қызығушылықтарды психологиялық диагностикалауға негізделген тәрбие және оқыту сферасы;
- Қылмыс жасаған балалар мен жасөспірімдерді жазалау сферасы.

Қорытынды

Жасөспірімдерді әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытындағы іс-әрекеттерді саралай келе, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе аламыз:

- Әрбір тұлғаға жан-жақты қолдау болған кезде ғана өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын болады;
- Бала өзінің жақсы жақтарын танып, өз бойындағы адами құндылықтарын оң қалыпты дәрежеде қалыптастырады;
- Өзін жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол басқаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады.

Осы аталған себептердің қатарында әсіресе баланың әлеуметтік-психологиялық караусыздығы, оларға қоршаған ортаның немқұрайлы қатынасы басты орын алады, нәтижесінде шет қалу, өзінің қажет еместігі, қорғансыздығы сияқты сезімдер туындайды. Сондықтан өскелең ұрпақ тәрбиесіне әрқашан жауапкершілікпен қарау керек.

Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғаның қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқарайық.

Әдебиеттер:

- 1.Әтемова Қ.Т.Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2012,-272б.
- 2.Айтбаева А.Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құрал.-А.,2011.
3. <https://infourok.ru/balalar-men-zhasspirimderdi-leumettenu-problemasi-584481.html>

Рахматулла М.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Айтпаева А.Б.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АРТ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Отандық және шетелдік мамандардың айтуы бойынша, өкінішке орай, дамуында ауытқушылықтары бар балалар саны жыл санап өсіп келеді. Бұған түрлі себептер бар: қоғам мен жекелеген отбасыларында тыныштықтың болмауы, көп жағдайларда қалыпты экономикалық және экологиялық нормалардың сақталмауы, мектеп пен отбасы тәрбиесінің жетіспеуі, танымдық депривация және т.б.

Егер 1997 жылы мұндай балалар саны 80815 болса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 138513-ке жеткен. Қазіргі кезде оқытылуға мұқтаж 93740 баланың тек 22636-сы ғана қамтылып отыр. Білім беру органдары есепке алған мектепке дейінгі жастағы 44773 баланың 27406-сы ғана азды-көпті коррекциялық көмек алып отыр. Олар үшін 36 арнаулы бала бақшасы және 236 мектепке дейінгі арнаулы топ жұмыс істеуде[1].

Қазіргі таңда республикада 102 арнаулы мектеп жұмыс жасайды. Олардың 4-еуі жүру-тірек аппараттарында мүкістері бар балаларға, 49-ы интеллект дамуы, 13-і психикалық

дамуы тежелгендерге, 20-сы есту, 10-ы көру, 6-ы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған.

Қазіргі заманғы коррекциялық педагогикада бала дамуындағы ауытқушылықтарды неғұрлым ертерек анықтап, дұрыс диагностика қойып, оған қажетті алғашқы педагогикалық-психологиялық көмек көрсету негізгі ұстаным болып отыр.

Осы міндеттерді табысты шешу мақсатында көптеген жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың маңызды дефектологиялық мәселелерден хабардар болуын қамтамасыз ететін «Арнайы педагогика негіздері» курстары енгізіліп отыр.

Балалардың дамуындағы аномалия немесе ауытқушылықтар сантүрлі. Олар баланың психофизикалық дамуының түрлі жақтарына қатысты болуы мүмкін. Мысалы: сөйлеу, көру, есту жүйелері, сезімдік қабылдауы, интеллектуалдық, эмоциялық-еріктік, кимыл-қозғалыс сферасы, т.б. [2]

Соңғы жылдары педагогикалық қызметте оқытудың түзету-дамыту аспектісі үлкен маңызға ие бола бастады. Осыған байланысты, мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда белгілі арт-педагог А.И. Копытиннің [4] сөзімен айтсақ - арт-терапиялық әртүрлі тәсілдерді қолдануға болады. Олар:

1. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен жұмыс жасауды көздейтін және жалпы белсендіру, сенсомоторлық сфераны дамыту (мысалы, саз балшықты езу, өз түйсіктеріне зейінін шоғырландыру) мақсаты бар жаттығулар.

2. Балалардың проблемаларын зерттеуге және әртүрлі әсерленулерді, толғаныстарды бейнелеп, көрсетуге (еркін тақырыпқа немесе маңызды тақырыпқа «зұлымдық» және «мейірімділік», «қорқыныш» т.б. арналған суреттер) мүмкіндік беретін «жалпы» тақырыптар мен жаттығулар.

3. Балалардың қарым-қатынас жүйесін зерттеуге және оның өзгеруіне жағымды ықпал етуге (автопортрет салу немесе соғып жасау; сені дос немесе дос емес адамдар қалай көретінін бейнелеу; өзінің жеке басына тән қасиеттерді бейнелейтін таңбасын салу т.б.) мүмкіндік жасайтын өзін-өзі қабылдаумен байланысты тақырыптар.

4. Баланың мінез-құлық бұзылыстары себептерін анықтау және оны түзету (құмсалғыш және әртүрлі фигуралар көмегімен қандай да бір тұрмыстық көріністі құрастыру; отбасы мүшелерін жануарлар немесе заттар түрінде бейнелеу) мақсатында отбасындағы қатынастарды зерттеуге мүмкіндік беретін жаттығулар мен тақырыптар.

5. Әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған бірлескен топтық сурет салу («топтық коллаж» - үлкен қағаз бетіне бір уақытта немесе кезекпен сурет салады. Келесі тақырыптар болуы мүмкін: «топтағы өмір», «жорық», «туған күн», «айналадағы әлем»).

6. Топтық бейнелеу ойындары («қызық жануар» - бір бала жануардың басының суретін салады, паракты бүктеп, келесі қатысушыға береді; екіншісі жануардың денесін салады, паракты бүктеп, оны ары қарай береді; соңында әрқайсысы суретті (ондағы салмаған фигураларды) өзі салып шыққандай бір адам атынан әңгімелейді.

7. Бейнелеу өнерін шығармашылық жағынан өзін көрсетудің басқа түрлерімен байланыстыратын техникалар («Музыкалық пейзаж», «Метель» шығармаларын тыңдау үрдісінде сурет салу көмегімен әсерлерін жеткізу; өз атының дауыстаудан бейне жасау, музыканың сүйемелдеуімен билеген би туралы түйсіктерді бейнелеу, суретте немесе мүсінде өзінің қандай да бір қасиеттерін жекелеген кейіпкерлер түрінде бейнелеу және олардың арасында диалогты ойнап көрсету, поэтикалық шығармалардан әсерлерін суреттеу т.б.) [5].

Арт-педагогикалық құралдардың алуан түрлілігі және олардың қолдану ерекшеліктері балалар мен жасөспірімдердің мазасыздану сезімдерін түзетуде бұл құралдардың тиімділігінің жоғары дәрежесін көрсетіп отыр.

Соңғы кездері педагогтар қалыптан тыс және дарынды балалармен жұмыс тиімділігін арттыру үшін арт-педагогиканың әдістері мен технологияларын жиі қолдана бастады [3].

Арт-педагогика әр түрлі категориядағы оқушылармен – ауытқушылықтары бар, дарынды оқушылардан бастап девиантты балалармен де жемісті жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Арт-педагогикадағы арнайы білім беру технологиялары баланың көркем дамыту міндеттерін шешуге, оқу, ойлау қызметі үдерісін жеңілдетуге бағытталған. Олар тұлғаның тұтастығын сақтауға ықпал етеді, яғни әлемді интеллектуалды және көркем қабылдауды дамытады, оқушыларды өнер арқылы рухани құндылықтарға үйретеді, педагогты тәсілдер жүйесімен жабдықтандырады, барлық сезім мүшелерінің, естің, қабылдаудың, түйсіктің дамуына ықпал етеді, тұлғаның қарама-қайшылықты әлемге бейімделуіне көмектеседі.

Есту қабілеті бұзылған балаларда бірінші кезекте сөйлеу функциясы нашарлайды. Мүлдем естімейтін және нашар еститін балалар арнайы оқытылмайтын болса, сөйлеу қабілеті тіптен қалыптаспайды. Себебі бала өзгелер түгілі өз даусын да естімейді. Мұның барлығы баланың сыртқы ортамен қарым-қатынасын әлсіретіп, оның тұлғаның дамуындағы танымдық процестерді де төмендетеді. Естімейтін балалармен жұмыста бейнелеу терапиялары маңызды рөл атқарады.

Бейнелеу өнерінің көмегімен алуан түрлі мәселелерді емдеу және шешу өте танымал әрі көпшілікке қолжетімді. Бала өзін, өзінің ойларын, уайымдарын, эмоциялары мен сезімдерін – ішкі әлеміндегі жасырын сезімдерді сызықтардың, пішіндердің парақтағы түстердің көмегімен көрсете алады[6].

Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты – баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

Логопедиядағы сөйлеу патологиясының механизмдері мен симптоматикасы клиникалық-педагогикалық тұрғыдан зерттеледі. Бұл жерде төмендегідей ауытқушылықтар қарастырылады: дислалия, дауыстың бұзылуы, ринолалия, дизартрия, тұтығу, алалия, афазия, дисграфия және дислексия.

Жанұяда баланың сөйлеу әрекетінің дұрыс қалыптасуына жеткілікті көңіл бөлінсе, ол мектепке келгенде қиналмай жақсы үлгеріп кетеді. Осындай балалардың ана тіліндегі сөздік қоры 4500-ге дейін жетіп отырады. Ана тілін жақсы меңгеру арқылы балада тек сөйлеу ерекшеліктері ғана емес, бүкіл жеке басының қасиеттері де жетіліп дами түседі.

Тіл мен танымды дамытуда **жаңылтпаштар мен жұмбақтардың** маңызы зор. Жаңылтпаштарды жәй және тез қарқынмен айтып, қайталау - тіл дамытудың тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Сондай-ақ, көлемі қысқа болғандықтан жаңылтпашты тез жаттау - жады әрекетінің шектеулі мүмкіндіктері бар балалар үшін өте маңызды. Мысалы:

- Самал кесте тікті, кестені түсте тікті, кеште тікті.
- Айша қанша арша алса, Ғайша сонша арша алды.
- Жамал Жаңылға жалынды, Жаңыл Жамал жамылатын көрпені өзі жамылды.

Әр жаңылтпаштың өзіндік ерекше мазмұны мен айту қарқыны болады. Көңілді мазмұны бар жаңылтпаштар баланың оны жаттауға ынтасын көбейтеді.

- Ай, ай, Айдарбай!

Иір мүйіз сиырыңды

Үйіңе айдай бар!

Жаңылтпашты алдын-ала талқылау оны балаға түсініп жаттауға мүмкіндік береді. Ақыл-есінің мүмкіндіктері шектеулі балалардың есте сақтау қабілеті төмен және зейіні тұрақсыз болғандықтан жаңылтпаш мәтініндегі әріптердің астарын сызу және дыбыстарды белгілеу қажет. Олардың ойлау әрекетін туғызу үшін жаңылтпаштармен қатар ойындарды пайдалануға болады.

1. «Кезекпен айту». Әрбір қатысушыға жаңылтпаштың сөздерін бөліп, содан соң топтағы балалар жаңылтпашты бұзбай кезекпен өз сөздерін айту қажет. Содан кейін әр бала жаңылтпашты толықтай қайталауға тырысады.

2. «Жаңғырық». Балалар жаңылтпаштың әрбір сөзін бірінен соң бірі айтады. Бірақ кейінгі балаға сөзді тынышырақ қайталау қажет. Әрбір қайталауда айту қарқыны көбейеді. Егер бір бала қателік жіберсе, ойын қатадан басталады.

3. «Кім тез?». Жүргізуші нақты және жәй жаңылтпашты дауыстап оқиды. Содан соң балалардан сұрайды: «Кім менен тез қайталай алады?». Қатысушылар тез және дұрыс қайталауға тырысады. Жаңылтпашты тез және дұрыс қайталаған ұтады.

Жазба сөйлеу - баланың тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал жасайтын қуатты фактор. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу - оқу-тәрбие процесінде көзделетін негізгі міндеттердің бірі. Осы мақсатта арт-терапия әдістерін, әсіресе ән-би, сурет салу, сазбалшықтан мүсіндер жасау әдістерін толыққанды қолданған дұрыс.

Бірлесе ән айту да бала тілін жаттықтырады. Ән терапиясын көптеген елдерде келесідей бұзылыстар спектрінде кеңінен қолданады: дамудағы ауытқушылықтар; эмоциялық тұрақсыздық; мінез-құлықтағы бұзылыстар; сенсорлы тапшылық; арқа-ми жарақаттары; психосоматикалық аурулар; ішкі аурулар; психикалық ауытқушылықтар; афазия; аутизм.

Тірек-қозғалысаппараттары функцияларының бұзылуы туа және жүре біткен себептерден болуы мүмкін. Мұндай патологиялардың бірнеше түрі бар: жүйке жүйесінің аурулары (сал ауруы, полиомиелит); тірек-қозғалысаппараттарының туа біткен патологиялары: жамбас сүйегінің шығып кетуі; қисық мойын; табанның түрлі аурулары; омыртқа дамуының аномалиялары (сколиоз); тірек-қозғалысаппараттарының жүре келе пайда болған дерттері немесе зақымданулары: жұлынның, мидың және аяқ-қолдың жарақаттары; полиартрит; скелет аурулары (туберкулез, сүйек ісіктері, остеомиелит); скелеттің жүйелі аурулары (рахит, хондродистрофия) және т.б..

Мұндай балаларға қол моторикасын дамыту аса маңызды. Мысалы, пластилинмен және түсті қамырмен жасалатын жұмыстар. Қамыр кішкентай балалар үшін қолайлы әрі қауіпсіз материал болып табылады. Осы жаттығуды агрессивті эмоциялар, деструктивті мінез-құлық, қорқыныш терапиясында қолданған пайдалы. Бастапқы кезде белгілі бір түсі бар қамыр немесе пластилиннен келісті форма жасау ұсынылады. Кейін көңіл-күй түсіне сәйкес қатысушылар топқа бірігеді. Кейін индивидуалды жұмыстардан бір түсті ұжымдық композиция жасалады (Тақырыптар: «Менің әлемім», «Менің жан дүнием», «Пластилиннен жасалған қала», «Пластилинді жұмақ», т.б.). қатысушылар өнімінің тақырыбы мен сюжетін, атын өздері ойлап тапса дұрыс болады. Материалдардың иілімділігі жұмысқа көптеген өзгерістерді енгізуге, сәйкесінше эмоциялық көңіл-күйді түзетіп жақсартуға жағдай жасайды. Жағымсыз эмоциялар топтың жағымды, тілектестік атмосферасында еріп, жоғалып кетуі мүмкін. Осындай мақсатта терапия ұжымдық форма жасаумен аяқталады, яғни жеке пластилиндік фрагменттерден бір түсті «Көңіл-күй шарын» жасау.

Мұндай балаларға арт-педагогикалық әдістерді түзету жұмысында қолдану келесідей жағымды нәтижелер алуға мүмкіндік береді:

- Тиімді эмоциялық жауап беруді қамтамасыз етеді, оған әлеуметтік жарамды, рұқсат етілген формаларын (тіпті агрессивті көріну жағдайында да) береді;
- Тұйық, ұялшақ немесе қарым-қатынасқа әлсіз бағдарланған балалар үшін коммуникация үдерісін жеңілдетеді;
- Вербалды емес байланыс мүмкіндігін береді, коммуникативті кедергілер мен психологиялық қорғаныстарды жеңуге ықпал етеді;
- Қолмен мүсіндер, коллаждар т.б. жасау кезінде ұсақ моториканы дамытуға болады;
- Тұлғалық құндылықты біршама жоғарылатады, клиент жасаған өнімнің құндылығын әлеуметтік мойындау есебінен оң «Мен-концепциясын» қалыптастыруға және өзіне деген сенімін жоғарылатуға ықпал етеді.

Шама-шарқынша би терапиясын қолданудың да бұл балаларды емдеудегі алатын орны ерекше. Би арқылы емдеу идеясы Италияда, кейінірек Қытайда, Индияда пайда болып, дәстүрлі ем ретінде қолданыла басталды. Қазақ халық биіне тән қолдар релаксациясы, әсіресе саусақтар релаксациясы тұлғаның қай саланы тәртіпке келтіру қажет екендігі түсінікті болады. Ем барысында адам денесіндегі нүктелерді басу арқылы емдеген.

Ертегі және қуыршақ терапиясы мектепке дейінгі балаларға кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде театр терапиясы, драма терапия, библиотерапия бағыттары басқа бағыттармен салыстырғанда сирек қолданылады деуге болады[3].

Қорыта келе айтарымыз - арт-педагогика технологияларын қолдану бір жағынан баланың жаңа позитивті әсерлерінің көзі болып табылады, креативті қажеттіліктер, оларды қандай да бір түрде қанағаттандыру тәсілдерін қалыптастырады, екінші жағынан әлеуметтік-педагогикалық технологияларды жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Қолданылған әдебиет:

1. Айтбаева А.Б. Коррекциялық педагогика негіздері. –Оқу құралы. –Алматы, «Қазақ университеті», -2011. -160 бет
2. Айтбаева А.Б., Момбек А.А., Касен Г.А. Заманауи арт-педагогикалық әдістердің инновациялық мазмұны// Педагогика и психология, научно-методический журнал КазНПУ имени Абая, -2016, №4 (26), 83-92 беттер
3. Айтбаева А.Б., Туреханова А. Қазақстандағы арт-педагогикалық және арт-терапевтік қызмет көрсетудің қазіргі күнгі проблемалары// Педагогика и психология, научно-методический журнал КазНПУ имени Абая, -2016, №4 (26), 109-118 беттер
4. Копытин А.И. Теория и практика арт-терапии, СПб, 2002г. 330-с.
5. Копытин А.И. Практикум по арт-терапии. СПб, 2000г. -410с.
6. Мухин Ю.М. Восприятие и воспроизведение пространственных свойств на рисунке. Автореферат. Л, 2005г. -120с.

Садыкова А.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Мамырбекова Г.А

АБАЙТАНУ ПӘНІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық. Абай – ұлы ұстаз-кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы – таусылмайтын телегей теңіз.

Ел президенті Н. Ә Назарбаевтың Абайдың 150 жылдық мерейтойында (1995) сөйлеген сөзінде айтқан мына салиқалы ойы кімге болса да бағыт берері сөзсіз: «...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ. ...Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үніліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың».

Иә, расында солай. Қазіргі таңдағы жетістіктер мен өзгерістердің бірі арнайы пән ретінде мектеп оқушыларына арналған «Абайтану» ұғымының енгізілуі. Әсіресе орыс тілінде білім алатын оқушылар үшін өте тиімді. Абайтану пәнін президентіміз Н.Назарбаев айтқандай айына, аптасына емес, балаларға күнде оқытылсада артық етпейді. Күнде оқығанның өзінде Абайды толық танып, мұраларын зерттеп тани алмас. Себебі, оның шығармаларының шегі жоқ.

Жалпы мектептерге енгізілген «Абайтану» пәнінің мақсатына тоқталсақ: оқушыларға Ұлы Абай Құнанбаевтың шығармашылығын толық игерту, Абай поэзиясының құдіретін таныту, ақын шығармашылығын әлем әдебиетімен салыстыра білу. «Абайтану» пәнін

оқушыларға пәнді игеру барысында алған білімдерін одан әрі тереңдете түсуге, Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларының ішкі табиғатына талдай үңілу арқылы оларға ақын талантының көркемдік-эстетикалық мәнін игерту. Абай өлеңдерінің барлық жанрын саралау, поэмаларының көркемдік-идеялық табиғатын ашу, қара сөздерінің тақырыптық, тәрбиелік мәнін түсіну. Балалар осы пәннің арқасында, Ұлы Абайды танып, рухани-адамгершілік қасиетін бойларына сіңіріп өседі. Абайдың айтқан әр сөзі баланың болашағы үшін маңызы зор.

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметов «Абайтану іргетасқа айналды» деген мақаласында бұл пән жайында былай деген болатын: ««Абайтану» пәні бұрындары мектептерде оқушылардың қалауы бойынша оқытылатын факультативті пән. Бұны да алға басудың бір көрінісі деп қарадық. Абайтану пәнінің жаңа бағдарлама бойынша оқулығы жазылып, хрестоматиясы даярланып, алдын ала даярлықпен ендірілсе жөн болар еді. Бірақ бұған күмәнім бар. Өйткені, біз абайтану туралы М.Әуезов ұсынған танымды түбірімен өзгертіп, кеңестік идеологияның талабына сәйкестендірген болатынбыз. Абайтану пәні мектептерге енгізілетін болса, оның оқулығы мен бағдарламасы болуы керек. Менің шамалауымша, сол оқулық пен бағдарлама бола қалғанның өзінде сол ескі сарыннан құтыла алмаған болар деп ойлаймын. Бұл жақсы бастама болғанменен Абай дүниетанымының өзекті желісіне айналған Абайдың Шығысқа қатысы туралы мәселе тағы да сөз етілмей, тасада қалатын тәрізді.»- деген пікірін баяндаған.» Мектептерде оқушыларға Абайтануды тек бір жақты пән ретінде қарастыру шын мәнінде аздық етеді. Оны жан-жақты зертеу, жобалау әдістері арқылы баланың бойына дарыту керек.

Сонымен қатар Абайтану пәнін бүгінгі күні орыс тілінде білім алатын мектептер үшін де оқытылады. Орыс мектептерінде оқушыларға Абай өлеңдері мен поэмаларын жалпылама, үстіртін жаттанды қылып үйрету жеткіліксіз. Оны бала бойына сіңіріп, оқыған шығармасының мағынасын тереңдетіп, сол нәрседен пайдалы азық алатындай қылып үйрету маңызды. Қоғамда ұлты қазақ, тілі мен мәдениеті басқа адамдар толып жүр. Әрине тіл білген жақсы, ал өз ана тілінде жақсы меңгерсе ол оданда жақсы. Басты мәселелердің бірі деп осыны айтуға болды. Орыс сыныбында оқитын балалар осы пәнді оқи отырып, Абай арқылы ұлттық менталитет пен әдет-ғұрыпты меңгереді. Оқушы Абайды сүю арқылы өз ұлтына деген сүйіспеншілігін аттыра түседі. Бұл пән орыс мектептерінде қазақ тілінде өтілсе оданда жақсы болар еді. Себебі, ақынның айтқан ұлағатты сөздерін басқа тілге аударылса ол тура мағынасын сақтап қалмайды. Қазақ тілінде бала оқыса, оның біріншіден қазақша сөйлеу мәнері артады, ал екіншіден ол сол сөздің мағынасын тереңірек түсінеді. Тағыда ескеретін жайт бұл пәнді балаға бір сарында пән жүзінде ғана емес, Абай туралы түрлі іс-шара, үйірмелер ұйымдастырып, қызықтыра алатындай өткізген тиімді. Өйткені, қызығушылық бала бойында үздіксіз жүретін процесс.

Келесі мәселелердің бірі деп айтатын болсақ. Ол жастар арасындағы ауескойлық. Мысалы, бүгінгі кейбір жасөспірімдер арасында Абай атап өткен жайттар: шет елдерге еліктеушілік, ұрлық-қарлық, үлкендерді құрметтемеу, түрлі зиянкестерге тәуелді болу тағы да басқа мәселелер бар. Бұлардың алдын алу шараларының бірі деп мектептерде оқытылатын Абайтану пәні десек болады. Бұл пәнді балаға 9-ші сынып есейген кезінен бастап емес, 5-ші сынып жеткіншек жасынан бастап оқыту дұрыс секілді. Себебі, мектеп отбасыдан кейін баланы тәрбиелейтін орта. Сондықтан баланы жас кезінен, осы жайттарды еске отырып тәрбиелеген жөн.

Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілігін арттыру мақсатында мектептерге неге Абайтану пәні енгізілді? Неге Фарабитану, Шәкәрімтану, Яссауитану деген пәндер енгізілмейді?- деген мұғалім, ата-ана тарапынан сұрақтар туындауы мүмкін. Бұл сұрақ мәселенің нақ өзектілігінің бірі. Себебі, балалар Абайды танып, оның барлық нақыл сөздерін ойға тоқып, өміріне қажетті азық болатындай білім жинай алса, басқа ғалымдарды да сол жолмен жетік меңгере алуы сөзсіз.

Абайтану пәнін балаларға бақылау, әңгімелесу, тәжірибе әдістері арқылы сабақ жүргізген ыңғайлырақ. Әңгімелесу әдісінде барлық сынып оқушылары қатысады. Яғни,

балалар Абайдың өмірін, өлеңдерін, поэмаларын, қара сөздерін, шығармаларын ортақ талқыға салып бір-біріне өз білгендері жайында айтып баяндайды. Бұл әдісті еркін әдіс деп айтсақ болады. Себебі, балалар бір-бірінің айтқан сөздерін тез ұғып, жаттап алады. Мысалы, кейбір балалар кітаптан оқығаннан немесе мұғалімнің сабақ түсіндіргенінен толық ұға алмай жатады. Осы әдісті мұғалім балаларға жүргізу арқылы келесі бақылау әдісіне көшеді. Мұғалім, әр оқушының жауап берген сөзіне, қаншалықты Абай жайлы білетінін, пәнде деген қызығушылығын немесе оқушылардың бұрыс әрекеттерін байқай алады. Бұрыс әрекеттеріне мысалы: топ ішінде үндемей отыру, сұрақтарға жауап бермеу, өзін еркін ұстай алмау, ұялшақтық, тағы басқа қасиеттер жатады. Осы әдістерді жүргізу арқылы, мұғалім де оқушы да тәжірибе алмасады. Мұғалім өз тәжірибесін тек теория жүзінде ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жүзінде де өз шеберлігін арттыра алады. Ал оқушылар үшін бір жағынан сергіту сәті болып есептеледі және бір-бірімен мәлімет алмасып білімдерін арттырады.

Абайдың өсиеті бір мектептің тәрбиесін құрайды десек қате болмас. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп ақын бекер айтпаған шығар, сірә. Білім ол терең тұңғық теңіз, оның түбіне барып соғылатын жартасы жоқ. Абай «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек»- деп білімнің шесіздігін әр жағынан атап өткен. Абай өзі өмір сүрген заманнан бастап білім мен тәрбиенің құдіреттілігін айтудан жалықпаған. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» - демейдіме ақиық ақын. Білімді адам еш жерде жеңілмейді. Абай болашақтың, яғни қазіргі заманның қандай боларын сол кезде-ақ түсінген. Шынымен де қазіргі заманда білімнің болмаса, өмір сүруінде қиын емеспе? Жақсы жерде жұмыс істеу үшін тек жоғарғы білімнің болу керек деген заман талабы бар. Абай тағы бір өлеңінде «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» - деген. Естігенде ойымызға әр түрлі нәрселер келеді. Негізі надан адам жайында айтқан, біреудің көлеңкесінде күн көріп, біреудің нанын ұялмай жейтіндер жайлы. Бұл сөздер балаларға үлкен өнеге береді. Біреудің емес, әр қашан өз ауыртпашылығыңды тек өзің ғана көтеріп, өздігінен өз мұратына жетуге дағдыландырады.

Францияда баланы заңдық асырап алу 18-ғасырдың басында Наполеон кодексінде, ал Ресейде 1 Александрдің патшалық етуі кезінде пайда болған. Ресейлік заңда бала асырап алу мәселесі көптеген шектеулерге толы болды, сонымен бірге жоғары сословие өкілдеріне қатаң талаптар қоюмен ерекшеленеді. Әулетті ақсүйектердің бала асырап алуына тек император рұқсат беретін. Жеке ақсүйектерге, молдаларға, құрметті азаматтарға және көпестерге бала асырап алу рәсімі оңайлау болатын, бірақ олардың да бала асырап алуы Сенатпен бекітілетін. Тек шаруалар мен ұсақ мүдделі адамдарда бала асырап алу «отбасына қоса салу» арқылы жүргізілетін.

Бала асырап алу – заңи акт. Ол баланың және оны тәрбиелеуге алған адамның арасындағы құқықтық қарым-қатыныстарды айқындайды. Негізінен, кәмелетке толмаған балаларға қатысты әрі солардың мүддесіне орай жүзеге асуға тиіс. 1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның “Неке және отбасы туралы” заңында Бала асырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары, тиісті адамдардың заңи міндеттері мен жауапкершіліктері, т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған (12-тарау). Баланы тәрбиесіне алуға тілек білдірген адамның өтініші бойынша Бала асырап алу ісін сот қарап, азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырады. Заң бойынша ҚР-ның азаматы болып саналатын балаларды, егер ел аумағында тәрбиелеу мүмкіндігі болмаса, шетелдік азаматтардың немесе республика территориясынан тыс жерде тұратын туыстарының асырап алуына рұқсат етілген. Дәстүрлі қазақ қоғамында да Бала асырап алу актісіне жете мән берілген. Көбінесе, ұрпақтар жалғастығы үзіліп қалмасын деген ниетпен перзент сүюге қабілетсіз не ұлы жоқ отбасына ет жақын, сүйек шатыс туыстары бала беріп, қамқорлық жасаған. Бұл актіні кейін құпия ұстауға міндеттенген. Жалпы, қазақ ұғымында “асырау”, “асыранды” сөзі итке, малға қатысты ғана айтылатын, кемсітушілік астары мол лексема саналады. Әдетте, отбасы, тіпті ағайын-туыс арасындағы құпия-сыр ретінде сақталатын осынау құқықтық — адамгершілік іс-әрекетті “бауырына басу”, “қамқорлыққа алу” деп астарлай жеткізген.

Жетім- ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала болып табылады. Жетімдік баланың психикалық дамуына қатты әсер етеді. Ата -анадан айырылған және интернат жағдайына түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп-бағыттауы бұзылады, көңіл-күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалады, өзіне-өзінің сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды.

Жетімдіктің екі категориясы бар, ол тұл жетім және әлеуметтік жетімдік [3].

Әлеуметтік жетім- ата-анасы бар немесе қайтыс болмаған, бірақ ата-ана өз келісімдерімен баладан бас тарту, сондай-ақ ата-ананың түрлі сол қылықтарға бару арқылы олардың құқықтарын шектеп баланы айырып алу.

Тұл жетім- ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасының қайтыс болуы тұл жетім деп аталады.

Қамқорлыққа алудың негізі ретінде:

- Ата-ананың қайтыс болуы
- Ата-аналарының ата-ана құқығынан айрылғандары
- Ата-аналық құқығы шектелген
- Ата-анасының еңбекке жарамсыздығы
- Бала тәрбиесіне жете көңіл бөлмей, бас тартуы
- Қамқорлыққа алудың басқа себептері де алынады.

Қамқоршы — қамқорлыққа алынған баланың жалпы өмірі, денсаулығы, тәрбиесін өз мойнына алған жеке тұлға. Ол арнайы органдар арқылы тұрғылықты жеріне сай

тағайындалады. Қамқоршыға қойылатын талаптар мен міндеттер және қамқорлыққа алынушы баланың құқығы Конституция заңдары мен халықаралық құқық нормаларына сәйкес көрсетілген [4].

Әлеуметтік педагогтың жетім балалармен жұмысы олардың бойындағы достық және сүйіспеншілік, бір-біріне деген түсіністік сезімдерін оятуда жатыр. Қамқорсыз қалған балалардың әлеуметтенуіне жағдай туғызып, оған бақылау жасау әлеуметтік педагогтың басты міндеттерінің бірі. Балалық шақтың бал дәмінен ерте айрылған осындай балалармен жұмыс қиын да күрделі, жауапты іс болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ педагогикалық энциклопедиялық сөздік. Алматы, 1995.-173 б.
- 2.«Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321-І Заңы.
3. Қазақстанда жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесінің құқықтық негіздері. – Алматы: Ұлт тағлымы, 2005. – № 4. – Б.314-318.
4. Социальная педагогика: Курс лекций /Под общей ред. М.А. Галагузовой. - М., 2000.С.192

Сәулебек А.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, педагогика және
психология мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Төлешова Ұ.Б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Болашағынан зор үміт күтетін кез-келген тәуелсіз елдің, еркін өмір сүру жолындағы қай ұлттың болса да басты әрі қастерлі міндеті – өткен тарихымен үндес бола алатын, жас ұрпақтың санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру. Ал мұндай білім жүйесі сол ұлттың төл болмысымен санасу арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда, жалпы білім мекемелерінің алдында тұрған басты міндет – оқу – тәрбие үдерісінде білім алушылардың дүниетанымын жоғарғы деңгейде қалыптастыру.

Өйткені, бүгінгі қоғам сұранысына сай тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда, халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дәріптеу, ол қоғамымыздың өмір талабынан туындаған қажеттілік. Өркениетті елдер қатарында олармен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынаста болу үшін, ең алдымен, ғылым мен білімге басты назарды аударып, ұлттық менталитетімізді берік сақтауымыз қажет.

Менталитет – ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез – құлқы. Сондай-ақ менталитет халықтың этникалық бірлігі мен оның басқа ұлттық құрылымдардың еркешелігін тану болып табылады.

Ендеше егеменді ел болып, қарқынды түрде дамыған өркениетті елдер қатарына қосылу үшін, білім беру ордаларында оқушылардың ұлттық дүниетанымын жоғарғы деңгейде қалыптастырған жөн.

Белгілі ғалым И. Кант «Дүниетаным - «гетерегенді» жасалым. Дүниетаным қалыптасуында жеке тұлғаның эстетикалық, шығармашылық аспектілерімен өзара қатынастары жайлы, оның ой пікірі ерекше құнды болып табылады» десе, **Р. Қоянбаев «Дүниетаным** – объективті дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік ұстанымы, олардың сенімдері, мұраттары, таным және іс –әрекет ұстанымдарының құнды бағдарлары» дейді, **Л. С. Выготский «Дүниетаным** – адамның сыртқы дүниеге қатынасы бойынша мәдени тұрғыдағы оның бүкіл мінез – құлқының сипаттамасы» деді, **Э.И. Монозон «Дүниетаным** – шындыққа идеяға деген жалпылама көзқарастар жүйесі. Сол арқылы адам өзін қоршаған табиғи және

элеуметтік ортаға қарым-қатынасын білдіреді дей келе автор, – адамның қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері мен оның нақтылы тарихи, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны бейнеленген білім, тәжірибе және эмоциональдік баға жиынтығы саналатын дүниетаным тұлға өмірінің идеялық бағыт-бағдарын, іс-әрекетін айқындайды» деп қарастырған болатын.

Дүниеге көзқарас, адамның шығу тегі мен қоғамдағы орнын анықтау, адам мен қоршаған ортадағы дүниенің сырын ашу, табиғат пен қоғамның арасындағы негізгі заңдылықтарды танып білу – дүниетанымның негізгі мәселелері. Дүниеге философиялық көзқарас – дүниетанымның ең жоғарғы сатысы. Дүниетанымның негізін көне грек философтары Аристотель, Платон, кейін Ф.Бэкон, Г.Гегель, Р.Декарт, Дж.Локк басқа да ғұламалар негізін қалады және балалардың танымдық кеңістігінің дамуына білім мен тәрбие құралдарының аса қажет екенін ерекше атаған.

Дүниетанымды қалыптастыру - күрделі әрі ұзақ жүргізілетін үрдіс, сондықтан адамдағы дүниетаным қалыптастыру барысында бастауыш мектеп кезеңі үлкен және маңызды роль атқарады.

Жалпы дүниетаным деп өмірдің әлемдегі болмыстардың, адамның мақсаты мен мәнін, оның құндылықтар әлемін тұтас қамтып тануға бағытталған біртұтас әмбебап (универсалдық) көзқарасты айтамыз. Әр халықтың мәдени тұтастығы мен ерекшелігіне сай әлемнің жаратылуы, ғарыш құрылысы, кеңістік пен уақыт, жақсылық пен жамандық, жан мен тән, өмір мен өлім т.б. дүниетанымдық құбылыстарды кескіндейтін ұғымдар мен түсініктер бар.

Дүниетанымның жинақы бой көрсетер жері – ұлттық дүниетаным. Адамның дүниемен байланысы, оны тануы – белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілері мен көріністері осы халықтың діліне тәуелді. Бұл – халықтың бейнелер дүниесі, символдары мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері.

Сондақтан жалпы адамға тән дүниетанымның ұлттық ерекшелігін анықтау, құрылымын зерделеу – жалпы адамзаттық дүниетаным мозайкасына қосқан үлес. Ұлттық дүниетаным – қайталанбас құбылыс. Ол сол ұлттың ұлттың бүкіл бітім-болмасымен, қоршаған ортасымен, менталитетімен, шаруашылық жүйесімен, тіпті, табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты.

Ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінер жері – ұлттық мәдениет. Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындығы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналағы мен адамгершілік нышандары жинақталады.

Әр мәдениетте дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманына, діліне, моральдік нормаларына қарай адамға, өмір – өлімге, адамның іс – әрекетіне, сұлулыққа тағы да басқа әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады.

Ұлттық дүниетанымның өзіне ғана тән ерекшелігін, нақтырық айтатын болсақ, әр ұлттың өзінің дәстүрі мен салты, әдет - ғұрып, ұлттық ойындары, мақал – мәтелдері, аңыз әңгімелері, нақыл сөздері және т.б. осы сияқты қалыптасқан ұғымдары ұлт мәдениетінің қалыптасқан жүйесі ретінде көрінеді.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды алғышарттарының бірі – нақты деректерге негізделген білім беру. Білім беру – оқушылардың ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің, дүниетанымы мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандырудың мақсатты педагогикалық үдерісі. Осы тұрғыда М.Н.Скаткин: «Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды оқушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды оқушының өзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыру қажет» деген.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың негізгі бағыттарын төмендегі үлгіде ұсынамыз:

Жалпы орта білім беретін мектептерде өтілетін барлық пәндерді оқыту барысында ұлттық дүниетанымдық ұғымдарды пайдалану арқылы оқушыларға жан-жақты тәрбие беру мәселелерін жүзеге асыру ұстаздардың негізгі мақсаты болуы тиіс.

Мектептегі оқушылардың дүниетанымы көптеген қозғаушы, бағыттаушы, ықпал етуші факторларға тәуелді болады. Мәселен, сол оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне, жас ерекшеліктеріне оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі өзіндік сипат келбетіне байланысты қолданылатын барлық әдіс-тәсілдер танымды кеңейтуге, дамытуға бағытталғандықтан, орта мектеп мұғалімінің білім беруі, оқыту шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, түсіндіру, ұқтыру тәсілдерінің молдығы, ақыр аяғында мұғалімдік беделі, барлығы оқушылардың дүниетанымының дұрыс қалыптасуына әсер етуші түрткілер болып табылады.

Мектеп қабырғасындағы оқушылар дүниетанымын қалыптастырудағы, бастапқы қозғаушы күш – оқу болып табылады. Оқу әрекеті – оқушылар білімді, іскерлікті игеріп қана қоятын әрекет қана емес, ол оқушыларға тәрбиелік және дамытушылық әсер ете алатын әрекет. Оқушылардың оқу әрекеті белгілі бір нәтижеге бағытталады. Бұл нәтижеге жету оқушының ойлау әрекетінде белгілі бір күш жұмсауды, қиындықтарды жеңуді қажет етеді. Оқу әрекеті өз ішінде балалардың мынадай сапалары ақыл-ой, белсенділік, дербестік, табандылық, мақсаттылық, жауапкершілік, жинақылық, тәртіптілік т.б. қалыптастыруға қабілетті бола алады. Ол мектепте, әлеуметтік және шағын ортада қоғамдық мінез-құлқы қалыптасып, айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста болып әлеуметтік тәжірибелер жинақтайды.

Дүниетанымдық сана оқушының сезіміне, ерік-жігеріне әсер етеді, сезім-сананы бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы. Оқушының дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым-қатынасынан көрінеді. Сананы, ой мәдениетін, сезімді, қарым-қатынасты бір мезгілде тәрбиелеу және дамыту дүниетанымды қалыптастырады.

Дүниетаным көптеген маңызды қызмет атқарады. Ол өзінің ағарту қызметі арқылы балаға табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдер беріп, оны жалған көзқарастардан арылтады, болмысты тану әдістерімен қаруландырса. Тәрбиелік қызметі арқылы бала өзі келісетін көзқарастары арқылы, адамгершілігін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шыңдайды. Мұғалімдер оқушыларды адалдыққа сендіріп, олардың адал жүруіне керекті батылдықты, табандылықты, ізгілікті, жауапкершілікті тәрбиелеу керек. Осы талапты орындау үшін қоғам және жеке адамдар өміріндегі жақсы тұстарды балаларға әсерлі етіп түсіндірген дұрыс.

XXI ғасырда Қазақстанның өркениетті әлемнен орын алып, дамыған елдер деңгейіне жетуіне ықпал етер бірден-бір құдірет – білімді ұрпақ болмақ. Қазіргі кезде Қазақстан сияқты көп этносты мемлекет алдында, *біріншіден*, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, *екіншіден*, ең негізгісі – ұлттың этнопедагогика мен этнопсихологияның озық дәстүрлеріне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының санасына туған халқының дүниетанымына деген құрметпен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрін меңгеру, тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеу қоғамдық қажеттілік болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Қазақстан мұғалімі. – 1992. – №2.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы, 2000.
3. Ерғалиев І., Телібаев Ғ. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары // Ақиқат. – 1994. - №9. – Б.83-84.
4. Р.М. Айтжанов, А.Н. Бейсенова Дүниетаным мәселесі туралы шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдау // Этнопедагогика, 2013. Б.124.
5. Сахтанова. Дүниетаным туралы ғалымдардың көзқарасы // Педагогика. Әдістеме. Психология, Б.23.

Жусупова А.
студентка 4 курса специальности
Педагогика и психология КазНУ им. аль-Фараби
Научный руководитель: д.п.н., профессор Мынбаева А.К.

ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИЙ И ИСТОРИЧЕСКИЙ ПОДХОДЫ В РАЗРАБОТКЕ ЭКСПОЗИЦИИ ДЛЯ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОГО МУЗЕЯ КАЗНУ ИМ. АЛЬ- ФАРАБИ

Актуальность. На сегодняшний день в современном мире остро встает вопрос формирования и прививания культуры в целом. Эстетические ценности являются неотъемлемой частью и содержанием художественной культуры. Наше общество стремится сохранить традиционные ценности, которые интегрированы в художественную культуру.

Изобразительное искусство является компонентом художественной культуры и играет важную роль в формировании личности в целом. Его понимание тесно связано с системообразующими признаками личности: с субъективным восприятием всего окружающего, эмпатией, развитием образного мышления, эмоциональными особенностями личности и коммуникативными способностями.

Изобразительное искусство выступает как универсальное средство формирования художественной и эстетической культуры человека. Через искусство мы изучаем наше прошлое и создаем будущее. Многие современные экспозиции, созданные известными личностями, черпают идеи у наших предков. Еще в Древние времена, в картинах, скульптурах, графических иллюстрациях были воплощены размышления о нашей современности.

Все шедевры изобразительного искусства принято содержать в специальных учреждениях – музеях.

Музей - один из наиболее фундаментальных институтов современного общества. Как важнейший канал ретроспективной информации он в своеобразной форме отыскивает, сохраняет и экспонирует природное и предметное окружение человека. Предотвращая утрату реликтов природы и цивилизации, музей обеспечивает связь веков, становится решающим фактором сохранения национально-культурных традиций и наследия мировых цивилизаций. Понятия "связь времен", "преемственность", "наследие" именно в музее приобретают ту реальность и значимость, которых невозможно достичь в любой другой сфере духовной жизни.

В последние годы музейная экспозиция утвердилась как самостоятельный жанр творчества. Оно в значительной мере определилось общекультурной ситуацией, изменениями социокультурного заказа общества и, прежде всего, художественными и архитектурными концепциями. Музейная экспозиция – это целенаправленная и научно обоснованная демонстрация музейных предметов, которые организованы композиционно, технически и художественно оформлены, которые создают специфический музейный образ.

Само создание экспозиции невозможно без исторического и искусствоведческого подходов.

В нашем исследовании были изучены искусствоведческий и исторические подходы, как основополагающие для формирования целостной экспозиции, в частности для этнопедагогического музея КазНУ.

Предметом изучения истории являются события, модели поведения людей, системы их ценностных установок и мотиваций. История – это история событий, процессов, структур, частной жизни человека.

История, или картина прошлого, является частью социального сознания, элементом политико-идеологических представлений, исходным материалом для определения стратегии социального развития. Без истории невозможно формирование социальной идентичности и

представления о своих перспективах ни для отдельного сообщества, ни для человечества в целом.

Исторический подход это некая ретроспектива, это формирование нашего будущего через пространственно-временную нить прошлого.

Исторический подход позволяет проследить ход формирования и становления изучаемых явлений и процессов, познать тенденции и закономерности их развития, вскрыть временной аспект территориальных систем разных рангов, сочетание эволюционного и революционного путей, мобильности и инерционности.

Искусствоведческий подход предполагает исследование культурно-искусствоведческих явлений с учетом условий их возникновения и взаимовлияния, как единство многообразных их составляющих элементов. Они означают отыскание конкретных причин, породивших определенные события в развитии историко-культурного пространства, расширение проблематики, появление новых, ранее не освещавшихся вопросов, условия формирования новых идей, выводов, обобщений.

Изучая проблему формирования и прививания культуры человека в целом, мы можем ясно сказать, что это невозможно без данных подходов, потому что в них и есть вся суть создания кокой – либо экспозиции.

Сейдахметова М.,
КазМемҚызПУ, Педагогика және психология
мамандығының 1 курс студенті.
Ғылыми жетекші: Әлеуметтік ғылымдар магистры,
аға оқытушы Бапаева С.Т.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСӨСПІМДЕРГЕ ЫҚПАЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

XXI ғасырда ақпараттық ортаның рөлі артуда, демек ақпараттың үлкен көлемін қолданумен байланысты кәсіби және оқу іс-әрекетінің түрлері де көбеюде. Іс-әрекеттің ондай түрі компьютерлік техниканы пайдалануды қажет етеді, онсыз мүмкін емес. Оның кеңінен қолданылуы соншылақты, ол жаһандық компьютерлендіру мен ақпараттандырудың жеке-дара, психологиялық және әлеуметтік салдары турасындағы мәселенің туындауы заңды. 2008 жылы компьютерлік тәуелділік Қытайда сырқат түрі ретінде ресми мойындалады. Ол елде 2004 жылдың өзінде-ақ Пекин қаласында компьютерлік тәуелділікті емдеу жөніндегі алғашқы реабилитациялық орталық құрылған болатын. «Компьютерлік тәуелділік» термині шамамен 1990 жылы, компьютерлік өндіріс қарқынды дами бастағанда қолданыла бастады. Ол адамның аталмыш машинаның мониториянда бүкіл бос уақытын зая кетіріп, онсыз тіршілік ете алмайтын күйін білдіреді. «Интернет-тәуелділік» терминін И.Гольденберг ұсынған болатын: ол адамның тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, еңбек, отбасылық, қаржылық немесе психологиялық аумақтарына зиянды ықпалы бар интернет пен компьютерді қолданудың нәтижесінде орын алатын мінез-құлықтың ауытқуы. Интернет-тәуелділік Орталығының директоры, дәрігер Кимберли Янг (University of Pittsburgh-Bradford) интернет-тәуелділіктің 400-ден астам жағдайын зерттеп, интернетті және модемді қосуға мүмкіндігі бар кез келген адам оған тәуелді болуы мүмкін деп есептейді, әрі ондай сырқатқа үйінде компьютері бар адамдардың шалдығу мүмкіндігі жоғары болады. Ozack (1999) бойынша ересек жастағы аддиктер мен әйелдер жеке хабарламалармен жасырын алмасу мүмкіндігі бар чаттарда жиі тіл табысады. Жас аддиктер мен ер адамдар ойындарға әуес келеді.

Ресейде компьютерлік тәуелділік мәселесін А.Жичкина (интернет тәуелділік шкаласы), Е.Щепелина («Интернетті қабылдау» сұрақнамасы), И.Бурлаков (компьютерлік ойындарға

тәуелділік), интернет тәуелділік кешендізерттеген О. Генисаретский пен Н. Носов, А.Е. Войскунский сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Қазақстанда интернетке тәуелділікті Е.Е.Жарасбаев, А.Алтай Б.Ерниязов студенттердің интернетке тәуелділігін қарастырып, оны жоюға бағытталған ұсыныстарды береді. Қорыта келе, интернет тәуелділікке көп жағдайда жастар, атап айтқанда студенттер, жасөспірімдер шалдығуда деп айтуға негіз бар, өйткені олар достарымен тіл табысу, ақпарат көздерін іздеу себептерінен интернетке көп уақыт өткізеді. Сол себепті, интернетке тәуелділіктің адамның кәсіби әс-әрекеті мен біліміне байланысты болмайтындығын ескере отыра, жастарды бұндай сырқатқа душар болудың алдын алу шараларын жүзеге асырған жөн деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Войскунский А. Е. Феномен зависимости от Интернета // Гуманитарные исследования в Интернете / под ред. А. Е. Войскунского. М., 2000. С 100–131.
2. Гуреева А.Ю., Сизов С.В. «Интернет-зависимость: современное состояние проблемы». - Бюллетень медицинских Интернет-конференций (ISSN 2224-6150)2015. Том 5. № 2
3. ДрепаМ.И. «Психологический портрет личности интернет-зависимого студента». - Вестник ТГПУ. 2009. Выпуск 4 (82)
4. Жарасбаев Е.Е., Алтай А., Ерниязов Б. «Интернет зависимость».- Вестник Актыбинского университета им. С.Баишева 2014 ж.
5. ИвановнаД.М. «Психологическая профилактика интернет-зависимости у студентов» автореферат диссертаций на соискание степени кандидата психологических наук., Пятигорск – 2010
6. Янг К. С. «Диагноз—«Интернет-зависимость» // Мир Интернет. 2000. т 2. С. 24–29.

Қайыржанова Д.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, педагогика және
психология мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Төлешова Ұ.Б.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Еліміздің үкіметі соңғы жылдары қабылдаған Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқы қалыптастыру тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептер тұжырамдамасы, этникалық мәдени білім беру тұжырымдамасы сияқты тарихи құжаттарда қандай азамат тәрбиелеу керек, жаңа қоғамды құрушылар қандай болуы керек деген мәселе күн тәртібіне қойылып, оған ғылыми дәйекті жауап іздестірілген.

Қазіргі жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларын тәрбиелеудің үлгі бағдарламасында жоғарыда көрсетілген тарихи тұжырымдамалар мен ел басшысы Н.Назарбаевтың ғасырлар тоғысында ғылыми – теориялық еңбегіне негіздей отырып, тәрбиенің түпкі мақсаты - қоғамның нарықтық қарым – қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рұхани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген 21 ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру деген тұжырым жасалған. Тәрбие ісінің адам туғаннан о дүниеге аттанған дейін үздіксіз және кешенді түрде жүргізілетін үрдіс екенін ескере отырып, нарықтық қарым-қатынасқа бейім, іскер, жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеуде азаматтық мәдениет қорынан бастау алатын өркениетті әлемдік мәдениет пен жергілікті ұлттық мәдениетті кіріктіре іске асыру көзделді.

Яғни жеке тұлғаның ақыл-ой мәдениеті, адамгершілік мәдениеті, кәсіби бағдар беру мен политехникалық-еңбек мәдениеті, эстетикалық мәдениет дене мәдениеті, саяси және

құқықтық мәдениеті, экологиялық мәдениеті бүкіл адам заттың қолы жеткен бұрын-соңғы рухани мәдениет пен әлеуметтік-экономикалық, материалдық мәдениет атаулының байлықтарына сүйене отырып қалыптастырылады.

Отбасы- адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал жасайтын көптеген жағдайлар болды. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Жеке меншікке негізделген қоғамда ұжымдық сана күрделі өзгеріске түсіп, әлеуметтік жағдайда жұмыссыздық етек алып, көпшілік санасында жеке бастың пайдасын ойлау орын алды. Қоғамдағы осындай өзгерістер отбасы тәрбиесінде балаларды білімді, ізгілікті, жан-жақты жетілген, өз өмірінің құндылығын жете түсінетін етіп тәрбиелеуді қажет етеді. Осыған орай отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр бллуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жеке бас пайдасы мен ұжымдық пайданың үйлесімділігін табуға, іскерлікке, ізгілікке, өздігінен ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеудің мәні зор.

«Баланың құқы жөніндегі конвенцияда» (1989) отбасында баланың құқын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым - қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке - бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалуы тиіс.

Тек осындай ізгілік мұраттар отбасында орын алғанда ғана, Отанын, елін-жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған.

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде жалғасын табуда. Отбасында халықтық рухани- интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отыр.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайда бірі – отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.

А.С. Макаренко «Ата-анаға арналған кітабында» «...Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады.

Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйртету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмаған кезде де іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, өзгелермен қалай сөйлесетініңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, сіздің дос-дұшпандарыңызбен қалай қарым-қатынас жасайтыныңыз, қалай күлгеніңіз, қалай газет оқығаныңыз, осы іс-әрекеттеріңіздің бәрі де балаңыз үшін маңызды. Тіпті дауыс екпінінің өзгеруін де бала сезінеді, сіздің барлық ойыңыз баланың көкейіне беймәлім жолмен

жетіп жатады, сіз оны байқамайсыз да. Ал отбасында сіз дәрежелік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз»,-деген.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбек сүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық-пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс тузіліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі болып саналады.

Әр отбасы ата-тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған. Мысалы, ойын ойнау, көркем өнермен шұғылдану, еңбекке баланы қалыптастыру арқылы ересек адам мен баланың қарым қатынасын нығайтуды көздеген.

Үлкенді құрметпен өнеге тұту, одан үлгі алу, біріккен шығармашылық еңбек етуді, белсенді іс-әрекетке баулуды дәстүрлі мерекелер, фольклорлық кештер, ұлттық өнер, ойын сайыстары арқылы іске асырған.

Туыстарға, айналадағыларға қамқор бола білу, қиын жағдайда оларға қол ұшын беру, туған жерді, ондағы табиғатты сүю, оны қорғау күнделікті өмір салтына айналған. Ересек бала өзінен кішіге қарым-қатынас құрып, әлеуметтік мәдени қалыптарды үйретіп, қамқорлық көрсетіп, өз ісіне жауапкершілікпен қараған. Отбасында қалыптасқан дәстүрді мерекелерді өткізу арқылы баланың тұлғалық қасиетін жетілдіру іске асырылған. Мысалы, баланың дүниеге келуі, кәмелетке толуы, үйлену тойы, т.б.

Отбасылық қарым-қатынастың негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, ол отбасы мүшесі, оның пікірі мен көмегі үлкендерге қажет деген сенімін қалыптастыру керек. Халық даналығына назар аударсақ, ол былай дейді: Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң, онда арпа ек, он жылдық өміріңді ойласаң, онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле.

Ана тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рұх, иман отбасынан қаланады. Егер жас бала отбасынан осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымыздың арасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп, терең меңгерсек, ешкімге есебімізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Ә. Халық тағылымы: Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. Алматы: Қазақ университеті, 1992
2. Оразақов К., Нарбаев Б. Ата дәстүрі - әдеп, болашақ игілігі. Алматы: 1991

Арнаева Ж.,
әл-Фараби ат.ҚазҰУ, педагогика және
психология мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Төлешова Ұ.Б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ, ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Білімді меңгеру дегеніміз - оқушылардың білімді қабылдай ғана қоймай, оны түсініп, бекітіп, тәжірибеде пайдаланатын деңгейге жеткізген таным әрекетінің нәтижесі.

Оқушылардың білімін тексеру мен бағалау мемлекеттік маңызы бар және білім беру органдары мен мектеп әкімшілігінің мұғалім жұмысын бақылауының құралы болып табылады. Оқытудың барлық кезеңдерінде бақылау жұмыстары, байқау, оқушылар жұмысын талдау, бақылаудың басқа да формалары тексеру мақсатында пайдаланылады.

Білімді тексерудің білім берушілік мәні мұғалім үшін де, оқушы үшін де оқушының қандай білім мен білікті меңгергенінің белгілі болуында. Білімді бағалау сол білімнің игерілуі сапасын анықтайды.

Тексеру мен бағалау оқушылар бойында оқудың орынды себептерін туғызады, қызығуын, білімге құштарын және бейімдігін, оқу жұмысындағы ұжымдық пен достық сезімдерін тәрбиелейді. Оқушылар жолдастары жақсы, өте жақсы баға алғанда қуанады, үлгірмеушілерге көмектесуге тырысады. Мұғалім білімді тексергенде баға сынып ұжымында қандай әсер қалдырғанын, оқушылар жолдастарының табысы мен сәтсіздігіне қалай қарайтынын үздіксіз бақылап отыруы қажет.

Арнайы мектепте оқушылардың білімін тексеру мен бағалау таным процестерін дамытады, түзету-дамыту амал-тәсілдерімен таныстырады.

Оқу материалын оқушылардың игеруін тексерудің түрлі тәсілдері мен формалары танымдық құштарлықты дамытуға көмектеседі, оқу материалын сапалы игеруге жетелейді. Оқушылар мұғалімге қалай жауап беру, тапсырманы қалай дұрыс орындауға ойланады, сол арқылы сөйлеу тілін, ойлауын дамытады.

Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері. Оқушылардың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау – оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесінің әр түрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару.

Білімді тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды.

Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады.[2]

Білім, іскерлік және дағдыларды тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға оқушының өзі туралы ойына қозғау салады.

Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Мектеп әкімшілігі, қалалық, аудандық, облыстық білім беру ісін басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, мектеп және мұғалімдердің жұмысының жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді.

2. Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

- тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

- әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

- оқушылардың білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік оқу бағдарламаларына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру - білімді бағалаудың негізгі өлшемі. Мұғалім оқушының қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау, беріп, баға қоймайды.

- оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;

- білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;

- байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;

- мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;

- бағаны әділ қойылуы;

- оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

- бақылау-бағалау процесінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.

3. Оқушылардың оқу жұмысын күнде бақылап отыру. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушылардың тәртібін, білімді қалай қабылдайтынын және түсінетінін, тәжірибелік іскерлік және дағдыларға машықтандыру кезінде өз бетімен атқара алатын жұмыстарын, оқуға икемділігін, қызығушылығын, қабілетін, білімді жүйелі алуын қадағалайды. Бақылау мәліметтеріне сүйеніп, мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтап, оларды өз жұмысында қолданып, оқушылардың білімдерін дұрыс тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады.

Ауызша жауаптар алу үшін мұғалім сұрақтарды тұжырымдап, кеңестер береді, міндеттер қояды.

Ауызша сұрау оқушылардың білімін тексеріп бағалау үшін жиі қолданылады. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушыларға оқылған материал бойынша сұрақ беріп, жауаптарын бағалап, материалды қаншалықты деңгейде түсінгендерін анықтайды. Кейде балалардың білімін ауызша тексеруді әңгімелесу деп атайды. Мұғалім бір оқушыға барлық тақырыпты түгел баяндатады. Толық жауап білімінің тереңдігін, жүйесін көрсетеді. Бірақ оқушылардың білімін ауызша тексерудің кемшіліктері де бар, себебі оған көп уақыт кетіп, 45 минут ішінде 3-4 оқушының ғана білімін тексеруге мүмкіндік береді.

Ауызша тексерудің жетілдірілген түрі жаппай тексеру. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқылған материалды ұсақ бөліктерге бөліп, оларды оқушылардың қалай меңгергенін білу үшін сыныпқа сұрақтар беріп, олардың білімдерін тексеріп, көп оқушылардың білімдерін анықтауға мүмкіндік алады. Бірақ жаппай тексеру арқылы оқушыларға әділ баға қою қиын, себебі бір-екі шағын сұраққа жауап берген оқушының толық білімін анықтау қиын.[1]

Білімді тексеруге қойылатын талаптар.

- тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

- әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

- оқушылардың білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік оқу бағдарламаларына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру - білімді бағалаудың негізгі өлшемі. Мұғалім оқушының қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау, беріп, баға қоймайды.

- оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;

- білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;

- байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;

- мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;

- бағаны әділ қойылуы;

- оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;
- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;
- бақылау-бағалау процесінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.

Оқушылардың дайындығын зертханалық-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеру

Зертханалық жұмыстар арқылы тексеру физика, химия, биология, еңбек пәндерінде оқушыларға құралдар, қондырғылар арқылы тәжірибе жасатып, шамаларды өлшеу үшін қолданылады.

Қысқаша зертханалық жұмыстар жасағанда оқушыларға өлшейтін құралдар арқылы өлшеу жұмыстарын жүргізеді.

Бақылау зертханалық жұмысы кезінде оқушылар екі топқа бөлінеді. Сыныптың бір тобы жазба жұмысын, екіншісі зертханалық жұмыс орындайды, олардың экспериментке керекті іскерліктері мен дағдылары тексеріледі. Зертхана түріндегі бақылау жұмыстарын бір немесе бірнеше тақырып бойынша өткізуге болады. Оқушыларға олардың қандай тәжірибелік іс-әрекеттері тексерілетінін алдын ала айту керек. Бақылау жұмыстарын әркім өз бетімен орындайды, жұмысқа керекті құралдарын әзірлейді, оны білетінін анықтау үшін, оларды үстелдің үстінен алғызуға болады. Оқушы қолданылатын құралдарды алып, құрастыру сызбасын сызады, тәжірибе өткізеді, тақтадағы сұрақтарға жауап береді. Әрбір сұрақ тәжірибеге керек іскерліктерді тексеруге бағытталған. Жұмыс кезінде мұғалім оқушыларды бақылап, оқушылардың деңгейлерін дәптерге жазып отырады.

Бақылау-зертханалық жұмысқа жазбаша есеп және мұғалімнің бақылауының нәтижелеріне қарап баға қойылады.

Оқушылардың құралдармен, қондырғылармен жұмысын көбейту үшін баспа әрпімен терілген дәптерлерді, микрокалькуляторлар қолданылады. Шеберханадағы, оқу-өндірістік бригадалардағы жұмыста оқушылардың тәжірибелік дайындығы тексеріледі.

Тексерудің негізгі әдісі – мұғалімнің оқушылардың іс-әрекетін жүйелі түрде бақылауы. Бөлшектерді дұрыс құрастыру, аспаптар мен қондырғыларды дұрыс қолдану, мектеп жанындағы учаскеде тәжірибені дұрыс жүргізу бағаланады.

Тәжірибелік жұмыс мазмұнына жетіспейтін жабдықтарды, материалдарды құралдарды өз бетімен табу, теорияны оқу және қайталау, жұмыс орнын ұйымдастыру, техниканы және технологияны есептеу, қондырғыларды жинақтау және өзірлеу, экспериментке, жұмысқа керекті құралдар әзірлеу, эксперимент өткізу, құрастыру жұмыстарын жасау, қауіпсіздік техникасын, еңбек гигиенасын сақтау, есеп жазу, еңбек төртібі енеді.

Әр оқушының тегі, аты-жөнінің тұсына жұмыс түрлерінен алған бағалары қойылады, әрбір жұмысқа берілген бағадан қорытынды баға шығарылады. Мұғалім жұмыс кезінде жіберілген кемшіліктерді айтып, әр оқушыға дер кезінде, нақты көмек береді.

Машинамен тексеру әдістері. Кейбір мектептерде білімді автоматты түрде тексеретін сыныптар болады. Демонстрациялық үстелде сұраққа дұрыс жауап берілсе, қызыл шырақ жанады. Мұғалім оқушының біліміндегі кемшіліктерді біліп отырады.

Кейбір мектептерде тексеруші оқу машиналары қолданылады. Машинада бірнеше сұрақтардың жауаптары болады. Машина 3-5 жауаптың біреуінің дұрыс екенін хабарлап, оқушы қате жауап берсе, белгі бермейді, немесе жауаптың қате екенін айтады. Оқу процесіне электрондық-есептейтін техникалар, компьютерлер көптеп енгізілуде. Оқушы пәндер бойынша тақырыптарды қалай меңгергенін тексере алады.[1].

Бағалаудағы қателіктер

Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъектив қателіктері төмендегідей:

- кең пейілділік, орынсыз жомарттық. Баға ретсіз көтеріңкі қойылады.
- оқушыға болған ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға өткізу;
- көңіл-күйге орай баға қоя салу;
- тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы (деңгейі төмен жауап үшін мұғалім жоғары не ұнамсыз баға қоя салуы);

- орташа бағалау ұстанымында болу («екілік» не «бестік» бағаларды қоймау);
- жүйе тұрақсыздығы (оқытушы көп уақытқа дейін сұрақ жүргізбей, баға қоймай не бір сабақты түгелдей сұрақ қоюмен оқушылар бағасын тізіп салу);
- өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу (мысалы, оқушының өткендегі “екілігінен” кейін оған бірден «бестік» баға беру мұғалім үшін қиын сияқты);
- әсіре (ореол) қателігі (оқытушы өзі ұнатқан оқушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі);
- баланың тәртібіне қойылатын баға пән үлгеріміне ауыстырылады;
- бағаны әсіре көтеру не себепсіз төмендету және т. б.

Дегенмен, әрқандай бағаны көтере түсу немесе төмендей бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен оқушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъектив ойдың бәрін бірдей қателікті деп қарастыру дұрыстыққа келмейді.

Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға - бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбиев Ж.А Педагогика- «Фолиант» баспасы - Астана 2009 ж.
- 2.kitaphana.kz сайты

Кайратова М.,
студентка 3 курса специальности Педагогика
и психология КазНУ им. аль-Фараби
Научный руководитель: к.п.н., профессор Қасен Г.А.

АКТУАЛЬНОСТЬ СПЕЦИАЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТА

Профессионализм, мастерство педагога-психолога в первую очередь связаны с качествами его личности, обеспечивающими высокий уровень самоорганизации профессиональной деятельности.

Профессиональная деятельность педагога-психолога сложен и многообразен.

Сотрудничая с учителями, педагог-психолог формирует атмосферу дружелюбия, обеспечивая его обучающий, воспитывающий, развивающий характер, формируя психологическую готовность учеников и учителей к учебной деятельности.

Деятельность педагога-психолога предусматривает адаптацию каждого ученика разных возрастных категорий в круг сверстников.

Педагог-психолог должен быть гуманным, человеколюбивым, испытывать интерес к своей работе, постоянно совершенствуя навыки и умения, пополняя знания, развивая свое профессионально-педагогическое мастерство, сохраняя свое здоровье. Это позволяет качественно осуществить технологическую цепочку в системе деятельности педагога-психолога по организации различных видов деятельности.

Все это, разумеется, требует от него высокого уровня профессионализма, педагогического мастерства.

Педагог-психолог в школе – это заботливая мама, которая создает уют и гармонию в школе, поддержит любого ученика и учительницу в трудной жизненной ситуации, согреет теплой улыбкой, выслушает, а главное, она всегда поймет. С приходом педагога-психолога в класс дети прыгают от счастья. Приятная рабочая атмосфера – заслуга педагога-психолога.

В настоящее время эта специальность не так актуальна как зарубежом, но все идет к тому, что со временем все будет иначе - нашу специальность признают необходимой и самой наиважнейшей.

Педагог-психолог совместно с учителями строят будущий Казахстан. Я считаю, что многие проблемы в нашей стране можно было бы не допустить, предусмотреть, преодолеть, благодаря профессиональной подготовке педагога-психолога. В большинстве своем, все проблемы начинаются с детства, а детская травма преследует людей всю жизнь, зачастую неосознанно. А педагоги-психологи работают над преодолением всех сложностей.

Педагоги-психологи – строители духовной жизни школы, а значит и всей страны.

Когда я была школьницей, помню как к нам приходила педагог-психолог и проводила тестирования, тренинги, игры и разного рода упражнения. Благодаря правильному подходу педагога-психолога, я считаю, весь наш класс, в том числе и я, научились видеть себя со стороны, анализировать и корректировать свои поступки, находить верные решения в сложных ситуациях и окончить школу самым лучшим классом, которые позже стали передовыми студентами лучших ВУЗов страны.

Все это, разумеется, заслуга профессионализма педагога-психолога, которая через кропотливый труд научила быть нас в гармонии с собой. В одном классе был мальчик – суицидник, были ребята, которые устраивали дебож в школе по любому поводу, были те, кто вел за собой толпы, но, в обратную сторону, а именно, в драки, сигареты; были девочки легкого поведения; были обделенные ребята с низким социальным статусом; были одаренные дети с тяжелым характером, которые из-за непонимания со стороны учителей, замкнулись в себе; были дети, увлекавшиеся употреблением алкогольных напитков. Сколько драк, сколько слез родителей, сколько конфликтных ситуаций. Все они сейчас порядочные, успешные, способные, интеллектуально-развитые грантники-стипендианты Республики Казахстан, что в большей степени заслуга педагога-психолога, которая вовремя обнаружила проблему, своевременно оказала помощь и направила на верный путь. На самом деле, что бы произошло с этими детьми и подростками, если бы не педагог-психолог. Давайте поразмыслим.

Они бы замкнулись в себе или того хуже, развивали в стране суицид, преступность, наркоманию, проституцию или стали очередными интернет – зависимыми бесцельными «роботами».

Очевидно, профессиональное мастерство двух пересекающихся крайностей одной плоскости, педагогики и психологии, способна найти индивидуальный подход к каждому трудному (дивидантному) подростку, асоциальным родителям, некомпетентным учителям. Педагог – психолог служит мостом между сердцем и душой учеников, своеобразным языком между учителями и родителями, м/у учениками и учителями, м/у учениками и родителями.

В каждом городе, в каждом поселке, в каждой школе, в каждом классе есть дети, страдающие от недостатка или переизбытка внимания, подвергшиеся стрессу из-за того, что не могут адаптироваться, убивающих свои таланты, желающих покончить жизнь самоубийством из-за безответной любви. Ведь эти дети – будущее нашей страны, наши дети.

Педагог-психолог-творец - прежде всего исследователь, у которого развиты психолого-педагогическое мышление, педагогическое мастерство выраженная исследовательская смелость и воля, педагогическая интуиция, критический анализ, потребность в профессиональном самосовершенствовании, разумность в использовании лучших образцов педагогического опыта в состоянии помочь нашим детям целенаправленно, ведь иначе, кто-то может повлиять на них ненамеренно.

Педагог-психолог – профессия не для каждого, а для тех, кто по своей природе обладает эмпатией, человеколюбием, терпеливостью и доброжелательностью, которая в любой момент наградит порцией позитива, мудрого совета, солнечной улыбкой, но, в то же время, для тех, кто является сильной личностью, не сломится перед трудностями, умеет держать себя в руках.

Педагог-психолог создает решающую психологическую атмосферу эффективной деятельности учителя - активность и функционирование психики в соответствии с выполняемыми задачами и особенностями личности как педагога, так и учеников.

Педагог-психолог – помощник для маленьких, беззащитных сердец. Когда педагог-психолог улыбчиво и жизнерадостно идет по коридору в школе, многие считают ее работу легкой, необременяющей, и никто не подозревает, что за этой улыбкой скрывается гора дел: выявление и психологическая диагностика девиантных подростков, его семьи, проблемных родителей и высокомерных учителей; полная разработка плана и сама коррекционная работа с ними ; консультирование разных родителей и учителей; психологическое просвещение; участие в педсоветах и родительских собраниях; профориентационная работа; здоровьесберегающая деятельность; методическая работа; психологическая профилактика. И все это лежит на хрупких плечах одного педагога-психолога на всю школу.

Наконец, важно наличие творческой лаборатории педагога-психолога, которая, как правило, включает: банк идей; психолого-педагогическую литературу, справочно-библиографические источники, новейшие публикации педагогов-новаторов, подборку статей из периодической печати; фильмотеку; видеотеку, фототеку; средства наглядности (слайды, фотографии, картины, другой демонстрационный материал); кабинет, расслабляющей обстановки; инновационный педагогический опыт.

